الكازاخية

# Құран Кәрімнің соңғы үш парасының түсіндірмесі

және мұсылманға қатысты маңызды үкімдер

www.tafseer.info

بسم الله الرحمن الرحيم

# Кіріспе

Барлық мақтау-мадақ Аллаһқа ғана тән… Аллаһтың пайғамбары, біздің мырзамыз, пайғамбарымыз және сүйіктіміз Мұхаммедке Аллаһтың салауаты және сәлемі болсын..

Ей, мұсылман бауыр-қарындастарым (Аллаһ сендерге рақым қылсын)! Біз мына төрт мәселені міндетті түрде білуіміз керек.

❶ **Бірінші: Білім.** Аллаһ тағаланы, Оның пайғамбары Мұхаммедті (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) және Ислам дінін өз дәрежесінде шынайы (хақиқи) танып-білу. Өйткені білмей тұрып, Аллаһқа құлшылық қылуға болмайды. Кімде-кім солай істесе, соңы адасушылыққа алып барады. Бұл әрекетімен ол христиандарға ұқсап қалады.

❷ **Екінші: Амал.** Кімде-кім білгеніне амал қылмаса, яһудилерге ұқсап қалады. Өйткені олар ақиқатты білетін, бірақ амал етпейтін. Шайтанның айлаларының бірі—ол адамға Аллаһ тағаланың құзырында білмегенің үшін үзір айта аласын деп азғырып, оны білім алудан қайтарады. Бірақ, ол адам үйрену мүмкіндігі болып, оқымаса бұл ақыретте өзіне қарсы құжжат (дәлел) болып қалатындығын білмеді. Бұл Нұх (аләйһис-сәләм) қауымының қулығына ұқсайды. Олар өздеріне дәлел болып қалмасы үшін: «***Бармақтарын (саусақтарын) құлақтарына тығып, киімдерін бастарына орап алатын***».

❸ **Үшінші: Аллаһтың дініне шақыру.** Өйткені ғалымдар мен дағуатшылар пайғамбарлардың мирасқорлары. Аллаһ тағала бәну Исраилді лағынет еткен еді. Өйткені олар **«Бір-бірлерін жаман істен қайтармайтын еді. Олардың жасаған істері нендей жаман!»**. Дағуат жасау мен білім үйрету парыз кифая. Егер оны қоғамда жетерліктей адамдар орындаса, ешкім күнәкар болмайды. Егер барлық адам оны қалдырып қойса, баршасы да күнәкар болады.

❹ **Төртінші: Қиыншылықтарға сабырлық ету.** Білім алуда, оған амал жасауда және дағуат қылу барысында кездескен қиыншылықтарға сабырлық ету.

Надандықтан арылу міндет болған білімді үйренуді жеңілдету мақсатында бұл кішкентай кітапта шариғат ілімдерінен жеткілікті болатындай ілімдерді, мұсылмандарға жиі кездесетін Құран Кәрімнің соңғы үш парасының тәпсірімен бірге баяндадық. Толық, барлығын біле алмайтын нәрсенің аз мөлшерін білуден бас тартылмайды.

Бұл кітапты барынша ықшамдауға және Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) сахих риуаяттарына ғана тоқталуға көңіл бөлуге тырыстық. Біз бұл ісімізді толық, кемел түрде атқардық деп ойламаймыз. Өйткені, кемелдік (кәмал) сипаты тек бір Аллаһ тағалаға ғана тән. Бірақ біз шамамыздың келгенінше күш-қуатымызды, ынта-жігерімізді жұмсадық. Егер дұрыс болса, бұл бізге Аллаһ тағаланың берген сәттілігі. Егер қателессек, бұл өзімізден және шайтаннан. Аллаһ және Оның елшісі бұл қателіктерден пәк. Біздің кемшіліктерімізді көрсетіп беріп, құнды ұсыныстар жасаушыларға Аллаһ тағаланың рақымы болсын.

Бұл кітапты дайындауға, басып шығаруға, таратуға, оқуға және өзгелерді үйретуге атсалысқан барлық адамдарға Аллаһ тағаланың жақсы сый-сияпаттар (сауаптар) беруін, олардың осы амалдарын қабыл етуін әрі сауаптарын арттыра түсуін шын жүректен Аллаһтан сұраймыз.

Аллаһ барлығын жақсы білуші. Пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның

Site Internet :
www.tafseer.info
Email :
qaz@tafseer.info

# Мазмұны

# Құран Кәрімнің артықшылығы

Құран—Аллаһтың сөзі. Оның өзге сөздерден артықшылығы, Аллаһтың жаратқандарынан артықшылығы іспетті. Тілді қозғалтудағы ең абзал нәрсе—Құран оқу.

- **Құран оқуды үйренудің, үйретудің және оқудың төмендегідей көп артықшылықтары бар:**

**Құран үйретудің сауабы:** Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Сендердің ең жақсыларың Құранды үйренген және оны үйреткендерің*»,—деген (**Имам әл-Бұхари риуаят еткен**). «Кімде-кім Аллаһтың кітабынан бір аят үйретсе, оған ол аят оқылған сайын сауабы жазылады».

**Құран оқудың сауабы:** Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Кімде-кім Аллаһтың кітабы Құран Кәрімнен бір әріп оқыса, оған сол бір әріпке бір сауап жазылады. Ал ол сауап онға еселенеді*»,—деген (**Имам әт-Термизи риуаят қылған**).

**Ибн Ражаб (оған Аллаһ рақым етсін) былай дейді:** Сауаптың он есе еселенуі бүкіл жақсылықтарда міндетті түрде болады. Бұған Аллаһ Тағаланың мына аяты дәлел болады: ***«Бір жақсылық қылған жан оның сауабын он есе көп көреді»*** (**Анғам сүресі, 160 аят**). Ал оннан көп болатын еселену, ол тек Аллаһ қалағандарға ғана болады». Ол қосымша сауап жеті жүз еселенуге жетіп, және одан да көп болады. Бұның себебі – Аллаһтың мейірімінен кейін, жүректің берілуі (хушуғ), Құранның мағыналарын түсініп, мән беріп оқу және тағы осы сияқтылар.

**Құран үйренудің, жаттаудың және шеберлікпен оқудың артықшылығы:** Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Құранды жаттаған және оны жақсы шеберлікпен оқушы адам құрметті және жақсы періштелермен бірге болады. Құран оқу қиын сезілсе де, оны қиналып оқыған адамға екі есе сауап болады*»,—дейді (**Имам әл-Бұхари және Муслим риуаят қылған**). Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Құран иесіне: «Құранды оқы да, көтеріле бер: оқы, дүниеде қалай оқыған болсаң дәл солай оқы, расында, сенің орның ең ақырғы оқылатын аятта*», - делінеді» (**Имам әт-Термизи риуаят еткен**).

**Хаттаби (Аллаһ оған рақым қылсын):** «Әсәрде былай риуаят қылынған: «Құран аяттарының саны жәннат дәрежелерінің санына тең келеді. Қариға «Жәннаттың дәрежелеріне Құран аяттарынан өзің оқыған деңгейде (мөлшерде) өрлегін (көтерілгін)» делінеді. Кімде-кім Құранның барлығын толық оқыған болса, ақыретте жәннаттың ең жоғарғы дәрежесіне ие болады. Кімде-кім одан бір пара оқыған болса, ол жәннатта соншалықты мөлшерде көтеріле алады. Демек, сауап оқып тоқтаған жерде бітеді»,—деген.

**Баласы Құран үйренген кісінің сауабы:** Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Кімде-кім Құран оқыса, оны үйренсе және оған амал қылса, Қиямет күні оның ата-анасына нұрдан тәж кигізіледі. Тәждің нұры күннің нұры сияқты нұрлы. Оның ата-анасына дүниенің барлық байлығынан да қымбат екі тон кигізіледі (кидіріледі). Олар: «Бізге бұл тон не үшін кигізілді*?»—дейді. Жауабы: «*Перзенттерің Құран үйренгендігі үшін—делінеді*»,—дейді (**Имам әл-Хаким риуаят қылған**).

**Құранның ақыретте иесіне шапағат қылуы:** Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Құран оқыңдар! Күдіксіз, Құран Қиямет күні иелеріне шапағатшы болып келеді*»,—деген (Имам Муслим риуаят еткен). «*Ораза мен Құран Қиямет күні пендеге шапағат қылады*» (Имам Ахмад және әл-Хаким риуаят еткен).

**Құранды тиләуат етуге және оны дәріс қылып оқу үшін жиналғандардың сауабы:** Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Аллаһ тағаланың үйлерінің бірінде жиналып, Оның кітабын тилауат қылатын және оны өзара дәріс қылып оқитын әрқандай*

*бір қауымның үстіне тыныштық ұялайды (түседі). Оларды (Аллаһтың) рақымы орап алады. Әрі періштелер қоршап алады. Аллаһ оларды Өз жанындағылардың алдында еске алады*» (**Имам Муслим риуаят қылған**).

**● Құран оқудың үкімдері:**

**۞Құран оқудың әдеп-ахлақтары:** Ибн Кәсир мынадай бірнеше әдеп-ахлақтарды атады: Құранды таза (дәретті) халде ұстау және таза халде оқу, оны оқудан бұрын мисуак істету және ең әдемі киімдерін кию, құбылаға жүзді бұрып тұру, есінегенде Құран оқудан тоқтау, қажет болмаса сөз сөйлеймін деп оқуды үзіп қоймау, мұқият болу, уәде етілген аяттар үстінде тоқтап, Аллаһтан оны тілеу, ескерту қылынған аяттарда тоқтап, Аллаһқа сыйынып, одан пана сұрау қажет. Сондай-ақ Құранды ашық тастап қоймау және Құранның үстіне бір нәрсені қоймау керек. Қарилар оқығанда бір-бірімен бәсекелесіп, дауыстап оқымау. Көшеде, базарда және көпшілік орындарында оқымау керек.

۞ **Құранды қалай оқу керек?** ✸ Құран оқу, намаздағы зікірлер, және олардан басқалары – адам оларды басқаларға кедергі жасамай, бірақ өзі еститіндей тілмен айтып оқығанда ғана «оқу» болып саналады.

✸ Оқығанда асықпай оқу керек. Әнәс (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оқуы жөнінде сұралғанда: «Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) созып оқушы еді. Мәселен (мысалы), «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахийм»-ді оқыса, «Бисмиллаһ»-ті бір созатын, «әр-Рахман»-ді бір созатын және «әр-Рахийм»-ді де созатын»,—деп жауап берген еді (**Имам әл-Бұхари риуаят қылған**).

۞ **Оқылатын Құранның мөлшері:** Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабалары әрбір күнде Құраннан белгілі мөлшерде оқуды өздеріне міндет қылып алған еді. Олардың ешқайсысы Құранды жеті күннен аз уақытта бір рет оқып шығуды (өткізуді) өзіне әдет қылмаған еді. Оны үш күннен аз уақытта бітіруге тыйым салынғандығы риуаят етілген.

۞ **Құранды жаттап оқу:** Құранды оқыған кезде жүрегімен беріліп, оқылған аяттарына мұқият көңіл бөліп және түсініп, терең ойланып және көз бен жүректің бірігуі - жаттап (Құран кітабынан емес) оқығанда жақсырақ болса, ол жағдайда ондай кісіге Құран кітабына қарағанда жаттап оқыған артық. Ал егер бұл екеуі (жаттап оқу және Құран кітабынан оқу) бірдей болса, онда Құран кітабынан оқу артық болады.

**Құрметті, бауырым!** Уақытыңды Құран оқумен өткізуге көңіл бөл (тырыс)! Қандай жағдайда болмасын, қалдырмай оқу үшін, әр күні белгілі бір мөлшерде оқуды өзіңе міндет ет! Аз болса да, үнемі оқу, көп оқуды міндет қылып алып, кейін оны тастап қоюдан жақсы. Егер естен шығарып немесе ұйықтап қалып, міндет қылып алғаныңды оқи алмай қалған болсаң, ертесіне оқып алғын. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Кімде-кім оқуға тиісті міндетін оқи алмаса яки оның белгілі бір бөлігін оқи алмай ұйықтап қалған болса, оны ертесіне таң намазы мен бесін намазының арасында оқитын болса, оған тура түнде оқығанның сауабы жазылады»—деген (Имам Муслим риуаят қылған). Құранды оқу, тәжуид қағидаларына салып қырат қылу, ой елегінен өткізу, амал қылу, онымен (Құранмен) шипалық тілеу түрлерінің қайбірінен болмасын, оны қалдырып қоюшы немесе ұмытушылардан болма!

# 1. Фатиха сүресі

**«Кітапты ашушы»**

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаhтың атымен бастаймын.**

Бұл сүренің «Фатиха» (ашушы, бастаушы) деп аталуының себебі: Оның ең әуелгі түскен сүре екендігінен емес, оның Құран Кәрімді ең бірінші болып ашып тұрғандығы үшін солай аталады. Өйткені Құранды жазбақ немесе оқымақ болған кісі оны осы сүреден бастайды. Бұл сүрені кейбіреулер Меккеде түскен десе, ендібіреулер Мединеде түскен деп қарайды. Бұл сүре және «Уммул-Китаб» (кітаптардың анасы), «Сәбъул-мәсәни» (қайталандырылған жеті аят), «Мақтау-мадақ» сүресі, «Намаз» сүресі, «Уақия» сүресі (қорғаушы, сақтаушы) сияқты есімдермен де аталады. Бұл сүренің артықшылығы жайында көптеген хадистер келген. Солардың бірі Имам әл-Бұхари және Имам Ахмад риуаят еткен Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «Әлхамдулилләhи Раббил-ъаләмийн. Ол сәбъул-мәсәни (қайталандырылған жеті аят), және маған берілген ұлы Құран» деген хадисі.

1 {Аса мейірімді, ерекше рақымды Аллаhтың атымен бастаймын} «Бисмилләh» Құрандағы барлық сүрелердің басында келетін бір аят емес. Бәлкім, ол сүрелердің арасын ажыратып тұрушы. Оны әр сүренің басында оқу мустахаб, ал «Тәубе» сүресінің басында оқу мәкруh.

{Аллаh} бұл сөз тек қана Аллаh тағалаға тән (арналған) болып, Аллаhтан басқаға бұл есім қолданылмайды. Түбірі «әл-Иләh», бұрын бүкіл құлшылық жасалатын нәрселерге қолданылған. Бірақ, соңыра бұл сөз тек қана құлшылыққа лайықты бір Аллаhқа ғана қолданыла бастады.

{Рахмани Рахим} (Аса мейірімді, ерекше рақымды), бұл екі есім «рақым» сөзінен түрленген болып, «мейірімді, рақымды» деген мағынаны береді, «әр-Рахман» (аса мейірімді) есімі Аллаhтан басқаға қолданылмайды, және де ол «әр-Рахим» (рақымды) есіміне қарағанда күштірек, қуаттырақ әрі мағынасы ауқымдырақ болады.

2 {Барлық мақтау-мадақ әлемдердің Раббысы Аллаhқа тән} Мақтау-мадақ айту тек қана тіл арқылы бейнеленеді. Ал шүкірлік ету тіл, жүрек және дене мүшелері арқылы болады. Шүкірлік ету - берілген нығметке қарымта ретінде болады. Ал мақтау-мадақ айту болса, мақталушының мукаммәл (толық сипатта, кемшіліксіз) екендігіне болады. Мақтау-мадақ және шүкірлер Аллаh тағалаға болсын! «Раббы» - Аллаh есімдерінің бірі. «Әлемдер» дегеніміз – Аллаh жаратқан ақылы бар тіршілік иелері: адам, жын, періште және шайтандар.

3 {Аса мейірімді, ерекше рақымды} Аллаh субханаhу уә тағала жоғарыда Өзінің бүкіл әлемдердің Раббысы туралы құдыретті сипаттарын зікір еткеннен кейін, Өзінің мейірімді, рақымшыл атты (сияқты) сипаттарын атады. Бұл сипаттар пенделерінің қорқу және үміт етуде Аллаh тағалаға бойсұнуларына түрткі болады.

4 {Қиямет күнінің Иесі} яғни Аллаh субханаhу уә тағала пенделеріне сый-сияпат яки жазасын беретін күннің Иесі.

5 {(Раббымыз) Саған ғана құлшылық қыламыз және Сенен ғана жәрдем тілейміз}, ғибадат деген махаббат, үрей, бойұсынушылықты (қарапайымдылықты) жинайтын ұғым. Бұл аятта ғибадат қылуды жәрдем тілеудің (сұраудың) алдына қоюдың себебі: біріншісі екіншісіне уәсилә (қол жеткізер құрал) болғандығы үшін. Ибн Аббас (Аллаh оған разы болсын) бұл аятты бұлайша тәпсірлеген: «Ей, Аллаh! Сені ғана бір деп ұлықтаймыз. Сенен ғана қорқамыз. Саған бойсұнушылықта және барлық істерімізде Сенен ғана жәрдем сұраймыз».

6 {Бізді тура жолға бастай гөр} Бастау екі түрлі болады. Бірі сәттілік беру арқылы бастау (hидая тәуфиқ). Бұл

түрдегі бастау Аллаһ тағалаға ғана тән. Бұл туралы аятта былайша айтылған: {Расында, сен қалаған адамыңа һидаят қыла алмайсың. Бірақ Аллаһ Өзі қалаған адамды һидаят қылады} (Қасас сүресі, 56-аят). Екіншісі көрсету және жетектеу болып, бұл пайғамбарлар және пайғамбарларға ерушілер болған ғұламалар мен дағуатшылар үшін болады. Бұл жөнінде аятта былай деген: {Шәк-шүбәсіз (күдіксіз), сен тура жолға бастайсың}.

Тура жол деп осында ислам жолын айтып тұр.

7 {Азабына ұшырағандардың жолына емес} яғни яһудилердің жолына емес. Өйткені яһудилер хақты (шындықты) біліп тұрып, әдейі жолдан тайғандығы (шыққандығы) үшін Аллаһ тағаланың азабына лайық болған. Имам Ахмад және Ибн Мажәһ Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) былай дегенін риуаят еткен: «Яһудилер ешбір нәрсеге сендердің сәлем берулерің мен әмин деулеріңе хасәд (қастандық) қылғанындай хасәд қылмаған». {Және адасқандардың жолына емес} яғни христиандардың жолына емес. Өйткені христиандар хақты (ақиқатты) білмей, адасып кеткен. Олар Иса (aләйһис-сәләм) хақында айқын адасуда. {Сен нығметке бөлегендердің жолына (бастай гөр)} Бұлар Аллаһ тағаланың мына сөзінде тілге тиек етілген: {Кім Аллаһқа және Елшіге бойсұнса, міне, солар (ақыретте) Аллаһ оларды нығметке бөлеген: пайғамбарлар мен сиддиқтар} яғни жоғары дәрежелі пайғамбарлар мен шәһидтер, {шәһидтер және ізгілермен бірге болады. Олар неткен жақсы серіктер (жолдастар)} (Ниса, 69). «Әмин»-нің мағынасы: Ей, Аллаһ, дұғаларымызға жауап бергін (қабыл ет)! Дегенді білдіреді.

# 58. Мұжәдәлә сүресі

(Мәдинада түскен, 22 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

ترتيبها 58 — سُورَةُ المُجَادَلَةِ — آياتها 22

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

قَدْ سَمِعَ ٱللَّهُ قَوْلَ ٱلَّتِى تُجَٰدِلُكَ فِى زَوْجِهَا وَتَشْتَكِىٓ إِلَى ٱللَّهِ
وَٱللَّهُ يَسْمَعُ تَحَاوُرَكُمَآ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ سَمِيعٌۢ بَصِيرٌ ﴿١﴾ ٱلَّذِينَ يُظَٰهِرُونَ
مِنكُم مِّن نِّسَآئِهِم مَّا هُنَّ أُمَّهَٰتِهِمْ ۖ إِنْ أُمَّهَٰتُهُمْ إِلَّا ٱلَّٰٓـِٔى
وَلَدْنَهُمْ ۚ وَإِنَّهُمْ لَيَقُولُونَ مُنكَرًا مِّنَ ٱلْقَوْلِ وَزُورًا ۚ وَإِنَّ
ٱللَّهَ لَعَفُوٌّ غَفُورٌ ﴿٢﴾ وَٱلَّذِينَ يُظَٰهِرُونَ مِن نِّسَآئِهِمْ ثُمَّ يَعُودُونَ
لِمَا قَالُوا۟ فَتَحْرِيرُ رَقَبَةٍ مِّن قَبْلِ أَن يَتَمَآسَّا ۚ ذَٰلِكُمْ تُوعَظُونَ
بِهِۦ ۚ وَٱللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ ﴿٣﴾ فَمَن لَّمْ يَجِدْ فَصِيَامُ شَهْرَيْنِ
مُتَتَابِعَيْنِ مِن قَبْلِ أَن يَتَمَآسَّا ۖ فَمَن لَّمْ يَسْتَطِعْ فَإِطْعَامُ سِتِّينَ
مِسْكِينًا ۚ ذَٰلِكَ لِتُؤْمِنُوا۟ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ ۚ وَتِلْكَ حُدُودُ ٱللَّهِ ۗ
وَلِلْكَٰفِرِينَ عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿٤﴾ إِنَّ ٱلَّذِينَ يُحَآدُّونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ كُبِتُوا۟
كَمَا كُبِتَ ٱلَّذِينَ مِن قَبْلِهِمْ ۚ وَقَدْ أَنزَلْنَآ ءَايَٰتٍۭ بَيِّنَٰتٍ ۚ وَلِلْكَٰفِرِينَ
عَذَابٌ مُّهِينٌ ﴿٥﴾ يَوْمَ يَبْعَثُهُمُ ٱللَّهُ جَمِيعًا فَيُنَبِّئُهُم بِمَا
عَمِلُوٓا۟ ۚ أَحْصَىٰهُ ٱللَّهُ وَنَسُوهُ ۚ وَٱللَّهُ عَلَىٰ كُلِّ شَىْءٍ شَهِيدٌ ﴿٦﴾

1 {Аллаһ шындығында, ері жайында сенімен кеңескен және Аллаһқа шағымданған әйелдің сөзін естіді. Аллаһ екеулеріңнің сөздеріңді естіп тұрады (толық естиді). Расында, Аллаһ Естуші, Көруші} Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны риуаят қылынады: «Әр нәрсені естіп тұрушы Аллаһ өте жоғары. Мен шын мәнінде Сәғләбәнің қызы Хауләнің айтып жатқан сөздерінің кейбірін естіп, кейбірін ести алмай тұрған едім. Ол ері (күйеуі) хақында Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) шағымданып: «Ей, Аллаһтың пайғамбары, жастық көркімді бітірді. Мен оған көптеген перзенттерді туып бердім. Осылайша мен қартайып қалғанда және туудан тоқтаған кезімде, ол мені зиһар қылды. Ей, Аллаһ! Бұл жөнінде мен саған шағымданамын»,—деді. Ол бұл сөздерді айтысымен, көп өтпей-ақ, Жәбірейіл (aләйһис-сәләм): {Аллаһ шындығында, ері жайында сенімен кеңескен және Аллаһқа шағымданған әйелдің сөзін естіді. Аллаһ екеулеріңнің сөздеріңді естіп тұрады (толық естиді). Расында, Аллаһ Естуші, Көруші} деген аятты алып түсті». Оның ері ансарлардан болған Аус ибн Самит деген кісі еді.

2 {Сендерден әйелдеріңді зиһар қылғандардың} яғни әйелдеріне анамның арқасына ұқсайсың (яғни арқасындай) деушілердің {әйелдері олардың аналары емес. Тек оларды туған әйелдер ғана олардың аналары. Шындығында, олар,

أَلَمْ تَرَ أَنَّ ٱللَّهَ يَعْلَمُ مَا فِى ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَمَا فِى ٱلْأَرْضِ ۖ مَا يَكُونُ
مِن نَّجْوَىٰ ثَلَٰثَةٍ إِلَّا هُوَ رَابِعُهُمْ وَلَا خَمْسَةٍ إِلَّا هُوَ سَادِسُهُمْ
وَلَآ أَدْنَىٰ مِن ذَٰلِكَ وَلَآ أَكْثَرَ إِلَّا هُوَ مَعَهُمْ أَيْنَ مَا كَانُوا۟ ۖ ثُمَّ يُنَبِّئُهُم
بِمَا عَمِلُوا۟ يَوْمَ ٱلْقِيَٰمَةِ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ بِكُلِّ شَىْءٍ عَلِيمٌ ﴿٧﴾ أَلَمْ تَرَ إِلَى ٱلَّذِينَ
نُهُوا۟ عَنِ ٱلنَّجْوَىٰ ثُمَّ يَعُودُونَ لِمَا نُهُوا۟ عَنْهُ وَيَتَنَٰجَوْنَ بِٱلْإِثْمِ
وَٱلْعُدْوَٰنِ وَمَعْصِيَتِ ٱلرَّسُولِ وَإِذَا جَآءُوكَ حَيَّوْكَ بِمَا لَمْ يُحَيِّكَ
بِهِ ٱللَّهُ وَيَقُولُونَ فِىٓ أَنفُسِهِمْ لَوْلَا يُعَذِّبُنَا ٱللَّهُ بِمَا نَقُولُ ۚ حَسْبُهُمْ
جَهَنَّمُ يَصْلَوْنَهَا ۖ فَبِئْسَ ٱلْمَصِيرُ ﴿٨﴾ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓا۟ إِذَا
تَنَٰجَيْتُمْ فَلَا تَتَنَٰجَوْا۟ بِٱلْإِثْمِ وَٱلْعُدْوَٰنِ وَمَعْصِيَتِ ٱلرَّسُولِ وَتَنَٰجَوْا۟
بِٱلْبِرِّ وَٱلتَّقْوَىٰ ۖ وَٱتَّقُوا۟ ٱللَّهَ ٱلَّذِىٓ إِلَيْهِ تُحْشَرُونَ ﴿٩﴾ إِنَّمَا ٱلنَّجْوَىٰ
مِنَ ٱلشَّيْطَٰنِ لِيَحْزُنَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ وَلَيْسَ بِضَآرِّهِمْ شَيْـًٔا
إِلَّا بِإِذْنِ ٱللَّهِ ۚ وَعَلَى ٱللَّهِ فَلْيَتَوَكَّلِ ٱلْمُؤْمِنُونَ ﴿١٠﴾ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ
ءَامَنُوٓا۟ إِذَا قِيلَ لَكُمْ تَفَسَّحُوا۟ فِى ٱلْمَجَٰلِسِ فَٱفْسَحُوا۟ يَفْسَحِ
ٱللَّهُ لَكُمْ ۖ وَإِذَا قِيلَ ٱنشُزُوا۟ فَٱنشُزُوا۟ يَرْفَعِ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟
مِنكُمْ وَٱلَّذِينَ أُوتُوا۟ ٱلْعِلْمَ دَرَجَٰتٍ ۚ وَٱللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ ﴿١١﴾

әлбетте, жаман сөзді, жалған сөзді айтады} яғни зиһар қылушылар аналарын өздері бір төсекте бірге болатын әйелдерге ұқсатулары арқылы, аналарына қатты зиян берушілер. {Аллаһ күдіксіз (тәубе қылушы) Кешіруші, Жарылқаушы}.

3 {Әйелдерін зиһар қылып, кейін айтқан сөзіне (яғни зиһар қылғандығына) өкінгендер} яғни қайтадан олармен бірге болу ойы болғандар, {(әйелімен) қосылудан бұрын бір құлды (немесе күңді) азат етуі ләзім (міндетті). Осыменен сендерге уағыз-насихат қылынады (яғни бұйырылады). Аллаһ сендердің істеген істеріңнен толық хабардар}.

4 {(Азат қылуға) құлы жоқ адам} яғни өзінде болмаса яки қаражаты болмаса яки сатып алайын десе базарда болмаса, {әйелімен жақындасудан бұрын қатарынан екі ай ораза тұтуы ләзім} яғни екі ай ораза ұстау барысында үзірсіз ауыз ашып қалса яки түнде болсын, күндіз болсын әйелімен жақындасып қойса, сол екі ай оразаны қайтадан үздіксіз етіп тұтуы керек. Кәрілік яки ауру себепті ораза тұтуға {шамасы болмаған адам} 60 міскінге бір мезгіл (уақ) тамақ беруі ләзім (қажет). Яғни әрбір міскінге бидай, құрма және күрішке ұқсас тамақтармен жарты сағ* пісіріп яки сол сияқты беріп тойдыруы керек. {Бұл (үкім) Аллаһ және Оның пайғамбары (бұйырған істерге) мойынсынуларың үшін (баян етілді). Бұлар Аллаһтың заңдары (үкімдері). Бұл заңды қабылдамаушылар қатты азапқа душар болады}.

5 {Шүбәсіз, Аллаһпен және Оның пайғамбарымен қарсыласқандар, олардан бұрынғылар жойылғанындай жойылады (жермен жексен болады). Біз шынында халал, харам, парыз және үкімдерді өз ішіне алған анық аяттарды түсірдік. Кәпірлер қорланушы азапқа душар болады}.

6 {Ол күні Аллаһ олардың барлығын тірілтеді} тірілтілмеген ешбірі қалмайды. {Олардың (дүниедегі қылған) қылмыстарын айтып береді. Аллаһ олардың қылмыстарын (амалдарын) сақтап қойған, олар болса} олар сақтап қоя алмағандықтан {ұмытып қалған} олар істегендерін амал дәптерлерінен көреді. {Аллаһ барлық нәрсені Бақылаушы} Көруші.

7 {Аллаһтың аспандар мен жердегі барлық нәрсені біліп тұратындығын} аспан-жердегі еш нәрсенің оған жасырын еместігін {білмейсің бе?! Үш адам сыбырласса Аллаһ олардың төртіншісі, бес адам сыбырласса, Аллаһ олардың алтыншысы. Мейлі, одан аз яки көп адам сыбырлассын, олар қай жерде болмасын, бәрі-бір Аллаһ олармен бірге}. Олардың не айтқандарын біліп тұрады. {Сонан соң Қиямет күні олардың қылмыстарын} Олардың сыбырласуларының жасырын қалмайтындығын оларға білдіріп қою және өзара жаман пиғылмен сыбырласқандарға сөгіс болып, жазаларына дәлел болу және жылату үшін {Аллаһ оларға айтып береді. Расында, Аллаһ барлық нәрсені толық Білуші}.

8 {Сыбырласудан тыйым салынған, сонан кейін тыйым салынған нәрсеге қайта барған (оралған) кісілерді көрмедің бе?!} Сол заманда мұсылмандардан бірер кісі яһудилердің алдынан өтсе, ол кісінің жамандықты күмәндануы (күмән етуі үшін), олар өзара сыбырласушы еді. Сонымен, Аллаһ тағала оларды бұл қылмыстарынан тосса да, олар (қылмыстарынан) қайтпады. {Олар күнәменен} яғни мұсылмандарға дұшпандық қылу, аза беру (зиян беру) үшін

жалғандық және зұлымдық қылуға ұқсас қылмыстармен {зұлымдықпен және пайғамбарға қарсы тұруменен сыбырласады. Олар сенің жаныңа келген кезде, Аллаһ саған сәлем қылуда қолданбаған сөздермен сәлем қылады} яһудилер келіп Пайғамбарға (саллаллаху ъалəйhи уа саллам): «Əссəəму алəйка (саған өлім келсін)!»—деуші еді. Пайғамбар (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) да оларға: «Уə алəйкум (сендерге де келсін)!»—деп жауап беруші еді. {Олар өз арасында (ішінде) Аллаһ не үшін бұл сөзімізбен бізді жазаламайды?—дейді}. Және олар: «Егер Мұхаммед хақ (шынайы) пайғамбар болса, не үшін біздің оған өлім тілеп берген сəлемімізге сендерге де келсін!-деген дұғасын қабыл етіп, бізге не үшін өлім жібермейді?»—деседі. Оларға {Тозақ оларға жеткілікті. Олар тозаққа кіреді. Тозақ неткен жаман орын!}.

9 {Ей, мүміндер, сендер сыбырлассаңдар} яһуди және мұнафықтар сияқты {күнə, зұлымдық және Пайғамбардың əміріне қайшы келу (бойсұнбаушылық) жөнінде сыбырласпаңдар, жақсылық және тақуалық турасында сыбырласыңдар. Сендер Аллаһтан қорқыңдар, сендер оның құзырына жиналасыңдар}.

10 {Күнə туралы сыбырласу} Пайғамбарға (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) опасыздық жасау, дұшпандық қылу және күнə өткізу арқылы {мүміндерді қайғыға салу үшін шайтан тарапынан болған, (мұндай сыбырласу) Аллаһтың қалауы болмаса, мүміндерге ешқандай зиян жеткізе алмайды. Мүміндер Аллаһқа тəуекел етсін} яғни барлық істерін Аллаһқа тапсырып, шайтанның əдемі көрсеткен нəрселеріне назар салмай (аудармай), тек қана Аллаһқа сыйынып, шайтанның жаманшылығынан пана тілесін! Имам əл-Бұхари мен Муслим қатарлылар Ибн Масғудтан (Аллаh разы оған болсын) Пайғамбардың (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) өзара сыбырласу хақында былай дегенін риуаят етеді: «Егер сендер үш кісі болсаңдар, біреулеріңді қаратып қойып, екеулерің сыбырласпаңдар. Егер солай істесеңдер, ол кісінің көңіліне уайым салады (өйткені ол оны уайымға түсіреді)».

11 {Ей, мүміндер, егер (жиында) кейбіреулер сендерге: орын шығарып беріңдер десе} Аллаһ тағала мүміндерді жиналыстарда бір-бірін қыспай, өзара орын босатып беру сияқты көркем мінездерге бұйырып былай дейді: {Орын шығарып беріңдер, Аллаһ сендерге (рақымын жəне жаннатын) кеңейтіп береді}. Мужаһид және Қатада былай дейді: «Сахабалар Пайғамбардың (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) жиналысында бір-бірімен бəсекелесуші еді. Сонымен өзара орын шығарып беруге бұйырылады». Бұл аяттағы үкім мейлі соғыс майданында (алаңында) болсын яки зікір жиналыстарында болсын және яки жұма құтпасы оқылған орын болсын, барлық жақсылық үшін және сауап берілетін, мұсылмандар жиналған жиындар үшін жалпылай болып, əрбір кісі бұрын (алдымен, ілгері) келіп отырған орнына құқылы. Бірақ ол бауырларына жанынан орын босатып беруі керек. Бұл жөнінде Пайғамбар (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) былай деген: «Бір адам өзі отыру үшін және бір адамды (яғни келесі бір адамды) орнынан тұрғызып жібермесін. Бірақ жинақы отырып, орын шығарып берсін». {Егер сендерге (басқаларға орын босатып беру үшін): Орындарыңнан тұрып беріңдер делінсе, орындарыңнан тұрып беріңдер} яғни отырғандардың біреулерінен ілім иелері және пазилет (мəртебе) иелері үшін орын босатып беру талап етілсе, орын босатып берсін. {Аллаһ сендерден иман айтқандар және ілім берілгендерді бірнеше дəреже жоғары көтереді} яғни ілім иелерінің дəрежесі дүниеде құрметті (құрметтілік) ету, ақыретте сауап беру арқылы жоғары болады. Кімде-кім иман мен ілімді өзіне азық етсе, Аллаһ оған иманның себебінен дəрежелер, ілімінің себебінен дəрежелер береді. Жиналыстарда абыройлы болуы сол дəрежелері бойынша болады. {Аллаһ сендердің істеп жатқан істеріңнен толық хабардар}.

12 {Ей, мүміндер! Пайғамбармен жасырын сөйлеспекші болсаңдар, алдымен (міскіндерге) садақа беріп, сонан соң сөйлесіңдер} яғни бірер іс жайында Пайғамбармен (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) құпия сөйлеспек болсаңдар, алдымен бір нəрсе садақа қылыңдар. Бұл аят түскеннен кейін жалғандық иелерінің Пайғамбармен (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) жасырын сөйлесулері тоқтады. Себебі олар садақа бермейтін. Ислам иелері үшін де ауыр тиді. Өйткені олардың көпшілігінің садақа беруге шамалары келмейтін. Сонан кейін Аллаһ тағала төмендегі аятта бұл үкімді жеңілдетіп, мынадай деді: {Бұл сендер үшін жақсырақ əрі пəк (таза), егер (садақа қылатын нəрсе) таба алмасаңдар

يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓاْ إِذَا نَٰجَيۡتُمُ ٱلرَّسُولَ فَقَدِّمُواْ بَيۡنَ يَدَيۡ نَجۡوَىٰكُمۡ
صَدَقَةٗۚ ذَٰلِكَ خَيۡرٞ لَّكُمۡ وَأَطۡهَرُۚ فَإِن لَّمۡ تَجِدُواْ فَإِنَّ ٱللَّهَ غَفُورٞ رَّحِيمٌ
١٢ ءَأَشۡفَقۡتُمۡ أَن تُقَدِّمُواْ بَيۡنَ يَدَيۡ نَجۡوَىٰكُمۡ صَدَقَٰتٖۚ فَإِذۡ لَمۡ تَفۡعَلُواْ
وَتَابَ ٱللَّهُ عَلَيۡكُمۡ فَأَقِيمُواْ ٱلصَّلَوٰةَ وَءَاتُواْ ٱلزَّكَوٰةَ وَأَطِيعُواْ ٱللَّهَ
وَرَسُولَهُۥۚ وَٱللَّهُ خَبِيرُۢ بِمَا تَعۡمَلُونَ ١٣ ۞ أَلَمۡ تَرَ إِلَى ٱلَّذِينَ تَوَلَّوۡاْ قَوۡمًا
غَضِبَ ٱللَّهُ عَلَيۡهِم مَّا هُم مِّنكُمۡ وَلَا مِنۡهُمۡ وَيَحۡلِفُونَ عَلَى ٱلۡكَذِبِ
وَهُمۡ يَعۡلَمُونَ ١٤ أَعَدَّ ٱللَّهُ لَهُمۡ عَذَابٗا شَدِيدًاۖ إِنَّهُمۡ سَآءَ مَا كَانُواْ
يَعۡمَلُونَ ١٥ ٱتَّخَذُوٓاْ أَيۡمَٰنَهُمۡ جُنَّةٗ فَصَدُّواْ عَن سَبِيلِ ٱللَّهِ فَلَهُمۡ
عَذَابٞ مُّهِينٞ ١٦ لَّن تُغۡنِيَ عَنۡهُمۡ أَمۡوَٰلُهُمۡ وَلَآ أَوۡلَٰدُهُم مِّنَ ٱللَّهِ
شَيۡـًٔاۚ أُوْلَٰٓئِكَ أَصۡحَٰبُ ٱلنَّارِۖ هُمۡ فِيهَا خَٰلِدُونَ ١٧ يَوۡمَ يَبۡعَثُهُمُ
ٱللَّهُ جَمِيعٗا فَيَحۡلِفُونَ لَهُۥ كَمَا يَحۡلِفُونَ لَكُمۡ وَيَحۡسَبُونَ أَنَّهُمۡ عَلَىٰ شَيۡءٍۚ أَلَآ
إِنَّهُمۡ هُمُ ٱلۡكَٰذِبُونَ ١٨ ٱسۡتَحۡوَذَ عَلَيۡهِمُ ٱلشَّيۡطَٰنُ فَأَنسَىٰهُمۡ ذِكۡرَ
ٱللَّهِۚ أُوْلَٰٓئِكَ حِزۡبُ ٱلشَّيۡطَٰنِۚ أَلَآ إِنَّ حِزۡبَ ٱلشَّيۡطَٰنِ هُمُ ٱلۡخَٰسِرُونَ
١٩ إِنَّ ٱلَّذِينَ يُحَآدُّونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥٓ أُوْلَٰٓئِكَ فِي ٱلۡأَذَلِّينَ ٢٠
كَتَبَ ٱللَّهُ لَأَغۡلِبَنَّ أَنَا۠ وَرُسُلِيٓۚ إِنَّ ٱللَّهَ قَوِيٌّ عَزِيزٞ ٢١

(сендерге күнә болмайды). Себебі, Аллаһ өте Кешірімді және ерекше Рақымды}.

13 {Сендер Аллаһ елшісімен жасырын сөйлесуден бұрын садақа беруден (кембағал болып қаламыз деп) қорықтыңдар ма?!}. Мұқатил былай дейді: «Бұл үкім он түн жалғасты. Сосын амал қылынудан қалдырылды». {Сендер садақа бермедіңдер, Аллаһ сендерді кешірді} егер садақа беру ауыр келсе, {намаз оқыңдар, зекет беріңдер, Аллаһқа және Оның пайғамбарына бойсұныңдар. Сендердің істеген істеріңнен Аллаһ толық хабардар}. Істеген істеріңе Аллаһ толық сый-сияпат яки жаза Беруші.

14 {Аллаһтың азабына ұшыраған қауымды олардың дос тұтқандарын көрмедің бе?} Олар яһудилерді дос тұтқан мұнафиқтар болып, {Олар сендерге де яки ол қауымға да (яғни яһудилерге де) мәнсуб (тиесілі) емес}. Аллаһ тағала олар туралы былай дейді: {Мұнафиқтар күпірлік пен иман арасында екіжақты (құбылып) тұрады. Не оларға, не бұларға мәнсуб (тиесілі) емес (яғни мүміндерге де, кәпірлерге де мәнсуб емес)} (Ниса сүресі, 143-аят). {Олар біліп тұрып, жалғаннан қасам (ант) ішеді}. Олар «Біз мұсылманбыз» деп ант ішеді. Яки «біз яһудилерге хабар жеткізбедік» деп қасам ішеді.

15 Олардың қылмыстарының нашарлығынан (жамандығынан) {Оларға Аллаһ қатты азап әзірледі. Олардың қылмыстары нендей жаман!}.

16 {Олар жалған (қасамдарын, анттарын) қалқан қылады}. Олар «Біз мұсылманбыз» деп ант ішу арқылы өздерінің кәпірлігін жасырып, өлімнен құтылып алады. Олардың имандары тек қана дүниеде жандарын сақтап қалады. Себебі олардың тілдері иман айтқанымен, діллері (жүректері) иман айтпаған-ды. {Адамдарды Аллаһтың жолынан тосты}. Олар мұсылмандарды әлсіз және ақымақ көрсеткендігі үшін басқаларды Исламға кіруден тосып қояды және мұсылмандардың ынтасын (ұмтылысын) әлсіретті. {Олар қор қылушы азапқа душар болады}.

17 {Олардың малдары және балалары (оларға ақыретте болатын) Аллаһтың азабынан ешнәрсені қайтара алмайды. Міне, солар тозақ иелері (тозақтықтар). Олар онда мәңгі қалады}.

18 {Ол күні Аллаһ өлгендердің барлығын тірілтеді, олар (дүниедегі кезінде «біз мұсылманбыз» деп жалғаннан) сендерге ант ішкендеріндей Аллаһқа ант ішеді}. Олар Қиямет күні де қасам ішіп: «Ей, Раббымыз, Сенің атыңмен ант ішеміз. Мұны біз істемедік (қылмадық)», - дейді. Бұл олардың қатты бетбақтықтары себепті. Қиямет күні барлық нәрселердің ортаға шығуы міндетті түрде болғаны үшін, шындық әлдеқашан әшкере болып қойған еді. {Олар бұл анттың (қасамның) өздеріне пайдасы болады деп ойлайды}. Олар жалған анттарын дүниеде пайда келтіргеніндей, Қиямет күнінде де азаптан құтқарып, пайда алып келіп, пайдасын тигізеді деп ойлайды. {Сақ болыңдар, олар нағыз жалғаншылар}.

19 {Олардың үстінен шайтан жеңіске жетті. (Шайтан) оларға Аллаһтың зікірін ұмыттырды}. Яғни сонымен бірге Аллаһтың бұйрықтарын орындамайды. Және құлшылықтарына амал қылмайды. {Олар шайтанның тобынан. Біліңдер, шайтанның тобы зиян тартушылар}.

Өйткені олар жаннатты тозаққа, һидаетті (тура жолды) адасушылыққа айырбастаған (сатып жіберген). Олар Аллаһ және Оның пайғамбарына жалғаншылық қылды. Сондықтан да жақын арада дүние және ақыреттің зиянына ұшырайды.

20 {Күдіксіз, Аллаһ және Оның пайғамбарымен қарсыласқандар ең қор болған адамдар қатарынан (есептеледі)}.

21 {Аллаһ (Ләухул-Махфузға): «Күш–құдырет және құжат келтіру жағында «Мен және Менің пайғамбарларым сөзсіз жеңіске жетеміз деп жазды». Аллаһ шынында} әулиелерге (яғни жақын пенделеріне) жәрдем беруде {Күшті} дұшпандардың үстінен {Жеңуші}. Оны ешкім жеңе алмайды.

22 {Аллаһқа және Ақырет күніне сенетін бір қауымның Аллаһпен және Оның пайғамбарымен қарсыласқандарды— олардың аналары, ұлдары не бауырлары, не туыс-туғандары болған жағдайда да, дос тұтқандығын көрмейсің} яғни оларды дос тұтуы мүмкін емес. Расында, иман олай істеуден тосады. Өйткені, имани достық ата-балалық, бауырлық туыс-туғаншылықтан күшті. {Міне, солардың} яғни Аллаһ және Оның елшісінің дұшпандарын дос тұтпағандардың {Жүректерінде Аллаһ иманды мәхкум (үкім етті, орнықтырды) және Өз құзырында болған рухпенен оларды күшейтті}. Яғни Аллаһ дүниеде олардың дұшпандарын жеңгізу арқылы, жеңіс берді. Бұл аятта оларға рухпен деп айтудағы мақсат: сол рух (жеңіс) арқылы олардың істері жанданады (тіріледі). {Аллаһ оларды астарынан өзендер ағып тұрған жаннаттарға кіргізеді. Олар жаннаттарда мәңгі қалады} Олар ол жаннаттан әркез де (ешқашан да) шықпайды. {Аллаһ олардан разы болады} яғни олардың амалдары қабыл болып, жақында (жуырда) және келешекте Өз рақымынан береді. Жуырда және келешекте берілетін нығметтердің себебінен {Аллаһтан олар да разы болады, (қуанады). Міне, солар Аллаһтың} бұйрықтарына бойсұнып, Оның дұшпандарымен соғысатын және Оның әулиелеріне (достарына) жәрдем беретін {топтар, біліңдер, (солар) Аллаһтың тобы!} дүние және ақыретте {мақсатына жетушілер}. Имам Ибн Әбу Хатим, Табарани және Хаким қатарлылардың риуаяттарында былайша баян етілген:

لَّا تَجِدُ قَوْمًا يُؤْمِنُونَ بِٱللَّهِ وَٱلْيَوْمِ ٱلْـَٔاخِرِ يُوَآدُّونَ مَنْ
حَآدَّ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ وَلَوْ كَانُوٓا۟ ءَابَآءَهُمْ أَوْ أَبْنَآءَهُمْ
أَوْ إِخْوَٰنَهُمْ أَوْ عَشِيرَتَهُمْ ۚ أُو۟لَـٰٓئِكَ كَتَبَ فِى قُلُوبِهِمُ
ٱلْإِيمَـٰنَ وَأَيَّدَهُم بِرُوحٍ مِّنْهُ ۖ وَيُدْخِلُهُمْ جَنَّـٰتٍ تَجْرِى
مِن تَحْتِهَا ٱلْأَنْهَـٰرُ خَـٰلِدِينَ فِيهَا ۚ رَضِىَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟
عَنْهُ ۚ أُو۟لَـٰٓئِكَ حِزْبُ ٱللَّهِ ۚ أَلَآ إِنَّ حِزْبَ ٱللَّهِ هُمُ ٱلْمُفْلِحُونَ ٢٢

ترتيبها 59 — سُورَةُ الحَشْرِ — اياتها 24

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَـٰنِ ٱلرَّحِيمِ

سَبَّحَ لِلَّهِ مَا فِى ٱلسَّمَـٰوَٰتِ وَمَا فِى ٱلْأَرْضِ ۖ وَهُوَ ٱلْعَزِيزُ ٱلْحَكِيمُ
١ هُوَ ٱلَّذِىٓ أَخْرَجَ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ مِنْ أَهْلِ ٱلْكِتَـٰبِ مِن دِيَـٰرِهِمْ
لِأَوَّلِ ٱلْحَشْرِ ۚ مَا ظَنَنتُمْ أَن يَخْرُجُوا۟ ۖ وَظَنُّوٓا۟ أَنَّهُم مَّانِعَتُهُمْ
حُصُونُهُم مِّنَ ٱللَّهِ فَأَتَىٰهُمُ ٱللَّهُ مِنْ حَيْثُ لَمْ يَحْتَسِبُوا۟ ۖ وَقَذَفَ
فِى قُلُوبِهِمُ ٱلرُّعْبَ ۚ يُخْرِبُونَ بُيُوتَهُم بِأَيْدِيهِمْ وَأَيْدِى ٱلْمُؤْمِنِينَ
فَٱعْتَبِرُوا۟ يَـٰٓأُو۟لِى ٱلْأَبْصَـٰرِ ٢ وَلَوْلَآ أَن كَتَبَ ٱللَّهُ عَلَيْهِمُ
ٱلْجَلَآءَ لَعَذَّبَهُمْ فِى ٱلدُّنْيَا ۖ وَلَهُمْ فِى ٱلْـَٔاخِرَةِ عَذَابُ ٱلنَّارِ ٣

Бәдір соғысында Әбу Убәйда ибн Жаррахтың әкесі Әбу Убәйдамен соғысуға ниет қылады. Әбу Убәйда өзін кері тартады (артқа шегінеді). Әкесі ниетінен қайтпай, (оны өлтіру үшін) онымен көп соғыса береді. Сөйтіп ол соғысуын қоймаған соң Әбу Убәйда оны өлтіреді. Сөйтіп, жоғарыдағы аят түседі.

# 59. Хашр сүресі

**(Мәдинада түскен, 24 аят)**

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Аспандардағы және жердегі нәрселердің барлығы Аллаһқа тәсбих атты. Аллаһ Үстем. Даналықпен іс Қылушы}.

2 {Аллаһ кітап иелерінен болған кәпірлерді алғаш рет аулаларынан айдап шығарды} бұл бәну Назир яһудилері, олар Һарун (аләйһис-сәләмнің) ұрпақтарынан болған бір топ адамдар. Олар Пайғамбармен (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) келісім түзгеннен кейін, келісімдерін бұзып, мүшріктермен бірлесіп алды. Сонымен бірге Пайғамбар (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) оларды өздері

ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمْ شَاقُّوا اللَّهَ وَرَسُولَهُ ۖ وَمَن يُشَاقِّ اللَّهَ فَإِنَّ اللَّهَ شَدِيدُ
الْعِقَابِ ﴿٤﴾ مَا قَطَعْتُم مِّن لِّينَةٍ أَوْ تَرَكْتُمُوهَا قَائِمَةً
عَلَىٰ أُصُولِهَا فَبِإِذْنِ اللَّهِ وَلِيُخْزِيَ الْفَاسِقِينَ ﴿٥﴾ وَمَا أَفَاءَ اللَّهُ
عَلَىٰ رَسُولِهِ مِنْهُمْ فَمَا أَوْجَفْتُمْ عَلَيْهِ مِنْ خَيْلٍ وَلَا رِكَابٍ
وَلَٰكِنَّ اللَّهَ يُسَلِّطُ رُسُلَهُ عَلَىٰ مَن يَشَاءُ ۚ وَاللَّهُ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ
قَدِيرٌ ﴿٦﴾ مَّا أَفَاءَ اللَّهُ عَلَىٰ رَسُولِهِ مِنْ أَهْلِ الْقُرَىٰ فَلِلَّهِ وَلِلرَّسُولِ
وَلِذِي الْقُرْبَىٰ وَالْيَتَامَىٰ وَالْمَسَاكِينِ وَابْنِ السَّبِيلِ كَيْ لَا يَكُونَ
دُولَةً بَيْنَ الْأَغْنِيَاءِ مِنكُمْ ۚ وَمَا آتَاكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ وَمَا
نَهَاكُمْ عَنْهُ فَانتَهُوا ۚ وَاتَّقُوا اللَّهَ ۖ إِنَّ اللَّهَ شَدِيدُ الْعِقَابِ ﴿٧﴾
لِلْفُقَرَاءِ الْمُهَاجِرِينَ الَّذِينَ أُخْرِجُوا مِن دِيَارِهِمْ وَأَمْوَالِهِمْ
يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ اللَّهِ وَرِضْوَانًا وَيَنصُرُونَ اللَّهَ وَرَسُولَهُ ۚ أُولَٰئِكَ
هُمُ الصَّادِقُونَ ﴿٨﴾ وَالَّذِينَ تَبَوَّءُوا الدَّارَ وَالْإِيمَانَ مِن قَبْلِهِمْ
يُحِبُّونَ مَنْ هَاجَرَ إِلَيْهِمْ وَلَا يَجِدُونَ فِي صُدُورِهِمْ حَاجَةً
مِّمَّا أُوتُوا وَيُؤْثِرُونَ عَلَىٰ أَنفُسِهِمْ وَلَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ ۚ
وَمَن يُوقَ شُحَّ نَفْسِهِ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ ﴿٩﴾

айдауға разы болғанға дейін қоршап алды. Кəлби былай дейді: «Бəну Назир қабиласы (тайпасы) кітап иелері ішіндегі араб жарты аралынан тұңғыш рет айдалғандар болып, қалғандары Омардың (Аллаһ оған разы болсын) заманында айдалып шығарылған. Бірінші рет қудаланғандар Мəдинадан болып, соңғы рет қуғын-сүргін қылынғандар Омардың (Аллаһ оған разы болсын) заманында болған. Кейбіреулер: Соңғы реткі айдалу—Қиямет күні бүкіл адамдардың Махшар майданына (алаңына) айдалуын көрсетеді деп қараған». {Сендер оларды (күшті тура, былайша қорланған халде) шығып кетеді деп ойламаған едіңдер} яғни бəну Назир қабиласы (тайпасы) күшті, құрметті, қорғаныста өте берік, құрма бақшалары өте көп, сан жəне ұрыс дайындығы жағынан үстем болғандығы үшін, олар жұрттарын тастап шығып кетпейді деп ойлаған едіңдер. {Олар өздерінің қорғанысын өздерін Аллаһтың (азабынан) тоса алады деп ойлаған еді. Оларға Аллаһтың азабы олар ойламаған жерден келді. Аллаһ олардың жүректеріне қорқыныш салды}. Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) мынадай дейді: «Мен бір айлық арақашықтықта дұшпандарымның жүректеріне қорқыныш сала алатын болумен нусрет (жеңгізу, қолдау) берілдім». {Олар үйлерін өздерінің қолдары жəне мүміндердің қолдарымен бұзды} Сол заманда яһудилер өздерінің қудаланатынына толық сенгеннен кейін, мұсылмандардың өз үйлеріне (яғни яһудилердің үйлеріне) отырып алатынына хасад (қастық) қылып, үйлерін ішінен бұзды. Мұсылмандар болса, сыртынан бұзды. Зуһри жəне Уруа ибн Зубəйр былай дейді: «Яһудилер Пайғамбармен (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) келісім түзгеннен кейін, үйлерінің бағандарын түйелерге байлап сүйретіп, үйлерін құрып (бұзып), ағаштарын түйелеріне артып жүреді. Оның қалған жерлерін мұсылмандар бұзды». {Ей, ақыл иелері! (Олардың халінен (жағдайларынан)) ғибрат алыңдар!} яғни, кім Аллаһпен адал болмай, сатқындық жасаса, олардың жағдайы бану Назир яһудилерінің жағдайлары сияқты болатынын біліңдер.

3 {Егер Аллаһ оларды қуғын-сүргін болуға үкім етпеген болса еді, əлбетте, оларды дүниеде (өлтірумен) азаптайтын еді}. Яғни егер оларға жұрттарынан қудалану үкім қылынбаған болса еді, тура бəну Құрайзаға қылынғандай, олар да дүниеде өлтіру жəне олжа алу арқылы азаптауға үкім қылынған болар еді. {Олар ақыретте тозақ азабына душар болады}.

4 {Олар Аллаһпен жəне Оның пайғамбарымен қарсыласты. Бұл (яғни олардың қудалануы) сол себепті (болды) Кімде-кім Аллаһпен қарсыласса, шүбəсіз, Аллаһ оны қатты жазалайды}.

5 {(Ей, мұсылмандар!) Сендер мейлі (бəну Назирдің) құрмаларын кесіңдер. Мейлі оны бұрынғысынша тік (күйінде) қалдырыңдар. Барлығына Аллаһ рұқсат қылады}. Мұсылмандар бəну Назирмен ұрыс қылған уақытта, кəпірлерді қапа қылу үшін олардың құрмаларын кеседі. Сонымен, əһлі кітаптардан (кітап иелерінен) болған бəну Назир: «Ей, Мұхаммед! Сен өзіңді ислах қылушы (дұрыстаушы) пайғамбар есептейсің бе? Ислах деген құрмаларды кесумен жəне ағаштарды өртеумен болады ма? Саған түсірілген кітапта жерде жамандық жасаса болады деген тағлимат (тағлым, үйрету) бар ма?»—десті. Бұл Пайғамбарға (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) жəне мұсылмандарға өте ауыр тиді. Сонымен төмендегі аят түсті:

{(Аллаһтың рұқсат етуі) Аллаһтың бойсұнуынан шығушыларды (яғни яһудилерді) рәсуалау үшін}.
6 {Аллаһ пайғамбарына олардан} яғни бәну Назирдің малдарынан (байлықтарынан) {қайтарған олжаларды сендер ат-түйелерді шаптырып} яғни әжир қылып (еңбектеніп), жапа-қиыншылық шегіп, {қолға келтірген емессіңдер} сол себепті бану Назирден түскен олжаны таратпай, Аллаһ тағала пайғамбарына (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) берді , {бірақ та Аллаһ пайғамбарларын қалаған адамға үстем етеді. Аллаһ әр нәрсеге күш-қуаты жетуші (толық құдыретті)}.
7 {Аллаһ пайғамбарына ғанимет қылып берген ауыл иелер (әһлу құра)} яғни Құрайза, Назир, Бәдәк және Хайбар кәпірлерінің {мал-мүліктерін араларындағы байлардың арасында қолдан-қолға өтіп жүрмесі үшін}, {Аллаһқа}, {пайғамбарға}, яғни ол үшін арнайы мүлік қылып беріледі. Сосын оны мұсылмандардың пайдасы үшін жұмсайды. {Пайғамбардың жақын туыстарына} бәну hашим және бәну муталлиб кедейлері үшін (өйткені олар садақа алудан шектелген еді сондықтан олар үшін бұл сияқты) ғаниметті несібе қылып берді. {жетімдерге} әкелері жоқ бәлиғатқа жетпеген кішкене балаларға, {міскіндерге} яғни пақырларға (кедейлерге), {ибни сәбиллер} яғни жол үстіндегі қаражаты таусылып қалған бейтаныстарға {тиесілі етті}. Бұл ұрыссыз (соғыссыз) ғанимет (олжа) етілген мал-мүлікті бір жақты етудің баяны. Бұл үкім Қиямет күніне дейін жалғасады. {Пайғамбар сендерге берген нәрсені алыңдар, пайғамбар сендерге тыйым салған нәрседен тыйылыңдар}. Олжа малдарынан бергенді алыңдар, оны алудан тыйым салынғандарын алмандар, {Аллаһтан қорқыңдар, расында, Аллаһтың азабы қатты}.
8 {(Ол олжаның бір бөлігі) диярдан} яғни Меккеден {айдап шығарылған, мал-мүлкінен айырылған пақыр (кедей) муһажирлерге тиесілі. Олар Аллаһтың артықшылығын және разылығын тілейді} яғни дүниеде ризық, ақыретте Аллаһтың разылығын тілейді. Кәпірлермен ұрыс қылу (соғысу) арқылы {Аллаһқа және Оның пайғамбарына жәрдем береді. Міне, солар (иманда) шыншыл (садық) адамдар}.
9 {Олардан (яғни муһажирлерден) Мәдинада жерлік (жергілікті) болған, иманы күшті болғандар (яғни ансарлар) жандарына hижрат қылып келгендерді (яғни муһажирлерді) дос тұтады. Оларға берілген нәрселер үшін іштарлық қылмайды, олар мұқтаж бола тұра, (муһажирлердің пайдасын) өздерінің (пайдасы)-нан жоғары қояды}. Яғни ансарлар муһажирлерге берілген олжаларға кең пейілділікпен разы болады. Өз кезінде (сол заманда) муһажирлер ансарлардың үйлерінде тұрушы еді. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) бәну Назир тайпасының малдарын ғанимет (олжа) ғып алған кезде, ансарларды шақыртып, олардың муһажирлерді өздерімен бірге тұрғызғандықтарына және мал-мүліктеріне ортақ қылғандықтарына рақмет айтты. Сонан соң: «Егер қаласаңдар, Аллаһ маған бәну Назир қабиласынан ұрыссыз алған мал-мүліктерді сендер мен муһажирлерге тең бөліп берейін. Ол кезде муһажирлер сендердің үйлеріңде жалғасты тұрады және сендердің мал-мүліктеріңе ортақ болады яки егер сендер қаласаңдар, бұл малдарды муһажирлерге берейін, олар сендердің үйлеріңнен шығып, өздеріне бөлек үй ұстасын!»—деді. Сонымен, ансарлар ол мал-мүліктерді муһажирлер арасында бөліп беруге көңіл разылығымен (жүрек қалауымен) қосылды. {Өз нәпсісінің жамандығынан (сараңдығынан, қызғанышынан) сақтанғандар өз мақсатына жетушілер}.
10 {Олардан кейін келгендер:} яғни, Қиямет күніне дейін сахабаларға ергендер. {«Раббымыз! Бізге және бізден бұрын иман айтқан бауырларымызға жарылқау қыл, жүректерімізде мүміндерге қарсы дұшпандықты пайда болдырма. Раббымыз! Сен тым жұмсақ, асқан мейірімдісің»,—дейді} Осы аятқа сахабалар мұсылмандардың ішінде ең құрметтілері болғандықтан да, осы оқиға солар туралы айтылып жатқан үшін де бірінші боп кіреді. Кімде-кім (Шииттер, рафида сияқты) жүрегінде оларға деген жеккөрініш, көреалмаушылық тапса, ол шайтан уәсуәсінің астында деген сөз. Және ол сахабаларды ұрысқандар, оларға зиян келтіргендер, хақыларын кеміткендер сияқты олжадан босатылып, Аллаһтың әулиелеріне, осы мұсылман қауымының ең жақсыларына дұшпандық қылып, Аллаһқа бағынбаушылықтың үлкен көрінісін көрсетеді.

وَٱلَّذِينَ جَآءُو مِنۢ بَعۡدِهِمۡ يَقُولُونَ رَبَّنَا ٱغۡفِرۡ لَنَا
وَلِإِخۡوَٰنِنَا ٱلَّذِينَ سَبَقُونَا بِٱلۡإِيمَٰنِ وَلَا تَجۡعَلۡ فِي قُلُوبِنَا
غِلّٗا لِّلَّذِينَ ءَامَنُواْ رَبَّنَآ إِنَّكَ رَءُوفٞ رَّحِيمٌ ١٠ ۞ أَلَمۡ تَرَ إِلَى
ٱلَّذِينَ نَافَقُواْ يَقُولُونَ لِإِخۡوَٰنِهِمُ ٱلَّذِينَ كَفَرُواْ مِنۡ أَهۡلِ
ٱلۡكِتَٰبِ لَئِنۡ أُخۡرِجۡتُمۡ لَنَخۡرُجَنَّ مَعَكُمۡ وَلَا نُطِيعُ فِيكُمۡ
أَحَدًا أَبَدٗا وَإِن قُوتِلۡتُمۡ لَنَنصُرَنَّكُمۡ وَٱللَّهُ يَشۡهَدُ إِنَّهُمۡ لَكَٰذِبُونَ
١١ لَئِنۡ أُخۡرِجُواْ لَا يَخۡرُجُونَ مَعَهُمۡ وَلَئِن قُوتِلُواْ لَا يَنصُرُونَهُمۡ
وَلَئِن نَّصَرُوهُمۡ لَيُوَلُّنَّ ٱلۡأَدۡبَٰرَ ثُمَّ لَا يُنصَرُونَ ١٢
لَأَنتُمۡ أَشَدُّ رَهۡبَةٗ فِي صُدُورِهِم مِّنَ ٱللَّهِۚ ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمۡ قَوۡمٞ
لَّا يَفۡقَهُونَ ١٣ لَا يُقَٰتِلُونَكُمۡ جَمِيعًا إِلَّا فِي قُرٗى
مُّحَصَّنَةٍ أَوۡ مِن وَرَآءِ جُدُرِۭۚ بَأۡسُهُم بَيۡنَهُمۡ شَدِيدٞۚ تَحۡسَبُهُمۡ
جَمِيعٗا وَقُلُوبُهُمۡ شَتَّىٰۚ ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمۡ قَوۡمٞ لَّا يَعۡقِلُونَ ١٤
كَمَثَلِ ٱلَّذِينَ مِن قَبۡلِهِمۡ قَرِيبٗاۖ ذَاقُواْ وَبَالَ أَمۡرِهِمۡ وَلَهُمۡ عَذَابٌ
أَلِيمٞ ١٥ كَمَثَلِ ٱلشَّيۡطَٰنِ إِذۡ قَالَ لِلۡإِنسَٰنِ ٱكۡفُرۡ فَلَمَّا كَفَرَ
قَالَ إِنِّي بَرِيٓءٞ مِّنكَ إِنِّيٓ أَخَافُ ٱللَّهَ رَبَّ ٱلۡعَٰلَمِينَ ١٦

11 {Мұнафиқтар} Абдуллаһ ибн Убәй және оның жақтастары { (мұнафиқтар) -дың өздерінің (Мұхаммедтің (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) пайғамбарлығын) інкәр қылған (қайтарған, жоққа шығарған) әһли кітап (кітап иелері) бауырларына: «жұрттарыңнан шығарылсаңдар, біз сөзсіз сендермен бірге шығып кетеміз, әсте сендердің зияндарың есепті басқа адамға бойсұнбаймыз. Сендерге соғыс ашылса, сөзсіз сендерге жәрдем береміз», - деп айтқандарын көрмедің бе?} Сонан кейін Аллаһ тағала олардың жалғаншылықтарын (жалған сөйлегендерін) әшкерелеп былай дейді: {Аллаһ куәлік береді, (мұнафиқтар)} олармен бірге шығу және оларға жәрдем беру хақындағы (жайындағы) уәделерінде {сөзсіз жалған айтушылар}.

12 {Егер олар айдап шығарылса, мұнафиқтар олармен бірге шықпайды, егер оларға ұрыс (соғыс) ашылса, мұнафиқтар оларға жәрдем бермейді} іс жүзінде олар айдап шығарылған бәну Назир қабиласымен бірге шығып кетпеді және соғыс қылған хайбардағы бәну Құрайза қабиласына да жәрдем бермеді. {Көмек берген жағдайда да} жеңілген халде {жүзін бұрып қашады} осыдан кейін мұнафиқтар әсте (әркезде де, ешқашанда) жеңіске жете алмайды. Бәлки (бәлкім), Аллаһ оларды қор қылады (қорлайды). Сол себепті {әһлу кітаб (кітап иелері) жәрдемге ие бола алмайды}.

13 {Күдіксіз, сендер олардың жүректерінде Аллаһқа қарағанда қорқыныштырақсыңдар} яғни, ей, мұсылмандар! Яһудилер мен мұнафиқтар сендерден Аллаһтан қорыққандарынан да бетер қорқады. {Себебі, олар Аллаһтың (ұлылығын) түсінбейтін қауым}. Егер білсе еді, шындығында (іс жүзінде), Аллаһ тағала мұсылмандарды олардың үстінен шынайы (ақиқи) жеңіске жеткізуші. Сондықтан да олар Аллаһтан артығырақ қорқуы керек (қажет).

14 {Олар тек қана мықты тұрғызылған қала ішінде яки тамдардың (қабырғалардың) артында тұрғанда ғана, сендерге қарсы бірлесіп соғыс (ұрыс) қыла алады. Олардың ұрысы өздерінің ішінде қатты. Оларды ынтымақты деп ойлайсың}. Шындығында, олар көріністе ғана ынтымақты болып, ішкі тараптарында (жақтарында) жүректері, пікірлері және құштарлықтары бір-біріне қайшы. {Өйткені, олардың жүректері шашыраңқы, бұл себепті де, олар түсінбейтін қауым} егер түсінсе еді, ақиқатқа ерген (ілескен) және ихтилаф (қайшылық) қылмаған болар еді.

15 {Олар (яғни яһудилер) олардан ілгері жуырда ғана өткен қылмыстарының дәмін тартқандарға (яғни мүшріктерге) ұқсайды} яғни бәну Назир соғысынан (ғазауатынан) алты ай бұрын Бәдір соғысында өлтірілген мүшріктерге ұқсайды. {Олар (ақыретте) қатты азапқа душар болады}.

16 {Олар} яғни мұнафиқтар яһудилерді ұрысқа қызықтырып қойып, басына күн түскенде жәрдем бере алмаушылықта, {шайтанға ұқсайды. Өз кезінде шайтан адамға: «Кәпір болғын»,—деді. Адам кәпір болған кезде шайтан: «Мен сенен аулақпын, мен шындығында әлемдердің Раббысы Аллаһтан қорқамын», - деді}.

17 {Олардың (яғни шайтан менен адамның) соңы бірлікте (бірлесе) тозаққа кіру, тозақта мәңгі қалу болды. Міне, сол—залымдардың жазасы}.

18 {Ей, мүміндер, Аллаһтан қорқыңдар!} яғни Аллаһ бұйырғанды қылу, тосқаннан

қайту (тыйылу) арқылы Аллаһтың азабынан сақтаныңдар. {Әр адам ертеңі (яғни Қиямет күні) үшін (жақсы амалдардан) нелерді әзірлегеніне қарасын. Аллаһтан қорқыңдар! Аллаһ шындығында, істеп жатқан істеріңнен толық хабардар}.
19 {Сендер Аллаһты ұмытқан} яғни Аллаһтың бұйрықтарын орындамаған және құлшылықтарына мән бермеген, {Сонымен Аллаһ оларға өздерін ұмыттырған адамдардан болмаңдар!} ұмыттыру болса, олар өздерін тозақ азабынан құтқаратын жақсы амалдарды істеумен шұғылданбайтын қылып қоюмен болады. Бұрынғылардың (өткендердің) мынадай бір сөзі бар: «Олар бай кезінде Аллаһты ұмытты, сонымен Аллаһ оларды қиын-қыстау кезінде өздерін ұмыттырды».
{Міне, солар—пасықтар} яғни Аллаһқа бойсұнушылықтан шыққандар.
20 {Тозақ иелері мен жаннат иелері (Қиямет күні) тең (пара-пар) болмайды. Жәннат иелері болса, мақсатқа жетушілер} яғни барлық талаптарға жетушілер (ие болушылар) және барлық жамандықтардан құтылушылар.
21 {Егер Біз Құранды бір тауға түсірген болсақ, сөзсіз, сен оның Аллаһтан қорыққандықтан бас игендігін, жарылып кеткендігін көруші едің} яғни Құрандағы уағыз-насихаттардың ұлықтығы, бәлағаты (сөздік шеберлігі) және жалпылығынан адамның жүрегін жұмсартып жібереді (жібітіп жібереді). Тіпті егер Құран сондай қатты тауға түскен болса да, тау Аллаһтың кәләмінің (сөзінің) құрметін толық ада қыла алмай, азапқа душар болып қалудан қорқып, парша-парша болып кеткен болар еді. {Біз бұл мысалдарды адамдарға олар (Аллаһтың құдіретін) пікір қылсын (ой елегінен өткізсін)} яғни уағыз-насихаттарды қабылдап, бұйрықтарын орындап, тосқандарынан қайту үшін Аллаһтың құдіретін ойлансын {деп баян қыламыз}.
22 {Аллаһтан басқа ешбір мәғбуд (шынайы құлшылыққа лайық құдай) жоқ. Ол Көместі де, Көрнеуді де} яғни сезу мүшелермен белгілі болатын және белгілі болмайтын барлық нәрсені {Білуші, Ол асқан шапағатшы және ерекше Мейірімді (яғни дүние және ақыретте) кең рақым Иесі}.
23 {Аллаһтан басқа ешбір мәғбуд (шынайы құлшылыққа лайық құдай) жоқ} бұл сөйлемді екінші рет қайталау айқындау (айқындай түсу, бекіте түсу) үшін. {Ол (толық) Патша (яғни бүкіл мақлұқаттардың (жаратылыстардың) Патшасы, Пәк (яғни барлық кемшілік атаулыдан пәк), (мүміндерге) есендік Бағыштаушы, (достарын қорқыныштан, азаптан) аман Қылушы, барлығын күзетіп Тұрушы, Күші жетуші (жеңуші), Қаһар (ашу) иесі және ұлылық Иесі, (мүшріктердің) ортақ қосқан нәрселерінен Пәк}.
24 {Аллаһ (барлығын) Жаратушы, (жоқтан) бар Етуші, (барлық нәрсеге) сурет (бейне, форма) Беруші (бағыштаушы). Ең көркем есімдерге Ие, Аспандардағы және жердегі нәрселер оған тәсбих айтып тұрады, Ол өте Үстем, Даналықпен іс Қылушы}.

فَكَانَ عَٰقِبَتَهُمَآ أَنَّهُمَا فِي ٱلنَّارِ خَٰلِدَيۡنِ فِيهَاۚ وَذَٰلِكَ جَزَٰٓؤُاْ
ٱلظَّٰلِمِينَ ١٧ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ وَلۡتَنظُرۡ
نَفۡسٞ مَّا قَدَّمَتۡ لِغَدٖۖ وَٱتَّقُواْ ٱللَّهَۚ إِنَّ ٱللَّهَ خَبِيرُۢ بِمَا تَعۡمَلُونَ
١٨ وَلَا تَكُونُواْ كَٱلَّذِينَ نَسُواْ ٱللَّهَ فَأَنسَىٰهُمۡ أَنفُسَهُمۡۚ أُوْلَٰٓئِكَ
هُمُ ٱلۡفَٰسِقُونَ ١٩ لَا يَسۡتَوِيٓ أَصۡحَٰبُ ٱلنَّارِ وَأَصۡحَٰبُ
ٱلۡجَنَّةِۚ أَصۡحَٰبُ ٱلۡجَنَّةِ هُمُ ٱلۡفَآئِزُونَ ٢٠ لَوۡ أَنزَلۡنَا هَٰذَا
ٱلۡقُرۡءَانَ عَلَىٰ جَبَلٖ لَّرَأَيۡتَهُۥ خَٰشِعٗا مُّتَصَدِّعٗا مِّنۡ خَشۡيَةِ
ٱللَّهِۚ وَتِلۡكَ ٱلۡأَمۡثَٰلُ نَضۡرِبُهَا لِلنَّاسِ لَعَلَّهُمۡ يَتَفَكَّرُونَ
٢١ هُوَ ٱللَّهُ ٱلَّذِي لَآ إِلَٰهَ إِلَّا هُوَۖ عَٰلِمُ ٱلۡغَيۡبِ وَٱلشَّهَٰدَةِۖ
هُوَ ٱلرَّحۡمَٰنُ ٱلرَّحِيمُ ٢٢ هُوَ ٱللَّهُ ٱلَّذِي لَآ إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ
ٱلۡمَلِكُ ٱلۡقُدُّوسُ ٱلسَّلَٰمُ ٱلۡمُؤۡمِنُ ٱلۡمُهَيۡمِنُ ٱلۡعَزِيزُ
ٱلۡجَبَّارُ ٱلۡمُتَكَبِّرُۚ سُبۡحَٰنَ ٱللَّهِ عَمَّا يُشۡرِكُونَ
٢٣ هُوَ ٱللَّهُ ٱلۡخَٰلِقُ ٱلۡبَارِئُ ٱلۡمُصَوِّرُۖ لَهُ ٱلۡأَسۡمَآءُ ٱلۡحُسۡنَىٰۚ
يُسَبِّحُ لَهُۥ مَا فِي ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلۡأَرۡضِۖ وَهُوَ ٱلۡعَزِيزُ ٱلۡحَكِيمُ ٢٤

## سُورَةُ المُمۡتَحَنَةِ

ترتيبها 60 — آياتها 13

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ لَا تَتَّخِذُواْ عَدُوِّي وَعَدُوَّكُمۡ أَوۡلِيَآءَ تُلۡقُونَ
إِلَيۡهِم بِٱلۡمَوَدَّةِ وَقَدۡ كَفَرُواْ بِمَا جَآءَكُم مِّنَ ٱلۡحَقِّ يُخۡرِجُونَ ٱلرَّسُولَ
وَإِيَّاكُمۡ أَن تُؤۡمِنُواْ بِٱللَّهِ رَبِّكُمۡ إِن كُنتُمۡ خَرَجۡتُمۡ جِهَٰدٗا فِي سَبِيلِي
وَٱبۡتِغَآءَ مَرۡضَاتِيۚ تُسِرُّونَ إِلَيۡهِم بِٱلۡمَوَدَّةِ وَأَنَا۠ أَعۡلَمُ بِمَآ أَخۡفَيۡتُمۡ
وَمَآ أَعۡلَنتُمۡۚ وَمَن يَفۡعَلۡهُ مِنكُمۡ فَقَدۡ ضَلَّ سَوَآءَ ٱلسَّبِيلِ ١ إِن
يَثۡقَفُوكُمۡ يَكُونُواْ لَكُمۡ أَعۡدَآءٗ وَيَبۡسُطُوٓاْ إِلَيۡكُمۡ أَيۡدِيَهُمۡ وَأَلۡسِنَتَهُم
بِٱلسُّوٓءِ وَوَدُّواْ لَوۡ تَكۡفُرُونَ ٢ لَن تَنفَعَكُمۡ أَرۡحَامُكُمۡ وَلَآ أَوۡلَٰدُكُمۡۚ
يَوۡمَ ٱلۡقِيَٰمَةِ يَفۡصِلُ بَيۡنَكُمۡۚ وَٱللَّهُ بِمَا تَعۡمَلُونَ بَصِيرٞ ٣ قَدۡ
كَانَتۡ لَكُمۡ أُسۡوَةٌ حَسَنَةٞ فِيٓ إِبۡرَٰهِيمَ وَٱلَّذِينَ مَعَهُۥٓ إِذۡ قَالُواْ لِقَوۡمِهِمۡ
إِنَّا بُرَءَٰٓؤُاْ مِنكُمۡ وَمِمَّا تَعۡبُدُونَ مِن دُونِ ٱللَّهِ كَفَرۡنَا بِكُمۡ وَبَدَا بَيۡنَنَا
وَبَيۡنَكُمُ ٱلۡعَدَٰوَةُ وَٱلۡبَغۡضَآءُ أَبَدًا حَتَّىٰ تُؤۡمِنُواْ بِٱللَّهِ وَحۡدَهُۥٓ إِلَّا
قَوۡلَ إِبۡرَٰهِيمَ لِأَبِيهِ لَأَسۡتَغۡفِرَنَّ لَكَ وَمَآ أَمۡلِكُ لَكَ مِنَ ٱللَّهِ مِن شَيۡءٖۖ
رَّبَّنَا عَلَيۡكَ تَوَكَّلۡنَا وَإِلَيۡكَ أَنَبۡنَا وَإِلَيۡكَ ٱلۡمَصِيرُ ٤ رَبَّنَا لَا تَجۡعَلۡنَا
فِتۡنَةٗ لِّلَّذِينَ كَفَرُواْ وَٱغۡفِرۡ لَنَا رَبَّنَآۖ إِنَّكَ أَنتَ ٱلۡعَزِيزُ ٱلۡحَكِيمُ ٥

# 60. Мумтахина сүресі

(Мәдинада түскен, 13 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Ей, мүміндер, Менің дұшпанымды және сендердің дұшпандарыңды дос тұтпаңдар!} бұл аят Хатиб ибн Әбу Бәлдаға жайында түскен болып, ол һижраның 8-жылы Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Мекке фәтхына (Меккені ашуға) аттанғаны жөніндегі мағлұматты Мекке мүшріктеріне жеткізу үшін хат жіберген... Бұл аят кәпірлермен әрқандай формада достасудың тыйым салынғанын (шектелгенін) көрсетеді. {Олар сендерге келген ақиқатты} яғни Исламды, Құранды {теріске шығарып тұрса, оларға достықтарыңды жеткізесіңдер, Олар Раббыларың Аллаһқа иман айтқандарың себепті, Пайғамбарды және сендерді жұрттарыңнан айдап шығарды, егер сендер Менің жолымда соғыс қылып және разылығымды тілеп, шыққан болсаңдар} ол кезде Менің дұшпанымды және сендердің дұшпандарыңды дос тұтпаңдар. {Сендер оларға жасырын достық жеткізесіңдер, Мен сендер жасырған және көрнеу еткен нәрселеріңді біліп тұрамын. Кімде-кім солай істейді екен} яғни оларды дос тұтып, оларға Пайғамбардың хабарларын жеткізетін болса, {ол расында, тура жолдан адасқан болады}.

2 {Егер олар сендерді жеңсе, сендерге дұшпан болады} яғни егер сендер олармен кездессеңдер, жүректеріндегі дұшпандықты әшкере қылады (көрсетеді). {Сендерге зиянкестік қылады} яғни ұрады яки өлтіреді және {сендерді тілдейді, сендердің муртад болуларыңды (діннен қайтуларыңды) армандайды}.

3 {Қиямет күні сендердің туысқандарың және ұрпақтарың (балаларың) сендерге еш пайда жеткізе алмайды} яғни тура Хатиб ибн әбу Бәлтәғадай, жанұясы үшін кәпірлермен достассаңдар, Қиямет күні әсте пайда бермейді. Керісінше, пайда беретіні—кәпірлерді дұшпан тұту, олармен ұрыс қылу және олардың тарапын ұстанбау сияқты әрекеттер Аллаһтың бұйрығы. {Аллаһ араларыңды айырады} яғни сендер жаннатта болсаңдар, олар кәпірлермен бірге тозақта болады. {Аллаһ сендердің істеп жатқан істеріңді көріп Тұрушы}.

4 {Ибраһим және онымен бірге болған (мүміндер) сендерге ақиқатында жақсы үлгі} яғни ей, Хатиб! Тура Ибраһим әкесі мен қауымынан бас тартқаны сияқты сен де бас тартсаң болмас па еді? {Өз кезінде (уақытында) олар қауымына: «Шындығында, біз сендерден және сендер Аллаһты қойып құлшылық істеп жатқан пұттарыңнан аулақпыз. Біздің арамыздағы дұшпандық пен өшпенділік сендер жалғыз бір Аллаһқа иман айтқандарыңа дейін жалғасып (әрдайым, тұрақты) сақталып қалады»,—деді. Тек Ибраһимнің әкесіне айтқан: «Әлбетте саған жарылқау тілеймін. Аллаһтың азабынан еш нәрсені сенен қайтара алмаймын» деген сөзін сендердің үлгі етіп алуларыңа болмайды} яғни мүшріктердің күнәларын (жарылқауын) тілемеңдер. Ибраһимнің (аләйһис-сәләм) жоғарыдағы сөзі болса, бұрын қылған уәдесі үшін. Бұл жөнінде бір аятта былайша келген: {Ибраһимнің әкесіне жарылқау талап қылуы оған ілгеріде берген уәдесін орындау үшін еді. Оған әкесінің Аллаһтың дұшпаны екені анық белгілі болған соң, ол әкесінен бас тартты (аулақ болды). Ибраһим

болса, шындығында, көп жапа шегуші (яғни көңілі жұмсақ), (түскен (келген) машақаттарға) шыдамды еді} (Тәубе сүресі, 114-аят). Ибраһим және онымен бірге болған мүміндер айтты: {Раббымыз, Саған тәуекел қылдық, Саған қайттық. Соңғы қайтатын жай Сенің құзырың}.

(5) {Раббымыз, кәпірлерді бізге зиянкестік жасау мүмкіндігіне ие етпегін!}. Мужаһид бұл аятты: ««Раббымыз, олардың қолдарымен бізді азаптамағын!»—дегендей болады», - деп тәпсір қылады. {Раббымыз, бізге жарылқау қыл! Сен шындығында Үстемсің, даналықпен іс Қылушысың}.

(6) Ей, Мұхаммедтің үмбеті! {Ибраһим және оған ерген мүміндер сендерге, Аллаhты және Ақырет күнін үміт қылғандарға}, Аллаh тағаладан дүние-ақыретте үміт күтетіндерге {жақсы үлгі. Кімде-кім (иманнан) бет бұрады екен, (біліп қойсын) Аллаh (мақлұқаттарынан) мұқтажсыз, (Аллаh) мақтау-мадаққа лайық}.

(7) {Бәлкім, Аллаh сендер мен сендер жек көретін адамдар арасында достық пайда қылады} яғни сендер мен мүшріктер арасында достық пайда қылады. Бұлай болу олардың Исламға кіріп, мұсылмандармен бірге бір дінде болуымен болады. Сол заманда, Мекке фәтх болғаннан (ашылғаннан, азат болғаннан) кейін, бір топ адамдар иман айтып, Исламда өте жақсы істерді жасаған, өздерінен бұрын иман айтқандарға достық (сезімін) көрсеткен. Аллаh жолында күрескен және Аллаh тағалаға жақындайтын көптеген істерді қылған. Пайғамбар (саллаллаху ъалэйһи уа саллам) Әбу Суфиянның қызын алған болса да, фәтх күні Әбу Суфиян Ислам дініне кірмегенінше, олардың арасында достық пайда болмаған. Әбу Һурайра (Аллаh оған разы болсын) былай дейді: «Аллаhтың дінін қорғау үшін, муртадтармен (діннен шыққандармен) бірінші рет соғысқан (ұрысқа шыққан) кісі Әбу Суфиян еді және жоғарыдағы аят оның хақында түскен еді». {Аллаh әр нәрсеге күші Жетуші (Құдыретті), Аллаh аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді} қарсыласушылардың жүректерін қабыл алып, оларды Өзінің мейірімділігіне және кешірімділігіне кіргізуге (және әр нәрсеге) күші Жетуші .

(8) Кәпірлерден {сендермен ұрыс қылмаған және сендерді жұрттарыңнан айдап шығармағандарына келсек, Аллаh оларға}

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِيهِمْ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِّمَن كَانَ يَرْجُوا۟ ٱللَّهَ وَٱلْيَوْمَ ٱلْـَٔاخِرَ ۚ
وَمَن يَتَوَلَّ فَإِنَّ ٱللَّهَ هُوَ ٱلْغَنِىُّ ٱلْحَمِيدُ ﴿٦﴾ ۞ عَسَى ٱللَّهُ أَن يَجْعَلَ
بَيْنَكُمْ وَبَيْنَ ٱلَّذِينَ عَادَيْتُم مِّنْهُم مَّوَدَّةً ۚ وَٱللَّهُ قَدِيرٌ ۚ وَٱللَّهُ غَفُورٌ رَّحِيمٌ
﴿٧﴾ لَّا يَنْهَىٰكُمُ ٱللَّهُ عَنِ ٱلَّذِينَ لَمْ يُقَـٰتِلُوكُمْ فِى ٱلدِّينِ وَلَمْ يُخْرِجُوكُم
مِّن دِيَـٰرِكُمْ أَن تَبَرُّوهُمْ وَتُقْسِطُوٓا۟ إِلَيْهِمْ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ يُحِبُّ ٱلْمُقْسِطِينَ
﴿٨﴾ إِنَّمَا يَنْهَىٰكُمُ ٱللَّهُ عَنِ ٱلَّذِينَ قَـٰتَلُوكُمْ فِى ٱلدِّينِ وَأَخْرَجُوكُم
مِّن دِيَـٰرِكُمْ وَظَـٰهَرُوا۟ عَلَىٰٓ إِخْرَاجِكُمْ أَن تَوَلَّوْهُمْ ۚ وَمَن يَتَوَلَّهُمْ فَأُو۟لَـٰٓئِكَ
هُمُ ٱلظَّـٰلِمُونَ ﴿٩﴾ يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓا۟ إِذَا جَآءَكُمُ ٱلْمُؤْمِنَـٰتُ
مُهَـٰجِرَٰتٍ فَٱمْتَحِنُوهُنَّ ۖ ٱللَّهُ أَعْلَمُ بِإِيمَـٰنِهِنَّ ۖ فَإِنْ عَلِمْتُمُوهُنَّ مُؤْمِنَـٰتٍ
فَلَا تَرْجِعُوهُنَّ إِلَى ٱلْكُفَّارِ ۖ لَا هُنَّ حِلٌّ لَّهُمْ وَلَا هُمْ يَحِلُّونَ لَهُنَّ ۖ وَءَاتُوهُم
مَّآ أَنفَقُوا۟ ۚ وَلَا جُنَاحَ عَلَيْكُمْ أَن تَنكِحُوهُنَّ إِذَآ ءَاتَيْتُمُوهُنَّ أُجُورَهُنَّ ۚ
وَلَا تُمْسِكُوا۟ بِعِصَمِ ٱلْكَوَافِرِ وَسْـَٔلُوا۟ مَآ أَنفَقْتُمْ وَلْيَسْـَٔلُوا۟ مَآ أَنفَقُوا۟ ۚ
ذَٰلِكُمْ حُكْمُ ٱللَّهِ ۖ يَحْكُمُ بَيْنَكُمْ ۚ وَٱللَّهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ ﴿١٠﴾ وَإِن فَاتَكُمْ
شَىْءٌ مِّنْ أَزْوَٰجِكُمْ إِلَى ٱلْكُفَّارِ فَعَاقَبْتُمْ فَـَٔاتُوا۟ ٱلَّذِينَ ذَهَبَتْ
أَزْوَٰجُهُم مِّثْلَ مَآ أَنفَقُوا۟ ۚ وَٱتَّقُوا۟ ٱللَّهَ ٱلَّذِىٓ أَنتُم بِهِۦ مُؤْمِنُونَ ﴿١١﴾

сендер рақым ету, қосынның (жауынгерлердің) және меймандардың ақысын төлегенге ұқсас: {жақсылық қылуларыңнан, оларға} уәдені толық орындау, аманатқа қиянат қылмастық және сатып алған нәрсенің ақысын азырақ болса да кемітпестен ада қылуға (өтеуге) ұқсас істерде {әділ болуларыңнан сендерді тоспайды. Күдіксіз, Аллаh әділдік жасаушыларды жақсы көреді}.

(9) {Аллаh дін үшін сендермен ұрысқан, сендерді жұрттарыңнан айдап шығарған және сендерді айдап шығаруға жәрдемдескендерді дос тұтуларыңнан сендерді тосады} олар сол кезде құрайыш және олардың қол астындағыларынан (шабармандарынан) мұсылмандарды айдап шығарған және оларға ұрыс ашқандар. {Кімде-кім оларды дос тұтады, олар—залымдар} өйткені олар Аллаhқа, Пайғамбарына және кітабына дұшпан болған кәпірлерге дұшпан болудың орнына дос болды.

(10) {Ей, мүміндер! Сендерге мүмін әйелдер} кәпірлердің жерінен {һижрет қылып келсе} сол кезде Пайғамбар (

саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Худейбияда құрайыш кәпірлерімен келісім түзгенде, кәпір тарапынан бірі мұсылман болып келсе, оны құрайыш тарапына қайтарып беруге келіскен еді. Ал ол тараптан бір әйел мұсылман болып келіп еді, Аллаһ ол әйелді қайтарып беруден тосып, {Оларды} яғни олардың Исламға болған қызығушылығын (ынтасын) {сынап көріңдер} яғни егер олар ерін жек көріп қалып яки бір жұрттан тағы бір (келесі бір) жұртқа ауысқысы келіп қалып және яки мал-дүние көздеп келмей, тек қана Аллаһ және Аллаһтың пайғамбарын жақсы көрген және дінді іздеген халде келгендігі хақында қасам (ант) ішсе ғана Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оның еріне әйеліне берген мәһрін және қылған шағымын қайтарып беріп, ол әйелді қайтарып бермейтін. {Олардың иманын Аллаһ жақсы біледі. Егер оларды (сынағаннан кейін хақиқи) мүмін әйел деп танысаңдар, оларды кәпірлерге қайтарып бермеңдер. Олар кәпірлерге халал емес. Кәпірлер де оларға халал емес}. Мұсылман әйел һижрет қылу (қоныс аудару) арқылы емес, тек ғана иман айтуымен ғана кәпір ерден ажырасып кетеді. {Кәпір ерлерінің оларға берген мәһрлерін қайтарып беріңдер. Олардың мәһрлерін қайтарып беріп} ол әйелдердің иддасы* толғаннан кейін {некелеріңе алсаңдар сендерге еш күнә болмайды. Кәпір әйелдерді қол астыларыңда сақтамаңдар}. Алғашқы мезгілде кәпір әйелі барлар діндері әр түрлі болған үшін ажырасып кетпейтін. Мұсылман-кәпірмен, кәпір-мұсылманмен үйлене беретін. Бұл аят ол әдетті амалдан қалдырды. Бұл үкім мүшрік кәпірлерге тиесілі болып, әһлі кітап (кітап иелері) кәпірлеріне тиесілі емес. {Оларға берген мәһрлеріңді талап қылыңдар}, кәпірлер де қоныс аударып келген мүмін әйелдерге (берген) {мәһрлерін талап қылсын}. Сол кезде, бір мұсылман әйел кәпір тарапқа муртад болып кетсе: «оның мәһрін қайтарып беріңдер»!—дейтін. Егер кәпір тараптан бір әйел мұсылман болып келсе, оның мәһрі-хақын кәпір еріне қайтарып беретін. {Аллаһтың үкімі міне осы} яғни худейбия келісімінен кейін, келісім түзгендерге осылай. Бірақ та келісім түзбегендерге бұл үкім жүрмейді. Бұл аят амалдан қалған болуы да мүмкін. Имам әл-Құртуби былай дейді: «Мәһрді қайтарып беру сол қысқа ғана уақыт ішіне тиесілі. Ал ер-әйелдің бірі мұсылман болса, оларды айырып жіберу үкімі мәңгілік». {Аллаһ араларында үкім шығарады. Аллаһ барлығын Білуші, хикметпен (даналықпен) іс Қылушы}.

11 {Егер сендердің кейбір әйелдерің кәпірлерге кіріп кетсе, (кәпірлермен) ұрысып, ғанимет (олжа) алған уақыттарында, әйелдері кәпірлерге кіріп кеткен кісілерге (ғаниметтен) олардың берген мәһрінің көлемін беріңдер} яғни мұсылмандардан бірінің әйелі кәпірлер тарапына қашып кетсе, сендер кәпірлермен ұрысып алған олжа мал-мүліктен аталған әйелдің еріне мәһрінің көлемінде мал беріңдер. {Сендер өздерің сенген Аллаһтан қорқыңдар} яғни өздеріңді азапқа душар қылып қоятын амалдардан сақ болыңдар!

12 {Ей, пайғамбар! Мүмін әйелдер саған келіп, Аллаһқа еш нәрсені серік келтірмеуге, ұрлық қылмауға, зина қылмауға, балаларын} жәһилият дәуіріндегідей қыз балаларын намыстан яки кембағалдылықтан қорқып {өлтірмеуге, қол-аяқтарының арасынан бір жала жаппауға} басқалардың баласын өтіріктен (жалғаннан) ерлерінің баласы етіп алмауға, имам Фәрра былай дейді: «Сол заманда әйел кісі баладан біреуін тауып алып, еріне: бұл сенен болған бала»,—дейтін. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай дейді: «Кейбір әйелдер қыз бала туып, оның орнына ұл баланы алмастырып алатын». {Сен бұйырған жақсы істерден бас тартпауға} яғни айғайлап жылау, киімін жыртып жылау, шашын жұлып жылау, жағасын жыртып жылау, жүзін тырнап жылау және шу шығарып (дауыс көтеріп) дұға қылу қатарлы тыйым салынған істерді қылмай, Аллаһқа бойсұнушылық қылуға, жоғарыдағы шарттар негізінде {бәйғат қылса, оларға бәйғат қылғын. Олар үшін Аллаһтан жарылқау тілегін. Аллаһ шындығында, аса жарылқау Қылушы, ерекше Мейірімді} яғни, бәйғат (серт) қылғаннан кейін оларға Аллаһтан жарылқау тіле.

13 {Ей, мүміндер! Аллаһ ашуланған (ашуына ұшыраған) қауымды} яғни барлық кәпірлерді (кейбіреулер тек қана яһудилерді деп қарайды) {дос тұтпаңдар, олар ақыреттің (сауабынан) қабірлерінде жатқан кәпірлер үмітін үзгендей, ақиқатында, үмітін үзді}.

# 61. Саф сүресі

(Мәдинада түскен, 14 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Аспандағы нәрселер} яғни періштелер {және жердегі нәрселер} яғни адамдар, өсімдіктер және жансыз нәрселер {Аллаһқа тәсбих айтты. Аллаһ өте Үстем. Хикметпен іс Қылушы}.

2 {Ей, мүміндер! Сендер не үшін қылмайтын істі қыламыз дейсіңдер?} Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай дейді: «Сол заманда, жиһад парыз қылынудан бұрын мұсылмандардан кейбір адамдар: «Әттең Аллаһ бізге ең сүйікті амалды айтып берген болса, біз соны істер едік (орындаған болар едік)»,—десетін еді. Сол заманда, ең сүйікті амал Аллаһ жолындағы жиһад қылу екені хабар етіліп еді, олардың кейбіріне ауыр тиіп, оны жаман көрді. Сонымен, жоғарыдағы аят түскен.

3 {Сендердің қылмайтын істеріңді (қыламыз) деулерің Аллаһтың құзырында ең жеккөрілетін} нәрсе. Айтылуынша, бір жамағат адамдар болып, Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қасына келеді. Олардан біреуі: «Мен қылышыммен мынадай-мынадай адамдарды шаптым»,—дейді. Ақиқатында (іс жүзінде), олар бұл істерді қылмаған еді.

4 {Күдіксіз, Аллаһ Өзінің жолында мықты қорған сияқты тұрып, сап болып, күрес қылғандарды} яғни ұрыс майданында дұшпандарға жолыққан кезде, орнында нық тұрып, соғыс қылғандарды {жақсы көреді}. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Істің басы—Ислам, оның тірегі—намаз, оның биік шоқысы (шыңы)—күрес (Аллаһ жолындағы күрес)»,—деген.

5 {Өз уақытында Муса қауымына} Аллаһ тағала жоғарыдағы аятта Аллаһ жолында күрес қылушыларды жақсы көретіндігін зікір қылғаннан (баян еткеннен) кейін, бұл аятта Муса мен Исаны (аләйһима-сәләм) тәуһидке және күрес қылуға бұйырылғандығын, ол іске қарсы (хилаф) келгендерге азаптың хақ болатындығын баян қылу арқылы, Мұхаммедтің (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) үмбетін Муса және Исаның (аләйһима-сәләм) қауымдарының қылған істерін істеуден ескертті. {Ей, қауымым! Менің Аллаһтың сендерге жіберген пайғамбары екенімді біле тұра, сендер}

يَٰٓأَيُّهَا ٱلنَّبِيُّ إِذَا جَآءَكَ ٱلۡمُؤۡمِنَٰتُ يُبَايِعۡنَكَ عَلَىٰٓ أَن لَّا يُشۡرِكۡنَ
بِٱللَّهِ شَيۡـٔٗا وَلَا يَسۡرِقۡنَ وَلَا يَزۡنِينَ وَلَا يَقۡتُلۡنَ أَوۡلَٰدَهُنَّ وَلَا يَأۡتِينَ
بِبُهۡتَٰنٖ يَفۡتَرِينَهُۥ بَيۡنَ أَيۡدِيهِنَّ وَأَرۡجُلِهِنَّ وَلَا يَعۡصِينَكَ
فِي مَعۡرُوفٖ فَبَايِعۡهُنَّ وَٱسۡتَغۡفِرۡ لَهُنَّ ٱللَّهَۚ إِنَّ ٱللَّهَ غَفُورٞ رَّحِيمٞ
١٢ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ لَا تَتَوَلَّوۡاْ قَوۡمًا غَضِبَ ٱللَّهُ عَلَيۡهِمۡ
قَدۡ يَئِسُواْ مِنَ ٱلۡأٓخِرَةِ كَمَا يَئِسَ ٱلۡكُفَّارُ مِنۡ أَصۡحَٰبِ ٱلۡقُبُورِ ١٣

ترتيبها 61 — سُورَةُ الصَّفِّ — آياتها 14

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

سَبَّحَ لِلَّهِ مَا فِي ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَمَا فِي ٱلۡأَرۡضِۖ وَهُوَ ٱلۡعَزِيزُ ٱلۡحَكِيمُ
١ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ لِمَ تَقُولُونَ مَا لَا تَفۡعَلُونَ ٢
كَبُرَ مَقۡتًا عِندَ ٱللَّهِ أَن تَقُولُواْ مَا لَا تَفۡعَلُونَ ٣ إِنَّ
ٱللَّهَ يُحِبُّ ٱلَّذِينَ يُقَٰتِلُونَ فِي سَبِيلِهِۦ صَفّٗا كَأَنَّهُم
بُنۡيَٰنٞ مَّرۡصُوصٞ ٤ وَإِذۡ قَالَ مُوسَىٰ لِقَوۡمِهِۦ يَٰقَوۡمِ لِمَ
تُؤۡذُونَنِي وَقَد تَّعۡلَمُونَ أَنِّي رَسُولُ ٱللَّهِ إِلَيۡكُمۡۖ فَلَمَّا
زَاغُوٓاْ أَزَاغَ ٱللَّهُ قُلُوبَهُمۡۚ وَٱللَّهُ لَا يَهۡدِي ٱلۡقَوۡمَ ٱلۡفَٰسِقِينَ ٥

Аллаһ сендерге парыз қылған шариғаттарға, қылған бұйрықтарыма қайшы келу яки мені тілдеу, кемсіту арқылы {маған не үшін зиян келтіресіңдер?} дейді. {Олар (ақиқаттан) бұрылып (тайып, ауып) кеткеннен кейін, Аллаһ олардың жүректерін тура жолдан бұрды (бұрып қойды)}.Олар өздерінің пайғамбарына зиян келтірулерімен ақиқатты тастағандары үшін, істегендеріне жаза ретінде, Аллаһ олардың жүректерін ақиқаттан бұрды.

6 {Өз уақытында Мәриямның ұлы Иса: Ей, Исраил ұрпағы! Мен сендерге шындығында Аллаһ жіберген, менен бұрын келген Тәуратты растаушы, менен кейін келетін Ахмад есімді пайғамбармен сүйінші хабар беруші пайғамбармын,—деді} яғни мен Тәуратқа ешқандай қайшы келмейтін Інжілді алып келдім. Онда менің сүйінші (қуанышты) хабарларым бар. Олай болса, және не үшін менен қашасыңдар және маған қарсылық қыласыңдар? Бұл аяттағы Ахмад біздің Пайғамбарымыз Мұхаммедті (саллаллаху ъаләйһи уа саллам)

وَإِذْ قَالَ عِيسَى ٱبْنُ مَرْيَمَ يَٰبَنِىٓ إِسْرَٰٓءِيلَ إِنِّى رَسُولُ ٱللَّهِ إِلَيْكُم مُّصَدِّقًا
لِّمَا بَيْنَ يَدَىَّ مِنَ ٱلتَّوْرَىٰةِ وَمُبَشِّرًۢا بِرَسُولٍ يَأْتِى مِنۢ بَعْدِى ٱسْمُهُۥٓ أَحْمَدُ ۖ فَلَمَّا
جَآءَهُم بِٱلْبَيِّنَٰتِ قَالُوا۟ هَٰذَا سِحْرٌ مُّبِينٌ ٦ وَمَنْ أَظْلَمُ مِمَّنِ ٱفْتَرَىٰ
عَلَى ٱللَّهِ ٱلْكَذِبَ وَهُوَ يُدْعَىٰٓ إِلَى ٱلْإِسْلَٰمِ ۚ وَٱللَّهُ لَا يَهْدِى ٱلْقَوْمَ ٱلظَّٰلِمِينَ
٧ يُرِيدُونَ لِيُطْفِـُٔوا۟ نُورَ ٱللَّهِ بِأَفْوَٰهِهِمْ وَٱللَّهُ مُتِمُّ نُورِهِۦ وَلَوْ كَرِهَ
ٱلْكَٰفِرُونَ ٨ هُوَ ٱلَّذِىٓ أَرْسَلَ رَسُولَهُۥ بِٱلْهُدَىٰ وَدِينِ ٱلْحَقِّ لِيُظْهِرَهُۥ
عَلَى ٱلدِّينِ كُلِّهِۦ وَلَوْ كَرِهَ ٱلْمُشْرِكُونَ ٩ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ هَلْ أَدُلُّكُمْ
عَلَىٰ تِجَٰرَةٍ تُنجِيكُم مِّنْ عَذَابٍ أَلِيمٍ ١٠ تُؤْمِنُونَ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ وَتُجَٰهِدُونَ
فِى سَبِيلِ ٱللَّهِ بِأَمْوَٰلِكُمْ وَأَنفُسِكُمْ ۚ ذَٰلِكُمْ خَيْرٌ لَّكُمْ إِن كُنتُمْ تَعْلَمُونَ ١١
يَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَيُدْخِلْكُمْ جَنَّٰتٍ تَجْرِى مِن تَحْتِهَا ٱلْأَنْهَٰرُ وَمَسَٰكِنَ
طَيِّبَةً فِى جَنَّٰتِ عَدْنٍ ۚ ذَٰلِكَ ٱلْفَوْزُ ٱلْعَظِيمُ ١٢ وَأُخْرَىٰ تُحِبُّونَهَا ۖ نَصْرٌ
مِّنَ ٱللَّهِ وَفَتْحٌ قَرِيبٌ ۗ وَبَشِّرِ ٱلْمُؤْمِنِينَ ١٣ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ كُونُوٓا۟
أَنصَارَ ٱللَّهِ كَمَا قَالَ عِيسَى ٱبْنُ مَرْيَمَ لِلْحَوَارِيِّۦنَ مَنْ أَنصَارِىٓ إِلَى ٱللَّهِ ۖ
قَالَ ٱلْحَوَارِيُّونَ نَحْنُ أَنصَارُ ٱللَّهِ ۖ فَـَٔامَنَت طَّآئِفَةٌ مِّنۢ بَنِىٓ إِسْرَٰٓءِيلَ
وَكَفَرَت طَّآئِفَةٌ ۖ فَأَيَّدْنَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ عَلَىٰ عَدُوِّهِمْ فَأَصْبَحُوا۟ ظَٰهِرِينَ ١٤

көрсетеді. «Ахмад» негізгі мағынасы: басқаға қарағанда бойындағы жақсы сипаттары артық болғаны үшін мақтанылатын адам. {Оларға анық мұғжизаларды алып келген кезде, олар: бұл ашықтан-ашық сиқыр (сиқырлық),— деді} яғни, оларға Иса пайғамбар (аләйхи саләм) мұғжизалармен келгенде «мына бізге келген нәрселер ашық сиқыр» деді. Бұл жерде Мұхаммед пайғамбар (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) туралы айтылған деген пікір бар, яғни, ол мұғжизалармен келгенде оған сиқыршы деді .

7 {Исламға дағуат қылынып жатып, Аллаһқа жалғанды} яғни Аллаһтың серігі бар, Аллаһтың баласы бар дегендей сөздерді {телиген (жапсырған) кісіден асқан залым кісі (біреу) бар ма?} Ислам діні болса, ең құрметті (құрметке ие) және ең жақсы дін. Әдетте ондай құрметке ие, жақсы адамға өтірік жала жапсырылмайтын болса, қалайша Құдай тағалаға (Раббымызға) жала жапсырылсын?! {Аллаһ залым (яғни кәпір) қауымды hидает қылмайды (тура жолға салмайды)}.

8 {Олар Аллаһтың нұрын} яғни Аллаһтың дінін және нұрлы шариғаттарын {ауыздарымен өшіріп жібермекші болады} яғни олардың жалған сөздері арқылы Исламды жоқ ету (қылу) және оның hидаятын тосу үшін қылған әрекеттері, тура бір үлкен нұрды аузымен үрлеп өшіргісі келген адамның халіне ұқсайды. {Кәпірлер жек көрген жағдайда да, Аллаһ Өзінің нұрын} дінін әлемге әшкере қылу және басқасынан үстем қылу арқылы {толыққанды қылушы}.

9 {Мүшріктер жек көркен күнде де, Аллаһ хақ дінін барлық діндердің үстінен жеңгізуі үшін (үстем етуі үшін) пайғамбарын hидаетпен және хақ дінмен жіберді}.

10 {Ей, мүміндер! Сендерге сендерді қатты азабтан құтқаратын бір сауданы көрсетіп қояйын ба?} Бұл аятта амалдар сауда деп аталды. Өйткені, амал етушілер саудагерлер пайда алғаны сияқты пайда алады. Олардың пайдасы—жаннатқа кіру және тозақтан құтылу. Төмендегі екі аятта баян етілген иман мен күрес сияқты бағасы Аллаһтың жаннатымен қойылған сауда хақиқи пайдалы сауда.

11 {Аллаһқа және Оның пайғамбарына (шын) иман айтыңдар! Аллаһтың жолында малдарыңмен, жандарыңмен күрес қылыңдар! Егер білсеңдер, сендер үшін бұл жақсы (іс)!}.

12 {Солай істесеңдер Аллаһ сендердің күнәларыңды жарылқайды (кешіреді)}. Жоғарыдағы аятта сауда қылатын малды таныстырды. Төмендегі аяттарда уәде қылған малдың бағасын тілге тиек етіп былай дейді: {Сендерді астарыңнан өзендер ағып тұратын жаннаттарға кіргізеді. Үнемі тұратын мекен болатын жәннаттардағы көркем сарайларда (тұрғызады), бұл үлкен табысқа жету} яғни міне бұл теңдесі жоқ жеңіс болып, одан артық жеңіс (табыс) болмайды.

13 {(Сендерге мәрхамет қылынатын) сендер жақсы көретін екінші бір нығмет Аллаһтан келетін нусрет және жақын арадағы (болатын) жеңіс} яғни Меккенің азат етілуі (фәтх қылынуы). Ъата былай дейді: «Аятта көрсетілгені рум мен парсының фәтх қылынуы». Ей, Мұхаммед! {Мүміндерге} дүниедегі жеңістер мен фәтхтардан, ақыреттегі жаннаттардан {жақсы хабар бер (сүйіншіле)}.

14 {Ей, мүміндер! Хауариундардай} яғни Исаға (аләйhис-саләм) алғашында иман айтқан мүмін қауымындай {Аллаһтың

жәрдемшілері болыңдар} яғни қазіргі Аллаһтың дініне қылып жатқан жәрдемдеріңді жалғастырыңдар. {Мәриямның ұлы Иса хауариундарға: (Аллаһтың дағуатын жеткізуде) «Аллаһқа кімдер жәрдемшілерім болады?» - деді. Хауариундар: «Біз Аллаһтың жәрдемшілеріміз»}—деді. {Исраил ұрпағынан бір ру (тайпа) иман айтты}. Алғашында хауариундар, яғни, Исаға иман айтқандар он екі адам еді. {Және бір ру (тайпа) кәпір болды. Мүміндерге олардың өз дұшпандарына қарсы тұруда жәрдемде болдық. Сонымен (сол себепті) мүміндер жеңіске жетті}. Қатадә Аллаһ тағаланың «Аллаһтың жәрдемшілері болыңдар» деген аяты жайында былай деді: «Аллаһқа шүкірлер болсын. Сол заманда Ақаба деген жерге Пайғамбарды (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) қорғау және Аллаһтың дінін нусрет тапқанға дейін оған жәрдем беру үшін бәиғат қылуға жетпіс кісі келді. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) Ақабәда кездескен біріне: «Сендерден он екі адам шығып тура хауариундер Мәриямұлы Исаға кепіл болғандай, өз қауымына кепіл болсын»,—деді. Онан кейін Пайғамбар (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) таңдалып (сұрыпталып) шыққан он екі кісіге: «Сендер хауариундар Мәриямұлы Исаға кепіл болғанындай өз қауымдарыңа кепіл боласыңдар ма? Мен өз қауымыма кепіл боламын»,—деп еді, олар: «Иә, кепіл боламыз»,—деді.

# 62. Жұма сүресі

(Мәдинада түскен, 11 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

ترتيبها 62 — سُورَةُ الجُمُعَةِ — آياتها 11

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

يُسَبِّحُ لِلَّهِ مَا فِى ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَمَا فِى ٱلْأَرْضِ ٱلْمَلِكِ ٱلْقُدُّوسِ ٱلْعَزِيزِ
ٱلْحَكِيمِ ١ هُوَ ٱلَّذِى بَعَثَ فِى ٱلْأُمِّيِّۦنَ رَسُولًا مِّنْهُمْ يَتْلُوا۟
عَلَيْهِمْ ءَايَٰتِهِۦ وَيُزَكِّيهِمْ وَيُعَلِّمُهُمُ ٱلْكِتَٰبَ وَٱلْحِكْمَةَ وَإِن كَانُوا۟
مِن قَبْلُ لَفِى ضَلَٰلٍ مُّبِينٍ ٢ وَءَاخَرِينَ مِنْهُمْ لَمَّا يَلْحَقُوا۟ بِهِمْ ۚ
وَهُوَ ٱلْعَزِيزُ ٱلْحَكِيمُ ٣ ذَٰلِكَ فَضْلُ ٱللَّهِ يُؤْتِيهِ مَن يَشَآءُ ۚ وَٱللَّهُ
ذُو ٱلْفَضْلِ ٱلْعَظِيمِ ٤ مَثَلُ ٱلَّذِينَ حُمِّلُوا۟ ٱلتَّوْرَىٰةَ ثُمَّ لَمْ
يَحْمِلُوهَا كَمَثَلِ ٱلْحِمَارِ يَحْمِلُ أَسْفَارًۢا ۚ بِئْسَ مَثَلُ ٱلْقَوْمِ
ٱلَّذِينَ كَذَّبُوا۟ بِـَٔايَٰتِ ٱللَّهِ ۚ وَٱللَّهُ لَا يَهْدِى ٱلْقَوْمَ ٱلظَّٰلِمِينَ ٥
قُلْ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ هَادُوٓا۟ إِن زَعَمْتُمْ أَنَّكُمْ أَوْلِيَآءُ لِلَّهِ مِن
دُونِ ٱلنَّاسِ فَتَمَنَّوُا۟ ٱلْمَوْتَ إِن كُنتُمْ صَٰدِقِينَ ٦ وَلَا يَتَمَنَّوْنَهُۥٓ
أَبَدًۢا بِمَا قَدَّمَتْ أَيْدِيهِمْ ۚ وَٱللَّهُ عَلِيمٌۢ بِٱلظَّٰلِمِينَ ٧ قُلْ إِنَّ
ٱلْمَوْتَ ٱلَّذِى تَفِرُّونَ مِنْهُ فَإِنَّهُۥ مُلَٰقِيكُمْ ۖ ثُمَّ تُرَدُّونَ
إِلَىٰ عَٰلِمِ ٱلْغَيْبِ وَٱلشَّهَٰدَةِ فَيُنَبِّئُكُم بِمَا كُنتُمْ تَعْمَلُونَ ٨

1 {Аллаһқа аспандағылар мен жердегі нәрселер тәсбих айтады (дәріптейді). Аллаһтың патшалығы (барлығын қамтиды), (барлық кемшіліктерден) Пәк, Үстем, даналықпен (хикметпен) іс Қылушы}.

2 {Аллаh уммилерге} яғни араптарға, уммидің әсілі мағынасы: оқуды, жазуды білмейтін деген болады. Бірақ осы аятқа жазуды білетіндер де кіреді, себебі араптардың көбісі жазу мен оқуды білмейтін, араптар ол заманда оқу-жазуды үйренбейтін. {Олардың ішінен бір пайғамбарды} яғни Мұхаммедті (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) {жіберді. Ол} яғни пайғамбар (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) {оларға} әйтсе де, оқу-жазуды білмейтін, біреулерден тағылым (тәлім) алмаған болса да, Құран {аяттарын оқып береді. Оларды} күпірліктің, күнәнің, жаман мінез-құлықтың ластығынан {пәк қылады}, кейбір ғалымдар жүректерін иманмен пәк қылған (тазартқан) деген пікірде, {оларға кітапты} яғни Құранды {және хикметті} яғни Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) сүннетін {үйретеді} кейбір ғалымдар «кітап»-ты қаламмен жазуды, ал «хикмет»-ті діндегі білім деп көреді. {Әйтсе де, олар ілгері ашық адасушылықта болса да} яғни ширк (серікқосушылық) нанымында және ақиқаттан алыстап кеткен болса да.

3 {Және (пайғамбарды) әлі олардың заманында болмаған (кейін келетін) екінші бір қауымға жіберді} яғни қияметке дейін келетін мұсылмандарға жіберді. Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) пайғамбарлығы замандастарына ғана емес, бәлки, қияметке дейін келетін адамдарға жалпылай. Имам әл-Бұхари Әбу Һурайраның (Аллаh оған разы болсын) былай дегенін риуаят етеді: «Жұма сүресі түскен кезде Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) қасында отырған едік. Оны бізге оқып беріп: {Және

(пайғамбарды) әлі олардың заманында болмаған (кейін келетін) екінші бір қауымға жіберді} деген аятқа келгенде, біреу Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) былай айтты: «Ей, Аллаһтың пайғамбары! Бізге кездеспегендер олар кімдер?». Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қолын Сәлман әл-Фарисидің иығына қойып тұрып, былай деді: «Менің жаным Оның иелігінде болған Аллаһтың атыменен ант етейін. Егер иман үркер жұлдызында болған болса, сол жердегі кісілерден бірталайы иманнан несібе алған болар еді». {Аллаһ үстем. Даналықпен іс қылушы}

4 {Міне, бұл Аллаһтың пазилеті (артықшылығы). Оны қалаған адамына береді. Аллаһ ұлы пазилет (артықшылық) Иесі}.

5 {Тәуратты көтеруге} яғни амал қылуға {міндеттелген, одан кейін оны көтермегендер} яғни Тәурат берілген және оған амал қылуға тәклиф қылынса да (міндеттелсе де), оған амал қылмаған және һидаеттен пайдаланбаған яһудилер {тура кітап артылған есекке ұқсайды} яғни пайдасы бар, үлкен-үлкен кітаптарды үстеріне артып алған, тек шаршаудан басқа, олардан еш пайдалана алмайтын есекке ұқсайды. {Аллаһтың аяттарын іңкәр қылған (қайтарған, қарсы келген) қауымның мысалы неткен жаман?!} Бұл жердегі ұқсату яһудилерге лайықты халде берілген болып, яғни, «ей, мұсылмандар! Сендер оларға еліктеп қалмаңдар!» дегендік болады. Аллаһ бұл аятта Пайғамбарды (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) мінберде құтпа оқыған халде тастап қойып, саудаға кетіп қалған мұсылмандарды ескерткен. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) осы мағынада былай деген: «Жұма күні имам құтпа айтып тұрғанда, сөйлеген адамның халі (жағдайы) үстіне кітап артып алған есекке ұқсайды. Оған: «Тыныш тұр!» деушінің жұмасы да жұма болмайды». Бірақ бұл хадис әлсіз. {Аллаһ залым қауымды һидает қылмайды}.

6 {Ей, Мұхаммед! Айт, ей, яһудилер! Егер сендер басқаларды емес, тек қана өздеріңді Аллаһтың досы деп дағуа (жар салатын) қылатын болсаңдар} яһудилер өздерін басқа міллеттерден (ұлттардан) жоғары мәртебелі, Аллаһтың достары, Аллаһ жақсы көретін балалары деп жар салады (дағуа қылады). Сондықтан Аллаһ тағала Пайғамбарды (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бұл жалған дағуа иелеріне: «Ондай болса, ақыреттің рақатына тезірек жету үшін: {өлімді армандап көріңдерші, егер (бұл дағуаларыңда) расшыл (шын айтушы) болсаңдар!}—деп айтуға бұйырады. Өйткені, қандай да бір адам өзінің жаннат иелерінен екенін білсе, ол бұл дүниеден тезірек құтылуды жақсы көреді (қалайды).

7 {Олар істеген} күпірлік, пасықтық, кітаптарды өзгертіп жіберу сияқты өздері білетін {күнәлары себепті, өлімді эсте арман етпейді. Аллаһ залымдарды білуші}.

8 Ей, мұхаммед! {Сендер қашатын өлім сөзсіз сендерге жолығады. Содан кейін сендер ғайыпты (көместі) және әшкерені Білуші Аллаһтың құзырына қайтарыласыңдар} Қиямет күнінде. {Аллаһ сендерге амалдарыңды}жаман амалдарыңды {айтып береді дегін}, және де оған жазаларыңды береді.

9 {Ей, мүміндер! Жұма күні намазға азан айтылса} бұл аяттағы азан жұма күні имам мінберге шыққан кездегі азан көзделеді. Өйткені Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) заманында одан басқа азан айтылмайтын еді. Бірінші азан болса, Османның (Аллаһ оған разы болсын) халифалық заманында (дәуірінде) Мәдина кеңейіп кеткендігі үшін қосып қойылған. {Аллаһты еске алуға} яғни жұма құтпасын тыңдауға және жұма намазын мешітте өтеуге, оның әзірліктерінен ғұсыл құйыну, дәрет алу және намазға баруға {асығып барыңдар. Алым-сатымды (сауда-саттықты) қойып тұрыңдар} яғни азан шыға салысымен алым-сатымды және басқа барлық қарым-қатынасты қойып тұрыңдар. Бұл кезде алым-сатым қылу халал болмайды. {Егер білсеңдер, бұл} яғни алым-сатымды тастап намазға асығу, берілетін сауаптардың себебінен {сендер үшін жақсы}.

10 {Намаз оқылып болғанда} яғни намаздан босағандарыңнан кейін {жер жүзіне таралып} яғни өз жұмыс-шаруаларыңмен болып, {Аллаһтың пазилетінен} яғни сауда-саттық және кәсіп қылу арқылы, Аллаһтың пенделеріне мәрхамет еткен ризықтарын {талап қылыңдар. Аллаһты көп еске алыңдар!} яғни алым-сатым қылғанда, Аллаһтың дүние және ақыреттік жақсылықтарға бастап қойғандығына көп шүкірлік етіңдер. Сондай-ақ Аллаһ тағалаға жақындататын «субханаллаһ» «әлхамдулиллаһ» «аллаһу әкбар» деуді және Истиғфар айтуды тастамаңдар

{жетістікке (табысқа) жетерсіңдер}, яғни табысқа жету үшін осы амалдарды тастамаңдар.

11 {Олар бір сауда-саттықты яки тамашаны көрсе, сені тік тұрып, (құтпа оқып жатқан) күйінде қалдырады да, оған} яғни сауда-саттыққа {жүгіреді}. Ей, Мұхаммед! Оларға {айт, Аллаһтың құзырындағы нәрсе} яғни үлкен сауап—жаннат. Сендердің пайғамбарды (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) құтпа оқып тұрған халде тастап кетіп қалған {тамашадан және сауда-саттықтан жақсы. Аллаһ ризық берушілердің ең жақсысы}. Бұл аяттың түсуінің себебі: Сол заманда Мəдинада жоқшылық және ашаршылық көрініс берді. Бір жұма күні Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) құтпа оқып жатқан кезінде, Шам жерінен бір сауда керуені келіп, сонымен барлық кісілер сол керуеннің қасына шығып кетті. Мешітте тек он екі адам ғана қалды. Және бір риуаятта: мешітте қалғандардың арасында жеті əйел бар делінген.

# 63. Мұнафиқтар сүресі

(Мəдинада түскен, 11 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Мұнафиқтар сенің алдыңа келген кезде: «Куəлік береміз, сен расында, Аллаһтың пайғамбарысың», - дейді}. Куəлік беру шын жүрегімен сенетіндігін жария ету деген сөз. Бұл жердегі «куəлік береміз» дегенінің мəнісі «білеміз» дегені болады. {Сен ақиқатында, Аллаһтың пайғамбары екеніңді Аллаһ біледі. Аллаһ куəлік береді. Мұнафиқтар сөзсіз жалғаншы}, яғни шын жүрегімен сенетіндігін жария етуде жалғаншы, бірақ, пайғамбарлық хақ.

2 {Олар өздерінің жалған анттарын (қасамдарын) қалқан қылып алды}. Адамдардың көңілдерінде пайғамбарлыққа күмəн (күдік) пайда қылу арқылы, адамдарды {Аллаһтың жолынан} яғни иманнан, күрес қылудан және жақсы амалдардан {тосты, олардың} мұнафиқтық және адамдарды Аллаһтың жолынан тосуы сияқты {қылмысы неткен жаман!}.

3 {Олар (ауыздарында) сеніп, сосын (іштерінде) қарсы келгені үшін}. (Бұл аят иман айтып, сонсон қайтып алған муртадтар хақында түскен деген көзқарас та бар). Кəпір болған себепті {олардың

يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓا۟ إِذَا نُودِىَ لِلصَّلَوٰةِ مِن يَوْمِ ٱلْجُمُعَةِ
فَٱسْعَوْا۟ إِلَىٰ ذِكْرِ ٱللَّهِ وَذَرُوا۟ ٱلْبَيْعَ ۚ ذَٰلِكُمْ خَيْرٌ لَّكُمْ إِن كُنتُمْ
تَعْلَمُونَ ﴿٩﴾ فَإِذَا قُضِيَتِ ٱلصَّلَوٰةُ فَٱنتَشِرُوا۟ فِى ٱلْأَرْضِ
وَٱبْتَغُوا۟ مِن فَضْلِ ٱللَّهِ وَٱذْكُرُوا۟ ٱللَّهَ كَثِيرًا لَّعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ
﴿١٠﴾ وَإِذَا رَأَوْا۟ تِجَـٰرَةً أَوْ لَهْوًا ٱنفَضُّوٓا۟ إِلَيْهَا وَتَرَكُوكَ قَآئِمًا ۚ قُلْ
مَا عِندَ ٱللَّهِ خَيْرٌ مِّنَ ٱللَّهْوِ وَمِنَ ٱلتِّجَـٰرَةِ ۚ وَٱللَّهُ خَيْرُ ٱلرَّٰزِقِينَ ﴿١١﴾

ترتيبها 63 — سُورَةُ ٱلْمُنَافِقُونَ — آياتها 11

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَـٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِذَا جَآءَكَ ٱلْمُنَـٰفِقُونَ قَالُوا۟ نَشْهَدُ إِنَّكَ لَرَسُولُ ٱللَّهِ ۗ وَٱللَّهُ يَعْلَمُ
إِنَّكَ لَرَسُولُهُۥ وَٱللَّهُ يَشْهَدُ إِنَّ ٱلْمُنَـٰفِقِينَ لَكَـٰذِبُونَ ﴿١﴾
ٱتَّخَذُوٓا۟ أَيْمَـٰنَهُمْ جُنَّةً فَصَدُّوا۟ عَن سَبِيلِ ٱللَّهِ ۚ إِنَّهُمْ سَآءَ مَا كَانُوا۟
يَعْمَلُونَ ﴿٢﴾ ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمْ ءَامَنُوا۟ ثُمَّ كَفَرُوا۟ فَطُبِعَ عَلَىٰ قُلُوبِهِمْ
فَهُمْ لَا يَفْقَهُونَ ﴿٣﴾ ۞ وَإِذَا رَأَيْتَهُمْ تُعْجِبُكَ أَجْسَامُهُمْ ۖ
وَإِن يَقُولُوا۟ تَسْمَعْ لِقَوْلِهِمْ ۖ كَأَنَّهُمْ خُشُبٌ مُّسَنَّدَةٌ ۖ يَحْسَبُونَ كُلَّ
صَيْحَةٍ عَلَيْهِمْ ۚ هُمُ ٱلْعَدُوُّ فَٱحْذَرْهُمْ ۚ قَـٰتَلَهُمُ ٱللَّهُ ۖ أَنَّىٰ يُؤْفَكُونَ ﴿٤﴾

жүректері мөрленді} яғни жүректеріне һидает пен иман жетіп бара алмайды. {Олар түсінбейді} жүректерінде салиқалықтары мен ізгіліктері жоқ.

4 {Оларға қарайтын болсаң, дене құрылысы (сырт көрінісі) сені таң қалдырады. Егер олар сөйлесе, (сөзінің əдемілігінен (шешендігінен)) сөзіне құлақ саласың}. Мұнафиқтардың бастығы (басшысы) Абдуллаһ ибн Убəй өте əдемі сөзді, көрінісі жақсы, келіскен келбетті бір адам еді. Олар Пайғамбардың (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) мəжілісінде отырғанда ілімсіз, ақылсыз, парасатсыздықта {тура олар тамға сүйеп қойылған (шіріп қалған) ағаштар сияқты. Олар (қорқыныштан) кез келген дауысты өздеріне қаратылған деп есептейді} сол уақытта мұнафиқтар өздерінің перделері байқаусызда ашылып кетіп, өлімге үкім қылынудан алаңдап жүруші еді. {Олар (саған және мүміндерге) дұшпан. Олардан} саған зиянкестік қылатын мүмкіндік (орай) тауып алуы яки сырыңды біліп алудан {сақ бол}. Сондай-ақ олар кəпірлердің

وَإِذَا قِيلَ لَهُمْ تَعَالَوْا۟ يَسْتَغْفِرْ لَكُمْ رَسُولُ ٱللَّهِ لَوَّوْا۟ رُءُوسَهُمْ
وَرَأَيْتَهُمْ يَصُدُّونَ وَهُم مُّسْتَكْبِرُونَ ٥ سَوَآءٌ عَلَيْهِمْ
أَسْتَغْفَرْتَ لَهُمْ أَمْ لَمْ تَسْتَغْفِرْ لَهُمْ لَن يَغْفِرَ ٱللَّهُ لَهُمْ إِنَّ
ٱللَّهَ لَا يَهْدِى ٱلْقَوْمَ ٱلْفَٰسِقِينَ ٦ هُمُ ٱلَّذِينَ يَقُولُونَ
لَا تُنفِقُوا۟ عَلَىٰ مَنْ عِندَ رَسُولِ ٱللَّهِ حَتَّىٰ يَنفَضُّوا۟ وَلِلَّهِ
خَزَآئِنُ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلْأَرْضِ وَلَٰكِنَّ ٱلْمُنَٰفِقِينَ لَا يَفْقَهُونَ
٧ يَقُولُونَ لَئِن رَّجَعْنَآ إِلَى ٱلْمَدِينَةِ لَيُخْرِجَنَّ ٱلْأَعَزُّ
مِنْهَا ٱلْأَذَلَّ وَلِلَّهِ ٱلْعِزَّةُ وَلِرَسُولِهِۦ وَلِلْمُؤْمِنِينَ وَلَٰكِنَّ
ٱلْمُنَٰفِقِينَ لَا يَعْلَمُونَ ٨ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ لَا تُلْهِكُمْ
أَمْوَٰلُكُمْ وَلَآ أَوْلَٰدُكُمْ عَن ذِكْرِ ٱللَّهِ وَمَن يَفْعَلْ
ذَٰلِكَ فَأُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْخَٰسِرُونَ ٩ وَأَنفِقُوا۟ مِن مَّا رَزَقْنَٰكُم
مِّن قَبْلِ أَن يَأْتِىَ أَحَدَكُمُ ٱلْمَوْتُ فَيَقُولَ رَبِّ لَوْلَآ أَخَّرْتَنِىٓ
إِلَىٰٓ أَجَلٍ قَرِيبٍ فَأَصَّدَّقَ وَأَكُن مِّنَ ٱلصَّٰلِحِينَ ١٠ وَلَن
يُؤَخِّرَ ٱللَّهُ نَفْسًا إِذَا جَآءَ أَجَلُهَا وَٱللَّهُ خَبِيرٌۢ بِمَا تَعْمَلُونَ ١١

ترتيبها 64 — سُورَةُ التَّغَابُنِ — آياتها 18

көздері (тыңшылары). {Аллаһ оларды һәләк қылсын (жойсын, құртсын)!} яғни Аллаһтың лағынеті болсын. Бұл сөзді мүміндердің солай айтуы үшін тәлім етті (үйретті). {Олар қалайша (һидаеттен адасушылыққа) бұрылып кетеді!}қалай ақиқаттан күпірлікке қарай бұрылып барады?

5 {Оларға үзір айтып: «Келіңдер, Аллаһтың елшісі сендерге жарылқау тілейді» деп айтылса (делінсе)} кешірім тіленуден қашып, масқара қылу мақсатында {бастарын сілкиді, олардың тәкаппарлық қылған халде} Пайғамбардың (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) қасына келіп, кешірім талап қылудан өздерін үлкен санап, егер ондай қылсақ (олай етсек), жүзіміз түсіп кетеді деп, дағуат қылынған нәрседен {бет бұрғандығын көресің}.

6 {Оларға (мейлі) жарылқау талап қыл, (мейлі) жарылқау талап қылмағын} бұл оларға көмектеспейді, олар мұнафиқтықта мықты тұрып, күпірліктерін жалғастырғанға дейін {Аллаһ оларға әсте жарылқау қылмайды}. {Күдіксіз, пасық қауымды Аллаһ һидает қылмайды (тура жолға салмайды)} яғни, бойұсынушылықтан толығымен шығып, күнәға батқандарды. Осы аятқа мұнафиқтер бірінші болып кіреді.

7 {Олар: Аллаһ елшісінің жанындағы} пақыр (кедей) муһажир {кісілерді қамтамасыз етпеңдер, олар тарап кетсін дейді. Аспандардың және жердің қазыналары Аллаһтың иелігінде}. Аллаһ сол муһажир пақырларға (кедейлерге) ризық Беруші, {бірақ та мұнафиқтар түсінбейді} яғни бүтін (барлық) ризықтар Аллаһтың иелігінде екенін. Сондай-ақ, мұнафиқтар: «Аллаһ мұсылмандардың ризығын кең қылмайды» деп ойлайды.

8 {Олар} яғни мұнафиқтар міне бұл соғыстан (жорықтан) кейін {Мәдинаға қайтсақ, ең құрметті адам} яғни Абдуллаһ ибн Убәй және мұнафиқтар өздерін меңзейді (айтады), {ең қор адамды} яғни Аллаһтың елшісін (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам), мүміндерді айтады, {Мәдинадан шығарып жібереді деседі. Жеңіс Аллаһқа, Аллаһтың пайғамбарына және мүміндерге тиесілі. Бірақ та мұнафиқтар (жеңістің Аллаһтың дұшпандарына емес, Аллаһтың достарына тиесілі екендігін) білмейді}. Зәйд ибн Арқамның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегендігі риуаят етіледі: «Мен белгілі шайқаста Пайғамбармен (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) бірге едім. Сол жерде Абдуллаһ ибн Убәй: «Мәдинаға қайтсақ, ең құрметті адам ең қор адамды Мәдинадан шығарып жібереді», - дейді. Мен оны Пайғамбарға (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) хабарладым. Абдуллаһ ибн Убәй: «Мен олай деп айтпадым», - деп ант ішіп тұрып алды. Сонымен менің қауымым: «Сен не істемекшісің?» - деп, маған мысқылдай бастады. Мен өте уайымда және әлсіреген (қорланған) түрде ұйықтағалы кеттім. Бір кезде Пайғамбар (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) адам жібертіп, мені шақыртып келіп: «Расында, Аллаһ тағала сенің сөзіңді растап, бұл аятты түсірді»,—деді.

9 {Ей, мүміндер! Малдарың және балаларың сендерді Аллаһтың зікірінен} яғни Аллаһтың тағат-ғибадатынан {тоспасын} Аллаһ тағала бұл аят арқылы мұсылмандарды малдары және балалары Исламның парыз амалдары немесе Құран оқу сияқты Аллаһтың зікірінен бейғамдықта болатын мұнафиқтардың мінез-құлықтарынан сақтануға (сақтануды есте ұстауға) шақырады.

{Кімдер солай қылады екен, олар нағыз зиян тартушылар (шегушілер)}.

10 {Біреулеріңе өлім келіп} яғни, өлімнің себептері немесе белгілері пайда болғанын көріп {«ей, Раббым! Неге менің ажалымды біраз кешіктірмедің. Садақа қылып, жақсылардан болар едім» деуден бұрын, өздеріңе ризық қылып берілген нәрселерден садақа қылыңдар!}, яғни, ризық қылып бергенімізден жақсылық жолында садақа беріңдер (бұл жерде зекет туралы айтылып тұр деген де пікір бар).

11 {Аллаһ ешбір адамды ажалы келген сәтте эсте кешіктірмейді. Аллаһ істеп жатқан істеріңнен толық хабардар}. Оған ешқандай нәрсе құпия (жасырын) қалмайды. Ол амалдарыңа қарата сый-сияпат береді яки жазалайды.

# 64. Тағабун сүресі

(Мәдинада түскен, 18 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Аспандардағы және жердегі нәрселер Аллаһқа тәсбих айтады. Патшалық Аллаһқа тиесілі. Барлық мақтау-мадақтар Аллаһқа тиесілі (тән, арналады). Аллаһ әр нәрсеге құдыретті (күші жетуші)}.

2 {Аллаһ сендерді жаратты. Араларыңда мүміндер де бар, кәпірлер де бар}. Аллаһ тағала кәпірді жаратты. Оның кәпірлігі оның өз амалының нәтижесі. Аллаһ тағала мүмінді жаратты. Оның иманы оның өз амалының нәтижесі. Кәпір күпірлікті таңдағандығы үшін кәпір болады. Мүмін де иманды таңдағандығы үшін мүмін болады. Және олардың барлығы Аллаһтың рұқсатымен болады. Аллаһ тағала былай дейді: {Тек қана әлемдердің Раббысы Аллаһ қалағанда ғана, сонсон сендер қалайсыңдар (яғни Аллаһ қаламайынша сендердің қалағандарыңның еш пайдасы жоқ)} (Тәкуир сүресі, 29-аят). {Аллаһ сендердің қылып жатқан істеріңді көріп Тұрушы}.

3 {Аллаһ аспандар мен жерді шынайы (хақ) жаратты. Сендерді бейнеледі. Және бейнелеріңді көркем қылды} яғни Аллаһ субханаһу уә тағала сендерді ең мукаммәл (толыққанды) және ең көркем түрде (кейіпте, бейнеде) жаратты. Бұл түрдегі жаратылуда адам баласының ерекше артықшылыққа (ерекшелікке) ие

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ
يُسَبِّحُ لِلَّهِ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ ۖ لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ ۖ
وَهُوَ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ١ هُوَ الَّذِي خَلَقَكُمْ فَمِنكُمْ كَافِرٌ
وَمِنكُم مُّؤْمِنٌ ۚ وَاللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ بَصِيرٌ ٢ خَلَقَ السَّمَاوَاتِ
وَالْأَرْضَ بِالْحَقِّ وَصَوَّرَكُمْ فَأَحْسَنَ صُوَرَكُمْ ۖ وَإِلَيْهِ الْمَصِيرُ ٣
يَعْلَمُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَيَعْلَمُ مَا تُسِرُّونَ وَمَا تُعْلِنُونَ ۚ وَاللَّهُ
عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ ٤ أَلَمْ يَأْتِكُمْ نَبَأُ الَّذِينَ كَفَرُوا مِن قَبْلُ
فَذَاقُوا وَبَالَ أَمْرِهِمْ وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ ٥ ذَٰلِكَ بِأَنَّهُ كَانَت تَّأْتِيهِمْ
رُسُلُهُم بِالْبَيِّنَاتِ فَقَالُوا أَبَشَرٌ يَهْدُونَنَا فَكَفَرُوا وَتَوَلَّوا ۚ وَّاسْتَغْنَى
اللَّهُ ۚ وَاللَّهُ غَنِيٌّ حَمِيدٌ ٦ زَعَمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَن لَّن يُبْعَثُوا ۚ قُلْ بَلَىٰ وَرَبِّي
لَتُبْعَثُنَّ ثُمَّ لَتُنَبَّؤُنَّ بِمَا عَمِلْتُمْ ۚ وَذَٰلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ ٧ فَآمِنُوا بِاللَّهِ
وَرَسُولِهِ وَالنُّورِ الَّذِي أَنزَلْنَا ۚ وَاللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ ٨ يَوْمَ
يَجْمَعُكُمْ لِيَوْمِ الْجَمْعِ ۖ ذَٰلِكَ يَوْمُ التَّغَابُنِ ۗ وَمَن يُؤْمِن بِاللَّهِ وَيَعْمَلْ
صَالِحًا يُكَفِّرْ عَنْهُ سَيِّئَاتِهِ وَيُدْخِلْهُ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِن تَحْتِهَا
الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا ۚ ذَٰلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ ٩

болғандығы анық. Бұл ақыл иелері үшін Жаратушының құдыреті, хикметі және үлкендігінің көрінісі. Сонымен адамның сыртқы көрінісі және зор ақыл қабілеті бұның ерекше дәлелдерінен. Аллаһ тағала бұл жөнінде былай дейді: {Жерде және өздеріңде Аллаһқа шын бойсұнушылық қылатындар үшін (Аллаһтың құдыретін және бірлігін) көрсететін көптеген ғаламаттар бар (бұны көрмейсіңдер ме)} (Зәрият сүресі, 20-21 аяттар). {Соңғы (ақыр) қайтатын орын—Оның құзыры}.

4 {Аллаһ аспандардағы және жердегі нәрселерді біліп тұрады. Аллаһ (ниеттеріңнен, амалдарыңнан) жасырғандарыңды және әшкерелегендеріңді біліп тұрады. Аллаһ жүректердегі сырларды білуші}.

5 {Сендерге ілгері кәпір болғандардың хабары келмеді ме?} Олар Нұх, Ад және Самуд қауымында өмір сүрген кәпірлер. {амалдарының нәтижесі ауыр қиыншылықтарды татты} яғни, дүниеде. Бұл аяттың мәнісі (мағынасы) былай дегендік болады: Құранда сендерге солардың пайғамбарлары Аллаһтың бірлігіне және Оған ғибадат қылуға

وَٱلَّذِينَ كَفَرُواْ وَكَذَّبُواْ بِـَٔايَٰتِنَآ أُوْلَٰٓئِكَ أَصۡحَٰبُ
ٱلنَّارِ خَٰلِدِينَ فِيهَاۖ وَبِئۡسَ ٱلۡمَصِيرُ ١٠ مَآ أَصَابَ مِن
مُّصِيبَةٍ إِلَّا بِإِذۡنِ ٱللَّهِۗ وَمَن يُؤۡمِنۢ بِٱللَّهِ يَهۡدِ قَلۡبَهُۥۚ وَٱللَّهُ بِكُلِّ
شَيۡءٍ عَلِيمٞ ١١ وَأَطِيعُواْ ٱللَّهَ وَأَطِيعُواْ ٱلرَّسُولَۚ فَإِن
تَوَلَّيۡتُمۡ فَإِنَّمَا عَلَىٰ رَسُولِنَا ٱلۡبَلَٰغُ ٱلۡمُبِينُ ١٢ ٱللَّهُ لَآ إِلَٰهَ
إِلَّا هُوَۚ وَعَلَى ٱللَّهِ فَلۡيَتَوَكَّلِ ٱلۡمُؤۡمِنُونَ ١٣ يَٰٓأَيُّهَا
ٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓاْ إِنَّ مِنۡ أَزۡوَٰجِكُمۡ وَأَوۡلَٰدِكُمۡ عَدُوّٗا
لَّكُمۡ فَٱحۡذَرُوهُمۡۚ وَإِن تَعۡفُواْ وَتَصۡفَحُواْ وَتَغۡفِرُواْ
فَإِنَّ ٱللَّهَ غَفُورٞ رَّحِيمٌ ١٤ إِنَّمَآ أَمۡوَٰلُكُمۡ وَأَوۡلَٰدُكُمۡ
فِتۡنَةٞۚ وَٱللَّهُ عِندَهُۥٓ أَجۡرٌ عَظِيمٞ ١٥ فَٱتَّقُواْ ٱللَّهَ مَا ٱسۡتَطَعۡتُمۡ
وَٱسۡمَعُواْ وَأَطِيعُواْ وَأَنفِقُواْ خَيۡرٗا لِّأَنفُسِكُمۡۗ وَمَن
يُوقَ شُحَّ نَفۡسِهِۦ فَأُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلۡمُفۡلِحُونَ ١٦ إِن تُقۡرِضُواْ
ٱللَّهَ قَرۡضًا حَسَنٗا يُضَٰعِفۡهُ لَكُمۡ وَيَغۡفِرۡ لَكُمۡۚ وَٱللَّهُ شَكُورٌ
حَلِيمٌ ١٧ عَٰلِمُ ٱلۡغَيۡبِ وَٱلشَّهَٰدَةِ ٱلۡعَزِيزُ ٱلۡحَكِيمُ ١٨

## سُورَةُ الطَّلَاقِ

ترتيبها 65 — آياتها 12

қандай дағуат қылғандығы, олар болса, Аллаһты тастап қойып, басқа нәрселерді қалай құдай қылып алғандығы, инкәр қылғандықтарынан қандай қасыретке душар болғандығы және мұсылмандардың қандай құтылуларға (табысқа) ие болғандықтары жөнінде хабар келді. {Олар (ақыретте) қатты азапқа душар болады} яғни, тозақтың отына түседі.

6 {Бұл} дүние-ақыреттегі азап {оларға пайғамбарлары анық мұғжизалармен келгенде, олар: «Адам бізді һидает қыла ала ма?»—деді}. Пайғамбардың пайғамбарлығын {теріске шығарып (инкәр қылып)}. Пайғамбар алып келген нәрсе үстінде (жайлы) жақсырақ ойланып көрмей, иманнан {бет бұрғандары себепті}. {Аллаһ (олардың иманына) мұқтаж емес. Аллаһ мақлұқаттан бейқажет (мұқтаж емес), Аллаһ мақтауға лайық} яғни Аллаһ әлемдегі барлық нәрседен және бүтін (барлық) пенделерден мұқтажсыз (бейқажет). Барлық мақлұқаттар (жаратылғандар) өз тілі арқылы яки амал көрінісі арқылы хамд-сәнә (мақтау-мадақ) айтады}.

7 {Кәпірлер әсте тірілтілмейміз деп күмән қылды. (Оларға) айт, әсте олай емес, Раббыммен ант етемін. Сендер сөзсіз тірілтілесіңдер} яғни Аллаһ тағала Өз пайғамбарына қасам арқылы олардың сөзсіз тірілетіндігін хабар қылуына бұйырды. {Одан кейін сендерге амалдарыңнан хабар беріледі. Бұл} амалдарыңнан хабар беру, Оған дәлел келтіру, сонан кейін соған негізделіп сый-сияпат яки жаза беру {Аллаһқа оңай}.

8 {Аллаһқа, Аллаһтың пайғамбарына және Біз түсірген нұрға иман келтіріңдер} яғни Құранға, себебі, адасушылықтың қараңғылығында сол нұрмен ғана жол табуға болады {Аллаһ істеп жатқан істеріңнен толық хабардар}.

9 {Сол күнде Аллаһ сендерді} яғни, Қиямет күнінде, әр амал етуші мен амалын, әр пайғамбар мен үмбетін, әр залым мен оған зұлымдық етілгенді, ілгерілер мен соңғыларды, махшардағыларды жаза беру үшін {жинайды (топтайды). Ол зиян тартатын (жапа шегетін) күн} яғни ол күні кәпірдің иманды тәрк еткендігімен, мүміннің жақсы амалдарды дегеніндей қыла алмағандығымен зиян тартқандығы әшкере болады. {Кімде-кім Аллаһқа иман айтып (келтіріп), жақсы іс істейді, Аллаһ оның жаман істерін жоққа шығарады}, яғни, кімнің бойында иман мен жақсы амалдар болса, оның жаман істерін жоққа шығарғанға лайықты болады. {Оны астарынан өзендер ағып тұратын жаннаттарға кіргізеді. Олар ол жаннаттарда мәңгі қалады. Бұл үлкен табысқа жетушілік}.

10 {Аллаһтың (бірлігін және құдіретін) теріске шығарғандар, аяттарымызды жалғанға шығарғандар тозақ иелері болып, олар тозақта мәңгі қалады. Ол неткен жаман орын!}.

11 {Адамға жеткен қандай бір қиыншылық тек Аллаһтың рұқсаты} яғни қада-қадары (тағдыры) {-мен ғана (жетеді)} бұл аят кәпірлер: «Егер мұсылмандардың айтқаны рас болатын болса, Аллаһ оларды дүниедегі қиыншылықтардан қорғаушы еді»,—дегендіктері себепті түскен. {Кімде-кім Аллаһқа} яғни әрқандай (әрбір) қиыншылық Аллаһтың тағдырымен жетеді деген сөзге {сенеді, Аллаһ оның жүрегін (сабырға) жетелейді} яғни оның Аллаһ тарапынан келгендігін, жетуге тиісті нәрсенің қате жетіп қалмайтындығын және

тиісті емес нәрсенің де жетіп қалмайтындығын біліп, тағдырға (қадаға) тәслім болып, барлық нәрсені Аллаһ берді және барлық нәрсе Аллаһ тарапына қайтушы деп сенсе, келген тағдырға (қадаға) сабырлық қылып, разылық танытып, берілген нығметтерге шүкірлік қылады. {Аллаһ әр нәрсені Білуші} ешқандай нәрсе оған жасырын (құпия) болмайды.
12 {Аллаһқа бойсұныңдар, Пайғамбарға бойсұныңдар, егер (пайғамбардың дағуатынан (уағызынан)) бет бұрсаңдар} оның күнәсі өздеріңе болады. Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) зиян болмайды. {Пайғамбарымыздың қызметі (міндеті) тек қана (дағуатын) анық жеткізу} одан басқасы оның қызметі емес, және де ол қызметін атқарды.
13 {Аллаһтан басқа еш мәғбуд (құлшылыққа сай, тәңір) жоқ. Мүміндер Аллаһқа тәуекел қылсын}.
14 {Ей, мүміндер! Сендердің әйелдеріңнен, балаларыңнан сендерге дұшпан болатындары да бар} яғни сендерді жақсы іс істеулеріңнен тосып қоюы мүмкін. Бұл аяттың түсу себебі: Меккелік бір кісі иман айтып Мәдинаға һижрат қылмақшы болғанда, оның әйелі және балалары оны һижрат қылдырмай қойған (яғни һижрат қылудан тосқан), сонымен бұл аят түскен. Мужаһид былай дейді: «Аллаһтың атымен ант етейін, олар дүниеде дұшпандық қылмайды, бірақ оларды өте жақсы көргендігі үшін, олар бір нәрсені талап қылса, оны оларға беру үшін харамға кіріп қалуы мүмкін». {Олардан сақ болыңдар (ықтият болыңдар)} сендердің оларға болған махаббаттарың Аллаһқа болған тағат-ғибадаттарыңа әсер етпесін, жақсылықтан бет бұрғызбасын және Аллаһқа мойынсұнбаушылық жасау арқылы оларға ризық тауып беруге алып бармасын! {Егер} олардың жіберіп қойған қателіктерін {ғафу етсеңдер, кешірсеңдер, жарылқау қылсаңдар, (Аллаһ сендерді де жарылқайды). Аллаһ шындығында аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді}. Кейбір риуаяттарда: Сол заманда әйелі және балалары һижрат қылдырмаған кісі басқалардың һижрат қылып, діни білімдерді көп үйреніп кеткендігін көргеннен кейін, әйел-балаларын жазалауды көңіліне жасырған (сақтаған) еді делінген.
15 {Сендердің малдарың, балаларың (сендерге Аллаһ тарапынан) сынақ} сендерді харамнан кәсіп қылуға және Аллаһтың бұйрықтарын орындай алмаушылыққа алып баруы мүмкін. Ал өз мал-дүниесі мен бала-шағасының махаббатында мойынсұнбаушылығын қойып, орнына Аллаһтың тағатын (бойсұнушылықты, құлшылықты) қойғандарға {Аллаһтың құзырында үлкен сауап бар}.
16 {Шамаларың жеткенінше Аллаһқа тақуалық қылыңдар, (уағызды) естіңдер, (бұйрыққа) бойсұныңдар, (Аллаһтың жолында малдарыңды) сарп қылыңдар} яғни Аллаһ берген ризықтарды жақсы жолдарға жұмсаңдар, сараңдық қылмаңдар, өздерің үшін жақсылықтарды көп істеп алыңдар. {(Бұл) өздерің үшін пайдалы. Кімде-кім нәпсінің сараңдығынан сақтанады, ол мақсатына жетуші} яғни Аллаһ қандай да бір кісіні сараңдық ауруынан құтқарса, сонымен ол Аллаһ жолында жақсылықтар үшін сарп қылса, ол барлық жақсылықтарға қол жеткізген және барша мақсаттарға жеткен болады.
17 {Аллаһқа қарыз хасана берсеңдер} яғни жақсы көңілмен және ықыласты ниетпен жақсы жолдарға садақа берсеңдер (қылсаңдар) {Аллаһ сендерге оның (сауабын) еселеп} яғни он еседен жеті жүз есеге дейін {береді, сендерге жарылқау қылады} яғни еселенген сауаптардың үстіне күнәларыңның жарылқауын да береді. {Аллаһ жақсылықты Бағалаушы, өте жұмсақ} яғни, аз жақсылыққа көп сауап беруші, Аллаһ бойсұнған пенделеріне еселеп сауап береді, мойынсұнбаушылық қылғандарды азаптауға асығып кетпейді.
18 {(Аллаһ) ғайыпты және әшкерені Білуші, Үстем, даналықпен іс Қылушы}.

# 65. Талақ сүресі

(Мәдинада түскен, 12 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Ей, пайғамбар! (Үмбетіңе айт), сендер әйелдерді талақ қылсаңдар, олардың иддасына (лайық орайда) талақ қылыңдар} яғни пәк (таза) жағдайда (күйінде), жыныстық қарым-қатынас өткізбей тұрып, талақ қылып, одан кейін иддасы (уақыты) толғанша күтіңдер. Солай қылсаңдар (істесеңдер), иддасына лайық талақ қылған боласыңдар. Ибн Омардан (Аллаһ оған разы болсын) былай

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

يَٰٓأَيُّهَا ٱلنَّبِيُّ إِذَا طَلَّقۡتُمُ ٱلنِّسَآءَ فَطَلِّقُوهُنَّ لِعِدَّتِهِنَّ وَأَحۡصُواْ
ٱلۡعِدَّةَۖ وَٱتَّقُواْ ٱللَّهَ رَبَّكُمۡۖ لَا تُخۡرِجُوهُنَّ مِنۢ بُيُوتِهِنَّ
وَلَا يَخۡرُجۡنَ إِلَّآ أَن يَأۡتِينَ بِفَٰحِشَةٖ مُّبَيِّنَةٖۚ وَتِلۡكَ حُدُودُ
ٱللَّهِۚ وَمَن يَتَعَدَّ حُدُودَ ٱللَّهِ فَقَدۡ ظَلَمَ نَفۡسَهُۥۚ لَا تَدۡرِي لَعَلَّ
ٱللَّهَ يُحۡدِثُ بَعۡدَ ذَٰلِكَ أَمۡرٗا ١ فَإِذَا بَلَغۡنَ أَجَلَهُنَّ فَأَمۡسِكُوهُنَّ
بِمَعۡرُوفٍ أَوۡ فَارِقُوهُنَّ بِمَعۡرُوفٖ وَأَشۡهِدُواْ ذَوَيۡ عَدۡلٖ مِّنكُمۡ
وَأَقِيمُواْ ٱلشَّهَٰدَةَ لِلَّهِۚ ذَٰلِكُمۡ يُوعَظُ بِهِۦ مَن كَانَ يُؤۡمِنُ
بِٱللَّهِ وَٱلۡيَوۡمِ ٱلۡأٓخِرِۚ وَمَن يَتَّقِ ٱللَّهَ يَجۡعَل لَّهُۥ مَخۡرَجٗا ٢ وَيَرۡزُقۡهُ
مِنۡ حَيۡثُ لَا يَحۡتَسِبُۚ وَمَن يَتَوَكَّلۡ عَلَى ٱللَّهِ فَهُوَ حَسۡبُهُۥٓۚ إِنَّ ٱللَّهَ
بَٰلِغُ أَمۡرِهِۦۚ قَدۡ جَعَلَ ٱللَّهُ لِكُلِّ شَيۡءٖ قَدۡرٗا ٣ وَٱلَّٰٓـِٔي يَئِسۡنَ
مِنَ ٱلۡمَحِيضِ مِن نِّسَآئِكُمۡ إِنِ ٱرۡتَبۡتُمۡ فَعِدَّتُهُنَّ ثَلَٰثَةُ أَشۡهُرٖ
وَٱلَّٰٓـِٔي لَمۡ يَحِضۡنَۚ وَأُوْلَٰتُ ٱلۡأَحۡمَالِ أَجَلُهُنَّ أَن يَضَعۡنَ حَمۡلَهُنَّۚ
وَمَن يَتَّقِ ٱللَّهَ يَجۡعَل لَّهُۥ مِنۡ أَمۡرِهِۦ يُسۡرٗا ٤ ذَٰلِكَ أَمۡرُ ٱللَّهِ أَنزَلَهُۥٓ
إِلَيۡكُمۡۚ وَمَن يَتَّقِ ٱللَّهَ يُكَفِّرۡ عَنۡهُ سَيِّـَٔاتِهِۦ وَيُعۡظِمۡ لَهُۥٓ أَجۡرًا ٥

риуаят етіледі: «Ол (Ибн Омар) әйелін хайыз жағдайда талақ қылады. Бұны әкесі Омар (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) хабарлайды. Сонымен Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ашуланып, оны қайтарып келіп (алып), пәктелгенше (тазаланғанша) күтсін, сонан кейін қайта хайыз көріп пәктенгенше сақтасын. Сонан кейін қайта талақ қылу ниетінде (көңілінде) болса, оны пәк халде, бір төсекте болмастан талақ қылсын. Міне, бұл Аллаһ бұйырған идда ішінде (мерзімінде) талақ қылу деді. (Нәсәб (тек) араласып кетпесі үшін) {иддасын санаңдар} яғни үш хайыздан немесе үш тазаланған уақыттан тұратын иддасын толық ұстату үшін талақ қылынған уақытын естеріңде анық сақтаңдар (ұстаңдар). Ей, ерлер! {Раббыларың Аллаһтан қорқыңдар} яғни, сендерге әмір етілген нәрселерде мойынсұнбаушылық етпеңдер, және де әйелдеріңе зиян келтірмеңдер {(Олардың иддасы толмайынша), оларды} талақ қылынған {үйлерінен шығарып жібермеңдер, олар да (үйінен) шықпасын, олар тек қана ашық фахиша (арсыздық, зинақорлық немесе тілдің ащылығы) қылса ғана, сонан кейін шығады, міне, осы} яғни жоғарыда баян қылынғандар {Аллаһтың заңы, Кімде-кім Аллаһтың заңынан ауытқып кетсе (шығып кетсе), ол өзіне зұлымдық қылған болады. Сен білмейсің, Аллаһ сонан кейін (яғни талақтан кейін) бірер істі ортаға келтіруі мүмкін} яғни бір үйде тұру арқылы Аллаһ олардың жүректеріне жылулық (сүйіспеншілік) салып, қайтып алулары мүмкін.

2 {Олардың иддасы толған кезде, олармен көркем түрде ажырасыңдар (араларыңды ажыратыңдар) яки олармен көркем түрде жарасып кетіңдер} оларға зиян салу үшін, олармен араны ажырату, аза беріп яки хақысын берместен жарасу сендерге халал болмайды. Араларыңды ажыратқан, ажырасқан шақтарында дау-дамайды (талас-тартысты) және келісеалмаушылықты бір жақты қылу үшін {араларыңнан екі әділ куәгерді куә қылыңдар}. Куәгер болғандарың да Аллаһтан сауап күтіп {Құдайлық үшін тура (дұрыс) куә болыңдар, бұнымен (яғни бұл үкіммен) Аллаһқа және Ақырет күніне иман айтқан адамға уағыз-насихат қылынады}. Өйткені бұдан мұсылманнан басқасы уағыз-насихат ала алмайды. {Кімде-кім} үкім қылуда Аллаһ белгілеп берген белгілемелерді ұстау (ұстану) арқылы {Аллаһтан қорқады (қорықса), Аллаһ оған шығар жолын береді}.

3 Кімде-кім талақ қылып айрылып кететін немесе қайтарып алу кезінде идданың толғанына тура куәлік берсе, {Аллаһ оған ойламаған жерден ризық береді, кімде-кім} уайым-қайғысына Аллаһтың жеткілікті екендігіне сеніп {Аллаһқа тәуекел қылса, Аллаһ оған жеткілікті. Аллаһ шын мәнінде мақсатқа жете алады (Жетуші), Аллаһ расында, әрбір нәрсе үшін белгілі мөлшер (өлшем), белгілі бір уақыт белгіледі}. Яғни Аллаһ тағала қиыншылыққа да, кеңшілікке де аяқталатын белгілі бір уақыт белгіледі.

4 {Әйелдеріңнің ішіндегі хайыздан үмітін үзгендерден} яғни жасы үлкен болғандықтан хайыз көрмейтіндердің иддасының қаншалық болатындығынан {күмәнда болсаңдар, олардың иддасы үш ай, (жастықтан) хайыз көрмегендердің иддасы да үш ай. Жүкті әйелдердің иддасы (мейлі қоя берілген болсын (күйеуінен ажырасқан), мейлі ері өлген

أَسْكِنُوهُنَّ مِنْ حَيْثُ سَكَنتُم مِّن وُجْدِكُمْ وَلَا تُضَآرُّوهُنَّ لِتُضَيِّقُوا۟
عَلَيْهِنَّ ۚ وَإِن كُنَّ أُو۟لَٰتِ حَمْلٍ فَأَنفِقُوا۟ عَلَيْهِنَّ حَتَّىٰ يَضَعْنَ حَمْلَهُنَّ ۚ
فَإِنْ أَرْضَعْنَ لَكُمْ فَـَٔاتُوهُنَّ أُجُورَهُنَّ ۖ وَأْتَمِرُوا۟ بَيْنَكُم بِمَعْرُوفٍ ۖ وَإِن
تَعَاسَرْتُمْ فَسَتُرْضِعُ لَهُۥٓ أُخْرَىٰ ﴿٦﴾ لِيُنفِقْ ذُو سَعَةٍ مِّن سَعَتِهِۦ ۖ
وَمَن قُدِرَ عَلَيْهِ رِزْقُهُۥ فَلْيُنفِقْ مِمَّآ ءَاتَىٰهُ ٱللَّهُ ۚ لَا يُكَلِّفُ ٱللَّهُ نَفْسًا
إِلَّا مَآ ءَاتَىٰهَا ۚ سَيَجْعَلُ ٱللَّهُ بَعْدَ عُسْرٍ يُسْرًا ﴿٧﴾ وَكَأَيِّن مِّن قَرْيَةٍ
عَتَتْ عَنْ أَمْرِ رَبِّهَا وَرُسُلِهِۦ فَحَاسَبْنَٰهَا حِسَابًا شَدِيدًا وَعَذَّبْنَٰهَا
عَذَابًا نُّكْرًا ﴿٨﴾ فَذَاقَتْ وَبَالَ أَمْرِهَا وَكَانَ عَٰقِبَةُ أَمْرِهَا خُسْرًا ﴿٩﴾
أَعَدَّ ٱللَّهُ لَهُمْ عَذَابًا شَدِيدًا ۖ فَٱتَّقُوا۟ ٱللَّهَ يَٰٓأُو۟لِى ٱلْأَلْبَٰبِ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ ۚ
قَدْ أَنزَلَ ٱللَّهُ إِلَيْكُمْ ذِكْرًا ﴿١٠﴾ رَّسُولًا يَتْلُوا۟ عَلَيْكُمْ ءَايَٰتِ ٱللَّهِ مُبَيِّنَٰتٍ
لِّيُخْرِجَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ وَعَمِلُوا۟ ٱلصَّٰلِحَٰتِ مِنَ ٱلظُّلُمَٰتِ إِلَى ٱلنُّورِ ۚ
وَمَن يُؤْمِنۢ بِٱللَّهِ وَيَعْمَلْ صَٰلِحًا يُدْخِلْهُ جَنَّٰتٍ تَجْرِى مِن تَحْتِهَا
ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ۖ قَدْ أَحْسَنَ ٱللَّهُ لَهُۥ رِزْقًا ﴿١١﴾ ٱللَّهُ ٱلَّذِى خَلَقَ
سَبْعَ سَمَٰوَٰتٍ وَمِنَ ٱلْأَرْضِ مِثْلَهُنَّ يَتَنَزَّلُ ٱلْأَمْرُ بَيْنَهُنَّ لِتَعْلَمُوٓا۟ أَنَّ
ٱللَّهَ عَلَىٰ كُلِّ شَىْءٍ قَدِيرٌ وَأَنَّ ٱللَّهَ قَدْ أَحَاطَ بِكُلِّ شَىْءٍ عِلْمًۢا ﴿١٢﴾

болсын) босануымен бітеді. Кімде-кім Аллаһтан қорқады, Аллаһ оның ісін оңайластырып береді} Даххақ былай дейді: «Кімде-кім Аллаһтан қорқып, сүннет бойынша талақ берсе, Аллаһ оған (әйелін) қайтарып алуда жеңілдік береді».

5 {Міне, осы Аллаһтың сендерге түсірген үкімі. Кім Аллаһтан қорықса, Аллаһ оның күнәларын жоққа шығарады (шаяды), оған} ақыретте жаннат сияқты {үлкен сауап береді}.

6 {Оларды} яғни қоя берілген әйелдеріңді {шамаларыңның келгенінше өздерің тұрып жатқан жайларыңның бір бөлігінде тұрғызыңдар} Бұл үкім қайтарып алуға болатын әйелдер үшін. Ал үш талақ қылынған, қайта табысуға болмайтын әйелдерге тұрақ (тұратын орын) берілмейді және нәпақа да берілмейді. {Оларды бишара (обалды) күйде қалдыру үшін зиян жеткізбеңдер} яғни оларды шығып кетуге мәжбүрлеу үшін мекен-жай тарапынан, нәпақа тарапынан қыспаңдар. {Егер олар жүкті болса, босанғанға дейін оларды қамтамасыз етіңдер. Егер олар сендер үшін (балаларыңды) емізіп берсе, (емізу) ақысын беріңдер, шындық негізінде өзара кеңесіңдер} бұл талақ арқылы айрылып кеткен ер-әйелдер үшін қылынған сөз болып, өзара ұрыс-төбелес қылмастан, бір-біріңе көңіл бөлген халде кеңесіңдер!— деген сөз.

Аллаһ тағала бұл жөнінде былай деген: {Егер ата-ана кеңесіп (баланы екі жыл толмастан емшектен) айырып жібермекші болса, оларға ешбір күнә болмайды} (Бақара сүресі, 233-аяттың бір бөлігі). {Егер пікірде келісе алмасаңдар} яғни егер әкесі ана талап қылған хақыны (ақыны) беруі ұнамаса және ана да ақы алмай емізбейтіндігінде мықты тұрса, {оны (яғни баланы) басқа бір әйел емізсін} яғни емізіп беру үшін басқа бір әйелге ақы (хақысын) берсін.

7 {Бай адам (әйелін және баласын) өзінің байлығына жараса қамтамасыз етсін, кембағал (ризығы кем) адам Аллаһтың оған бергеніне қарай (жарастыра, лайықты) қамтамасыз етсін} яғни әр адам өзінің экономикалық жағдайына қарай қаражат қылсын. {Аллаһ адамды тек қана шамасы жететін іске ғана жұмсайды (тәклиф қылады)}. Яғни кедей адамды байды жұмсаған іске жұмсамайды. {Аллаһ қиыншылықтан кейін жеңілдікті (оңайлықты) береді} яғни, қиындықтан кейін жеңілдік, кедейліктен (жоқшылықтан) кейін байлықты береді.

8 {Көптеген қаланың тұрғындары Раббыларының және Оның пайғамбарының әмірінен бас тартты. Олардан қатты есеп алдық және оларды} дүниеде аштық, жоқшылық, жер жүзінен жою және басқа хайуандарға айналдыру (өзгерту) арқылы {қатты жазаладық} ақыретте де қатты азаппен азаптадық (азаптаймыз).

9 {Олар қылмыстарының салдарын (нәтижесін) татыды (тартты). Олардың қылмыстарының соңы} дүниеде құрып кету (жойылу), ақыретте азаптану арқылы, мал-дүние, бала-шаға және жандарынан {зиян тартулары сияқты болды}.

10 {Аллаһ оларға (ақыретте) қатты азап дайындады. Ей, (иман айтқан) ақыл иелері, Аллаһтан қорқыңдар!} Пайғамбарға (саллаллаху ъaлəйһи уа саллам) еріңдер! Өткен үмбеттер сияқты қасарысып (дандайсынып), солар істеген жамандықтың ұқсасымен жазаланғандай жазаланудан сақтаныңдар. {Аллаһ

сендерге зікірді түсірді}, «зікір» сөзі туралы мынандай пікірлер бар: зікір деп – Құран Кəрімді немесе пайғамбарды (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) айтып тұр. Сонда мағынасы: Сендерге Құран түсіріп, осы Құранмен пайғамбарды жіберді.

11 {Иман айтқан жəне жақсы амалдарды қылғандарды} азғындық жəне күпірдің {қараңғылығынан} һидает жəне иманның {нұрына шығару үшін сендерге Аллаһтың} үкімдері сияқты адамдар мұқтаж болған {анық аяттарын тилауат қылып беретін пайғамбарды жіберді. Кімде-кім Аллаһқа иман айтса, жақсы амалдарды істесе, (Аллаһ) оны астынан өзендер ағып тұратын жаннаттарға кіргізеді. Олар жаннаттарда мəңгі қалады. Аллаһ оларға асыл (керемет) ризық} яғни жаннаттағы ризық жəне нығметтерді {береді}.

12 {Аллаһ жеті аспанды жаратты. Жерді де аспандарға ұқсас (яғни жеті қылып) жаратты. Аллаһтың əмірі олардың арасында жүріп тұрады} яғни жеті қабат аспаннан жеті қабат жерге түседі, жеті қабат жер туралы сахих хадисте пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам): «Кім жер бетінде кішкене болса да зұлымдық жасаса, ол жеті жерден қоршалған болады». Сонымен жаңбыр жауады, өсімдіктер өседі, түн мен күндіз, жаз бен қыс келеді. Сендерге бұны білдіруім {Аллаһтың барлығына құдыретті екендігін жəне Аллаһтың барлық нəрсені толық білетіндігін білулерің үшін}.

# 66. Тахрим сүресі

(Мəдинада түскен, 12 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Ей, пайғамбар! Не үшін Аллаһ саған халал қылған нəрсені əйелдеріңнің разылығын тілеу үшін харам қыласың} кейбіреулердің риуаят қылуынша Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) Зəйнаб бинт Жахш (Аллаһ оған разы болсын) үйінде бал ішуші еді. Айша (Аллаһ оған разы болсын) мен Хафса (Аллаһ оған разы болсын) Зəйнабқа (Аллаһ оған разы болсын) қулық ойлап, Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) жанына барған кезде: «аузыңнан бір түрлі иіс келіп жатыр» деуге келісіп алған. Сонымен Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) бал ішуді өзіне харам қылып алған. Сол себептен бұл аят түскен. {Аллаһ} сенен көрінген іске {аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді} кейбіреулерінің риуаят қылуынша: əсілі ол кіші күнəлардан болғандықтан, Аллаһ соған негізделе сөккен.

2 {Аллаһ сендерге (кəффарат) пен анттарыңнан қайтуды белгіледі} Басқа бір аятында былай дейді: {Сендерді əдейі қылған қасамдарың (анттарың) үшін жауапкершілікке тартады. (Мұндай анттарыңды бұзсаңдар) оның кəффараты (өтемі) отбасыларыңа беретін орта дəрежелі тамақпен он міскінді бір уақ тамақтандыру, яки оларға (яғни он міскінге денесін жауып тұратын) бір кезек киім беру яки бір құлды (немесе күңді) азат қылу. Кімде-кім былай істей алмаса, үш күн ораза тұтуы лəзім (керек)} (Мəида сүресі, 89-аяттың бір бөлігі). Кез келген адамның Аллаһ халал қылған нəрсені харам қылу құқығы (хақы) жоқ. Егер қылып қалса да, ол кісіге амал қылу лəзім болмайды. Халал яки харам қылу Аллаһқа тиесілі. Кейбір фиқһ ғалымдары былай дейді: «Егер біреу өзіне бір киімді, бір тамақты, бір сусынды жəне Аллаһ мубах қылған қандай да бір нəрсені (кез келген бір нəрсені) харам қылып алса, ол кісі қасамының (антының) кəффаратын беруі керек. Сондай қылғанда, оның анты бекер

болады (күшін жояды). Бұл барлық істерде сондай болады, тіпті әйелін харам қылып алған болса да». Кейбір фиқһ мамандары: Әйелін харам қылғанда, талақтың харамдығын ниет қылса, әйел талақ болып кетеді деп қарайды. Аллаһ ең турасын (дұрысын) Білуші. {Аллаһ сендердің Иелерің. Аллаһ әр нәрсені Білуші, хикметпен (даналықпен) іс Қылушы}.

3 {Өз уақытында пайғамбар әйелдерінің біріне (яғни Хафсаға) бір сөзді} яғни балды өзіне харам қылғандығын {жасырын айтқан еді}. Кәлби былай дейді: «Жасырын айтқан сөз негізінде: «Әкең және Айшаның әкесі менен кейін халифа болады деген сөз еді». {Ол (яғни Хафса) оны (Айшаға) айтып қойған. Аллаһ болса сырының әшкерленгенін (пайғамбарға) білдірген кезде, ол (яғни, пайғамбар) оған (Хафсаға) ол (яғни, Хафса) әшкерлеп қойған сөздердің кейбірін айтты (яғни бетіне басты), кейбірін айтпады (яғни бетіне баспады). Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) оған сырын әшкерлеп қойғандығын айтқан кезде, ол (яғни Хафса): «бұны саған кім хабарлады?»—деді. Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам): «Маған (бұны) барлығын Білуші, барлығынан толық хабардар—Аллаһ хабарлады»,—деді}.

4 {Егер (Айша, Хафса) екеулерің Аллаһқа тәубе қылсаңдар (өздерің үшін жақсы). Сендердің жүректерің (Аллаһ елшісіне ықыластық қылудан) бұрылып (ауытқып) кетті. Егер сендер (Аллаһ елшісі хош көрмейтін іс үстінде) оған қарсы тұрсаңдар, ол кезде Аллаһ оның Жәрдемшісі (медеткері), Жәбірейіл де оның жәрдемшісі} Әбу Бәкір және Омарға ұқсас {мүміндердің жақсылары да оның жәрдемшісі. Олардан басқа періштелер де (оған) сүйеніш}, Айша мен Хафсаның біріккендері Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) напақасының үкімінде болды деген де пікір бар.

5 {Егер ол сендерді қоя берсе (талақ берсе), Раббысы сендердің орындарыңа сендерден жақсы, (Аллаһтың және Пайғамбардың әміріне) бойсұнушы, (Аллаһқа және Пайғамбарға) иман айтушы} яғни Ислам парыз қылған істерді орындаушы, Аллаһқа, періштелерге, кітаптарына және пайғамбарларға иман айтушы {бойсұнушы, күнәлардан тәубе қылушы, құлшылық қылушы, ораза тұтушы әйелдерді және қыздарды оған беруі мүмкін}, яғни, тұрмысқа шығып, күйеулері қайтыс болған немесе талақ берілген әйелдерді және бұрын тұрмысқа шықпаған қыздарды беруі мүмкін.

6 {Ей, мүміндер! Өздеріңді және бала шағаларыңды адам және тастар отын болатын, рақым қылмайтын қатты қол періштелер міндеттендірілген (жауапты) болған тозақтан} бала-шағаларыңды Аллаһқа бойсұнуға бұйыру және Аллаһқа сатқындық (мойынсұнбаушылық) қылудан тосу арқылы {сақтаңдар, ол періштелер Аллаһтың бұйрығынан шықпайды}, олар азаптау үшін жаратылған, тозақтағылар рақымшылық сұраса, рақымшылық етпейтін, ешқандай демалыссыз {неге бұйырылса, соны орындайды} яғни аз болса да кешіктірмейді, және де бұйырылған нәрсеге шамалары жетеді.

7 {Ей, кәпірлер! Бүгін үзір (сылтау) айтпаңдар} яғни бұл сөз олар тозаққа кіретін кезде айтылған болып, оларды үмітсіздендіру және дәмелерін жоққа шығару үшін. {Сендер тек қана} дүниеде қылған {амалдарыңның жазасын тартасыңдар}.

8 {Ей, мүміндер! Аллаһқа (ықыласпен шынайы түрде) тәубе қылыңдар} яғни ықыласпен тәубе қылыңдар. Бұл түрдегі тәубе қылу болса, істеген күнәсіна шын көңілден (жүректен) қылу (өкіну), тіл арқылы истиғфар айту, ол істен жырақ (аулақ) тұру және екінші рет қайталамауға берік тоқтамға келу (байламға, қатты сенім байлау) арқылы болады. {Раббыларың сендердің күнәларыңды жойып, сендерді астарынан өзендер ағып тұратын жәннаттарға кіргізуі үміт етіледі. Ол күнде (яғни Қиямет күнінде) Аллаһ пайғамбарын және онымен бірге болған мүміндерді рәсуа (ұятты) қылмайды. Олардың нұры} Сырат көпірінен өткенше {олардың алдында және оң жағында жүреді. Олар: «Ей, Раббымыз! Бізге нұрымызды орнықты қылып (тұрақтандырып) бергін, бізді жарылқа, Сен болсаң шындығында әр нәрсеге құдыреттісің (күш-құдіретің жетеді)», - дейді}.

9 {Ей, пайғамбар! Сен кәпірлермен (соғыста) және мұнафиқтармен (оларға істеген істерінің жазасын тартқызу арқылы) күрес қылғын, оларға} яғни кәпір және мұнафиқтарға айбатыңды

يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ تُوبُوٓاْ إِلَى ٱللَّهِ تَوۡبَةٗ نَّصُوحًا عَسَىٰ رَبُّكُمۡ
أَن يُكَفِّرَ عَنكُمۡ سَيِّـَٔاتِكُمۡ وَيُدۡخِلَكُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي
مِن تَحۡتِهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ يَوۡمَ لَا يُخۡزِي ٱللَّهُ ٱلنَّبِيَّ وَٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ
مَعَهُۥۖ نُورُهُمۡ يَسۡعَىٰ بَيۡنَ أَيۡدِيهِمۡ وَبِأَيۡمَٰنِهِمۡ يَقُولُونَ رَبَّنَآ
أَتۡمِمۡ لَنَا نُورَنَا وَٱغۡفِرۡ لَنَآۖ إِنَّكَ عَلَىٰ كُلِّ شَيۡءٖ قَدِيرٞ ٨
يَٰٓأَيُّهَا ٱلنَّبِيُّ جَٰهِدِ ٱلۡكُفَّارَ وَٱلۡمُنَٰفِقِينَ وَٱغۡلُظۡ عَلَيۡهِمۡۚ
وَمَأۡوَىٰهُمۡ جَهَنَّمُۖ وَبِئۡسَ ٱلۡمَصِيرُ ٩ ضَرَبَ ٱللَّهُ مَثَلٗا
لِّلَّذِينَ كَفَرُواْ ٱمۡرَأَتَ نُوحٖ وَٱمۡرَأَتَ لُوطٖۖ كَانَتَا تَحۡتَ
عَبۡدَيۡنِ مِنۡ عِبَادِنَا صَٰلِحَيۡنِ فَخَانَتَاهُمَا فَلَمۡ يُغۡنِيَا عَنۡهُمَا
مِنَ ٱللَّهِ شَيۡـٔٗا وَقِيلَ ٱدۡخُلَا ٱلنَّارَ مَعَ ٱلدَّٰخِلِينَ ١٠
وَضَرَبَ ٱللَّهُ مَثَلٗا لِّلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱمۡرَأَتَ فِرۡعَوۡنَ إِذۡ
قَالَتۡ رَبِّ ٱبۡنِ لِي عِندَكَ بَيۡتٗا فِي ٱلۡجَنَّةِ وَنَجِّنِي مِن فِرۡعَوۡنَ
وَعَمَلِهِۦ وَنَجِّنِي مِنَ ٱلۡقَوۡمِ ٱلظَّٰلِمِينَ ١١ وَمَرۡيَمَ ٱبۡنَتَ
عِمۡرَٰنَ ٱلَّتِيٓ أَحۡصَنَتۡ فَرۡجَهَا فَنَفَخۡنَا فِيهِ مِن رُّوحِنَا
وَصَدَّقَتۡ بِكَلِمَٰتِ رَبِّهَا وَكُتُبِهِۦ وَكَانَتۡ مِنَ ٱلۡقَٰنِتِينَ ١٢

көрсетіп қою үшін {қатты қарым-қатынас (муғамала) қыл (жасағын)} олар хадд (ислам бойынша жазалау) уәжіб болатын күнәларды қылды (істеді). {Олардың жайы (орны) жәһаннам. Жәһаннам неткен жаман жай (орын)!}

(10) {Аллаh кәпірлерге (олардың мүміндермен туысқаншылығының пайда бермеуінде) Нұхтың әйелін және Луттың әйелін мысал қылып көрсетті. Олар болса біздің пенделерімізден екі жақсы пендеміздің әмірінде еді. Олардың екеуі де ерлеріне (иман айтпаумен) қиянат қылды}. Риуаят бойынша, Нұхтың (аләйһис-сәләм) әйелі адамдарға Нұхты (аләйһис-сәләм) жынды (есалаң, ессіз) дейтін. Луттың (аләйһис-сәләм) әйелі болса, Луттың (аләйһис-сәләм) қонақтарын қауымына хабар қылып (айтып) қоятын. {Олардың ерлері (яғни Нұх пен Лут (пайғамбар бола тұра) олардан Аллаhтың азабынан еш нәрсені қайтара алмады}. Ол екеуіне кәпірлер және сатқындар сияқты {тозаққа кірушілермен бірге кіріңдер делінді}.

(11) {Аллаh иман айтқандарға перғауынның әйелін мысал қылып көрсетті. Өз уақытында ол: «Ей, Раббым! Өз құзырыңда маған жәннаттан} Сенің рақымыңа жақын, жоғары дәрежелі {бір үй салып бергін. Мені перғауыннан және оның амалынан құтылдыр. Мені} копт (қибти) кәпірлері сияқты {залым қауымнан құтқарғын», - деді} демек, тура кәпірлердің ең сұрқиясы (жаманы, қаттысы) перғауынның қол астындағы әйелінің жәннатқа кіруіне тосқауыл (кедергі) бола алмағанындай, бір кәпірдің қол астында болып қалу қайсыбір адамның жақсы амал қылып жәннатқа кіруіне тосқауыл бола алмайды.

(12) {Тағы да Имранның қызы Мәриямды мысал қылып көрсетті} Аллаh бұл әйелге дүние–ақыреттің құрметін берді. Оның күнәһар қауымның арасында болуына қарамастан, оны бүкіл әлем әйелдерінен ерекше етіп таңдады. {Ол намысын сақтады. Оған біздің тарапымыздан болған рухты үрледік} яғни Жәбірейіл (аләйһис-сәләм) оның киімінің қалтасына үрледі. Сонымен ол Исаға (аләйһис-сәләм) жүкті болып қалды. {Ол Раббысының сөздерін} яғни Раббысының пенделеріне белгілеп берген шариғат белгілемелерін растады. Бұл жердегі сөз болса, Жәбірейілдің (аләйһис-сәләм): «Мен сенің Раббыңның елшісімін» деген сөзі болып, ол Мәриямға жақсы көрген пайғамбар Исаның (аләйһис-сәләм) жағымды хабарын жеткізген еді. {Саған, (пайғамбарларға түсірген) кітаптарын растады және Аллаhқа бойсұнушылардан болды} оның отбасысы ізгі және тақуа отбасыдан еді.

# 67. Мүлік сүресі

(Меккеде түскен, 30 аят)

**Аса мейірімді, ерекше рақымды Аллаhтың атымен бастаймын.**

(1) Дүние-ақыретте бүкіл аспан-жердің {патшалығы иелігінде болған Аллаhтың берекеті (жақсылығы) жоғары (ұлы). Аллаh әр нәрсеге құдыретті (күші Жетуші)}.

(2) {Сендердің қайсыларыңның амалы ең жақсы екендігін сынау үшін} яғни, сендерге парыз қылып, сосын сендерді сынап, (сынаудың негізгі мақсаты – бойсұнушылардың бойсұнушылығын және ықыластылардың ықыласы толық көрінуі), одан кейін жазаларыңды беру үшін {Аллаh өлімді және тіршілікті жаратты}, яғни өлім: рухтың денеден айрылуы, өмір (тіршілік) болса, рухтың

денеге байланысты болуы. Сол үшін тіршілікті жарату дегеніміз, адамды және рухын жарату деген сөз. {Аллаһ Үстем, (тәубе қылушыны) өте Жарылқаушы}.

3 {Аллаһ жеті аспанды (көкті) бір-бірінің үстінде қылып жаратты. Мейірбан (Жарылқаушы) Аллаһтың жаратуында еш нұқсанды} яғни бір-біріне қайшы яки кемшілікті {көрмейсің} барлығы өз орнында тұрып, тура Жаратушысына көрсетіп тұрады,{сен қайта қарап көрші} аспан сондай үлкен әрі кең болса да, онда {бірер ашықты (бос орынды) көріп тұрсың ба?}.

4 {Сосын сен және екі рет (қайтара) қарағын} одан көп қараған сайын, әр бір рет жазаның орнатылуында және әр түрлі сылтауларға жол бермей кесіліп тасталуын арттырады, {көзің} аспандардың жаратылуында бір айып (кемшілік) табудан {үміт үзген және талған халде қайтады}.

5 Бізге барлық аспандардан {ең жақын аспанды шырақтар} яғни жарық жұлдыздар {-мен безендірдік және оларды шайтандарды ататын нәрсе қылдық} яғни періштелердің сөздерін ұрлықша естуге ұрынған шайтандар жұлдыздармен атылады. Қатада былай дейді: «Аллаһ Тағала жұлдыздарды үш нәрсе үшін жаратты: аспанды безендіру үшін; шайтандарды ату үшін; құрлықта және суда жүргенде оларға қарап жолды анықтау үшін». {Шайтандарға} дүниеде жұлдыздар арқылы күйдірілуін, ақыретте {тозақ азабын дайындадық}.

6 {Раббысын қабылдамағандар (инкәр қылғандар, теріске шығарғандар) тозақ азабына душар болады. Тозақ неткен жаман жай (орын)!}

7 {Олар тозаққа} отқа отын тастағандай {тасталған кезде, қайнап тұрған тозақтың} есек аңырағандай {жағымсыз дауысын естиді}, олармен бірге қазан қайнағандай қайнайды.

8 {Тозақ ашудан паршаланып кетуге сәл қалады. Тозаққа әркез бір топ адам тасталған кезде, тозаққа жауапты (періштелер) олардан (сөгіс, айыптап): сендерге} дүниеде осындай бір күннің келетіндігін ескертетін бір {ескертуші келмеген бе еді? деп сұрайды}.

9 {Олар: «Ондай емес, бізге шындығында ескертуші} Аллаһтың пайғамбары {келген} яғни бізді міне осы

سُورَةُ المُلْكِ

آياتها 30 — ترتيبها 67

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

تَبَٰرَكَ ٱلَّذِي بِيَدِهِ ٱلۡمُلۡكُ وَهُوَ عَلَىٰ كُلِّ شَيۡءٖ قَدِيرٌ ١ ٱلَّذِي خَلَقَ
ٱلۡمَوۡتَ وَٱلۡحَيَوٰةَ لِيَبۡلُوَكُمۡ أَيُّكُمۡ أَحۡسَنُ عَمَلٗاۚ وَهُوَ ٱلۡعَزِيزُ ٱلۡغَفُورُ ٢
ٱلَّذِي خَلَقَ سَبۡعَ سَمَٰوَٰتٖ طِبَاقٗاۖ مَّا تَرَىٰ فِي خَلۡقِ ٱلرَّحۡمَٰنِ مِن
تَفَٰوُتٖۖ فَٱرۡجِعِ ٱلۡبَصَرَ هَلۡ تَرَىٰ مِن فُطُورٖ ٣ ثُمَّ ٱرۡجِعِ ٱلۡبَصَرَ كَرَّتَيۡنِ
يَنقَلِبۡ إِلَيۡكَ ٱلۡبَصَرُ خَاسِئٗا وَهُوَ حَسِيرٞ ٤ وَلَقَدۡ زَيَّنَّا ٱلسَّمَآءَ
ٱلدُّنۡيَا بِمَصَٰبِيحَ وَجَعَلۡنَٰهَا رُجُومٗا لِّلشَّيَٰطِينِۖ وَأَعۡتَدۡنَا لَهُمۡ عَذَابَ
ٱلسَّعِيرِ ٥ وَلِلَّذِينَ كَفَرُواْ بِرَبِّهِمۡ عَذَابُ جَهَنَّمَۖ وَبِئۡسَ ٱلۡمَصِيرُ
٦ إِذَآ أُلۡقُواْ فِيهَا سَمِعُواْ لَهَا شَهِيقٗا وَهِيَ تَفُورُ ٧ تَكَادُ تَمَيَّزُ
مِنَ ٱلۡغَيۡظِۖ كُلَّمَآ أُلۡقِيَ فِيهَا فَوۡجٞ سَأَلَهُمۡ خَزَنَتُهَآ أَلَمۡ يَأۡتِكُمۡ نَذِيرٞ ٨
قَالُواْ بَلَىٰ قَدۡ جَآءَنَا نَذِيرٞ فَكَذَّبۡنَا وَقُلۡنَا مَا نَزَّلَ ٱللَّهُ مِن شَيۡءٍ إِنۡ أَنتُمۡ
إِلَّا فِي ضَلَٰلٖ كَبِيرٖ ٩ وَقَالُواْ لَوۡ كُنَّا نَسۡمَعُ أَوۡ نَعۡقِلُ مَا كُنَّا فِيٓ أَصۡحَٰبِ
ٱلسَّعِيرِ ١٠ فَٱعۡتَرَفُواْ بِذَنۢبِهِمۡ فَسُحۡقٗا لِّأَصۡحَٰبِ ٱلسَّعِيرِ ١١
إِنَّ ٱلَّذِينَ يَخۡشَوۡنَ رَبَّهُم بِٱلۡغَيۡبِ لَهُم مَّغۡفِرَةٞ وَأَجۡرٞ كَبِيرٞ ١٢

күннің келетіндігінен ескерткен. {Біз (оны) инкәр қылдық (теріске шығардық) және де біз: «Аллаһ} ешбір адамға ғайб (көмес) істерден, ақырет хабарларынан және Аллаһтың бізден талап қылған істерді қамтыған шариғаттан {бір нәрсе түсірген жоқ, сендер тек қана терең адасушылықтасыңдар», - дедік», - дейді»}.

10 {Олар: «Егер біз} естіген сөздерді түсініп, көріп ажырататын ақылмен {естіген яки түсінген болсақ, тозақ иелері қатарында болмай} керісінше, Аллаһқа иман айтқан және Пайғамбарға ілескендер қатарында болған {едік»,-дейді}.

11 {Олар} яғни өздерінің тозаққа лайық екендіктерін және пайғамбарды теріске шығару арқылы кәпір болған {күнәсін мойындайды} олардың күнәсі дәлелденген және күнәларын өздері иғтираф қылып (мойындап), еш қандай үзірі қалмағаннан кейін, Аллаһ оларды жазалап тозаққа тастайды. {Тозақ иелері (әһлі тозақ) Аллаһтың рақымынан алыс (аулақ) болсын!}.

فَلَمَّا رَأَوْهُ زُلْفَةً سِيٓـَٔتْ وُجُوهُ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ وَقِيلَ هَٰذَا ٱلَّذِى
كُنتُم بِهِۦ تَدَّعُونَ ٢٧ قُلْ أَرَءَيْتُمْ إِنْ أَهْلَكَنِىَ ٱللَّهُ وَمَن مَّعِىَ
أَوْ رَحِمَنَا فَمَن يُجِيرُ ٱلْكَٰفِرِينَ مِنْ عَذَابٍ أَلِيمٍ ٢٨ قُلْ هُوَ
ٱلرَّحْمَٰنُ ءَامَنَّا بِهِۦ وَعَلَيْهِ تَوَكَّلْنَا ۖ فَسَتَعْلَمُونَ مَنْ هُوَ فِى ضَلَٰلٍ مُّبِينٍ
٢٩ قُلْ أَرَءَيْتُمْ إِنْ أَصْبَحَ مَآؤُكُمْ غَوْرًا فَمَن يَأْتِيكُم بِمَآءٍ مَّعِينٍۭ ٣٠

ترتيبها 68 — سُورَةُ القَلَمِ — اياتها 52

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

نٓ ۚ وَٱلْقَلَمِ وَمَا يَسْطُرُونَ ١ مَآ أَنتَ بِنِعْمَةِ رَبِّكَ بِمَجْنُونٍ ٢
وَإِنَّ لَكَ لَأَجْرًا غَيْرَ مَمْنُونٍ ٣ وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خُلُقٍ عَظِيمٍ ٤
فَسَتُبْصِرُ وَيُبْصِرُونَ ٥ بِأَييِّكُمُ ٱلْمَفْتُونُ ٦ إِنَّ رَبَّكَ هُوَ
أَعْلَمُ بِمَن ضَلَّ عَن سَبِيلِهِۦ وَهُوَ أَعْلَمُ بِٱلْمُهْتَدِينَ ٧ فَلَا تُطِعِ
ٱلْمُكَذِّبِينَ ٨ وَدُّوا۟ لَوْ تُدْهِنُ فَيُدْهِنُونَ ٩ وَلَا تُطِعْ كُلَّ
حَلَّافٍ مَّهِينٍ ١٠ هَمَّازٍ مَّشَّآءٍۭ بِنَمِيمٍ ١١ مَّنَّاعٍ لِّلْخَيْرِ مُعْتَدٍ
أَثِيمٍ ١٢ عُتُلٍّۭ بَعْدَ ذَٰلِكَ زَنِيمٍ ١٣ أَن كَانَ ذَا مَالٍ وَبَنِينَ
١٤ إِذَا تُتْلَىٰ عَلَيْهِ ءَايَٰتُنَا قَالَ أَسَٰطِيرُ ٱلْأَوَّلِينَ ١٥

(12) {Раббысынан көрмей тұрып қорыққандар кешірімге (жарылқауға) және үлкен сауапқа қол жеткізеді}.

(13) {Сендер сөздеріңді жасырын қылыңдар яки әшкерек қылыңдар} Аллаһ бәрі-бір оны біліп тұрады. Аллаһқа еш нәрсе жасырын болмайды. {Аллаһ шындығында жүректегіні Білуші} яғни, жүректегі сырларды.

(14) Адамдарды және сол адамдардың жүректерін Өз қолымен {жаратқан} жүректердің сырларын {білмей ме?} әлбетте Жаратушы жаралушыдан артық білуші. {Ол (жүректегі нәрселерге білімі) тым Жұмсақ}. Жүректерде жасырынған және құпия жүргізілген істердің {барлығынан толық хабардар} Оған ешқандай іс құпия болмайды.

(15) {Аллаһ сендерге жерді} отыруға болмайтын және жүруге болмайтын өте кедір-бұдыр (кесек-кесек) қылмай, {жүруге ыңғайлы (оңай) қылды. Жердің төңірегінде жүріңдер. Аллаһтың} сендерге жерде жаратып берген {ризығынан жеңдер} Аллаһ сендерге жердің молшылығынан пайдалана алатын қылды. Соны білулерің керек, бұл дүниеден ақыретке сөзсіз көшесіңдер. {Сендер} қабірлеріңнен {тірілгеннен кейін Аллаһтың құзырына қайтарыласыңдар}.

(16) {Аспандағының}, яғни Аллаһтың {жер сілкінген кезде} жүруге қолайлы болғаннан кейін теңселіп, қозғалғанда тура Қарунды жұтқызып жібергендей {сендерді жерге жұтқызып жіберулеріңнен қорықпайсыңдар ма?}.

(17) {Яки аспандағының} тура Лут және піл иелеріне жаудырғандай {сендерге тас жаудыруынан қорықпайсыңдар ма?} сендер азапты көрген кезде Менің {ескертуімнің қандай екендігін білесіңдер} бұл кезде білгендерің ешқандай пайда бермейді.

(18) {Олардан ілгері өткендер (пайғамбарларын) жалғанға шығарды}. Оларға қатты азап түсіру арқылы оларды {айыптағандығым қандай екен?}

(19) {Олар қанаттарын жайған және жиған (жинаған) халде үстінде (төбесінде) ұшып кетіп бара жатқан құстарға (өнеге, ғибрат көзімен) қарамай ма?}. Қанаттарын керген (жайған) және жиған халде {төбелерінде (үстерінде) ұшып жатқан құстарды} қанаттарын ашқан және жиған кезде жерге түсіп кетуден {тек қана Аллаһ} өте жіңішкеліктен жарату сияқты құдыреті арқылы ғана {ұстап тұрады. Аллаһ шындығында әр нәрсені көріп Тұрушы}.

(20) {Сендерге Аллаһ жәрдем бергеннен тысқары, және кім сендерге жәрдемші топ бола алады} яғни Аллаһ Өз жәрдемі және рақымы арқылы жәрдем қылмаса, кім сендерге жәрдем қыла алады? Сендерді Аллаһтың азабынан құтқаратын ешқандай топ (әскер) жоқ. {Кәпірлер тек қана алдануда} яғни шайтан оларды: «азап түспейді (келмейді)» деп алдайды.

(21) {Егер Аллаһ} жаңбыр және басқа ризықтың себептерін тосып қою арқылы {ризықты ұстап қалса (кемітіп қойса), сендерге кім ризық береді. Олар тәкаппарлықта, ақиқаттан алыстауда қасарысқан} Олар ғибрат алмайтын және тәфаккур қылмайтын (ой жүгіртпейтін, ой елегінен өткізбейтін) қауым.

(22) {Етпетінен жүрген жол таба ала ма?} бұл кәпір, дүниеде күнә-мағсияға етпетінен құлап жүреді, Қиямет күні болса, бетінде жүрген түрде тірілтіледі.

{Яки өзін (бет келбетін, жүзін) тура ұстап, түзу жолда жүрген адам ба?} бұл мұсылман болып, дүниеде Аллаһтың жолында ақыл және һидает арқылы жүреді. Қиямет күнінде болса, жаннатқа алып баратын тура (тегіс) жол үстіне тірілтіледі.

23 Ей, Мұхаммед! Оларға {айт! Аллаһ сендерді жаратты. Сендер үшін құлақты, көздерді, жүректерді жаратты. Сендер аз шүкірлік қыласыңдар}.

24 {Айт, Аллаһ сендерді жер жүзінде жаратып (көбейтті)} оның үстінде сендерді таратты да жинады да, {(есеп беру үшін) Аллаһтың құзырына жиналасыңдар}.

25 {Олар: «Егер сендер шыншыл (рас айтушы) болсаңдар, бұл уәде қашан іске асырылады», - дейді}.

26 Ей, Мұхаммед! Оларға {айт, (бұл жөніндегі) ілім} яғни қияметтің қашан болуы {Аллаһтың құзырында} бұны Аллаһтан басқа ешкім білмейді. {Мен тек қана} сендерді кәпірліктің зардабынан {ашық ескертушімін}. Мен Аллаһ баян қылуға бұйырғанды баян қыламын (баяндаймын). Аллаһ маған қияметтің уақытын хабар қылуды (хабарлауды) бұйырмады.

27 {Олар азаптың өздеріне жақындығын көрген кезде, жүздері қарайып кетеді. Оларға: «Міне бұл сендер} дүниедегі кездеріңде масқара қылып (келеке етіп) тездеткілерің келген {талап қылған нәрсе делінеді»}.

28 Ей, Мұхаммед! {Айт: «айтып көріңдерші! Егер Аллаһ} сендер күткендей және армандағандай {Мені және менімен болған} мүміндерді {һәләк қылатын (құртатын, жоятын) болса, яки} біздің ажалымызды кешіктіріп, {бізге рақым қылатын болса} сендерге не пайда бар. {Кәпірлерді қатты азаптан кім құтылдырады (құтқарады)?} яғни мейлі Аллаһ пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) және мұсылмандарды олар үміт қылғандай жойсын (һәләк қылсын) яки сақтап қалсын, оларды (кәпірлерді) азаптан ешкім құтылдыра алмайды.

29 {Айт: «Ол өте Жарылқаушы Аллаһ. Оған иман айттық және Оған тәуекел қылдық. Сендер кімнің анық адасушылықта екендігін келешекте (болашақта) білесіңдер»}.

30 Оларға {айтып көріңдерші?} Аллаһ сендерге нығмет қылып берген бұлақ, дария және құдықтардағы суларың шамаларың (күштерің) жетпейтіндей алыстап кетсе яки жоғалып кетсе және яки жер астына {сіңіп кетсе, сендерге кім ағын су келтіріп береді дегін} яғни сендердің пайдалануларың үшін жаңбыр яки дариялар арқылы (суды) Аллаһтан басқасы келтіріп бере алмайды.

# 68. Қалам сүресі

(Меккеде түскен, 52 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Нун} бұл араб әліппесіндегі бір әріп болып, бұдан басқа кейбір сүрелерде келгендей сүренің басталуы үшін қолданылған. {Қаламмен және олар жазған нәрселермен ант (қасам)!}

2 Ей, Мұхаммед! {Сен Раббыңның нығметімен, (мүшіріктер айтқандай) жынды (мәжнун) емессің} Аллаһ Тағаланың нығметімен (ол нығмет - пайғамбарлық пен жалпы төрағалық) жындылықтан пәксін.

3 {Анығында, сен әлбетте} пайғамбарлықтың қиыншылығын (ауыртпашылығын) және әртүрлі жапаларды көтергендігің үшін басқалар тарапынан міндет қылынбайтын (кейін айтылмайтын) {үзіліссіз сауапқа ие боласың}.

4 Ей, Мұхаммед! {Сен ақиқатында} Аллаһ саған Құранда бұйырған {жоғары мінез-құлыққа иесің}. Сахих хадисте Айша (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) ахлағы (мінез-құлқы) жайында сұралғанда: «Оның (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) ахлағы Құран еді»,—деп жауап бергендігі риуаят етілген.

5 6 {Келешекте (қайсыларыңның жынды екендігін) сен көресің, олар да көреді} яғни қияметте кімнің жынды екендігі әшкере болады. Бұл кәпірлердің Пайғамбарды (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) азғын, жынды деген күмәніне берілген жауап (тойтарыс) болып, Аллаһ төменде және былай дейді:

7 {Күдіксіз, сенің Раббың Өзінің жолынан адасқандарды жақсы біледі}. яғни шынайы адасқандардың сен емес, керісінше, жала жапқандар екендігін жақсы біледі. Шынайы адасқандар ол кәпірлер, себебі, осы жақында (жақын арада) және келешекте келетін пайдадан бет бұрып, зиянды таңдады. {Һидает табушыларды да, жақсы біледі}, яғни

سَنَسِمُهُۥ عَلَى ٱلۡخُرۡطُومِ ١٦ إِنَّا بَلَوۡنَٰهُمۡ كَمَا بَلَوۡنَآ أَصۡحَٰبَ ٱلۡجَنَّةِ إِذۡ أَقۡسَمُواْ
لَيَصۡرِمُنَّهَا مُصۡبِحِينَ ١٧ وَلَا يَسۡتَثۡنُونَ ١٨ فَطَافَ عَلَيۡهَا طَآئِفٞ مِّن رَّبِّكَ
وَهُمۡ نَآئِمُونَ ١٩ فَأَصۡبَحَتۡ كَٱلصَّرِيمِ ٢٠ فَتَنَادَوۡاْ مُصۡبِحِينَ ٢١ أَنِ
ٱغۡدُواْ عَلَىٰ حَرۡثِكُمۡ إِن كُنتُمۡ صَٰرِمِينَ ٢٢ فَٱنطَلَقُواْ وَهُمۡ يَتَخَٰفَتُونَ ٢٣
أَن لَّا يَدۡخُلَنَّهَا ٱلۡيَوۡمَ عَلَيۡكُم مِّسۡكِينٞ ٢٤ وَغَدَوۡاْ عَلَىٰ حَرۡدٖ قَٰدِرِينَ ٢٥ فَلَمَّا
رَأَوۡهَا قَالُوٓاْ إِنَّا لَضَآلُّونَ ٢٦ بَلۡ نَحۡنُ مَحۡرُومُونَ ٢٧ قَالَ أَوۡسَطُهُمۡ أَلَمۡ أَقُل
لَّكُمۡ لَوۡلَا تُسَبِّحُونَ ٢٨ قَالُواْ سُبۡحَٰنَ رَبِّنَآ إِنَّا كُنَّا ظَٰلِمِينَ ٢٩ فَأَقۡبَلَ
بَعۡضُهُمۡ عَلَىٰ بَعۡضٖ يَتَلَٰوَمُونَ ٣٠ قَالُواْ يَٰوَيۡلَنَآ إِنَّا كُنَّا طَٰغِينَ ٣١ عَسَىٰ
رَبُّنَآ أَن يُبۡدِلَنَا خَيۡرٗا مِّنۡهَآ إِنَّآ إِلَىٰ رَبِّنَا رَٰغِبُونَ ٣٢ كَذَٰلِكَ ٱلۡعَذَابُۖ وَلَعَذَابُ
ٱلۡأٓخِرَةِ أَكۡبَرُۚ لَوۡ كَانُواْ يَعۡلَمُونَ ٣٣ إِنَّ لِلۡمُتَّقِينَ عِندَ رَبِّهِمۡ جَنَّٰتِ ٱلنَّعِيمِ
٣٤ أَفَنَجۡعَلُ ٱلۡمُسۡلِمِينَ كَٱلۡمُجۡرِمِينَ ٣٥ مَا لَكُمۡ كَيۡفَ تَحۡكُمُونَ ٣٦ أَمۡ
لَكُمۡ كِتَٰبٞ فِيهِ تَدۡرُسُونَ ٣٧ إِنَّ لَكُمۡ فِيهِ لَمَا تَخَيَّرُونَ ٣٨ أَمۡ لَكُمۡ أَيۡمَٰنٌ
عَلَيۡنَا بَٰلِغَةٌ إِلَىٰ يَوۡمِ ٱلۡقِيَٰمَةِ إِنَّ لَكُمۡ لَمَا تَحۡكُمُونَ ٣٩ سَلۡهُمۡ أَيُّهُم
بِذَٰلِكَ زَعِيمٌ ٤٠ أَمۡ لَهُمۡ شُرَكَآءُ فَلۡيَأۡتُواْ بِشُرَكَآئِهِمۡ إِن كَانُواْ صَٰدِقِينَ ٤١
يَوۡمَ يُكۡشَفُ عَن سَاقٖ وَيُدۡعَوۡنَ إِلَى ٱلسُّجُودِ فَلَا يَسۡتَطِيعُونَ ٤٢

жақын арада және келешектегі бақытқа апаратын Аллаһтың жолымен жүретіндерді.

(8) {Қарсылық қылушыларға бойсұнбағын!}

(9) {Сенің оларға жұмсақтық қылуыңды, және олар саған жұмсақтық қылуларын қалайды}, кейбір ғалымдар былай тәпсір жасайды: «Сен айналысып жүрген ақиқатыңды тастап, оларға бүйіріңді бұрып, олар саған жұмсақтық көрсетіп, сен олармен бірге болуыңды қалайды».

(10)-(13) Әрбір өтірік {ант іше беретін}, {жиіркенішті, өте айыптағыш}, яғни адамдардың жамандықтарын беттеріне айтатын, {өсекшіл} өсек тасып жүретін, {дөрекі} бұл туралы Зужжаж былай дейді: «Мінезі қатып қалған, құрғақ». Осы кемшіліктерден кейін ол тағы {тексізге} өзін өтірік осы қауымнан дейді, бірақ осы қауымнан еместіге (Уалид ибн Муғираға) {бойсұнба}.

(14) (15) {Біздің аяттарымыз оған оқылса, оның мал-мүлкі және ұлдары болғандығы үшін (бұл) бұрынғылардың ертегілері дейді} бұл осылай істеген адамды ескерту және сөгіс беру үшін. Өйткені ол өзіне мал-мүлік және ұлдарды берген (Раббысын) Оның пайғамбарын және аяттарын теріске шығару (кері қайтару) арқылы жауап қайтарды.

(16) {Оның мұрнына дақтап белгі саламыз} яғни ол тозаққа кіруден бұрын, оның мұрнына белгі салумен бірге бетін (жүзін) қара қылып, одан айрылмайтын (жоғалмайтын) бір белгі саламыз.

(17) {Күдіксіз, Біз оларды} яғни Мекке әһлін (тұрғындарын) Пайғамбардың (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) оларға сұраған дұғасымен құрғақшылық, ашаршылыққа душар етумен {белгілі бақтың иелерін сынағандай сынадық} бұл құрайыштар жақсы білетін қисса еді. Айтылғандарға қарағанда, сол заманда Йеменнің Санға қаласына жақын бір жерде бір адамның Аллаһтың хақын пақырларға (үлестіріп) тұратын бағы бар еді. Бір күні ол адам дүниеден озып, бағы балаларына қалды. Балалары оның жемістерін кембағалдарға беруді тоқтатып, Аллаһтың хақына сарандық қылып: «Малымыз аз, жан санымыз көп, әкеміз сияқты қылсақ, бізге жетпейді»,—десіп, кембағалдарды хақынан махрум етпекші болды. Сонымен, олардың соңы Аллаһ тағала төменде баян еткендей болды. {Олар} яғни бақтың иелері {оның жемістерін} кембағалдар білмесін, оларға еш нәрсе бермейік десіп, {таңсәріде жемістерді үзіп алуға анттасқан (қасам ішіскен) еді}.

(18) {Олар истисна (ажырату) қылмаған}, яғни, бұл аятта «Құдай қаласа (Аллаһ қаласа)» демеген еді деген мағынада. Кейбіреулер: «Бұл аяттың мағынасын «міскіндерге әкесі беріп келе жатқан белгіленген мөлшердегі хақын ажыратып бермеуге ниет қылған еді»,—дегендік болады деп қараған.

(19) (20) {Олар ұйықтап жатқанда баққа Раббысы тарапынан азап} яғни от (жалын) {түсіп, бақ} күйіп, бүкіл жемісі жиналып болған сияқты, ешқандай жеміс қалмаған {қап-қара күлдей болып қалды}.

(21) (22) {Олар: Егер (жемістерді) үзбекші болсаңдар} пақырлар келуден бұрын {баққа барыңдар деп, таңсәріде бір-бірін шақырысты (айғайлады)}.

(23) (24) {Олар (баққа қарай) жүрді. Жолда кетіп бара жатып: Бүгін баққа} «әкелерің беріп келе жатқан жемістерден беріңдер!»—деп сұрап қалмауы үшін {әсте бір міскін де кірмесін десіп сыбырласты}.

(25) {Олар: (міскіндерді баққа кіруден) тоса

аламыз деген оймен таңсәріде (ұйқыларынан) тұрысты} яғни қауымнан бөлініп таңата жолға шықты.
26 27 {Олар бақтың (күйіп, қап-қара болып кеткендігін) көріп: «Біз шындығында, адасып кетіппіз (адасыппыз)} яғни: «басқа баққа келіп қалыппыз, бұл біздің бағымыз емес»,—десті. Біраз ойланып, бақтың өздерінің бағы екендігін, Аллаһ тағаланың оларды жазалап, бақтың жемістерін құрытып жібергендігін білгеннен кейін: {Жоқ, біз} міскіндердің хақын бермеуді ниет қылғанымыз үшін, бақтың жемісінен {құр қалыппыз», - деді}.
28 {Олардың жақсысы} яғни ең ақылдысы және ерекшесі: {Сендер} Аллаһ тағаланың залымдарды әрдайым күзетіп тұратындығын және Ол міскіндердің хақы турасында өздеріңнің қате қылғандықтарыңды анық білгеннен кейін {«Не үшін Аллаһқа (тәубе қылып), тәсбих айтпайсыңдар демеген бе едім?»—деді}.
29 {Олар: «Раббымыз! Сені пәктеп, бойсұнамыз} яғни: «Сен біздің бағымызға қылғаның жайында: бізге зұлымдық қылды деуімізден Пәксің. Міскіндердің хақын тыюмен {біз ақиқатында зұлымдық қылушылардан болдық», - деді}.
30 {Сонымен, олар бір-біріне сөгумен қарасты}.
31 {Олар: «Нендей өкініш бізге! Біз ақиқатында шектен шығыппыз»,—десті}.
32 {Мүмкін, Раббымыз, бізге бұдан жақсырақ (бақты) бергей, біз әлбетте Раббымыздан} жақсылық беруін және кешіруін {үміт қылушылармыз}.
33 {Азап міне осылай} яғни кәпірлерге де бақ иелеріне түскен азап түседі. {Егер олар білсе, ақыреттің азабы тіпті де қатты} бірақ олар білмейді.
34 {Тақуалар Раббыларының құзырында ақиқатында нағыйм жаннаттарда (яғни жемістері мол жаннаттарда) игіліктенеді}.
35 {Біз мұсылмандарды кәпірлермен пара-пар қыламыз ба (теңейміз бе)?} сол замандағы құрайыш кәпірлерінің үлкендері: «Егер Мұхаммедтің айтқандары тура болып қалған халде де (жағдайда да), біздің жағдайымыз бен мұсылмандардың жағдайы тек дүниеде ұқсас болмайды. Ақыретте де бізге мұсылмандарға берілген жаннаттың нығметтері беріледі»,—деседі. Сонымен, Аллаһ тағала жоғарыдағы аятында, Аллаһтың тағатында (құлшылығында) мықты тұрғандар мен Аллаһқа сатқындық істеуді қаперіне алмайтын, күнәһар, пасықты пара-пар (тең) қылудың әділдік еместігін хабар қылады (хабарлады).
36 {Сендерге не болды?} тура сыйлау және жазалау құқығы сендерге берілгендей {қалайша мұндай үкім шығарасыңдар!} бұл үкім - қате.
37 38 {Яки сендерде} қарсы шығушы (күнәһар) мен бойсұнушы пара-пар (тең) болады деп жазылған {бір кітап болып, одан сендерге (Қиямет күні) қалағандарың бар, дегенді оқыдыңдар ма?}
39 {Немесе сендер үшін Бізге қарсы Қияметке дейін жалғасатын, шәксіз өз пайдаларыңа үкім берілетін бір ант бар ма?} яғни, сендердің қанағаттандырылатындай, Аллаһ сендерді жәннатқа кіргіземін деп ант ішіп, Қиямет күніне дейін тұрақты, өзгермейтін, сол күні үкімдеріңді беретін келісім бар ма?
40 Ей, Мұхаммед! Сөгіп {Олардан сұрап көр, олардың арасында қайсысы (жоғарғы істерге) кепілдік қыла алады?}
41 {Яки олардың} ақыретте мұсылманмен оларды пара-пар қылатын Аллаһқа {серік қосып алған (тәңірлері, құдайлары) бар ма? (Егер олар шағымында) шыншыл болса, (қосқан) серіктерін келтіріп көрсін}.
42 {Ол күнде} яғни Қиямет күнінде {балтыр (сирақ) ашылады}. Аллаһ субханаһу уә тағала мақлұқаттарына ол күннің өте қорқынышты екендігін білдіруі үшін балтырын ашады. Имам Бұхари Әбу Сағидтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегенін риуаят қылады: «Мен Пайғамбардың (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) мынадай айтқандығын естігенмін: «(Қиямет күні) Раббымыз балтырын ашады. Сонымен, барлық мұсылман ер және мұсылман әйелдер Оған сәжде қылады. Бұлардан дүниеде рия (басқалар көрсін яки естісін) үшін сәжде қылғандар, сәжде қылғалы барғанда бүтін денесі таяқтай қатып қалады»». {Олар (иманын сынау үшін) сәжде қылуға шақырылады. Олар сәжде қыла алмайды} ол кезде барлық мақлұқаттар сәжде қылады. Тек кәпір және мұнафиқтар дүниеде Аллаһқа

خَٰشِعَةً أَبۡصَٰرُهُمۡ تَرۡهَقُهُمۡ ذِلَّةٞۖ وَقَدۡ كَانُواْ يُدۡعَوۡنَ إِلَى ٱلسُّجُودِ وَهُمۡ سَٰلِمُونَ
٤٣ فَذَرۡنِي وَمَن يُكَذِّبُ بِهَٰذَا ٱلۡحَدِيثِۖ سَنَسۡتَدۡرِجُهُم مِّنۡ حَيۡثُ
لَا يَعۡلَمُونَ ٤٤ وَأُمۡلِي لَهُمۡۚ إِنَّ كَيۡدِي مَتِينٌ ٤٥ أَمۡ تَسۡـَٔلُهُمۡ أَجۡرٗا فَهُم
مِّن مَّغۡرَمٖ مُّثۡقَلُونَ ٤٦ أَمۡ عِندَهُمُ ٱلۡغَيۡبُ فَهُمۡ يَكۡتُبُونَ ٤٧ فَٱصۡبِرۡ
لِحُكۡمِ رَبِّكَ وَلَا تَكُن كَصَاحِبِ ٱلۡحُوتِ إِذۡ نَادَىٰ وَهُوَ مَكۡظُومٞ ٤٨ لَّوۡلَآ
أَن تَدَٰرَكَهُۥ نِعۡمَةٞ مِّن رَّبِّهِۦ لَنُبِذَ بِٱلۡعَرَآءِ وَهُوَ مَذۡمُومٞ ٤٩ فَٱجۡتَبَٰهُ رَبُّهُۥ
فَجَعَلَهُۥ مِنَ ٱلصَّٰلِحِينَ ٥٠ وَإِن يَكَادُ ٱلَّذِينَ كَفَرُواْ لَيُزۡلِقُونَكَ بِأَبۡصَٰرِهِمۡ
لَمَّا سَمِعُواْ ٱلذِّكۡرَ وَيَقُولُونَ إِنَّهُۥ لَمَجۡنُونٞ ٥١ وَمَا هُوَ إِلَّا ذِكۡرٞ لِّلۡعَٰلَمِينَ ٥٢

ترتيبها 69 — سُورَةُ الحَاقَّةِ — آياتها 52

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

ٱلۡحَآقَّةُ ١ مَا ٱلۡحَآقَّةُ ٢ وَمَآ أَدۡرَىٰكَ مَا ٱلۡحَآقَّةُ ٣ كَذَّبَتۡ ثَمُودُ
وَعَادُۢ بِٱلۡقَارِعَةِ ٤ فَأَمَّا ثَمُودُ فَأُهۡلِكُواْ بِٱلطَّاغِيَةِ ٥ وَأَمَّا
عَادٞ فَأُهۡلِكُواْ بِرِيحٖ صَرۡصَرٍ عَاتِيَةٖ ٦ سَخَّرَهَا عَلَيۡهِمۡ
سَبۡعَ لَيَالٖ وَثَمَٰنِيَةَ أَيَّامٍ حُسُومٗاۖ فَتَرَى ٱلۡقَوۡمَ فِيهَا صَرۡعَىٰ
كَأَنَّهُمۡ أَعۡجَازُ نَخۡلٍ خَاوِيَةٖ ٧ فَهَلۡ تَرَىٰ لَهُم مِّنۢ بَاقِيَةٖ ٨

иман айтып көрмеген және Оған сәжде етіп көрмегендігі үшін, барлық мүшелері қатып қалып, сәждеге иіле алмайды.

43 {Олар (қорқыныштан) тіке қарай алмайды. Оларға қорлық бет алады. Олар (дүниеде) сау} дене-мүшелері бүтін, қылуға күші жететін {кездерінде сәждеге шақырылған еді}. Ибраһим Тәйми былай дейді: «Азан және қамат арқылы шақырылған еді. Олар сәждеден бас тартты».

44 {Бұл сөзді (Құранды) теріске шығарушыларды маған қалдыр}, яғни, оларды, олардың жағдайларын, жүрегіңді әуреленділмей Маған таста, Мен оларға да саған да жеткіліктімін. {оларды білмеген жақтан, әсте-әсте һәләкатқа (жойылуға) бет алдырамыз}. Оларды нығмет күтіп отыр деп ойлайды, соңында алып баратын жерін ойламайды. Сонымен, соңында нені кездестіретіндерін де ойламайды.

45 Олардың тіпті де көп күнә істеуі үшін {оларға уақыт беремін. Күдіксіз, Менің амалым (істі жүргізуім) өте шебер}. Ешқандай бір нәрсені бос жібермеймін.

46 {Яки олардан} дінге шақырғандығыңа ақы сұрап, олардың (экономикалық) жүгін ауырластырып (қиындатып) жібердің бе?} яғни, сен олардан дағуатыңа ақы сұрап, оларға сараңдықтарынан ақы төлеуге қиын болып, сол себепті дағуатыңа жауап бермеді ме?

47 {Не оларда жасырын (ғайыпты) ғылым бар болып, оны жаза ма?}, яғни, оларда ғайыпты білім бар ма? Және де күмәнданған дәлел-сипаттардың қалағанын жазып, сол жазғандарымен сенімен пікірталастық қыла ма?

48 Аллаһ тағала Пайғамбарға (саллаллаху ъалейhи уа саллам) сабыр қылуға бұйырып: {Раббыңның үкіміне сабыр қыл}. Асығыстықта, зерігушілікте {киттің иесіне} яғни Юнуске (аләйһис-сәләм) {ұқсамағын. Өз уақытында ол қайғырған халде} киттің қарнында тұрып: {Раббысына: (Раббым!) Сенен басқа құлшылыққа лайықты (тәңір) жоқ, Сен (барлық кемшіліктерден) Пәксің. Мен шындығында (өз нәпсіме) зұлымдық қылушылардан болдым} (Әнбия сүресі, 87-аяттың бір бөлігі) деп {жалбарынды}. Юнус пайғамбар (аләйһис-сәләм) қиссасы туралы Әнбия, Юнус және Саффат сүрелерінде баян етілген.

49 {Егер ол} тәубе қылуы сияқты {Раббысының нығметіне ие болмаған болса еді, әлбетте, ол (қылмысына) мүләйімдік қылынған халде} терек те жоқ, тау да жоқ {бір айдалаға тасталған болатын еді}.

50 {Раббысы оны (пайғамбарлыққа) таңдады. Оны жақсылардан қылды} яғни жақсылыққа орнықты (толы) етті. Кейбір риуаяттарда: «Аллаһ оған және оның қауымына шапағат қылып, оны жүз мыңнан артық қауымға қайта пайғамбар қылып жіберді. Және олардың барлығы иман айтты»,—делінген.

51 {Кәпірлер Құранды естіген кездерінде} саған болған дұшпандықтарының қаттылығынан жаман {көздерімен сені құлатып жіберуге шақ қалады. Сені: күдіксіз, бір жынды деседі}.

52 {Құран—тек қана бүкіл әлем иелері үшін уағыз-насихат}.

# 69. Хаққа сүресі

(Меккеде түскен, 52 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Ақиқаттар анық әшкере болатын {Хаққа}, яғни, Қиямет.
2 {Хаққа (Қиямет) не?}
3 {Қияметтің не екендігін қалай біле аласың?}.
4 {Сәмуд және Ад (қауымдары) қияметті инкәр қылды (теріске шығарды)}.
5 {Сәмуд} яғни Салих (аләйһис-сәләм) қауымы {болса әдеттен тысқары қатты дауыспен һәләк қылынды (құрыды, жойылды)}.
6 {Ад} яғни Һудтің (аләйһис-сәләм) қауымы {болса шектен тыс (артық) қатты} тоқтамай шығатын {және суық боранмен жойылды}.
7 {Аллаһ оларға боранды жеті түн, сегіз күндіз (үздіксіз жалғасты түрде) келтірді (қылды)} Оларды шиыршық тастар өлтірген еді. {(Ад) қауымының} өз мекендерінде һәләк болып (жойылып) {құрма ағаштарының шіріген томарларындай жатқандығын көресің}.
8 {Олардан бір адамның (аман) қалғандығын көре аласың ба?} олардан бір де адам сау қалмаған еді.
9 {Перғауын және одан ілгергі} кәпірлер {және қалалары төңкерілгендер (ойрандалғандар)} яғни Лут қауымы, Аллаһқа серік қосу және қарсы шығу (сатқындық қылу) сияқты {қате істерді істеді (қылды)}.
10 {Олар Раббысының пайғамбарына сатқындық қылды (қарсы шықты), сонымен оларды Аллаһ} жұрттарын төнкеріп жіберу және қиыршық тас аралас боран жіберу арқылы {қатты жазалады}.
11 12 {Күдіксіз, (Нұхтың заманында) үлкен су жайылып (басып) кеткен шақта, сендерді} яғни аталарыңды сендер әлі дүниеге келмеген кезде {Біз кемеге салдық}. {Оны сендерге бір өнеге және естір құлақтарға естіп, сақтау үшін ғибрат қылдық}, яғни, Ей, Мұхаммедтің (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) үмбеті! Сендерге Нұх пайғамбар (аләйһис-сәләм) қауымының жойылу қиссасын Аллаһтың ұлы құдіретін және кегінің қандай қатты екенін көрсететін, естіген құлақ жаттап алатын өнеге ретінде келтірдік.
13 {Бірінші реткі сұр үрленген кезде}.
14 {Жер және таулар (орындарынан) көтеріліп (бір-біріне) ұрылып (уатылып кеткен) кезде} яғни олар бір-біріне бір ғана ұрылуда күл-талқан болып кеткенде.

وَجَآءَ فِرۡعَوۡنُ وَمَن قَبۡلَهُۥ وَٱلۡمُؤۡتَفِكَٰتُ بِٱلۡخَاطِئَةِ ٩ فَعَصَوۡاْ رَسُولَ
رَبِّهِمۡ فَأَخَذَهُمۡ أَخۡذَةٗ رَّابِيَةً ١٠ إِنَّا لَمَّا طَغَا ٱلۡمَآءُ حَمَلۡنَٰكُمۡ فِي ٱلۡجَارِيَةِ
١١ لِنَجۡعَلَهَا لَكُمۡ تَذۡكِرَةٗ وَتَعِيَهَآ أُذُنٞ وَٰعِيَةٞ ١٢ فَإِذَا نُفِخَ فِي ٱلصُّورِ
نَفۡخَةٞ وَٰحِدَةٞ ١٣ وَحُمِلَتِ ٱلۡأَرۡضُ وَٱلۡجِبَالُ فَدُكَّتَا دَكَّةٗ وَٰحِدَةٗ ١٤
فَيَوۡمَئِذٖ وَقَعَتِ ٱلۡوَاقِعَةُ ١٥ وَٱنشَقَّتِ ٱلسَّمَآءُ فَهِيَ يَوۡمَئِذٖ وَاهِيَةٞ
١٦ وَٱلۡمَلَكُ عَلَىٰٓ أَرۡجَآئِهَاۚ وَيَحۡمِلُ عَرۡشَ رَبِّكَ فَوۡقَهُمۡ يَوۡمَئِذٖ ثَمَٰنِيَةٞ
١٧ يَوۡمَئِذٖ تُعۡرَضُونَ لَا تَخۡفَىٰ مِنكُمۡ خَافِيَةٞ ١٨ فَأَمَّا مَنۡ أُوتِيَ
كِتَٰبَهُۥ بِيَمِينِهِۦ فَيَقُولُ هَآؤُمُ ٱقۡرَءُواْ كِتَٰبِيَهۡ ١٩ إِنِّي ظَنَنتُ أَنِّي مُلَٰقٍ
حِسَابِيَهۡ ٢٠ فَهُوَ فِي عِيشَةٖ رَّاضِيَةٖ ٢١ فِي جَنَّةٍ عَالِيَةٖ ٢٢
قُطُوفُهَا دَانِيَةٞ ٢٣ كُلُواْ وَٱشۡرَبُواْ هَنِيٓـَٔۢا بِمَآ أَسۡلَفۡتُمۡ فِي ٱلۡأَيَّامِ
ٱلۡخَالِيَةِ ٢٤ وَأَمَّا مَنۡ أُوتِيَ كِتَٰبَهُۥ بِشِمَالِهِۦ فَيَقُولُ يَٰلَيۡتَنِي لَمۡ أُوتَ كِتَٰبِيَهۡ
٢٥ وَلَمۡ أَدۡرِ مَا حِسَابِيَهۡ ٢٦ يَٰلَيۡتَهَا كَانَتِ ٱلۡقَاضِيَةَ ٢٧ مَآ أَغۡنَىٰ
عَنِّي مَالِيَهۡۜ ٢٨ هَلَكَ عَنِّي سُلۡطَٰنِيَهۡ ٢٩ خُذُوهُ فَغُلُّوهُ ٣٠ ثُمَّ ٱلۡجَحِيمَ
صَلُّوهُ ٣١ ثُمَّ فِي سِلۡسِلَةٖ ذَرۡعُهَا سَبۡعُونَ ذِرَاعٗا فَٱسۡلُكُوهُ ٣٢ إِنَّهُۥ
كَانَ لَا يُؤۡمِنُ بِٱللَّهِ ٱلۡعَظِيمِ ٣٣ وَلَا يَحُضُّ عَلَىٰ طَعَامِ ٱلۡمِسۡكِينِ ٣٤

15 {Бұл күні үлкен іс} яғни Қиямет {жүз береді (өң береді), басталады}.
16 Періштелердің түсуі үшін {аспан жарылады. Бұл күнде аспан (ойрандалып) әлсіреп кетеді}.
17 Аллаһ бұйыра салысымен жерге түсіп, жердегі барлық нәрселерді Өз бақылауына алу үшін {періштелер аспанның төңірегінде (тараптарында) тұрады. Бұл күнде Раббысының Аршысын сегіз періште үстерінде көтеріп тұрады}, Аллаһқа жақын, жақсы көретін сегіз періштелер.
18 {Бұл күнде сендер} Аллаһ тағалаға есеп беру үшін {жолығасыңдар, сендер ешқандай бір сырды жасырып қала алмайсыңдар}, яғни қандай болса да сырды, сөздеріңнен болсын, істеген істеріңнен болсын, өздеріңнен болсын, ештеңені Аллаһтан жасыра алмайсыңдар.
19 {Амал кітабы оң қолына берілген адам} ішіндегі дұрыс сенім мен жақсы амалдарды көріп, қуаныштан: {«бұл менің амал кітабымды алып оқып көріңдер»} дейді.
20 {«Мен} дүниедегі кезімде ақыретте

فَلَيْسَ لَهُ ٱلْيَوْمَ هَٰهُنَا حَمِيمٌ ﴿٣٥﴾ وَلَا طَعَامٌ إِلَّا مِنْ غِسْلِينٍ ﴿٣٦﴾ لَّا يَأْكُلُهُۥٓ
إِلَّا ٱلْخَٰطِـُٔونَ ﴿٣٧﴾ فَلَآ أُقْسِمُ بِمَا تُبْصِرُونَ ﴿٣٨﴾ وَمَا لَا تُبْصِرُونَ ﴿٣٩﴾
إِنَّهُۥ لَقَوْلُ رَسُولٍ كَرِيمٍ ﴿٤٠﴾ وَمَا هُوَ بِقَوْلِ شَاعِرٍ ۚ قَلِيلًا مَّا تُؤْمِنُونَ ﴿٤١﴾
وَلَا بِقَوْلِ كَاهِنٍ ۚ قَلِيلًا مَّا تَذَكَّرُونَ ﴿٤٢﴾ تَنزِيلٌ مِّن رَّبِّ ٱلْعَٰلَمِينَ ﴿٤٣﴾ وَلَوْ
تَقَوَّلَ عَلَيْنَا بَعْضَ ٱلْأَقَاوِيلِ ﴿٤٤﴾ لَأَخَذْنَا مِنْهُ بِٱلْيَمِينِ ﴿٤٥﴾ ثُمَّ لَقَطَعْنَا
مِنْهُ ٱلْوَتِينَ ﴿٤٦﴾ فَمَا مِنكُم مِّنْ أَحَدٍ عَنْهُ حَٰجِزِينَ ﴿٤٧﴾ وَإِنَّهُۥ لَتَذْكِرَةٌ
لِّلْمُتَّقِينَ ﴿٤٨﴾ وَإِنَّا لَنَعْلَمُ أَنَّ مِنكُم مُّكَذِّبِينَ ﴿٤٩﴾ وَإِنَّهُۥ لَحَسْرَةٌ عَلَى
ٱلْكَٰفِرِينَ ﴿٥٠﴾ وَإِنَّهُۥ لَحَقُّ ٱلْيَقِينِ ﴿٥١﴾ فَسَبِّحْ بِٱسْمِ رَبِّكَ ٱلْعَظِيمِ ﴿٥٢﴾

ترتيبها 70 — سُورَةُ ٱلْمَعَارِجِ — آياتها 44

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

سَأَلَ سَآئِلٌۢ بِعَذَابٍ وَاقِعٍ ﴿١﴾ لِّلْكَٰفِرِينَ لَيْسَ لَهُۥ دَافِعٌ ﴿٢﴾ مِّنَ
ٱللَّهِ ذِى ٱلْمَعَارِجِ ﴿٣﴾ تَعْرُجُ ٱلْمَلَٰٓئِكَةُ وَٱلرُّوحُ إِلَيْهِ فِى
يَوْمٍ كَانَ مِقْدَارُهُۥ خَمْسِينَ أَلْفَ سَنَةٍ ﴿٤﴾ فَٱصْبِرْ صَبْرًا جَمِيلًا ﴿٥﴾
إِنَّهُمْ يَرَوْنَهُۥ بَعِيدًا ﴿٦﴾ وَنَرَىٰهُ قَرِيبًا ﴿٧﴾ يَوْمَ تَكُونُ ٱلسَّمَآءُ كَٱلْمُهْلِ
﴿٨﴾ وَتَكُونُ ٱلْجِبَالُ كَٱلْعِهْنِ ﴿٩﴾ وَلَا يَسْـَٔلُ حَمِيمٌ حَمِيمًا ﴿١٠﴾

{есебіме кезігемін деп ойладым», - дейді} яғни, (шүбәсіз (айқын) сенген едім.

21 {Ол көңілді тұрмыста болады} разы болатын тұрмыста болады.

22 {Жоғары} яғни, жоғары жердегі, өйткені ол аспанда, немесе үйлері жоғары, мәртебесі жоғары {жаннатта болады}.

23 {Оның жемістері} тік тұрғанда да, отырғанда да, жатқанда да қолын созып қана ала алатын дәрежеде {жақын болады}.

24 Оларға былай делінеді: {Өткен күндерде} яғни дүниедегі кездерде жақсы амалдарды {қылғандықтарың үшін, қуанышта (шат-шадыманда) жеңдер, ішіңдер}.

25 {Амал кітабы сол қолына берілген адам} жаман амалдарын көріп, қайғырған халде {айтады, маған амал кітабым берілмеген болса ғой!}

26 {Есебімнің не болғанын білмесем едім (ғой)!}, себебі енді барлығына жауап беру керек.

27 {Дүниеде өлімім өмірімді} ақыретте қайта тірілмес қылып {аяқтатса ғой!}, жаман амалдарын, оны қандай азап күтетіндігін көріп, тірілтудің жоқ болғанын және өлімнің мәңгі болғанын армандайды.

28 {Менің} жиған {мал-мүлкім маған еш нәрсеге жарамады} яғни Аллаһтың азабын тосып қала алмады.

29 {Менің күш-қуатым қолымнан кетті} кейбіреулердің тәпсір қылғанынша: мансаб, бедел, билік менен кетті.

30 Бұл кезде Аллаһ тозаққа жауапты періштелерге айтады: {Оны ұстаңдар, оған бұғау салыңдар},

31 {Сосын оны тозаққа тастаңдар}.

32 {Сонан соң оны ұзындығы 70 кез келетін шынжырмен байлаңдар}, Суфьян былай дейді: «Ол (шынжыр) оның артынан кіргізіліп ауызынан шығатыны бізге жеткізілді».

33 Оның мұндай азапталуы сол себепті, {ол шындығында Ұлық Аллаһқа иман айтпаған (келтірмеген) еді}.

34 {Міскінге тамақ беруге қызықпайтын, (ұмтылмайтын) еді}.

35 {Бүгін оған бұл жерде} яғни Қиямет күнінде шапағат қылатын және пайдасын тигізетін {дос жоқ} себебі бұл күн туыс туысынан (туған туғанынан), жақсы көргендер бір-бірінен қашатын күн.

36 {Оған іріңнен} яғни денелерін жуып түскен, құсық және іріңнен {басқа тамақ жоқ}.

37 {Оны тек қана адасқан адамдар} яғни күнәһарлар және кәпірлер ғана {жейді}.

38 39 {Мен сендер көріп тұратын нәрселермен ант етемін. Сендер көрмейтін нәрселермен де ант етемін} яғни барлық мақлұқатпен ант етемін (қасам қыламын).

40 {Бұл Құран әлбетте құрметті елшінің} яғни Жәбірейілдің (аләйһис-сәләм) алып келуі яки Мұхаммедтің (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) тиләуат қылып беруі арқылы Аллаһ тарапынан жеткізілген {сөз}.

41 {Ол} Құран сендер күмән қылғандай {ақынның сөзі емес} себебі, ол ақын өлеңдерінің бір түрі емес {сендер өте аз сенесіңдер}, яғни аз ғана иманмен иман етесіңдер.

42 {Ол} Құран сендер күмән қылғандай {балгердің сөзі де емес} өйткені, балгерлік пен Құран біріге алмайтын бөлек-бөлек нәрселер {сендер аз уағыз-насихат аласыңдар}.

43 {Әлемдердің Раббысы тарапынан

түсірілген} яғни ол Құран пайғамбарларың Мұхаммедке (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) Раббыларың тарапынан сол пайғамбардың тілі арқылы түсірілген.

44 {Егер ол} яғни Жәбірейіл (аләйhис-сәләм) яки Мұхаммед (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) {Біздің атымыздан жалғанды құрастыратын болса},

45 {Әлбетте, оның оң жағынан алар едік}, яғни, оң қолынан.

20 {Сосын оны негізгі күре тамырын кесіп тастайтын едік} бұл патшаны қатты ашуландырғанда қолданатын жазаның баяны (суреттеуі).

47 {Сендерден ешбір адам оны} Біздің жазалауымыздан {қорғап қала алмайды} Сендер үшін Аллаh туралы қалай ғана өтірік айтады?

48 {Күдіксіз, бұл Құран—тақуалар үшін уағыз-насихат}. Өйткені олар Құраннан пайда ала алады.

49 {Біз күдіксіз білеміз, сендердің араларыңда} Құран аяттарын соншама анық тура {оны теріске шығарушылар (қабылдамаушылар) бар} Біз оларға тиісті жазасын береміз.

50 {Ол (Құран) кәпірлерге} олар Құранды растаушылардың (тасдиқ қылушылардың) сауабын және теріске шығарушылардың азабын көрген кезде {әлбетте қасырет болады}.

51 {Ол (Құран) анық} Аллаh тарапынан түсірілген {шәксіз (күдіксіз) ақиқат}.

52 {Ұлық Раббыңды} мүшріктердің жалаларынан {пәк есімімен дәріпте!}.

# 70. Мағариж сүресі

(Меккеде түскен, 44 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаhтың атымен бастаймын.**

1 {Бір тілеуші} ол Нәзір ибн Харис деп айтылды {(кәпірлерге) сөзсіз болатын азаптың (түсуін) тіледі}. Нәзір ибн Харис былай деді: {Егер бұл (яғни Құран) Сенің тарапыңнан түскен ақиқат болатын болса, аспаннан үстімізге тас жаудыр, яки бізді қатты азаппен жазалағын!} (Әнфал сүресі, 32-аят).

2 {Кәпірлер үшін оны кетіруші жоқ} яғни, ол азапты кәпірлерден ешкім қайтара алмайды.

3 {Ол} періштелер шығатын (көтерілетін) {(аспан) сатыларының Иесі—Аллаh тарапынан болған}. Сатылар туралы «ол ұлылық сатылары» деген тәпсір де бар.

4 {Періштелер және рух} яғни Жәбірейіл сол сатылармен {Аллаhқа сондай бір күнде өрлейді, оның ұзындығы 50 мың жыл келеді} Қиямет күні есеп беру үшін тұратын уақыт 50 мың жыл болып, сонан кейін жәннат иелері жәннатқа және тозақ иелері тозаққа орналасады.

5 Ей, Мұхаммед! Қауымыңның келтірген (жеткізген) қиыншылықтарына (азаларына) {көркем (түрде) сабырлық қыл} Аллаhтан басқаға шағымдануға болмайды.

6 {Олар қияметті ұзақ көреді}, яғни, алыс, немесе ешқашан болмайтындай.

7 {Біз оны жақын деп қараймыз}.

8 {Ол күні аспан ерітілген мыстай (мыс сияқты) болып қалады} кейбір риуаяттарда: «майдың қалдығы сияқты болып қалады»,—делінген.

9 {Таулар ерітілген реңді (түсті) жүндей (жүн сияқты) болып қалады}.

10-14 Әр адам өз жағдайымен болып қалатындығы үшін {дос достан көре тұра (халін) сұрамайды} тозаққа лайық болып қалған {күнәкар адам өз орнына ұлдарын, әйелін, бауырын және өзінің рулас туған-туыстарын} яғни өзінің ең қадірлілерін {және жер жүзіндегі барлық адамды беріп болса да, бұл күндегі азаптан құтылуды армандайды}.

15 16 {Жоқ, ол—анық (бар болған, мойындалған) тозақ} яғни күнәкар кәпір мұндай арманынан қайтсын. Пида қылынған (құрбандық қылынған) ешқандай нәрсе оны азаптан құтқара алмайды. Оның алдында тозақ жанып тұрады. Ол ыстығының қаттылығынан {басының терісін жұлады}.

17 18 {Ол} яғни тозақ, ақиқаттан (хақтан) {жүз бұрып бұралған және пұл-мал жинап сақтаған} одан Аллаhтың және міскіндердің хақысын шығармаған {-дарды шақырады}.

19 {Адам шындығында шыдамсыз} көңілмен {жаратылды}.

20 {Оған} жоқсыздық, яки ауру (кесел), яки қорқыныш сияқты {бір көңілсіздік келген шақта зарлаушы}.

21 {Бір} тоқшылық, байлық және кеңшілік (молшылық) сияқты бір {жақсылық жеткен кезде, сараңдық қылушы}.

23 22 {Тек қана (төмендегілер бұдан) тысқары: олар намазға барынша көңіл бөлушілер} яғни әрқандай бір нәрсе олардың парыз намазын өз уақытында орындауына (өтеуіне) тосқауылдық қыла алмайды, және де оларда шыдамсыздық, зарлаушылық, сараңдық деген сипаттар жоқ.

يُبَصَّرُونَهُمْ يَوَدُّ الْمُجْرِمُ لَوْ يَفْتَدِي مِنْ عَذَابِ يَوْمِئِذٍ بِبَنِيهِ ﴿١١﴾
وَصَاحِبَتِهِ وَأَخِيهِ ﴿١٢﴾ وَفَصِيلَتِهِ الَّتِي تُؤْوِيهِ ﴿١٣﴾ وَمَن فِي الْأَرْضِ
جَمِيعًا ثُمَّ يُنجِيهِ ﴿١٤﴾ كَلَّا إِنَّهَا لَظَىٰ ﴿١٥﴾ نَزَّاعَةً لِّلشَّوَىٰ ﴿١٦﴾ تَدْعُو
مَنْ أَدْبَرَ وَتَوَلَّىٰ ﴿١٧﴾ وَجَمَعَ فَأَوْعَىٰ ﴿١٨﴾ ۞ إِنَّ الْإِنسَانَ خُلِقَ هَلُوعًا
﴿١٩﴾ إِذَا مَسَّهُ الشَّرُّ جَزُوعًا ﴿٢٠﴾ وَإِذَا مَسَّهُ الْخَيْرُ مَنُوعًا ﴿٢١﴾ إِلَّا
الْمُصَلِّينَ ﴿٢٢﴾ الَّذِينَ هُمْ عَلَىٰ صَلَاتِهِمْ دَائِمُونَ ﴿٢٣﴾ وَالَّذِينَ فِي
أَمْوَالِهِمْ حَقٌّ مَّعْلُومٌ ﴿٢٤﴾ لِّلسَّائِلِ وَالْمَحْرُومِ ﴿٢٥﴾ وَالَّذِينَ يُصَدِّقُونَ
بِيَوْمِ الدِّينِ ﴿٢٦﴾ وَالَّذِينَ هُم مِّنْ عَذَابِ رَبِّهِم مُّشْفِقُونَ ﴿٢٧﴾ إِنَّ عَذَابَ
رَبِّهِمْ غَيْرُ مَأْمُونٍ ﴿٢٨﴾ وَالَّذِينَ هُمْ لِفُرُوجِهِمْ حَافِظُونَ ﴿٢٩﴾ إِلَّا عَلَىٰ
أَزْوَاجِهِمْ أَوْ مَا مَلَكَتْ أَيْمَانُهُمْ فَإِنَّهُمْ غَيْرُ مَلُومِينَ ﴿٣٠﴾ فَمَنِ ابْتَغَىٰ وَرَاءَ
ذَٰلِكَ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْعَادُونَ ﴿٣١﴾ وَالَّذِينَ هُمْ لِأَمَانَاتِهِمْ وَعَهْدِهِمْ رَاعُونَ
﴿٣٢﴾ وَالَّذِينَ هُم بِشَهَادَاتِهِمْ قَائِمُونَ ﴿٣٣﴾ وَالَّذِينَ هُمْ عَلَىٰ صَلَاتِهِمْ يُحَافِظُونَ
﴿٣٤﴾ أُولَٰئِكَ فِي جَنَّاتٍ مُّكْرَمُونَ ﴿٣٥﴾ فَمَالِ الَّذِينَ كَفَرُوا قِبَلَكَ مُهْطِعِينَ
﴿٣٦﴾ عَنِ الْيَمِينِ وَعَنِ الشِّمَالِ عِزِينَ ﴿٣٧﴾ أَيَطْمَعُ كُلُّ امْرِئٍ مِّنْهُمْ
أَن يُدْخَلَ جَنَّةَ نَعِيمٍ ﴿٣٨﴾ كَلَّا إِنَّا خَلَقْنَاهُم مِّمَّا يَعْلَمُونَ ﴿٣٩﴾

(24) (25) {Олар малдарынан сұрайтын пақырларға (кедейлерге) және} намысшылықтан {сұранбайтын (тіленбейтін) пақырға (кедейге) белгілі хақын} яғни зекет яки туысқандық сыйластығын (хақын) {береді}.

(26) {Олар Қиямет күніне} шәк қылмай {тәсдиқ қылушылар (растап, нық сенушілер, растаушылар)}.

(27) {Олар} өздерінің қылған бірталай жақсы амалдары болса да {Раббысының азабынан қорқушылар}.

(28) {Күдіксіз, олардың Раббысының азабы қаперсіз (бейғам) болуға болмайтын нәрсе} әрқандай біреудің одан қаперсіз болмауы керек.

(29) {Олар әуреттерін харамнан сақтаушылар}.

(30) {Тек қана жұбайлары және күңдері бұдан тысқары} өздерінің жұбайлары (әйелдері) және күңдерімен жақыншылық қылғандарға {шектеме қойылмайды (күнә жазылмайды)}.

(31) Жыныстық талабын қандыруды {бұдан тысқары тілеушілер шектен шығушылар}.

(32) {Олар} өздеріне тапсырылған {аманаттарға және берген уәделеріне (келісіміне) уәфа қылушылар (орындаушылар, көңіл бөлушілер)}.

(33) {Олар} мейлі абыройлы және абыройсыз, жақын және алыс әрқандай кісінің алдында жасырмастан және өзгертпестен {тура куәлік берушілер}.

(34) {Олар намазды (орындаушылар)} яғни ешқандай себептен намазын тастамайды. Сонымен қатар намазын бұзатын және сауабын бекер қылып жіберетін ешқандай іс-әрекетпен шұғылданбайды.

(35) {Міне, солар жәннаттарда} орын алушылар және түрлі күтіп алулар арқылы {құрметке бөленушілер}.

(36) Ей, Мұхаммед! {Кәпірлерге не болды екен, олар} сені жалғаншыға шығару және масқара қылу мақсатында {сен тарапқа (жаққа) тез келісіп, оң-сол жағында топ-топ болып} мойындарын созысып {отырысады}.

(37) (38) {Олардан әрбір адам жемістері мол жәннатқа кіргізілуді дәмелене ме?} мүшріктер Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) төңірегінде шеңбер-шеңбер (хәлақа-хәлақа) болып топтасып алып, оны сөзіне құлақ салатын. Оны және сахабаларын мазақ қылатын. Олар: «Егер Мұхаммед айтқандай бұлар жәннатқа кіретін болса, әлбетте, бұлардан бұрын біз кіреміз дейтін». Бұл аяттар солар хақында (жайында) түскен.

(39) {Жоқ} яғни олар жаннатқа мәңгі кіре алмайды. {Күдіксіз, Біз оларды олар білетін нәрселерден} яғни лас мәниден {жараттық}. Сол себепті оларға тәкаппарлық жараспайды. Имам Ахмад, Ибн Мәжәһ және Ибн Сағид былай риуаят етеді: «Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бұл аятты және осы сүренің 36-аятындағы: {(Ей, Мұхаммед!) Кәпірлерге не болды екен, олар сен тарапқа тез келісіп, оң-сол тарапында топ-топ болып отырысады} деген аятты оқып, сонан соң алақанына түкіріп, бармақ қолын оның үстіне қойып тұрып былай деді: «Аллаһ тағала: «Ей, адам баласы! Мен сені осындай ғана нәрседен жаратқан бола тұра, сен Мені қалайша әлсірете аласың?» - дейді.

(40) (41) {Шығыстардың және батыстардың Раббысымен ант! Оларды олардан жақсырақ адамдармен алмастыруға} яғни мойынсұнбайтындарды жойып, орнына олардан артық және Аллаһқа бойсұнушы бір қауымды келтіруге {Біз әлбетте құдіреттіміз. Біз (бұдан) әлсіз емеспіз}.

42 Ей, Мұхаммед! {Оларды қоя бергін, (тіпті) олар уәде қылынған күнге жолыққанға дейін} жалғанға {батсын}. Сен бұйырған істерді қылмастан дүниеде {ойнасын (сауық-сайран қылсын) сен бұған қайғырып кетпе, сенің жұмысың (міндетің) тек қана жеткізіп қою}.
43 {Ол күні қабірлерінен шығып, құтты бір тігулі көмбеге қарай жүгіргендей (махшар майданына, алаңына) жүгіреді}.
44 {Олар} қорланған халде Аллаһтан ұялып {жоғары қарай алмайды. Оларды қорлық орап алады. Міне, сол оларға уәде қылынған күн}.

## 71. Нұх сүресі

(Меккеде түскен, 28 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Біз ақиқатында Нұхты қауымына: «Қауымыңа қатты азап} яғни дүниедегі кездерінде топан су апаты, немесе ақыретте тозақ азабы {келуден бұрын оларды ескерткін», - деп жібердік}. Нұх (аләйһис-сәләм) елшілердің ішіндегі бірінші рет жіберілген елші болып, ол қауымы арасында 950 жыл дағуат жүргізген.
2 {Нұх айтты: «Ей, қауымым! Мен ақиқатында адамдарға (жіберілген) әшкере ескертушімін»}.
3 {«Аллаһқа құлшылық қылыңдар, Одан қорқыңдар және Аллаһқа бойсұныңдар»}.
4 {Ол} пайғамбарға ілесуден (еруден) және уағызын қабылдаудан ілгері {кейбір күнәларыңды кешіреді. Сендерді белгілі уақытқа дейін кешіктіреді} яғни бойсұнсаңдар ғана өмірлеріңді Аллаһ тағдыр қылған ең соңғы мөлшерге дейін ұзартады. {Күдіксіз, егер білсеңдер, Аллаһтың (адамға бекіткен) ажалы келген кезде (ажал) кешіктірілмейді} яғни ажалдарың толса да, тағы да (оның үстіне) кәпірлік халде болсаңдар да, ажалдарың мүлдем кешіктірілмейді. Сол үшін де иман айту және бойсұнуға асығыңдар!
5 {Нұх айтты: «Раббым! Мен ақиқатында қауымымды күндіз-түні (иманға) шақырдым}.
6 {«Менің шақыруым оларды} мен шақырған нәрседен {тіпті де} алысқа {қашырып жіберді}.
7 {Мен оларды Сенің кешіріміңе (жарылқауыңа)} алып баратын иман және

فَلَآ أُقۡسِمُ بِرَبِّ ٱلۡمَشَٰرِقِ وَٱلۡمَغَٰرِبِ إِنَّا لَقَٰدِرُونَ ٤٠ عَلَىٰٓ أَن نُّبَدِّلَ خَيۡرٗا مِّنۡهُمۡ
وَمَا نَحۡنُ بِمَسۡبُوقِينَ ٤١ فَذَرۡهُمۡ يَخُوضُواْ وَيَلۡعَبُواْ حَتَّىٰ يُلَٰقُواْ يَوۡمَهُمُ ٱلَّذِي
يُوعَدُونَ ٤٢ يَوۡمَ يَخۡرُجُونَ مِنَ ٱلۡأَجۡدَاثِ سِرَاعٗا كَأَنَّهُمۡ إِلَىٰ نُصُبٖ يُوفِضُونَ
٤٣ خَٰشِعَةً أَبۡصَٰرُهُمۡ تَرۡهَقُهُمۡ ذِلَّةٞۚ ذَٰلِكَ ٱلۡيَوۡمُ ٱلَّذِي كَانُواْ يُوعَدُونَ ٤٤

ترتيبها 71 — سُورَةُ نُوحٍ — آياتها 28

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِنَّآ أَرۡسَلۡنَا نُوحًا إِلَىٰ قَوۡمِهِۦٓ أَنۡ أَنذِرۡ قَوۡمَكَ مِن قَبۡلِ أَن يَأۡتِيَهُمۡ
عَذَابٌ أَلِيمٞ ١ قَالَ يَٰقَوۡمِ إِنِّي لَكُمۡ نَذِيرٞ مُّبِينٌ ٢ أَنِ ٱعۡبُدُواْ
ٱللَّهَ وَٱتَّقُوهُ وَأَطِيعُونِ ٣ يَغۡفِرۡ لَكُم مِّن ذُنُوبِكُمۡ وَيُؤَخِّرۡكُمۡ
إِلَىٰٓ أَجَلٖ مُّسَمًّىۚ إِنَّ أَجَلَ ٱللَّهِ إِذَا جَآءَ لَا يُؤَخَّرُۚ لَوۡ كُنتُمۡ تَعۡلَمُونَ
٤ قَالَ رَبِّ إِنِّي دَعَوۡتُ قَوۡمِي لَيۡلٗا وَنَهَارٗا ٥ فَلَمۡ يَزِدۡهُمۡ دُعَآءِيٓ إِلَّا
فِرَارٗا ٦ وَإِنِّي كُلَّمَا دَعَوۡتُهُمۡ لِتَغۡفِرَ لَهُمۡ جَعَلُوٓاْ أَصَٰبِعَهُمۡ
فِيٓ ءَاذَانِهِمۡ وَٱسۡتَغۡشَوۡاْ ثِيَابَهُمۡ وَأَصَرُّواْ وَٱسۡتَكۡبَرُواْ ٱسۡتِكۡبَارٗا
٧ ثُمَّ إِنِّي دَعَوۡتُهُمۡ جِهَارٗا ٨ ثُمَّ إِنِّيٓ أَعۡلَنتُ لَهُمۡ وَأَسۡرَرۡتُ
لَهُمۡ إِسۡرَارٗا ٩ فَقُلۡتُ ٱسۡتَغۡفِرُواْ رَبَّكُمۡ إِنَّهُۥ كَانَ غَفَّارٗا ١٠

тағат-құлшылыққа {ие болсын деп, әрқашан дағуат қылсам}, дағуатымды (шақыруымды) естімеу үшін {бармақтарын құлақтарына тығып алды}, сөзімді естімеу яки мені көрмеу үшін {киімдерімен бастарын орап алды}. Күпірлікте {бекем тұрды. Дандайсып (тәкаппарланып)} иманды қабылдаудан {тіпті де бас тартты}.
8 {Сонан кейін мен оларды жария (дауыстап шақырып) дағуат қылдым}.
9 {Сонан соң оларды әшкере дағуат қылдым және жасырын дағуат қылдым} яғни бір адамнан кейін бір адамды басқалардан құпия халде әртүрлі жолмен дағуат қылдым. Кейбіреулер: «Оларды үйлеріне барып дағуат қылдым дегендік болады» деп қарайды.
10 {(Оларға) айттым: «Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер, Ол ақиқатында Жарылқаушы}.
11 {Ол сендерге мол жаңбыр жаудырып береді}.
12 {Сендердің малдарыңды және ұлдарыңды

يُرۡسِلِ ٱلسَّمَآءَ عَلَيۡكُم مِّدۡرَارٗا ١١ وَيُمۡدِدۡكُم بِأَمۡوَٰلٖ وَبَنِينَ وَيَجۡعَل
لَّكُمۡ جَنَّٰتٖ وَيَجۡعَل لَّكُمۡ أَنۡهَٰرٗا ١٢ مَّا لَكُمۡ لَا تَرۡجُونَ لِلَّهِ وَقَارٗا ١٣
وَقَدۡ خَلَقَكُمۡ أَطۡوَارًا ١٤ أَلَمۡ تَرَوۡاْ كَيۡفَ خَلَقَ ٱللَّهُ سَبۡعَ سَمَٰوَٰتٖ
طِبَاقٗا ١٥ وَجَعَلَ ٱلۡقَمَرَ فِيهِنَّ نُورٗا وَجَعَلَ ٱلشَّمۡسَ سِرَاجٗا ١٦
وَٱللَّهُ أَنۢبَتَكُم مِّنَ ٱلۡأَرۡضِ نَبَاتٗا ١٧ ثُمَّ يُعِيدُكُمۡ فِيهَا وَيُخۡرِجُكُمۡ
إِخۡرَاجٗا ١٨ وَٱللَّهُ جَعَلَ لَكُمُ ٱلۡأَرۡضَ بِسَاطٗا ١٩ لِّتَسۡلُكُواْ مِنۡهَا
سُبُلٗا فِجَاجٗا ٢٠ قَالَ نُوحٞ رَّبِّ إِنَّهُمۡ عَصَوۡنِي وَٱتَّبَعُواْ مَن لَّمۡ يَزِدۡهُ
مَالُهُۥ وَوَلَدُهُۥٓ إِلَّا خَسَارٗا ٢١ وَمَكَرُواْ مَكۡرٗا كُبَّارٗا ٢٢ وَقَالُواْ
لَا تَذَرُنَّ ءَالِهَتَكُمۡ وَلَا تَذَرُنَّ وَدّٗا وَلَا سُوَاعٗا وَلَا يَغُوثَ وَيَعُوقَ
وَنَسۡرٗا ٢٣ وَقَدۡ أَضَلُّواْ كَثِيرٗاۖ وَلَا تَزِدِ ٱلظَّٰلِمِينَ إِلَّا ضَلَٰلٗا ٢٤
مِّمَّا خَطِيٓـَٰٔتِهِمۡ أُغۡرِقُواْ فَأُدۡخِلُواْ نَارٗا فَلَمۡ يَجِدُواْ لَهُم مِّن دُونِ
ٱللَّهِ أَنصَارٗا ٢٥ وَقَالَ نُوحٞ رَّبِّ لَا تَذَرۡ عَلَى ٱلۡأَرۡضِ مِنَ ٱلۡكَٰفِرِينَ
دَيَّارًا ٢٦ إِنَّكَ إِن تَذَرۡهُمۡ يُضِلُّواْ عِبَادَكَ وَلَا يَلِدُوٓاْ إِلَّا فَاجِرٗا
كَفَّارٗا ٢٧ رَّبِّ ٱغۡفِرۡ لِي وَلِوَٰلِدَيَّ وَلِمَن دَخَلَ بَيۡتِيَ
مُؤۡمِنٗا وَلِلۡمُؤۡمِنِينَ وَٱلۡمُؤۡمِنَٰتِۖ وَلَا تَزِدِ ٱلظَّٰلِمِينَ إِلَّا تَبَارَۢا ٢٨

көбейтіп береді. Сендерге бақтарды, өзендерді береді} (бағыштайды), бұл аят жарылқау талап ету (истиғфар айту) жаңбыр жаудырып беру және әртүрлі мол ризықтың пайда болуының негізгі (маңызды) себептерінен екендігін көрсетіп береді.

13 {Не үшін сендер Аллаһтың Ұлықтығынан қорықпайсыңдар?}

14 {Әйтсе де, Аллаһ сендерді бір қанша сатыларға бөліп} яғни мәниден ұйыған қанға, сосын бір кесек (бөлік) етке, сосын толықтырылған денеге айналдыру, сосын бөбек бала, жас жігіт және кәрі қылу арқылы {жаратты}, Солай бола тұра, қалайша Аллаһ тағаланың бұл көркем жаратуын кіші санайсыңдар?

15 {Сендер көрмедіңдер ме? Аллаһ қандай қылып жеті аспанды бірінің үстіне бірін қылып (қойып) жаратты},

16 {Айды оларда} яғни аспандарда, дүниенің аспанында жер жүзі үшін {нұр қылды, күнді} жер иелері (тұрғындары) үшін нұр шашушы {шырақ қылды}.

17 {Аллаһ сендерді жерден жаратты} өйткені аталарың Адамды топырақтан жаратқан. Сонан кейін оның ұрпағын топырақтың бір бөлігі болған хайуан және өсімдіктерден азықтанатын қылған еді.

18 {Сонан соң Аллаһ сендерді жерге қайтарады} яғни өлгеннен кейін жерде жерленесіңдер. Сонымен мүшелерің топыраққа айналып кетеді. {Сосын сендерді} Қиямет күні қайта тірілту арқылы, бірінші рет жаратқандай сатылап емес, керісінше, бір ғана ретте (бір рет қана) {жерден шығарады}.

19 20 {Жерде кең жолдарда жүрулерің үшін Аллаһ сендерге жерді жазық (төсеніш) қылып берді}.

21 {Нұх айтты: «Раббым! Олар шындығында маған қарсы шықты. Малына, баласына және өздеріне зияннан басқаны арттырмаған кісілерге} яғни дүниеде мал-дүниесіне зиян салатын және ақыретте азапқа душар болуына себепші болатын байларына, көсемдеріне (басшыларына) {ерді}.

22 {Олар} яғни көсемдері маған тұзақ (айла) құрды. Маған және маған ерушілерге зарар жеткізіп, қол астындағыларды мені өлтіруге айдап салу арқылы {үлкен айла түзді (құрды)}.

23 {Олар} яғни көсемдері ерушілерін Нұхқа (аләйһис-сәләм) ілеспеуге үндеп: {Пұттарыңды (табынған құдайларыңды) әсте тәрік етпеңдер, уәдті, суағты, яғусты, яғұқты және нәсрді әсте (мүлдем, ешқашан) тастамаңдар деді}. Бұлар сол замандағы солардың пұт және суреттері еді. Жоғарыдағы есімдер Адам (аләйһис-сәләм) мен Нұх (аләйһис-сәләм) аралығындағы заманда өмір сүрген жақсы (ізгі) адамдардың есімдері болып, олардың суреттерін ғибадатханаларына қойып алған еді. Сонан соң олардан кейінгі ұрпақтарға келгенде шайтан оларға: «Сендерден бұрыңғылар осы суреттерге құлшылық қылушы еді, сендер де бұл суреттерге ғибадат қылыңдар!» - деді. Сонымен олар суреттерге құлшылық (ғибадат) қылуға бастады. Пұттарға ғибадат қылу сол уақыттан басталған (деп есептеледі). Кейіннен басқа ұлттарға (міллеттерге) тарқала бастады. Арап түбегіне де келіп, олардан кейбір қауымдар сол пұттарға құлшылық ете бастады.

24 {«Олар} яғни көсемдері яки пұттар {шындығында көптеген кісілерді (адамдарды) адастырды. Раббым! Сен де

залымдардың адасуларын ғана арттыр»} жеңілулерін арттыр, кейбіреулер: «айлаларындағы адасушылықты арттыр» деп те тәпсірлеген.
25 {Олар күнәлары себепті} топан сумен {(суға) батырылды}, сосын ақыретте {тозаққа кіргізіледі, олар өздері үшін Аллаһтан басқа ешқандай жәрдемші таба алмады}.
26 Аллаһ тағала Нұхқа (аләйһис-сәләм): {Қауымыңнан бұрын саған иман айтқандардан басқа тағы да иман айтушылар болмайды} (Һуд сүресі, 36-аят) деген аятты уахи қылғаннан кейін {Нұх айтты: «Раббым! Жер жүзінде кәпірлердің бірін де (бірде-бірін) қалдырма»} яғни олардан үміт үзіп дұға қылды. Сонымен Аллаһ оның дұғасын қабыл етіп, оларды топан суға батырды.
27 {Егер оларды қалдырсаң, күдіксіз, пенделеріңді} хақ (тура) жолдан {адастырады. Олардың тапқан балалары да тек қана} Саған бойсұнбайтын {бұзық, кәпір болады} Сенің берген нығметтеріңе күпірлік жасап, шүкіршілік қылмайды.
28 {Раббым! Маған, ата-анама, менің үйіме мүмін болып кірген кісіге және мүмін ерлерге, мүмін әйелдерге кешірім (жарылқау) қылғын. Залымдарға тек қана жойылуды (ойраншылықты) арттыра түс}. Бұл дұға Қиямет күніне дейін барлық залымдарға жалпы.

# 72. Жын сүресі

(Меккеде түскен, 28 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Ей, Мұхаммед! Қауымыңа {айт, бірнеше жынның} менен Құранды {естіп (тыңдап)} иман айтқандығы Жәбірейіл арқылы {маған уахи қылынды}. Кейбір риуаяттарда: «Сондағы Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оқыған және жындар естіген сүре {Жаратқан Раббыңның атымен оқы} деген аятпен басталған ғалақ сүресі еді», - делінген. Аллаһ тағала жындардан пайғамбар жібермеген. Барлық пайғамбарлар адам балаларынан жіберілген еді. {Олар} қауымына қайтып барғаннан кейін {айтты: Біз тура жолға бастайтын ғажайып} шешендік, берекетті және уағыз-насихатты өз ішіне алған {Құранды шындығында естідік (тыңдадық)}.
2 {Оған иман келтірдік. Раббымызға ешкімді серік келтірмедік (ортақ қоспадық)}.
3 {Раббымыздың Ұлықтығы үлкен

ترتيبها 72 — سُورَةُ الجِنِّ — آياتها 28

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أُوحِيَ إِلَيَّ أَنَّهُ اسْتَمَعَ نَفَرٌ مِّنَ الْجِنِّ فَقَالُوا إِنَّا سَمِعْنَا قُرْآنًا
عَجَبًا ﴿١﴾ يَهْدِي إِلَى الرُّشْدِ فَآمَنَّا بِهِ ۖ وَلَن نُّشْرِكَ بِرَبِّنَا أَحَدًا ﴿٢﴾
وَأَنَّهُ تَعَالَىٰ جَدُّ رَبِّنَا مَا اتَّخَذَ صَاحِبَةً وَلَا وَلَدًا ﴿٣﴾ وَأَنَّهُ كَانَ
يَقُولُ سَفِيهُنَا عَلَى اللَّهِ شَطَطًا ﴿٤﴾ وَأَنَّا ظَنَنَّا أَن لَّن تَقُولَ الْإِنسُ
وَالْجِنُّ عَلَى اللَّهِ كَذِبًا ﴿٥﴾ وَأَنَّهُ كَانَ رِجَالٌ مِّنَ الْإِنسِ يَعُوذُونَ بِرِجَالٍ
مِّنَ الْجِنِّ فَزَادُوهُمْ رَهَقًا ﴿٦﴾ وَأَنَّهُمْ ظَنُّوا كَمَا ظَنَنتُمْ أَن لَّن يَبْعَثَ
اللَّهُ أَحَدًا ﴿٧﴾ وَأَنَّا لَمَسْنَا السَّمَاءَ فَوَجَدْنَاهَا مُلِئَتْ حَرَسًا
شَدِيدًا وَشُهُبًا ﴿٨﴾ وَأَنَّا كُنَّا نَقْعُدُ مِنْهَا مَقَاعِدَ لِلسَّمْعِ ۖ فَمَن
يَسْتَمِعِ الْآنَ يَجِدْ لَهُ شِهَابًا رَّصَدًا ﴿٩﴾ وَأَنَّا لَا نَدْرِي أَشَرٌّ أُرِيدَ
بِمَن فِي الْأَرْضِ أَمْ أَرَادَ بِهِمْ رَبُّهُمْ رَشَدًا ﴿١٠﴾ وَأَنَّا مِنَّا الصَّالِحُونَ
وَمِنَّا دُونَ ذَٰلِكَ ۖ كُنَّا طَرَائِقَ قِدَدًا ﴿١١﴾ وَأَنَّا ظَنَنَّا أَن لَّن نُّعْجِزَ
اللَّهَ فِي الْأَرْضِ وَلَن نُّعْجِزَهُ هَرَبًا ﴿١٢﴾ وَأَنَّا لَمَّا سَمِعْنَا الْهُدَىٰ
آمَنَّا بِهِ ۖ فَمَن يُؤْمِن بِرَبِّهِ فَلَا يَخَافُ بَخْسًا وَلَا رَهَقًا ﴿١٣﴾

(жоғарылады). Жұбайы және баласы жоқ}.
4 {Біздің арамыздағы ақымақ} яғни мүшрік жындар: «Аллаһтың баласы бар, әйелі (жұбайы) бар» дегендей {Аллаһқа және Оның үлкендігіне лайық емес сөздерді айтты}.
5 {Біз, адамдар және жындар Аллаһқа жалғанды жапсырмайды, деп ойлаған едік} сонымен біз олардың Аллаһтың серігі, баласы және әйелі бар деген сөзіне сенген едік.
6 {Адамдардан кейбір кісілер жындардан болған кейбір кісілерге сыйынатын} сол заманда арап тар бір аңғарға түнеп қалса, бұл арықтың (сайдың) қожайынына сыйынып, солардың жындарының жарыместерінің жамандығынан пана тілеймін деп жыннан болған қожайынының жанында жатып таң атқызушы еді. {Сонымен жындар тіпті де тәкаппарланып кетті} адамдардың оларға сыйынғаннан олар ақымақтық пен озбырлыққа батты.
7 {Олар} яғни адамның кәпірлері, {сендер сияқты, Аллаһ еш адамды} өлгеннен кейін {тірілтпейді, деп күмән қылды}.

وَأَنَّا مِنَّا ٱلْمُسْلِمُونَ وَمِنَّا ٱلْقَٰسِطُونَ ۖ فَمَنْ أَسْلَمَ فَأُو۟لَٰٓئِكَ
تَحَرَّوْا۟ رَشَدًا ﴿١٤﴾ وَأَمَّا ٱلْقَٰسِطُونَ فَكَانُوا۟ لِجَهَنَّمَ حَطَبًا ﴿١٥﴾
وَأَلَّوِ ٱسْتَقَٰمُوا۟ عَلَى ٱلطَّرِيقَةِ لَأَسْقَيْنَٰهُم مَّآءً غَدَقًا ﴿١٦﴾ لِّنَفْتِنَهُمْ
فِيهِ ۚ وَمَن يُعْرِضْ عَن ذِكْرِ رَبِّهِۦ يَسْلُكْهُ عَذَابًا صَعَدًا ﴿١٧﴾ وَأَنَّ
ٱلْمَسَٰجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا۟ مَعَ ٱللَّهِ أَحَدًا ﴿١٨﴾ وَأَنَّهُۥ لَمَّا قَامَ عَبْدُ ٱللَّهِ
يَدْعُوهُ كَادُوا۟ يَكُونُونَ عَلَيْهِ لِبَدًا ﴿١٩﴾ قُلْ إِنَّمَآ أَدْعُوا۟ رَبِّى وَلَآ أُشْرِكُ
بِهِۦٓ أَحَدًا ﴿٢٠﴾ قُلْ إِنِّى لَآ أَمْلِكُ لَكُمْ ضَرًّا وَلَا رَشَدًا ﴿٢١﴾ قُلْ إِنِّى
لَن يُجِيرَنِى مِنَ ٱللَّهِ أَحَدٌ وَلَنْ أَجِدَ مِن دُونِهِۦ مُلْتَحَدًا ﴿٢٢﴾ إِلَّا بَلَٰغًا
مِّنَ ٱللَّهِ وَرِسَٰلَٰتِهِۦ ۚ وَمَن يَعْصِ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ فَإِنَّ لَهُۥ نَارَ جَهَنَّمَ
خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ﴿٢٣﴾ حَتَّىٰٓ إِذَا رَأَوْا۟ مَا يُوعَدُونَ فَسَيَعْلَمُونَ
مَنْ أَضْعَفُ نَاصِرًا وَأَقَلُّ عَدَدًا ﴿٢٤﴾ قُلْ إِنْ أَدْرِىٓ أَقَرِيبٌ
مَّا تُوعَدُونَ أَمْ يَجْعَلُ لَهُۥ رَبِّىٓ أَمَدًا ﴿٢٥﴾ عَٰلِمُ ٱلْغَيْبِ فَلَا
يُظْهِرُ عَلَىٰ غَيْبِهِۦٓ أَحَدًا ﴿٢٦﴾ إِلَّا مَنِ ٱرْتَضَىٰ مِن رَّسُولٍ فَإِنَّهُۥ
يَسْلُكُ مِنۢ بَيْنِ يَدَيْهِ وَمِنْ خَلْفِهِۦ رَصَدًا ﴿٢٧﴾ لِّيَعْلَمَ أَن قَدْ أَبْلَغُوا۟
رِسَٰلَٰتِ رَبِّهِمْ وَأَحَاطَ بِمَا لَدَيْهِمْ وَأَحْصَىٰ كُلَّ شَىْءٍ عَدَدًۢا ﴿٢٨﴾

8 {Жындар айтты: «Біз} әдетіміз бойынша аспан иелерінің (тұрғындарының) сөздерін тыңдау үшін аспанға шығуды {тіледік, аспанның күшті қарауылдары (күзетшілері)} яғни періштелер {және} күйдіруші {жұлдыздармен толып кеткендігін байқадық}. Мұхаммедке (саллаллаху ъалэйһи уа саллам) пайғамбарлық келгеннен кейін Аллаһ тағала аспанның хабарларын күйдіруші жұлдыздар арқылы қорғаған еді.

9 {Біз бәрін де} періштелерден аспанның хабарларын ұрлықша тыңдап, жынкештерімізге (жындарға сыйынушыларға) айтып беру үшін {аспанның отыруға болатын жайларына отыратынбыз. Кімде-кім енді ғана естуге ұрынса, оны күзетіп тұрған күйдіруші жұлдыздар} оларды тыңдаудан тосу үшін күйдіріп тастау арқылы {байқайды (бақылайды)}.

10 {Біз} жындар жамағаты бұл түрлі аспанның хабарын қорғау арқылы {жердегілерге жамандық қалады ма яки Раббылары оларға жақсылық қалады ма? –білмейміз} Ибн Зәйд былай дейді: «Ібліс: «Аллаһ бұл арқылы жер иелеріне азап түсіре ме яки оларға пайғамбар жібере ме? –бұны білмейміз»,—деді.

11 Кейбір жындар Құран тыңдағаннан кейін құрбы-жолдастарын Мұхаммедке (саллаллаху ъалэйһи уа саллам) иман айтуға шақырғанда олар: {«Біздің ішімізде жақсылар (мүміндер) да және одан төмен тұратындар (мүміндер емес) да бар, біз түрлі жолдарға бөліндік} десті. Сағид былай дейді: «Олардың ішінде мұсылмандар да, яһудилер де, христиандар да және мәжуси де бар еді».

12 {Біз сөзсіз сендік, Аллаһты} Өз қалауын іске асырудан {әсте әлсірете алмаймыз, Оның (азабы)-нан да қашып құтыла алмаймыз}.

13 {Біз һидаетті} яғни Құранды {естіген кезімізде оған иман келтірдік. Кімде-кім Раббысына иман айтады, (жақсылықтарының) кеміп кетуінен және (жамандықтарының арттырылып) зұлымдық қылынудан қорықпайды}.

14 {Бізден мұсылмандар және хақ жолдан шығушылар да бар. Мұсылман болғандар тура жолды} тапқанға дейін {іздеген (ізденген) болатын}.

15 {Тура жолдан шығушылар} тура адамның кәпірлері жәһаннамға отын болғандай, олар да {жәһаннамға отын болады}.

16 17 {Егер олар} яғни адам және жындар {тура жолда болса еді, оларды сынау үшін мол су нәсіп етіп беретін едік} яғни қалай шүкір ететінін білу үшін ризығын кең етіп беріп сынар едік. {Кімде-кім Раббысының зікірінен} яғни Құраннан, Аллаһтың тағат-құлшылығынан (ғибадатынан) {бет бұрады, Аллаһ оны қатты азапқа дүшар қылады}.

18 Маған солай уахи қылынды, {Мешіттер Аллаһқа тән} пұттарға тән емес. {Аллаһқа (ортақ) қосып ешкімге ғибадат қылмаңдар} яғни Аллаһтан басқасынан жәрдем сұрамаңдар! Аллаһ қана істей алатын нәрсені одан басқа ешкімнен сұрамаңдар. Расында, дұға қылу—құлшылық.

19 {Аллаһтың пендесі} яғни Мұхаммед (саллаллаху ъалэйһи уа саллам) құрма бақшада {Аллаһқа ғибадат қылуға тұрғанда}, Құран тыңдау үшін {жындар (жыйылып (жабылып)) оны басып алуға шақ қалады}.

20 Ей, Мұхаммед! Дініңнен қайтып (айнып) кетуіңді талап қылған бұл кәпірлерге {айтқын: «Раббыма құлшылық қыламын. Оған ешкімді серік келтірмеймін (ортақ қоспаймын)}.

21 {Айт, расында мен сендерге зиян келтіре алмаймын да игілік те істей алмаймын} яғни, мен сендерден жамандық қайтара алмаймын, жақсылықты да бере алмаймын дінде де, дүниеде де. (бұны тек қана Аллаһ істей алады).
22 {Айт, (егер мен Аллаһқа күнәкар болсам) мені Аллаһтың азабынан ешбір кісі (ешбіреу, еш адам) құтқара алмайды. Аллаһтан басқа еш панаға алушыны таба алмаймын} сондай бола тұра, мен сендердің талаптарыңды қалай қабылдай (орындай) аламын.
23 {Мен тек қана (сендерге) Аллаһтың елшілігін жеткізе аламын. Кімде-кім Аллаһқа және Оның пайғамбарына қарсы келеді} яғни кімде-кім Аллаһты және Аллаһтың пайғамбарын теріске шығарады, Аллаһқа жолығатынына сенбейді, Аллаһтың аяттарына құлақ салудан бет бұрады, {ол тозақ азабына дүшар болады. Тозақта мәңгі қалады}.
24 {Олар} яғни мүшріктер {ескертілген азапты көрген кезде кімнің} яғни олардың ба яки мұсылмандардың ба {жәрдемшісі әлсіз және саны аз екендігін біледі}.
25 Ей, Мұхаммед! Оларға {айт, сендерге ескертілген азап жақын ба? Яки Раббым оған (ұзақ) уақыт дайындаған ба? білмеймін} яғни қияметтің қашан болатындығын Аллаһтан басқа ешбірі білмейді.
26 {Аллаһ ғайыпты (көместі) білуші. Өзінің ғайыбынан ешбір адамды хабардар қылмайды}.
27 {Тек қана Аллаһ Өзі разы болған пайғамбарына ғана} оның пайғамбарлығының растығын мұғжиза арқылы дәлелдеу үшін кейбір ғайыбты уахи арқылы білдіреді. (Бірақта мунажжим (жұлдызға қарап бал ашушы, жынкеш) және оған ұқсас балгерлер болса, өзінің жалғаншылығы және қате жорамалдары арқылы Аллаһқа жала жабады және кәпір болады). {Оның алдына және артына} білдірілген ғайыпты шайтанның ұрлықша естіп алып өзінің балшы шабармандарына жеткізіп алмастығы үшін {күзетші (періште) тағайындап қойды}.
28 Бұл Аллаһтың {оның} яғни пайғамбардың {Аллаһтың елшілігін жеткізгендігін біліп тұруы үшін. Аллаһ олардың сөз-әрекеттерін (қимылдарын) толық білуші. Әр нәрсенің санын толық Иемденуші (Иелік етуші)}.

ترتيبها 73 سُورَةُ المُزَّمِّلِ آياتها 20

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ
يَٰٓأَيُّهَا ٱلْمُزَّمِّلُ ١ قُمِ ٱلَّيْلَ إِلَّا قَلِيلًا ٢ نِّصْفَهُۥٓ أَوِ ٱنقُصْ مِنْهُ قَلِيلًا
٣ أَوْ زِدْ عَلَيْهِ وَرَتِّلِ ٱلْقُرْءَانَ تَرْتِيلًا ٤ إِنَّا سَنُلْقِى عَلَيْكَ قَوْلًا
ثَقِيلًا ٥ إِنَّ نَاشِئَةَ ٱلَّيْلِ هِىَ أَشَدُّ وَطْـًٔا وَأَقْوَمُ قِيلًا ٦ إِنَّ لَكَ فِى
ٱلنَّهَارِ سَبْحًا طَوِيلًا ٧ وَٱذْكُرِ ٱسْمَ رَبِّكَ وَتَبَتَّلْ إِلَيْهِ تَبْتِيلًا ٨
رَّبُّ ٱلْمَشْرِقِ وَٱلْمَغْرِبِ لَآ إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ فَٱتَّخِذْهُ وَكِيلًا ٩ وَٱصْبِرْ
عَلَىٰ مَا يَقُولُونَ وَٱهْجُرْهُمْ هَجْرًا جَمِيلًا ١٠ وَذَرْنِى وَٱلْمُكَذِّبِينَ
أُو۟لِى ٱلنَّعْمَةِ وَمَهِّلْهُمْ قَلِيلًا ١١ إِنَّ لَدَيْنَآ أَنكَالًا وَجَحِيمًا ١٢
وَطَعَامًا ذَا غُصَّةٍ وَعَذَابًا أَلِيمًا ١٣ يَوْمَ تَرْجُفُ ٱلْأَرْضُ وَٱلْجِبَالُ
وَكَانَتِ ٱلْجِبَالُ كَثِيبًا مَّهِيلًا ١٤ إِنَّآ أَرْسَلْنَآ إِلَيْكُمْ رَسُولًا شَٰهِدًا
عَلَيْكُمْ كَمَآ أَرْسَلْنَآ إِلَىٰ فِرْعَوْنَ رَسُولًا ١٥ فَعَصَىٰ فِرْعَوْنُ ٱلرَّسُولَ
فَأَخَذْنَٰهُ أَخْذًا وَبِيلًا ١٦ فَكَيْفَ تَتَّقُونَ إِن كَفَرْتُمْ يَوْمًا يَجْعَلُ
ٱلْوِلْدَٰنَ شِيبًا ١٧ ٱلسَّمَآءُ مُنفَطِرٌۢ بِهِۦ ۚ كَانَ وَعْدُهُۥ مَفْعُولًا ١٨
إِنَّ هَٰذِهِۦ تَذْكِرَةٌ ۖ فَمَن شَآءَ ٱتَّخَذَ إِلَىٰ رَبِّهِۦ سَبِيلًا ١٩

# 73. Муззаммил сүресі

(Меккеде түскен, 20 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Ей, киімге оранып алушы!} бұл Пайғамбарға (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) қылынған хитаб (сөз) еді. Жәбірейіл (аләйһис-сәләм) бірінші рет уахиды алып келгенде қорқып кетіп оранып алған еді. Пайғамбар (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) оның дауысын естіген кезде оған бір қараумен ғана ішіне қорқыныш кіріп алды. Сонымен, үйіне барып үйдегілеріне: «мені орап қойыңдар, мені орап қойыңдар!» —дейді... Кейіннен ол пайғамбарлықпен шақырылады. Жәбірейілге (аләйһис-сәләм) де үйреніп қалады.
2-4 {Түннің азынан басқасында, жарымында яки жарымынан да азырағында яки жартысынан көбірегінде} яғни түннің үштен екісі қалғанда яки жартысы қалғанда яки үштен бірі қалғанда {намаз оқығын}. Имам Ахмад және Муслим Сағид ибн Һишамның былай дегенін риуаят қылады:

«Мен Айшадан (Аллаh оған разы болсын) Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) түнде оқитын намазы жайында (хақында) айтып берсең!»—дедім. Ол: ««Ей, киімге оранып алушы» деген бұл сүрені оқымадың ба?»—деді. Мен: «Оқыдым»,—дедім. Ол: «Аллаh тағала осы сүренің басында түнде намаз оқуды парыз қылды. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) және сахабалары бір жыл түнде намаз оқыды. Тіпті олардың аяқтары ісіп кетті. Аллаh бұл сүренің ақырғы (соңғы) бөлігін аспанда 12 ай сақтады. Сонан кейін бұл сүренің ақырында (соңында) бұл үкімді жеңілдетіп аят түсірді. Сонымен, түнде оқылатын намаз парыздық халеттен мустахабке өзгерді»,—деді. {Құранды тәртилмен} яғни асықпай, түсініп, бір-бірлеп (әріп-әріп қылып) ашық {оқы!}.
5 {Саған расында} парыздары, шектемелері, халалдары және харамдарының ауырлығынан (қиыншылығынан) оны тек қана жүрегі сәттілік арқылы күшейген, нәпсі тәуһидпен әшекейленген адамдар ғана көтере алатын {маңызды Құранды түсіреміз}.
6 {Күдіксіз, түннің қиямы} яғни түнде адамның ғибадат қылуы үшін ұйқыдан оянып тұруы, күндізгі намазынан {ауыр}. Түн тыныш болғандығы үшін {түндегі оқу ең тура, орнықты (дұрыс) болады}.
7 {Расында, күндіз іспен (жұмыспен) асығыс боласың}, сондықтан ғибадатқа түнде берігін!
8 {Раббыңның атын зікір ет (еске ал)}, құлшылық қылғанда оған кедергі (тосқауылдық) болатын әрқандай нәрседен қол үзіп {Оған толық бет ал}.
9 {Ол—шығыстың және батыстың Раббысы. Одан басқа еш тәңір жоқ. Оны уәкіл қылып ал} яғни барлық ісіңді Оған тапсыр.
10 {Олардың} яғни Мекке кәпірлерінің сені тілдеген (сөккен), мазақ қылған және жалғаншы (өтірікші) деген {сөздеріне сабыр қылғын, оларды көркем түрде тәрік ет (қалдыр)} олармен тең тұрамын (боламын) деп әуре болма, бұл күрес қылу бұйрығынан бұрын түскен аяттар.
11 Ей, Мұхаммед! Менің аяттарымды {теріске шығарушы дәулеттілерді маған қоя бер (жібер)} яғни сен әуре болма, олардың жазасын Өзім беремін. Ажалдары толғанша (яғни бір риуаятта: дүниенің жазасы оларға жетіп келгенше,—делінген). {Оларға аз ғана мерзім бер}.
12 {Күдіксіз, Біздің құзырымызда (оларға) ауыр азаптар мен (күйдіруші) тозақ бар}.
13 {Тамақтан (кеңірдектен) өтпейтін тамақ және қатты азап бар}.
14 {Ол күні жер және таулар қатты тербеледі (теңселеді), таулар бір үйілген тарқатылып} ағатын {құмға айналады}.
15 {Күдіксіз, Біз перғауынға бір пайғамбарды} яғни Мұсаны (аләйһис-сәләм) {жіберген сияқты, сендерге} Қиямет күні амалдарыңа {куәлік беруші бір пайғамбарды жібердік}.
16 {Перғауын пайғамбарға} яғни Мұсаның (аләйһис-сәләм) пайғамбарлығына иман айтпай {қарсылық қылды}. Яғни перғауын Мұсаға (аләйһис-сәләм) иман айтпай, оны жалғанға шығарды. Ей, құрайыш жамағаты! Сендер Мұхаммедке (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қарсылық қылғандай, перғауын да Мұсаға (аләйһис-сәләм) қарсылық, сатқындық қылған еді. {сонымен оны қатты жазаладық} яғни суға батырдық.
17 Ей, құрайыш жамағаты! {егер күпірлік халдеріңде қалсаңдар}, ерекше қорқыныштан {балалардың басын (шашын) ағартып жіберетін күннен қалай сақтанасыңдар}.
18 {Ол күннің (қорқынышынан және періштелердің түсуі үшін) аспан жарылады. Аллаhтың уәдесі сөзсіз іске асады}.
19 Жоғарыда өткен {бұл аяттар шындығында уағыз-насихат}, бұл уағыз-насихаттан пайдаланып жаннатқа кіруді {қалаған адам Раббысына жеткізетін жолды ұстасын (ұстансын)}.
20 Ей, Мұхаммед! {Күдіксіз, Раббың сенің және сенімен болғандар} яғни сахабалар {-дан бір топ адамның} тәһажжуд намазы үшін {түннің үштен екі есесінде, жарымында және үштен бір есесінде тұратындықтарыңды біледі. Түн мен күндіздің (ұзақтығы)} яғни шынайы өлшемі {-ін Аллаh алдын ала белгілейді. Сендердің оны есептей алмайтындықтарыңды Аллаh біледі. Аллаh сендерге рақымшылық қылды} яғни түнде тәһажжуд намазын оқудың парыздығын амалдан қалдырды, тәһажжуд намазынан {сендерге қолайлы болғанды оқыңдар} міне осы аят түнде намаз оқудың парыздығын амалдан қалдырды. {Аллаh біледі, кейбіреулерің ауырып қаласыңдар, кейбіреулер Аллаhтың пазилетін (кеңшілігін) тілеп} яғни сауда қылып (істеп) {жер жүзінде сапар қылады. Тағы

біреулер Аллаһтың жолында күрес қылады} бұл аят Мәдинада күрес парыз қылынудан бұрын түскен болып, Аллаһ тағала осы үш себепті түнгі намазды оқымаса да болатын үзірлерден қылу арқылы бүтін (барша) үмбеттен түнгі намаздың парыздығын көтеріп жіберді (алып қойды). {Сол себепті одан (яғни тәһажжуд намазынан) қолайлы болғанын оқыңдар, (парыз) намазын орындаңдар (өтеңдер), зекет беріңдер, Аллаһқа қарыз хасана (өтемі болатын қарыз, садақа) беріңдер} (яғни Аллаһтың разылығы үшін отбасыларыңның тұрмысы, күрес қылу және парыз зекет беру қатарлы жақсылық жолдарға пұл-мал сарып қылыңдар, {өздерің үшін} дүниеде жоғарыда тілге алынған және тілге алынбаған {қайсыбір жақсы істі қылсаңдар, Аллаһтың құзырында тіпті де жақсы, тіпті де үлкен сауапқа ие боласыңдар}. Дүние болса—фәни, ақырет болса—бақи. Жақсы пенделер үшін Аллаһтың құзырындағы сауап бәрінен артық. {Аллаһтан жарылқау тілеңдер, Аллаһ шындығында өте жарылқау қылушы, өте мейірімді (рақымды)}.

# 74. Муддәссир сүресі

(Меккеде түскен, 56 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

Тәпсіршілер былай дейді: Пайғамбарға (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) уахи түсе бастағанда, Жәбірейіл (аләйһис-сәләм) келді. Пайғамбар (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) оны аспан мен жердің арасында жанып тұрған нұрға ұқсас бір кереует үстінде көріп, қорқыныштан есінен танып қалды. Есіне келгеннен кейін Хадишаның (Аллаһ оған разы болсын) қасына кіріп: «Мені орап қойыңдар, орап қойыңдар!» - деді. Хадиша (Аллаһ оған разы болсын) оны орап қойды.

1 {Ей} уахи түскен кезде {киіміне оранып алушы} пайғамбар!

2 {Тұр!} адамдарды және мекке иелерін егер иман айтпаса келетін Аллаһтың азабынан {ескерт}.

3 Сенің Иең, Қожайының және істеріңді оңдап беруші {Раббыңды} тәкбір айту арқылы {ұлықта} үлкендік және ұлықтық Аллаһтың сипаты болып, ол серігі болудан көп ұлық.

4 {Киіміңді} нәжістерден {пәк тұт (пәк, таза ұста)}. Қатәдә бұл аяттың мәнісі: «Өзіңді күнәлардан пәк ұста!»—дегендік болады дейді.

۞ إِنَّ رَبَّكَ يَعْلَمُ أَنَّكَ تَقُومُ أَدْنَىٰ مِن ثُلُثَيِ ٱلَّيْلِ وَنِصْفَهُۥ وَثُلُثَهُۥ وَطَآئِفَةٌ
مِّنَ ٱلَّذِينَ مَعَكَ ۚ وَٱللَّهُ يُقَدِّرُ ٱلَّيْلَ وَٱلنَّهَارَ ۚ عَلِمَ أَن لَّن تُحْصُوهُ فَتَابَ
عَلَيْكُمْ ۖ فَٱقْرَءُوا۟ مَا تَيَسَّرَ مِنَ ٱلْقُرْءَانِ ۚ عَلِمَ أَن سَيَكُونُ مِنكُم مَّرْضَىٰ ۙ
وَءَاخَرُونَ يَضْرِبُونَ فِى ٱلْأَرْضِ يَبْتَغُونَ مِن فَضْلِ ٱللَّهِ ۙ وَءَاخَرُونَ
يُقَٰتِلُونَ فِى سَبِيلِ ٱللَّهِ ۖ فَٱقْرَءُوا۟ مَا تَيَسَّرَ مِنْهُ ۚ وَأَقِيمُوا۟ ٱلصَّلَوٰةَ وَءَاتُوا۟
ٱلزَّكَوٰةَ وَأَقْرِضُوا۟ ٱللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا ۚ وَمَا تُقَدِّمُوا۟ لِأَنفُسِكُم مِّنْ خَيْرٍ تَجِدُوهُ
عِندَ ٱللَّهِ هُوَ خَيْرًا وَأَعْظَمَ أَجْرًا ۚ وَٱسْتَغْفِرُوا۟ ٱللَّهَ ۖ إِنَّ ٱللَّهَ غَفُورٌ رَّحِيمٌۢ ٢٠

ترتيبها 74 — سُورَةُ ٱلْمُدَّثِّرِ — آياتها 20

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

يَٰٓأَيُّهَا ٱلْمُدَّثِّرُ ١ قُمْ فَأَنذِرْ ٢ وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ ٣ وَثِيَابَكَ فَطَهِّرْ ٤
وَٱلرُّجْزَ فَٱهْجُرْ ٥ وَلَا تَمْنُن تَسْتَكْثِرُ ٦ وَلِرَبِّكَ فَٱصْبِرْ ٧
فَإِذَا نُقِرَ فِى ٱلنَّاقُورِ ٨ فَذَٰلِكَ يَوْمَئِذٍ يَوْمٌ عَسِيرٌ ٩ عَلَى ٱلْكَٰفِرِينَ
غَيْرُ يَسِيرٍ ١٠ ذَرْنِى وَمَنْ خَلَقْتُ وَحِيدًا ١١ وَجَعَلْتُ لَهُۥ مَالًا
مَّمْدُودًا ١٢ وَبَنِينَ شُهُودًا ١٣ وَمَهَّدتُّ لَهُۥ تَمْهِيدًا ١٤ ثُمَّ يَطْمَعُ
أَنْ أَزِيدَ ١٥ كَلَّآ ۖ إِنَّهُۥ كَانَ لِءَايَٰتِنَا عَنِيدًا ١٦ سَأُرْهِقُهُۥ صَعُودًا ١٧

5 {Пұттарға ғибадат қылудан} яғни пұт және мүсіндерге (һәйкәлдерге) ғибадат қылу сияқты азапқа қалдыратын істерден {аулақ бол}.

6 {Міндетті көп қылма} яғни басқалар себебінен келген жайсыздықтарды көп тілге алатын кісіге ұқсас, сен тартып жатқан пайғамбарлық машақаттарды (жапаларды) Аллаһқа міндет қылма. Кейбіреулер бұл аятты былайша тәпсірлейді: «Біреуге бір нәрсе берсең, оны Аллаһ ризалығы үшін бер. Оны ешқашан да кісілерге (адамдарға) міндет қылма!»

7 Саған өте үлкен жауапкершілік артылды. Саған арап және басқа ұлттар ұрыс ашады. Сол үшін сен келген қиыншылықтарға {Раббыңның (разылығы) үшін сабырлық қыл}.

8 9 {Сұр үрленген уақыт—ол күн қиын күн} Аллаһ тағала бұл аят арқылы тура Пайғамбарға (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «Сен олардың саған істеген қиыншылықтарына сабырлық қыл. Олардың алдында қылғандарының (істегендерінің) жазасын тартатын қиын күн бар»,—деген еді.

إِنَّهُۥ فَكَّرَ وَقَدَّرَ ١٨ فَقُتِلَ كَيْفَ قَدَّرَ ١٩ ثُمَّ قُتِلَ كَيْفَ قَدَّرَ ٢٠ ثُمَّ نَظَرَ
٢١ ثُمَّ عَبَسَ وَبَسَرَ ٢٢ ثُمَّ أَدْبَرَ وَٱسْتَكْبَرَ ٢٣ فَقَالَ إِنْ هَٰذَآ إِلَّا سِحْرٌ
يُؤْثَرُ ٢٤ إِنْ هَٰذَآ إِلَّا قَوْلُ ٱلْبَشَرِ ٢٥ سَأُصْلِيهِ سَقَرَ ٢٦ وَمَآ أَدْرَىٰكَ
مَا سَقَرُ ٢٧ لَا تُبْقِى وَلَا تَذَرُ ٢٨ لَوَّاحَةٌ لِّلْبَشَرِ ٢٩ عَلَيْهَا تِسْعَةَ عَشَرَ
٣٠ وَمَا جَعَلْنَآ أَصْحَٰبَ ٱلنَّارِ إِلَّا مَلَٰٓئِكَةً ۙ وَمَا جَعَلْنَا عِدَّتَهُمْ إِلَّا فِتْنَةً
لِّلَّذِينَ كَفَرُوا۟ لِيَسْتَيْقِنَ ٱلَّذِينَ أُوتُوا۟ ٱلْكِتَٰبَ وَيَزْدَادَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓا۟ إِيمَٰنًا ۙ
وَلَا يَرْتَابَ ٱلَّذِينَ أُوتُوا۟ ٱلْكِتَٰبَ وَٱلْمُؤْمِنُونَ ۙ وَلِيَقُولَ ٱلَّذِينَ فِى قُلُوبِهِم مَّرَضٌ
وَٱلْكَٰفِرُونَ مَاذَآ أَرَادَ ٱللَّهُ بِهَٰذَا مَثَلًا ۚ كَذَٰلِكَ يُضِلُّ ٱللَّهُ مَن يَشَآءُ وَيَهْدِى
مَن يَشَآءُ ۚ وَمَا يَعْلَمُ جُنُودَ رَبِّكَ إِلَّا هُوَ ۚ وَمَا هِىَ إِلَّا ذِكْرَىٰ لِلْبَشَرِ ٣١ كَلَّا
وَٱلْقَمَرِ ٣٢ وَٱلَّيْلِ إِذْ أَدْبَرَ ٣٣ وَٱلصُّبْحِ إِذَآ أَسْفَرَ ٣٤ إِنَّهَا لَإِحْدَى
ٱلْكُبَرِ ٣٥ نَذِيرًا لِّلْبَشَرِ ٣٦ لِمَن شَآءَ مِنكُمْ أَن يَتَقَدَّمَ أَوْ يَتَأَخَّرَ ٣٧ كُلُّ
نَفْسٍۭ بِمَا كَسَبَتْ رَهِينَةٌ ٣٨ إِلَّآ أَصْحَٰبَ ٱلْيَمِينِ ٣٩ فِى جَنَّٰتٍ يَتَسَآءَلُونَ
٤٠ عَنِ ٱلْمُجْرِمِينَ ٤١ مَا سَلَكَكُمْ فِى سَقَرَ ٤٢ قَالُوا۟ لَمْ نَكُ مِنَ
ٱلْمُصَلِّينَ ٤٣ وَلَمْ نَكُ نُطْعِمُ ٱلْمِسْكِينَ ٤٤ وَكُنَّا نَخُوضُ مَعَ
ٱلْخَآئِضِينَ ٤٥ وَكُنَّا نُكَذِّبُ بِيَوْمِ ٱلدِّينِ ٤٦ حَتَّىٰٓ أَتَىٰنَا ٱلْيَقِينُ ٤٧

10 {Кәпірлерге оңай емес}.

11 Ей, Мұхаммед! {Мен} оны анасының құрсағында малы да, бала-шағалары да болмаған халде {жеке (жалғыз) жаратқан кісіні} яғни Уәлид ибн Мұғираны {Маған қоя бер}. Бұл аяттың және бір мағынасы: «Оны Маған қоя бер. Мен одан кек алуға (интиқам алуға) жеткіліктімін».

12 {Оған көптеген мал бердім}.

13 {Оған көз алдында тұратын ұлдарды бердім} әкелерінің малы көп болғандықтан, жұмыс бойынша, ризық іздеуге сапарға шықпайтын, өзі алдында Меккеде жүретін ұлдарды берді.

14 {Оның} ризығын кең, өмірін ұзын және құрайыштағы беделін жоғары қылу арқылы {абыройын өсірдім}.

15 {Сонан соң ол тағы көп беруімді дәме қылады}.

16 {Жоқ}, яғни көп бермеймін, {өйткені ол Біздің аяттарымызға қарсы шықты}, пайғамбарымызға түсірген аяттарымызға иман келтірмеді.

17 {Оған} ол төзе алмайтындай {қатты азабымды таттырамын}.

18 {Ол} пайғамбар және Құран хақында (жайында) {ойланды}, Құран туралы не айтуды және қандай жала жабуды {жоспарлады}. Сонымен Аллаһ оны қорлады.

19 {Құрысын (лағынет болсын), ол қалай жоспарлады}.

20 {Тағы да құрысын (лағынет болсын), ол қандай жоспарлады}.

21 {Сосын ол} Құранды қандай іңкәр қылу және қалай сөгуді {қарады}.

22 {Сосын} ол Құранға кемсітетін бір нәрсе таба алмай {қабағын түйді және түрін быжырайтты (өзгертті)}.

23 {Сосын} иманнан {бет бұрды}. Пайғамбарға еруден (ілесуден) {тәкаппарлықпен бас тартты},

24 25 {Бұл} Аллаһтың сөзі емес {тек қана (үйренілген) сиқыр, бұл тек қана адам сөзі деді}.

26 {Оны Мен сақарға} яғни тозаққа {саламын}.

27 {Сақардың не екенін қалай біле аласың?}.

28 {Ол еш нәрсені қалдырмайды, қоймайды} бәлкім (керісінше), күйдіріп тастайды.

29 {Ол} яғни тозақ үлкендігінен {адамдардың} көздеріне алыс қашықтықтан {көрініп тұрады}. Бұл аятты кейбір ғалымдар былай тәпсірлейді: «Ол тозақ адамдардың беттерін қара қылғанша дейін өзгертеді».

30 {Оған 19 жауапты} яғни, періште. Кейбіреулер: 19 түрлі періште жауапты деп тәпсір қылған.

31 Жоғарыдағы аят түскенде, Әбу Жәһіл: «Мұхаммедтің 19 ғана жәрдемшісі бар болса, олардан әрбірін бізден жүз кісі ұстаса, сосын тозақтан шығып кетпей ме?» - деді. Сонымен Аллаһ тағаланың бұл аяты түсті: {Біз тозақ жауаптыларын тек қана періштелерден қылдық}, Аллаһ күшті, ашуы жаман қылып жаратқан періштелерге кімнің күші жетсін?! {Біз олардың санымен тек қана кәпірлерді} жоғарыдағыдай сандырағы арқылы күнәсін тіпті де көбейтіп, өздеріне болған азапты еселеп арттыруы үшін {сынадық. Әйтсе де, Кітап иелері} яғни яһуди және христиандар өздерінің сәмәуи кітаптарындағы бұл санды көріп Құранның хақ екендігіне {көздері жетіп, мүміндердің} Пайғамбардың (саллаллаху ъәләйһи уа саллам) берген хабарына сенгендігінен және әһлі кітаптың Құран хабарларының Тәурат, Інжілдегі хабарларға сәйкес екендігін мойындағандығынан {иманы

күшейгей, кітап иелері және мүміндер (бұдан) күдіктенбейді (күмәнданбайды). Жүректерінде ауру барлар} яғни мұнафиқтар, {кәпірлер: «бұл мысалдан Аллаһ нені қалайды?» - дейді} яғни, осы біртүрлі сандарды айтып не қалады. {Аллаһ осылайша қалаған адамын адастырады (қорлайды), қалаған адамын тура жолға салады (һидает береді). Раббыңның тобын (әскерін)} яғни періштелерінің санының көптігін, олардың күш-қуатын және олардың жаратылудағы (жаратылыстағы) үлкендігін {тек қана Өзі біледі, бұл} яғни Аллаһ баяндаған тозақ және оған жауапты қылған періштелер {тек қана адамдар үшін уағыз-насихат} және де Аллаһ тағала ешқандай көмекші мен жәрдемшілерге мұқтаж емес.
32 {Жоқ} яғни ол мазақ қылушылар жаман қылмыстарынан қайтсын, {аймен қасам (ант)},
33 {Өтіп кеткен түнмен ант},
34 {Атқан таңмен ант},
35 {Күдіксіз, (тозақ) үлкен (бәлелердің) бірі} Кейбіреулер: «Мұхаммедке (саллаллаху ъәләйһи уа саллам) сенбеушілік үлкен бәлелердің бірі», - деп тәпсір қылған.
36 {Ол адамдарды ескертуші}.
37 {Сендерден} иман айту арқылы жаннатқа {(қарай) қадам басқанды қалаған яки} тозақтан {шегінуді қалаған адамды ескертуші}.
38 {Әрбір адам амалдарына кепілдікке қойылушы}. Оның амалдары оны не тозақтан құтылдырады яки тозаққа қойып қояды.
39 {Тек қана оң жақтағылар (асхабу иәмин)} яғни бақытты мүміндер {бұдан тысқары} олар күнәларына кепілдікке қойылмайды, керісінше, жақсы амалдары себебінен тозақтан құтылады.
40 - 42 {(Олар жаннаттарда болып, күнәкарлардан): «Сендерді тозаққа кіргізген не?» - деп сұрайды}.
43 {(Олар (жауап) айтады): «Біз намаз оқымадық»}.
44 {Міскіндерге тағам (тамақ) бермедік}.
45 {Біз} жалғаншылармен араласушы едік, {бос сөз қылушылармен (айтушылармен) бірге бос сөз айтушы едік}.
46 {Қиямет күнін теріске шығаратын едік (інкәр қылатын едік)}.
47 {Бізге ақиқат келгенше (солай қылдық)} яғни, өлім келгенше дейін.
48 {Шапағат қылушылардың шапағаты оларға пайда бермейді} яғни оларды

فَمَا تَنفَعُهُمْ شَفَٰعَةُ ٱلشَّٰفِعِينَ ﴿٤٨﴾ فَمَا لَهُمْ عَنِ ٱلتَّذْكِرَةِ مُعْرِضِينَ
﴿٤٩﴾ كَأَنَّهُمْ حُمُرٌ مُّسْتَنفِرَةٌ ﴿٥٠﴾ فَرَّتْ مِن قَسْوَرَةٍۭ ﴿٥١﴾ بَلْ يُرِيدُ
كُلُّ ٱمْرِئٍ مِّنْهُمْ أَن يُؤْتَىٰ صُحُفًا مُّنَشَّرَةً ﴿٥٢﴾ كَلَّا ۖ بَل لَّا يَخَافُونَ
ٱلْـَٔاخِرَةَ ﴿٥٣﴾ كَلَّآ إِنَّهُۥ تَذْكِرَةٌ ﴿٥٤﴾ فَمَن شَآءَ ذَكَرَهُۥ ﴿٥٥﴾
وَمَا يَذْكُرُونَ إِلَّآ أَن يَشَآءَ ٱللَّهُ ۚ هُوَ أَهْلُ ٱلتَّقْوَىٰ وَأَهْلُ ٱلْمَغْفِرَةِ ﴿٥٦﴾

## سُورَةُ ٱلْقِيَامَةِ

ترتيبها 75 — آياتها 40

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

لَآ أُقْسِمُ بِيَوْمِ ٱلْقِيَٰمَةِ ﴿١﴾ وَلَآ أُقْسِمُ بِٱلنَّفْسِ ٱللَّوَّامَةِ ﴿٢﴾ أَيَحْسَبُ
ٱلْإِنسَٰنُ أَلَّن نَّجْمَعَ عِظَامَهُۥ ﴿٣﴾ بَلَىٰ قَٰدِرِينَ عَلَىٰٓ أَن نُّسَوِّىَ بَنَانَهُۥ ﴿٤﴾ بَلْ
يُرِيدُ ٱلْإِنسَٰنُ لِيَفْجُرَ أَمَامَهُۥ ﴿٥﴾ يَسْـَٔلُ أَيَّانَ يَوْمُ ٱلْقِيَٰمَةِ ﴿٦﴾ فَإِذَا بَرِقَ ٱلْبَصَرُ
﴿٧﴾ وَخَسَفَ ٱلْقَمَرُ ﴿٨﴾ وَجُمِعَ ٱلشَّمْسُ وَٱلْقَمَرُ ﴿٩﴾ يَقُولُ ٱلْإِنسَٰنُ يَوْمَئِذٍ
أَيْنَ ٱلْمَفَرُّ ﴿١٠﴾ كَلَّا لَا وَزَرَ ﴿١١﴾ إِلَىٰ رَبِّكَ يَوْمَئِذٍ ٱلْمُسْتَقَرُّ ﴿١٢﴾ يُنَبَّؤُا۟ ٱلْإِنسَٰنُ
يَوْمَئِذٍۭ بِمَا قَدَّمَ وَأَخَّرَ ﴿١٣﴾ بَلِ ٱلْإِنسَٰنُ عَلَىٰ نَفْسِهِۦ بَصِيرَةٌ ﴿١٤﴾ وَلَوْ أَلْقَىٰ
مَعَاذِيرَهُۥ ﴿١٥﴾ لَا تُحَرِّكْ بِهِۦ لِسَانَكَ لِتَعْجَلَ بِهِۦٓ ﴿١٦﴾ إِنَّ عَلَيْنَا جَمْعَهُۥ
وَقُرْءَانَهُۥ ﴿١٧﴾ فَإِذَا قَرَأْنَٰهُ فَٱتَّبِعْ قُرْءَانَهُۥ ﴿١٨﴾ ثُمَّ إِنَّ عَلَيْنَا بَيَانَهُۥ ﴿١٩﴾

Аллаһтың азабынан құтылдыратын (құтқаратын) шапағатшы болмайды. Оларға бүкіл жер тұрғындары шапағат қылған жағдайда да, олардың шапағаты қабыл болмайды.
49 {Олар не себепті (неге) уағыз} яғни барлық уағыз-насихаттарды өз ішіне алған Құран {-нан бет бұрады}.
50 51 {Тура олар арыстаннан} яки аулаушыдан {қашқан жабайы есектер іспетті} яғни бұл мүшріктер Мұхаммедті (саллаллаху ъәләйһи уа саллам) көргенде, одан тура арыстанды көріп қашқан жабайы есектердей қашады.
52 {Бәлкім, олардан әрбір кісі (әрбірі) өзіне анық жазылған қағаз берілуді қалайды}. Тәпсіршілер былай дейді: «Сол замандағы құрайыш кәпірлері Мұхаммедке (саллаллаху ъәләйһи уа саллам): «Аллаһ тарапынан әрбірімізідің басына сенің пайғамбар екендігің жөнінде бір хат (сөз) жазылсын!»—десген еді».
53 {Жоқ} яғни олар айтқандарынан (солай айтудан) қайтсын. {Бәлки, олар (ақыреттен) қорықпайды}.

54 {Жоқ, сөзсіз, ол} яғни Құран {уағыз-насихат} олар өздерінің бақытты болуын көздейтін болса, Құран олардың уағыз-насихат алуына жетерлік.
55 {Қалаған адам одан уағыз-насихат алады}.
56 {Олар тек қана Аллаһ қаласа, сонан соң уағыз-насихат алады} яғни һидает (тура жол) таба алады. {Аллаһ} пенделері жақсы амал қылу және күнәларды тәрік ету арқылы {қорқуға тиісті}, күнә істеп қойған мүмін пенделерін {жарылқау етуге лайықты}.

# 75. Қиямет сүресі

(Меккеде түскен, 40 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Қиямет күнімен серт (ант)}, Аллаһ тағаланың Қиямет күнімен ант етуі (қасам қылуы), оның өте қорқынышты күн екендігін суреттеу (білдіру) үшін. Аллаһ мақлұқаттарынан қалаған нәрсемен қасам қыла алады.
2 {Өзін мүләйімдік қылушы (өкіндіруші) нәпсімен серт}, сендер сөзсіз тірілтілесіңдер, сендерден сөзсіз есеп алынады. Бұл аяттағы нәпсі болса, мүміннің нәпсісі болып, ол жақсылықты тіпті де көп қылып алмағанына және жамандықты қылғанына өкініп, (налып, қапа болып) өзіне мүләйімдік қылады. Мұқатил былай дейді: «Бұл аяттағы нәпсі кәпірдің нәпсісі болып, ол Аллаһқа бойсұнуда (құлшылық жасау орайын) жіберіп қойғандығына қасырет шегіп өз-өзіне мүләйімдік қылады (өкінеді)».
3 {Адам Бізді өзінің} шіріп тарап кеткен {сүйектерін} жаңадан (қайтадан) {жинастыра алмайды деп күмән қыла ма?}.
4 {Олай емес} яғни оның сүйектерін жинаймыз. {Оның} ең жіңішке, ең нәзік болған {бармақтарын қалпына келтіре аламыз}, саусақтарды да жинай аламыз, Аллаһ тағала саусақтарды жинап, аттың тұяғы сияқты жаратуы да мүмкін еді, бірақ та оны ыңғайлы сүйектер, тырнақ, тамырлармен жаратып, жіңішке, қолайлы қылып нығметтеді. Аллаһ бұл аятта адамның саусақ ізінің бір-біріне әсте ұқсамайтындығын, және де қаласа саусақ іздері барлық адамдарда бірдей қылып жаратуына да күші жете алатындығын, Аллаһ қаласа солардың өз қалпына келтіре алатындығын ескертпекші болуы да мүмкін.
5 {Бәлкім, адам келешек өмірінде күнәні жалғастырмақшы (болады)} яғни күнә қылып, тәубе қылуды кешіктірмекші {болады} яки өмір бойы өлімді есіне алып та қоймай, күнәмен өткізбекші болады.
6 {Ол} мазақ қылу және алыс санау тұрғысынан: {Қиямет күні қашан болады деп сұрайды}.
7 Өлімнің яки Қиямет күнінің қаттылығынан қорыққан және қайранда қалғандығы үшін {көздер торланған}.
8 Бұрынғыдай ай тұтылып соңынан қалпына келмей жалғасты {айдың нұры өшкен} халде тұратын,
9 10 {Күн мен ай бірлестірілген} яғни түн мен күндіз дейтін нәрсе бар болмайтын {шақта, адам бұл күнде}: Аллаһтың азабынан {қашатын жай қай жерде? - дейді}.
11 {Жоқ} ол күні мейлі тау, мейлі қорған ешқандай нәрсе Аллаһтың азабынан {қашуға (қашатын) пана бола алмайды}.
12 {Бұл күні} ең ақырында қайтатын {үкім—Раббыларыңның жағы (тарапы)}.
13 {Бұл күні адамға} үлкен болсын, кішкене болсын, жақсылық болсын, жамандық болсын {бұрын-соңды қылған амалдары білдіріледі}.
14 {Бәлкім, адам өзіне өзі куә} яғни, адам ол мүміндерден бе әлде кәпірлерден бе; бойсұнушылардан ба, мойынсұнбаушылардан ба; дұрыс жолда ма бұрыс жолда ма шын мәнінде өзі жақсы біледі. Бұл аят: «оның барлық мүшелері істегендеріне куәгер болады»,—деген мағынаны білдіреді деушілер де бар.
15 {Ол өзін ақтау үшін қанша үзір айтқан жағдайда да} үзірі қабыл болмайды.
16 Саған Жәбірейіл арқылы уахи түсіп жатқанда, оны есіңе алып алуың үшін (есіңе сақтауың үшін) {асығып тіліңді жыбырлатпа}. Сол заманда Мұхаммедке( саллаллаху ъаләйһи уа саллам) уахи түсіп жатқанда Жәбірейіл (аләһис-сәләм) оқып болғанша, оны жаттап алуға асығып оқып тілі және еріндері жыбырлап кететін. Сонымен бұл аят түсті.
17 Құраннан бір нәрсенің түсіп қалмауы үшін, сенің жүрегіңде {оны жинау және} оны сенің тілің арқылы тура {оқып беру—Біздің жауапкершілігіміз}.
18 {Саған оны} Жәбірейіл арқылы {оқып бергенімізде, оның оқуына ер (ілес)} яғни тыныш отырып құлақ сал.
19 {Сосын оны түсіндіріп беру} яғни ондағы халал-харам және түсініксіз орындарды түсіндіру (ашып беру) {біздің

жауапкершілігіміз}. Содан кейін Пайғамбар (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) Жәбірейіл (аләhис-сәләм) келгенде тыныш тұратын, кеткеннен кейін Аллаh уәде қылғандай оқитын болды.

20 Ей, мүшріктер жамағаты! {Әсте олай емес} яғни өлгеннен кейін тірілу, есеп беру сендер күмән қылғандай жоқ іс емес, {бәлки (керісінше), сендер бұл дүниені жақсы көресіңдер}.

21 {Ақыретке көңіл бөлмейсіңдер}.

22 {Бұл күні}, бақытқа жолыққандардың {жүздері нұрлы болады}.

23 Олар {Раббыларына қарап тұрады} салих (ізгі) пенделерінің Қиямет күнінде Раббысына тура 15 күндік толған айға қарағандай қарайтындығы жайында сахих хадистер мутауатир* дәрежесіне жеткен.

24 {Бұл күні жүздер бұлыңғыр болады}, яғни, қабақтары түйілген, көңілсіз, қатал болады.

25 {Өздерінің үлкен (зор) қиыншылыққа (мүшкілдікке) душар болатындығына олар кесімді түрде (анық, сөзсіз) сенеді}.

26 27 {Расында, жан алқымға жеткенде} оның қасына кірген әрбір адамға {(бұл дертке) кім шипа қыла алады (емдей алады, амал таба алады) делінеді} оған дәрігерлер келтіріледі. Бірақ олар да Аллаh тағдыр қылғаннан (жазғаннан) еш нәрсені өзгерте алмайды.

28 Өлім аузында (сәкаратта) жатқан адам {бұның} дүниеден, отбасынан, бала-шағасынан және мал-мүлкінен {айрылу екендігін сөзсіз біледі}.

29 Сәкәраттың (жан тапсырудың) қаттылығынан {сирақ-сираққа (балтыр-балтырға) айқасып кетеді}, бұрын жүрген сирақтары енді оны көтере алмайды, сонымен, адамдар оның денесін, періштелер оның рухын дайындайды.

30 {Бұл күні} рухтар денеден шығарылғаннан кейін {айдап барылатын жай (орын)—Раббысының құзыры}.

31 Кәпір пайғамбарға, Құранға {сенбеді, намаз оқымады} яғни жүрегімен иман айтпады және денесі арқылы амал қылмады.

32 {Бірақта ол} пайғамбар алып келген Құранды {інкәр қылды (теріске шығарды) және} тағат-құлшылықтан және иманнан {бет бұрды}.

7 {Сонан соң керілген халде үйіне қайтты}, яғни керіліп, мақтанып жүрді, немесе ақиқатқа шақырғанда ауырланып, ерінді.

34 {Әттең сенің жағдайыңа! Әттең сенің

كَلَّا بَلْ تُحِبُّونَ الْعَاجِلَةَ ﴿٢٠﴾ وَتَذَرُونَ الْآخِرَةَ ﴿٢١﴾ وُجُوهٌ يَوْمَئِذٍ نَاضِرَةٌ ﴿٢٢﴾
إِلَىٰ رَبِّهَا نَاظِرَةٌ ﴿٢٣﴾ وَوُجُوهٌ يَوْمَئِذٍ بَاسِرَةٌ ﴿٢٤﴾ تَظُنُّ أَنْ يُفْعَلَ بِهَا فَاقِرَةٌ ﴿٢٥﴾
كَلَّا إِذَا بَلَغَتِ التَّرَاقِيَ ﴿٢٦﴾ وَقِيلَ مَنْ ۜ رَاقٍ ﴿٢٧﴾ وَظَنَّ أَنَّهُ الْفِرَاقُ ﴿٢٨﴾ وَالْتَفَّتِ
السَّاقُ بِالسَّاقِ ﴿٢٩﴾ إِلَىٰ رَبِّكَ يَوْمَئِذٍ الْمَسَاقُ ﴿٣٠﴾ فَلَا صَدَّقَ وَلَا صَلَّىٰ
﴿٣١﴾ وَلَٰكِنْ كَذَّبَ وَتَوَلَّىٰ ﴿٣٢﴾ ثُمَّ ذَهَبَ إِلَىٰ أَهْلِهِ يَتَمَطَّىٰ ﴿٣٣﴾ أَوْلَىٰ لَكَ
فَأَوْلَىٰ ﴿٣٤﴾ ثُمَّ أَوْلَىٰ لَكَ فَأَوْلَىٰ ﴿٣٥﴾ أَيَحْسَبُ الْإِنْسَانُ أَنْ يُتْرَكَ سُدًى ﴿٣٦﴾
أَلَمْ يَكُ نُطْفَةً مِنْ مَنِيٍّ يُمْنَىٰ ﴿٣٧﴾ ثُمَّ كَانَ عَلَقَةً فَخَلَقَ فَسَوَّىٰ ﴿٣٨﴾ فَجَعَلَ مِنْهُ
الزَّوْجَيْنِ الذَّكَرَ وَالْأُنْثَىٰ ﴿٣٩﴾ أَلَيْسَ ذَٰلِكَ بِقَادِرٍ عَلَىٰ أَنْ يُحْيِيَ الْمَوْتَىٰ ﴿٤٠﴾

ترتيبها 76 — سُورَةُ الْإِنْسَانِ — آياتها 31

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

هَلْ أَتَىٰ عَلَى الْإِنْسَانِ حِينٌ مِنَ الدَّهْرِ لَمْ يَكُنْ شَيْئًا مَذْكُورًا ﴿١﴾
إِنَّا خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ مِنْ نُطْفَةٍ أَمْشَاجٍ نَبْتَلِيهِ فَجَعَلْنَاهُ سَمِيعًا
بَصِيرًا ﴿٢﴾ إِنَّا هَدَيْنَاهُ السَّبِيلَ إِمَّا شَاكِرًا وَإِمَّا كَفُورًا ﴿٣﴾
إِنَّا أَعْتَدْنَا لِلْكَافِرِينَ سَلَاسِلَ وَأَغْلَالًا وَسَعِيرًا ﴿٤﴾ إِنَّ
الْأَبْرَارَ يَشْرَبُونَ مِنْ كَأْسٍ كَانَ مِزَاجُهَا كَافُورًا ﴿٥﴾

халіңе!}

35 {Және әттең сенің халіңе! Әттең сенің халіңе!}

36 {Адам өзін бос (бекер) қоя беріледі}. Яғни шариғат істеріне жұмсалмай (міндеттелмей, бұйырылмай), есеп те алынбай және жазаға да тартылмайтын, мейліне қоя берілген хайуанға ұқсас {деп ойлай ма?}

37 {Ол} жатырға {төгілетін (құйылатын)} әлсіз мәни {емес пе еді?}

38 {Содан кейін ол ұйыған қан болды, кейін Аллаh оны көркем түрде (бейнеде) жаратты}.

39 {Ол мәниден ер-әйелді жаратты}.

40 {Ол} яғни жоғарыдағыдай жіңішке (нәзік) істерді қыла алған Аллаh {өліктерді тірілтуге шамасы жетпей ме?}. Расында, қайта тірілту бірінші рет жаратудан көп жеңіл (оңай).

## 76. Инсан сүресі

(Мәдинада түскен, 31 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаhтың атымен бастаймын.**

1 {Адамзат еске аларлық бір нәрсе

عَيْنًا يَشْرَبُ بِهَا عِبَادُ ٱللَّهِ يُفَجِّرُونَهَا تَفْجِيرًا ﴿٦﴾ يُوفُونَ بِٱلنَّذْرِ وَيَخَافُونَ
يَوْمًا كَانَ شَرُّهُۥ مُسْتَطِيرًا ﴿٧﴾ وَيُطْعِمُونَ ٱلطَّعَامَ عَلَىٰ حُبِّهِۦ مِسْكِينًا
وَيَتِيمًا وَأَسِيرًا ﴿٨﴾ إِنَّمَا نُطْعِمُكُمْ لِوَجْهِ ٱللَّهِ لَا نُرِيدُ مِنكُمْ جَزَآءً وَلَا شُكُورًا
﴿٩﴾ إِنَّا نَخَافُ مِن رَّبِّنَا يَوْمًا عَبُوسًا قَمْطَرِيرًا ﴿١٠﴾ فَوَقَىٰهُمُ ٱللَّهُ شَرَّ ذَٰلِكَ
ٱلْيَوْمِ وَلَقَّىٰهُمْ نَضْرَةً وَسُرُورًا ﴿١١﴾ وَجَزَىٰهُم بِمَا صَبَرُوا۟ جَنَّةً وَحَرِيرًا
﴿١٢﴾ مُّتَّكِـِٔينَ فِيهَا عَلَى ٱلْأَرَآئِكِ ۖ لَا يَرَوْنَ فِيهَا شَمْسًا وَلَا زَمْهَرِيرًا ﴿١٣﴾
وَدَانِيَةً عَلَيْهِمْ ظِلَٰلُهَا وَذُلِّلَتْ قُطُوفُهَا تَذْلِيلًا ﴿١٤﴾ وَيُطَافُ عَلَيْهِم بِـَٔانِيَةٍ
مِّن فِضَّةٍ وَأَكْوَابٍ كَانَتْ قَوَارِيرَا۠ ﴿١٥﴾ قَوَارِيرَا۟ مِن فِضَّةٍ قَدَّرُوهَا تَقْدِيرًا ﴿١٦﴾
وَيُسْقَوْنَ فِيهَا كَأْسًا كَانَ مِزَاجُهَا زَنجَبِيلًا ﴿١٧﴾ عَيْنًا فِيهَا تُسَمَّىٰ سَلْسَبِيلًا
﴿١٨﴾ ۞ وَيَطُوفُ عَلَيْهِمْ وِلْدَٰنٌ مُّخَلَّدُونَ إِذَا رَأَيْتَهُمْ حَسِبْتَهُمْ لُؤْلُؤًا مَّنثُورًا
﴿١٩﴾ وَإِذَا رَأَيْتَ ثَمَّ رَأَيْتَ نَعِيمًا وَمُلْكًا كَبِيرًا ﴿٢٠﴾ عَٰلِيَهُمْ ثِيَابُ سُندُسٍ
خُضْرٌ وَإِسْتَبْرَقٌ ۖ وَحُلُّوٓا۟ أَسَاوِرَ مِن فِضَّةٍ وَسَقَىٰهُمْ رَبُّهُمْ شَرَابًا
طَهُورًا ﴿٢١﴾ إِنَّ هَٰذَا كَانَ لَكُمْ جَزَآءً وَكَانَ سَعْيُكُم مَّشْكُورًا ﴿٢٢﴾ إِنَّا
نَحْنُ نَزَّلْنَا عَلَيْكَ ٱلْقُرْءَانَ تَنزِيلًا ﴿٢٣﴾ فَٱصْبِرْ لِحُكْمِ رَبِّكَ وَلَا تُطِعْ
مِنْهُمْ ءَاثِمًا أَوْ كَفُورًا ﴿٢٤﴾ وَٱذْكُرِ ٱسْمَ رَبِّكَ بُكْرَةً وَأَصِيلًا ﴿٢٥﴾

болғанға дейін дәуірден бірталай мерзім өтпеді ме?} яғни, рух үрленгенге дейінгі мерзім. Кейбіреулер: «Бұл мерзім Адам (аләйһис-сәләм) шертсе сыңғырлайтын балшық болып жаратылып кейін рух үрленгенге дейінгі 40 жылғы мерзім» - дейді. Кейбір тәпсіршілер бұл аяттың мағынасы жайында былай дейді: «Біраз уақыттарға дейін Адам (аләйһис-сәләм) жаратылған да емес. Мақлұқаттардың арасында тілге алынатындай да нәрсе емес еді».

(2) {Күзіксіз, Біз инсанды (адамды) аралас (мәниден)} яғни ер мен әйелдің мәнисінен {жараттық, оны Біз} жақсылық, жамандық және шариғат міндеттемелерімен {сынаймыз, сол үшін оны Біз} түсірген аяттарымызды естісін, барлық болмысты Жаратушының бірлігіне куәлік қылатын дәлелдерді көрсін деп {еститін, көретін қылып жараттық}.

(3) {Күдіксіз, оған Біз} пайғамбар жіберумен һидает (тура жол) және адасушылық сияқты жақсы-жаман {жолды көрсеттік. Ол мүмін болып, жақсы жолда жүріп} Аллаһтың нығметіне {шүкіршілік қылушы, яки} бұзық болып жаман жолда жүріп {күпірлік қылушы}.

(4) {Күдіксіз, Біз кәпірлерге} аяқтарына салынатын {шынжырларды}, мойындарына салынатын {бұғауларды және жанып тұрған тозақты} оларды азаптау үшін {әзірледік}.

(5) {Расында, жақсылар кәфур (хош иіс) араластырылған} шараппен толтырылған {ыдыстардан ішеді}.

(6) Ол шарап жәннаттағы бір {бұлақтан атылып шыққан болып, одан Аллаһтың (жақсы) пенделері ішеді. Ол бұлақты олар} қалаған жайларына {ағызып (алып) бара алады}.

(7) Осындай нығметтерді оларға нәзір амалдар істеген үшін береді: {Олар (өз үстіне қасам (ант) ішіп алған)} нәпіл намаз оқу, ораза ұстау және құрбандық сою сияқты шариғат оған уәжіп қылмаған, өзі-өзіне уәжіп қылып алған {нәзір істі орындайды және қорқынышы кең шеңберді болған күннен} яғни аспандар жарылып, жұлдыздар өз орындарынан шығып, жер тебреп (сілкініп) таулар тозаңдай болып кететін Қиямет күнінен {қорқады}.

(8) {(Өзі мұқтаж бола тұра), міскінге, жетімге және тұтқынға} яғни бұл үш түрлі адамдар негізінен қиыншылықта болғандықтан оларды {жақсы көріп, оларға тағам береді}. Кейбіреулер аяттың мағынасы: «Аллаһты жақсы көріп оларға тағам береді», - деп айтқан.

(9) Олар айтады: {Сендерге Біз Аллаһтың разылығы үшін тағам береміз. Сендерден еш қандай сый және рақмет айту (қайтарым, мақтау-мадақ, шүкірлік айтуларыңды) талап етпейміз} Аллаһ олардың жүректеріндегіні білгендіктен оларды мадақтады.

(10) {Күдіксіз, Біз Раббымыз тарапынан} өңдер бозарып, қас-көздер бұралып кететін {қиын (ауыр), қатты күннен қорқамыз}.

(11) {Аллаһ оларды сол күннің жаманшылығынан сақтайды} кәпірлердің жүздері бозарып кетуі сияқты болмай, мүміндердің жүздеріне {нұр}, қас-көздерінің бұралып кетуінің орнына жүректеріне {қуаныш береді}.

(12) {Олардың сабырлық еткендері үшін Аллаһ оларды жәннатпен және (ол жердегі) жібек (киімдер)-мен марапаттайды}.

13 {Олар жәннатта дивандарға сүйеніп отырады}олардың жазасы жәннат, шымылдығы бар кереуетте сүйеніп отырады. {Олар жәннатта қатты ыстықты да, қатты суықты да көрмейді} күннің қатты ыстығын, және аязды көрмейді.

14 {(Жәннаттағы ағаштардың) саялары (көлеңкелері) оларға жақын. (Жәннаттың) жемістерін үзу оларға жеңіл қылынады} яғни олар мейлі тік тұрсын, мейлі отырсын яки жатып алса да, қолын созса ғана, жемістерді үзе алады. Оларды не алыстық, не жеміс ағашының тікендері жеміс жеуден тосып қоймайды.

15 16 {Оларға күміс ыдыстар, күмістен жасалған} құмыра әйнек ыдыс сияқты тұнық, ондай құмыралар дүниеде құмнан жасалған-ды, Аллаһ ол ыдыстардың артықшылығын көрсетіп, негізі олар күмістен жасалатынын, шыны сияқты ішіндегі сұйықтар сыртынан қарағанда көрініп тұратынын бізге хабарлады, сондай {ыдыстар айналдырылып ұсынылып тұрады} қүюшылар (қызметшілер), олардың мұқтажына қарап {лайық өлшейді} яғни ішушілердің мұқтаждығынан асып та кетпейді, кеміп те қалмайды.

17 {Олар және жәннатта зәнжәбіл (имбирь) араластырылған ыдыспен} яғни ыдыстағы зәнжәбіл араласқан шараппен {суарылады}.

18 {Жәннатта сәлсәбил деп аталатын бір бұлақ та бар} арап тілінде «сәлсәбил» деген сөз – теп-тегіс, ағымы қатты, өзінің ағынымен ағатын судың аты.

19 {Қартаймай әрқашан жас тұратын жас жігіттер кезекпен олардың қызметін қылып тұрады. Оларды көрген кезіңде} олардың әдемілігі, тұнықтығы және нұрлылығына қарап {оларды тіріліп кеткен меруерт пе екен деп қаласың}.

20 {Қашан да сен қарайтын болсаң бұл жерде} яғни жәннатта суреттей алмайтын {нығметтерді және үлкен (өлшей алмайтын) патшалықты көресің}.

21 {Олардың үстінде жұқа жібек және қалың жібектен (дайындалған) жасыл киімдер болады, (олар) күміс білезіктерді тағады}. Фатыр сүресінде: {Олар жәннатта алтын білезіктерді тағады} делінеді, Олар көңілі тартқанын киеді. {Раббысы оларды пәк (таза) шараппен суарады} Ибраһим НәхаҒи және Әбу Қәләбә былай дейді: «Оларға алдымен тағам беріледі. Тағам аяқталғанда, таза шараппен суарылады. Сонымен, олардың қарны шығып кетпейді. Олардың денесінен шыққан терлер жұпар аңқиды».

22 {Күдіксіз, бұл сендерге берілетін сый-сияпат. Сендердің} құлшылықтарың (бойсұнуларың), Аллаһқа айтқан мақтау-мадақтарың, {еңбектерің шүкір қылынды}, яғни Аллаһ оны қабыл қылды және мақтады.

23 Ей, Мұхаммед! {Шындығында, Біз саған Құранды} бір ғана рет түсірмей, {бөліп-бөліп түсірдік} мүшріктер жала жапқандай өз жаныңнан да шығарып алмадың.

24 {Сен Раббыңның үкіміне сабыр ет, сен олардың арасынан (ешбір) күнәкарға яки күпірлік қылушыға бойсұнбағын}.

25 {Ертелі-кеш Раббыңның атын зікір ет} яғни намаз оқы, Раббыңа көп тағат-ғибадат қылғын. «Ертелі» деген – таң намаз, «кеш» деген – аср (екінті) намаз уақыттары.

26 {Түннің аз бөлігінде Оған сәжде қыл, көп бөлігінде Оған тәсбих айт}.

27 {Күдіксіз, бұлар} яғни мүшріктер {дүниені жақсы көріп, болашақтағы (келешектегі) қиын бір күнге} яғни қияметке {селқос қарайды} бұл аятта қияметті Қиын күн деп атаудағы мақсат—ол күнге әзірлік көрмегендер үшін қатты қиыншылық бар болатындығы үшін.

28 {Біз оларды жараттық. Олардың буындарын бекіттік} яғни, буындарын тамырлар мен жүйке арқылы бір-бірімен бекіттік. {Егер Біз қаласақ} оларды жойып, {орнына оларға ұқсас басқаларды келтірер едік} яғни, оларға қарағанда Аллаһқа бойсұнатындарды келтірер едік.

29 {Күдіксіз, бұл (аяттар) уағыз-насихат} бұл уағыз-насихаттан пайдалануды {қалаған адам Раббысына жеткізетін жолды ұстасын}.

30 {Тек қана Аллаһ қалағанда ғана, сосын сендер қалайсыңдар} яғни барлық іс Аллаһтың қалауына байланысты (бағынады). Әсте де ол мүшріктердің қалауына байланысты емес. Жақсылық және жамандық Аллаһтың иелігінде. Пенденің қолынан тек Аллаһ қалаған нәрсе ғана келеді. {Аллаһ хақиқатында бәрін білуші. Хикметпен іс Қылушы}.

31 {Аллаһ қалаған адамын рақымына алады. Аллаһ залымдарға қатты азап дайындады}.

وَمِنَ ٱلَّيۡلِ فَٱسۡجُدۡ لَهُۥ وَسَبِّحۡهُ لَيۡلًا طَوِيلًا ٢٦ إِنَّ
هَٰٓؤُلَآءِ يُحِبُّونَ ٱلۡعَاجِلَةَ وَيَذَرُونَ وَرَآءَهُمۡ يَوۡمًا ثَقِيلًا ٢٧ نَّحۡنُ
خَلَقۡنَٰهُمۡ وَشَدَدۡنَآ أَسۡرَهُمۡۖ وَإِذَا شِئۡنَا بَدَّلۡنَآ أَمۡثَٰلَهُمۡ تَبۡدِيلًا
٢٨ إِنَّ هَٰذِهِۦ تَذۡكِرَةٞۖ فَمَن شَآءَ ٱتَّخَذَ إِلَىٰ رَبِّهِۦ سَبِيلًا ٢٩
وَمَا تَشَآءُونَ إِلَّآ أَن يَشَآءَ ٱللَّهُۚ إِنَّ ٱللَّهَ كَانَ عَلِيمًا حَكِيمًا ٣٠
يُدۡخِلُ مَن يَشَآءُ فِي رَحۡمَتِهِۦۚ وَٱلظَّٰلِمِينَ أَعَدَّ لَهُمۡ عَذَابًا أَلِيمَۢا ٣١

ترتيبها 77 — سُورَةُ المُرۡسَلَاتِ — آياتها 50

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَٱلۡمُرۡسَلَٰتِ عُرۡفٗا ١ فَٱلۡعَٰصِفَٰتِ عَصۡفٗا ٢ وَٱلنَّٰشِرَٰتِ نَشۡرٗا ٣
فَٱلۡفَٰرِقَٰتِ فَرۡقٗا ٤ فَٱلۡمُلۡقِيَٰتِ ذِكۡرًا ٥ عُذۡرًا أَوۡ نُذۡرًا ٦ إِنَّمَا
تُوعَدُونَ لَوَٰقِعٞ ٧ فَإِذَا ٱلنُّجُومُ طُمِسَتۡ ٨ وَإِذَا ٱلسَّمَآءُ فُرِجَتۡ
٩ وَإِذَا ٱلۡجِبَالُ نُسِفَتۡ ١٠ وَإِذَا ٱلرُّسُلُ أُقِّتَتۡ ١١ لِأَيِّ يَوۡمٍ أُجِّلَتۡ
١٢ لِيَوۡمِ ٱلۡفَصۡلِ ١٣ وَمَآ أَدۡرَىٰكَ مَا يَوۡمُ ٱلۡفَصۡلِ ١٤ وَيۡلٞ يَوۡمَئِذٖ
لِّلۡمُكَذِّبِينَ ١٥ أَلَمۡ نُهۡلِكِ ٱلۡأَوَّلِينَ ١٦ ثُمَّ نُتۡبِعُهُمُ ٱلۡأٓخِرِينَ
١٧ كَذَٰلِكَ نَفۡعَلُ بِٱلۡمُجۡرِمِينَ ١٨ وَيۡلٞ يَوۡمَئِذٖ لِّلۡمُكَذِّبِينَ ١٩

# 77. Мурсәләт сүресі

(Меккеде түскен, 50 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Арт-артынан шығушы (желдермен) қасам (серт)}.

2 {Қатты шығушы (борандармен) серт}.

3 Бұлттарды Аллаһ қалаған тараптарға {таратушы (желдермен) серт}.

4 Хақ пен жалғанның, харам мен халалдың {арасын айырушы періштелермен серт}. Аллаһ тағала төмендегі аятта ақиқат пен жалғанды, харам мен халалды айырып беретін уахиды кең қанаттары арқылы найзағай тездігіндей алып келуші періштелерімен серт етіп былай дейді:

5 6 Пенделерге {үзір} қалдырмау {яки} Аллаһтың азабынан {ескерту үшін уахиды (пайғамбарларға) алып түсуші періштелермен серт}, кейбіреулер: «Ақиқаттағыларға үзір, жалғаншыларға ескерту» деп тәпсірлеген.

7 Ей, Мекке кәпірлері! {Сендер ескертілген іс} яғни қиямет, есеп және жаза {сөзсіз келуші}.

8 {Жұлдыздардың} нұры және жарықтығы {өшірілген кезде}.

9 {Аспан жарылған кезде}.

10 {Таулар түтіліп} желде ұшып жүрген шаңдардай {ұшып жүріп} жерге қонған {кезде}.

11 {Пайғамбарларға} олар мен үмбеттері арасында үкім шығарылуға {уақыт белгіленген кезде} уәде қылынған Қиямет келеді.

12 Пайғамбарлардың қауымдарына байланысты істер {қайсы үлкен күнге кешіктіріледі?} яғни қорқынышы және қаттылығынан пенде аң-таң қалатын ұлы күнге кешіктіріледі.

13 {(Халайықтың арасында) үкім шығарылатын күн үшін} яғни пенделердің қылған амалдарына байланысты жәннатқа яки тозаққа баратын үкім қылынатын күнге кешіктіріледі.

14 {Үкім шығарылатын күннің не екендігін қалай біле аласың?} яғни ол өте қорқынышты күн, оны ешкім қандай екенін бағалай алмайды.

15 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}

16 {Әуелгілерді} бұрыңғыларды, яғни Адамнан (аләйһис-сәләм) бастап Мұхаммедке (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) дейін болған пайғамбарларды теріске шығарғанда дүниеде азап жіберу арқылы {жоймадық па?}

17 {Сосын оларға ергізіп кейінгілерді} яғни Мұхаммедті (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) теріске шығарған Мекке кәпірлері және ерушілерін {жойдық}.

18 {Күнәкарларды міне осылай қыламыз} яғни жазалаймыз.

19 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}

20 {Сендерді Біз әлсіз судан жаратпадық па?}, яғни әлсіз мәниден.

21 22 {Оны Біз белгілі уақытқа дейін} яғни тоғыз ай толып туылғанға дейін {мықты тұрақта} яғни жатырда {қылдық}.

23 {Біз} оны мәниден жаратуға {құдыретті болдық, Біз} оның мүшелері және ерекшеліктерін Біз қалаған ең шырайлы (көркем) түрде (бейнеде) жаратуға {неткен жақсы құдыреттіміз!}

24 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}

أَلَمْ نَخْلُقكُّم مِّن مَّآءٍ مَّهِينٍ ٢٠ فَجَعَلْنَٰهُ فِى قَرَارٍ مَّكِينٍ ٢١ إِلَىٰ قَدَرٍ
مَّعْلُومٍ ٢٢ فَقَدَرْنَا فَنِعْمَ ٱلْقَٰدِرُونَ ٢٣ وَيْلٌ يَوْمَئِذٍ لِّلْمُكَذِّبِينَ ٢٤
أَلَمْ نَجْعَلِ ٱلْأَرْضَ كِفَاتًا ٢٥ أَحْيَآءً وَأَمْوَٰتًا ٢٦ وَجَعَلْنَا فِيهَا رَوَٰسِىَ
شَٰمِخَٰتٍ وَأَسْقَيْنَٰكُم مَّآءً فُرَاتًا ٢٧ وَيْلٌ يَوْمَئِذٍ لِّلْمُكَذِّبِينَ ٢٨
ٱنطَلِقُوٓا۟ إِلَىٰ مَا كُنتُم بِهِۦ تُكَذِّبُونَ ٢٩ ٱنطَلِقُوٓا۟ إِلَىٰ ظِلٍّ ذِى ثَلَٰثِ
شُعَبٍ ٣٠ لَّا ظَلِيلٍ وَلَا يُغْنِى مِنَ ٱللَّهَبِ ٣١ إِنَّهَا تَرْمِى بِشَرَرٍ
كَٱلْقَصْرِ ٣٢ كَأَنَّهُۥ جِمَٰلَتٌ صُفْرٌ ٣٣ وَيْلٌ يَوْمَئِذٍ لِّلْمُكَذِّبِينَ ٣٤
هَٰذَا يَوْمُ لَا يَنطِقُونَ ٣٥ وَلَا يُؤْذَنُ لَهُمْ فَيَعْتَذِرُونَ ٣٦ وَيْلٌ يَوْمَئِذٍ
لِّلْمُكَذِّبِينَ ٣٧ هَٰذَا يَوْمُ ٱلْفَصْلِ جَمَعْنَٰكُمْ وَٱلْأَوَّلِينَ ٣٨ فَإِن كَانَ
لَكُمْ كَيْدٌ فَكِيدُونِ ٣٩ وَيْلٌ يَوْمَئِذٍ لِّلْمُكَذِّبِينَ ٤٠ إِنَّ ٱلْمُتَّقِينَ فِى
ظِلَٰلٍ وَعُيُونٍ ٤١ وَفَوَٰكِهَ مِمَّا يَشْتَهُونَ ٤٢ كُلُوا۟ وَٱشْرَبُوا۟ هَنِيٓـًٔا
بِمَا كُنتُمْ تَعْمَلُونَ ٤٣ إِنَّا كَذَٰلِكَ نَجْزِى ٱلْمُحْسِنِينَ ٤٤ وَيْلٌ يَوْمَئِذٍ
لِّلْمُكَذِّبِينَ ٤٥ كُلُوا۟ وَتَمَتَّعُوا۟ قَلِيلًا إِنَّكُم مُّجْرِمُونَ ٤٦ وَيْلٌ يَوْمَئِذٍ
لِّلْمُكَذِّبِينَ ٤٧ وَإِذَا قِيلَ لَهُمُ ٱرْكَعُوا۟ لَا يَرْكَعُونَ ٤٨ وَيْلٌ
يَوْمَئِذٍ لِّلْمُكَذِّبِينَ ٤٩ فَبِأَىِّ حَدِيثٍۭ بَعْدَهُۥ يُؤْمِنُونَ ٥٠

25 {Жерді Біз өз ішіне алатын қылмадық па?}
26 Яғни тысында {тірілерді және} ішінде {өліктерді} өз ішіне алатын қылмадық па?
27 {Біз жерге биік тауларды орнаттық. Сендерді тәтті сумен суардық}. Бұлардың барлығы Пайғамбар жібергеннен де таң қаларлық қой?!
28 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}
29 30 Оларға тозақ жауаптылары: {Сендер} дүниедегі кездеріңде {өтірік деген} тозақ {азабына барыңдар}, тозақтың түтіндері шығып жоғарыда үшке бөлінген {үш бұтақты көлеңкеге (саяға) барыңдар}, - дейді.
31 {Ол сая (көлеңке)} жәһаннамның түтіні болып, кісіні {сергітпейді}, жәһаннамның {жалынын да тоспайды} сол халде есеп аяқтағанға дейін тұрасыңдар.
32 {Ол жалын сарайдай (үлкен) ұшқындарды шығарады} яғни, әрбір шығарған ұшқынының үлкендігі сарайдай болады.
33 {Ол ұшқындар қара-сары түйелерге ұқсайды} кейбір тәпсіршілер былай дейді: «Әдетте ұшқындардың ұшып түскеннен кейінгі қалдықтарының реңі (түсі) қара-сары түйелердің реңіне ұқсайды».
34 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}
35 {Бұл күні олар сөз қыла алмайды}.
36 {Олардың үзір айтуына рұқсат берілмейді}.
37 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}
38 Оларға: {Бұл} мақлұқаттардың арасында {үкім шығарылатын күн} ақиқат пен жалған анық болатын күн. Ол күні {сендерді және әуелгілерді} яғни сендерді Құрайыш кәпірлерді және өткен үмбеттердің кәпірлерін үкім шығару үшін {жинаймыз} делінеді.
39 {Егер} азабтан құтылуға {бір шараларың (құлықтарың) болса, шара қылып көріңдер}.
40 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}
41 42 {Күдіксіз, тақуалар саялардан (көлеңкелерден), бұлақтардан және көңілі тартқан жемістерден рақаттанады (пайдаланады)}.
43 Оларға: {дүниеде қылған (жақсы) амалдарың үшін шат-шадыман жеңдер және ішіңдер}, - делінеді.
44 {Күдіксіз, Біз жақсы іс қылушыларды міне осылай сыйлаймыз (марапаттаймыз, сый-сияпатқа бөлейміз)}.
45 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}
46 Кәпірлерге: {(дүниенің ләззаттарынан) уақытша жеңдер және рақаттаныңдар, күдіксіз, сендер} Аллаһқа серік келтірген (ортақ қосқан) {күнәкарсыңдар}, - делінеді.
47 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}
48 {Оларға: «рукуғ қылыңдар»} яғни намаз оқыңдар {делінсе, олар рукуғ қылмайды} яғни намаз оқымайды.
49 {Бұл күні (ол күнді) теріске шығарушыларға әттең!}
50 {Олар} анық дәлелдерді өз ішіне алған, шешендік-шеберлікте ең жоғары болған бұл Құранға сенбесе {басқа қайсы сөзге сенеді}.

سُورَةُ النَّبَإِ
ترتيبها 78 — آياتها 40

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

عَمَّ يَتَسَآءَلُونَ ١ عَنِ ٱلنَّبَإِ ٱلۡعَظِيمِ ٢ ٱلَّذِي هُمۡ فِيهِ مُخۡتَلِفُونَ ٣
كَلَّا سَيَعۡلَمُونَ ٤ ثُمَّ كَلَّا سَيَعۡلَمُونَ ٥ أَلَمۡ نَجۡعَلِ ٱلۡأَرۡضَ مِهَٰدٗا ٦
وَٱلۡجِبَالَ أَوۡتَادٗا ٧ وَخَلَقۡنَٰكُمۡ أَزۡوَٰجٗا ٨ وَجَعَلۡنَا نَوۡمَكُمۡ سُبَاتٗا
٩ وَجَعَلۡنَا ٱلَّيۡلَ لِبَاسٗا ١٠ وَجَعَلۡنَا ٱلنَّهَارَ مَعَاشٗا ١١ وَبَنَيۡنَا
فَوۡقَكُمۡ سَبۡعٗا شِدَادٗا ١٢ وَجَعَلۡنَا سِرَاجٗا وَهَّاجٗا ١٣ وَأَنزَلۡنَا
مِنَ ٱلۡمُعۡصِرَٰتِ مَآءٗ ثَجَّاجٗا ١٤ لِّنُخۡرِجَ بِهِۦ حَبّٗا وَنَبَاتٗا ١٥ وَجَنَّٰتٍ
أَلۡفَافًا ١٦ إِنَّ يَوۡمَ ٱلۡفَصۡلِ كَانَ مِيقَٰتٗا ١٧ يَوۡمَ يُنفَخُ فِي ٱلصُّورِ
فَتَأۡتُونَ أَفۡوَاجٗا ١٨ وَفُتِحَتِ ٱلسَّمَآءُ فَكَانَتۡ أَبۡوَٰبٗا ١٩ وَسُيِّرَتِ
ٱلۡجِبَالُ فَكَانَتۡ سَرَابًا ٢٠ إِنَّ جَهَنَّمَ كَانَتۡ مِرۡصَادٗا ٢١ لِّلطَّٰغِينَ
مَـَٔابٗا ٢٢ لَّٰبِثِينَ فِيهَآ أَحۡقَابٗا ٢٣ لَّا يَذُوقُونَ فِيهَا بَرۡدٗا وَلَا شَرَابًا
٢٤ إِلَّا حَمِيمٗا وَغَسَّاقٗا ٢٥ جَزَآءٗ وِفَاقًا ٢٦ إِنَّهُمۡ كَانُواْ
لَا يَرۡجُونَ حِسَابٗا ٢٧ وَكَذَّبُواْ بِـَٔايَٰتِنَا كِذَّابٗا ٢٨ وَكُلَّ شَيۡءٍ
أَحۡصَيۡنَٰهُ كِتَٰبٗا ٢٩ فَذُوقُواْ فَلَن نَّزِيدَكُمۡ إِلَّا عَذَابًا ٣٠

# 78. Нәбә сүресі

(Меккеде түскен, 40 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Мүшріктер өзара {не туралы сұрасады?} сол уақытта Мұхаммедке(саллаллаху ъаләйһи уа саллам) пайғамбарлық келіп, ол адамдарға Аллаһтың бірлігін, адамдардың өлгеннен кейін қайта тірілетіндігін хабар қылғанда және оларға Құранды тиләуат қылып бергенде Мекке мүшріктері өзара: «Мұхаммедке не болған екен? Алып келгені не екен?» - деп сұрасты. Сонымен бұл аят түсті.

2 {Олар үлкен бір хабар туралы сұрасады} яғни үлкен (ұлы) хабар, олар Құран кәрім жайында сұрасады. Өйткені Құран кәрім Аллаһ тағаланың бірлігі, Мұхаммедтің (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) хақ пайғамбар екендігі және Есеп күннің сөзсіз болатындығын хабарлады.

3 {Олар бұл туралы қайшылық қылушылар} олар Құран жайында таласып, кейбіреуі: «бұл сиқыр десе», кейбіреуі: «бұл өлең», - деді. Тағы біреулер: «бақсылық (балгерлік) десе», ендібірі: «бұрынғылардың хикаялары (ертегілер)», - деді.

4 {Әсте олай емес} Қиямет олардың ойлағанындай жалған емес, {олар} шынайы жағдайды {келешекте біледі}, бұл аят оларға сөгіс ретінде болады.

5 Жоғарғы тойтарыс жауапты тағы бір рет қайталап былай дейді: {Әсте олай емес, олар (басына келген азапты) келешекте біледі}.

6 {Жерді төсеніш қылмадық па?}

7 Жердің тербеліп, сілкініп кетпесі үшін {тауларды қазық қылмадық па?}

8 {Сендерді ер-әйел қылып жараттық}.

9 Денелерің харекеттен (қозғалыстан) тоқтап дем алсын деп {ұйқыны сендердің (денелерің үшін) рахат қылдық}.

10 Тура киім-кешек денелеріңді жауып тұрғанындай, қараңғылықтың сендерді жасырып тұруы үшін {түнді жамылғы қылдық}.

11 Аллаһ бөліп берген ризықты талап етулерің үшін {күндізді (сендер) тіршілік қылатын (уақыт) қылдық}.

12 {Үстілеріңде мықты болған жеті аспанды тұрғыздық (құрдық)}. Бұл жерде жеті аспанның мықты, орнықты жаратылғанын айтқысы келіп тұр.

13 {(Сендер үшін) жанып тұрған шырақты жараттық}, яғни күнді.

14 - 16 {Астықтарды, шөптерді, теректерді, қою бақшаларды} және бүкіл өсімдіктерді {өсіру үшін бұлттардан мол жаңбыр жаудырып бердік}.

17 {Шын мәнінде, Бөлу күні белгілі болған бір мерзім} яғни, бұрынғыларға да, соңғыларға да уақыты белгіленген күн. Ол күні бүтін халық уәде қылынған Ақырет күніндегі марапаттауларына немесе жазаларына жетеді. Қияметтің «бөлу» күні деп аталуының себебі, ол күні Аллаһ Тағала пенделерінің арасында төрелік етіп, оларды бөледі.

18 {Ол күні сұр үрленеді} бұл сұр болса, Исрафил (аләйһис-сәләм) үрлейтін мүйіз болып, ол кезде есеп алатын жерге {сендер топ-топ болып келесіңдер}.

19 Періштелердің түсуі үшін {аспан ашылып (көптеген) есіктер пайда болады}.

20 {Таулар (орындарынан) қозғалтылып (қимылдатылып) сағым сияқты болып қалады} яғни таулар тозып алыстан қараушыға сағымдай сезіледі.

21 Істеген жамандықтарына жаза беру

үшін {жәһаннам ақиқатында (кәпірлерді) күтіп тұрады}, ішінде тозаққа қарайтын періштелер азаптау үшін кәпірлерді бақылап, күтеді.

22 {Жәһаннам, күдіксіз, шектен шыққандардың жайы}, яғни, оралатын жерлері.

23 {Олар жәһаннамда ұзақ уақыт қалады}, яғни мәңгі қалады.

24 {Олар жәһаннамда салқындықты да, ішімдікті де татпайды}.

25 {Олардың ішетіні тек қана жоғары ыстықты қайнақ су және ірің болады}, тозақтағылардың іріңдері.

26 {Бұл (оларға берілетін) лайықты (сай) жаза} яғни дүниеде серік қосудан ең үлкен күнә жоқ. Сондай-ақ жәһаннам азабынан да ауыр азап жоқ. Демек, күнәға сай жаза бар.

27 {Өйткені олар (қылмыстарынан) есеп алынудан қорықпайтын} яғни, олар Қиямет күніне сенбегендіктен, сауапты үміт қылмайтын және есеп алынудан да қорықпайтын.

28 {Тағы да Біздің аяттарымызды қатты теріске шығаратын}.

29 {Әр нәрсені толық жазып (сақтап) қойдық}, яғни, ләуһул-махфузда жаздық; кейбіреулер: «пенделер амалдарын періштелер жазып алғанды айтқысы келіп тұр», - деп тәпсірлейді.

30 Оларға айтамыз: {Татыңдар! Сендерге тек азапты ғана артық қыламыз (арттырамыз)}.

31 {Күдіксіз, тақуалар жетістікке ие болады}, талап қылынған (нығметке) нәрселерге жетіп, тозақтан құтылады.

32 Ол нығмет {бақтар, жүзімдер},

33 {Құрбы, толық омыраулы қыздар}, жастары құрдас, пәк қыздар.

34 Шараппен {толтырылған ыдыстар}.

35 {Олар (жәннатта) жалған сөз, бос сөз естімейді}, бос сөз естімей, бір-біріне өтірік айтпайды.

36 Міне, солар {Раббысының берген сыйы, жетерлік (жеткілікті) бергені}, бір қауымға соңы жоқ, өлшемі жоқ жақсы жаза болады, тағы бір қауымға сауаптарың оннан жеті жүзге дейін көбейеді деген Раббыларының уәделеріне сай сый.

37 {Ол—аспандардың, жердің және олардың арасындағы нәрселердің Раббысы. Ерекше Мейірімді. Оған ешкім тіл қата алмайды} яғни, Ол рұқсат бермейінше ешкім Онымен сөз бастай алмайды және шапағат қыла алмайды.

إِنَّ لِلْمُتَّقِينَ مَفَازًا ﴿٣١﴾ حَدَآئِقَ وَأَعْنَٰبًا ﴿٣٢﴾ وَكَوَاعِبَ أَتْرَابًا ﴿٣٣﴾ وَكَأْسًا
دِهَاقًا ﴿٣٤﴾ لَّا يَسْمَعُونَ فِيهَا لَغْوًا وَلَا كِذَّٰبًا ﴿٣٥﴾ جَزَآءً مِّن رَّبِّكَ عَطَآءً
حِسَابًا ﴿٣٦﴾ رَّبِّ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلْأَرْضِ وَمَا بَيْنَهُمَا ٱلرَّحْمَٰنِ لَا يَمْلِكُونَ
مِنْهُ خِطَابًا ﴿٣٧﴾ يَوْمَ يَقُومُ ٱلرُّوحُ وَٱلْمَلَٰٓئِكَةُ صَفًّا لَّا يَتَكَلَّمُونَ
إِلَّا مَنْ أَذِنَ لَهُ ٱلرَّحْمَٰنُ وَقَالَ صَوَابًا ﴿٣٨﴾ ذَٰلِكَ ٱلْيَوْمُ ٱلْحَقُّ فَمَن
شَآءَ ٱتَّخَذَ إِلَىٰ رَبِّهِۦ مَـَٔابًا ﴿٣٩﴾ إِنَّآ أَنذَرْنَٰكُمْ عَذَابًا قَرِيبًا يَوْمَ
يَنظُرُ ٱلْمَرْءُ مَا قَدَّمَتْ يَدَاهُ وَيَقُولُ ٱلْكَافِرُ يَٰلَيْتَنِى كُنتُ تُرَٰبًا ﴿٤٠﴾

## سُورَةُ النَّازِعَاتِ

ترتيبها 79 — آياتها 46

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَٱلنَّٰزِعَٰتِ غَرْقًا ﴿١﴾ وَٱلنَّٰشِطَٰتِ نَشْطًا ﴿٢﴾ وَٱلسَّٰبِحَٰتِ سَبْحًا
﴿٣﴾ فَٱلسَّٰبِقَٰتِ سَبْقًا ﴿٤﴾ فَٱلْمُدَبِّرَٰتِ أَمْرًا ﴿٥﴾ يَوْمَ تَرْجُفُ ٱلرَّاجِفَةُ
﴿٦﴾ تَتْبَعُهَا ٱلرَّادِفَةُ ﴿٧﴾ قُلُوبٌ يَوْمَئِذٍ وَاجِفَةٌ ﴿٨﴾ أَبْصَٰرُهَا
خَٰشِعَةٌ ﴿٩﴾ يَقُولُونَ أَءِنَّا لَمَرْدُودُونَ فِى ٱلْحَافِرَةِ ﴿١٠﴾ أَءِذَا كُنَّا
عِظَٰمًا نَّخِرَةً ﴿١١﴾ قَالُوا۟ تِلْكَ إِذًا كَرَّةٌ خَاسِرَةٌ ﴿١٢﴾ فَإِنَّمَا هِىَ زَجْرَةٌ
وَٰحِدَةٌ ﴿١٣﴾ فَإِذَا هُم بِٱلسَّاهِرَةِ ﴿١٤﴾ هَلْ أَتَىٰكَ حَدِيثُ مُوسَىٰٓ ﴿١٥﴾

38 {Ол күні Рух және періштелер сап болып тұрып} бұл жерде Рух туралы мынандай тәпсірлер бар: «періштелердің бірі», «ол Жәбірейіл», «ол періштелерден емес бір Аллаһтың жауынгері». {аса Мейірімді Аллаһтың рұқсатына ие болғаннан басқа} яғни, шапағат қылушыға рұқсат беріліп, одан басқа {еш біреу сөйлемейді}, немесе шапағатты сұрап, оларға рұқсат берілмегендер туралы еш сөз болмайды, тек қана шапағатқа лайықты, оған рұқсат берілген адам туралы ғана сөз болады, {және ол (яғни, сөйлей алатын кісі, дүниеде) тура сөз қылғандардан} яғни, таухидті айтқандардан болады.

39 {Міне, сол сөзсіз болатын күн. Кімде-кім (иманмен, жақсы амалмен) Раббысына қайтатын жолды ұстауды қаласа (ұстасын)}.

40 {Біз сендерді шындығында (болуы) жақын болған азаптан} яғни Ақырет азабынан {ескерттік. Ол күні кісі бұрын қылған амалдарын көреді. Кәпір (Аллаһтың оған дайындап (әзірлеп) қойған

азабын көріп): «Әттеген-ай (шіркін), мен топырақ болып кетсем ғой! - дейді»}, одан есеп алынбай, топырақ болғанын армандайды.

# 79. Нәзиғат сүресі

(Меккеде түскен, 46 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Пенделердің жандарын {қатты тартып алушы (періштелермен) серт}, Аллаһ тағала пенделерінің қатты болған денелерінен жандарын жұлып алатын періштелермен ант етеді.
2 Жандарды {сыпайы түрде алушы (періштелермен) ант},
3 Аллаһтың әмірін аспаннан ауада тура сүңгуші теңізге сүңгігендей {(тез алып түсіп) малтып кетуші (періштелермен серт)}.
4 Аллаһтың әмірін орындауда бәсекелесіп {жарысып озушы (періштелермен) серт}, олардың ішінде мүміндердің жандарын алып жәннатқа жарыса апаратындары.
5 Аллаһтың әмірімен {істерді меңгеруші (періштелермен) серт}, олардың істерді меңгеруі деген «Хәләл мен харамды ажыратып жеткізу», және олардың жаратылыстың, болмыстың істерін меңгеруі деген «жел, жаңбыр және т.б. табиғи құбылыстар» сияқты істер.
Аллаһ тағала осы періштелермен серт етіп, сендер сөзсіз тірілтілесіңдер, сендерден сөзсіз есеп алынады деуде.
6 {Бұл күні сілкінуші сілкінеді} яғни бірінші рет сұр үрленіп бүкіл мақлұқаттар өледі.
7 {Оның артынан тағы бір сілкінеді} яғни екінші рет сұр үрленгенде, есеп беру үшін бүкіл мақлұқаттар тіріледі.
8 {Бұл күні жүректерді} яғни пенделердің жүректерін {қорқыныш басады}.
9 {Сол (жүректердің иелерінің) көздері (қорқыныштан) төмен қарайды}, бұл жерде Ислам дінінде қайтыс болмағандар туралы айтылып жатыр.
10 {Олар айтады: «Расында, біз әуелгі халімізге қайтарыламыз ба?»} яғни, өлгеннен кейін қайта тірілеміз бе? Ондайды Қиямет күні қайта тірілтуді теріске шығарғандар айтады.
11 {Біздің шіріген сүйек болып қалған уақтымызда да?}
12 {Олар айтты: «Олай болатын болса, бұл (яғни өлгеннен кейін тірілу) зиянды (пайдасы жоқ) қайту»} яғни біз өлгеннен кейін тірілетін болсақ, Мұхаммед айтқандай бізді күтетін нәрселер үшін зиян тартушылармыз.
13 14 {Бір дыбыс} яғни Исрафилдің екінші рет сұр үрлеуі {-імен ғана олар} яғни барша көпшілік жер астынан {жердің үстіне шығып қалады}. Аллаһтың құдіреті сондай, оларды тірілту үшін Оған бір ғана сұр үрленуі жеткілікті. Мындағы «жерді» кейбіреулер «пенделерге есеп беру үшін Аллаһ тағала келетін ақ түсті жер» деп тәпсірлейді.
15 {Саған Мусаның хабары келді ме?} яғни сен Мұса мен перғауынның қиссасын естідің бе?
16 {Өз уақытында оны Раббысы Туа атты қасиетті (таза) уәдиде (арықта) (былай деп шақырды:}
17 {Сен перғауынның қасына бар. Ол шындығында шектен шықты}.
18 {Оған: «(күпірліктен және күнәлардан) пәк болуды қалайсың ба?»}
19 {Сені Раббымды тануға жетектеуімді қалайсың ба?} Оны танысаң Раббыңнан {қорқасың»—де}, яғни, оның азабынан қорқасың.
20 {Мұса перғауынға үлкен мұғжизаны көрсетті} бұны кейбіреулер: «таяғы»,—десе, кейбіреулер: «қолы»,—деп қараған.
21 {(перғауын Аллаһтың пайғамбары Мұсаны) теріске шығарды және (Аллаһтың әміріне) қарсылық қылды}.
22 {Сонан соң (перғауын Мұсадан, иманнан) бет бұрып (құлық-сұмдық) істеуге) кірісті}, Мұсаның алып келген нәрселеріне қарсылық ету үшін бүкіл бар күшін салады.
23 Ол сиқыршыларды, әскерлерін тәуептерін, халқын {топтады және дауыстап шақырып}
24 {деді: «Мен сендердің ұлы раббыларың боламын»} оған Аллаһтың лағынеті болсын, одан жоғары Раббы жоқ екенін айтқысы келді.
25 Естігендер ғибрат алуы үшін {Аллаһ оны дүние және ақыреттің азабы} яғни дүниеде батыру, ақыретте тозаққа салу {-мен жазалады}.
26 {Күдіксіз, Аллаһтан қорқатындар бұдан ғибрат (өнеге) алады}, яғни перғауын қиссасында Аллаһтан қорқатындарға үлкен өнеге бар.
27 {Сендерді жарату қиын ба? Яки

аспанды жарату қиын ба?} яғни, сендердің ойларыңша, өлгеннен кейін сендерді тірілту қиын ба яки қараушы үшін сондай үлкен және сондай жіңішке жаратылған аспанды жарату қиын ба? {Аллаһ аспанды жаратты}.
28 {Оның биіктігін жоғары қылды және оны теңестірді} Аспанды жоғары да биік етті. Аспанның жан-жағы тең, ешқандай кемшіліксіз және тіреусіз етілді.
29 {Оның түнін қап-қараңғы, күндізін жап-жарық қылды}.
30 {Содан кейін жерді (жер иелерінің (тұрғындарының) тұруына лайық етіп) жайды (төседі)}.
31 {Жерден бұлақтарды ағызды, өсімдіктерді өсірді}.
32 {Тауларды (жерде) орнықты қылды}.
33 {(Аллаһ тағала олардың барлығын) сендердің және хайуандарыңнын (малдарыңның) пайдалануы үшін (жаратты)}.
34 {Қиямет келгенде} яғни екінші реткі сұр үріліп, жаннат иелері жаннатқа, тозақ иелері тозаққа тапсырылған,
35 {(сол) күні адам (жақсы-жаман) қылмыстарын еске алады}.
36 {Көрушілерге жәһаннам анық (ашық) көрсетіледі}. Яғни ешкімге құпия болмайды.
37 {Кімде-кім (күпірлікте, күнәда) шектен шығады екен},
38 {дүние тіршілігін (ақыреттен) артық көреді екен},
39 {оның жайы ақиқатында жәһаннам болады}.
40 {Раббысының алдында (сұраққа тартылудан) қорқатын, өзін нәпсі қалауына берілуден} яғни харам қылынған нәрселерден {тыйған адамға келсек},
41 {расында, оның жайы жәннат болады}.
42 {Олар сенен қияметтің қашан болатындығын сұрайды}.
43 {Сен оны қалай баян қылып бере аласың?} сен оны білмейсің.
44 {Оны білу Раббыңа тиесілі} яғни оны Аллаһтан басқа ешкім білмейді.
45 {Сенің міндетің (қызметің) тек қана қияметтен қорқатын адамды ескерту}.
46 {Олар қияметті көрген күні дүниеде бір кеш немесе бір сәске (мезгілі шамасынша) ғана тұрғандай болады}.

# 80. Абәсә сүресі

(Меккеде түскен, 42 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

إِذْ نَادَاهُ رَبُّهُۥ بِٱلْوَادِ ٱلْمُقَدَّسِ طُوًى ﴿١٦﴾ ٱذْهَبْ إِلَىٰ فِرْعَوْنَ إِنَّهُۥ طَغَىٰ ﴿١٧﴾
فَقُلْ هَل لَّكَ إِلَىٰٓ أَن تَزَكَّىٰ ﴿١٨﴾ وَأَهْدِيَكَ إِلَىٰ رَبِّكَ فَتَخْشَىٰ ﴿١٩﴾ فَأَرَىٰهُ
ٱلْءَايَةَ ٱلْكُبْرَىٰ ﴿٢٠﴾ فَكَذَّبَ وَعَصَىٰ ﴿٢١﴾ ثُمَّ أَدْبَرَ يَسْعَىٰ ﴿٢٢﴾ فَحَشَرَ
فَنَادَىٰ ﴿٢٣﴾ فَقَالَ أَنَا۠ رَبُّكُمُ ٱلْأَعْلَىٰ ﴿٢٤﴾ فَأَخَذَهُ ٱللَّهُ نَكَالَ ٱلْءَاخِرَةِ وَٱلْأُولَىٰٓ
﴿٢٥﴾ إِنَّ فِى ذَٰلِكَ لَعِبْرَةً لِّمَن يَخْشَىٰٓ ﴿٢٦﴾ ءَأَنتُمْ أَشَدُّ خَلْقًا أَمِ ٱلسَّمَآءُ بَنَىٰهَا
﴿٢٧﴾ رَفَعَ سَمْكَهَا فَسَوَّىٰهَا ﴿٢٨﴾ وَأَغْطَشَ لَيْلَهَا وَأَخْرَجَ ضُحَىٰهَا ﴿٢٩﴾
وَٱلْأَرْضَ بَعْدَ ذَٰلِكَ دَحَىٰهَآ ﴿٣٠﴾ أَخْرَجَ مِنْهَا مَآءَهَا وَمَرْعَىٰهَا ﴿٣١﴾
وَٱلْجِبَالَ أَرْسَىٰهَا ﴿٣٢﴾ مَتَٰعًا لَّكُمْ وَلِأَنْعَٰمِكُمْ ﴿٣٣﴾ فَإِذَا جَآءَتِ ٱلطَّآمَّةُ
ٱلْكُبْرَىٰ ﴿٣٤﴾ يَوْمَ يَتَذَكَّرُ ٱلْإِنسَٰنُ مَا سَعَىٰ ﴿٣٥﴾ وَبُرِّزَتِ ٱلْجَحِيمُ
لِمَن يَرَىٰ ﴿٣٦﴾ فَأَمَّا مَن طَغَىٰ ﴿٣٧﴾ وَءَاثَرَ ٱلْحَيَوٰةَ ٱلدُّنْيَا ﴿٣٨﴾ فَإِنَّ ٱلْجَحِيمَ
هِىَ ٱلْمَأْوَىٰ ﴿٣٩﴾ وَأَمَّا مَنْ خَافَ مَقَامَ رَبِّهِۦ وَنَهَى ٱلنَّفْسَ عَنِ ٱلْهَوَىٰ
﴿٤٠﴾ فَإِنَّ ٱلْجَنَّةَ هِىَ ٱلْمَأْوَىٰ ﴿٤١﴾ يَسْـَٔلُونَكَ عَنِ ٱلسَّاعَةِ أَيَّانَ مُرْسَىٰهَا
﴿٤٢﴾ فِيمَ أَنتَ مِن ذِكْرَىٰهَآ ﴿٤٣﴾ إِلَىٰ رَبِّكَ مُنتَهَىٰهَآ ﴿٤٤﴾ إِنَّمَآ أَنتَ مُنذِرُ
مَن يَخْشَىٰهَا ﴿٤٥﴾ كَأَنَّهُمْ يَوْمَ يَرَوْنَهَا لَمْ يَلْبَثُوٓا۟ إِلَّا عَشِيَّةً أَوْ ضُحَىٰهَا ﴿٤٦﴾

ترتيبها 80 — سُورَةُ عَبَسَ — آياتها 42

1 2 {Жанына соқыр келгендігі үшін (Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам)) қабағы қатайып, теріс бұрылды} сол уақытта, құрайыштың үлкендерінен бірнеше кісі Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қасында еді. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) олардың Исламға кіріп қалуын үміт қылып тұрған еді. Дәл сол уақытта, сахабаларының жақсыларынан Абдуллаһ ибн Умму Мәктум деген соқыр сахаба келіп қалды. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оның өздерінің сұхбатын үзіп қоюынан алаңдап бетін орап алды. Сонымен, Аллаһ тағала бұл аятты түсірді.
3 Ей, Мұхаммед! {Қайдан білесің? Бәлки ол} сенен алған біліммен күнәлардан {тазалануы (тазаруы) мүмкін}.
4 {Яки уағыз-насихат естіп одан пайдалануы мүмкін}.
5 6 {Өзін (иманнан) қажетсіз есептейтін адамға келсек, сен оған бет аласың} яғни оған құлақ салып, тәблиғ қылуға (жеткізуге) көңіл бөлесің.
7 {Ол} күпіріліктен, күнәлардан {тазармаса, саған не зиян еді} бұндай

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

عَبَسَ وَتَوَلَّىٰٓ ﴿١﴾ أَن جَآءَهُ ٱلۡأَعۡمَىٰ ﴿٢﴾ وَمَا يُدۡرِيكَ لَعَلَّهُۥ يَزَّكَّىٰٓ ﴿٣﴾ أَوۡ
يَذَّكَّرُ فَتَنفَعَهُ ٱلذِّكۡرَىٰٓ ﴿٤﴾ أَمَّا مَنِ ٱسۡتَغۡنَىٰ ﴿٥﴾ فَأَنتَ لَهُۥ تَصَدَّىٰ ﴿٦﴾
وَمَا عَلَيۡكَ أَلَّا يَزَّكَّىٰ ﴿٧﴾ وَأَمَّا مَن جَآءَكَ يَسۡعَىٰ ﴿٨﴾ وَهُوَ يَخۡشَىٰ ﴿٩﴾ فَأَنتَ
عَنۡهُ تَلَهَّىٰ ﴿١٠﴾ كَلَّآ إِنَّهَا تَذۡكِرَةٞ ﴿١١﴾ فَمَن شَآءَ ذَكَرَهُۥ ﴿١٢﴾ فِي صُحُفٖ مُّكَرَّمَةٖ
﴿١٣﴾ مَّرۡفُوعَةٖ مُّطَهَّرَةِۭ ﴿١٤﴾ بِأَيۡدِي سَفَرَةٖ ﴿١٥﴾ كِرَامِۭ بَرَرَةٖ ﴿١٦﴾ قُتِلَ ٱلۡإِنسَٰنُ
مَآ أَكۡفَرَهُۥ ﴿١٧﴾ مِنۡ أَيِّ شَيۡءٍ خَلَقَهُۥ ﴿١٨﴾ مِن نُّطۡفَةٍ خَلَقَهُۥ فَقَدَّرَهُۥ ﴿١٩﴾ ثُمَّ
ٱلسَّبِيلَ يَسَّرَهُۥ ﴿٢٠﴾ ثُمَّ أَمَاتَهُۥ فَأَقۡبَرَهُۥ ﴿٢١﴾ ثُمَّ إِذَا شَآءَ أَنشَرَهُۥ ﴿٢٢﴾ كَلَّا لَمَّا
يَقۡضِ مَآ أَمَرَهُۥ ﴿٢٣﴾ فَلۡيَنظُرِ ٱلۡإِنسَٰنُ إِلَىٰ طَعَامِهِۦٓ ﴿٢٤﴾ أَنَّا صَبَبۡنَا ٱلۡمَآءَ صَبّٗا
﴿٢٥﴾ ثُمَّ شَقَقۡنَا ٱلۡأَرۡضَ شَقّٗا ﴿٢٦﴾ فَأَنۢبَتۡنَا فِيهَا حَبّٗا ﴿٢٧﴾ وَعِنَبٗا وَقَضۡبٗا ﴿٢٨﴾
وَزَيۡتُونٗا وَنَخۡلٗا ﴿٢٩﴾ وَحَدَآئِقَ غُلۡبٗا ﴿٣٠﴾ وَفَٰكِهَةٗ وَأَبّٗا ﴿٣١﴾ مَّتَٰعٗا لَّكُمۡ
وَلِأَنۡعَٰمِكُمۡ ﴿٣٢﴾ فَإِذَا جَآءَتِ ٱلصَّآخَّةُ ﴿٣٣﴾ يَوۡمَ يَفِرُّ ٱلۡمَرۡءُ مِنۡ أَخِيهِ ﴿٣٤﴾
وَأُمِّهِۦ وَأَبِيهِ ﴿٣٥﴾ وَصَٰحِبَتِهِۦ وَبَنِيهِ ﴿٣٦﴾ لِكُلِّ ٱمۡرِيٕٖ مِّنۡهُمۡ يَوۡمَئِذٖ شَأۡنٞ
يُغۡنِيهِ ﴿٣٧﴾ وُجُوهٞ يَوۡمَئِذٖ مُّسۡفِرَةٞ ﴿٣٨﴾ ضَاحِكَةٞ مُّسۡتَبۡشِرَةٞ ﴿٣٩﴾ وَوُجُوهٞ
يَوۡمَئِذٍ عَلَيۡهَا غَبَرَةٞ ﴿٤٠﴾ تَرۡهَقُهَا قَتَرَةٌ ﴿٤١﴾ أُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلۡكَفَرَةُ ٱلۡفَجَرَةُ ﴿٤٢﴾

кәпірлердің ісіне көңіл бөліп кетпегін. Сенің міндетің тек жеткізіп қою ғана.

(8) (9) {Сенен (тәлім) тілеп, Аллаһтан қорыққан халде жүгіріп келген кісіге келсек},

(10) {сен оған қарамай қоясың}.

(11) {(Бұдан кейін) олай істемегін, бұл аяттар уағыз}.

(12) {Қалаған адам одан уағыз-насихат алады}.

(13) (14) {Ол} яғни Құрандағы сүре және аяттар {қымбатты, (қадірі) жоғары пәк (таза) сахифаларға (парақтарға) жазылған} яғни ол Аллаһтың алдында қымбатты, ол тек қана тазаланғандар ғана ұстай алатын, шайтан және кәпірлерден сақталған (қорғалған) пәк кітап.

(15) (16) {(Ол) құрметті жақсы (періштелерден болған) жеткізушілердің (уахи тасушылардың) қолында}.

(17) {(Иман етпеген) адамның жаны шықсын! Игілікті мойындамауда неткен қатты еді} яғни кәпір адам лағынеттелді, оның күпірлігі неткен қатты еді?

(18) {(Аллаһ) оны неден жаратты?}.

(19) {(Аллаһ) оны мәниден жаратты да}, яғни ондай нәрседен жаратылып, ол қалай ғана тәкаппарланады? {белгіледі} оған қол, аяқ, көз және басқа мүшелер толық жаратылып болғанша Аллаһ оны бірқанша сатыларға бөліп бірінен кейін бірін жаратты.

(20) {Содан кейін оған} жақсылық яки жамандыққа жету үшін жүрер {жолды жеңілдетіп берді}.

(21) {Кейін оған өлім беріп, (сүйегін) қабірге қойдырды} оны жыртқыш хайуандар және құстар жеп кетпейтін ашық жерге тасталатын қылып қоймай, оны ұлықтап оған көмілетін қабірді пайда қылды.

(22) {Сонан соң Аллаһ оны қалаған уақытта тірілтеді}.

(23) {Әсте олай емес, ол} адамдардың аз бөлігінен басқа, кейбірі кәпірлік қылу және кейбірі Аллаһқа мойынсұнбаушылық (күнә жасау) арқылы {Аллаһтың бұйрықтарын орындамады}.

(24) {Адам} Аллаһ оның тіршілік қылуының себепшісі қылып жаратқан {өзінің тамағына қарасын}.

(25) {(Біз бұлттан) зор мөлшерде жаңбыр жаудырдық}.

(26) {Сосын жерді (одан өсімдіктерді шығарумен) жардық}.

(26) - (32) {Сендердің және хайуандарыңның (жануарларыңның) пайдалануы үшін жерде астықтарды, жүзімді, жоңышқаларды, зәйтунді, құрманы, теректері қою бақшаларды, түрлі жемістерді, от-шөптерді өсірдік}.

(33) {(Қияметтің) құлақты кереҥ қылатындай қатты дауысы келген кезде (барлық адам өз халімен болып қалады)}.

(34) - (36) {Ол күні кісі өзінің бауырынан, анасынан, атасынан, жұбайынан және балаларынан қашады} жоғарыдағылар ең жақын туыс-туғандары, сондай-ақ мейірімділік және жанашырлық қылуға ең лайық кісілер болып, адам бұл жақын туыстардан тек қатты қорқыныштық халде ғана қашады.

(37) {Ол күні әркім өз қара басымен әлек болады} яғни әрқандай жақын туысын көргенде өзінен араларында болғандары үшін бірер сауабын сұрап қалуларын алаңдап, олар қашады.

(38) (39) {ол күні көптеген жүздерден нұр, күлкі және шат-шадымандық шығып тұрады}.

(40) (41) {Тағы бұл күні көптеген жүздерді шаң-тозаң басып кеткен, қарайып кеткен болады}.

42 {Олар} яғни сол жүздерін шаң-тозаң басқан және қарайып кеткендер {болса, кәпірлер, бұзақылар}.

# 81. Тәкуир сүресі

(Меккеде түскен, 29 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Күннің нұры өшіп {күн бүктелген} яғни доптай домалақ болып қалған {кезде},

2 {жұлдыздар} нұры өшіп {төгілген кезде},

3 {таулар} түтіліп ауада ұшып жүргеннен кейін {ойран болған шақта},

4 {буаз түйелер} иелері тарапынан {тастап жіберілген шақта}, бұл аятта буаз түйелерді зікір қылудағы (атаудағы) себеп, сол заманда ең қымбатты түйе буаз түйе еді. Қатты қорқыныштың себебінен сондай қымбат түйелер де иесіз-қараусыз қалады демекші.

5 {Жабайы хайуандар} бір-бірінен кек алып беру үшін {топталған (жиналған) шақта}, кейбіреулер: «хайуандар өлген кезде» дейді.

6 {Теңіздер от болып лаулаған шақта},

7 {жандар} яғни мүміндердің жаны қор-қыздарымен, кәпірлердің жаны шайтандармен {қосылған шақта}, Хасан былай дейді: «Ол күні әрбір жан өз жамағатына (тобына) қосылады: яһудилер яһудиға, христиандар христианға, мәжусилер мәжусилерге, мұнафиқтар мұнафиқтарға және мұсылмандар мұсылмандарға қосылады».

8 9 {Тірідей көміліп жіберілген қыздан: «сен қайсы күнәмен өлтірілдің?»—деп сұралған шақта}, жәһилият заманының арaптары қыз перзенті туылса, ар-намыс яки жоқшылықтан қорқып тірідей көміп жіберетін. Сондықтан бұл аятта бейкүнә қызын өлтірген өлтірушіні сұрақ арқылы қатты айыптайды.

10 Есеп алу үшін {амал-дәптерлер ашылған шақта},

11 {аспан ашып тасталған (сындырылып, сыпырылған) шақта},

12 {тозақ қыздырылған шақта} оны Аллаһтың ашуы мен адам баласының күнәлары қыздырды

13 {жаннат (тақуаларға) жақындатылған шақта}, кейбір тәпсіршілер былай дейді: «бұл, он екі түрлі оқиға болып, осы сүренің бірінші аятынан бастап алтыншы аятына дейінгі алтауы дүниеде және жетінші аяттан бастап жоғарғы аятқа дейінгі алтауы ақыретте жүз береді (көрінеді)».

سُورَةُ التَّكْوِيرِ — ترتيبها 81 — آياتها 29

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

إِذَا الشَّمْسُ كُوِّرَتْ ﴿١﴾ وَإِذَا النُّجُومُ انكَدَرَتْ ﴿٢﴾ وَإِذَا الْجِبَالُ
سُيِّرَتْ ﴿٣﴾ وَإِذَا الْعِشَارُ عُطِّلَتْ ﴿٤﴾ وَإِذَا الْوُحُوشُ حُشِرَتْ
﴿٥﴾ وَإِذَا الْبِحَارُ سُجِّرَتْ ﴿٦﴾ وَإِذَا النُّفُوسُ زُوِّجَتْ ﴿٧﴾ وَإِذَا
الْمَوْءُودَةُ سُئِلَتْ ﴿٨﴾ بِأَيِّ ذَنبٍ قُتِلَتْ ﴿٩﴾ وَإِذَا الصُّحُفُ نُشِرَتْ
﴿١٠﴾ وَإِذَا السَّمَاءُ كُشِطَتْ ﴿١١﴾ وَإِذَا الْجَحِيمُ سُعِّرَتْ ﴿١٢﴾ وَإِذَا الْجَنَّةُ
أُزْلِفَتْ ﴿١٣﴾ عَلِمَتْ نَفْسٌ مَّا أَحْضَرَتْ ﴿١٤﴾ فَلَا أُقْسِمُ بِالْخُنَّسِ ﴿١٥﴾
الْجَوَارِ الْكُنَّسِ ﴿١٦﴾ وَاللَّيْلِ إِذَا عَسْعَسَ ﴿١٧﴾ وَالصُّبْحِ إِذَا تَنَفَّسَ ﴿١٨﴾
إِنَّهُ لَقَوْلُ رَسُولٍ كَرِيمٍ ﴿١٩﴾ ذِي قُوَّةٍ عِندَ ذِي الْعَرْشِ مَكِينٍ ﴿٢٠﴾ مُّطَاعٍ
ثَمَّ أَمِينٍ ﴿٢١﴾ وَمَا صَاحِبُكُم بِمَجْنُونٍ ﴿٢٢﴾ وَلَقَدْ رَآهُ بِالْأُفُقِ الْمُبِينِ
﴿٢٣﴾ وَمَا هُوَ عَلَى الْغَيْبِ بِضَنِينٍ ﴿٢٤﴾ وَمَا هُوَ بِقَوْلِ شَيْطَانٍ رَّجِيمٍ ﴿٢٥﴾
فَأَيْنَ تَذْهَبُونَ ﴿٢٦﴾ إِنْ هُوَ إِلَّا ذِكْرٌ لِّلْعَالَمِينَ ﴿٢٧﴾ لِمَن شَاءَ مِنكُمْ أَن
يَسْتَقِيمَ ﴿٢٨﴾ وَمَا تَشَاءُونَ إِلَّا أَن يَشَاءَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ ﴿٢٩﴾

سُورَةُ الانفِطَارِ — ترتيبها 82 — آياتها 29

14 Амал дәптерлер ашылған шақта {әр адам өзінің қылған} жақсы-жаман {істерін біледі}.

15 16 {Күндіз} күн нұрында {жасырынушы жұлдыздармен}, өз орнында жүріп (қозғалып) {(күн) бататын уақытта жасырынатын жұлдыздармен серт қыламын (ант етемін)},

17 {Қараңғылыққа шомған (батқан) түнменен ант етемін},

18 {Ата бастаған таңменен ант етемін}.

19 {Құран расында, (Аллаһтың) үстем (ұлы, қуатты) бір елші} Жәбірейіл арқылы түсірілген {сөзі}.

20 {Ол (елші) күшті, Аллаһтың құзырында мәртебелі}.

21 {(Періштелер) оған бойсұнушы. Бұл жерде} яғни аспанда {ол сенімді}.

22 {Сендердің серіктерің} яғни Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) {жынды емес}. Керісінше, ол адамдар арасындағы ең ақылды және толық сипатты (мінез-құлықты, толыққанды жаратылыс).

23 {Ол} яғни Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) алты жүз қанатты {Жәбірейілді расында анық көкжиектің шығысында көрді}.

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِذَا ٱلسَّمَآءُ ٱنفَطَرَتۡ ١ وَإِذَا ٱلۡكَوَاكِبُ ٱنتَثَرَتۡ ٢ وَإِذَا ٱلۡبِحَارُ
فُجِّرَتۡ ٣ وَإِذَا ٱلۡقُبُورُ بُعۡثِرَتۡ ٤ عَلِمَتۡ نَفۡسٞ مَّا قَدَّمَتۡ
وَأَخَّرَتۡ ٥ يَٰٓأَيُّهَا ٱلۡإِنسَٰنُ مَا غَرَّكَ بِرَبِّكَ ٱلۡكَرِيمِ ٦ ٱلَّذِي
خَلَقَكَ فَسَوَّىٰكَ فَعَدَلَكَ ٧ فِيٓ أَيِّ صُورَةٖ مَّا شَآءَ رَكَّبَكَ ٨
كَلَّا بَلۡ تُكَذِّبُونَ بِٱلدِّينِ ٩ وَإِنَّ عَلَيۡكُمۡ لَحَٰفِظِينَ ١٠ كِرَامٗا
كَٰتِبِينَ ١١ يَعۡلَمُونَ مَا تَفۡعَلُونَ ١٢ إِنَّ ٱلۡأَبۡرَارَ لَفِي نَعِيمٖ ١٣ وَإِنَّ
ٱلۡفُجَّارَ لَفِي جَحِيمٖ ١٤ يَصۡلَوۡنَهَا يَوۡمَ ٱلدِّينِ ١٥ وَمَا هُمۡ عَنۡهَا بِغَآئِبِينَ
١٦ وَمَآ أَدۡرَىٰكَ مَا يَوۡمُ ٱلدِّينِ ١٧ ثُمَّ مَآ أَدۡرَىٰكَ مَا يَوۡمُ ٱلدِّينِ
١٨ يَوۡمَ لَا تَمۡلِكُ نَفۡسٞ لِّنَفۡسٖ شَيۡـٔٗاۖ وَٱلۡأَمۡرُ يَوۡمَئِذٖ لِّلَّهِ ١٩

ترتيبها 83 — سُورَةُ المُطَفِّفِين — آياتها 36

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَيۡلٞ لِّلۡمُطَفِّفِينَ ١ ٱلَّذِينَ إِذَا ٱكۡتَالُواْ عَلَى ٱلنَّاسِ يَسۡتَوۡفُونَ ٢
وَإِذَا كَالُوهُمۡ أَو وَّزَنُوهُمۡ يُخۡسِرُونَ ٣ أَلَا يَظُنُّ أُوْلَٰٓئِكَ أَنَّهُم
مَّبۡعُوثُونَ ٤ لِيَوۡمٍ عَظِيمٖ ٥ يَوۡمَ يَقُومُ ٱلنَّاسُ لِرَبِّ ٱلۡعَٰلَمِينَ ٦

Мужаһид былай дейді: «Оны Ажияд* тарапта (жақта) көрді. Ажияд жері ( аулы, орны) Меккенің шығыс тарапында еді».

24 {Ол} яғни Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) аспаннан түскен {ғайыпты (көместі) жеткізуде сараң емес} керісінше, көпшілікке (жаратылысқа) Аллаһтың сөзін және Оның үкімдерін үйретуші.

25 {Ол} яғни Құран {кудаланған (қуылған) шайтанның сөзі емес} аспаннан естігендерін ұрлап, жұлдыздармен қудаланған шайтандардың бірінің сөзі емес.

26 Жоғарыда баян қылып берген анық жолдан {қай жаққа барасыңдар?}

27 {Ол} яғни Құран—{бүкіл әлем(дер) иелеріне (тұрғындарына) насихат}.

28 {Сендердің араларыңнан} дін жолында {мықты тұруды қалайтындарға (Құран насихат)}.

29 {Тек әлемдердің Раббысы Аллаһ қалағанда ғана, сосын сендер қалайсыңдар} яғни дін жолында мықты тұруды қаласаңдар, Аллаһ қалауы және оның қолдауынсыз сендер дін жолында мықты тұра алмайсыңдар.

# 82. Инфитар сүресі

(Меккеде түскен, 19 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Періштелердің түсуі үшін {аспан жарылған шақта},

2 {жұлдыздар (шашылып) төгілген шақта},

3 {теңіздер тасыған шақта}, бір-біріне қосылып, бір теңіз болған кезде, немесе жанартау сияқты атқылап жатқан кезде, жоғарыдағылар Қиямет болудың алдындағы ғаламаттар.

4 {Қабірлер асты-үсті (төңкерілген) қылынған} яғни өліктер шығарылған {шақта},

5 амал дәптерлер ашылған шақта {әр адам бұрын-соңды қылған} жақсы-жаман {істерінің барлығын біледі}.

6 {Ей, адам! Сені құрметті Раббыңа (күпірлік қылуға) не алдады?} Кейбір тәпсіршілер бұл аятты былай тәпсір қылады: «Дереу жазаламағандығы үшін оларды Аллаһтың кешірімшілдігі алдап қойды».

7 {Ол сені} мәниден {жаратты}, мүшелеріңді еститін, көретін, ақыл жүгірте алатын қылып {(мықты, келбетіңді) теңестіріп} бір-біріне сай, көркем және {түзу қылды}.

8 {Сені Ол қалаған бейнеде (түрде, формада, нұсқада) құрастырды}. Өзі қалаған, әр түрлі бейнелердің бірі етіп сені жаратты, сен өзіңнің бейнеңді өзің таңдай алмадың.

9 {Жоқ!} әсте олай қылмаңдар, яғни Аллаһтың жомарттығына алданушы болмаңдар. Ей, Мекке кәпірлері! {Керісінше (бәлки), сендер дінді теріске шығарасыңдар}.

10 Сендер дінді теріске шығарып тұрғанда, {Сондай-ақ, сендердің үстілеріңде (үстеріңде)} сендердің қылған-еткендеріңді тізіп, жазып, сақтап, ақыретте жаза алуларың үшін {сендерді күзетіп тұрушы періштелер бар}.

11 {Олар} Аллаһтың құзырында {құрметті періштелер болып}, сендердің сөздеріңді және амалдарыңды {жазып тұрады}.

12 {Олар амалдарыңда біліп тұрады}.

13 {Мүміндер күдіксіз жәннатта болады}.

14 {Кәпірлер күдіксіз тозақта болады}.

15 {Олар} болатындығын теріске шығарған {Қиямет күні} қатты қыздырылған {тозаққа кіреді}.

16 {Олар әсте тозақтан айрылмайды (арыла алмайды, құтылмайды)}. Керісінше, ол жайда (орында) мәңгі қалады.
17 {Қиямет күнінің} өте қатты қорқыныштылығының {қандай екенін қалай біле аласың?}.
18 {Қиямет күнінің} яғни Есеп және Жаза күнінің өте қорқыныштылығын {қандайлығын қалай біле аласың?} бұл аятты қайталаудағы себеп, бұл күннің соншама қорқынышты ауыр (қиын) күн екендігін түсіндіру үшін.
19 {Ол күні} дүниедегідей {бір адамның келесі бір адамға (жәрдем) беруі қолынан келмейді. Бұл күні үкім} бүкіл әлемдердің Раббысы {Аллаһқа тән}.

# 83. Мутаффифун сүресі

(Меккеде түскен, 36 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Өлшемде және таразыда {кем берушілерге нендей өкініш!} кейбіреулердің екі түрлі өлшегіші (таразысы) болып, (өзіне) аларда бірімен, береде екіншісімен өлшеуші еді. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Мәдинаға келгенде, мәдиналықтар өлшем және таразыда ең нашар кісілер еді. Аллаһ тағала бұл аятты түсіргеннен кейін олар оңалып кетті».
2 {Олар адамдардан өлшеп алған кезде, толық алады} яғни, адамдардан өздеріне бірдеңе сатып алғанда толық алатын еді.
3 {Кісілерге өлшеп яки тартып берген кезде, кем береді}.
4 5 {Олар ұлы бір күнде тірілетіндігіне сенбейді ме} яғни олар ол күні қылғандарынан сұралатындарын ойлап жеткен болса еді, ақырынан (ісінің жазасынан) қорқып, істеп жатқан жаман ісін тастаған болар еді.
6 {Ол күні адамдар әлемдердің Раббысының құзырында} жаза яки есебін күтіп {тік тұрады}, бұл аманатқа қиянат қылу, басқалардың хақын жеу қатарлы себептер үшін таразы және өлшемде кем берудің соншалықты үлкен күнә және соңының (жазасының) соншама қорқынышты екендігін көрсетіп береді.
7 {Жоқ! Олар} таразыда, өлшемде {кем беруден қайтсын, жаман адамдардың амал дәптері сөзсіз} тозақ иелерінің амал дәптері жазылатын (сақталатын) {Сижжинде болады}.
8 {Сижжин деген не? Оны қалай біле аласың?}
9 {Ол} жаман адамдардың есімдері ретті {сақталған (жазылған, тізілген) бір кітап}.
10 {Сол күні өтірікке шығарушыларға нендей өкініш!}
11 {Олар Қиямет күнін теріске шығарды}.
12 {Оны тек} күпірлікте өте {шектен шыққан, өте күнәкар адам ғана теріске шығарады}.
13 {Оған Біздің} Мұхаммедке (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) түсірген {аяттарымыз оқылса, ол: «(бұл) бұрыңғылардың} кітаптарындағы жалған {хикаялары (ертегілері)», - дейді}.
14 {Жоқ! Олай емес, керісінше, олардың күнәлары себебінен жүректері қарайып кеткен}. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) былай деп айтқанын риуаят қылады: «Бір пенде бір күнә қыла салысымен оның жүрегіне бір қара дақ қойылады. Егер ол истиғфар айтып, тәубе қылып, ол күнәдан қол үзсе, оның жүрегі жуылады. Егер сол күнәға қайтса, ол қара дақтар көбейіп, тіпті оның жүрегі мөрленіп кетеді. Міне, бұл Аллаһ субханаһу уә тағаланың Құранда зікір қылған жүректердің қарайып кетуі».
15 {Жоқ! Олай емес, шындығында, олар бұл күні Раббысын көруден тыйылған} мұсылмандар сияқты Қиямет күні олар Аллаһты көре алмайды. Дүниеде оларды қалай Өзінің таухидінен жапса, солай Қиямет күні оларды Өзін көруден жабады.
16 {Сосын олар шындығында тозаққа кірушілер} тозаққа кіріп, ыстығын татады.
17 {Сонан кейін (оларға): «Міне, бұл сендер теріске шығарған нәрсе»} яғни азап {делінеді}.
18 {Расында, жақсы пенделердің амал дәптерлері күдіксіз} жәннаттардың ең асылына (жоғарғысына) жазылған {ғиллиунде* болады}.
19 Ей, Мұхаммед! {Ғиллиунның не екендігін сен қалай біле аласың?}
20 {(Ол жақсылардың есімдері) жазылған кітап}.
21 {Оған Аллаһтың жақын (періштелері) куә болады} яғни ол дәптерді періштелер алып келіп, оған көрсетеді. Кейбір тәпсіршілер

كَلَّآ إِنَّ كِتَٰبَ ٱلۡفُجَّارِ لَفِي سِجِّينٖ ٧ وَمَآ أَدۡرَىٰكَ مَا سِجِّينٞ ٨ كِتَٰبٞ
مَّرۡقُومٞ ٩ وَيۡلٞ يَوۡمَئِذٖ لِّلۡمُكَذِّبِينَ ١٠ ٱلَّذِينَ يُكَذِّبُونَ بِيَوۡمِ ٱلدِّينِ ١١
وَمَا يُكَذِّبُ بِهِۦٓ إِلَّا كُلُّ مُعۡتَدٍ أَثِيمٍ ١٢ إِذَا تُتۡلَىٰ عَلَيۡهِ ءَايَٰتُنَا قَالَ أَسَٰطِيرُ
ٱلۡأَوَّلِينَ ١٣ كَلَّاۖ بَلۡۜ رَانَ عَلَىٰ قُلُوبِهِم مَّا كَانُواْ يَكۡسِبُونَ ١٤ كَلَّآ إِنَّهُمۡ
عَن رَّبِّهِمۡ يَوۡمَئِذٖ لَّمَحۡجُوبُونَ ١٥ ثُمَّ إِنَّهُمۡ لَصَالُواْ ٱلۡجَحِيمِ ١٦ ثُمَّ يُقَالُ
هَٰذَا ٱلَّذِي كُنتُم بِهِۦ تُكَذِّبُونَ ١٧ كَلَّآ إِنَّ كِتَٰبَ ٱلۡأَبۡرَارِ لَفِي عِلِّيِّينَ
١٨ وَمَآ أَدۡرَىٰكَ مَا عِلِّيُّونَ ١٩ كِتَٰبٞ مَّرۡقُومٞ ٢٠ يَشۡهَدُهُ ٱلۡمُقَرَّبُونَ
٢١ إِنَّ ٱلۡأَبۡرَارَ لَفِي نَعِيمٍ ٢٢ عَلَى ٱلۡأَرَآئِكِ يَنظُرُونَ ٢٣ تَعۡرِفُ فِي
وُجُوهِهِمۡ نَضۡرَةَ ٱلنَّعِيمِ ٢٤ يُسۡقَوۡنَ مِن رَّحِيقٖ مَّخۡتُومٍ ٢٥
خِتَٰمُهُۥ مِسۡكٞۚ وَفِي ذَٰلِكَ فَلۡيَتَنَافَسِ ٱلۡمُتَنَٰفِسُونَ ٢٦ وَمِزَاجُهُۥ
مِن تَسۡنِيمٍ ٢٧ عَيۡنٗا يَشۡرَبُ بِهَا ٱلۡمُقَرَّبُونَ ٢٨ إِنَّ ٱلَّذِينَ
أَجۡرَمُواْ كَانُواْ مِنَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ يَضۡحَكُونَ ٢٩ وَإِذَا مَرُّواْ بِهِمۡ
يَتَغَامَزُونَ ٣٠ وَإِذَا ٱنقَلَبُوٓاْ إِلَىٰٓ أَهۡلِهِمُ ٱنقَلَبُواْ فَكِهِينَ ٣١
وَإِذَا رَأَوۡهُمۡ قَالُوٓاْ إِنَّ هَٰٓؤُلَآءِ لَضَآلُّونَ ٣٢ وَمَآ أُرۡسِلُواْ عَلَيۡهِمۡ
حَٰفِظِينَ ٣٣ فَٱلۡيَوۡمَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ مِنَ ٱلۡكُفَّارِ يَضۡحَكُونَ ٣٤

былай дейді: «Періштелер Қиямет күні дәптерде бар нәрсеге куәлік береді».
22 {Жақсылар нығмет ішінде (нығметте)} яғни жәннатта {болады}.
23 {Олар жұмсақ сәкі үстінде} Аллаһтың жәннатта оларға берген түрлі нығметтеріне {қарайды}. «Аллаһ азза уә жәлләнің көркіне (сұлулығына, әдемілігіне) қарайды»,—деп тәпсір қылғандар да бар.
24 {Оларға қарайтын болсаң, нығметтің} олардың көркем, ақ, нұрлы және күлкі шығып (ойнап) тұрған өңдерінен (шырайларынан) шығып тұрған {әсерін танисың}.
25 26 {Олар аузы мөрленген} яғни сол жақсылар мөрін ашпайынша басқалардың қол тигізуі шектелген {рахиқ шараппен суарылады} ол шараптан мас болмайды, және ешқандай зияндығы жоқ. {Ішуінің соңында одан жұпардың иісі келіп (аңқып) тұрады. Ұмтылушылар міне соған ұмтылсын!}
27 {Оның қоры – Тәсним бастауынан} яғни рахиқ шарабы Тәсним бұлағынан алынады, ол бұлақ жәннаттың жоғарғы жағынан ағады және де ол жәннатағы ең жақсы шарап.
28 {Тәсним жәннаттағы бір бұлақ болып, одан Аллаһтың жақын пенделері ішеді} яғни рахиқ шарабын ыдыстарын Тәсним бұлағына батырып алады.
29 {Күнәһарлар (кәпірлер) ақиқатында мүміндерді} мазақтап {күлетін еді},
30 мүміндер {олардың алдынан өткенде, олар} мүміндердің дінін мазақ қылып {өзара көз қысысушы еді},
31 {үйлеріне қайтқанда} мүміндерді ғайбат қылып және оларды әзіл-қалжыңдарына араластырып {мезі қылған халде қайтатын}.
32 {Мүміндерді көргенде: «Бұлар шәксіз адасқандар», - десетін}.
33 {Олар} Аллаһ тағала тарапынан {мүміндерді күзетуге}, амалдарын сақтауға уәкіл қылып {жіберілген жоқ}.
34 {Бүгін} яғни Қиямет күні тура дүниеде кәпірлер мүміндерден күлгендей {мүміндер кәпірлерден күледі},
35 олар (мүміндер) Аллаһтың дұшпандары болған кәпірлердің {халіне жұмсақ сәкілер үстінде отырып} ләззаттанған халде {назар тастайды (салады)}.
36 Кәпірлер мүміндерді {(мазақ қылған) қылмыстарының жазасын тартты ма?} сондай, дүниеде мүміндерді күліп мазақ қылғандықтары үшін, ақыретте қылмыстарының жазасын тартты.

# 84. Иншиқақ сүресі

(Меккеде түскен, 25 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Қияметтің ғаламаттарынан болған {аспан жарылған},
2 {Раббысының әмірін естіп, бойсұнған, Раббысының әмірін естуге, бойсұнуға лайық болған шақта},
3 {Жер созылған}, таулары тозаңдай болған,
4 {қойнындағы (қойнауындағы) нәрселерді} яғни өліктерді, {сыртқа шығарып құр (бос) қалған},
5 {Раббысының әмірін естіп бойсұнған, Раббысының әмірін естуге, бойсұнуға лайық болған шақта} адам қиялына келмеген өте қорқынышты халдерге (жағдайларға) жолығады.
6 {Әй, адамзат! Негізінде сен Раббыңа іс-әрекетіңмен ұмтылып барудасың, және де Оған жолығасың} яғни қылған амалыңмен бірге Раббыңа кезігесің.
7 8 {Амал дәптері оң жағынан (тарапынан) берілген} яғни иман айтқан

мұсылманның өткізген (жіберіп алған) күнәлары ортаға қойылады. Аллаһ ол күнәларды есеп таразыға салмастан кешіріп жібереді. Сонымен, ол {адамнан жеңіл есеп алынады}. Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай дейді: «Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Кімде-кім есеп таразысына салынса, ол азапқа дұшар болады», - деді. Мен: «Аллаһ тағала «амал дәптері оң тарапынан берілген адамнан жеңіл есеп алынады», - демеген бе еді?»,—дедім. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Ол деген есеп емес, тек қана ортаға қою. Кімде-кім есеп таразысына салынса, ол азапқа дұшар болады», - деді.

9 Ол жәннаттағы қор қыздар мен әйелдеріне {жанұясына шат-шадыман қайтады}.

10 {Амал дәптері арт жағынан берілген адам} яғни кәпір және күнәкар пенде. (бұлардың оң қолы желкесіне байлаулы болатын болғандықтан, сол қолы арқа жақта болады. Сондықтан амал дәптері арқасынан (арт жағынан) беріледі.

11 {«Әттең-ай!» деп айғайлайды} яғни өлімді армандайды.

12 {Тозаққа кіреді} оған тозақтың оты тіпті де қызытылады.

13 {Өйткені ол} дүниедегі кезінде нәпсі қалауына (әуесіне) беріліп, қылдай да (титтей де) ақыреттің қамын жемегендігі үшін {отбасында шат-шадыман еді}.

14 {Ол Раббысының құзырына қайтарылмаймын деп ойлады}, Аллаһтың алдына жазасын алу үшін қайтпайтынын ойлады.

15 {Олай емес}, яғни ол жақын арада Раббысының құзырына қайтады. {Раббысы шындығында оны көріп Тұрушы} яғни Оның ешбір қылған-еткені (істегені) Аллаһқа құпия болмайды.

16 - 18 {Шапақ} яғни күн батқаннан кейінгі көкжиектегі қызыл желек {-пен, түн және оның қараңғылығы басқан нәрселермен, және толған кездегі аймен} яғни толған аймен {ант},

19 {Сендер сөзсіз} байлық және кембағалдық, өлім және өмір, тозақ немесе жаннатқа кіру сияқты {бір халден және бір халге ауысып тұрасыңдар}.

20 {Олар} яғни мүшріктер иман айтудан бас тарта алмайтын сонша дәлелдер тұрса да {не үшін иман келтірмейді?}

21 {Олардың жанында Құран оқылған кезде не үшін (неліктен) сәжде

عَلَى ٱلْأَرَآئِكِ يَنظُرُونَ ﴿٣٥﴾ هَلْ ثُوِّبَ ٱلْكُفَّارُ مَا كَانُوا۟ يَفْعَلُونَ ﴿٣٦﴾

ترتيبها 84 — سُورَةُ الانشِقَاقِ — آياتها 25

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِذَا ٱلسَّمَآءُ ٱنشَقَّتْ ﴿١﴾ وَأَذِنَتْ لِرَبِّهَا وَحُقَّتْ ﴿٢﴾ وَإِذَا ٱلْأَرْضُ مُدَّتْ
﴿٣﴾ وَأَلْقَتْ مَا فِيهَا وَتَخَلَّتْ ﴿٤﴾ وَأَذِنَتْ لِرَبِّهَا وَحُقَّتْ ﴿٥﴾ يَٰٓأَيُّهَا
ٱلْإِنسَٰنُ إِنَّكَ كَادِحٌ إِلَىٰ رَبِّكَ كَدْحًا فَمُلَٰقِيهِ ﴿٦﴾ فَأَمَّا مَنْ أُوتِىَ
كِتَٰبَهُۥ بِيَمِينِهِۦ ﴿٧﴾ فَسَوْفَ يُحَاسَبُ حِسَابًا يَسِيرًا ﴿٨﴾ وَيَنقَلِبُ
إِلَىٰٓ أَهْلِهِۦ مَسْرُورًا ﴿٩﴾ وَأَمَّا مَنْ أُوتِىَ كِتَٰبَهُۥ وَرَآءَ ظَهْرِهِۦ ﴿١٠﴾ فَسَوْفَ
يَدْعُوا۟ ثُبُورًا ﴿١١﴾ وَيَصْلَىٰ سَعِيرًا ﴿١٢﴾ إِنَّهُۥ كَانَ فِىٓ أَهْلِهِۦ مَسْرُورًا ﴿١٣﴾
إِنَّهُۥ ظَنَّ أَن لَّن يَحُورَ ﴿١٤﴾ بَلَىٰٓ إِنَّ رَبَّهُۥ كَانَ بِهِۦ بَصِيرًا ﴿١٥﴾ فَلَآ أُقْسِمُ
بِٱلشَّفَقِ ﴿١٦﴾ وَٱلَّيْلِ وَمَا وَسَقَ ﴿١٧﴾ وَٱلْقَمَرِ إِذَا ٱتَّسَقَ ﴿١٨﴾
لَتَرْكَبُنَّ طَبَقًا عَن طَبَقٍ ﴿١٩﴾ فَمَا لَهُمْ لَا يُؤْمِنُونَ ﴿٢٠﴾ وَإِذَا قُرِئَ
عَلَيْهِمُ ٱلْقُرْءَانُ لَا يَسْجُدُونَ ۩ ﴿٢١﴾ بَلِ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ يُكَذِّبُونَ
﴿٢٢﴾ وَٱللَّهُ أَعْلَمُ بِمَا يُوعُونَ ﴿٢٣﴾ فَبَشِّرْهُم بِعَذَابٍ أَلِيمٍ ﴿٢٤﴾
إِلَّا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ وَعَمِلُوا۟ ٱلصَّٰلِحَٰتِ لَهُمْ أَجْرٌ غَيْرُ مَمْنُونٍ ﴿٢٥﴾

қылмайды?} Қайсы іс оларды сәжде қылудан тосады? Кейбіреулер: «Бұл аятта көзделгені, сәжде аяттары оқылғанда, олар жасалатын сәждені қылмайды дегендік», - деп қарайды.

22 {Бәлкім, кәпірлер} Аллаһтың бірлігін және барлығын, Қиямет күнін және күнә-сауапты ашық баян қылып беретін Құрандай ақиқатты {теріске шығарады}.

23 {Олардың жүректеріндегі} күпірлік сияқты {жасырын нәрселерді Аллаһ әбден (жақсы) біледі}.

24 {Оларды қатты азаппен сүйіншілегін, (ескерт)}.

25 {Тек қана иман айтқан және жақсы амалдарды қылған адамдар таусылмайтын сыйлыққа ие болады}.

# 85. Буруж сүресі

(Меккеде түскен, 22 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 - 3 {Жұлдызды аспанға ант} он екі жұлдыздың орны мен жүретін жеріне серт, {Уәделі күнге серт} яғни, Қиямет

سُورَةُ البُرُوجِ — آياتها 22 — ترتيبها 85

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

وَالسَّمَاءِ ذَاتِ الْبُرُوجِ ﴿١﴾ وَالْيَوْمِ الْمَوْعُودِ ﴿٢﴾ وَشَاهِدٍ وَمَشْهُودٍ ﴿٣﴾ قُتِلَ أَصْحَابُ الْأُخْدُودِ ﴿٤﴾ النَّارِ ذَاتِ الْوَقُودِ ﴿٥﴾ إِذْ هُمْ عَلَيْهَا قُعُودٌ ﴿٦﴾ وَهُمْ عَلَىٰ مَا يَفْعَلُونَ بِالْمُؤْمِنِينَ شُهُودٌ ﴿٧﴾ وَمَا نَقَمُوا مِنْهُمْ إِلَّا أَنْ يُؤْمِنُوا بِاللَّهِ الْعَزِيزِ الْحَمِيدِ ﴿٨﴾ الَّذِي لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ ۚ وَاللَّهُ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ شَهِيدٌ ﴿٩﴾ إِنَّ الَّذِينَ فَتَنُوا الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ ثُمَّ لَمْ يَتُوبُوا فَلَهُمْ عَذَابُ جَهَنَّمَ وَلَهُمْ عَذَابُ الْحَرِيقِ ﴿١٠﴾ إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ لَهُمْ جَنَّاتٌ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ ۚ ذَٰلِكَ الْفَوْزُ الْكَبِيرُ ﴿١١﴾ إِنَّ بَطْشَ رَبِّكَ لَشَدِيدٌ ﴿١٢﴾ إِنَّهُ هُوَ يُبْدِئُ وَيُعِيدُ ﴿١٣﴾ وَهُوَ الْغَفُورُ الْوَدُودُ ﴿١٤﴾ ذُو الْعَرْشِ الْمَجِيدُ ﴿١٥﴾ فَعَّالٌ لِمَا يُرِيدُ ﴿١٦﴾ هَلْ أَتَاكَ حَدِيثُ الْجُنُودِ ﴿١٧﴾ فِرْعَوْنَ وَثَمُودَ ﴿١٨﴾ بَلِ الَّذِينَ كَفَرُوا فِي تَكْذِيبٍ ﴿١٩﴾ وَاللَّهُ مِنْ وَرَائِهِمْ مُحِيطٌ ﴿٢٠﴾ بَلْ هُوَ قُرْآنٌ مَجِيدٌ ﴿٢١﴾ فِي لَوْحٍ مَحْفُوظٍ ﴿٢٢﴾

سُورَةُ الطَّارِقِ — آياتها 17 — ترتيبها 86

күні, {Куәлік берушіге, куәлік берілгенге серт} зұлымдық көргендер залымдарға қарсы істелген зұлымдықтармен куәлік етеді, олар Аллаһ жолында барлық өлтірілгендер, олардың ішінде ордың ішіндегі отқа лақтырылғандар да бар.

(4) {Ордың иелері жойылып кетсін!} яғни, оларға лағынет болсын. Белгілі бір патшаның бұқараларынан бір бөлім кісілер иман айтса, патша және әскерлері бір болып, ор қазып, от жағып оларды сол ордағы отқа тастап, өздері оларға қарап тұрысатын.

(5) {Ол орлар лаулап тұрған отынмен толтырылған еді}.

(6) (7) {Сол уақытта олар орлар үстінде отырып өздерінің мүміндерге қылып жатқан істеріне куә болатын} яғни Қиямет күні өздерінің жамандықтарына өздері, одан кейін тілдері, қолдары және аяқтары куәлік береді.

(8) (9) {Олар мүміндерді тек Үстем, мақтауға лайық Аллаһқа иман айтқандықтары үшін ғана жек көрді. Аспандардың және жердің патшалығы Аллаһқа тән. Аллаһ барлық нәрсені көріп Тұрушы} яғни олардың мүміндерге қылған жамандықтарынан ешқайсысы құпия қалмайды. Бұл болса, ор иелеріне қатты ескерту, сондай-ақ азапқа ұшыраған мүміндерге сүйінші хабар.

(10) {Мүмін ер және мүмін әйелдерге} отқа тастау арқылы {зиянкестік қылғаннан кейін} күпірліктен қайтпағандар, қылған жаман қылмыстарына {тәубе қылмағандар, күдіксіз, жәһаннамның азабына дұшар болады. Оларға отпен азап қылынады} мүміндерді отқа тастағандары үшін.

(11) {Иман айтқан және жақсы амалдарды қылғандар, күдіксіз, астынан өзендер ағып тұратын жаннаттарға ие болады. Бұл үлкен бақыт}.

(12) Тәкаппарлық және зұлымдық қылғандарға {Раббыңның жазасы күдіксіз қатты} яғни еселеп болады.

(13) {Аллаһ} дүниеде жаратылыстың барлығын {ақиқатында жоқтан бар қылады және} өлгеннен кейін оларды ақыретте {тірілтеді}.

(14) {Аллаһ} мүмін пенделердің күнәсін сол күнәсінің себебінен рәсуа қылмай (бетке баспай) {Жарылқаушы (Кешіруші)}. Бойсұнушы пенделерін {жақсы көруші}.

(15) {Аршының Иесі, Өте Ұлық}, Жомарт және зор артықшылық пен құрмет Иесі.

(16) {Қалағанын қылушы (істеуші)}.

(17) (18) Ей, Мұхаммед! {Сен әскерлердің—перғауын және сәмудтің} яғни Аллаһтың пайғамбарларымен ұрыс қылуға жиналған, Аллаһ оларды жазалаған бір бөлім кәпірлердің {қиссасынан хабардар болдың ба?}

(19) {Кәпірлер} яғни, құрайыш мүшріктері сол кәпірлерге түскен азаптан ғибрат алмай {жалғасты теріске шығаруда}.

(20) {Аллаһ кәпірлердің төңірегін (айналасын) сырттай қоршап тұрушы} яғни ол бұрыңғыларға түсірген азапты оларға да түсіруге қуатты.

(21) (22) {Бәлкім} олар теріске шығарған және сиқыр, сәуегейлік, өлең деп айтқан нәрсе {ләухул-махфузда} шайтанның жамандығынан {сақталған}, шарапатты және берекетті {ұлы Құран}.

# 86. Тарық сүресі

(Меккеде түскен, 17 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

(1) {Аспан мен Тарықпен} яғни түнде

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَٱلسَّمَآءِ وَٱلطَّارِقِ ﴿١﴾ وَمَآ أَدْرَىٰكَ مَا ٱلطَّارِقُ ﴿٢﴾ ٱلنَّجْمُ ٱلثَّاقِبُ ﴿٣﴾ إِن كُلُّ
نَفْسٍ لَّمَّا عَلَيْهَا حَافِظٌ ﴿٤﴾ فَلْيَنظُرِ ٱلْإِنسَٰنُ مِمَّ خُلِقَ ﴿٥﴾ خُلِقَ مِن مَّآءٍ
دَافِقٍ ﴿٦﴾ يَخْرُجُ مِنۢ بَيْنِ ٱلصُّلْبِ وَٱلتَّرَآئِبِ ﴿٧﴾ إِنَّهُۥ عَلَىٰ رَجْعِهِۦ لَقَادِرٌ ﴿٨﴾
يَوْمَ تُبْلَى ٱلسَّرَآئِرُ ﴿٩﴾ فَمَا لَهُۥ مِن قُوَّةٍ وَلَا نَاصِرٍ ﴿١٠﴾ وَٱلسَّمَآءِ ذَاتِ ٱلرَّجْعِ ﴿١١﴾
وَٱلْأَرْضِ ذَاتِ ٱلصَّدْعِ ﴿١٢﴾ إِنَّهُۥ لَقَوْلٌ فَصْلٌ ﴿١٣﴾ وَمَا هُوَ بِٱلْهَزْلِ ﴿١٤﴾ إِنَّهُمْ
يَكِيدُونَ كَيْدًا ﴿١٥﴾ وَأَكِيدُ كَيْدًا ﴿١٦﴾ فَمَهِّلِ ٱلْكَٰفِرِينَ أَمْهِلْهُمْ رُوَيْدًۢا ﴿١٧﴾

ترتيبها 87 سُورَةُ الأَعْلَىٰ آياتها 19

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

سَبِّحِ ٱسْمَ رَبِّكَ ٱلْأَعْلَى ﴿١﴾ ٱلَّذِى خَلَقَ فَسَوَّىٰ ﴿٢﴾ وَٱلَّذِى قَدَّرَ فَهَدَىٰ
﴿٣﴾ وَٱلَّذِىٓ أَخْرَجَ ٱلْمَرْعَىٰ ﴿٤﴾ فَجَعَلَهُۥ غُثَآءً أَحْوَىٰ ﴿٥﴾ سَنُقْرِئُكَ
فَلَا تَنسَىٰٓ ﴿٦﴾ إِلَّا مَا شَآءَ ٱللَّهُ ۚ إِنَّهُۥ يَعْلَمُ ٱلْجَهْرَ وَمَا يَخْفَىٰ ﴿٧﴾ وَنُيَسِّرُكَ
لِلْيُسْرَىٰ ﴿٨﴾ فَذَكِّرْ إِن نَّفَعَتِ ٱلذِّكْرَىٰ ﴿٩﴾ سَيَذَّكَّرُ مَن يَخْشَىٰ ﴿١٠﴾
وَيَتَجَنَّبُهَا ٱلْأَشْقَى ﴿١١﴾ ٱلَّذِى يَصْلَى ٱلنَّارَ ٱلْكُبْرَىٰ ﴿١٢﴾ ثُمَّ لَا يَمُوتُ
فِيهَا وَلَا يَحْيَىٰ ﴿١٣﴾ قَدْ أَفْلَحَ مَن تَزَكَّىٰ ﴿١٤﴾ وَذَكَرَ ٱسْمَ رَبِّهِۦ فَصَلَّىٰ ﴿١٥﴾

әшкере болушы жұлдызбен {ант етемін} жұлдыз «Тариқ» деп аталуының себебі ол түнде пайда болып күндіз көзден таса болады. Ал араптарда түнделетіп келушінің барлығын да «Тариқ» деп атайды.

2 {Тариқтың не екенін білесің бе?}

3 {Ол} тура түннің қараңғылығын күйдіріп тастайтындай көрінетін {жарық жұлдыз}.

4 {Әрбір адаммен} сол адамның қылған жақсы-жаман амалдарын жазушы және қылған сөздерін {сақтаушы (періште) бар}.

5 {Адам неден жаратылғандығына қарасын}.

6 {Ол атылып шыққан судан жаратылды} Адам еркек пен әйелдің бойынан атылып шығатын судан пайда болады. Бірақ осында бір су деп айтады, себебі еркек пен әйелдің сулары араласып бір суға айналады, содан Аллаһ тағала адамды жаратады.

7 {Ол су} ердің {омыртқасы мен} әйел кісінің {көкрек (кеуде) сүйегінің арасынан шығады}. Кейбіреулер: «Ол су дененің бүкіл мүшелерінен шығады», - дейді.

8 {Күдіксіз, Аллаһ оны қалпына келтіруге} яғни өлгеннен кейін тірілтуге {құдіретті}.

9 Ақида (наным-сенім) және ниет сияқты жүректегі {сырлар (құпиялар) әшкере қылынатын күні} яғни жақсы мен жаман ажыратылатын Қияметте,

10 {Одан} яғни адамнан азапты қайтаратын {еш күш және жәрдемші жоқ} сол күні адамның өзінен азапты алыстататындай күш-қуаты болмайды. Сондай-ақ, пана болып көмек беретін ешкім таппайды.

11 {Жаңбырлы бұлты бар аспанмен ант (серт)},

12 {Жарылып} жеміс ағаштары және өсімдіктерді өндіріп (өсіріп) беретін {жермен ант},

13 {(Құран) күдіксіз} ақиқат пен жалғанды {айырушы сөз},

14 {ол қалжың емес}.

15 {Олар} яғни мүшріктер Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) алып келген хақ дінді жоққа шығару үшін {шындығында қулық-сұмдық істеуде}.

16 {Мен олардың қулық-сұмдығына} олар ойламайтын дәрежеде уақыт беріп, өздерінің қулығынан күштірек айла-тәсіл арқылы {шара қолданамын}.

17 Ей, Мұхаммед! {Кәпірлердің жойылуына асықпағын, оларға аз мұрша бер} ұзаққа кешікпей оларға қандай азап болатынын көресің.

# 87. Ағлә сүресі

(Меккеде түскен, 19 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 «Баршадан жоғары (үстем) Раббымды бүкіл кемшіліктен пәктеймін» деу арқылы {барлығынан үстем (жоғары) Раббыңның атын ұлықта}.

2 {Ол} адамды {жаратты}, оны {теңестірді} яғни көркем, ақылды және шариғат үкімдерін орындауға лайықты қылды.

3 {(Мақлұқатқа пайдалы істерді) тағдыр қылды}, оларға пайдалану жолдарын {көрсетті}. Яғни барлық нәрселердің түрлерін, сипаттарын, қылықтарын және ажалдарын тағдыр қылды. Сондай-ақ әрбірін қылуға яки болуға тиісті істерге бастап қойды.

4 {Һәм жайылымдарды шығарған}.

5 {Сосын оларды} жасыл халінен {қарауыт құрғақ шөпке (құраған шөпке) айналдырды}.

بَلْ تُؤْثِرُونَ ٱلْحَيَوٰةَ ٱلدُّنْيَا ﴿١٦﴾ وَٱلْـَٔاخِرَةُ خَيْرٌ وَأَبْقَىٰٓ ﴿١٧﴾ إِنَّ
هَٰذَا لَفِى ٱلصُّحُفِ ٱلْأُولَىٰ ﴿١٨﴾ صُحُفِ إِبْرَٰهِيمَ وَمُوسَىٰ ﴿١٩﴾

ترتيبها 88 — سُورَةُ الغَاشِيَةِ — آياتها 26

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

هَلْ أَتَىٰكَ حَدِيثُ ٱلْغَٰشِيَةِ ﴿١﴾ وُجُوهٌ يَوْمَئِذٍ خَٰشِعَةٌ ﴿٢﴾
عَامِلَةٌ نَّاصِبَةٌ ﴿٣﴾ تَصْلَىٰ نَارًا حَامِيَةً ﴿٤﴾ تُسْقَىٰ مِنْ عَيْنٍ ءَانِيَةٍ ﴿٥﴾
لَّيْسَ لَهُمْ طَعَامٌ إِلَّا مِن ضَرِيعٍ ﴿٦﴾ لَّا يُسْمِنُ وَلَا يُغْنِى مِن جُوعٍ ﴿٧﴾
وُجُوهٌ يَوْمَئِذٍ نَّاعِمَةٌ ﴿٨﴾ لِّسَعْيِهَا رَاضِيَةٌ ﴿٩﴾ فِى جَنَّةٍ عَالِيَةٍ ﴿١٠﴾
لَّا تَسْمَعُ فِيهَا لَٰغِيَةً ﴿١١﴾ فِيهَا عَيْنٌ جَارِيَةٌ ﴿١٢﴾ فِيهَا سُرُرٌ مَّرْفُوعَةٌ ﴿١٣﴾
وَأَكْوَابٌ مَّوْضُوعَةٌ ﴿١٤﴾ وَنَمَارِقُ مَصْفُوفَةٌ ﴿١٥﴾ وَزَرَابِىُّ مَبْثُوثَةٌ ﴿١٦﴾
أَفَلَا يَنظُرُونَ إِلَى ٱلْإِبِلِ كَيْفَ خُلِقَتْ ﴿١٧﴾ وَإِلَى ٱلسَّمَآءِ كَيْفَ
رُفِعَتْ ﴿١٨﴾ وَإِلَى ٱلْجِبَالِ كَيْفَ نُصِبَتْ ﴿١٩﴾ وَإِلَى ٱلْأَرْضِ كَيْفَ
سُطِحَتْ ﴿٢٠﴾ فَذَكِّرْ إِنَّمَآ أَنتَ مُذَكِّرٌ ﴿٢١﴾ لَّسْتَ عَلَيْهِم
بِمُصَيْطِرٍ ﴿٢٢﴾ إِلَّا مَن تَوَلَّىٰ وَكَفَرَ ﴿٢٣﴾ فَيُعَذِّبُهُ ٱللَّهُ ٱلْعَذَابَ
ٱلْأَكْبَرَ ﴿٢٤﴾ إِنَّ إِلَيْنَآ إِيَابَهُمْ ﴿٢٥﴾ ثُمَّ إِنَّ عَلَيْنَا حِسَابَهُم ﴿٢٦﴾

6 7 Ей, Мұхаммед! {Біз саған (Құранды) оқытамыз және сен (оны) ұмытып қалмайсың. Бірақ, Аллаһтың қалағанын ғана (жадыңнан шығарасың). Негізінде, Ол жарияны да, жасырылғанды да біледі}. Сол кезде, Жәбірейіл Пайғамбарға (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) аят алып келіп, аяттың соңын оқып болмай тұра, Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) ұмытып қалудан алаңдап аяттың басын оқуды бастайтын. Сонымен жоғарыдағы аят түсті.
8 {Сені Біз оңай (жеңіл) жолға} яғни жәннатқа алып баратын амалдарға {дайықты (сай) етеміз}.
9 Ей, Мұхаммед! {Уағыз-насихат пайдалы болатын болса}, адамдарға Біз саған түсірген нәрсемен {уағыз-насихат қыл}, оларды тура жолға баста. Алайда сен қайта-қайта дағуат қылсаң да (шақырсаң да), өз әуесіне (нәпсі қалауына) және күнәкарлыққа еретін болса, оларға уағыз-насихат қылмасаң да болады. Бірақ бірінші реткі дағуат жалпы болады.
10 {Аллаһтан қорыққан адам} уағыз-насихат қылсаң, {уағыз-наихатты қабыл қылады}.
11 {Ең бақытсыз адам уағыз-насихаттан қашады} яғни кәпірлердің ең бақытсызы.
12 {Ол үлкен отқа} яғни тозаққа {кіреді}. Ал кішкентай от - дүниедегі от.
13 {Содан кейін ол онда өлмейді} яғни тозақ отына түскен бейбақ өліп, жаны жай таппайды {және өмір сүрмейді} яғни оған пайда әкелетін өмір сүрмейді.
14 Күпірліктен {Пәк болған}, Аллаһқа және Аллаһтың бірлігіне иман келтірген, шариғат үкімдеріне амал қылған {адам мақсатына жетті}.
15 {Ол Раббысының атын (тілімен) зікір етті, де} бес уақыт {намаз оқыды}.
16 {сендер дүние тіршілігін артық көресіңдер}.
17 {Ақырет жақсы әрі бақи (мәңгілік)}.
18 19 {Бұл} яғни ақырет дүниеден жақсы әрі мәңгілік екені туралы {күдіксіз бұрыңғы кітаптарда—Ибраһим және Мұсалардың кітаптарында бар}.

# 88. Ғашия сүресі

(Меккеде түскен, 26 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың есімімен бастаймын.**

1 Ей, Мұхаммед! {Саған шындығында Ғашия хабары келді?} яғни Қияметтің. «Ғашия»: адамдарды түгел өзінің қорқынышы және алапатымен орап алатын күн.
2 {Ол күні кейбір жүздер қорқуда} яғни бұл күні адамдар екі түрлі болып, біріншілері, ол күндегі азаптың себебінен бастары тербелген және қор халде болады.
3 {Қатты қиналған шаршаған болады} олар кәпір болғандығы үшін қылған жақсылықтарына да сауап берілмейді.
4 {Олар ыстығы (жалыны) қатты тозаққа кіреді}.
5 {(Сулары) қайнап тұрған бұлақтан суарылады}.
6 {Олар үшін дариғтан* (тікеннің бір түрі)} яғни ашық тікеннен {басқа жейтін тамақ болмайды}.
7 {Ол кісіні семіртпейді, аштықты азайтпайды (баспайды)}.
8 {Ол күні кейбір жүздер шаттықта}. Бұлар жоғарғы екі түрлі адамдардың екіншілері болып, олар өздеріне даярланған нәрселерді көріп қуанышты болады.
9 {Бұл дүниеде қылған} амалдарынан {разы} өйткені олар разы болатын сауапқа (сыйға) ие болды.
10 {Биік бақтарда болады}.

11 {Ол жерде жаман сөз естімейді}.
12 {Ол жерде бұлақтар ағып тұрады}.
13 - 16 {Ол жерде биік төсектер, қатар тізілген құмыралар, рет-ретімен қойылған жастықтар, салынған асыл жаймалар (төсеніштер) бар}.
17 {Олар қарамай ма, түйелер қалай} яғни үлкен, күшті және ғажайып ерекшеліктермен (артықшылықтармен) {жаратылды},
18 {Аспан қалай} яғни ешқандай тірексіз, адамның ақылы жетпейтіндей дәрежеде {жоғары көтеріліп қойылды}.
19 {Таулар қалай} яғни үзіліп кетпейтін, ешбір қимылдамайтын қылып {тұрғызылды},
20 {Жер қалай төселді}.
21 Ей, Мұхаммед! {Сен (оларға) уағыз-насихат қыл. Сен тек (оларға) уағыз-насихат қылушысың}.
23 {Сен оларға күштеуші} яғни оларды иманға мәжбүрлеуші {емессің}.
22 {Бірақ та кімде-кім (уағыз-насихаттан) бет бұрып күпірлік етсе},
24 {Аллаһ оны} тозақта мәңгі {қатты азаптайды}.
25 {Олар} өлгеннен кейін {шындығында Біздің құзырымызға қайтады}.
26 {Содан соң олардан есеп алуға Біз жауаптымыз}.

# 89. Фәжр сүресі

(Меккеде түскен, 30 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың есімімен бастаймын.**

1 - 4 {Таңғы арайға серт}, Мужаһид: «Бұл жердегі таң құрбан айттың бірінші күніндегі таң көзделген», - дейді. {Және он түнге серт} яғни, зуль-хижжа айының он түнімен, {Әрі жұп пен таққа серт} яғни, әрбір жаратылыстың жұбы және тағына серт. Кейбір тәпсіршілер: «Бұл жерде «жұп» дегенде қажылықта асыққандарға шығып кетуге болатын ташриқ күндерінің бірінші және екінші күндері, ал «тақ» дегенде ташриқ күндерінің үшінші күні меңзеліп тұр», - деп тәпсірлеген. {Және өтіп бара жатқан түнге серт}.
5 {Ақыл иесіне бұнда} яғни жоғарғы нәрселерде қанағаттанарлық {ант бар ма?} яғни кімде-кім ақыл иесі болса, Аллаһ тағаланың жоғарыдағы нәрселермен ант қылуда хақылы (құқылы) екендігін біледі.
6 7 {(Мұхаммед) Ад қауымына Раббыңның не істегенін көрмедің бе?

سُورَةُ الفَجْرِ — آياتها 30 — ترتيبها 89

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَٱلْفَجْرِ ﴿١﴾ وَلَيَالٍ عَشْرٍ ﴿٢﴾ وَٱلشَّفْعِ وَٱلْوَتْرِ ﴿٣﴾ وَٱلَّيْلِ إِذَا يَسْرِ
﴿٤﴾ هَلْ فِى ذَٰلِكَ قَسَمٌ لِّذِى حِجْرٍ ﴿٥﴾ أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِعَادٍ
﴿٦﴾ إِرَمَ ذَاتِ ٱلْعِمَادِ ﴿٧﴾ ٱلَّتِى لَمْ يُخْلَقْ مِثْلُهَا فِى ٱلْبِلَٰدِ ﴿٨﴾
وَثَمُودَ ٱلَّذِينَ جَابُوا۟ ٱلصَّخْرَ بِٱلْوَادِ ﴿٩﴾ وَفِرْعَوْنَ ذِى ٱلْأَوْتَادِ ﴿١٠﴾
ٱلَّذِينَ طَغَوْا۟ فِى ٱلْبِلَٰدِ ﴿١١﴾ فَأَكْثَرُوا۟ فِيهَا ٱلْفَسَادَ ﴿١٢﴾ فَصَبَّ
عَلَيْهِمْ رَبُّكَ سَوْطَ عَذَابٍ ﴿١٣﴾ إِنَّ رَبَّكَ لَبِٱلْمِرْصَادِ ﴿١٤﴾ فَأَمَّا
ٱلْإِنسَٰنُ إِذَا مَا ٱبْتَلَىٰهُ رَبُّهُۥ فَأَكْرَمَهُۥ وَنَعَّمَهُۥ فَيَقُولُ رَبِّىٓ أَكْرَمَنِ
﴿١٥﴾ وَأَمَّآ إِذَا مَا ٱبْتَلَىٰهُ فَقَدَرَ عَلَيْهِ رِزْقَهُۥ فَيَقُولُ رَبِّىٓ أَهَٰنَنِ ﴿١٦﴾
كَلَّا ۖ بَل لَّا تُكْرِمُونَ ٱلْيَتِيمَ ﴿١٧﴾ وَلَا تَحَٰٓضُّونَ عَلَىٰ طَعَامِ
ٱلْمِسْكِينِ ﴿١٨﴾ وَتَأْكُلُونَ ٱلتُّرَاثَ أَكْلًا لَّمًّا ﴿١٩﴾
وَتُحِبُّونَ ٱلْمَالَ حُبًّا جَمًّا ﴿٢٠﴾ كَلَّآ إِذَا دُكَّتِ ٱلْأَرْضُ دَكًّا
دَكًّا ﴿٢١﴾ وَجَآءَ رَبُّكَ وَٱلْمَلَكُ صَفًّا صَفًّا ﴿٢٢﴾ وَجِاىٓءَ يَوْمَئِذٍۭ
بِجَهَنَّمَ ۚ يَوْمَئِذٍ يَتَذَكَّرُ ٱلْإِنسَٰنُ وَأَنَّىٰ لَهُ ٱلذِّكْرَىٰ ﴿٢٣﴾

Ұзын бағаналы Ирамға (қаласына)?} Бұл аяттағы ирам Адтың және бір есімі болып, бұны кейбіреулер Ад қауымының атасының есімі десе, кейбіреулер оны Ад қауымы жасаған жер, ол Дамаск қаласы яки басқа бір өрнектелген (нақышталған) тас діңгектермен салынған қаланың есімі деп қарайды.
8 {Бұндай} күшті ғимараттары (құрылыстары) бар {қалалар басқа жерлерде құрылмаған еді}.
9 {Сондай-ақ ойпаттарда тастарды кесіп} үйлерін салған {Сәмудті Аллаһ қалай (жазалады)}. Бұлар тауларды тесіп үй жасайтын. Бұлардың жасаған жерлері Хижр яки Уәди Құра деп аталатын, ол жер Мәдина қаласынан Шам жаққа барар жолда орналасқан.
10 {Сондай-ақ қазықтар иесі перғауынды (қалай жазалады)} бұл қазықтан перғауындардың өзіне қабір қылу үшін бүкіл бұқарасын іске салып салдырған пирамидалар көзделеді. Кейбір тәпсіршілер: «Бұдан перғауынның әскерлері үшін тігілген сирек-сирек қабырғалары бар

يَقُولُ يَٰلَيۡتَنِي قَدَّمۡتُ لِحَيَاتِي ﴿٢٤﴾ فَيَوۡمَئِذٖ لَّا يُعَذِّبُ عَذَابَهُۥٓ أَحَدٞ ﴿٢٥﴾
وَلَا يُوثِقُ وَثَاقَهُۥٓ أَحَدٞ ﴿٢٦﴾ يَٰٓأَيَّتُهَا ٱلنَّفۡسُ ٱلۡمُطۡمَئِنَّةُ ﴿٢٧﴾ ٱرۡجِعِيٓ
إِلَىٰ رَبِّكِ رَاضِيَةٗ مَّرۡضِيَّةٗ ﴿٢٨﴾ فَٱدۡخُلِي فِي عِبَٰدِي ﴿٢٩﴾ وَٱدۡخُلِي جَنَّتِي ﴿٣٠﴾

## سُورَةُ البَلَدِ

ترتيبها 90 — آياتها 20

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

لَآ أُقۡسِمُ بِهَٰذَا ٱلۡبَلَدِ ﴿١﴾ وَأَنتَ حِلُّۢ بِهَٰذَا ٱلۡبَلَدِ ﴿٢﴾ وَوَالِدٖ وَمَا وَلَدَ
﴿٣﴾ لَقَدۡ خَلَقۡنَا ٱلۡإِنسَٰنَ فِي كَبَدٍ ﴿٤﴾ أَيَحۡسَبُ أَن لَّن يَقۡدِرَ عَلَيۡهِ
أَحَدٞ ﴿٥﴾ يَقُولُ أَهۡلَكۡتُ مَالٗا لُّبَدًا ﴿٦﴾ أَيَحۡسَبُ أَن لَّمۡ يَرَهُۥٓ أَحَدٌ
﴿٧﴾ أَلَمۡ نَجۡعَل لَّهُۥ عَيۡنَيۡنِ ﴿٨﴾ وَلِسَانٗا وَشَفَتَيۡنِ ﴿٩﴾ وَهَدَيۡنَٰهُ
ٱلنَّجۡدَيۡنِ ﴿١٠﴾ فَلَا ٱقۡتَحَمَ ٱلۡعَقَبَةَ ﴿١١﴾ وَمَآ أَدۡرَىٰكَ مَا ٱلۡعَقَبَةُ ﴿١٢﴾
فَكُّ رَقَبَةٍ ﴿١٣﴾ أَوۡ إِطۡعَٰمٞ فِي يَوۡمٖ ذِي مَسۡغَبَةٖ ﴿١٤﴾ يَتِيمٗا ذَا مَقۡرَبَةٍ
﴿١٥﴾ أَوۡ مِسۡكِينٗا ذَا مَتۡرَبَةٖ ﴿١٦﴾ ثُمَّ كَانَ مِنَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ وَتَوَاصَوۡاْ
بِٱلصَّبۡرِ وَتَوَاصَوۡاْ بِٱلۡمَرۡحَمَةِ ﴿١٧﴾ أُوْلَٰٓئِكَ أَصۡحَٰبُ ٱلۡمَيۡمَنَةِ ﴿١٨﴾ وَٱلَّذِينَ
كَفَرُواْ بِـَٔايَٰتِنَا هُمۡ أَصۡحَٰبُ ٱلۡمَشۡـَٔمَةِ ﴿١٩﴾ عَلَيۡهِمۡ نَارٞ مُّؤۡصَدَةُۢ ﴿٢٠﴾

## سُورَةُ الشَّمۡسِ

ترتيبها 91 — آياتها 15

шатырлар көзделеді», - деп қарайды.

11 {Олар} яғни Ад, Сәмуд және перғауын {қалаларда} яғни әрбірі өз қалаларында зұлымдық қылды және {шектен шықты}.

12 {Ол жерлерде} олар кәпір болу, Аллаһқа күнәкарлық қылу және бұқараларға зұлымдық қылу қатарлы {бұзықтықты көп қылды}.

13 {Раббың оларға қатты азапты түсірді}.

14 Жақсыларға сый-сияпат, жамандарға жаза беру үшін {Раббың} пенделерінің амалдарын {әлбетте, Бақылаушы}. Хасан: «Құлдарының жолдары оған белгілі, Одан ешкім қашып құтыла алмайды».

15 {Раббысы адамды сынап жомарт (баршылықта) қылса, оған нығмет берсе, ол: «Раббым мені сыйлады», - дейді}.

16 {Раббысы адамды сынап ризығын тар қылса (аз қылса), ол: «Раббым мені қор қылды», - дейді} міне бұлар, кәпірдің сипаты болып, ал мүміндікі болса, Аллаһ тағаланың мүмінді өз тағат-құлшылығына лайықты қылып ақырет үшін амал қылуды нәсіп қылғандығы - мүміннің құрметі, және жаннат иелерінің амал-ғибадатына жеңілдік қылмағандығы оның - бодауы.

17 {Әсте олай емес}, сендерге байлық берілсе, {сендер жетімді құрмет қылмайсыңдар}. Егер сендер жетімдерді құрмет қылған болсаңдар, Аллаһтың алдында құрметке ие (лайықты) болатын едіңдер.

18 {Бір-біріңді міскінге ас беруге қызықтырмайсыңдар} өздеріңді немесе біріңді-бірің кедей мен мұқтаж жандарға тамақ беруге ешбір қызықтырмайсыңдар және үндемейсіңдер, сөйтіп ол араларында көмексіз қалып қояды.

19 {Мирасты} яғни жетімдер, әйелдер және әлсіздердің мирас малдарын халал харам деместен {бөлмей, тұтас өздерің жейсіңдер}.

20 {Сондай-ақ, дүниені} көңіл бөлушіліктпен {қатты жақсы көресіңдер}.

21 {Жоқ, олай емес!} яғни амалдарың ондай болмауы керек. {Жер (сілкініп) теп-тегіс болған кезде} жер сілкініп, таулары шашылып, теп-тегіс болғанда.

22 {Раббың} пенделер арасында үкім шығаруға {келген және періштелер сап-сап болып келген шақта}.

23 Күнәкарларды көру үшін {жәһаннам келтірілген шақта, сол күні адам} яғни кәпір дүниедегі қылмыстарын {есіне алады}, бұл кезде {есіне алғанның оған не пайдасы бар}.

24 {Ол айтады: «Әттең мен (дүниедегі) тірі уақытымда жақсы істерді қылған болсамшы (ғой)!»}.

25 {Сол күні ешкім} Аллаһқа күнәкарлық қылғандарды {Аллаһ жазалағандай жазаламайды}.

26 {Тағы да (сол сияқты) ешбіреу} кәпірлерді шынжыр және кісендермен {Аллаһ байлағандай байламайды}.

27 {Ей} ешқандай шәк қылмастан иман айту және Аллаһ біреу деу арқылы {жаны жай табушы жан!}

28 {Сен Раббың}-ның берген сауабынан {разы, Раббың сенен разы болған халде, Оның құзырына қайтқын}.

29 {Енді (салиқалы) құлдарымның қатарына кір!} және солардан бол.

30 Олармен бірге {Менің жәннатыма кір}. Міне, бұл шынайы құрмет болып, одан асатын құрмет жоқ.

## 90. Бәләд сүресі

(Меккеде түскен, 20 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың есімімен бастаймын.**

1 {Бұл қала} яғни Мекке {-мен ант етемін (серт қыламын)}. Бұл, Меккенің Аллаһ тағала алдындағы құрметін көрсетеді. Өйткені ол жерде Аллаһтың үйі әл-Харам бар. Ол Исмаил және Мұхаммедтің (әләйһиməс-сәләм) қаласы әрі қажылық ғибадаты өтелетін орын.

2 Ей, Мұхаммед! {сен осы қалада тұрасың} яғни Аллаһ сенің қадір-қасиетің үшін сен тұрған бұл шәһармен ант етті. Өйткені бұл шәһар сенің себебіңнен үлкен және ұлық болды.

3 {Әке және перзенттер} яғни Адам (әләйһис-сәләм) және перзенттері сияқты барлық мақлұқаттардың әке және перзенттері {-мен ант етемін}. Бұл аятта нәсіл (ұрпақ) қалдыруда Аллаһтың құдіреті, хикметі және ілімінің соншалықты жоғарылығын көрсетіп беретін ғаламат бар.

4 {Біз адамды шындығында жапа-машақат (қиыншылық) ішінде (арасында) етіп жараттық} яғни адам өлгенге дейін дүние әлегінде жапалы өмір сүреді. Өлгеннен кейін қабір және барзахтың ауыртпашылықтары және қорқынышынан өтеді. Содан кейін ақыреттің қиыншылықтары келеді.

5 {ол} яғни Адамның баласы, {өзіне ешкімнің күші жетпейді деп ойлай ма?} жаман амалдарына ешкім жазасын бермейді ме екен? Раббысының күші де жетпейді ме екен?

6 {Ол: «Көп мал сарп қылдым», - дейді}.

7 {(Ол өзінің (мал) сарп қылғандығын) ешкім көрмеді} Аллаһ одан ол малдарды (мал-дүниені, қаражатты) қай жерден тауып, қай жерге сарп қылғандығынан есеп алмайды, {деп ойлайды ма?}

8 - 10 {Адам үшін екі көз, бір тіл, екі ерін жаратпадық па? Оған жақсы жол мен жаман жолды көрсетпедік пе?} Адамға жақсылық пен жамандық, тура және адасу жолдарын баян еттік.

11 {Ол (тау, шың) аспады} яғни ол шайтанның нәпсіні құштарлығына үндеуі қатарлы өзі мен Аллаһ тағаланың тағат-ғибадаты арасындағы тосқауылдарды (бөгеттерді) жеңуге {тырысушылық көрсетті ме?}

12 {(Тау) асудың не екендігін қалай білетін едің?}

13 Тау асу деген {құл азат қылу} не ер адам, не әйел адам болсын,

14 - 16 {Яки ашаршылық күні туысқаншылығы болған} әкесі жоқ {жетімге яки топырақта (жерде) жатқан} ешнәрсесі жоқ {міскінге тамақ беру}, Мужаһид: «Ол міскін - топырақтан қорғайтын киімі, ештеңесі жоқ».

17 {Сонымен бірге} яғни жоғарыдағыны істеумен бірге {иман айтқандардан, өзара} Аллаһ тағалаға құлшылық қылу, күнәлардан алыс болу сәттердегі және қиыншылық, қайғы жеткен шақтағы ауыртпашылыққа {сабыр қылуға өсиет қылысқандардан өзара} Аллаһтың мақлұқаттарына {мейірімділік қылуға өсиет қылысқандардан болу}.

18 {Міне, солар} яғни жоғарыдағы істерді қылған кісілер {оң жақтағы адамдар}.

19 {Біздің аяттарымызды теріске шығарғандар солар сол жақтағылар}.

20 {Олар тозаққа қамалады}.

# 91. Шәмс сүресі

(Меккеде түскен, 15 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың есімімен бастаймын.**

1 {Күн (нұры) және дұха (күн көтерілген уақыт) уақытымен ант},

2 {(Күнге) ерген кездегі} яғни күннің батысына шыққан {аймен ант (серт)},

3 {(Күнді) көрсеткен кездегі күндізбен ант}, күннің қатты көрінетін уақыты күндіз.

4 {Күнді жасырған шақтағы түнмен серт},

5 {аспанмен және оны тұрғызғанмен (құрған, жаратқанмен) серт},

6 {жермен және оны} әр тарапқа {жайғанмен серт},

7 8 {Рухпен және оны көрікті қылып жаратқан, оған жақсы-жамандықты білдіргенмен серт}. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) былай деген: «Әрбір бала мұсылман болып туылады. Ата-анасы оны не яһуди қылады, не христиан қылады, не мәжуси қылады».

9 {(Нәпсісін) тазартқан адам сөзсіз} барлық {мұратына жетеді} нәпсісін тазартып, оның дәрежесін тақуалықпен көтерген адам мұратына, жақсы жеңіске жетеді.

10 {Ал, (нәпсісін күнәға) батырған қор болады} нәпсісін жақсы амалдармен және бойсұнушылықпен тәрбиелемеген зиянға ұшырайды.

11 {Сәмуд шектен шыққандығы үшін} пайғамбарды {жалғаншыға шығарды}, олардың шектен шыққандары оларды

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ
وَٱلشَّمۡسِ وَضُحَىٰهَا ١ وَٱلۡقَمَرِ إِذَا تَلَىٰهَا ٢ وَٱلنَّهَارِ إِذَا جَلَّىٰهَا ٣
وَٱلَّيۡلِ إِذَا يَغۡشَىٰهَا ٤ وَٱلسَّمَآءِ وَمَا بَنَىٰهَا ٥ وَٱلۡأَرۡضِ وَمَا طَحَىٰهَا
٦ وَنَفۡسٖ وَمَا سَوَّىٰهَا ٧ فَأَلۡهَمَهَا فُجُورَهَا وَتَقۡوَىٰهَا ٨ قَدۡ
أَفۡلَحَ مَن زَكَّىٰهَا ٩ وَقَدۡ خَابَ مَن دَسَّىٰهَا ١٠ كَذَّبَتۡ ثَمُودُ
بِطَغۡوَىٰهَآ ١١ إِذِ ٱنۢبَعَثَ أَشۡقَىٰهَا ١٢ فَقَالَ لَهُمۡ رَسُولُ ٱللَّهِ
نَاقَةَ ٱللَّهِ وَسُقۡيَٰهَا ١٣ فَكَذَّبُوهُ فَعَقَرُوهَا فَدَمۡدَمَ
عَلَيۡهِمۡ رَبُّهُم بِذَنۢبِهِمۡ فَسَوَّىٰهَا ١٤ وَلَا يَخَافُ عُقۡبَٰهَا ١٥

آياتها 21 — سُورَةُ ٱللَّيۡلِ — ترتيبها 92

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ
وَٱلَّيۡلِ إِذَا يَغۡشَىٰ ١ وَٱلنَّهَارِ إِذَا تَجَلَّىٰ ٢ وَمَا خَلَقَ ٱلذَّكَرَ وَٱلۡأُنثَىٰٓ ٣
إِنَّ سَعۡيَكُمۡ لَشَتَّىٰ ٤ فَأَمَّا مَنۡ أَعۡطَىٰ وَٱتَّقَىٰ ٥ وَصَدَّقَ بِٱلۡحُسۡنَىٰ ٦
فَسَنُيَسِّرُهُۥ لِلۡيُسۡرَىٰ ٧ وَأَمَّا مَنۢ بَخِلَ وَٱسۡتَغۡنَىٰ ٨ وَكَذَّبَ بِٱلۡحُسۡنَىٰ
٩ فَسَنُيَسِّرُهُۥ لِلۡعُسۡرَىٰ ١٠ وَمَا يُغۡنِي عَنۡهُ مَالُهُۥٓ إِذَا تَرَدَّىٰٓ ١١ إِنَّ عَلَيۡنَا
لَلۡهُدَىٰ ١٢ وَإِنَّ لَنَا لَلۡأٓخِرَةَ وَٱلۡأُولَىٰ ١٣ فَأَنذَرۡتُكُمۡ نَارٗا تَلَظَّىٰ ١٤

күпірлікке апарды.

12 {Сол заманда сәмудтың ең бейбақ адамы} Қадар ибн Салиф мұғжиза болып келген түйені {өлтіруге асықты}.

13 {Оларға Аллаһтың пайғамбары} яғни Салих (аләйһис-сәләм): {«Аллаһтың түйесіне тиіспеңдер, оны су ішуден тоспаңдар», - деді}.

14 {олар пайғамбарды} яғни Салихты {жалғаншы (өтірікші) қылды, түйені өлтірді, күнәсі себебінен Аллаh оларды жойды, жалпылай (жаппай) жойды} яғни жермен жексен етті.

15 Аллаh {оның} яғни оларды жойғандығының {зардабынан қорықпайды}.

# 92. Ләйл сүресі

(Меккеде түскен, 21 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың есімімен бастаймын.**

1 {Қараңғылығы әлемді қаптаған түнмен ант},

2 {жарық болған кездегі күндізбен ант},

3 {ер-әйелді жаратқан Аллаһпен ант (серт)} бұл жерде бүкіл жаратылғандардың, адамдардан болсын, не басқалардан болсын еркегі мен ұрғашысы туралы айтылып жатыр,

4 {сендердің амалдарың күдіксіз әр-түрлі} яғни олардың кейбірі жәннатқа алып баратын, кейбірі тозаққа алып баратын амал болып, әркім өзі тырысқанға (ұмтылғанға) жетеді.

5 6 Ақша-қаражатын (мал-дүниесін) Аллаһтың разылығы үшін {сарп қылған}, Аллаh тыйған істерде {тақуалық қылған}, кәлимә тәуһидті айтып, Аллаh тағаланың сарп қылған мал-дүниесіне сауап беретіндік жөніндегі уәдесіне {шынайы сенген, (растаған) адамға келсек},

7 {Оған Біз} мал-қаражатты сарп қылу, Аллаh тағалаға бойсұнуда {жолын жеңілдетіп береміз}. Бұл аят Әбу Бәкір (Аллаh оған разы болсын) хақында түсірілген болып, Мекке кәпірлері қолындағы алты мұсылман құлды азаптап жатқанда, ол оларды сатып алып азат қылып жіберген еді.

8 9 {Сараңдық қылып (Аллаһтың сауабынан) өзін қажетсіз (мұқтажсыз) есептеген, кәлимә тәуһидті теріске шығарған адамға келсек},

10 {Біз оған жолын ауырлатып береміз} яғни оған жақсылық қылудың себептерін қиындатып қоямыз. Сосын ол оны істеуден әлсіз келеді. Сонымен ол тозаққа лайықты болып қалады.

11 {Ол (тозаққа) тасталған шақта (кезде), оның} сараңдық қылып сарп қылмаған (жұмсамаған) малы {еш нәрсеге пайдасын тигізе алмайды (жарамайды)}.

12 {Тура жолды көрсетуге күдіксіз Біз жауаптымыз}. Фәрра былай дейді: «Кімде-кім Аллаһты қаласа, Аллаh оның жолында болады. Кімде-кім Аллаһты қаласа, Аллаh оған һидает береді (тура жолға салады)».

13 {Дүние және ақырет күдіксіз Біздің Иелігімізде}. Біз қалай қаласақ, солай жұмсаймыз.

14 {Сендерді лапылдап (лаулап) тұрған оттан ескерттім}.

15 16 {Оған тек} Пайғамбар алып келген хақты {теріске шығарған}, иманнан, бойсұнудан {бет бұрған, бақытсыз адам ғана} яғни кәпірлер ғана {кіреді}.

17 18 {Тазару үшін мал-мүлкін} Аллаh үшін жақсылық жолдарына {сарп қылатын} тақуа, Аллаһтан қорқушы {адам одан} яғни оттан {алыс қылынады}. Имам Уахиди былай дейді: «Бүкіл

тәпсіршілердің қарауы бойынша аяттағы тақуа адам Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын). Яғни бұл аят оның хақында (жайында) түскен. Бірақта бұл аяттың үкімі барша мұсылмандарға жалпы (ортақ).

(19) (20) {Оның қылған жақсылығы} яғни садақасы {біреудің жақсылығын қайтару үшін} және одан бір сый-сияпат күту үшін де {емес, тек қана Ұлық Раббысының разылығы үшін}.

(21) {Ол} яғни ихсан (жақсылық) қылушы адам, Раббысының беретін үлкен абырой және асыл сыйлығынан {сөзсіз разы болады}.

# 93. Дұха сүресі

(Меккеде түскен, 11 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ауырып қалып, екі яки үш түн түнгі намазға тұрмаған еді. Бір (мүшрік) әйел келіп: «Ей, Мұхаммед! Екі яки үш түннен бері шайтаның тастап жіберді ме (қойды ма) не?» - деді. Сонымен Аллаһ тағала бұл сүрені түсірді.

(1) {Дұха (сәске) уақытымен ант} ол күннің көтерілген уақыты,

(2) {Қараңғылығы} төңіректі қаптаған {кездегі түнмен ант} Әл-Асмағи былай дейді: «Адамды киім қалай жапқандай, сол уақыттағы түн күндізді солай жабады»,

(3) Ей, Мұхаммед! {Раббың сені тастап жібергені де (қойғаны да) жоқ} яғни сеннен уахиды бүтіндей үзіп қойған да жоқ. {Жек көріп қалған да жоқ}.

(4) {Саған} дүниеде пайғамбарлық шарапатын бергенмен, {ақырет} яғни жаннат {әлбетте, дүниеден жақсы}.

(5) {Раббың саған} діндегі жеңісті, сауап, құрмет, кәусар хаузы және қияметте үмбетіңе шапағат қылуды {береді, сен разы боласың}.

(6) {Ол сені жетім күйде тауып пана бермеді ме?}, сені әкең жоқ жетім түрде тауып, пана берді.

(7) {Сені адасқан түрде тауып} яғни сен Құран және шариғаттың не екендігін білмейтін кезіңде {тура жолға салмады ма?}

(8) {Сені кедей күйде тауып} саған мал беріп, сені адамдардан мұқтажсыз етіп {байытпады ма?}

(9) {Жетімді} яғни жетімдігі және әлсіздігімен пайдаланып, оны {қорлама}. Оның хақын толық бер. Өзіңнің жетімдік уақытыңды есіңе ал.

(10) {Сұраушыға дөрекілік қылма} яғни

لَا يَصْلَىٰهَآ إِلَّا ٱلْأَشْقَى ﴿١٥﴾ ٱلَّذِى كَذَّبَ وَتَوَلَّىٰ ﴿١٦﴾ وَسَيُجَنَّبُهَا
ٱلْأَتْقَى ﴿١٧﴾ ٱلَّذِى يُؤْتِى مَالَهُۥ يَتَزَكَّىٰ ﴿١٨﴾ وَمَا لِأَحَدٍ عِندَهُۥ مِن
نِّعْمَةٍ تُجْزَىٰٓ ﴿١٩﴾ إِلَّا ٱبْتِغَآءَ وَجْهِ رَبِّهِ ٱلْأَعْلَىٰ ﴿٢٠﴾ وَلَسَوْفَ يَرْضَىٰ ﴿٢١﴾

ترتيبها 93 — سُورَةُ الضُّحَىٰ — آياتها 11

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَٱلضُّحَىٰ ﴿١﴾ وَٱلَّيْلِ إِذَا سَجَىٰ ﴿٢﴾ مَا وَدَّعَكَ رَبُّكَ وَمَا قَلَىٰ ﴿٣﴾
وَلَلْءَاخِرَةُ خَيْرٌ لَّكَ مِنَ ٱلْأُولَىٰ ﴿٤﴾ وَلَسَوْفَ يُعْطِيكَ رَبُّكَ
فَتَرْضَىٰٓ ﴿٥﴾ أَلَمْ يَجِدْكَ يَتِيمًا فَـَٔاوَىٰ ﴿٦﴾ وَوَجَدَكَ ضَآلًّا
فَهَدَىٰ ﴿٧﴾ وَوَجَدَكَ عَآئِلًا فَأَغْنَىٰ ﴿٨﴾ فَأَمَّا ٱلْيَتِيمَ فَلَا تَقْهَرْ
﴿٩﴾ وَأَمَّا ٱلسَّآئِلَ فَلَا تَنْهَرْ ﴿١٠﴾ وَأَمَّا بِنِعْمَةِ رَبِّكَ فَحَدِّثْ ﴿١١﴾

ترتيبها 94 — سُورَةُ الشَّرْحِ — آياتها 8

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

أَلَمْ نَشْرَحْ لَكَ صَدْرَكَ ﴿١﴾ وَوَضَعْنَا عَنكَ وِزْرَكَ ﴿٢﴾ ٱلَّذِىٓ
أَنقَضَ ظَهْرَكَ ﴿٣﴾ وَرَفَعْنَا لَكَ ذِكْرَكَ ﴿٤﴾ فَإِنَّ مَعَ ٱلْعُسْرِ يُسْرًا ﴿٥﴾ إِنَّ
مَعَ ٱلْعُسْرِ يُسْرًا ﴿٦﴾ فَإِذَا فَرَغْتَ فَٱنصَبْ ﴿٧﴾ وَإِلَىٰ رَبِّكَ فَٱرْغَب ﴿٨﴾

өзіңнің жоқшылық уақытыңды ойлағын. Сондықтан біреу тілеп келсе, я оған тағам бер я көркем түрде қайтар.

(11) {Раббыңның} саған берген {нығметін} адамдарға {айтып бергін}. Өйткені нығметті айтып бергендік нығметке шүкірлік қылғандық болады. Кейбір тәпсіршілер былай дейді: «Бұл аяттағы нығмет Құран болып, Аллаһ тағала Құранды адамдарға оқып беру және мағынасын айтып беруге бұйырған».

# 94. Шарх сүресі

(Меккеде түскен, 8 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

(1) Ей, Мұхаммед! {Сенің кеудеңді} һидает, хикмет және құранның нұрын қабыл қылуға (қабылдауға) {кең қылмадық па?} Міне, бұл дағуат қылу, оның ауыртпашылықтарына (қиыншылықтарына) сабыр қылу және уахиды сақтау үшін дайындық.

(2) (3) {Сенің беліңді қайыстырған} иілтіп жіберген жәһилият дәуіріндегі {ауыр жүкті үстіңнен алып тастадық}

سُورَةُ التِّينِ
ترتيبها 95 — آياتها 8

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

وَالتِّينِ وَالزَّيْتُونِ ١ وَطُورِ سِينِينَ ٢ وَهَٰذَا الْبَلَدِ الْأَمِينِ ٣
لَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنسَانَ فِي أَحْسَنِ تَقْوِيمٍ ٤ ثُمَّ رَدَدْنَاهُ أَسْفَلَ سَافِلِينَ
٥ إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ فَلَهُمْ أَجْرٌ غَيْرُ مَمْنُونٍ ٦
فَمَا يُكَذِّبُكَ بَعْدُ بِالدِّينِ ٧ أَلَيْسَ اللَّهُ بِأَحْكَمِ الْحَاكِمِينَ ٨

سُورَةُ الْعَلَقِ
ترتيبها 96 — آياتها 19

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ ١ خَلَقَ الْإِنسَانَ مِنْ عَلَقٍ ٢ اقْرَأْ وَرَبُّكَ
الْأَكْرَمُ ٣ الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ ٤ عَلَّمَ الْإِنسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ ٥ كَلَّا إِنَّ
الْإِنسَانَ لَيَطْغَىٰ ٦ أَن رَّآهُ اسْتَغْنَىٰ ٧ إِنَّ إِلَىٰ رَبِّكَ الرُّجْعَىٰ ٨ أَرَأَيْتَ
الَّذِي يَنْهَىٰ ٩ عَبْدًا إِذَا صَلَّىٰ ١٠ أَرَأَيْتَ إِن كَانَ عَلَى الْهُدَىٰ ١١ أَوْ أَمَرَ
بِالتَّقْوَىٰ ١٢ أَرَأَيْتَ إِن كَذَّبَ وَتَوَلَّىٰ ١٣ أَلَمْ يَعْلَم بِأَنَّ اللَّهَ يَرَىٰ ١٤ كَلَّا لَئِن
لَّمْ يَنتَهِ لَنَسْفَعًا بِالنَّاصِيَةِ ١٥ نَاصِيَةٍ كَاذِبَةٍ خَاطِئَةٍ ١٦ فَلْيَدْعُ نَادِيَهُ
١٧ سَنَدْعُ الزَّبَانِيَةَ ١٨ كَلَّا لَا تُطِعْهُ وَاسْجُدْ وَاقْتَرِب ۩ ١٩

яғни егер саған келген ауыртпашылықтар әдеттегі жүк болған болса, ол жүк беліңді қайыстырған болатын.

4 {Сенің даңқыңды} дүние-ақыретте {жоғары қылдық}. Оның ішінде мүміндердің: «Аллаһтан басқа ғибадатқа лайықты еш бір құлшылық қылынатын (мәғбуд) тәңір жоқ, соған куәлік беремін» дегенде: «және Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ол Аллаһтың пендесі және елшісі соған да куәлік беремін», деуге бұйырылуы; әр рет азан айтылғанда, оның атын тілге алуы; және оған игілігі және сәлемін жолдауға бұйырылуы.

5 {Әлбетте, әр бір қиыншылықпен бір жеңілдік бар} оның әрбірі (екеуінің әрқайсысы да) Аллаһ тағаладан.

6 {Әлбетте, әрбір қиыншылықпен бір жеңілдік бар}.

7 Ей, Мұхаммед! Дағуаттан, күрестен және намазыңнан {босаған кезінде (шағында) құлшылық қылуға} Аллаһ тағаладан қажеттеріңді тілеп (сұрап) дұға қылуға {тырыс}.

8 Жаннатты үміт қылып, және тозақтан пана тілеп {Раббыңа ұмтыл}.

## 95. Тин сүресі

(Меккеде түскен, 8 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Інжірмен және зәйтунмен ант (серт)} аяттағы адамдар жейтін інжір мен май алатын зәйтунмен Аллаһ тағала ант етеді, және де бұл екеуінің мекені болған Палестина жері мақсат қылынған.

2 {Синин тауымен ант}, бұл Синай тауы - Аллаһ тағала Мұсамен (аләйһис-сәләм) тілдескен тау.

3 {Бұл тыныш қала} яғни Мекке Мукаррама {-мен ант}, бұл үш орын Мұса, Иса және Мұхаммедке (аләйһимис-сәләм) уахи және Тәурат, Інжіл, Құран Кәрім сияқты сәмәуи (көктен түскен) кітаптар түскен орын болғандығы үшін, Аллаһ тағала бұл жайлармен ант (серт) қылған болуы мүмкін.

4 {Біз адамды күдіксіз ең көркем бейнеде (түрде) жараттық} яғни жерге халифа (орынбасар) қылуға лайық болғандай, қолымен жей алатын, сөйлей алатын, істерді бір жақ қыла алатын, ақылды-парасатты қылып жараттық.

5 {Сонан соң оны төмендердің төменіне қайтардық} Ол адамды ең қор өмір кезеңі, яғни жастықтан соң карттыққа, күш-қайраттан соң әлсіздікке қайтарды. Кейбір тәпсіршілер: «Сосын Біз жаратуымыздың себебі болған міндетін орындамағаны үшін адамды ең төмен дәрежеге түсірдік. Сондықтан, ең төмен дәреже болған тозаққа түсіреміз», - деп тәпсірлейді.

6 {Тек қана иман айтқан, жақсы амалдарды қылғандар бұдан тысқары}. Бұлар тозаққа емес, жоғарғы жаннатқа қайтарылады. {Бұларға үзілмейтін сауап беріледі}.

7 Ей, адам! {Бұдан кейін} яғни сендерді көркем бейнеде (түрде) жаратқаннан және анық дәлелдер баян қылынғаннан кейін {есеп-қисап күнін мойындамауға сені не итермелеуде?}

8 {Аллаһ} адамды көркем түрде жаратып, кәпір болғандарды тозаққа және мұсылмандарды жаннатқа қайтаруында {ең әділ үкім қылушы емес пе?}

## 96. Ғаләқ сүресі

(Меккеде түскен, 19 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

Бұл Құран кəрімдегі тұңғыш рет түскен аяттар.
1 {Жаратқан Раббыңның есімімен оқы} яғни Аллаhтың атымен бастап оқы немесе Раббыңнан жəрдем сұраған халде оқы.
2 {Ол адамды ұйыған қаннан жаратты} яғни мəниден бастап, сосын ол Аллаhтың құдыретімен ұйыған қанға айналады...
3 {Оқы, Раббың ең Жомарт} яғни ол сен оқу-жазуды білмейтін сауатсыз болсаң да, сені оқи алатын қылды.
4 {Ол қаламмен} жазуды {үйретті} Аллаh тағала Исламның алғашқы дағуатын оқу жəне жазуға дағуат қылу жəне оған қызықтырумен бастады. Себебі ол екеуінде өте зор пайда бар.
5 {Адамға} қалам арқылы ол {білмеген нəрселерді үйретті}.
6 7 {Жоқ олай емес! Расында адам баласы шектен шығады. Өзін мұқтажсыз санағандықтан} өзінің күш-қуатын, мал-мүлік, дүниесін көргенде Аллаhқа мұқтажсызбын деп бойсұнудан бас тартады.
8 Ей, адам! {Баратын жерің Раббыңның құзыры}. Амалыңа қарай жаза яки сыйлыққа (марапатқа) ие боласың.
9 10 {Намаз оқып жатқан пендеге} яғни Мұхаммедке (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) {кедергі жасаған адамды} Əбу Жəhілді {көрдің бе? }
11 {Егер ол тура жолда болған болса ше?} яғни, əлгі намаз оқығандағы кедергі жасалынып тұрған пенде, Мұхаммед (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) тура жолда болып, оған ерген адам да тура жолда болса ше?
12 {яки тақуалыққа əмір қылған болса} яғни, тозақтан құтылу үшін тəуhид, ықылас жəне жақсы салиқалы амалдарға.
13 {Оның жалған деп əрі қисық кеткенін көрдің бе?} яғни Əбу Жəhіл пайғамбардың алып келгенін жалғанға шығарып, иманнан теріс бұрылып кетті.
14 {Аллаhтың (оны) көріп тұратындығын}, қылмысына қарата жаза беретіндігін {білмеді ме?}. Қалай ғана ондай іске барды?
15 16 {Ол адасушылықтан қайтсын. Егер ол бұдан қайтпаса, сөзсіз оның кекілінен жалғаншы (өтірікші) күнəкардың кекілінен ұстап} жəhаннамға {сүйрейміз}.
17 {Ол өзінің жақтастарын жəрдемге шақырсын!} Бұл аят Əбу Жəhіл Пайғамбарға (саллаллаху ъалəйhи уа саллам): «Сен маған тіпті бұйырып ескерту бересің бе? Менен одақтасы көп ешкім жоқ екенін сен білесің ғой?»—дегенде, түскен деген риуаяттар да бар.

ترتيبها 97 سُورَةُ القَدْرِ آياتها 5

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

إِنَّا أَنزَلْنَٰهُ فِي لَيْلَةِ ٱلْقَدْرِ ﴿١﴾ وَمَآ أَدْرَىٰكَ مَا لَيْلَةُ ٱلْقَدْرِ ﴿٢﴾
لَيْلَةُ ٱلْقَدْرِ خَيْرٌ مِّنْ أَلْفِ شَهْرٍ ﴿٣﴾ تَنَزَّلُ ٱلْمَلَٰٓئِكَةُ وَٱلرُّوحُ
فِيهَا بِإِذْنِ رَبِّهِم مِّن كُلِّ أَمْرٍ ﴿٤﴾ سَلَٰمٌ هِيَ حَتَّىٰ مَطْلَعِ ٱلْفَجْرِ ﴿٥﴾

ترتيبها 98 سُورَةُ البَيِّنَةِ آياتها 8

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

لَمْ يَكُنِ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ مِنْ أَهْلِ ٱلْكِتَٰبِ وَٱلْمُشْرِكِينَ مُنفَكِّينَ
حَتَّىٰ تَأْتِيَهُمُ ٱلْبَيِّنَةُ ﴿١﴾ رَسُولٌ مِّنَ ٱللَّهِ يَتْلُوا۟ صُحُفًا مُّطَهَّرَةً ﴿٢﴾
فِيهَا كُتُبٌ قَيِّمَةٌ ﴿٣﴾ وَمَا تَفَرَّقَ ٱلَّذِينَ أُوتُوا۟ ٱلْكِتَٰبَ إِلَّا مِنۢ
بَعْدِ مَا جَآءَتْهُمُ ٱلْبَيِّنَةُ ﴿٤﴾ وَمَآ أُمِرُوٓا۟ إِلَّا لِيَعْبُدُوا۟ ٱللَّهَ مُخْلِصِينَ
لَهُ ٱلدِّينَ حُنَفَآءَ وَيُقِيمُوا۟ ٱلصَّلَوٰةَ وَيُؤْتُوا۟ ٱلزَّكَوٰةَ ۚ وَذَٰلِكَ دِينُ
ٱلْقَيِّمَةِ ﴿٥﴾ إِنَّ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ مِنْ أَهْلِ ٱلْكِتَٰبِ وَٱلْمُشْرِكِينَ
فِي نَارِ جَهَنَّمَ خَٰلِدِينَ فِيهَآ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمْ شَرُّ ٱلْبَرِيَّةِ ﴿٦﴾ إِنَّ
ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ وَعَمِلُوا۟ ٱلصَّٰلِحَٰتِ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمْ خَيْرُ ٱلْبَرِيَّةِ ﴿٧﴾

18 {Біз қатал періштелерді} яғни жəhаннамның күшті-қатты қол періштелерін {шақырамыз}.
19 Бұл бұзық адасушылықтан {қайтсын! Оған бойсұнба}, Аллаhқа намаз оқып {сəжде қыл}. Сонымен тағат-құлшылық арқылы Аллаhқа {жақындыққа қол жеткіз}.

## 97. Қадір сүресі

(Меккеде түскен, 5 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаhтың атымен бастаймын.**

1 {Біз Құранды ақиқатында Қадір түнінде} Лаухул-Махфуздан дүниенің аспанына бір сəтте {түсірдік}. Сосын оны Пайғамбарға (саллаллаху ъалəйhи уа саллам) жиырма үш жыл бойы қажетке қарата уахи етіп түсіріп болдық. Қадір түні рамазан айының ақырғы он күні ішінде келетін болып, қайсы күні болатындығы жайында əртүрлі көзқарастар бар.
2 {Қадір түннің не екендігін білесің бе?} бұл түнді Қадір түні деп атаудағы себеп, Аллаh тағала ол түнде сол жылы болатын істердің қалағанын тағдыр қылады.

Кейбіреулер: «Ол түн қадір-қымбатты (қасиетті) түн болғандықтан солай аталған», - деп қарайды.

3 {Қадір түні} қылынған амал-құлшылықтың шарапаты және артықшылығы {мың айдан артық} яғни мың айдың амал-ғибадатынан артық.

4 {Періштелер және Рух (Жәбірейіл) сол түнде Раббысының әмірімен} жерге {барлық іс үшін түседі}.

5 {Сол түн таң ағарғанға дейін} періштелер үзіліссіз түсіп тұратын, шайтандар ешқандай зиян тигізе алмайтын {бүтіндей тыныш амандық (түн)}.

## 98. Бәйинә сүресі

(Мәдинада түскен, 8 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Кітап иелерінен} яғни яһудилер және христиандар {кәпір болғандар және мүшріктер} яғни араптардың мүшріктері {өздеріне} Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) алып келген {анық дәлел келгенге дейін (күпірліктен) айрылушы болмады}. Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) азғындық (адасушылық) және жәһилиятты баян қылып беріп, иманға шақырды.

2 Ол анық дәлел өзгеріп кету және араласып кетуден сақталған, Аллаһтың сөзі {пәк жазбаларды оқитын, Аллаһ тарапынан келген пайғамбар} Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам).

3 {Ол жазбалар тура} аят және {үкімдерді өз ішіне алған}, ақиқаттан аз да таймаған, бәлки, ол һидаят, хикмет және тура жолды өз ішіне алған. Аллаһ тағала және бір аятта былай деген: {Барлық мадақ-мақтаулар Аллаһқа тән. (Аллаһ адамдарды) Өз тарапынан болған қатты азаптан ескерту, жақсы амалдарды қылған мүміндерге жақсы сый-сияпат (яғни жәннат) беретіндігімен хош хабар беру үшін, пендесі (яғни пайғамбары Мұхаммед)–ке тура, ешқандай қыңырлық (қайшылық) болмаған Құранды түсірді}. (Кәһф сүресі, 1-2-аяттар). Және оған ергендер тура жолда болады.

4 {Кітап берілгендер} яғни яһудилер және христиандар {тек өздеріне анық дәлел келгеннен кейін ғана бөлінді} яғни бір күмәнді нәрседе бөлінбей, Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) әшкере ақиқатты алып келгеннен кейін, олардың бәрі пайғамбарға еріп бірлікке келудің орнына кейбіреуі иман айтып, кейбірі кәпір болды.

5 {Олар} өздеріне түскен кітаптар мен Құранда {тек ғибадатты Аллаһқа} еш біреуді серік қоспастан {шынайы ынтамен}, басқа діндерді тастап Ислам діні сияқты {хақ дінге сенген халде (жалғыз) Аллаһқа ғана құлшылық қылуға бұйырылды. Намазды} Аллаһ бұйырған түрде өз уақытында {орындауға, зекетті} өз орны мен уақытында {беруге} бұйырылды. {Міне, солар} яғни ғибадат, ықылас, намаз, зекеттер ақыл иелері үшін {тура дін}. Және де ол діннен бөлініп кетпеулерің тиіс.

6 {Кітап иелерінен және мүшріктерден кәпір болғандар шындығында тозаққа кіреді. Тозақта мәңгі қалады. Міне, солар - жаратылғандардың жаманы}. Өйткені олар көреалмаушылық және дандайсудың себебінен ақиқаттан бет бұрушылар.

7 {Иман айтқан және жақсы амалдарды қылғандар, міне, солар - жаратылғандардың жақсысы}.

8 {Оларға} иман айтқандығы және жақсы амалдарды қылғандығы үшін {Раббысының құзырында берілетін марапат (олардың) тұрар жайы болған} ағаштары және үйлері {астынан өзендер ағып тұратын жәннаттар. Олар жәннаттарда мәңгі қалады. Аллаһ олардан разы болады, олар да Аллаһтан разы болады. Бұған Раббысынан қорыққан адам ие болады}.

## 99. Зәлзәлә сүресі

(Мәдинада түскен, 8 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Жер қатты сілкінгенде} яғни барлық нәрселер парша-парша, быт-шыт болып кеткенде,

2 {Жер (қойнындағы) жүктерді} яғни қазына байлықтар және өліктерді {шығарғанда}, өліктерді сұрға екінші рет үрленген кезде шығарады.

3 {Адам баласы оған} яғни жерге: {не болды?} яғни неге (неліктен) жер тербетіліп, ондағы барлық нәрселерді шығарып тастады {дегенде},

4 {бұл күні жер өзінің хабарларын} яғни оның үстінде істелген жақсы-жаман істерді {мәлімдейді} яғни Аллаһ

пенделерге куәгерлік қылу үшін жерді тілге келтіреді (сөйлетеді).
5 Оның мәлімдеуі {Раббысының оған уахи қылуынан} сөйлеу және куәлік беруге әмір қылынғандығынан.
6 {Бұл күні адамдар} қабірлерінен есеп майдандарына (алаңдарына) {істеген амалдарын көру} амалдарын көру үшін, кейбіреулер айтқандай: «амалдарының нәтижесін көру» {үшін} өз діндері бойынша {топ-топ болып} оң яки сол тараптарға (жақтарға) {таралып (ажырап) кетеді}.
7 {Кімде-кім} дүниеде {тозаңдай (тозаңның түйіріндей) жақсы іс істесе, оны} Қиямет күні қуанған халде өз амал дәптерінде жазылған екендігін {көреді}, немесе істеген ісі оған көрсетіліп өз көзімен көреді.
8 {Кімде-кім} дүниеде {тозаңдай жаман іс қылса, оны} Қиямет күні қайғырған халде {көреді}.

# 100. Ғадият сүресі

(Меккеде түскен, 11 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 - 5 Жауынгерлердің Аллаһ жолында дұшпанға шабуыл жасағанда, Аллаһ және Елшісі үшін жапа шегіп {ентігіп жүгіруші}, қатты шапқандықтан {тұяқтарынан от шығарушы}, {таңсәріде} дұшпан үстіне {басып кіруші}, қатты шапқандықтан соғыста дұшпандардың беттеріне {топырақ-шаң шығарушы, сол топырақ-шаңмен} дұшпандарды жеңіліске ұшыратып {дұшпан (жау) тобы ішіне кіріп кетуші аттармен ант (серт)},
6 {Адам ақиқатында Раббысының (нығметтеріне) тым шүкірсіз}.
7 {Адам ақиқатында оған} яғни Аллаһтың нығметіне шүкірсіз болғандығына {әлбетте, өзі куә}.
8 {Адам мал-дүниеге (қаражатқа) өте көңіл бөледі (құштар)}. Сол жолда құрбан болушы.
9 - 11 {Қабірлердегі (өліктер) сыртқа шығарылған, жүректердегі} жақсы-жаман {сырлар әшкере қылынған шақта, олардың барлық жағдайынан Раббысының, шындығында, хабардар екендігін} сол күні істегеніне қарай жаза берілетіндігін, адам баласы {білмей ме?}. Егер білсе, Аллаһ тағалаға шүкірлік ету, Оған ғибадат қылу және Қиямет күні үшін жақсы амал қылудың орнына, мал-

جَزَآؤُهُمْ عِندَ رَبِّهِمْ جَنَّٰتُ عَدْنٍ تَجْرِى مِن تَحْتِهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ
فِيهَآ أَبَدًا ۖ رَّضِىَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟ عَنْهُ ۚ ذَٰلِكَ لِمَنْ خَشِىَ رَبَّهُۥ ﴿٨﴾

ترتيبها 99 — سُورَةُ الزَّلْزَلَة — آياتها 8

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِذَا زُلْزِلَتِ ٱلْأَرْضُ زِلْزَالَهَا ﴿١﴾ وَأَخْرَجَتِ ٱلْأَرْضُ أَثْقَالَهَا
﴿٢﴾ وَقَالَ ٱلْإِنسَٰنُ مَا لَهَا ﴿٣﴾ يَوْمَئِذٍ تُحَدِّثُ أَخْبَارَهَا ﴿٤﴾
بِأَنَّ رَبَّكَ أَوْحَىٰ لَهَا ﴿٥﴾ يَوْمَئِذٍ يَصْدُرُ ٱلنَّاسُ أَشْتَاتًا
لِّيُرَوْا۟ أَعْمَٰلَهُمْ ﴿٦﴾ فَمَن يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا
يَرَهُۥ ﴿٧﴾ وَمَن يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُۥ ﴿٨﴾

ترتيبها 100 — سُورَةُ العَادِيَات — آياتها 11

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَٱلْعَٰدِيَٰتِ ضَبْحًا ﴿١﴾ فَٱلْمُورِيَٰتِ قَدْحًا ﴿٢﴾ فَٱلْمُغِيرَٰتِ صُبْحًا
﴿٣﴾ فَأَثَرْنَ بِهِۦ نَقْعًا ﴿٤﴾ فَوَسَطْنَ بِهِۦ جَمْعًا ﴿٥﴾ إِنَّ ٱلْإِنسَٰنَ
لِرَبِّهِۦ لَكَنُودٌ ﴿٦﴾ وَإِنَّهُۥ عَلَىٰ ذَٰلِكَ لَشَهِيدٌ ﴿٧﴾ وَإِنَّهُۥ لِحُبِّ
ٱلْخَيْرِ لَشَدِيدٌ ﴿٨﴾ ۞ أَفَلَا يَعْلَمُ إِذَا بُعْثِرَ مَا فِى ٱلْقُبُورِ ﴿٩﴾

дүниені тым жақсы көргенмен шұғылдануы лайық емес.

# 101. Қариға сүресі

(Меккеде түскен, 11 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Қариға (үлкен апат)}, ол Қиямет күні аттарының бірі.
2 {Қариға не нәрсе?}.
3 {Қариғаның не екендігін қалай біле аласың?}
4 {Сол күні} қорқыныштың қаттылығынан {адамдар} жан-жаққа {таралып ұшқан көбелектей болып кетеді}, оларды жиналатын орынға алып келгенше дейін осылай шашырап жүреді.
5 {Таулар түтілген жүндей болып кетеді}.
6 7 {Таразысы ауыр келген} яғни жақсылықтары жамандықтарын басып түскен {адамға келсек, ол көңілді тұрмыста} яғни наз-нығметті жәннатта {болады}.
8 9 {Таразысы жеңіл келген} яғни жақсылықтары жамандықтарынан жеңіл

وَحُصِّلَ مَا فِي ٱلصُّدُورِ ١٠ إِنَّ رَبَّهُم بِهِمۡ يَوۡمَئِذٖ لَّخَبِيرُۢ ١١

ترتيبها 101 سُورَةُ القَارِعَةِ آياتها 11

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

ٱلۡقَارِعَةُ ١ مَا ٱلۡقَارِعَةُ ٢ وَمَآ أَدۡرَىٰكَ مَا ٱلۡقَارِعَةُ
٣ يَوۡمَ يَكُونُ ٱلنَّاسُ كَٱلۡفَرَاشِ ٱلۡمَبۡثُوثِ ٤
وَتَكُونُ ٱلۡجِبَالُ كَٱلۡعِهۡنِ ٱلۡمَنفُوشِ ٥ فَأَمَّا
مَن ثَقُلَتۡ مَوَٰزِينُهُۥ ٦ فَهُوَ فِي عِيشَةٖ رَّاضِيَةٖ
٧ وَأَمَّا مَنۡ خَفَّتۡ مَوَٰزِينُهُۥ ٨ فَأُمُّهُۥ هَاوِيَةٞ
٩ وَمَآ أَدۡرَىٰكَ مَا هِيَهۡ ١٠ نَارٌ حَامِيَةُۢ ١١

ترتيبها 102 سُورَةُ التَّكَاثُرِ آياتها 8

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

أَلۡهَىٰكُمُ ٱلتَّكَاثُرُ ١ حَتَّىٰ زُرۡتُمُ ٱلۡمَقَابِرَ ٢ كَلَّا سَوۡفَ
تَعۡلَمُونَ ٣ ثُمَّ كَلَّا سَوۡفَ تَعۡلَمُونَ ٤ كَلَّا لَوۡ تَعۡلَمُونَ
عِلۡمَ ٱلۡيَقِينِ ٥ لَتَرَوُنَّ ٱلۡجَحِيمَ ٦ ثُمَّ لَتَرَوُنَّهَا
عَيۡنَ ٱلۡيَقِينِ ٧ ثُمَّ لَتُسۡـَٔلُنَّ يَوۡمَئِذٍ عَنِ ٱلنَّعِيمِ ٨

болған яки жақсылығы болмаған {адамға келсек, оның жайы Һәуия болады}.

10 {Һәуияның не екендігін сен қалай біле аласың?} бұл жердегі сұраулы сөйлем қорқыту үшін.

11 {Һәуия} өте {қызулы (қызуы күшті) от}.

# 102. Тәкәсур сүресі

(Меккеде түскен, 8 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 2 {Қабірлерді зиярат қылғандарыңа дейін} яғни өліп қабірлерге көмілгендеріңе дейін, {мал-қаражат (пұл), балалардың көптігімен мақтанбақ сендерді} Аллаһқа тағат-ғибадат қылу сияқты ақиреттің амалдарынан {бейғамдықта қалдырды}.

3 {Жоқ олай емес! Келешекте білесіңдер}, бұл оларға ескерту, ақиретте соңы қандай болатынын көреді.

4 {Әсте олай емес! Шындығында келешекте білесіңдер}.

5 {Егер сендер расында} болашақта (келешекте) келетін істерді {ақиқатында білсеңдер} мал-дүние және бала-шағаларыңды көбейту сендерді ол үлкен Күнге әзірлік қылудан бейғамдықта қоймас еді.

6 Ақыретте {сендер сөзсіз жәһаннамды (тозақты) көресіңдер}.

7 {Содан кейін оны сөзсіз өз көздеріңмен көресіңдер}.

8 {Сосын нығметтерден} яғни сендердің дүниедегі ақиреттің жақсы амалынан бей-жай (бейқам) қойған мал-дүниелеріңнен, қаперсіз және есен-аман болғандықтарыңнан, бос өткізген уақыттарыңнан, жеп-ішудің ләззаттарынан, шөлдеріңді қандырған суық сулардан және сарай-үйлеріңнен {сауал-сұрақ қылынасыңдар}.

# 103. Асыр сүресі

(Меккеде түскен, 3 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Ғасырмен ант (серт)}, Аллаһ тағаланың заманмен ант қылуы - онда түн-күндіздің ретімен (жүйелі) өтуі, қараңғылық және жарықтықтың арты-артынан келуі, тіршіліктің пайдасы және жалғасуы қатарлы құбылыстар, оларға қарап, ғибрат алу және Аллаһ тағаланың бар екеніне, оның бірлігіне ашық дәлел болатындығы үшін. Мұқатил былай дейді: «Аяттағы заман асыр (екінті) намазының уақытын көрсетеді».

2 3 {Иман айтқан, жақсы амалдарды қылған, бір-біріне} Аллаһқа иман айту, Аллаһ белгілегенді орындау және тыйғаннан аулақ тұру сияқты істеуі маңызды болған {ақиқатты өсиет қылысқан (үгіттескен), бір-біріне} күнәдан аулақ болу, бұйырылған міндеттерді орындау және тағдырларға тап болған кездегі ауыртпашылықтарда {сабырлықты өсиет етіскен адамдардан басқа барлық адам сөзсіз зиян шегеді}.

# 104. Һумәзә сүресі

(Меккеде түскен, 9 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Адамдарды жүзіне (бетіне) яки артынан {ғайбаттаушы (айыптаушы) қаскөйге (қаскүнемге) әттең (азап болсын)!}, кейбіреулер: «һумәзә» деп: басқа кісіні мысқылдап, көзімен не қолмен көрсетіп, жамандаушы; ал «лумәзә» ол: біреуді сөзбен жамандаушы», - деп тәпсірлеген.

2 {Ол мал жинады және оны} жақсылық жолдарға сарп қылмай сақтау үшін {санады} яғни ол жиған малдарының себебінен өзін артық қойып, санап, басқаларды кемсітті.
3 {Ол малы өзін} дүниеде {мәңгі қалдырады деп ойлайды}. Ол мал жиюға қатты әуес болғандығы үшін, өлгеннен кейін болатын істерді ойламайды.
4 {Әсте олай емес, ол сөзсіз} малдарымен (мал-мүлкімен) қосылып әрқандай нәрсені күйдіріп күл қылып жіберетін {Хутамаға тасталады}.
5 {Хутаманың не екендігін қалай біле аласың?}
6 7 {Ол—Аллаһтың жандырған оты}, оның ыстығы (жалыны) {жүректерге жетіп барады}, жетеді де күйдіреді. Өйткені жүрек жаман мінез-құлық, жаман ниет, тәкаппарлық және жақсы кісілерді кемсітуге ұқсас барлық жаман істердің қайнары.
8 {Олар сөзсіз тозаққа қамалады}, одан әсте (ешқашан) шыға алмайды.
9 {Биік діңгектерге байланады}. Муқатил былай дейді: «Олар тозаққа қамалып, тозақтың есіктері жабылып, темір діңгектерге байланады. Оларға ешқандай демалыс берілмейді».

## 105. Фил сүресі

(Меккеде түскен, 5 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Раббыңның піл иелерін қандай қылғандығын көрмедің бе?} Піл иелері Йеменге үкім жүргізген бір топ хабашалық христиандар болып, олардан бір бөлім әскер Қағбаны бұзамыз деп жолға шықты. Олар Меккеге келуіне орай Аллаһ тағала міне осы сүреде тілге алынатын құстарды жіберіп, оларды жойды. Бұл оқиға Пайғамбарға (саллаллаху ъалэйһи уа саллам) пайғамбарлық келуден қырық жыл бұрын белең алған болып, пайғамбарлық келгенде де сол уақиғаны өз көзімен көрген кейбір кісілер бар еді.
2 {Ол олардың} Қағбаны құлатпақшы болғаны сияқты, жоюларына әкелген {айла-тәсілін (қулық-сұмдығын) адасушылық қылмады ма?}
3 {Ол олардың үстіне} теңіз жақтан {топ-топ} қара {құстарды жіберді}. Құстардың әрбірінің тұмсығында бір дана және екі аяғында екі дана тас болып, ол

سُورَةُ العَصۡرِ — ترتيبها 103 — آياتها 3

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَٱلۡعَصۡرِ ١ إِنَّ ٱلۡإِنسَٰنَ لَفِي خُسۡرٍ ٢ إِلَّا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ
وَعَمِلُواْ ٱلصَّٰلِحَٰتِ وَتَوَاصَوۡاْ بِٱلۡحَقِّ وَتَوَاصَوۡاْ بِٱلصَّبۡرِ ٣

سُورَةُ الهُمَزَةِ — ترتيبها 104 — آياتها 9

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَيۡلٞ لِّكُلِّ هُمَزَةٖ لُّمَزَةٍ ١ ٱلَّذِي جَمَعَ مَالٗا وَعَدَّدَهُۥ ٢
يَحۡسَبُ أَنَّ مَالَهُۥٓ أَخۡلَدَهُۥ ٣ كَلَّاۖ لَيُنۢبَذَنَّ فِي ٱلۡحُطَمَةِ ٤
وَمَآ أَدۡرَىٰكَ مَا ٱلۡحُطَمَةُ ٥ نَارُ ٱللَّهِ ٱلۡمُوقَدَةُ ٦ ٱلَّتِي تَطَّلِعُ
عَلَى ٱلۡأَفۡـِٔدَةِ ٧ إِنَّهَا عَلَيۡهِم مُّؤۡصَدَةٞ ٨ فِي عَمَدٖ مُّمَدَّدَةِۭ ٩

سُورَةُ الفِيلِ — ترتيبها 105 — آياتها 5

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

أَلَمۡ تَرَ كَيۡفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصۡحَٰبِ ٱلۡفِيلِ ١ أَلَمۡ يَجۡعَلۡ كَيۡدَهُمۡ
فِي تَضۡلِيلٖ ٢ وَأَرۡسَلَ عَلَيۡهِمۡ طَيۡرًا أَبَابِيلَ ٣ تَرۡمِيهِم
بِحِجَارَةٖ مِّن سِجِّيلٖ ٤ فَجَعَلَهُمۡ كَعَصۡفٖ مَّأۡكُولِۭ ٥

тас тиген әрқандай адамнан тесіп өтіп кететін.
4 {Құстар оларға} лайы (балшығы) тозақтың отымен иленіп, олардың есімдері жазылған, сары бұршақтан үлкендеу нұқыттай үлкендіктегі {шиыршық тастарды атып (лақтырып)},
5 {Оларды езілген (жаншылған) сабандай қылып жібереді}, кейбіреулер: «аяттың мағынасы: «Олар құрт жеп, тек пішені қалған сабан сияқты болды»»,- деген.

## 106. Құрайыш сүресі

(Меккеде түскен, 4 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

Құрайыш сүресі «Иләф» сүресі деп те аталады.
1 {Құрайыштың бейбітшілігі үшін},
2 {Олар қысқы және жазғы сапарында бейбітшілігі үшін}, сол замандағы құрайыштар қыста Йеменге, жазда Шамға саудаға шығушы еді. Өйткені Йемен ыстық, Шам болса суық еді. Олар сол саудасы арқылы тұрмыс кешетін.

سُورَةُ قُرَيْشٍ

ترتيبها 106 — آياتها 4

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

لِإِيلَٰفِ قُرَيۡشٍ ١ إِۦلَٰفِهِمۡ رِحۡلَةَ ٱلشِّتَآءِ وَٱلصَّيۡفِ ٢ فَلۡيَعۡبُدُواْ رَبَّ هَٰذَا ٱلۡبَيۡتِ ٣ ٱلَّذِيٓ أَطۡعَمَهُم مِّن جُوعٖ وَءَامَنَهُم مِّنۡ خَوۡفِۭ ٤

سُورَةُ المَاعُونِ

ترتيبها 107 — آياتها 7

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

أَرَءَيۡتَ ٱلَّذِي يُكَذِّبُ بِٱلدِّينِ ١ فَذَٰلِكَ ٱلَّذِي يَدُعُّ ٱلۡيَتِيمَ ٢ وَلَا يَحُضُّ عَلَىٰ طَعَامِ ٱلۡمِسۡكِينِ ٣ فَوَيۡلٞ لِّلۡمُصَلِّينَ ٤ ٱلَّذِينَ هُمۡ عَن صَلَاتِهِمۡ سَاهُونَ ٥ ٱلَّذِينَ هُمۡ يُرَآءُونَ ٦ وَيَمۡنَعُونَ ٱلۡمَاعُونَ ٧

سُورَةُ الكَوۡثَرِ

ترتيبها 108 — آياتها 3

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِنَّآ أَعۡطَيۡنَٰكَ ٱلۡكَوۡثَرَ ١ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَٱنۡحَرۡ ٢ إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ ٱلۡأَبۡتَرُ ٣

Егер олар сол саудасын қыла алмаса, олардың қоғамда орны да болмаған еді.

3 4 {Сол үшін {бұл Үйдің} яғни Қағбаның {Раббысына ғибадат қылсын, Ол оларды} жасап жатқан саудалары арқылы {аштықта азықтандырды, оларды} сол замандағы араптардың мүшріктерінен және піл иелерінен келетін {қорқыныштан аман қылды (есендікте, тыныштықта қылды)}

## 107. Мәғун сүресі

(Меккеде түскен, 7 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Дінді} яғни Қиямет күніндегі есеп және жазаны {теріске шығарған адамды көрдің бе?}

2 3 {Ол жетімді} талап еткен хақын бермей {қақпайлайды}, сараңдықтан өзін, отбасын және басқаларды {міскінге тамақ беруге қызықтырмайтын адам}. Жәһилият дәуіріндегі араптар әйелдер және кішкене балаларға (яғни жетім балаларға) мирас бермейтін.

4 5 {Намаз оқушыларға нендей қасірет! Олар намаздарына немқұрайлы} яғни олар оқыған намазынан сауап күтпейтін, оқымай қалса жазасынан қорықпайтын болғандықтан, селқостық қылып намаздың уақытын өткізіп жібереді.

6 {Оны}, яғни намазды адамдардың мақтауына ие болу (ілігу) үшін {риямен (көрсету үшін) оқиды}. Жақсы амалдардың барлығын басқалардың мақтауын үміт қылған халде істейді.

7 {Олар тұтыну затын} яғни қазан-ошақ, тұз және шайға ұқсаған, өзара өтініш ететін, күнделікті тұтыну нәрселерін {бермейді}. Кейбіреулер бұл аятты: «Мал-дүниесінің зекетін бермейді», - деп тәпсір қылады.

## 108. Кәусар сүресі

(Меккеде түскен, 3 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Біз саған шындығында Кәусарды бердік} яғни Аллаһ Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) және үмбетінің шарапатына жәннатта бір дарияны (өзенді) берді.

2 {Раббың үшін намаз оқы және құрбандық шал} сол заманда адамдар намаз және құрбандықтарын Аллаһтан басқаға атап қылатын. Сол үшін Аллаһ тағала пайғамбарына тек Өзіне ғана құлшылық қылуға әмір қылды. Қатәда, Ғата және Икрима былай дейді: «Бұл аятта намаздан айт намазы, құрбандықтан құрбан айттағы құрбандық мақсат қылынған».

3 {Расында, сенің дұшпаныңның аты-тегі (ұрпағы) қалмайды}. Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ұлы қайтыс болғанда, мүшріктердің бірі: «Мұхаммед ұрпақсыз қалатын болды», - деді. Сонымен Аллаһ тағала бұл сүрені түсірді.

## 109. Кәфирун сүресі

(Меккеде түскен, 6 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

Кәпірлер Пайғамбардан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Сенің тәңіріңе біз бір жыл ғибадат қылсақ, сен де біздің құдайларымызға бір жыл ғибадат қыласың ба?» - деп сұрағанда, Аллаһ тағала бұл сүрені түсірген.

1 Ей, Мұхаммед! Сені пұттарға шоқынуға үндеген кәпірлерге {айт, ей, кәпірлер!}

2 {Сендер табынып жатқан пұттарға мен табынбаймын}.
3 {Сендер де} сол кәпірліктерің және ширк нанымдарыңда ғана болсаңдар {мен құлшылық қылып жатқанға ғибадат қылмайсыңдар}.
4 {Сірә, мен сендердің табынған нәрселеріңе құлшылық жасаушы емеспін}, келешекте де, бүкіл өмірімде де сендердің табынған құдайларыңа мен құлшылық жасамаймын.
5 {Сендердің де мен құлшылық қылған (Аллаһқа) ғибадат қылғандарың жоқ (қылған емессіңдер)} яғни сендер сол пұттарыңа ғибадат қылғандарыңша, әсте мен құлшылық қылған Аллаһқа ғибадат қылмайсыңдар. Тіпті кәпірдің және Аллаһқа серік келтірушінің қылған ғибадатын Аллаһ құлшылық деп есептемейді. Кейбір тәпсіршілер былай деді: «Бұл сүредегі қайталанған сөйлемдер «кәпірлердің Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) өздерінің талабына қосылып қалады ма екен» деген үмітін бүтіндей (толықтай) жоққа шығару (сейілту) үшін.
6 {Сендердің діндерің өздерің үшін, менің дінім де өзім үшін}. Егер сендер өз діндеріңе разы болған болсаңдар, мен де өз дініме разымын. Сендердің діндерің ширк (серік қосу) діні, менің дінім болса, тәуһид (Аллаһты бірлеу) діні.

# 110. Насыр сүресі

(Мәдинада түскен, 3 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

Бұл сүре «Қоштасу» сүресі деп те аталады. Ибн Аббас (Аллаh оған разы болсын) былай дейді: {Аллаһтың жәрдемі және жеңісі келгенде} деген аят түскенде, Пайғамбар (саллаллаху ъаләйhи уа саллам): «Көңілім маған ажалымның жақындағанын хабар қылып жатыр», - деген еді.
1 2 Ей, Мұхаммед! Дұшпандарың үстінен жоғары, үстем келу, жеңіске жету, Меккені азат ету және адамдардың жүрегін хақты қабылдауға ашып беру қатарлы {Аллаһтың жәрдемі және жеңісі келген және Аллаһтың дініне адамдардың топ-топ болып кіргендігін көргеніңде}, Аллаһ Өз пайғамбарына Меккені фәтх қылып бергенде, араптар өзара: «Аллаһ піл иелерінен сақтаған Харамын Мұхаммедке фәтх қылып бергеніне қарағанда Мұхаммедтің діні хақ екен»

ترتيبها 109 — سُورَةُ الكَافِرُونَ — آياتها 6

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

قُلۡ يَٰٓأَيُّهَا ٱلۡكَٰفِرُونَ ١ لَآ أَعۡبُدُ مَا تَعۡبُدُونَ ٢
وَلَآ أَنتُمۡ عَٰبِدُونَ مَآ أَعۡبُدُ ٣ وَلَآ أَنَا۠ عَابِدٞ مَّا عَبَدتُّمۡ ٤
وَلَآ أَنتُمۡ عَٰبِدُونَ مَآ أَعۡبُدُ ٥ لَكُمۡ دِينُكُمۡ وَلِيَ دِينِ ٦

ترتيبها 110 — سُورَةُ النَّصۡرِ — آياتها 3

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِذَا جَآءَ نَصۡرُ ٱللَّهِ وَٱلۡفَتۡحُ ١ وَرَأَيۡتَ ٱلنَّاسَ
يَدۡخُلُونَ فِي دِينِ ٱللَّهِ أَفۡوَاجٗا ٢ فَسَبِّحۡ بِحَمۡدِ رَبِّكَ
وَٱسۡتَغۡفِرۡهُۚ إِنَّهُۥ كَانَ تَوَّابَۢا ٣

ترتيبها 111 — سُورَةُ المَسَدِ — آياتها 5

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

تَبَّتۡ يَدَآ أَبِي لَهَبٖ وَتَبَّ ١ مَآ أَغۡنَىٰ عَنۡهُ مَالُهُۥ وَمَا
كَسَبَ ٢ سَيَصۡلَىٰ نَارٗا ذَاتَ لَهَبٖ ٣ وَٱمۡرَأَتُهُۥ
حَمَّالَةَ ٱلۡحَطَبِ ٤ فِي جِيدِهَا حَبۡلٞ مِّن مَّسَدِۭ ٥

десіп, ілгері бірден-екіден Исламға кіріп жатқан болса, ендігі жерде тайпа-тайпа біржола иманға кіруге бастады.
3 {Раббыңа мақтау айтумен тәсбих айт} яғни бұл аятта ешқандай бір кісі ойламаған Аллаһтың жеңілдік туғызып бергеніне таң қалып, тәсбих айту мен жеңіс (жәрдем) беру, Меккені фәтх қылып беру және адамдарды топ-тобымен Исламға кіргізудей Аллаһтың үлкен рақымшылығына мақтау айту бірлестірілген. {Және Одан} өзіңді төмен тұтқан, кемшіліктеріңді таныған халде күнәларыңа {жарылқау тіле. Аллаһ шындығында тәубені өте қабыл Қылушы}. Имам әл-Бұхари Ибн Аббастың (Аллаh оған риза болсын) бұл сүре жайында былай дегендігін риуаят қылады: «Бұл сүредегі {Аллаһтың жәрдемі және жеңісі келгенде} деген аят Аллаh тағаланың Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйhи уа саллам) ажалының толғанын білдіріп қойғандығы. {Раббыңа тәсбих айт, мақтау айт} деген аят болса, оның ажалының


سُورَةُ الإِخۡلَاصِ
بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ
قُلۡ هُوَ ٱللَّهُ أَحَدٌ ١ ٱللَّهُ ٱلصَّمَدُ ٢ لَمۡ يَلِدۡ
وَلَمۡ يُولَدۡ ٣ وَلَمۡ يَكُن لَّهُۥ كُفُوًا أَحَدُۢ ٤
سُورَةُ الفَلَقِ
بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ
قُلۡ أَعُوذُ بِرَبِّ ٱلۡفَلَقِ ١ مِن شَرِّ مَا خَلَقَ ٢ وَمِن
شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ ٣ وَمِن شَرِّ ٱلنَّفَّٰثَٰتِ فِي
ٱلۡعُقَدِ ٤ وَمِن شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ ٥
سُورَةُ النَّاسِ
بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ
قُلۡ أَعُوذُ بِرَبِّ ٱلنَّاسِ ١ مَلِكِ ٱلنَّاسِ ٢ إِلَٰهِ
ٱلنَّاسِ ٣ مِن شَرِّ ٱلۡوَسۡوَاسِ ٱلۡخَنَّاسِ ٤ ٱلَّذِي
يُوَسۡوِسُ فِي صُدُورِ ٱلنَّاسِ ٥
مِنَ ٱلۡجِنَّةِ وَٱلنَّاسِ ٦

келгендігінің (толғандығының) ғаламаты».

# 111. Мәсәд сүресі

(Меккеде түскен, 5 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Әбу Ләһәбтің екі қолы құрып кетсін!} қолдары құрысын, {құрып кетті} яғни, оның өзі құрыды. Оның теріс дұғасы өзіне оралды. Әбу Ләһәб Пайғамбардың (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) ағасы (әкесінің туған інісі), шын аты Абдул-Ғуза.

2 {Оған мал-мүлкі және ие болған нәрселері} яғни оның абырой және байлығы оны қолдары құрып кету және азаптың түсуінен құтқаруға {жарамады (пайда бермеді, пайдасын тигізе алмады)}.

3 {Ол лауылдап (лаулап) тұрған} терілерін күйдіріп азаптайтын, тозақ {отқа кіреді}.

4 {Оның отын тасушы} яғни отжағушы, {әйелі де кіреді} ол да лаулап тұрған отқа кіреді. Ол әйел Әбу Суфиянның қарындасы және Харбтың қызы Умму Жәмил болып, ол түнде отын және тікендерді алып келіп, Пайғамбардың (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) жүретін жолдарына шашатын.

5 {Оның мойнында мықты есілген арқан болады} ол әйелдің мойнында асыл тастан жасалған бір моншақ болып, ол: «Ләт және Узза пұттарымен ант етемін осы моншақты Мұхаммедке қарсы жұмсаймын», - дейтін. Соның жазасы үшін Қиямет күні сол моншақтың орнына есілген арқан асып қойылады.

# 112. Ықылас сүресі

(Меккеде түскен, 4 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 Мүшріктер Мұхаммедке (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «Раббыңның тегін айтып бер», яғни ата-анасы кім екенін айтып бергін десті. Сонымен бұл сүре түсті. Ей, Мұхаммед! Оларға {айт, Ол—Аллаһ бір (жалғыз)}, яғни сенен Оның тегін сұраса, Ол Аллаһ біреу, ешқандай серігі жоқ, де.

2 {Аллаһ – Әс - Самад}, яғни, барлығы Аллаһқа мұқтаж, тек қана Ол бүкіл керектерін бере алатындықтан, Одан ғана сұрайды. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай дейді: «Самад ол - қожайындықта кемелдікке жеткен, барлық жаратылғандар Оған мұқтаж болатын Қожайын, шарапатында кемелдікке жеткен Ұлы, мейірім, жұмсақтықта кемелдікке жеткен – Өте Жұмсақ, байлықта кемелдікке жеткен – Өте Бай, қаһары-ашуда кемелдікке жеткен қаһары – Ашулы, ілімде кемелдікке жеткен Ғалым (Алим), даналықта кемелдікке жеткен – Өте Дана, Ол – Аллаһ (субханаһу уә тағала), және де бұл сипат Оған ғана тән».

3 {Ол тумады да, туылмады}, яғни, одан ешқандай ұрпақ туған жоқ, және де Ол ешкімнен туылған жоқ. Себебі, Оның жынысы жоқ, және «жоқтан пайда болу» деген сипатты біз Аллаһқа айта алмаймыз, Ол - әзәли мәңгі, Оның бастауы жоқ. Ал туылған нәрсе «жоқтан» пайда болады, яғни Аллаһ Тағаланың тегі болатындай әкесі жоқ! Қатәда былай дейді: «Араптардың мүшріктері: «Періштелер Аллаһтың қыздары», яһудилер: «Ғузейр Аллаһтың баласы», христиандар: «Иса Аллаһтың баласы», - дейді. Аллаһ айтқандарын жоққа шығарып: {Ол тумады да, туылмады}, - деді.

4 {Әрі Оған ешкім тең емес}, Оған ешкім тең болмай, Ол сияқты ешкім жоқ. Оның толық (кемшіліксіз) сипаттарында оған серік болатын ешкім де жоқ.

# 113. Фәләқ сүресі

(Меккеде түскен, 5 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Айт: «Фәләқтың Раббысынан қорғау сұраймын»}, «фәләқ» деген сөздің мағынасы - «бөліну», бұл жерде түн одан бөлінгені үшін, фәләқ деп таңды айтады; кейбіреулер оны: «Аллаһ тағала жаратқан жануар, өсімдік, не махаббат, ниеттер және т.б. болсын, барлық бөлінген нәрсені айтып отыр», - деп айтады. Және тағы біреулер осы аятта: «Осы әлемнің барлығынан қараңғылықты алып тастауға күші жететінің, Одан қорғау сұрап жатқан адамды да бүкіл қорқатын нәрселерден қорғауға күші жетеді», - деген көрініс бар», - дейді.

2 {Жаратқан нәрселердің жамандығынан}, яғни, Аллаһ Тағаладан бүкіл Ол жаратқан нәрселердің жамандықтарынан қорғау сұраймын.

3 {Қараңғылық басқан сәтте түннің жамандығынан}, яғни, қараңғылық басқан сәттегі жамандықтан Аллаһтан қорғау сұраймын. Тәпсіршілер былай дейді: «Қараңғылықтың жамандығынан деудің себебі: түн болып, қараңғылық басқанда, неше түрлі зиянкестер мен жыртқыштар мекендерінен шығып, жамандық иелері ойнау және бүлдіруге шығады».

4 {Және түйіншектерге үрлеушілердің жамандығынан}, яғни, сиқыршы әйелдердің жамандықтарынан Аллаһтан қорғау сұраймын. Себебі, олар сиқырларын жасағанда түйіншектерге үрлеп отыратын.

5 {Және күншілдердің көре алмаған кездеріндегі жамандықтарынан}, күншілдік, көреалмаушылық – көреалмаушы көре алмайтын адамның Аллаһ нығмет еткен нәрселері құрып, жоқ болсын деп қалауы.

# 114. Нәс сүресі

(Меккеде түскен, 6 аят)

**Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын.**

1 {Адамдардың Раббысынан қорғау сұраймын}, адамдардың Раббысы деген – оларды Жаратушы, жағдайларын Орындаушы, халдерін Жақсартушы.

2 {Адамдардың Иесінен}, Аллаһ адамдардың Иесі, бүкіл билік және төрелік тек қана Оған тән.

3 {Адамдардың құдайынан}, яғни, олар табынатын құдай – Аллаһтан. {Адамдардың Иесінен. Адамдардың Құдайынан} деп айту себебі, адамдар арасында да билеуші, төрешілер бар, алайда шынайы билік Оған тән. Адамдар арасында да Аллаһтан басқаға құлшылық ететіні бар, алайда шынайы Құдай және құлшылық етілетін тек Аллаһ екенін көрсетуде.

4 {Сыбырлап азғырушының кесірінен}, яғни: шайтанның. Егер Аллаһтың аты зікір етілсе кішірейіп, сыбырлап қалады, ал Аллаһтың аты зікір етілмесе, жайылып азғыра бастайды.

5 {Адамдардың көкейлеріне азғыруды салатын}, бұл шайтанның оған бойсұну туралы дауысы да естілмей жүрекке жететін дұғасы. Төменгі аятта Аллаһ тағала азғырушының екі түрі бар екенін баяндайды:

6 {Жын мен адамдардан болатын (азғырушының) кесірінен (Аллаһтан қорғау сұраймын)}, жындардан болған шайтандардың азғыруы адамдардың көкейінде болады, ал адамдардан болған шайтандардың азғыруы жүректерге енеді. Себебі, ол адам өзін жанашыр түрінде көрсетіп, оның сөзі жасалған насихат боп көрініп, тура жын шайтанның көкейге салынған азғыруы сияқты болып, жүрекке енеді. Кейбіреулер былай дейді: «Ол Ібіліс адамдардың жүрегіне азғыруын салады». Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын): «Қандай да болсын адам дүниеге келгенде, жүрегінің үстінде азғырушы болады. Аллаһтың атын зікір етсе, сыбырлап қалады, ал ғапылдық жасаса азғырады». Оның азғыруынан Аллаһтан пана сұраймыз!

# Мұсылманның өмірінде кездесетін маңызды сұрақтар

**1 Мұсылман өз ақидасын (діни ұстанымын) қайдан алады?** Мұсылман өз ақидасын Аллаһ тағаланың кітабы Құран Кәрімнен және Оның өз ойынан сөйлемейтін пайғамбары Мұхаммедтің (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) сүннетінен алады. Өйткені «***Пайғамбар өзіне уахи етілген нәрселерді ғана айтады***» (Нәжім, 4). Сонымен қатар оның (мұсылманның) Құран және Сүннеттен түсінгені алғашқы буын өкілдерінің (сәлафтардың) түсінгеніне сәйкес келуі тиіс.

**2 Мұсылмандар бір келісімге келе алмаған жағдайда не істеулері керек?** Ол кезде шариғатты (Аллаһтың заңын) негізге алып, орын алған келіспеушілікті Аллаһтың кітабы Құран және Пайғамбардың (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) сүннеті бойынша шешулері керек. Оған Аллаһ тағаланың: «***Егер бір нәрседе келісе алмасаңдар (қарама-қайшылыққа түссеңдер), оны Аллаһқа және Оның елшісіне қайтарыңдар***» (Ниса, 59),—деген аяты және Пайғамбардың (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «***Сендерге екі нәрсе қалдырдым, оны ұстансаңдар ешқашан адаспайсыңдар—Аллаһтың кітабы және Пайғамбар сүннеті***»,—деген хадисі дәлел болады (Муатта).

**3 Қиямет күні құтылушы және жеңіске жетуші топ (әл-фирқатун-нәжия уәт-таифатул-мансура) кімдер?** Хадистердің бірінде Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «***Үмбетім жетпіс үш топқа бөлінеді. Бір топ қана құтылып, қалғандары тозақта болады***»,—дегенде, адамдар: «Олар кімдер екен?»—деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «***Мен және сахабаларым ұстанған жолды ұстанғандар***»,—деді (Ахмад). Ақиқат Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) және сахабалардың ұстанғанында. Ақыреттегі ауыртпашылықтардан құтылып, амалдарыңыздың қабыл болуын қаласаңыз, Пайғамбар (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) сүннетіне ілесіп, бидағаттардан барынша аулақ болғаныңыз жөн.

**4 Амалдың қабыл болуы үшін қандай шарттар қойылады?** Амал қабыл болу үшін үш шарт орындалуы тиіс: **1)** Иман және тәухид. Яғни адамның Аллаһқа иман келтіруі және құлшылыққа Ол ғана лайықты деп білуі (яғни амалды Оған ғана арнап жасауы). Амал Аллаһқа серік қосқаннан (мүшріктен) қабыл болмайды. **2)** Ықылас—амалды тек қана Аллаһтың дидары үшін жасау.
**3)** Мутабаға (Пайғамбарға ілесу)—яғни амалды Аллаһ елшісінің (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) сүннеті бойынша жасап, Аллаһқа арналған құлшылықты ол көрсеткен жолмен орындау. Осы шарттардың бірі орындалмаса, амал қабыл болмайды. Аллаһ тағала: «***Біз олардың амалдарына кірісеміз де, оның жан-жаққа шашыраған күлге айналғанын көреміз***»,—деген (Фұрқан, 23).

**5 Дін деңгейлері (маратибуд-дин) нешеу?**
Дін деңгейлері үшеу. Олар: **Ислам, Иман және Ихсан.**

**6 Ислам дегеніміз не және оның неше тірегі бар?** Ислам дегеніміз—Аллаһқа, Оның бір екенін мойындай отыра бойсұну, бұйрықтарын орындау арқылы бағыну, сондай-ақ ширк және оны жасайтындардан безіну (бас тарту). Ислам тіректері (әрканул-ислам) бесеу. Ол туралы Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «***Ислам бес негізде (тіректе) құрылған: Аллаһтан басқа құдайдың жоқтығына әрі Мұхаммед Оның елшісі екендігіне куәлік беру, намаз оқу,***

***зекет беру, қажылыққа бару және ораза ұстау***»,—деген **(әл-Бұхари, Муслим)**.

**7 Иман дегеніміз не және оның тіректері нешеу?** Иман—адамның жүрекпен сеніп, тілімен айтып және дене мүшелерімен тиісті амалдарды орындауы. Иман бойсұну арқылы артады (күшейеді), күнәлар себебінен азаяды (әлсірейді). Аллаһ тағала мұсылмандар туралы: «***Имандары бола тұрып, имандарын арттыру үшін***»,—десе **(Фатх, 4)**, Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Иманның жетпістен астам бұтағы (тармағы) бар. Ең жоғарғысы—«Аллаһтан басқа құдай жоқ» сөзі. Ең төменгісі—жолдан ыңғайсыздық тудырып жатқан нәрсені алып тастау. Ұялшақтық та иманның бір бұтағы***»,—деген **(Муслим)**.

Бұл жайтты мұсылманның құлшылықтар жасау барысында иманының артуын және күнәлар жасалған сәттерде әлсіреуін байқауы растайды. Аллаһ тағала: «***Расында, жақсы амалдар жаманшылықтарды жояды***»,—деген **(Һуд, 114)**. Ал иман тіректері (әркануль-иман) - алтау. Оларды Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) мына хадисінде: «***Иман—Аллаһқа, Оның періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Қиямет күніне және тағдырға, ондағы жақсылық пен жамандық Аллаһтан екендігіне сену***»,—деп түсіндіреді **(әл-Бұхари)**.

**8 «Ләә иләһа иллаллаһ» сөзін қалай түсінеміз?** Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты еш нәрсе жоқ екенін мойындап, ғибадат етуге Аллаһ қана лайық екенін бекіту.

**9 Аллаһ бізбен бірге ме?** Иә, Ол Өзінің білімі, естуі, көруі (естіп-көріп тұруы), қорғауы, білімімен қамтуы, құдіреті және қалауымен бізбен бірге. Алайда Оның болмысы жаратылғандардың денесімен (яғни Ол жаратылғандармен) араласып кетпейді әрі пенделер яки махлұқаттар Оны ақылмен де қамти алмайды (Оған пенделердің ақылы жетпейді).

**10 Аллаһты көзбен көру мүмкін бе?** Ғалымдардың бірауызды келісімі (әл-ижмағ) бойынша Аллаһты бұл дүниеде көру мүмкін емес (Оны осы дүниеде ешкім көре алмайды). Алайда мүміндер Аллаһты ақыреттегі Махшар алаңында және жәннатта көреді. Аллаһ тағала: «***Ол күні (кейбір жүздер) жарқырап, Раббыларына қарап тұрады***»,—деген **(Қиямет, 22-23)**.

**11 Аллаһтың есім-сипаттарын білудің қандай пайдасы бар?** Аллаһ тағаланың Өз құлдарына міндеттеген ең бірінші парызы—Өзін тануы. Пенделер өздерінің Жаратушысын таныған кезде Оған шынайы түрде құлшылық жасайтын болады. Аллаһ тағала: «***Аллаһтан басқа құдай жоқ екенін біліп, Одан күнәларың үшін кешірім сұра***»,—деген **(Мұхаммед, 19)**. Аллаһтың мейірімінің кең екенін әрдайым есте сақтау—үмітті болуға, Оның жазасы қатты екенін еске алу—қорқынышқа, игіліктерді Ол ғана беруші екенін еске алу—шүкір етуге алып келеді.

Аллаһтың есім-сипаттары арқылы құлшылық жасау дегеніміз—Аллаһтың есім-сипаттарын жан-жақты білу, мағынасын терең түсіну және сол бойынша амал істеу (яғни амалда басшылыққа алу). Аллаһ тағаланың есім-сипаттарының кейбірі адам бойынан пендеге лайық түрде табылса, ол мақтауға лайықты болады. Ол білім, мейірім, әділдік және т.б. сипаттар. Керісінше,

басқаларды өзіне табындыруы, басқаларға зорлық-зомбылық жасауы және менмендік-тәкаппарлық көрсетуі сияқты сипаттар үшін пенде сөгіске лайықты болады. Сонымен қатар, пенденің ғибадатшыл, Аллаһқа бағыныштылық (көмпіс), Оған мұқтаждық, өзін төмен ұстау, әрдайым тілекте болу тәрізді қасиеттер пенде үшін әлбетте мақтаулы сипаттар қатарына жатады. Әрі пенде осындай қасиеттерді бойында ұстауға бұйырылады. Алайда мұндай қасиеттермен Аллаһты сипаттауға болмайды. Аллаһтың ең жақсы көрген пендесі—бойынан Ол жақсы көрген сипаттар табылған пенде, ал ең жек көргені—Ол жек көрген сипаттарға ие болған пенде.

**12 Аллаһтың көркем есімдері (әл-Әсма ул-Хусна) дегеніміз не?** Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «***Ең көркем есімдер Аллаһқа тән. Ендеше, сол есімдермен Одан тілеңдер***»,—деген **(Ағраф, 180)**. Сондай-ақ Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Ақиқатында, Аллаһтың жүзден бірі кем—тоқсан тоғыз есімі бар. Кім оны түгендеп шықса, жәннатқа кіреді***»,—деген **(әл-Бұхари, Муслим)**.

**Есімдерді «түгендеу» дегеніміз: 1)** Ең алдымен оларды атап шығып, олардың санын түгендеу; **2)** Мән-мағынасын түсініп, оған сену. Мысалы, егер Аллаһты «әл-Хаким» (өте Дана) десек, бүкіл істерді Аллаһқа тапсыруымыз керек, өйткені барлық істер Оның даналығымен жүзеге асады; **3)** Осы есімдермен Аллаһқа дұға жасау. Мысалы былай сұрайды: «Йә, Ситтир! (Кемшілікті Жасырушы) кемшіліктерімді жасыр!» немесе «Йә, Кәрим! (өте Жомарт) мені жомарттылығыңнан бөле!». Құран аяттары мен Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахих сүннетіне назар аударған кісі Аллаһ есімдерін төмендегідей жинақтай алады.

## Аллаһ тағаланың көркем есімдері

| | |
|---|---|
| الله Аллаһ | **(Аллаһ).** Бүкіл жаратылыстың Құдайы және Раббысы (тәңірлік және раббылық ерекшеліктер Оған ғана тән). Ол—пенделер құлшылықтарын арнап, оған кішірейе бойсұнатын, әміріне құлдық ұратын, бас иіп, сәжде жасайтын Құдай. Құлшылықтың барлық түрлері тек Ол үшін орындалады. |
| 1. الرحمن әр-Рахман[1] | **Аса Мейірімді.** Бұл есім Оның мейірімінің кең екенін және барша жаратылғандарды қамтитынын білдіреді. Ол есім Аллаһтың Өзіне ғана тән, онымен басқаны атауға болмайды. |
| 2. الرحيم әр-Рахим | **Ерекше Рақымды.** Мүмін пенделерін бұл дүниеде және ақыретте мейірімге бөлеп, кешіруші, оларды Өзіне құлшылық жасауға бастап, Ақырет күні жәннатпен сыйлаушы. |
| 3. العفو әл-ʼАфу | **Ғафу етуші.** Күнәні өшіріп, оны кешіруші, пендесі жазалауға лайықты бола тұра, оны жазасыз қалдырушы. |
| 4. الغفور әл-Ғафур | **Кешіруші.** Пенденің күнәсін жасырып, абыройын сақтаушы және жазаламастан жайына қалдырушы. |
| 5. الغفار әл-Ғаффар | **Өте Кешірімді.** Күнә жасап, кешірім сұраған пендесіне мол кешірім иесі. |
| 6. الرءوف әр-Рауф | **Мейірбан, Есіркеуші.** Бұл—мейірімнен де артық қасиет. Аллаһтың есіркеуі бұл дүниеде барлық жаратылысты қамтығанымен, ақыретте Өзіне |

[1] Есімдерде кездесетін кейбір әріптердің астындағы сызық сол әріптің созыңқы (екпінді) оқылатынын меңзейді.

| | |
|---|---|
| | иман келтіріп, жақын болған құлдарына болады. |
| 7. الحليم **әл-Хәлим** | **Байсалды.** Пенделерін жазалауға құдіретті болса да, оларды жазалауға асықпайды. Керісінше, оларға кеңшілік жасап, жарылқау сұрағанды кешіреді. |
| 8. التواب **әт-Тәууаб** | **Тәубені қабыл алушы.** Пенделері арасынан Өзі қалағанын тәубеге келтіруші және олардан тәубелерін қабыл алушы. |
| 9. الستير **әс-Ситтир** | **Кемшілікті жасырушы.** Пенденің кемшіліктерін жасырып, оны басқаларға жария етпейді. Сондай-ақ Ол пенделердің өз кемшіліктері мен басқалардың кемшіліктерін жасыруын және өзінің ұятты жерлерін (әуретін) жасырғанын ұнатады. |
| 10. الغني **әл-Ғани** | **Бай, Мұңсыз.** Өзі де, сипаттары да кәміл болғандықтан, Өзінің жаратқандарынан ешкімді, ешқашан қажет етпейді. Керісінше, бүкіл жаратылыс Оған әрдайым мұқтаж болып, Оның игіліктері мен көмегін қажет етеді. |
| 11. الكريم **әл-Кәрим** | **Жомарт.** Қайыры мол, сый-тартулары көп, Ол қалаған затын қалағанына Өзі қалаған түрде (мөлшерде) сұраса да, сұрамаса да бере алады. Ол күнәларды кешіріп, кемшіліктерді жасырады. |
| 12. الأكرم **әл-Әкрам** | **Ең жомарт.** Бұл жомарттықтың асқан шегі. Осы тұрғыдан Оған ешкім де тең келе алмайды. Бүкіл жақсылық Одан. Ол Өз кеңшілігімен мүміндерге қайтарым сыйларын беріп, қарсы келгендерге мұрсат береді де, оларды Өз әділдігімен есепке тартады. |
| 13. الوهاب **әл-Уәһһаб** | **Сый беруші.** Сыйы мол. Әрі оны әншейін (орнына еш нәрсе сұрамай), еш нәрсе көздемей тарту етеді. Нығметтерді (адамдар) сұрамаса да береді. |
| 14. الجواد **әл-Жәуад** | **Бергені көп, Жомарт**. Пенделерге игіліктер беріп, оларға кеңшілік жасаушы. Бұл игіліктер мен кеңшіліктен мүміндердің үлесі басым болады. |
| 15. الودود **әл-Уәдуд** | **Жақсы көруші.** Өзіне жақын болған құлдарды жақсы көріп, кешірімі және игіліктерімен сүйіспеншілік етеді, олардан разы болып, амалдарын қабыл алады әрі оларға жер бетінде басқалардың сүйіспеншілігін нәсіп қылады. |
| 16. المعطي **әл-Муътый** | **Беруші.** Қалаған пендесіне Өз қазыналарынан Өзі қалағанынша беруші. Бұл бергенінен Өзіне жақын болған құлдары көбірек алады. Ол—әрбір нәрсеге денесі мен сыртқы көрінісін беруші. |
| 17. الواسع **әл-Уәсиъ** | **Кең, Дарқан.** Сипаттары кең, ешкім Оған жасалатын мақтау-мадақтарының есебіне жетіп, түгендей алмайды. Оның ұлылығы мен билігі, кешірімі мен мейірімі кең, Оның жомарттығы мен игіліктері кең. |
| 18. المحسن **әл-Мухсин** | **Жақсылық жасаушы.** Оның Өзі, есім-сипаттары мен әрекеттері көркем, Ол әрбір нәрсені көркем түрде жаратқан және барлық жаратылысқа жақсылық жасады. |
| 19. الرازق **Әр-Разиқ** | **Ризық беруші.** Бүкіл жаратылысқа ризық беруші, олардың ризығын әлемдерді жаратудан бұрын белгілеп қоюшы және оны кейін болса да толықтырып беруді міндетіне алушы. |
| 20. الرزاق **Әр-Раззақ** | **Ризықты мол етіп беруші.** Бұл есім Ол пенделердің ризығын молымен беруші екенін білдіреді. Аллаһ тағала ризықты пенделерге Өзінен сұрауынан бұрын да, тіпті Өзіне бойсұнбаса да береді. |
| 21. اللطيف **Әл-Ләтиф** | **Өте қырағы.** Барлық істің мән-жайын бүге-шігесіне дейін толық білуші, Одан еш нәрсе жасырын қала алмайды. Ол пенделеріне жақсылық пен пайдалы нәрселерді жасырын жолмен, олар күтпеген (ойламаған) жерден жеткізіп тұрады. |
| 22. الخبير **әл-Хабир** | **Әр нәрседен Хабардар.** Оның білімі барлық нәрселердің сыртқы жағын қалай қамтыса, олардың ішкі жағы мен құпия тұстарын дәл солай қамтыған. |
| 23. الفتاح | ***Қайыр есіктерін Ашушы.*** Ол Өзінің патшалығы, мейірімі және ризығының |

| | |
|---|---|
| **әл-Фәттах** | қазыналарынан қалағанын Өз хикметі және білімі бойынша ашып беруші. |
| 24. **العليم** **әл-Ъалим** | **Білуші.** Ол барлық нәрселердің сырты мен ішін, ашығы мен жасырын болғанын, өткен мен қазіргі уақытты және болашақты толық біледі, еш нәрсе Оның білімінен тыс қала алмайды. |
| 25. **البر** **әл-Бәрр** | ***Жақсылық жасаушы.*** Ол береді, бірақ ешкім Оның пенделерге берген игіліктерін есептей алмайды. Ол уәделерін бұлжытпай орындайды. Пенделеріне кеңпейілдік танытып, қолдап-қорғайды және азғантай амалдарын қабыл етіп, (сауабын) өсіреді. |
| 26. **الحكيم** **әл-Хаким** | ***Дана, Хикмет иесі.*** Ол әрбір нәрсені өз орнына қояды. Оның басқаруында ешбір ақау да, қателесу де болмайды. |
| 27. **الحكم** **әл-Хакам** | ***Үкім етуші.*** Ол пендерлердің арасына Өз үкімін әділдікпен шығарады, олардың ешқайсысына әділетсіздік қылмайды. Ол Өзінің Қасиетті Кітабын адамдар арасында үкім ету үшін түсірді. |
| 28. **الشاكر** **әш-Шәкир** | ***Құлдардың қадірін білуші.*** Өзіне бойсұнған пенделерін мақтап, мадақтаушы. Амал азғантай болса да, ол үшін қайтарым сый беруші. Пенделердің берілген нығметтерге шүкір еткенін бұл дүниеде ризық-несібелерін арттыруымен, ал ақыретте сауап беруімен сыйға бөлеуші. |
| 29. **الشكور** **әш-Шәкур** | ***Шүкір етуші.*** Пенделердің азғантай амалын көбейтіп, ол үшін берілетін сауапты еселеуші. Аллаһтың шүкір етуі—пендесін шүкір етуге бағыттауы әрі одан бойсұнғанын қабыл алуы. |
| 30. **الجميل** **әл-Жәмил** | ***Сұлу.*** Оның Өзі, есімдері мен сипаттары және барлық істері кәміл түрде сұлу. Жаратылғандардың сұлулығы Оның ғана тарапынан беріледі. |
| 31. **المجيد** **әл-Мәжид** | **Даңқты.** Ол жер мен көкте даңқ, жомарттық, үстемдік пен биік мәртебе Иесі. |
| 32. **الولي** **әл-Уәли** | **Қамқоршы.** Ол жаратылыстардың істерін Басқарып тұрушы, Өзіне жақын болған пенделеріне Қорғаушы да Жақтасушы. |
| 33. **الحميد** **әл-Хамид** | ***Мақтаулы.*** Оған Оның есім-сипаттары мен істері үшін мақтаулар арналады. Оған мақтаулар кеңшілік пен таршылықта, кез келген сәтте айтылады. Ол кәміл сипаттар Иесі болғандықтан мақтау мен мадақтың ең кәміл түрлеріне лайық. |
| 34. **المولى** **әл-Мәула** | ***Жақын құлдарына Қамқоршы.*** Ол Өзіне жақын болған құлдарының Раббысы, Патшасы, Мырзасы, Көмекшісі әрі Қолдаушысы. |
| 35. **النصير** **ән-Насир** | ***Көмектесуші.*** Ол қалаған пендесін Өз қорғауымен (жәрдемімен) қолдайды. Ол көмектескенді ешкім жеңе алмайды, ал Ол тастап кеткенге ешкім көмек бере алмайды. |
| 36. **السميع** **әс-Самиъ** | ***Естуші.*** Оның естуі барлық сырлар мен сыбырды (құпия әңгіме-сұхбаттарды), әрбір ашық немесе жасырын айтылған нәрселерді, барлық үлкен-кішілі дыбыстарды қамтиды әрі Ол Өзінен сұрап, дұға жасағандарға жауап береді. |
| 37. **البصير** **әл-Басир** | ***Көруші.*** Оның көруі ашық және жасырын (ғайып) әлемдеріндегі көрінетін және көрінбейтін, үлкен-кішілі бүкіл нәрселерді қамтиды. |
| 38. **الشهيد** **әш-Шәһид** | ***Куә.*** Ол Өз жаратқандарын бақылап тұрады. Өзінің жалғыз әрі әділеттілікті сақтап тұратынына куәлік берді. Өзін бір деп білген мүміндерге куәлік береді және елшілер мен періштелерге куәлік береді. |
| 39. **الرقيب** **әр-Рақиб** | ***Бақылаушы.*** Ол Өзі жаратқандарын қарап тұрады да олардың амалдарын түгендеп, сақтап қояды. Ешбір ой, ешбір әрекет Оның назарынан тыс қалмайды. |
| 40. **الرفيق** **әр-Рафиқ** | ***Дос, Жұмсақ.*** Өз істерінде жұмсақ, Ол жарату ісін бірте-бірте атқарып, бұйрықтарын бірте-бірте береді. Ол Өз құлдарына жұмсақтықпен мәміле жасап, оларға шамасы келмейтін нәрселерді жүктемейді және құлдарынан жұмсақ болғандарды жақсы көреді. |
| 41. **القريب** | ***Жақын, Таяу.*** Ол Өзінің білімі және құдіретімен бүкіл жаратқандарына |

| | |
|---|---|
| **әл-Қариб** | жақын болса, мүмін құлдарына қамқорлығы және қолдауымен ерекше түрде жақын. Сонымен қатар Ол Өз аршысының үстінде болып, жаратқандарымен араласпайды. |
| 42. **المجيب** **әл-Мужиб** | ***Жауап қатушы.*** Ол Өзінің білімі мен хикметі бойынша Өзінен сұрап, дұға қылғандардың тілегіне жауап беруші. |
| 43. **المقيت** **әл-Му́қит** | ***Азықпен қамтамасыз етуші.*** Ол жаратылыстың ризық-несібесін жаратып, оны оларға жеткізіп беруді міндетіне алған. Ол пенделерінің азығы мен амалдарын кемсітпестен сақтайды. |
| 44. **الحسيب** **әл-Хасиб** | ***Жеткілікті, Есеп алушы.*** Ол пенделерін дүние-ақырет істерінде болатын уайымдардан айықтырып, сақтаушы. Бұл қасиет мүмін құлдарға ерекше түрде болады. Сонымен бірге Аллаһ пенделерін дүниеде істеп өткен амалдары үшін есепке тартады. |
| 45. **المؤمِن** **әл-Му′мин** | ***Сенімді, амандық беруші.*** Елшілері мен оларға ергендердің шыншыл екеніне Өзінің куәлік беруі және шыншыл екенін дәлелдейтін айғақтар арқылы растаушы. Дүние-ақыретте қандай да бір амандық (тыныштық) болса—Оның сыйы. Ол Өзіне иман келтірген пенделерін қандай да әділетсіздіктен, азаптан және Қиямет күнінің қорқынышынан аман сақтайды. |
| 46. **المنان** **әл-Мәннан** | ***Игілік беруші.*** Пенделерге беретін сыйлары мол, игілігі зор, жақсылықтары көп. |
| 47. **الطيب** **әт-Тайиб** | ***Игі, Таза.*** Ол барлық кемшілік атаулыдан таза. Оның сұлулығы мен кемелдігі мүлтіксіз. Оның пенделерге берген жақсылықтары өте көп. Ол пенделердің амалдарынан тек тазасын, адалын және Оған ғана арналып жасалғанын қабылдайды. |
| 48. **الشافي** **әш-Шәфи** | ***Шипа беруші.*** Ол жүректер мен денелерді (тән мен жанды) дерттен айықтырушы. Пенделердің қолында Аллаһ нәсіп еткен түрлі дауалар (емделу жолдары) бар. Алайда шипа тек қана бір Аллаһтың қолында. |
| 49. **الحفيظ** **әл-Хафиз** | ***Сақтаушы.*** Аллаһ Өзінің пенделерін және олардың амалдарын Өз кеңшілігімен сақтап қоюшы. Ол бүкіл жаратылысты Өз құдыретімен асырап сақтайды. |
| 50. **الوكيل** **әл-Уәкил** | ***Сенімді уәкіл, тәуекел қылынушы.*** Ол әлемдерге қамқорлық жасаушы, оларды жаратуды және басқаруды Өз міндетіне алушы. Ол пенделерді жаратып, оларды қажеттіліктерімен қамтамасыз етеді. Мүміндер болса істерін әрекет жасаудан бұрын Оған тапсырады. Мүміндер еңбек еткенде Одан жәрдем сұрайды. Істерінде сәттілік берсе, шүкірлік етіп, Оған мақтаулар айтады. Сыналғаннан кейін өздеріне жазылған тағдырға разы болады. |
| 51. **الخلاق** **әл-Халлақ** | ***(Жаратылыс түрлерін) Жаратушы.*** Бұл есім Аллаһ жаратқан нәрселердің көптігін білдіреді. Аллаһ тағала әлі де жаратуда және осы ұлы сипатқа ие болып қала береді. |
| 52. **الخالق** **әл-Халиқ** | ***Жаратушы.*** Барлық нәрсені алдынғысына ұқсатпай пайда етуші. |
| 53. **البارئ** **әл-Ба́ри′** | ***Жоқтан бар етуші.*** Өзі белгілеп, Өзі ұйғарған жаратылыстарды (жоқтан) бар етіп, оны болмысқа келтіруші. |
| 54. **المصور** **әл-Мусаууир** | ***Бейне (кескін-келбет) беруші.*** Бүкіл нәрселердің кескін-келбетін Өзінің хикметі, білімі және мейірімі бойынша Өзі қалаған кейіпте бейнелеуші, сомдаушы. |
| 55. **الرب** **әр-Рабб** | ***Ие.*** Жаратылысты Өз игіліктерімен бірте-бірте өсіруші. Ол Өзінің сүйікті құлдары—әулиелерін олардың жүректерін түзейтін нәрселер арқылы тәрбиелейді. Ол Жаратушы, Патша, Қожайын. |
| 56. **العظيم** | ***Ұлы.*** Ол—Өзі, есімдері мен сипаттары ұлы болған Аллаһ. Сондықтан да |

| | |
|---|---|
| **әл-ʼАзим** | жаратылғандар Аллаһты және Оның бұйрықтары мен тыйымдарын ұлықтауы міндетті. |
| 57. **القاهر** **әл-Қаһир**<br>58. **القهار** **әл-Қаһһар** | ***Бағындырушы, Өктем.*** Құлдарды бағындырып, жаратылғандарды Өзінің құлы еткен, олардан жоғары (үстем). Ол Жеңуші (барлығына күші жетуші), бүкіл нәрселер Оған бағынады. «Әл-Қаһһар»—«әл-Қаһир» есімінің асырмалы райы. |
| 59. **المهيمن** **әл-Муһәймин** | ***Басқарушы.*** Бүкіл істі басқарып, оны Сақтаушы, оған Куә болып, бақылап тұрушы. |
| 60. **العزِيز** **әл-Ъазиз** | ***Үстем.*** Оған бүкіл үстемдік атауы тән. Ол күш жағынан Үстем, ешкім Оны жеңе алмайды; Ол байлық жағынан Үстем, ешкімді қажет етпейді; Ол бағындыруда Үстем, Оның рұқсатынсыз еш нәрсе қозғала алмайды. |
| 61. **الجبار** **әл-Жәббар** | ***Қалағаны орындалушы.*** Оның қалауы міндетті түрде орындалады. Барлық жаратылыс Оның ырқында, Оның ұлықтығына бас иіп, үкіміне бағынады. Ол сынықты таңып, кедейді байытады, қиналғанға жеңілдік беріп, ауру мен қайғы-қасіретке ұшырағанды демейді. |
| 62. **المتكبر** **әл-Мутәкәббир** | ***(Басқалардан) Жоғары тұрушы.*** Ол Өзі Ұлы әрі бүкіл жамандық пен кемшіліктен жоғары. Ол құлдарға әділетсіздік етуден жоғары. Ол жаратылғандар ішінен Өзіне қарсы шыққандарды Өз үкіміне көндіреді. Оған ұлылық тән. Кімде-кім Онымен ұлылықта тартысса, оны жазалап, азаптайды. |
| 63. **الكبير** **әл-Кәбир** | ***Үлкен, Ұлы.*** Оның Өзі, сипаттары мен істері ұлы, Одан үлкен еш нәрсе жоқ. Оның қасында Одан басқасы жай ғана кішкентай нәрселер болып есептеледі. |
| 64. **الحيي** **әл-Хайий** | ***Ұятты.*** Өзінің ұлықтығына лайықты түрде ұялушы. Аллаһтың ұялуы - Оның жомарттығы, ізгілігі, кеңшілігі мен ұлықтығы. |
| 65. **الحي** **әл-Хайй** | ***Тірі.*** Әрдайым жалғасатын мәңгі де толыққанды тіршілік Иесі. Ол тіршіліктің бас-аяғы жоқ. Болмыстағы кез келген тіршілік Аллаһ тағаланың тарапынан ғана болады. |
| 66. **القيوم** **әл-Қайюм** | ***Өз-өздігінен тұрып, басқаларды Тұрғызушы.*** Ол өз-өздігінен тұрады да, ешбір жаратылысты қажет етпейді. Ол көк пен жердегі барлық нәрселерді тұрғызып, барлығы Оған бағынады. |
| 67. **الوارث** **әл-Уәрис** | ***Мирасқор, (жаратылғандардың артынан) Қалушы.*** Жаратылғандардың ешқайсысы қалмаған соң Өзі ғана қалушы. Бүкіл нәрсе иелері қалмаған соң Оған қайтады. Біздің қолымызда бар болған әрбір зат күндердің күні өз Иесіне қайтатын аманат болып табылады. |
| 68. **الديان** **әд-Дәйян** | ***(Құлдардың) бойсұнатыны***. Бүкіл жаратылыс Оған бойсұнып, бағынады. Ол құлдарға істеген амалдарына қарай сыйын немесе жазасын береді. Егер істегендері жақсылық болса, оны көбейтеді; ал жамандық болса жазалайды немесе кешіреді. |
| 69.**الملك** **әл-Мәлик** | ***Патша.*** Бұйрық беріп, тыйым салу және басымдылық Оныкі. Ол жаратылғандарды Өзінің бұйрықтары және істері арқылы басқарады. Патшалығы мен қарамағындағыларды басқаруда Одан асқан ешкім жоқ. |
| 70. **المالك** **әл-Мәлик** | ***Барлық нәрселердің Иесі.*** Аллаһ барлық нәрселердің Иесі, бүкіл нәрселер Оған тән. Жаратылысты жаратпастан бұрын оған қалай Ие болса, олар жойылып, ешқайсысы қалмаған кезде де Иесі боп қала бермек. |
| 71. **المليك** **әл-Мәлик** | ***Барлық нәрселердің бірегей Иесі*** **(яғни жалпылама патша сипатына дәлел болатын есім).** Бұл есім—«Патша» сөзінің асырмалы райы. |
| 72. **السبوح** **әс-Суббух** | ***Пәк.*** Кемелдік және сұлулық сипаттарға шартсыз түрде ие болғандықтан, барлық кемшілік атаулыдан пәк. |
| 73. **القدوس** | ***Таза.*** Әрбір айып-нұқсаннан барлық жағынан пәк әрі таза. Ол Өзінің кәміл |

| | |
|---|---|
| **әл-Құддус** | сипаттарында Дара, Оған ұқсас келтіру мүмкін емес. |
| 74. **السلام** **әс-Сәлам** | ***Сау, Мінсіз.*** Өзі, есім-сипаттары мен істері барлық айып-нұқсаннан сау. Дүние-ақыреттегі кез келген мінсіздік (немесе бейбітшілік) Оның ғана тарапынан. |
| 75. **الحق** **әл-Хаққ** | ***Хақ, Шын.*** Оның бар екендігінде, Оның есім-сипаттары мен құлшылыққа лайықты Құдай екендігінде күмән да, күдік те жоқ. Ол пенделердің құлшылық жасауына лайық, Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ. |
| 76. **المبِين** **әл-Му́бин** | ***Анық.*** Оның жалғыз, дара екені анық. Оның үкімі мен мейірімі де анық. Ол Өз құлдарына соған ілессін деп тура жолды және сақтанып, аулақ болуы үшін теріс жолды көрсетеді. |
| 77. **القوي** **әл-Қауий** | ***Қуатты, Күшті.*** Кәміл қалауымен бірге бүтіндей күш-қуат Иесі. |
| 78. **المتِين** **әл-Мә́тин** | ***Мықты.*** Күш-құдіретінде қатты. Оның істерінде машақат, ауыртпашылық және шаршау-шалдығу болмайды. |
| 79. **القادر** **әл-Қадир** | ***Бәрін жасай алушы.*** Ол бәрін жасай алады. Көк пен жерде еш нәрсе Оған қарсы тұрып, Оны әлсірете алмайды. Сондай-ақ Ол әрбір нәрсені белгілеуші. |
| 80. **القدِير** **әл-Қа́дир** | ***Құдіретті, бәрін жасай алушы.*** Бұл есім жоғарыдағы мағынаны қамтығанымен, «**әл-Қадир**» (**القدير**) есімі «**әл-Қадир**» (**القادر**) сөзінің асырмалы шырайы болып, Аллаһқа қолдану жағынан әлдеқайда лайықты. |
| 81. **المقتدِر** **әл-Муқтадир** | ***Тағдырды белгілеуші.*** Бұл есім Аллаһтың өзі тағдыр еткенін орындауға және оны Өзінің алдын-ала білуі бойынша жаратуға құдіреті шексіз екендігін білдіреді. |
| 82. **العلِي** 83. **الأعلى** **әл-'Али** **әл-Әълә** | ***Биік, ең Жоғары.*** Оның Өзі де, мәртебесі де бәрінен биік, жоғары. Әрбір нәрсе Оның билігі астында. Еш нәрсе одан жоғары бола алмайды. |
| 84. **المتعال** **әл-Мутаъал** | ***Асқақ.*** Оның асқақ екендігін барлық нәрселер бас иіп, мойындайды. Одан жоғары еш нәрсе жоқ, бәрі де Одан төмен, бәрі де Оның билігіне бағынады. |
| 85. **المقدم** **әл-Муқаддим** | ***Ілгерілетуші, алға шығарушы.*** Ол бір нәрселерді алға шығарып, оны қалауы және хикметі бойынша өз орындарына қояды, сондай-ақ Өз білімі және кеңшілігімен жаратылғандардың бірін-бірінен артық қылады. |
| 86. **المؤخر** **әл-Муаххир** | ***Кейіндетуші, Артта қалдырушы.*** Ол әрбір нәрсені өз орнына қояды. Өзінің хикметі бойынша қалаған нәрселерді алға шығарып, қалағанын артта қалдырады. Сондай-ақ пенделер тәубеге келіп, Өзіне қайтулары үшін олардан азапты кешіктіреді. |
| 87. **المسعر** **әл-Мусаъъир** | ***Бағалаушы.*** Ол—заттардың бағасын, орны-дәрежесін және әсерін арттырып, кемітуші. Барлық нәрселердің қымбаттауы мен арзандауы (бағалардың өзгеруі) Оның хикметі және білімімен жүзеге асады. |
| 88. **القابض** **әл-Қабид** | ***Ұстап тұрушы.*** Ол—рухтарды ұстап алушы және пенделерді сынау мақсатында Өзінің хикметі және құдіретімен қалағандарынан ризықты (бермей) ұстап тұрады. |
| 89. **الباسط** **әл-Басит** | ***Жайып қоюшы.*** Ол Өзінің жомарттығы және мейірімімен пенделерге ризықты жайып қояды. Сөйтіп, оларды Өз хикметі бойынша сол ризықпен сынайды. Ол күнә жасағандардың тәубеге келуі үшін қолдарын жаяды. |
| 90. **الأول** **әл-Әуәал** | ***Бірінші, Алғашқы, Әуелгі.*** Одан бұрын ешнәрсе болған емес. Керісінше, бүкіл жаратылысты Ол жоқтан бар етті. Аллаһ тағаланың бастауы жоқ. |
| 91. **الآخر** **әл-Әхир** | ***Соңғы, Ақырғы.*** Аллаһтан кейін ешнәрсе болмайды. Ол мәңгі қалушы (әл-Бақи), жер бетіндегі барлық нәрселер пәни болып, бір кезде таусылады, |

| | |
|---|---|
| | кейін Оның алдына қайтады. Аллаһ тағаланың аяқталатын жері жоқ. |
| 92. الظاهر **әз-Заһир** | ***Анық, Үстем.*** Ол бәрінен де биік, Одан жоғары ешнәрсе жоқ. Ол барлық нәрсені Өзіне бағындырып, баурап тұрушы. |
| 93. الباطن **әл-Батин** | ***Жасырын.*** Одан бері (жақын) ешнәрсе жоқ. Ол Жақын, Қамтып тұрушы, жаратылғандардың назарынан тыс, ешкім Оны бұл дүниеде көре алмайды. |
| 94. الوتر **әл-Уитр** | ***Дара.*** Ол біреу-ақ, Оның серігі жоқ. Ол Дара, Оның теңдесі жоқ. |
| 95. السيد **әс-Сайид** | ***Мырза, Қожайын.*** Ол бүкіл жаратылыстың бірегей Қожасы, олардың Иесі һәм Раббысы, ал жаратылыс болса Оның жаратқаны әрі құлдары. |
| 96. الصمد **әс-Самад** | ***Мұңсыз.*** Ол—басқаруы шегіне жеткен Басқарушы, Жаратылыс Оған өте мұқтаж болғандықтан, бүкіл қажетін Одан тілейді. Ол адамдарды тамақтандырып, Өзі тамақты қажет етпейді. |
| **97.** الواحِد **98.** الأحَد **әл-Уахид әл-Әхад** | ***Бір, Жалғыз.*** Кемелдіктің барлық түрі жалғыз Оған ғана тән. Бұл тұрғыда Оған ешкім ортақ бола алмайды. Еш нәрсе Оған ұқсамайды. Демек, құлшылық ешбір серігі болмаған Аллаһқа ғана арналуы тиіс. |
| 99. الإله **әл-Иләһ** | ***Құлшылыққа лайықты Құдай.*** Пенделердің құлшылығы Оған ғана тән. Пенделердің құлшылығына басқа емес, Ол ғана лайық. |

**13 Аллаһтың есімдері мен сипаттарын қалай айыруға болады?** Аллаһтың есімдері мен сипаттарын Одан пана сұрағанда және Онымен ант бергенде бірге айтып қолданса болады. Алайда арасында өзгешеліктер де бар. Біріншіден, жалқы есім құрастырғанда, Аллаһтың бір есімін «абд» (құл) сөзіне тіркеуге болғанмен, сипатын тіркеуге болмайды. Мысалы, «Абдулкәрим» (мағынасы: Жомарт Аллаһтың құлы) деп ат қоюға болғанмен, «Абдулкәрам» (жомарттықтың құлы) деп ат қою дұрыс емес. Сондай-ақ дұға жасағанда «Иә, Кәрим!» (Ей, Жомарт!) деп айтылады да, «Иә, кәрам» (Ей, жомарттық) деп дұға жасауға болмайды. Екіншіден, Аллаһтың сипаттары Оның есімдерінен алынады. «Мейірім» сипаты «әр-Рахман» (аса Мейірімді) есімінен туындайды. Бірақ сипаттан есім шығаруға болмайды. Мысалы, Аллаһтың бәрінен де биік екенін білдіретін «Истиуа» сипатынан «Мустауи» деген есім алынбайды. Үшіншіден, Аллаһтың іс-әрекеттерінен есім шықпайды. Мысалы, Аллаһтың ашулану (әл-ғадаб) деген іс-әрекеті бар. Бірақ Ол «әл-Ғадиб» (ашуланшақ) деп аталмайды. Ал Оның іс-әрекеттерінен сипаттарды шығаруға болады. Біз Аллаһқа «ашулану» сипатын бекітеміз. Өйткені «ашулану»—Оның бір іс-әрекеті.

**14 Періштелерге сену дегеніміз не?** Бұл—олардың бар екендігіне нақты сену, мойындау. Аллаһ оларды Өзіне құлшылық жасауы үшін және Өз бұйрықтарын орындаулары үшін жаратқан. Олар нұрдан жаратылған. Олар ішпейді, жемейді, ұйықтамайды. Керісінше, әрдайым Аллаһтың қызметінде болады. Құранда: **«*Олар ардақты құлдар. Олар Одан бұрын сөз айтпайды әрі Оның бұйрығы бойынша амал жасайды*»** делінген **(Әнбия, 26-27)**.

**Періштелерге иман келтіру мына нәрселерден тұрады: 1)** Олардың шынымен бар екеніне сену; **2)** аты белгілі болғандардың атына сену (мысалы, Жәбірейіл); **3)** періштелердің аят-хадистерден белгілі болған сипаттарына сену; **4)** олардың әрқайсысына жүктелген міндеттері мен сол міндеттердің ерекшелігіне сену (өлім періштесі сияқты).

**15 Құран дегеніміз не?** Құран—Аллаһтың сөзі. Құранды оқу құлшылық болып табылады. Ол Аллаһтан бастау алып, Оған қайта оралады. Аллаһ оның әріптері мен дыбыстарын шынайы түрде айтты, Одан оны Жәбірейіл (аләйһис-сәләм) естіп, Мұхаммед пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жеткізді. Аллаһ тарапынан түскен кітаптардың барлығы да Аллаһтың сөзі.

**16 Құранмен шектеліп, Сүннетті тәрк етсек бола ма?** Олай істеуге болмайды. Аллаһ тағала Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сүннетіне амал жасауды бұйырып: «***Елші сендерге нені алып келсе, соны алыңдар да неден тыйса, содан тыйылыңдар***»,—деген (**Хашыр, 7**). Сүннет Құранның іс жүзіндегі түсіндірмесі, дініміздегі намаз сияқты бұйрықтардың егжей-тегжейін тек сүннет арқылы біле аламыз. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Маған Құран және соған ұқсас (сүннет) берілді. Бір кісі тамаққа тойып, жайлы орындығында отырып: «Құранға берік болыңдар, онда нені халал деп тапсаңдар халал, нені харам деп тапсаңдар харам деп біліңдер» деп айтатын уақыттың келуі таяп қалды***»,—деген (**Әбу Дауд**).

**17 Елшілерге иман келтіру дегеніміз не?** Елшілерге иман келтіру—Аллаһтың әрбір үмбетке өздерінен болған елші жібергеніне, олардың үмбеттерін бір Аллаһқа құлшылық етуге және Аллаһтан басқа құлшылық жасалатындарға қарсы болуға шақырғанына; елшілердің барлығы шыншыл, растаушы, зерек, жомарт, игі де тақуа, аманатқа берік, тура жолға бастаушы әрі тура жолмен жүруші екеніне, пайғамбарлық міндеттерін толық атқарып, уахиды жеткізгендеріне, олардың ең абзал жандар екеніне және туылғаннан көз жұмғандарына дейін Аллаһқа серік қосудан пәк болғандарына нақты сену.

**18 Қиямет күні болатын шапағаттың қандай түрлері бар?** Шапағат ету дегеніміз—біреу үшін араға түсу, дәнекер болу. Шапағаттың бірнеше түрі бар: **1)**Ең үлкені—Ұлы шапағат (Шафаъатул-Узма). Бұл шапағат адамдардың қияметте (Арасат майданында) елу мың жыл тұрып, араларына Аллаһтың үкім етуін күткен кездерінде Пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Раббысы алдында араға түсіп, пенделердің арасындағы жағдайды шешіп беруін сұрағанда болады. Шапағаттың бұл түрі Пайғамбарымызға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ғана тән. Ол өзіне уәде етілген «әл-Мақам әл-Махмуд» (Мақтаулы орын) деп аталады. **2)**Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жәннат қақпаларын ашып беруін сұрап шапағат етуі. Жәннат қақпаларын ең бірінші болып ашатын адам—Пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам). Ал үмбеттер арасынан ең бірінші болып жәннатқа кіретін үмбет—оның үмбеті, мұсылмандар. **3)** Тозаққа кіретін болып үкім етілгендердің тозаққа кірмеуі үшін жасалатын шапағат. **4)**Тәухидті ұстанып, тозаққа кірген күнәкарлардың жәннатқа кірулері үшін жасалатын шапағат; **5)** Жәннаттағылардың дәрежесін арттыруын сұрау шапағаты; **6)** Кейбір адамдар үшін жәннатқа ешбір есеп бермей кіру шапағаты; **7)** Кейбір кәпірлерге азаптың жеңілдетуін сұрап шапағат ету. Шапағаттың бұл түрі Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) көкесі әбу Талибке азаптың жеңілдетілгенін сұрайтын Пайғамбарымызға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ғана тән. Одан соң Аллаһ тағала Өз рақметімен (рақымымен) Аллаһты бір деп білген

әрі дүниеден сол сеніммен өткен кісілерді ешкімнің шапағатынсыз тозақтан шығарады. Мұндай кісілердің санын Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Ақырында Аллаһ тағала оларды Өз мейірімімен жәннатқа кіргізеді.

**19 Тірілерден көмек немесе дәнекер болуын сұрауға бола ма?** Иә, болады. Шариғатымыз басқаларға көмек көрсетуге үндейді. Аллаһ тағала: «***Ізгілік пен тақуалықта өзара көмектесіңдер***»,—десе **(Мәида, 2)**, Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Қайсыбір мұсылман өзінің бауырына көмектессе, Аллаһ оған көмектеседі***»,—деген **(Муслим)**. Сондай-ақ біреу үшін араға түсіп, шапағат ету өте сауапты амалдар қатарына жатады. Аллаһ тағала: «***Кімде-кім көркем түрде шапағат етсе, оған сол (амалынан игі) үлес бар***»,—деген **(Ниса, 85)**. Ал Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Шапағат етіңдер, сауап аласыңдар***»,—деп айтқан **(әл-Бұхари)**. Алайда біреуге көмектесудің және араға түсудің шарттары бар: **Бірінші шарт:** көмек беруі не шапағат етуі сұралатын кісі тірі болу керек. Өліден көмек сұрау, шапағат етуін өтіну—дұғаны естімейтін өліні көмекке шақыру болып табылады. Бұл туралы Аллаһ тағала: «***Егер оларды (өлілерді) көмекке шақырсаңдар, олар шақырғандарыңды естімейді. Естісе де, олар сендерге жауап қайтара алмайды***»,—дейді **(Фатыр, 14)**. Тірілердің дұғасына мұқтаж болған өліден не сұрауға болады? Өзіне көмектесе алмаған кімді жарылқай алмақ? Өлген кісінің біреу ол үшін жасаған дұғасы мен өзге де амалдарына берілетін сауабынан басқа амалдары үзілетіні мәлім. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Адам баласы қайтыс болғанда үш амалынан басқа амалдары тоқтайды: сауабы жалғасты садақа, басқалар пайдаланатын білім және оған дұға жасайтын игі перзент***»,—деген **(Муслим)**.
**Екінші шарт:** Көмек сұралатын адам өзінен не сұралып жатқанын түсінуі керек. **Үшінші шарт:** Сұралатын нәрсе сұралатын адамда болу керек. **Төртінші шарт:** Көмек сұралатын кісі сұралған нәрсені бере алатын болу керек. **Бесінші шарт:** Сұралатын нәрсе дүние істерінен болуы тиіс.
**Алтыншы шарт:** Сұралған нәрсе шариғатта рұқсат етілген, ешкімге зиянсыз нәрсе болуы қажет.

**20 Тәуәссулдің неше түрі бар?** «Тәуәссул» дегеніміз—дұғаның қабыл болуы үшін шариғатта көрсетілген себептер мен құралдарды қолдану. Тәуәссулдің рұқсат етілген және тыйым салынған екі түрі бар. Рұқсат етілген тәуәссулге мынаны жатқызуға болады: **1)** Дұға жасағанда Аллаһтың есім-сипаттарын «уәсила» ету (Аллаһтың есім-сипаттарына жүгініп, дұға ету); **2)** Аллаһқа кейбір ізгі амалдарын дәнекер ету (Үңгірде қамалып қалған үш кісінің хикаясында келгендей); **3)** Ізгі де тірі, қасымызда тұрған және дұғасының қабыл болуы үміт етілген мұсылманның дұғасын дәнекер ету.

**Келесі іс-әрекеттер тәуәссулдің тыйым салынған түріне жатады:** **1)**Аллаһтан Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) немесе бір әулиенің беделін (құрметін) дәнекер етіп (көлденең тартып) дұға жасау. Мысалы, дұғада: «Ей, Аллаһ! Мына амалымды Пайғамбардың (немесе пәленше әулиенің) құрметі үшін қабыл ет» деп айту. Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Аллаһтың алдында құрметті де беделді екені даусыз, ізгі құлдардың да беделі бар. Алайда, ізгі

амалдарда бәрінен де озық болған сахабалар, Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қабірінің қасында тұрып, олай дұға сұраған жоқ. Сол кезде тірі көкесі Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) дұға жасауды өтінетін. **2)** Бір кісінің өз қажетін Аллаһтан Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) не әулиенің атымен ант етіп сұрауы. Мысалы: «Ей, Аллаһ! Сенен пәленше әулиеге бола не Пайғамбардың ақысы үшін сұраймын» деп айтуы. Өйткені бір жаратылғанның өзге жаратылғанның атымен ант етіп бір нәрсе сұрауына тыйым салынады. Ал бір нәрсені жаратылғанға байлап, оны Аллаһтан сұрауға одан да ауыр тыйым салынады. Оның үстіне, өз бойсұнғанын сылтауратып, Аллаһтан өз дұғасының қабыл болуын талап етуге ешкімнің де хақысы жоқ.

**21 Ақырет күніне иман келтіру дегеніміз не?** Ақырет күніне иман келтіру—ол күннің келетініне нақты түрде сену. Бұған өлімге және одан кейін болатын қабір сынағына, ондағы рақат пен азапқа, Сұрдың (кернейдің) үрілетініне, адамдардың Аллаһтың алдына тұратынына, амал дәптерлерінің жайылатынына, (адамдардың амалы тартылатын) таразының орнатылатынына, Сырат көпіріне, хауызға, шапағатқа, сондай-ақ жәннат пен тозаққа иман келтіру.

**22 Қияметтің үлкен белгілеріне не жатады?** Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Он белгіні көрмегендеріңше Қиямет болмайды. Олар: Түтін, Дәжжалдың шығуы, «Дәбба» атты жануардың шығуы, күннің батыстан шығуы, Мәриямұлы Исаның (аләйһис-сәләм) көктен түсуі, Яжуж-Мәжуж, шығыста, батыста және Араб түбегінде жердің ойылуы және ең соңғысы Йеменнен адамдарды бір жерге айдайтын оттың шығуы***»,—деді **(Муслим)**.

**23 Адамзат басынан өтетін ең үлкен бүлік не?** Ол—Дәжжал бүлігі. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Адам жаратылғаннан қияметке дейін Дәжжал бүлігінен қиын бүлік болмайды***»,—деген **(Муслим)**. Дәжжал—ақырзаманда шығатын бір адам. Оның маңдайында «к-ф-р» (яғни кәпір) деп жазылып тұрады. Ол жазуды кез келген мүмін оқи алады. Ол бір көзімен ғана көріп, көрмейтін оң көзі кепкен жүзімге ұқсайды. Алғашқы шыққанда өзін ізгі (діндар) етіп көрсетеді. Бара-бара өзін пайғамбар, кейін «құдаймын» деп жариялайтын болады. Ол бір қауымға барып, оларды өзіне қарай үгіттегенде, қауым оны өтірікшіге шығарып, қарсылық көрсетеді де шығарып жібереді. Сол кезде мал-мүліктері Дәжжалға еріп кетеді. Ертесіне тұрса, қолдарындағы малдан түк те қалмайды. Келесі келгенде айтқандарын қабыл алып, оған сенетін болады. Одан соң Дәжжал аспаннан жаңбыр жаудырып, жерден өсімдіктер шығарады. Сондай-ақ адамдарға келгенде өзімен бірге от пен су алып келеді. Алайда оның оты—су, суы—от. (Басқа риуаяттарда Дәжжал адамдарды азғырып, өзін құдай деп мойындауға үндейді де, оған көнбегендерді өлтіреді делінеді). Әрбір мүмін намаздарының соңында Аллаһқа сыйынып, Одан Дәжжалдың фитнасынан құтқаруын тілеуі, оған қарсы «Кәһф» сүресінің алғашқы он аятын оқуы және егер ол шыққан кезде тірі болса, бүліктен сақтанып, оған жолығудан аулақ болуы керек. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім Дәжжалдың шыққаны туралы естісе, одан алыс болуға тырыссын. Аллаһпен ант етейін, бір адам оған келіп, өзін мүмін деп ойлайды. Одан***

***соң ол жіберетін күмәндар себебінен артынан ереді***»,—деген (Әбу Дауд). Дәжжал бүлігі жер бетінде қырық күн жалғасады. Бір күні бір жылдай және бір күні бір айдай, бір күні бір аптадай, ал қалған күндері кәдімгі күндердей өтеді. Ол Мекке мен Мединеден басқа барлық елдер мен жерлерге кіреді. Одан соң көктен Иса (аләйһис-сәләм) түсіп, оны өлтіреді.

**24 Жәннат пен тозақ қазіргі кезде бар ма?** Иә, бар. Аллаһ тағала ол екеуін адамдарды жаратудан бұрын жаратқан. Ол екеуі ешқашан жоқ болмайды, мәңгі қала береді. Аллаһ жәннатқа кіретіндерді Өз кеңшілігімен кіретін етіп, ал тозаққа түсетіндерді Өз әділеттілігімен түсетін етіп жаратқан. Әркімге барар орнына сәйкес амал етуі оңайластырылады.

**25 Тағдырға иман келтіру дегеніміз не?** Тағдырға иман келтіру—барлық жақсылық пен жамандықтың Аллаһтың алдын ала шешіп, тағдыр еткені бойынша жүзеге асатынына және Ол қалағанын жасайтынына сену. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Егер де Аллаһ аспан мен жер тұрғындарын азаптаса, ешқайсысына әділетсіздік етпей азаптар еді. Ал егер мейіріміне бөлесе, Оның мейірімі оларға өздерінің істеген амалдарынан да қайырлы болар еді. Аллаһ жолында Ухуд тауындай алтын жұмсасаң да, тағдырға иман келтірмейінше, Аллаһ сенен оны қабыл етпейді. Саған тиетін нәрсе сені аттап кетпейді, ал сені аттап кеткен нәрсе саған тимейтінін біліп ал. Егер осыдан басқаны ұстанып өлсең, тозаққа кіресің***»,—деді (Ахмад, Әбу Дауд).

**Тағдырға иман келтіру төрт нәрсені қамтиды: 1)** Аллаһтың барлық нәрселерді жалпы және егжей-тегжейлі түрде білетініне иман келтіру. **2)**Аллаһтың барлық нәрсені Лаухул-махфузда жазып қойғанына иман келтіру. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Аллаһ жаратқандарының тағдырын көк пен жерді жаратудан елу мың жыл бұрын жазып қойған***»,—деді (Муслим). **3)**Аллаһтың қалағаны қалайда орындалатынына, еш нәрсе тағдыр етілгенді қайтара алмайтынына, Оның құдіретін еш нәрсе әлсірете алмайтынына (әлсіретпейтініне), Оның қалағаны болып, қаламағаны болмайтынына иман келтіру. **4)** Аллаһтың барлық нәрселерді жоқтан бар етіп жаратушы екеніне, ал барлық нәрселер—Оның жаратқандары екеніне иман келтіру.

**26 Жаратылғандардың күш-қуаты, қалауы және еркі шынымен де бар ма?** Иә, адамның қалауы, еркі және таңдауы бар. Алайда мұның барлығы да Аллаһтың қалауынан шыға алмайды. Аллаһ тағала: «**Әлемдердің Раббысы *Аллаһ* қаласа ғана сендер қалайсыңдар**»,—дейді (Инсан, 30). Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Амал жасаңдар, әркімге барар орнына сәйкес амал етуі оңайластырылады***»,—деген (әл-Бұхари, Муслим). Аллаһ тағала жақсы мен жаманды айыру үшін адамға ақыл, есту мен көру қабілеттерін берген. Ендеше, ақыл-есті біреудің ұрлық жасап алып: «Мұны маған Аллаһ жазыпты» деп айта салуы ақылға сия ма екен?! Адамдар да оның сол сөзін уәж санамас. Керісінше, «Аллаһ тағала мұны да саған жазыпты» деп, оны жазалайды. Демек, тағдырды уәж етіп дәйек қылуға болмайды. Ол алдау болып табылады. Аллаһ тағала: «***Мүшріктер: Аллаһ қалағанда біз және ата-бабаларымыз (Оған) серік қоспай әрі еш нәрсені тыймаған едік» деп***

*айтады. Осылайша, олардан алдыңғылар да жалған (айтады)*»,—деген **(Әнғам, 148).**

**27 «Ихсан» дегеніміз не?** Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ихсан туралы сұралғанда: «***Ол—Аллаһқа Оны көріп тұрғаныңдай құлшылық жасауың және Оны көрмесең де, Ол сені көріп тұрғанын (әрдайым есте сақтау)***»,—деген **(Муслим)**. Ихсан—діміздегі үш мәртебенің ең жоғарғысы.

**28 Тәухидтің неше бөлігі бар?** Тәухидтің үш бөлігі бар. **1)** Тәухид әр-рубубия (Аллаһтың раббылық қасиеттеріндегі бір екендігі)—Оның жарату, ризық беру, жан беріп, жан алу секілді Оған ғана тән істерінде бір (дара) деп білу. Тәухидтің бұл түрін мүшріктер Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) келуінен бұрын мойындайтын. **2)** Тәухид әл-улуһия (Аллаһтың құлшылықтағы бір екендігі)—намаз, ораза, садақа және т.б. құлшылық түрлерін Оған ғана арнау. Тәухидтің осы түріне бола пайғамбарлар жіберіліп, кітаптар түскен. **3)**Тәухид әл-әсмә уәс-сифат (Аллаһты есім-сипаттарында бір деп білу)—яғни Аллаһтың Өзіне және Пайғамбардың Оған бекіткен көркем есімдер мен ұлы сипаттарды Аллаһқа еш бұрмалаусыз, мағынасын жоққа шығармай, Оған кейіп бермей (қалай екенін бір қалыппен шектемей) және Оны ешкімге ұқсатпай бекіту.

**29 «Уәли» (әулие) дегеніміз кім?** «Уәли» (Аллаһтың досы, сүйікті құлы) деп Аллаһқа сенген, ізгі (амалдары қайырлы) және Оның азабынан қорқып, күнәдан сақтанған тақуа адамды айтады. Аллаһ тағала: «***Біліңдер! Расында, Аллаһтың әулиелеріне қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды. Олар иман келтіріп, Аллаһтан қорыққандар (тақуалар)***»,—десе **(Юнус, 62-63)**, Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Менің жақын достарым Аллаһ және мүміндердің ізгілері (амалы дұрыс, ізгі болғаны)***»,—деген **(әл-Бұхари, Муслим)**.

**30 Сахаба деп кімді айтады? Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабаларының алдында біздің қандай міндеттеріміз бар?** Сахаба—Пайғамбармен (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) тірі кезінде кездесіп, иман келтіріп, мұсылман болып өлген адам. Оларды жақсы көру, оларға Аллаһтың разылығын тілеу («радыяллаһу анһум» деп айту), жүрегімізді және тілімізді оларға қарсы бір нәрседен таза ұстау, көпшілікке олардың артықшылықтарын жеткізу, араларында болған жағдайларды сөз етуден тыйылу біздің оларға қатысты міндетіміз болып табылады. Олар адам болғасын қателесуі мүмкін. Бірақ сонда да біз олардың қателіктері ижтиһадқа негізделген деп білеміз. Олардан ижтиһад жасап (туындаған мәселені шешу үшін барынша ізденіс жасап), дұрыс шешім қабылдағандарға екі сауап, ал қателескендерге ижтиһад жасағаны үшін бір сауап беріледі және қателіктері кешіріледі.

Сондай-ақ олардың көптеген артықшылықтары мен ізгі амалдары қателік-кемшіліктерін жуып-шаяды. Бір сахабалар өзгелерінен артық есептеледі.

**Олардың ең абзалы—жәннатпен тірі кезінде сүйіншіленген он сахаба. Олар: 1)** Әбу Бәкр әс-Сыддиқ; **2)** Омар ибн әл-Хаттаб; **3)** Осман ибн Аффан; **4)** Әли ибн Әбу Талиб; **5)** Талха ибн Убайдуллаһ; **6)** Зубейр ибн әл-Ауам; **7)**Абдуррахман ибн Ауф; **8)** Сағд ибн Әбу Уаққас; **9)** Сағид ибн Зейд; **10)** Әбу Убайда ибн әл-Жаррах. Бұлардан кейін жалпы муһәжірлер, одан соң

муһәжірлер мен ансарлардан Бәдір соғысына қатысқандар, одан соң қалған ансарлар, содан кейін—қалған сахабалар. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Сахабаларымды сөкпеңдер (оларға тіл тигізбеңдер). Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін! Сендерден біреу Аллаһ жолында Ухуд тауындай алтын жұмсаса да, олардың бір алақандай, тіпті оның жартысындай бергеніне де жете алмайсыңдар*** **»** (әл-Бұхари, Муслим) және «***Кім сахабаларыма тіл тигізсе, оған Аллаһтың, періштелердің және барлық адамдардың лағынеті болсын!***»—деген (әт-Табарани).

**31 Аллаһ елшісін (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оған Аллаһ берген мәртебеден асырып мақтап-мадақтауға болады ма?** Шын мәнінде, сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Аллаһ жаратқандарының ең ардақтысы, оның Аллаһтың алдында өзіне лайықты қадір-мәртебесі бар. Алайда Мәриямұлы Исаны асыра мақтаған христиандарға ұқсап Пайғамбарымызды мақтағанда шектен шығуға болмайды. Өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бұған тыйым салып: «***Христиандар Мәриямұлы Исаны асыра мадақтағандай мадақтамаңдар. Мен бар болғаны Оның (Аллаһтың) құлымын, сендер: «Аллаһтың құлы әрі елшісі» деп айтыңдар***»,—деген (әл-Бұхари).

**32 Кітап иелерін «иман келтіргендер» деп айтуға болады ма?** Яһудилер, христиандар және өзге дін өкілдері, негізі (бұрын) дұрыс болған дінді ұстанғанымен, кәпірлер (Аллаһқа сенбейтіндер) болып табылады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) келгеннен кейін өз дінін тастап, мұсылман болмаса, олардың «***амалы қабыл етілмейді әрі ол ақыретте зиянға ұшырағандардан болады***». Сонымен қатар, қайсыбір мұсылман оларды кәпір деп білмесе немесе олардың діндерінің теріс екеніне шәк келтірсе, Аллаһ және Пайғамбардың оларға қатысты үкіміне қарсы келгені үшін өзі кәпір болып, діннен шығады. Аллаһ тағала: «***Қарсылас топтардан (яғни басқа діндердің өкілдерінен) кім оған сенбесе, уәде етілген орны тозақ болады***»,—деген (Һуд, 17). Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін! Осы үмбеттің[1] қайсыбірі, яһуди болсын, христиан болсын; мен туралы естіп, маған иман келтірмесе, тозақтықтардан болады***»,—деген (Муслим).

**33 Кәпірлерге әділетсіздік жасап, зиян тигізуге бола ма?** Мұсылмандар бәріне әділ де әділетті болу керек. Ол – уәжіп. Аллаһ тағала: «***Расында, Аллаһ әділдік пен жақсылық жасауды бұйырады***»,—деген (Нәхіл, 90). Сондықтан әділетсіздіктің кез келген түріне тыйым салынады. Құдси хадисте *Аллаһ тағала:* «***Ей, құлдарым! Расында, Мен өзіме зұлымдықты тыйым салдым әрі оны сендердің араларыңда да харам еттім. Ендеше, бір-біріңе әділетсіздік (зұлымдық) етпеңдер!***»—деген (Муслим). Қиямет күні зұлымдық көруші өзіне әділетсіздік еткен залымнан кегін қайтарады. Бірде Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Муфлистің (көрген зияны табысынан***

---

[1] Бұл хадистегі «үмбет» сөзі Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) өмір сүрген кезінен бастап, Қияметке дейін өмір сүретін бүкіл қауымдарды қамтиды.

*көбірек болғанның) кім екенін білесіңдер ме?»*—деп сұрады. Адамдар: «Біздіңше, муфлис—ақшасы да, тауары да жоқ адам»,—деді. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Менің үмбетімнен зияны табысынан көбірек болған адам (муфлис) Қиямет күні намазы, оразасы, зекетімен келеді. Сонымен қатар ол біреуді сөгіп, біреуге жала жауып, біреудің малын жеп, біреудің қанын төккен және біреуді ұрған болып келеді де, әрқайсысына өз сауаптарынан береді. Егер сауаптары басқаларға тиесілі хақтарын беруден бұрын таусылса, олардың күнәсынан көтереді де (яғни олардың күнәлары алынып, мұның мойнына артылады), сосын тозаққа лақтырылады (тасталады)*»,—дейді (Муслим). Қиямет күні кек алу тіпті хайуандардың да арасында жүргізіледі.

**34 Бидғат дегеніміз не?** Ибн Ражаб (Аллаh оған рақым етсін) айтқанындай, «Бидғат дегеніміз—негізіне шариғатта ешбір дәлел болмаған, жаңадан еңгізілген нәрселер. Егер оның шариғатта негізі болса, ол тілде бидғат деп аталғанымен, шариғат бойынша (ғылыми термин ретінде шариғатта) бидғат болып есептелмейді».

**35 Дінде жақсы немесе жаман бидғаттар бар ма?** Шариғаттағы мағынасы бойынша, бидғатты айыптаған көптеген аят-хадистер келген. Әл-Бұхари және Муслим риуаят еткен хадисте Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Кімде-кім біздің дінімізде болмаған іс-амалды жасаса, ол кері қайтарылады (яғни қабыл болмайды)*»,—десе, Әбу Дауд риуаят еткен хадисте: «*Әрбір жаңадан енгізілген іс—бидғат, ал әрбір бидғат—адасу*»,—деген. Бидғатқа қатысты Имам Мәлік (Аллаh оған рақым етсін): «Кімде-кім Исламда бір бидғатты шығарып, оны сауапты амал деп білсе, ол «Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) уахиге қиянат жасаған (яғни пайғамбарлық міндетін орындамаған)» деп ойлаған болады, өйткені Аллаһ тағала: «*Бүгін Мен сендердің діндеріңді толықтырдым және сендерге игілігімді тәмамдадым*» (Мәида, 3),—деп айтты»,—деген. Демек, дінімізде «жақсы бидғат» деген шариғат ұғымы атымен жоқ, бидғаттардың барлығы да—адасушылық. Кейбір хадистерде тілдік мағына жағынан айтылған «бидғаттар» мақталады. Ол дегеніміз, шариғатта негізі болғанмен, адамдар ұмытып кеткен, сондықтан Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оны еске салуға үндеген нәрселер. Мысалы, Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Кім Исламда бір жақсы сүннетті қайта жаңғыртса, оған сол амалының сауабы және одан кейін сол сүннетті жасағандардың сауабы, әлгілердің сауабынан еш нәрсе кемітілместен беріледі*»,—деген (Муслим). Омардың (Аллаh оған разы болсын) тарауық намазы туралы: «Бұл неткен жақсы бидғат» деп айтқаны да осы мағынада. Тарауық намазының шариғатта негізі бар. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оған үндеп, үш түн қатарынан оқығаны, кейін парыз болуынан қорқып, тастап қойғаны айтылады. Сондықтан да Омар (Аллаh оған разы болсын) ол намазды оқып, оған адамдарды жинаған.

**36 «Нифақ» дегеніміз не? Оның неше түрі бар?** «Нифақ» (екіжүзділік) деп іштегі ұстанымын жасырып, сырттай басқаша етіп көрсетуді айтады. «Нифақтың» екі түрі бар: 1) **Үлкен екіжүзділік.** Ол адамның наным-сеніміне қатысты болғандықтан «нифақ иғтиқади» (сенімдегі екіжүзділік) деп те аталады. Бұл екіжүзділікті жасаған адам өзін мұсылман көрсеткенімен, іштегі

сенбейтінін жасырады. Бойында «нифақтың» бұл түрі болған адам діннен шығады. Егер осы күйінен ажырамай өлсе, кәпір болып өледі. Аллаһ тағала: «***Расында, мұнафиқтар (екіжүзділер) тозақтың ең төменгі қабатында болады***»,—деген (**Ниса, 145**). Олардың Аллаһты және мұсылмандарды алдамақ болу, мұсылмандарды кемсітіп күлу, кәпірлерге жақтасып, мұсылмандарға қарсы көмек беру, ізгі амалдарын дүниелік мүдде үшін жасау секілді белгілері бар.

**2) Кіші екіжүзділік,** оны «нифақ амали» (амалдағы нифақ) деп айтады. Нифақтың бұл түрі адамды діннен шығармайды. Алайда бұл екіжүзділігі үшін тәубесіне келмесе, ол оны үлкен екіжүзділікке апаруы мүмкін. Кіші екіжүзділіктің белгілеріне сөйлегенде өтірік айту, берген уәдені орындамау, дауласқанда шектен шығу (бұзықтық жасау), серт байласса оны бұзу, аманатқа қиянат істеу сияқты амалдар жатады. Сондықтан сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) мұнафиқ болып кетуінен қатты қорқатын. Тәбиғиндердің бірі Ибн Әбу Муләйка (Аллаһ оған рақым етсін): «Аллаһ елшісінің (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабаларынан отыз кісіні көрдім. Барлығы да мұнафиқ болып кетуінен қорқатын»,—деді. Ибраһим әт-Тәйми (Аллаһ оған рақым етсін): «Сөзімді амалыммен салыстырсам, бір-біріне қайшы келуінен қорқамын»,—деген. Әл-Хасан әл-Басри (Аллаһ оған рақым етсін): «Нифақтан мүміндер ғана қорқып, мұнафиқтер ғана өздерін амандықта сезінеді»,—деді. Омар (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбар сырларының сақтаушысы Хузайфа ибн Йәманға (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ үшін сұраймын, Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) мені мұнафиқтер қатарында атаған жоқ па?»—дегенде, Хузайфа: «Жоқ (атаған жоқ), бірақ мен бұдан былай ешкімді де Аллаһ үстінен мақтамаймын»,—деген.[1]

**37 Аллаһтың алдында ең үлкен және ең ауыр күнә не?** Аллаһтың құзырында ең үлкен және ең ауыр күнә—ширк, яғни Оған біреуді серік етіп қосу. Аллаһ тағала: «***Шын мәнінде, ширк—үлкен зұлымдық***»,—десе (**Лұқман, 13**), Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ең үлкен күнә туралы сұралғанда: «***Аллаһ сені жаратқан бола тұра, Оған біреуді теңеуің (серік етуің)***»,—деп айтқан (**әл-Бұхари, Муслим**).

**38 Ширктің неше түрі бар?** Ширктің екі түрі бар: үлкен және кіші. **1) Үлкен ширк.** Оны істеген адам діннен шығады да, тәубесіне келмесе, серік қосқаны ешқашан кешірілмейді. Аллаһ тағала: «***Расында, Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді, бірақ одан басқасын[2] қалағанына кешіреді***»,—деген (**Ниса, 48**). Үлкен ширктің төрт көрінісі бар: **а)** Нақты бір нәрсе сұрап, дұға жасағандағы ширк; **ә)** Ниет, қалау және мақсаттағы ширк (яғни сауапты амалдарды Аллаһтан өзге біреуге арнап жасау); **б)** Бойсұнудағы ширк (яғни Аллаһтың рұқсат еткенін тыйып, тыйғанын рұқсат еткен ғалымдардың айтқанына еріп, оларға бағыну); **в)** Махабаттағы ширк (біреуді Аллаһтан бетер жақсы көру). **2) Кіші ширк.** Ширктің бұл түрі адамды діннен шығармайды. Ол да екіге бөлінеді: **а)** Көзге көрінетін ширк кейде сөздерде (мысалы, Аллаһтан басқаның атымен ант ету, «Аллаһ және сен қаладың» немесе «Аллаһ және сен

---

[1] Өйткені біреу туралы өйтіп айту оны мақтаудың бір түрі болып саналатын.
[2] Яғни өзге, одан жеңіл күнәларды.

болмағанда ...» деп айту), ал кейде іс-әрекеттерде (мысалы, жүзікті немесе жіпті (көзмоншақтарды) бәлені қайтарады немесе одан айықтырады деп тағу, көз тимесін деп тұмар тағу; құстарды (немесе өзге жануарларды), сөздерді, атауларды, сандарды және орындарды ырым ету (жамандық не жақсылық нышаны ету) және т.б.) кездеседі; **б)** Жасырын ширк—бұл ниеттер мен мақсаттарда болады. Мысалы, игі амалдарды адамдар көрсін (рия) немесе ол туралы естісін деп жасау.

**39 Үлкен ширк пен кіші ширкті қалай айыруға болады?** Үлкен ширк пен кіші ширктің бірнеше айырмашылығы бар: Үлкен ширк жасаған адам (тәубе етпесе) бұл дүниеде діннен шығып, ақыретте тозақта мәңгі қалады. Керісінше, кіші ширк жасаған кісі діннен шықпайды және тозақта мәңгі қалмайды. Үлкен ширк бүкіл амалдарды жойса, кіші ширк өзімен байланысты амалды ғана жояды. Осыған қатысты екіжақты бір мәселе бар: Кейбір ғалымдар «кіші ширк жасаған кісі үлкен ширк жасағандай тәубе келтірсе ғана кешіріледі» десе, басқалар «ол үлкен күнәлар сияқты Аллаһтың еркінде» деген. Қалай болмасын, ширктің барлық түрлерінен сақтанған жөн.

**40 Кіші ширктен алдын ала сақтану жолдары бар ма немесе орын алған жағдайда ол үшін берілетін кәффараттар (өтемдер) бар ма?** Иә, бар. Риядан сақтану үшін амалды Аллаһтың дидары үшін жасау қажет болса, рияның жеңіл түрінен сақтану үшін дұға жасау керек. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Ей, адамдар! Ширктің бұл түрінен сақтаныңдар! Шын мәнінде, ол құмырысқаның жүрісінен де жасырынды болып келеді***»,—деді. Адамдар: «Уа, Расулуллаһ! Ол құмырысқаның жүрісінен де жасырын болып келсе, одан қалай сақтанамыз?»—деді. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Ей, Аллаһ! Саған өзіміз білген нәрсені серік етіп қосудан Өзіңе сыйынып, панаңды сұраймыз және білмегеніміз үшін жарылқау тілейміз» деп айтыңдар***»,—деді **(Ахмад)**. Ал Аллаһтан басқа нәрсемен ант ішудің кәффаратына келсек, Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кімде-кім әл-Лат пен әл-Уззамен ант етсе, «Лә иләһа иллаллаһ» деп айтсын***»,—деген **(әл-Бұхари, Муслим)**. Бір нәрсені жамандық нышаны деп ырымдаудың кәффараты туралы Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кімді ырымы бір қажетін өтеуден қайтарса, серік қосқан болады***»,—деді. Адамдар: «Бұның кәффараты не?»—дегенде, Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Ей, Аллаһ! Сенің қайырыңнан басқа қайыр жоқ, Сенің белгілеріңнен басқа белгі жоқ және Сенен басқа құдай жоқ деп айту***»,—деген **(Ахмад)**.

**41 Күпірліктің неше түрі бар?** Күпірліктің екі түрі бар. **Біріншісі—адамды** діннен шығаратын үлкен күпірлік. Ол беске бөлінеді: **1)** Өтірікке шығару күпірлігі; **2)** Шын деп білсе де, тәкаппарлық күпірлігі; **3)** Күмән келтіру күпірлігі; **4)** Бет бұрып, қарсы келу күпірлігі; **5)** Екіжүзділік күпірлігі.

**Екіншісі—кіші күпірлік.** Оған адамды діннен шығармайтын күнәлар күпірлігі жатады (мысалы, мұсылманды өлтіру).

**42 Нәзір айтудың үкімі не?** Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) нәзірді ұнатпайтын еді. Оған қатысты (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Шын мәнінде, нәзір жақсылық әкелмейді***»,—деген **(әл-Бұхари)**. Бұл егер Аллаһқа айтылған нәзір болса. Алайда

Аллаһтан басқаға (мысалы, қабірге не әулиеге) айтылған нәзір харам етілген. Ондай нәзір атауға болмайды. Сондай-ақ оны орындауға да болмайды.

**43 Балшылар мен көріпкелдерге баруға бола ма?** Балшылар мен көріпкелдерге бару—харам. Егер олардың ғайыпты білетіндеріне сенбей, бір пайда көрейін деп барса, қырық күн оқыған намазы қабыл болмайды. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім көріпкелге барып, одан бір нәрсе туралы сұраса, қырық күн намазы қабыл болмайды***»,—деген **(Муслим)**.

Ал егер олардың ғайыпты білеміз дегендеріне сеніп барса, кәпір болады. Бұл туралы Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кімде-кім балшыға не бақсыға барып, айтқандарын шын деп білсе, Мұхаммедке түсірілгенге (Құранға) сенбеген болады***»,—деді **(Әбу Дауд)**.

**44 Жұлдыздарға қарап жаңбыр сұрау қай кезде үлкен және қай кезде кіші ширк болады?** Кімде-кім жұлдыздардың Аллаһтың қалауынан тыс әсері бар деп сенсе, жаңбырды сол жұлдыз пайда етті деп байланыстырса, үлкен ширк жасаған болады. Ал егер біреу жұлдыздың Аллаһтың қалауымен әсері бар, немесе Аллаһ оны жаңбырдың жаууына себеп етті, не болмаса Аллаһ жаңбырды осы жұлдыз көрінген соң жаудырып әдет қылды десе, шариғатта жоқ, сезім не ақыл қабылдамайтын себепті бекіткені үшін харам іс және кіші ширк жасайды. Алайда жұлдыздарды жыл мезгілдерінің немесе жаңбыр көбірек жауатын уақыттың дәлелі етіп алуға рұқсат етіледі.

**45 Мұсылмандардың басшыларына қатысты міндеттері не?** Оларға қатысты міндеттеріміз: кез келген жағдайда айтқандарына құлақ асып бағыну, әділетсіздік істесе де оларға қарсы шықпау, оларға теріс дұға жасамау, оларға бағынудан бас тартпау, олар үшін жақсылық, қайыр, денсаулық, тура жол және істерінің оң болуын тілеу. Күнәға бұйырмаса, оларға бағыну—Аллаһқа бағыну болып табылады. Ал егер күнәға бұйырса, оларға бағынуға тыйым салынады. Бірақ бұдан басқа жағдайда оларға шариғат белгілеген түрде бағыну керек, өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Арқаңнан ұрып, малыңды тартып алса да, басшыңа құлақ асып бағынуың керек. Ендеше, құлақ ас та бағын***»,—деген **(Муслим)**.

**46 Бұйрықтар мен тыйымдарға қатысты Аллаһтың хикметін (даналығын, мысалы, намаз не үшін парыз, арақ ішу не үшін харам деп) сұрауға бола ма?** Ондай сұрақ қоюға болады. Алайда иман мен амал осы нәрселердің хикметін білуге әрі оған қанағаттанумен байланысты болмау керек. Бұл хикметтер мүміннің ақиқатқа берік болуын күшейтеді. Бірақ толық бойсұну және ол туралы сұрамау пенденің құлшылығының бір Аллаһқа түгелдей арналуын, Оған және Оның хикметтеріне деген иманының кәмілдігін білдіреді. Сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) халі осындай болатын.

**47 «Сендерге қандай да бір жақсылық келсе, ол Аллаһтан, ал қандай да бір жамандық келсе, ол өзіңнен» (Ниса, 79) аятын қалай түсінуге болады?** Бұл аятта «жақсылық»—игілік, «жамандық»—пәлекет-ауыртпашылық мағынасында келген. Бірақ барлығы да Аллаһтың тағдырымен болады. «Жақсылық—Аллаһтан» деп айтылуының себебі—барлық жақсылықты

Аллаһ береді. Ал жамандықты Аллаһ белгілі бір хикметпен жаратты. Егер жамандықты «Аллаһтың бір хикметі» деп ескерсек, оны да игіліктер қатарына жатқызуға болады. Оның іс-әрекеттерінің барлығы да игілік, өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Қайырдың (жақсылықтың) барлығы да Сенің қолыңда, жамандық Сенен емес***»,—деп айтатын **(Муслим)**. Пенделердің істерін Аллаһ тағала жаратты. Сонымен бірге ол сол сәттегі адамдардың кәсіп қылғаны (жасаған амалы). Аллаһ тағала: **«*Кімде-кім (мал-қаражатынан) сарп етсе, тақуалық қылса және ең жақсыны (жәннатты) рас деп білсе, Біз оны дұрыстыққа бастап, оған ізгі амалдар істеуді оңайластырамыз*»**,—деген **(Ләйл, 5-7)**.

**48 Біреу туралы «Пәленше шәһид» деп айтуға бола ма?** Біреуді «шәһид болды» деп айту «жәннатқа кірді» деп айтумен бірдей. Әһлі сунна уәл-жамаъа ұстанымы бойынша, Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) хабарлағаны болмаса, нақты бір мұсылман туралы оның жәннаттық немесе тозақтық екені туралы кесіп айта алмаймыз. Істер соңымен (ақырымен) байланысты, ниеттерді Аллаһ біледі. Біз адамның қандай халде дүниеден өткенін білмейміз. Бірақ жақсы адамға сауап тілеп, күнәкардың жазаға тартылуынан қорқамыз.

**49 Нақты бір мұсылманға қатысты «кәпір» деп үкім шығаруға бола ма?** Мүшрік немесе кәпір екендігін білдіретін айқын дәлелдер көрінбейінше және кедергілер қалмайынша, ешбір мұсылманға мүшрік немесе кәпір деп үкім шығаруға болмайды. Оның ішіндегісін Аллаһқа тапсырамыз.

**50 Қағбадан басқа бір нәрсені айналып тауап етуге бола ма?** Жер бетінде Қағбадан басқа айналуға (тауап етуге) рұқсат етілген ешқандай орын жоқ. Қандай да бір жерді құрметтілігіне қарамастан Қағбаға теңеуге, ұқсатуға болмайды. Кімде-кім бір нәрсені ұлықтаған болып айналса, Аллаһқа қарсы шыққан (яғни күнәкар) болады.

# Жүрек амалдары

Аллаһ жүректі жаратып оны патша етсе, ал қалған мүшелерді оның әскері етті. Патша ізгі болса, әскері де ізгі болады. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъалəйһи уа саллам): «***Расында, денеде бір кесек ет бар, ол түзу болса, қалған дене бүтіндей түзі, ол бұзылса, қалған дене бұзылады. Біліп қойыңдар, ол—жүрек***»,—деген **(əл-Бұхари, Муслим)**. Жүрек иман мен тақуалықтың немесе күпірлік, екіжүзділік және ширктің орны. Хадистердің бірінде Пайғамбарымыз (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) үш қайтара: «***Тақуалық осында!***»—деп, көкірегін қолымен ишарат еткен еді **(Муслим)**.

◗ **Иман—иғтиқад, сөз және амалдан тұрады**. Ол—жүректің иғтиқад етіп сенгені, тілдің айтқаны және жүрек пен дене мүшелерінің амалы. Жүрек иман келтіріп растайды, нәтижесінде тіл куәлік сөзін айтады. Одан соң жүрек махаббат, қорқу және үміт ету амалдарын жасайды, ал тіл болса зікір айтып, Құран оқуда, дене мүшелер рукуғ пен сәжде жасап, Аллаһқа жақындататын ізгі амалдар орындауда болады. Демек, дене мүшелері жүрекке ереді. Жүректе орныққан нәрсенің салдары қалайда көрініс табады.

◗ ***Жүрек амалдары дегеніміз****—орындалатын орны жүрек немесе жүрекпен тығыз байланысты болған амалдар. Оның ең үлкені—жүректегі Аллаһқа деген иман. Оның ішіне растау, мойындау кіреді. Сонымен бірге, пенденің жүрегіндегі Раббысына деген махаббат, қорқу, үміт, әрдайым қайту (әл-инаба), тәуекел, сабыр, айқын сенім (яқин), жан-тәнімен берілу және т.б. амалдар жатады.*

◗ **Жүрек амалдарының әрбірінің қарама-қайшысы жүрек дерттерінен бір дерт болып табылады**. Мәселен, ықыластың қарама-қайшысы рия, яқиннің қарсысы күмән (шәк), махаббаттың қарсысы жек көру, тағы сол сияқты. Жүрегімізді түзетуге салғырт қарасақ, оны күнәлар басып, соңында құрдымға жібереді. Бұл туралы Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъалəйһи уа саллам): «***Бір пенде күнә жасаса, жүрегінде нүкте (қара дақ) пайда болады. Күнәны тастап, кешірім сұраса және тәубесіне келсе кетіп қалады. (Ол күнәні) қайтадан жасаса көбейеді. Тағы қайталаса, тағы да көбейіп, оны (жүректі) басып алады. Бұл—Аллаһ айтқан тат. Ол: «Жоқ, істеген күнәлары олардың жүрегіне тат басты»*** **(Мутаффифин, 14)**,*—деп айтқан»*,—деді **(әт-Тирмизи)**. Келесі бір хадисте Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъалəйһи уа саллам): «***Бүліктер жүректерге аз-аздан ене бастайды. Қай жүрек оны сіңіріп алса, ішінде қара дақ пайда болады. Қай жүрек оны қайтарса, онда ақ дақ пайда болып, бірі екі жағы да саф таза, аппақ болып, көктер мен жер тұрғанда оған ешқандай бүлік зиян тигізе алмайды. Ал келесісі (бүлікті сіңірген жүрек) қарауытып, қап-қара (тат басқан) ыдыс тәрізді болады да, сіңіріп алған жеңілтек ойларынан басқа дұрысты дұрыс, бұрысты бұрыс деп білмей қалады***»,—деген **(Муслим)**.

◗**Жүрек құлшылықтарын білу дене амалдарын білуден де маңызды міндет**. Өйткені жүрек амалдары негіз болса, дене амалдары содан туындаған жеміс, оны жетілдіреді және толыққанды етеді. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъалəйһи уа саллам): «***Расында, Аллаһ бейнелерің мен мал-мүліктеріңе қарамайды. Бірақ Ол жүректерің мен амалдарыңа қарайды***»,—деген **(Муслим)**. Демек, жүрек—білім, терең ойлану және ой жүгірту орны. Сол себептен адамдар Аллаһтың алдында бір-бірінен тек жүректерінде орныққан иман, яқин және ықыласқа қарай

артықшылықта болады. Әл-Хасан әл-Басри (Аллаһ оған рақым етсін): «Аллаһпен ант етейін, Әбу Бәкр (Аллаһ оған разы болсын) өзге сахабаларды намазы не оразасымен озған емес. Ол басқалардан жүрегінде орныққан иманымен озды»,—деген.

◗ **Жүрек амалдары дене амалдарынан мына себептерге байланысты жоғары тұрады: 1)** Жүрек құлшылығында кемшілік жіберу дене құлшылығын құртып жіберуі мүмкін (мысалы амалдағы рия сияқты). **2)** Жүрек амалдары—негізгілер. Сондықтан да жүрекпен мақсат етілмеген түрде айтылған сөз не жасалған іс-әрекет үшін жаза жоқ. **3)** Жүрек амалдары—жәннаттағы биік дәрежелердің себебі. **4)** Дене амалдарына қарағанда жүрек амалдары ауыр келеді. Ибн әл-Мункадир (Аллаһ оған рақым етсін): «Өзіме бағынғанға дейін нәпсіммен қырық жыл арпалыстым»,—деген. **5)** Жүрек амалдарының әсері әлдеқайда көркем (мысалы, біреуді Аллаһ үшін жақсы көру сияқты). **6)** Жүрек амалдарының сауабы көп болады. Әбу әд-Дәрда (Аллаһ оған разы болсын): «(Аллаһтың құдіреті туралы) бір сағат ойлану түнімен намаз оқығаннан абзал»,— деген. **7)** Жүрек амалдары денені іске қосады. **8)** Жүрек амалдары дене амалына берілетін сауаптың көбеюіне, азаюына немесе мүлдем жойылуына тікелей әсер етеді (мысалы, намаздағы жан-тәнімен берілу (хушуғ). **9)** Жүрек амалы дене амалының орнын басады (мысалы, ақшасы жоқ адамның садақа беруді ниет етуі). **10)**Жүрек амалы үшін берілетін сауап шексіз (мысалы, сабыр ету). **11)** Жүрек амалы үшін берілетін сауап дене тоқтап қалса да немесе ол амалды жасауға дәрменсіз қалса да жалғасып тұрады. **12)** Жүрек амалы дене амалынан бұрын және онымен бірге болады.

**Дене (дене мүшелері) іске қосылғанша жүрек бірнеше кезеңнен өтеді:** **1)**Жүректе ең алдымен пайда болған, оған кіріп-шыққан ой (*әл-һәжис*). **2)**Жүректе орныққан ой (*әл-хатыра*). **3)** Жасау не жасамау жөнінде екіұдай ой (*хадисун-нафс*). **4)** Бір нәрсе жасаудың ойда басым болуы (*әл-һәмм*). **5)** Бір амалды жасауға оқталып, нақты шешім қабылдау (*әл-ъазм*).

Алғашқы үш кезең үшін сауапты ой болса сауап жоқ, күнәлі ой болса күнә жоқ. Төртінші кезеңге келсек, күнәлі ой үшін күнә жоқ, бірақ игі ой үшін сауап жазылады. «Әл-Һәмм» «әл-ъазм»-ға айналса, игі ой үшін сауап бар. Ал күнә жасауға оқталып, оны жасамаса да күнәкар болады. Өйткені бір нәрсені ойлап, оны жасауға шамасы келсе, шамасы келген нәрсенің болуын міндетті етеді. Аллаһ тағала: **«*Ақиқатында, иман келтіргендер туралы жиіркеніште (сөздер) жайылып кеткенін жақсы көретіндерге күйзелтуші азап бар*»** **(Нұр, 19)**,—деген. Ал Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Екі мұсылман бір-біріне қарсы қылыш көтеріп шықса, өлтірген де өлген де тозақта***»,—деген. Адамдар: «Уа, Аллаһтың елшісі! Өлтірген жарайды (не үшін түскені түсінікті), сонда өлгеннің жазығы не (мерт болған тозаққа не үшін түседі)?»—деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Ол да өз жолдасын өлтіруге ұмтылған***»,—деді **(әл-Бұхари)**.

**Біреу күнә істеуді шешім қабылдағаннан кейін тәрк етсе, оның тәрк етуі төрт түрлі: 1)** Күнәні Аллаһтан қорқып тастау. Бұл үшін сауап бар. **2)**Күнәні адамдардан қорқып тастау. Ондай адам бір күнәні тәрк еткенімен,

басқа күнәға ұрынып қалған болады. Өйткені күнәні тастау—құлшылық, ал құлшылық Аллаһ үшін орындалуы керек. **3)** Күнәні шамасы келмегендіктен тастап, оған алып баратын себептерді жасамау. Шешім қабылдағаны үшін бұл да күнәкар болады. **4)** Күнәні шарасыздықтан тастағанымен, оған жеткізетін себептерді жасап тәрк ету. Бұл кісіге күнәні толық күйде жасағанның күнәсі жазылады. Өйткені мүмкін болған амалдарды келтіре тұрып, оны жасауды нақты түрде қалау, жоғарыдағы хадисте айтылғандай, адамды сол күнәні толық жасағанмен бірдей етеді. Амал нақты шешіммен байланса, оны ерте не кеш, істеген кісі жазаға тартылады. Бір харам істі жасап, оны тағы да мүмкін болған кезде жасауға оқталса, ондай адам күнәсінде қатып қалған есептеліп (әл-мусырр), осы ниеті үшін күнәні жасамаса да күнәкар болады.

## Жүректің кейбір амалдары:

◗ **Ниет.** Ниет деп бір нәрсені қалауды және орындауды мақсат етуді айтады. Ниетсіз амал дұрыс та, қабыл да болмайды. Басқа сөзбен айтқанда, амалдың дұрыс және қабыл болуы ниетке байланысты. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Амалдар ниетке байланысты. Әркімге ниет еткеніне қарай беріледі***»,— деген **(әл-Бұхари, Муслим)**. Ибн әл-Мубарак (Аллаһ оған рақым етсін) айтқанындай, «Кейде азғантай амалды ниет үлкейтеді, ал үлкен амалды ниет кішірейтеді». Фудайл ибн Ияд (Аллаһ оған рақым етсін) былай деген: «Аллаһ тағала сенен ниетің мен қалауыңды қалайды. Егер бір амал Аллаһ үшін жасалса, оны ықылас деп атайды. Ондай амал тек Аллаһ үшін орындалып, онда басқалардың үлесі болмайды. Ал Аллаһтан басқаға арналған амал рия, нифақ және т.б. деп аталады».

**Қорытынды:** Білетіндерден басқа барлық адамдар құриды. Білетіндердің ішінен амал қылатындар ғана аман қалады. Амал етушілердің ішінен ықыластылар ғана құтылады. Сондықтан да Аллаһқа бойсұнуды қалаған әрбір пенденің бірінші міндеті—ниетті үйрену. Одан соң шыншылдық пен ықыластың мәнін білгеннен кейін ниетін амалмен дұрыстап тұру. Ниетсіз амал—машақат, ықылассыз ниет—рия. Амалды ықыласпен жасағанның иманы болмаса, амалы күл болады.

**Амал үш түрлі: 1) Күнәлар:** Күнә жасарда жақсы ниет оны жақсы амалға айналдырмайды. Бірақ күнәға жаман ниет қосылғанда күнәсі да артады. **2)Рұқсат етілген, мубах нәрселер:** Барлық мубах амалдарда бір немесе бірнеше ниет болады. Рұқсат етілген амалдар ниет арқылы сауапты амалдарға айналуы мүмкін. **3) Бойсұну (тағат) амалдары:** Бұл амалдардың дұрыс болуы және сауаптарының еселенуі ниетпен байланысты.[1] Егер ізгі амалды

---

[1] **Пайғамбар** (саллаллаху ъаләйһи уа саллам)**:** *«Кімде-кім жақсылық жасауды қалап, оны істей алмаса, Аллаһ тағала оған Өз алдында толық бір сауап жазады. Ал оны қалап істей алса, Аллаһ оған Өз құзырында оннан жеті жүз сауапқа дейін жазады. Кімде-кім күнә жасауды қалап, оны істемесе, Аллаһ оған Өз құзырында бір толық сауап жазады. Ал оны қалап, кейін істесе, Аллаһ оған бір күнә жазады»*,—деді **(әл-Бұхари, Муслим)**. **Басқа бір хадисте:** *«Бұл үмбет төрт кісіге ұқсайды: (біреуі) Аллаһ оған малды (байлықты) да, білімді де берген адам. Ол біліміне сәйкес малын тиісті жерлерге жұмсайды. (Екіншісіне) Аллаһ білім бергенімен, мал бермеген. Ол адам: «Егер маған да мал берілгенде, оның істегенін мен де істер едім»* дейді. **Пайғамбар** (саллаллаху ъаләйһи уа саллам)**:** *«Ол екеуі сауап тұрғысынан бірдей»,—деді (яғни екеуі бірдей*

жасап, басқаларға көрінуді ниет етсе, амалы күнә және кіші ширкке айналады. **Кейде ол үлкен ширкке де жатуы мүмкін. Рияның амалға кіруі үш түрлі болады:** **1)** Құлшылықты әу бастан адамдарға көріну (басқаларға көрсету) үшін жасау. Бұл ширк, оны құлшылық деуге болмайды. **2)** Амал басында Аллаһқа арналып, кейін оған рия араласса және құлшылықтың соңы басына негізделмесе (садақа беру сияқты), ол құлшылықтың басы дұрыс, соңы бекер. Ал құлшылық, намаз секілді, соңы басына негізделсе, жағдай екі түрлі болады: **а)** Егер риямен күресіп, оны кетіруге тырысса, амалға әсері болмайды; **ә)** Егер рияны кетіре алмаса, амал бүтіндей бұзылады; **3)** Рия амал жасалғаннан кейін пайда болса, ол шайтанның уәсуасы, оның амалға да, амал етушіге де әсері жоқ. Сонымен қатар рияның өте нәзік тұстары бар, оны білу және оны жасаудан сақтану уәжіп.

**Бір кісі ізгі амал жасап, одан дүние пайдасын көздесе, оның сауабы мен күнәсі ниетіне қарай үш түрлі болады: 1)** Ізгі амал жасауына оны тек дүниелік мүдде түртсе, мысалы намаздағы имамдықты тек ақша (ақы) алу ниетімен орындаса, күнәкар болады. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъалейhи уа саллам): «***Кімде-кім Аллаһтың дидары үшін алынатын білімді тек дүниелік пайдаға қол жеткізу үшін оқыса, Қиямет күні жәннаттың иісін де сезбейді***»,—деген **(Әбу Дауд)**. **2)**Аллаһтың ризалығы және дүние үшін амал жасау. Мысалы, қажылыққа қажылық парызын өтеу және сауда жасау үшін барса, бұл адамның иманы мен ықыластығында кемшілік бар. Оған сауап ниетіне қарай беріледі. **3)**Амалды тек Аллаһ үшін жасаса, бірақ сол амалды атқару үшін бір ақы алатын болса, оның сауабы түгел, бір нәрсе алғаны үшін кемітілмейді. Пайғамбар (саллаллаху ъалейhи уа саллам): «***Ақы алатын амалдарыңның ең лайықтысы—Аллаһтың кітабы***»,—деген **(әл-Бұхари)**.

**Амалды ықыласпен орындайтындардың үш дәрежесі бар екенін біліп алғаның жөн: 1)** Төменгі дәреже—амалды сауап үміт етіп не жазаға ұшыраудан қорқып орындау; **2)** Ортаңғы дәреже—амалды Аллаһқа шүкір етіп (берген игіліктеріне алғыс ретінде) және бұйрықтарына жауап қатып, оны қабыл алып орындау; **3)** Жоғарғы дәреже—бұйырылған амалды Аллаһты жақсы көріп, Оны ұлықтап, мәртебесінің биік екенін мойындап және Одан сескеніп орындау. Бұл—айтқанын жүзеге асырған шыншылдардың (сиддықин) дәрежесі.[1]

---

*сауап алады). (Үшіншісіне) мал беріліп, білім берілмеген. Ол малын шашып, орынсыз жұмсайды. Ал (төртіншісіне) байлық та, білім де берілмеген. Ол: «Менде мал болғанда, оның (үшіншінің) істегенін мен де істер едім»* дейді. Пайғамбар (саллаллаху ъалейhи уа саллам): «*Соңғы екеуінің күнәсы бірдей болады*»,—деді **(әт-Тирмизи)**. Хадистегі екінші және төртінші кісінің сөзі шамаларының келгенін білдіреді. Яғни ол—армандауымен бірге ниетінің болуы. Бұл олардың «Менде мал болғанда, оның істегенін = мен де істер едім» деген сөздерінен көрінеді. Әрқайсысы өз серігімен сауап не күнә тұрғысынан бірдей болады. Ибн Ражаб: «Хадистегі «олардың сауабы бірдей» деген сөз олардың сауаптың көбеюінде емес, оның түп негізінде бірдей екенін білдіреді. Сауаптың көбеюі оны құр ниет еткенге емес, ниет етіп жасаған кісіге тән. Егер сауаптың барлық жағынан бірдей болғанда, жақсы амалды ниет етіп, оны жасамағанға да он сауап жазылар еді. Алайда бұл аят-хадистерге қайшы келеді» деген.

[1] Бұған мысал ретінде Мұсаның (аләйhис-сәләм) **«*Раббым, Сені разы етуім үшін Өзіңе қарай асықтым*»** деп айтқанын келтіруге болады **(Taha, 84)**. Мұсаның Аллаһпен кездесуге тек

**Тәубе.** Тәубеге келу—үнемі орындалып тұратын міндет. Күнә жасау—адамның табиғатында бар нәрсе. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Адам балаларының барлығы да қателесуші. Бірақ қателесушілердің ең абзалы—тәубеге келушілер***» (әт-Тирмизи) және «***Егер күнә жасамасаңдар, Аллаһ сендерді жоқ етіп, күнә жасап Аллаһтан кешірім сұрайтын және Аллаһ оларды кешіретін бір қауымды келтіреді***»,—деген (Муслим). Тәубені кешіктіріп, күнәдан тыйылмау (өз алдына) бір қате іс. Шайтан адам баласын жеті түрлі кедергісінің бірімен үстінен жеңіске жеткісі келеді.

**Егер бірін жасата алмаса, келесісіне көшеді. Олар:** **1)** Ширк және күпірлік кедергісі; **2)** Оны істемесе, ақидадағы бидағаттар және Пайғамбар мен оның сахабаларын үлгі тұтпау кедергісі; **3)** Үлкен күнәлар кедергісі; **4)**Оны істемесе, кіші күнәлар кедергісі; **5)** Одан кейін рұқсат етілген мубах істерді көбейту кедергісі; **6)** Ол болмаса, сауабы азырақ, дәрежесі төмен бойсұну амалдарын жасау кедергісі; **7)** Одан кіре алмаса, оған жындар мен адамдардың шайтандарын жібереді.

**Күнәлар үлкен және кіші болып екіге бөлінеді:**

**1) Үлкен күнәлар.** Үлкен күнә деп дүниеде жазаланатын, немесе Ақыретте тозақ не азап уәде етілген, не болмаса Аллаһтың ашуы мен лағынеті айтылған яки «имансыздық» деп бағаланған амалдар.

**2)** Бұдан басқасы **«кіші күнәлар»** деп аталады. Оған үлкен күнәларға алып баратын нәрселер де кіреді. Күнәдан тыйылмау, оны қайталау, елемеу (азсыну), жасағанымен мақтану немесе жасағанын басқаларға жаю кіші күнәні үлкен күнәға айналдырады. Тәубе барлық түрдегі күнәлардың кешірілуіне себепкер. Ол күн батыстан шыққанға дейін немесе жан алқымға жеткенге дейін қабыл болады. Егер шынайы тәубе етсе, тәубеге келуші адамның сыйы күнәлардың көлемі аспанға дейін жетсе де, ізгі амалдарға айналуы болмақ.

**Тәубе шарттары: 1)** Күнә жасауды дереу тоқтату;

**2)** Өткен күнәні істегеніне өкіну; **3)** Келешекте жасамайтынына нақты шешім қабылдау. Күнә адамдардың хақтарымен (ақыларымен) байланысты болғанда, ондай хақтарды өз иелеріне қайтару керек.[1]

---

бұйрықты орындау үшін емес, сонымен қатар Оның ризалығын табу үшін асыққан еді. Ата-ананы сыйлау да осылай. Егер адам оларды сыйламағаны үшін күнәдан қорқып және сыйлағаны үшін сауап алуды көздеп сыйласа, бұл—төменгі дәреже. Оларды Аллаһқа бойсұнып, сәби кезінде асырап, дүниеге келуіне себеп болғандары үшін істеген жақсылықтарын қайтару мақсатында сыйласа, бұл ортаңғы дәреже. Ал ең жоғарғысы—ата-ананы Аллаһтың бұйрығын ұлықтап, Оны жақсы көріп және қадірлеп сыйлау.

[1] Аллаһ елшісінің былай деп айтқаны риуаят етіледі: *«Аллаһтың алдында үш түрлі дәптер бар. Біріншісіне Аллаһ еш нәрсе жазбайды. Екіншісінде Аллаһ еш нәрсе қалдырмайды. Ал үшінші дәптерде жазылғанды Аллаһ ешқашан кешірмейді. Аллаһ кешірмейтін жазу—Аллаһқа біреуді серік етіп қосу. Аллаһ тағала:* **«*...Өйткені кім ширк жасаса, Аллаһ оған жәннатты харам етеді және оның барар жері тозақ болады*»**,*—деген. Аллаһтың еш нәрсе жазбайтын дәптері пенденің өзі мен Раббысы арасында болатын істерде өзіне әділетсіздік етуі. Аллаһ қаласа оны кешіреді де елемейді. Ал Аллаһтың еш нәрсе қалдырмайтын дәптері құлдардың бір-біріне істеген әділетсіздіктері. Кек міндетті түрде қайтарылады».* **(Ахмад; бұл хадисте әлсіздік бар)**.

**Тәубеге келуде адамдар төрт дәрежеде болады: 1)** Келтірген тәубесіне өмірінің соңына дейін берік болатындар. Адам табиғатында бар қателіктер жасағаны болмаса, бір кезде істеген күнәні қайталау олардың ойына да келмейді. Бұл—тәубедегі туралық (әл-истиқамәту фит-тәуба). Оның иесі жақсылықтарды бірінші болып істеуші (әс-сабиқ фил-хайрат), ал тәубе «насуха» (шынайы) деп аталады. Ондай тәубені жаны орныққан (*ән-нафс әл-мутмаинна*) кісі жасай алады. **2)** Тәубесіне келіп, негізгі бұйрықтарға тұрақты болған адам. Бірақ кейде өзін еліктірген күнәларды байқамай немесе сыналып жасап қоюы мүмкін. Ондай кісілер күнәға мақсатты түрде бармайды. Ол бір күнәні істеп қойған сайын өзін жазғырып, істегеніне өкінеді және оған алып баратын себептерден сақтануға бел байлайды. Бұны «өзін кінәлаушы жан» (*ән-нафс әл-ләуума*) деп атайды. **3)** Тәубеге келгеннен кейін біраз түзу жүреді, кейін шәһуаты өзінен басым келіп (өзін ұстай алмай), кейбір күнәларды жасап қояды. Сонымен бірге ол бойсұну амалдарына ұқыпты болып, істеуге шамасы келіп, көңілі тартып тұрса да, бірқатар күнәні тәрк етеді. Кейде шәһуаты басым келіп, күнә жасап қойса да, шәһуаты басылғаннан кейін өкінеді және өзіне ол күнәдан бас тартып, тәубеге келетінін уәде етеді. Бұны «жауапқа тартылушы жан» (*ән-нәфс әл-мәсулә*) дейді. Тәубені кешіктіріп, кейінге қалдырғаны үшін оның ақыры өте қауіпті, тәубе жасамай өліп кетуі ықтимал, өйткені амалдар қаншалықты дұрыс-бұрыс екені соңғысына байланысты. **4)** Тәубеге келгеннен кейін біраз түзу жүреді. Кейін өзін тәубеге шақырмай күнәға қайта бата кіреді. Жасаған ісіне еш өкініш болмайды. Міне, бұл «күнәға итермелейтін жан» (*ән-нәфс әл-әммара бис-су*). Қорқыныштысы - мұндай жанның өмірін жаман аяқтауы.

◗ **Шыншылдық**. Бұл жүрек амалдарының негізі. Шыншылдық (әс-сыдқ) алты мағынада қолданылуы мүмкін: **1)** сөздегі шыншылдық; **2)** ниет және мақсаттағы шыншылдық (оны ықылас деп те айтады); **3)** шешім қабылдаудағы шыншылдық; **4)** қабылдаған шешімді жүзеге асырудағы шыншылдық; **5)** сыртқы көрінісі ішкі мәніне сәйкес келетін (намаздағы хушуғ сияқты) амалдағы шыншылдық; **6)** діндегі мәртебелердің барлығын жүзеге асырудағы шыншылдық (бұл осы алтауының ішіндегі ең абзалы да ұлысы), яғни қорыққанда, үміт еткенде, Аллаһты ұлықтағанда, дүниеге қызықпағанда, разы болуда, тәуекел етуде, жақсы көруде және басқа да амалдардағы шыншылдық. Бойынан шыншылдықтың осы жерде аталғандардың барлық түрі табылғандар шыншылдықтың шарттарын толық орындағаны үшін «нағыз шыншыл—сыддиқ» деп аталады. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Әрдайым шыншылдыққа ұмтылыңдар. Өйткені шыншылдық ізгілікке, ал ізгілік жәннатқа жетелейді. Бір адам шыншыл болып, шыншылдыққа тырысса Аллаһтың алдында шыншыл болып жазылады***»,—деген **(әл-Бұхари, Муслим)**.

Біреу шындықты анықтай алмай оны іздеуде нәпсі қалауына ерместен Аллаһпен шыншыл болса, көбінесе Аллаһ оны ақиқатқа жеткізеді. Ал жете алмаса, Аллаһ оның үзірін қабылдайды.

Шыншылдықтың қарама-қайшы ұғымы—өтірік. Іштегі өтірік тілге шығып,

оны (тілді) бұзады. Одан соң денеге өтіп, амалдарын бүлдіреді. Оның тілдегі сөздерін бұзғаны секілді. Осылайша, өтірік кісінің сөздерін, амалдары мен іс-әрекеттерін қамтып, олардың бұзылуына дәнекер болады.

◗ **Махаббат (жақсы көру).** Иман рақатына Аллаһты, Пайғамбарды және мүміндерді жақсы көрудің арқасында жетуге болады. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кімнің бойынан мына үш қасиет табылса, иманның тәтті дәмін сезеді: «Аллаһ және Оның елшісін бәрінен де жақсы көрсе, біреуді жақсы көріп, оны тек Аллаһ үшін жақсы көрсе және күпірлікке, Аллаһ оны одан құтқарғанынан кейін қайтуын тозаққа лақтырылуын жақтырмағанындай жақтырмаса***»,—деген **(әл-Бұхари, Муслим)**. Егер жүректе махаббат «ағашы» отырғызылып, оны ықылас және Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) еру «суымен» суарса, ол «ағаш» Аллаһтың қалауымен әркез алуан түрлі жеміс береді.

**Махабаттың төрт түрі бар: 1)Аллаһты жақсы көру**. Бұл—иманның негізі. **2) Аллаһ үшін жақсы көріп**, Аллаһ үшін жек көру. Бұл мұсылмандар үшін уәжіп.[1] **3) Аллаһпен бірге басқаны жақсы көру**, яғни уәжіп болған махаббатқа басқа біреуді ортақ ету (мүшріктердің өздерінің жалған тәңірлеріне деген махаббатындай. Бұл—ширктің негізі); **4) Табиғи махаббат:** ата-ананы, балаларды немесе бір тағам түрін жақсы көрген секілді. Бұл махаббаттың рұқсат етілген түрі. Алайда нағыз мұсылман Аллаһты жақсы көрумен шектелмей, өзінің Аллаһтың махаббатына қаншалықты лайық екеніне көңіл бөледі. Аллаһ сені жақсы көруі үшін дүниеге қызықпауың керек. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Дүниеден бас тарт, сонда сені Аллаһ жақсы көреді***»,—деген **(Ибн Мәжаһ)**.

◗ **Тәуекел (Аллаһқа жүгіну).** Талап еткен нәрсеге жету және жақтырмаған нәрсені кетіру мақсатында жүректі Аллаһқа тапсырып, рұқсат етілген себептерді пайдалана отыра Оған жүгіну. Жүректі Аллаһқа тапсырмау тәухидтегі кемшілікті білдірсе, себептерді тастау әлсіздік пен жетесіздікті

---

[1] Жақсы көру және жек көру (әл-уәла уәл-бара) тұрғысынан адамдар үшке бөлінеді: **1)** Толық жақсы көруге тиісті адамдар, оларды жек көру мүмкін емес. Олар—пайғамбарлар және шыншылдар секілді, нағыз мүміндер. Олардың ең әуелгісі пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам), оның жұбайлары, қыздары және сахабалары. **2)** Бүтіндей жек көруге лайық болғандар. Олар кәпірлер, мүшріктер және мұнафиқтер. **3)** Шартты түрде жақсы көрілетіндер. Олар—мүміндер арасындағы күнәкарлар. Оларды имандары үшін жақсы көріп, істеген күнәларына бола жек көреміз. Кәпірлерді жақсы көріп, олармен достық қарым-қатынаста болудың екі түрі бар: **1)** Діннен шығуды міндеттейтін түрі, яғни олармен діндеріне бола дос болу. **2)**Шариғатта тыйым салынғанымен діннен шығармайтын түрі. Яғни олармен дүниелік себептер үшін дос болу. Көп адамдар кәпірлермен (әрине, қару ұстап соғысушы емес) көркем қарым-қатынаста болу мен оларды жек көріп, безінудің арасын ажырата білмейді. Алайда екі ұғымның айырмашылығы анық. Олармен әділетті болу, жақсы көрместен көркем мәміледе болу (әлсіздеріне жұмсақтық таныту сияқты), сыпайы болу, мейірім-жанашырлық таныту рұқсат етілген. Аллаһ тағала: **«*Дінге бола сендермен соғыспағандар мен сендерді үйлеріңнен қуып шығармағандарға жақсылық пен әділдік жасауды Аллаһ сендерге тыйым салмады*»**,—деген. Алайда оларды жек көру және жауласу басқа мәселе. Аллаһ оны бұйырып: **«*Ей, иман келтіргендер! Менің жауларым мен өз жауларыңды дос тұтып, оларды жақсы көруші болмаңдар*»**,—деді. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) мединелік яһудилермен мәміле құрғанын үлгі тұтып, оларды жек көре тұрып, қарым-қатынастарда әділ болудың оқасы жоқ.

білдіреді. Тәуекел іске кірісуден бұрын болады. Ол айқын сенімнің жемісі.

**Тәуекелдің үш түрі бар: 1) Уәжіп тәуекел:** Аллаһқа тек Оның өзі ғана жасай алатын нәрседе тәуекел ету (шипа беру, бақытты ету секілді); **2)Тыйым салынған тәуекел.** Ол екіге бөлінеді: **а)** Үлкен ширк. Ол дегеніміз— себептерге бүтіндей тәуекел ету және өздігінен пайда келтіріп, зиянды қайтара алады деп сену.[1] **ә)** Кіші ширк. Мысалы, ризық іздегенде бір кісіге оның осы іске тікелей әсер етпейтініне сеніп, бірақ ол адам ризық табудың тек бір себебі деген сенімінен артық жүгіну (алайда оның тікелей әсері бар деп сенсе, бұл тәуекел үлкен ширкке айналады). **3) Рұқсат етілген тәуекел.** Ол дегеніміз—сауда-саттық секілді өзі істей алатын жұмысты басқаға тапсырып, оған жүгіну. Мұндай жағдайда «Аллаһқа және саған тәуекел еттім» деп айтуға болмайды. «Бұл істі саған тапсырдым» деп айтқан жөн.

◗ **Шүкір ету (игіліктерге алғыс айту):** Аллаһтың пендесіне берген игіліктерінің жүректе иман, тілде мақтау, дене мүшелерінде ғибадат болып көрінуі. Шүкір көзделген нәрсе болса, сабыр оған жетудің құралы. Шүкір жүрек, тіл және дене мүшелері арқылы жүзеге асады. Шүкір етудің мән-мағынасы Аллаһтың берген игіліктерін Оған бойсұнуда қолдану.

◗ **Сабырлық (шыдамдылық):** Сынақ ауыртпашылығын Аллаһтан басқаға шағымдануды тәрк ету және оны Аллаһқа бағыттау. Аллаһ тағала: «***Сабырлыларға сауаптары есепсіз түрде толық беріледі***»,—деген (**Зумәр, 10**). Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кімде-кім сабырлы болуға тырысса, Аллаһ оны сабырлы етеді. Ешкімге сабырдан асқан қайырлы да, кең тарту берілмеген***»,—деген (**әл-Бұхари, Муслим**). Омар (Аллаһ оған разы болсын): «Қандай да бір сынаққа

---

[1] **Себептерді жасау тәуекелге қайшы келе ме?**

**Себептерді жасаудың бірнеше түрі бар: 1)** Жоқ нәрсені келтіру. Ол үшке бөлінеді: **а)** болуы анық себеп. Мысалы, балалы болу үшін алдымен үйлену. Бала тілеп, үйленбей жүру ақымақтық болып есептеледі. Бұл тәуекелге де жатпайды. **ә)** анық емес себеп, бірақ істер көбінесе онсыз жүзеге аспайды. Мысалы, жолаушының шөл далаға жолазықсыз шығуы. Бұл жағдайда азықты алмай кету тәуекел емес. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жолға шыққанда азық алып жүруді бұйыратын. Ол жол жүргенде өзімен бірге азық алатын және Мединеге һижра жасағанда жолсерік (жолды жақсы білген адамды) ертіп алған. **б)** нақты болмаса да, пайда тигізуі үміт етілген себептер. Мысалы, бір пайда түсіру үшін дәлдікті талап ететін есептерді жүргізіп, жоспар құру. Әлбетте, мұнда тәуекел бар. Керісінше, пайда түсіруді тастау—тәуекелге кереғар ұғым. Омар (Аллаһ оған разы болсын): «Нағыз тәуекелшіл адам дәнді жерге егіп, ол дәннің шығуын Аллаһқа тапсырған адам»,—деген. **2)** Бар нәрсені сақтаудағы тәуекел. Бір кісіде халал азық болып, оны кейінге сақтап қойса, бұл әрекеті тәуекелге қарсы емес, әсіресе, бала-шағалы, үйлі-баранды болса. Өйткені Аллаһтың елшісі бәну Назир тайпасының құрма ағаштарын сатып, үй-іші үшін бір жылдық азықтарын сақтап қоятын (**әл-Бұхари, Муслим**). **3)** Түспеген залалдың бетін қайтару. Тәуекел шарттарының ішінде зиян келтіретін себептерді тастау керек деген шарт жоқ. Мысалы, дулыға немесе сауыт кию, түйені байлап қою, (көлікке сигнализация орнату). Бұл жағдайда адам себептерге емес, себептерді пайда етуші Аллаһқа жүгініп, Аллаһтың қалағанына разы болады. **4)** Түскен зиянды қайтару. Бұл және үшке бөлінеді: **а)** Себептің анық болуы: мысалы, судың шөлді қайтаруы. Шөлдеген адамның су ішпеуі тәуекелге жатпайды. **ә)** ақылға сиятын, көбінесе пайдасы бар себеп: мысалы, денеден қан алдыру (хижама) және т.б. ем-дом шаралары. Бұл тәуекелге қайшы емес. Өйткені Расулуллаһ (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) өзі емделіп, бізге де емделуді бұйырған. **б)** Көбінесе пайдасы жоқ, пайда тигізуі екіталай болған себеп: мысалы, дені сау кезде және ауырмау үшін дене күйдіру емін қолдану. Бұл болса, тәуекелдің кемелдігін жоққа шығарады.

ұшырасам, Аллаһ тағала маған ол үшін төрт игілік беретін: егер дінімді сынамаса, ол сынақ үлкен болмаса, оның разылығынан мақұрым қалмасам, ол үшін сауап үміт етсем»,—деген.

**Сабыр дәрежелері:**

**Төмеңгісі**—шағымдануды жақтырмай (ұнатпаған түрде) тәрк ету.

**Ортаңғы дәреже—**шағымдануды ризалықпен тәрк ету.

**Жоғарғы дәреже**—өзіне келген сынаққа сабырлық қылып, шағымдануды Аллаһқа мақтаулар айта тәрк ету. Кімде-кім зұлымдыққа ұшырап, өзіне әділетсіздік (зұлымдық) еткенге теріс дұға жасаса және өзіне жақтасып хақысын қайтарса, сабыр еткенге жатпайды.

**Сабыр етудің екі түрі бар:** 1) Денемен сабыр ету (бұл жерде ол туралы айтылмайды); 2) Рухани сабыр, яғни табиғи қалаулар мен бұзық ойларға (яғни бос ойлардан пайда болған нәрселерге) сабыр ету.[1]

**Пенденің бұл дүниеде кездестіруі мына екі түрлі нәрсесіз болмайды:**

1) **Қалағанына сәйкес келетін нәрселер:** ол нәрселерде Аллаһтың хақысын орындау - шүкір ету және оларды күнәларға пайдаланбауда сабырды қажет етеді;

2) **Қалағанына қайшы келетін нәрселер. Оның үш түрі бар:** а) Аллаһқа бойсұнуда сабыр ету: мұнда парыз амалдарды орындау уәжіп болса, ал нәпілдерді орындау мұстахаб. ә) Аллаһтың тыйым салғанына сабыр ету. Ол кезде харам нәрселерден тыйылу уәжіп, мәкруһ нәрселерді тәрк ету мұстахаб. б) Аллаһтың жазған тағдырына сабыр ету: ол кезде тілді шағымданудан тыю, жүректі Аллаһтың тағдырына қарсылық және наразылықтан тыю және дене мүшелерін киімді жырту, өзін беттен ұру және т.б. Аллаһтың разы болмайтын әрекеттерден тыю уәжіп болады. Ал Аллаһтың тағдыр еткеніне жүрекпен разы болу мұстахаб.

**Шүкір етуші бай жақсы ма әлде сабыр етуші кедей жақсы ма?** Бай адам байлығын Аллаһқа бойсұну амалдарына жұмсаса немесе малын сол үшін сақтап қойса, кедейден артық болады. Ал егер жұмсағандарының басым бөлігі мубах, рұқсат етілген нәрселерде болса, онда кедей абзалырақ. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Тамақ ішіп, шүкір еткен (кісі) сабыр етіп, ораза ұстағанмен бірдей*»,—деген **(Ахмад)**.

◗ **Разылық** (разы болу). Бір нәрсені қанағат тұту, онымен шектелуді «қанағат» деп айтады. Разылықтың уақыты іс біткеннен кейін. Аллаһтың белгілегеніне разы болу—Аллаһқа жақындатылған пенделердің дәрежесі. Ол махаббат пен тәуекелдің жемісі. Аллаһтан жағымсыз нәрсені кетіруді сұрап дұға ету—разылыққа қайшы келмейді.

◗ **Хушуғ** (жан-тәнімен берілу) дегеніміз ұлықтау, өзін төмендету және көну.

---

[1] Егер сабыр қарын және жыныс мүшелерінің қалауынан болса, оны «**иффа**»—тартыну, ар-намысты сақтау; соғыстағы сабырлықты ерлік, батылдық, батырлық; ашуды басудағы сабырлықты «**хилм**»—байсалдық, байыптылық; егер елеулі нәрсені жасыруда болса, ол «китманус-сир»—сырды ашпау, егер артық қажеттіліктерге болса, оны «**зуһд**»—дүниеге қызықпағандық (тәркі дүниелік); дүниелік нәрселердің жетіспеушілігіне сабыр етуді—қанағатшылдық деп айтады.

Хузейфа (Аллаһ разы оған болсын): «Екіжүзділікпен хушуғ етуден қорқыңдар»,—дегенде, оған: «екіжүзділікпен хушуғ ету деген не?»—деген сұрақ қойылады. Сонда Хузейфа: «Дененің (Аллаһқа) берілген болып көрінгенімен, жүректің хушуғ етпегендігі»,—деген. Хузейфа (Аллаһ разы оған болсын) тағы бір сөзінде былай дейді: «Діндеріңнен ең алдымен жоғалтатындарың—хушуғ». Кез келген ішінде хушуғы бар ғибадаттың сауабы ондағы хушуғтың мөлшеріне қарай беріледі. Мысалы, намаз. Өйткені Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) намаз оқыған кісі туралы: «***Оған намазынан жартысы, төрттен бірі, бестен бірі ... оннан бірі ғана беріледі***»,—деген. Ал хушуғ мүлдем табылмаған жағдайда, оған оқыған намазынан ешбір сауабы болмайды.

◗ **Үміт** (жақсылықтан күдер үзбеу) деп Аллаһтың мейірімінің кең екеніне назар салуды айтады. Оның кереғар ұғымы—үмітсіздік. Үмітпен амал ету қорқынышпен амал етуден жоғары тұрады, өйткені ол Аллаһ туралы игі ойды (ізгі пікірді) қалыптастырады. Құдси хадисте Аллаһ тағала: «***Мен құлымның Мен туралы ойлағанындай боламын***»,—деген **(Муслим)**. Үміт етудің екі дәрежесі бар: **1) Жоғарғы дәреже**: амалды Аллаһтың сауабын үміт етіп жасау. Бірде Айша анамыз (Аллаһ разы оған болсын): «Ей, Аллаһтың елшісі! (Аятта) **«*Олар беретіндерін беріп, жүректерінде қорқыныш бар*»** **(Мүминун, 60)** дегені ұрлық, зина істеп және арақ ішіп, сонымен бірге Аллаһтан қорқатындар ма?»—деп сұрайды. Сонда Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Жоқ, ей Сыддиқтың қызы, олай емес. Алайда олар намаз оқып, ораза ұстағандар және садақа бергендер, соның өзінде Аллаһ олардан қабыл етпеуінен қорқатындар, олар «Жақсылықтарда басқалардан озғандар»***,—деген **(әт-Тирмизи)**.

**2) Төменгі дәреже:** Күнә жасап, тәубеге келген кісінің Аллаһтың кешірімін үміт етуі.

Ал күнәға қатып қалып (яғни күнәні ашық істеп жүріп), тәубе жасамай, Аллаһтың кешірімін үміт етуді үміт емес, бос дәме немесе негізсіз қиял, арман деп айтады. Демек, үміттің соңғы түрі даттаулы болса, алғашқысы мақтаулы даттау болып табылады.

**Мүмін адам қанша жақсылық істесе де, Аллаһтан қорқып жүреді.**

**Ал мұнафиқ, күнә істегеніне қарамастан, өзін қауіпсіздікте көреді.**

◗ **Қорқыныш (хауф)** дегеніміз—жағымсыз нәрсені күткенде көңілде пайда болатын уайым. Жағымсыз жағдайдың келуі анықталған жағдайда оны «әл-хашья» (білімге негізделген қауіп) деп айтады. Бұл ұғым үміттің қарама-қайшысы емес, негізінде ол сестен (үрейден) туындайды. Үміт болса, бір нәрсені қалау, оған ұмтылудан шығады. Әрбір мұсылманның бойынан махаббат, үміт және қорқыныш сезімдері табылуы керек. Ибн әл-Қайим: «Аллаһқа жол тұтқан жүрек бір құс секілді. Махаббат оның басы, қорқыныш пен үміт—қос қанаты. Қорқыныш жүрекке орныққан кезде ондағы шәһауат қалауларын өртеп, одан дүниені шығарып тастайды»,—деген. Уәжіп болған қорқыныш—адамды міндеттелгенді орындауға және тыйым салынғанды тәрк етуге итермелесе, мұстахаб қорқыныш—адамды мұстахаб амалдарды жасауға және шариғатта ұнамсыз есептелген мәкруһ амалдарды тастауға итермелейді.

**Қорқыныш түрлері**: **1)** Жасырын қорқыныш: Ол тек Аллаһқа ғана арналуы керек. Аллаһтан басқадан іштей қорқу, мысалы мүшріктердің пұттары бірер зиян келтіреді деп қорқу үлкен ширк амалдарына жатады. **2)** Харам етілген қорқыныш—адамдардан қорқып уәжіпті тәрк ету немесе харам істерді жасау.

**3)**Табиғи қорқыныш—адамның жыртқыш хайуандардан яки отқа күюден қорқуы.

◗ **Зуһд (тәркі дүниелік)—**бір нәрсе қалауды одан жақсысын қалауға бұру. Дүниеге қызықпау жүрек пен денені тыныктырады (рақатқа бөлейді). Керісінше, дүниені қалау уайым-қайғыны көбейтеді. Дүниеге деген махаббат (дүниеқұмарлық) бүкіл қателіктің басы, ал оны жек көру (қатты көңіл бөлмеу, елемеу)—адамды Аллаһқа бойсұндырады. Дүниеден безу дегеніміз—оны жүректен шығару. Дүниені қолдан шығарғанмен, жүректің оған байлануы—надандардың дүниебезерлігі, өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): ***«Игі байлықтың игі кісіде болғаны қандай жақсы!»***—деген **(Ахмад)**.

**Кедейдің байлықпен қатысты бес жағдайы болуы мүмкін:**

**1)** Дүниені алуды жек көріп, одан барынша аулақ болуы, оның жамандығынан және соған беріліп кетуден сақтануы. Бұл жағдайда болғанды «заһид» (дүниеге қызықпаушы) деп айтады. **2)** Мал тапқанына қуанбайды және оны қиналатындай дәрежеде жек көрмейді. Бұл кісіні «разы болушы» деп айтады. **3)** Байлықты қалағандықтан, бір кісіге оның бар болуы жоқ болғанынан жақсы көрінеді, алайда малды жақсы көргендігі оны талап етуде әлгі кісіні шектен шығармайды. Мал өзіне оңай жолмен келсе алады да, оны табуға біраз күш жұмсау керек болса, оған қатты тырыспайды. Бұл жағдайдағы кісіні «қанағатшыл» деп айтады. **4)** Мал талап етуді шарасыздығы себепті тәрк еткенмен, өзі соны қалап тұрады. Оны қолға түсірудің реті келсе, қиналып болса да, әрекет жасар еді. Ондайды «харис» (тырысушы) дейді.

**5)** Табуды көздеген малға мұқтаж болу, аштың тамақты, жалаңаштың киімді қажет еткеніндей. Ондай кісіні «мудтар» (мәжбүр, шарасыз) деп айтады.

# Өнегелі сұхбат

Абдуллаһ (араб тілінде Аллаһтың құлы) есімді адам Абдуннәби (араб. Пайғамбардың құлы) деген кісімен кездеседі. Абдуллаһ «Абдуннәби» деген есімді ішінен жақтырмай, «Есім құрастырғанда «Абд» сөзін Аллаһтан басқаға қалай тіркеді екен (немесе Аллаһтан басқаға қалай құл болады)?» деп ойлады. Содан Абдуллаһ Абдуннәбиге былай деп сөзін бастады:

**Абдуллаһ:** Сен Аллаһтан басқаға құлшылық қыласың ба?

**Абдуннәби:** Жоқ, мен Аллаһтан басқаға құлшылық қылмаймын. Мен мұсылманмын және ғибадатымды Аллаһқа ғана жасаймын.

**Абдуллаһ:** Олай болса, христиандардың атына ұқсаған мына есімің қызық екен. Христиандардың Исаға (аләйһис-сәләм) табынатыны әмбеге аян (бәрі біледі). Атыңды естіген адам ең алдымен сені Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) табынады деп ойлап қалады, алайда бұл мұсылманның Мұхаммед пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қатысты ақидасына жатпайды. Әрбір мұсылман Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Аллаһтың құлы әрі елшісі екеніне сенуі тиіс.

**Абдуннәби:** Мұхаммед пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) адамзаттың абзалы, елшілердің мырзасы емес пе? Біз бұл есімді Аллаһтан береке тілеп, Аллаһқа оның беделі мен құрметін дәнекер етіп жақындау мақсатында қоямыз, бұл үшін біз Пайғамбардан бізге шапағат етуін сұраймыз. Таң қалатындай дәнеңе де жоқ, менің бауырымның аты Абдул-Хусейн, ал одан бұрын әкемнің аты Абдуррасул. Осылай ат қою ертеден бері бар әрі ол адамдар арасында кеңінен тараған үрдіс. Біз ата-бабаларымыздың да осылай ат қойғанын білеміз, сондықтан мәселені қиындатпа, бұл оңай мәселе, ал дін жеңілдікті қалайды.

**Абдуллаһ:** Мына қатең алдыңғысынан да өрескел болып тұр. Ол—Аллаһтың ғана құдыреті келетін нәрсені Аллаһтан басқадан сұрау. Мейлі ол пайғамбар не әулие болсын. Мысалы, Хусейн (Аллаһ оған разы болсын) не одан басқадан еш нәрсе тілеуге болмайды. Бұл бізге бұйырылған тәухидке (Аллаһты бір деп білу іліміне) де, «Лә иләһа илләллаһ» куәлігінің мағынасына да қайшы келіп тұр.

Істің қаншалықты маңызды екенін, осы және осыған ұқсас есімдердің неге алып баратынын көрсету үшін саған бірқатар сұрақ қоямын. Менің ақиқатты түсіндіріп, оны ұстанудан, теріс жолдан сақтандырудан, жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтарудан басқа мақсатым да, көздегенім де жоқ. Мен Аллаһтан жәрдем сұрап, Оған ғана жүгінемін (тәуекел етемін), күш те, қуат та Аллаһтың қолдауымен болады. Бірақ одан бұрын саған Аллаһ тағаланың «***Негізінде, Аллаһқа және араларыңа үкім шығару үшін Оның елшісіне шақырылған кездегі мүміндердің сөзі «Естідік те, бойсұндық» болуы тиіс***» **(Нұр, 51)** және «***Бір нәрсеге тартысып қалсаңдар, оны Аллаһқа және Елшіге қайтарыңдар, егер Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген болсаңдар***» **(Ниса, 59)** деген аяттарын есіңе салғым келеді.

**Абдуллаһ:** Сен өзіңді тәухид ұстанамын, Аллаһтан басқа құдай жоқ екендігіне куәлік беремін дейсің. Ендеше, маған осы тәухидтің мағынасын түсіндіріп бере аласың ба?

**Абдуннәби:** Тәухид—Аллаһтың бар екендігіне сену, Ол аспандар мен жерді жаратты, жан беруші де, оны алушы да Ол, Ол бүкіл істерді басқарады. Ол ризық Беруші, бәрін Білуші, әр нәрседен Хабардар, әр нәрсеге күші Жетуші...

**Абдуллаһ:** Егер осы айтып отырғаның тәухид болса, онда Перғауын, оның қауымы, Әбу Жәһіл және олардан басқасы да Аллаһты бір деп білуші (муаххид) болар еді. Олар, мүшріктердің көбі тәрізді бұл мәселені жақсы білетін. Өзін құдаймын деп жариялаған Перғауын да Аллаһтың бар екенін, бүкіл болмысты басқарып тұрушы екенін іштей мойындап, сенетін. Оған дәлел: «***Олар (аяттарды) іштей сенгенмен, әділетсіздік етіп, менмендік танытып жоққа шығарды***» аяты **(Нәміл, 14)**. Бұл мойындау Перғауын суға батқан кезде айқын көрінген еді. Шын мәнінде, соған бола пайғамбарлар жіберіліп, кітаптар түсірілген және сол себепті соғыс жүргізілген (талай құрайыш өзара соғысқан), тәухид—Аллаһты құлшылықта бір деп білу, яғни құлшылықтың барлық түрлерін бір Аллаһқа арнау. Ал құлшылық (ғибадат) дегеніміз Аллаһ жақсы көрген әрі Өзі разы болған сөздер мен әшкере және жасырын амалдардың жалпы атауы. «Лә иләһә иллә Аллаһ» куәлігіндегі «иләһ» сөзі «Өзінен басқаға құлшылық жасалмайтын құдай, тәңір» деген мағынаны білдіреді. Сен пайғамбарлардың жер бетіне не үшін жіберілгенін білесің бе? Ең бірінші елші болып Нұх (аләйһис-сәләм) келген еді.

**Абдуннәби:** Ол мүшріктерді тек Аллаһқа ғана құлшылық етуге және басқаларды Оған серік етуден бас тартуға шақыру үшін келген.

**Абдуллаһ:** Нұх қауымының ширк жасаған себебін білесің бе?

**Абдуннәби:** Жоқ, білмеймін.

**Абдуллаһ:** Аллаһ тағала Нұхты (аләйһис-сәләм) оның қауымы Уад, Суағ, Яғус, Яғуқ және Нәсір есімді ізгі адамдарға қатысты шектен шыққанда елші етіп жіберген еді.

**Абдуннәби:** Сонда сен Уад, Суағ және тағы басқалары дінсіз қатыгездер емес, діндар, игі жақсы, түзу адамдар болған деп айтқың келе ме?

**Абдуллаһ:** Иә, олар Нұх қауымы құдайлар етіп алған ізгі адамдардың есімдері. Олардың бұл адасуына арабтар да ерді. Бұған дәлел ретінде Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен мына бір деректі келтіруге болады: «Нұх қауымында болған пұттар уақыт өте келе арабтарда көрініс тапты: Уадты Думата әл-Жәндәл деген жерде мекендеген Кәлб руы тұтынды. Һузейл руы болса Суағқа табынатын. Яғус алдымен Мурад руының, кейін Сәбәнің қасындағы әл-Жауфтегі бәну Ғұтайф руының пұты еді. Һәмәдандықтар Яғуққа табынса, Зул-Килағқа қарайтын Химярлықтар Нәсірге табынатын. Олар Нұх қауымында бір кезде өмір сүрген діндар адамдар еді. Қайтыс болғаннан соң шайтан Нұх қауымын азғырып, олардың мәжілістеріне белгі орнатуды және оны әлгілердің атымен атауды көкейіне салды. Олар осыны істеп әу баста табынбайтын еді. Алғашқылар дүниеден өткен соң ілім ұмытылып, оларға табыну етек алды» **(әл-Бұхари)**.

**Абдуннәби:** Бұл бір қызық әңгіме екен.

**Абдуллаһ:** Мен саған одан да қызығын айтып берейін. Сен Аллаһ тағаланың соңғы пайғамбары Мұхаммедті (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Аллаһтан кешірім сұрайтын, құлшылықтар жасап, Қағбаны айналатын, қажылық жасап садақа беретін, бірақ, сонымен қатар кейбір жаратылғандарды өздері мен Аллаһтың арасындағы дәнекерлер деп біліп: «Біз олардан өзімізді Аллаһқа жақындатуды және Оның

алдында періштелер немесе Иса (аләйһис-сәләм) не болмаса өзге игі жақсылар сияқты араша түсуін қалаймыз» дейтін бір елге жібергенін білуге тиіссің. Ол құрайыштарға Аллаһ тағаладан арғы аталары Ибраһимнің дінін жаңғыртушы ретінде келіп, мұндай жақындау және ұстанымның Аллаһқа ғана лайық екенін әрі ол нәрселер Аллаһтан басқаға жасалмайтынын, Аллаһтың ешбір серігі болмаған жалғыз ғана Жаратушы, Одан басқа ризық беруші жоқ екенін, жеті аспан мен ондағылар, жеті жер мен ондағылар Оның құлдары және басқаруы мен ырқында екенін, тіпті олар табынып, мойындаған пұттары да Оның иелігінде екенін хабарлады.

**Абдуннәби:** Бұл өте қауіпті де бір түрлі әңгіме. Бұған не дәлел келтіре аласың?

**Абдуллаһ:** Дәлел көп, солардың бірі—Аллаһтың: **«*(Ей, Мұхаммед! Олардан): «Сендерді көктен және жерден ризықпен қамтамасыз етіп жатқан кім? Немесе есту мен көруге ие болған кім? Өліден тіріні, тіріден өліні шығарушы кім және бүкіл істі басқарып тұрған кім?»—деп сұра. Олар: «Аллаһ»,—дейді. (Оларға): «Аллаһтан қорықпайсыңдар ма?»—де*»**,—деген аяты **(Юнус, 31)**. Келесі бір аятта: **«*Егер білсеңдер, жер беті және ондағылар кімдікі?»—деп сұра. Олар: «Аллаһтікі»,—дейді. «Енді үгіт алмайсыңдар ма?»—де! «Жеті аспанның Раббысы және ұлы Аршының Раббысы кім?»—деп сұра. Олар: «Аллаһ»,—дейді. (Оларға): «Қорықсаңдар қайтеді?»—де. «Әр нәрсенің билігі кімнің қолында? Егер білсеңдер, Өзі жар болып, ешкім Оған жар бола алмайтын (бәрін Өзі қамқорлығына алып, ешкім Оны қамқорлығына ала алмайтын) кім?»—де. Олар: «Аллаһ»,—дейді. «Енді қалай алданасыңдар?»—деп айт*»,—**деген **(Мүминун, 84-89)**.

Мүшріктер қажылық жасағанда: «Ей, Аллаһ! Міне, мен Сенің алдыңдамын. Мен Сенің алдыңдамын, Сенің серігің жоқ, тек Өз серігіңнен басқа. Сен оған Иесің, бірақ ол ешнәрсеге ие емес» деп тәлбия да айтатын. Құрайыш мүшріктері Аллаһтың бүкіл болмысты басқарушы екенін мойындайтын. Алайда «рубубия тәухиді» оларды Исламға кіргізбеді. Олардың періштелерден, пайғамбарлардан және әулиелерден шапағат тілегені әрі Аллаһқа осы арқылы жақындағаны оларды мүшріктік сипаттарынан арылтпады. Сондықтан барлық дұғалар, нәзірлер, мал сою, көмек тілеу және құлшылықтың барлық түрлері Аллаһқа ғана арналуы керек.

**Абдуннәби:** Егер тәухид сен айтып тұрғандай Аллаһтың бар екенін және Ол бүкіл болмысты басқаратынын мойындау болмаса, онда оны қалай түсіндіресің?

**Абдуллаһ:** Соған бола елшілер жіберіліп, мүшріктер мойындаудан бас тартқан тәухид—Аллаһты құлшылықта бір деп білу. Дұға, нәзір, мал сою, құтқару тілеу, көмек сұрау және т.б. құлшылық түрлерінен ешқайсысын Одан басқаға арнамау. «Лә иләһә илләллаһ» деп айтқан сөзіңнің мағынасы да осы. Құрайыштардың түсінігі бойынша, «Иләһ» (құдай) осы құлшылықтарда мақсат тұтылатын нәрсе. Мейлі періште, мейлі пайғамбар немесе әулие, ағаш, қабір не жын болсын. Құлшылық жасағанда олар «Иләһтың» (құдайдың) Жаратушы, ризық Беруші, бүкіл болмысты Басқарушы деп білмейтін, жоғарыда айтылғандай, олар бұл нәрселердің онсыз да Аллаһқа тән екенін

білетін. Пайғамбар (саллаллаху ъәләйһи уа саллам) келіп, оларды тәухид кәлимасы «Лә иләһә илләллаһ» сөзіне, оны құр сөз жүзінде айтпай, іс жүзінде орындауға шақырды.

**Әбдуннәби:** Сонда сен құрайыш мүшріктері «Лә иләһә илләллаһ» мағынасын қазіргі мұсылмандардан да жақсы білген деп айтқың келе ме?

**Абдуллаһ:** Иә, бұл шынымен де солай. Сол кездегі надан дінсіздер Пайғамбардың (саллаллаху ъәләйһи уа саллам) бұл сөзбен меңзеп тұрғаны Аллаһтың құлшылықтағы бірлігі және Одан басқа құлшылық қылынатындарға қарсы болып, олардан безіну екенін түсінген. Өйткені Пайғамбар (саллаллаху ъәләйһи уа саллам) оларға «Лә иләһа илләллаһ» сөзін айтуды ұсынғанда, олар: **«*Құдайларды бір-ақ құдай еткені ме? Әлбетте, бұл қызық бір нәрсе екен*»** (Сад, 5) деді. Сонымен бірге, олар Аллаһтың бүкіл болмысты басқаратынын мойындайтын еді. Надан дінсіздердің осыны түсініп, өзін мұсылманмын дегендердің осындай ап-анық шындықты түсіне алмауы таңғаларлық емес пе? Тіпті замандастарымыздың көбі бұл сөздің қамтыған мазмұнына жүрекпен сенбей, оны тек тілмен ғана айту деп ойлайды. Солардың ішінен зерек болғандары «Аллаһтан басқа жаратушы да, ризық беруші де, істі басқарушы да жоқ» деп ойлайды. Өзін мұсылман санап, «Лә иләһа илләллаһ» куәлігінің мағынасын надан әрі дінсіз құрайыштар құрлы білмеген адамнан не қайыр?

**Абдуннәби:** Мен Аллаһқа серік қоспаймын, керісінше Одан басқа жаратушы, ризық беруші, пайда тигізіп, зиян келтіретін ешкімнің жоқ екеніне куәлік беремін және Әли, Хасан, Хусейн, Абдулқадыр тағы да басқалар тұрмақ, пайғамбарымыз Мухамметтің (саллаллаху ъәләйһи уа саллам) өзі не пайда, не зиян келтіре алмайтынына куәлік беремін. Бірақ мен күнәкармын, ал олардың Аллаһтың алдында беделі бар, мен олардан сол беделдеріне бола маған Аллаһтың алдында шапағат етуін сұраймын.

**Абдуллаһ:** Жоғарыда айтылғандарға қатысты саған жауап берейін. Пайғамбардың (саллаллаху ъәләйһи уа саллам) соғысқан қарсыластары сен айтқанды мойындайтын және өз пұттарының қолынан түк келмейтініне келісетін. Олар бар болғаны пұттардың беделі мен шапағатын меңзейтін. Бұған қатысты Құран дәлелдерін жоғарыда келтіргенбіз.

**Абдуннаби:** Алайда бұл аяттар пұтқа табынатындар туралы түскен, енді пайғамбарлар мен әулиелерді қалайша пұттарға теңейсің?

**Абдуллаһ:** Жоғарыда біз кейбір пұттардың, Нұхтың (аләйһис-сәләм) заманындағыдай, ізгі адамдардың атымен аталған деп келістік. Кәпірлер пұттардан Аллаһтың алдында шапағат етуінен басқасын қаламайтын және сол пұттардың Аллаһтың қасында беделі бар деп сенетін. Оған дәлел Аллаһ тағаланың: **«*Аллаһтан басқаны қамқоршы етіп алғандар «Біз оларға бізді өз беделдерімен Аллаһқа жақындатуы үшін ғана құлшылық қыламыз» (дейді)*»** деген аяты (Зумар, 3). Ал пайғамбарлар мен әулиелерді пұттарға теңеуің қалай деген сұрағыңа келсек, айтарым: өздеріне Мұхаммед (саллаллаху ъәләйһи уа саллам) пайғамбар болып жіберілген кәпірлердің арасында әулиелерге табынатындар бар еді. Олар туралы Құранда:**«*Олардың (көмекке) шақырғандарының өзі басқалардан озып кетпекші болып, Аллаһқа жақындау жолдарын іздейді.*

***Олар Раббыларының мейірімін үміт етіп, азабынан қорқады. Раббыңның азабы қорқуға тұратын (азап)!*»** делінген **(Исра, 57)**. Сонымен қатар кейбіреулер Иса мен оның анасына табынса, ендібіреулері періштелерге сыйынатын. Аллаһ тағала: **«*Ол кезде Аллаһ: «Ей, Иса! Адамдарға мені және анамды құдай тұтыңдар» деген сенсің бе?*»** **(Мәида, 116)** және **«*...олардың барлығын жинайды да, періштелерге: «Сендерге құлшылық қылған осылар ма?—деп айтады*»** **(Сәба, 40)**,—дейді. Осы аяттарға қарасақ, Аллаһ тағала онда пұттарды көздегендерді қалай кәпірге шығарса, пайғамбарлар, періштелер мен әулиелерді көздегендерді де дәл солай кәпірге шығарған. Сондай-ақ Пайғамбар (**саллаллаху ъаләйһи уа саллам**) да олармен соғысып, олардың арасын ажыратпаған еді.

**Абдуннәби:** Кәпірлер олардан пайда келтіруін тілейтін, ал мен болсам пайда келтіруші, зиян тигізуші, барлық нәрсені басқарушы Аллаһ екеніне куәлік беремін әрі осыны тек Аллаһтан сұраймын. Ізгілер (әулиелер) бұл істерге араласа алмайды, бірақ мен олардың Аллаһтың алдында мен үшін шапағат етуін сұраймын.

**Абдуллаһ:** Бұл сөзің кәпірлердің сөзімен дәлме-дәл келіп тұр. Ол туралы Аллаһ тағала: **«*Олар Аллаһтан басқа өздеріне не зиян, не пайда келтіре алмайтын нәрселерге сыйынып, «Олар—біздің Аллаһтың алдындағы шапағатшыларымыз» дейтін*»**,—деген (Юнус, 18).

**Абдуннәби:** Бірақ мен Аллаһтан басқаға құлшылық қылмаймын. Алайда олардан көмек сұрап, дұға жасауым құлшылық емес қой?!

**Абдуллаһ:** Маған мынаны айтшы, сен Аллаһтың құлшылықты тек Өзіне арнауды бұйырғанын мойындайсың ба? Ол сенің Аллаһтың алдындағы міндетің. Бұл туралы Құранда: **«*Олар тура жолдан ауытқымай, амалдарында Аллаһқа ықыласы болып құлшылық етуге бұйырылды*»** деген (Бәйина, 5).

**Абдуннәби:** Иә, ол маған осыны парыз етті.

**Абдуллаһ:** Онда маған Аллаһтың өзіңе парыз еткенін түсіндіріп берші, ол құлшылықтағы ықылас емес пе?

**Абдуннәби:** Бұл сұрақпен не айтпақшы екеніңді түсіне алмадым. Оны өзің түсіндіріп берші.

**Абдуллаһ:** Рұқсат етсең, саған түсіндіріп көрейін. Аллаһ тағала: **«*Раббыларыңа бойсұна жасырын түрде дұға қылыңдар, өйткені Ол шектен шыққандарды жақсы көрмейді*»**,—деді (Ағраф, 55). Дұға құлшылық па, жоқ па?

**Абдуннәби:** Иә, хадисте: *«**Дұға—құлшылықтың дәл өзі**»* деп айтылғанындай (Әбу Дауд), әрине, ол—құлшылықтың негізі.

**Абдуллаһ:** Егер дұғаны құлшылық деп мойындасаң және Аллаһқа күндіз-түні Одан қорыққан және үміт еткен түрде бір қажетіңді тілесең, одан соң бұл қажетіңді пайғамбардан, періштеден немесе қабірде жатқан бір әулиеден сұрасаң, бұл құлшылыққа Аллаһпен қатар басқаны ортақ қыласың ба?

**Абдуннәби:** Олай болса, оны Аллаһқа ортақ қылған боламын. Бұл дұрыс әрі анық сөз.

**Абдуллаһ:** Саған тағы бір мысал келтірейін. Егер де Аллаһтың **«*Раббың үшін дұға қыл және мал сой*»** (Кәусар, 2) деп айтқан аятын білсең және Аллаһтың осы бұйрығына бағынып, Оған арнап құрбандық шалсаң, шалған

құрбандығың Аллаһқа арналған ғибадат па, ғибадат емес пе?

**Абдуннәби:** Әлбетте, ғибадат.

**Абдуллаһ:** Аллаһпен қатар бір жаратылған пайғамбарға немесе жынға, не болмаса олардан басқаға құрбандық шалсаң, бұл құлшылыққа Аллаһтан басқаны серік еткен боласың ба?

**Абдуннәби:** Иә, әлбетте бұл ширк.

**Абдуллаһ:** Мен саған мысал ретінде дұға мен құрбандықты келтірдім. Өйткені дұға тілмен жасалатын құлшылық болса, құрбандық іс жүзінде жасалатын құлшылықтың негізгісі. Алайда құлшылық бұл екеуімен шектелмейді, ол одан да ауқымды ұғым. Оған нәзір айту, ант беру, пана сұрау, көмек тілеу және тағы басқа да амалдар жатады. Бірақ өздері жайлы Құран түскен мүшріктер періштелерге, ізгі адамдарға, Лат және одан басқа пұттарға табынды ма жоқ па?

**Абдуннәби:** Иә, олар табынатын еді.

**Абдуллаһ:** Олардың жалған құдайларға арнаған дұғалары, нәзір айтулары, пана сұрап, көмек тілеуі құлшылық емес пе? Әйтпесе, олар да өздерін Аллаһтың құлдары және Оған бағыныштты екенін, Аллаһ бүкіл істерді басқарушы екенін мойындайтын. Бірақ олар беделдері мен араға түсуін (шапағатын) көздеп дұға жасап жалбарынатын. Бұл анық көрініп тұр.

**Абдуннәби:** Ей, Абдуллаһ! Сен Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) шапағатын жоққа шығарып одан безіп тұрған жоқсың ба?

**Абдуллаһ:** Жоқ, мен оны жоққа шығармаймын және одан безбеймін де. Керісінше, Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) шапағат етуші әрі шапағат ету құқығына ие болушы, сондай-ақ мен де оның шапағатын үміт етемін. Алайда Аллаһ: «***Барлық шапағат Аллаһқа тән***» демекші (Зумар, 44), біреуді шапағатқа бөлеу—Аллаһтың ғана ісі. Шапағатты Аллаһ рұқсатын берген адам ғана жасай алады. Ол туралы Аллаһ: «***Оның алдында Оның рұқсатынсыз кім шапағат ете алады?***»—деген (Бақара, 255). Сондай-ақ бір кісіге шапағат етілуін де рұқсат ету керек. Құранда: «***Әрі олар (Аллаһ) разы болғандарға ғана шапағат ете алады***» деген (Әнбия, 28). Аллаһ болса, тәухидты ұстанғандардан ғана разы болады. Ол туралы Аллаһ: «***Кімде-кім Исламнан басқа (дінді) қаласа, одан (амалдары) қабыл болмайды әрі ол ақыретте зиян шегушілерден болады***»,—деген (Әлі Ғымран, 85). Егер шапағат бүтіндей Аллаһқа тән болса, әрі Оның рұқсат бергенінен кейін ғана жасалса, Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) да, басқалар да тек Ол рұқсатын бергендерге ғана шапағат қыла алса, әрі олар тек тәухид иелеріне шапағат ете алса, біз шапағаттың бүтіндей Аллаһқа тән екенін түсінеміз де, оны Аллаһтан ғана тілеп: «Ей, Аллаһ! Мені Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) шапағатынан мақұрым қалдырма» немесе: «Ей, Аллаһ! Маған Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) шапағатын нәсіп ет!»—дейміз.

**Абдуннәби:** Біреуден иелігінде жоқ нәрсені тілеуге болмайды деп келіскен едік. Бірақ Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) шапағат ету құқығын Аллаһтың Өзі берді. Шапағат кімге берілсе, сол оған ие болады. Демек, одан өзі ие болған

нәрсені тілеуге болады әрі ол ширкке жатпайды.
**Абдуллаһ:** Иә, егер де Аллаһ: **«Аллаһпен қатар басқаны (көмекке) шақырма»,—**деп, тыйым салмағанда бұл сөзің дұрыс болар еді. Ал шапағат сұрау—дұға. Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) шапағат ету құқығын беруші Аллаһ әрі сол Аллаһ саған Өзінен басқа кімнен болса да сұрауға тыйым салды. Шапағат ету құқығы Пайғамбардан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) басқаларға да берілген. Мысалы, періштелер, балиғат жасына жетпей қайтыс болған сәбилер, әулиелер шапағат етеді. Енді келіп, Аллаһ бұларға шапағат құқығын берді деп, солардан шапағат етуін сұрайық па? Егер осылай айтсаң, Аллаһ Өз кітабында айтқан ізгілерге құлшылық жасауға қайтқан боласың, ал егер «жоқ» десең, «Аллаһ біреуге шапағат етуді берсе, мен шапағатты содан тілеймін» деген сөзің бекер болып шығады.
**Абдуннәби:** Мен Аллаһқа ешкімді серік етіп қоспаймын. Әулиелерден көмек сұрау ширк емес.
**Абдуллаһ:** Сен Аллаһтың ширкті тыйым салып, оны зинадан да ауыр күнә еткенін және оны ешқашан кешірмейтінін мойындайсың ба?
**Абдуннәби:** Әлбетте, мойындаймын. Бұл туралы Құранда ап-анық айтылған.
**Абдуллаһ:** Қазір сен өзіңнен Аллаһ тыйым салған ширкті жоққа шығардың. Енді Аллаһ үшін сұраймын, сен жасамаған және өзіңнен жоққа шығарған Аллаһқа ортақ қосу не екенін түсіндіріп берші?
**Абдуннәби:** Ширк дегеніміз пұттарға табыну, оларға жалбарыну, көмек сұрау, олардан қорқу.
**Абдуллаһ:** «Пұттарға табынудың» мағынасы не? Сонда сен құрайыштар өздері табынған ағаштар мен тастардың жаратушы, ризық беруші, өзіне дұға жасағандардың ісін жүргізуші екеніне сенген деп ойлайсың ба? Өзің айтқандай, олар бұған сенбеген еді.
**Абдуннәби:** Жоқ, әрине, мен де олай ойламаймын. Керісінше, кімде-кім бір ағашты не тасты не күмбезді немесе басқаны мақсат тұтып, одан қажетін сұраса не оған арнап мал сойса және «ол бізді Аллаһқа жақындатады» немесе «Аллаһ бізден оның құрметіне бәлені қайтарады» деп сенсе, менің айтпақ болған, пұттарға құлшылық ету дегеніміз міне осы.
**Абдуллаһ:** Дұрыс айтасың, бірақ сендердің молалар мен күмбездердің қасында істейтіндерің осы емес пе? Сондай-ақ сен ширк пұттарға табыну дедің. Сонда сеніңше ширк оны істейтін адамдарға ғана қатысты ма? Ал әулиелерге жүгініп, олардан жәрдем сұрау ширк ұғымына кірмей ме?
**Абдуннәби:** Иә, мен осыны меңзегенмін.
**Абдуллаһ:** Олай болса, Аллаһтың пайғамбарлар мен ізгілерге жүгінуді және періштелерге байлануда тыйым салған әрі олай істегендерді кәпірге шығарған көптеген аяттарын қайтеміз? Жоғарыда оларды дәлел ретінде келтіріп едім.
**Абдуннәби:** Бірақ періштелер мен пайғамбарларды көмекке шақырғандар бұл себепті діннен шықпады, олар «Періштелер— Аллаһтың қыздары», «Иса—Аллаһтың ұлы» деп айтқаны үшін кәпір болды, ал біз болсақ, «Абдулқадыр—Аллаһтың ұлы» немесе «Зейнеп—Аллаһтың қызы» деп айтпаймыз ғой!

**Абдуллаһ:** «Аллаһтың баласы бар» деген сөзге келсек, ол өз алдына бөлек бір күпірлік. Аллаһ тағала «Ихлас» сүресінде Өзі туралы: «***(Ей, Мұхаммед! Оларға): Ол Аллаһ жалғыз. Аллаһ (ештеңеге) мұқтаж емес. Ол тумаған әрі туылмаған. Оның еш серігі (теңдесі) жоқ» деп айт***»,—деген. Кімде-кім сүренің соңында айтылғандай, Аллаһтың теңдесі жоқ екенін мойындамаса да, бірақ «Оның баласы бар» десе кәпір болады. Сонымен бірге Аллаһ тағала: «***Аллаһ ешбір баланы иемденбеген әрі Онымен қатар ешбір құдай болған емес. Олай болғанда әрбір құдай өзі жаратқанымен кетіп қалып, олар бір-бірінен жоғары болуға тырысар еді***» (Мүминун, 91),—деп, күпірліктің екі түрін ажыратты. Осыған тағы бір дәлел келтірсек, әл-Латқа табынып кәпір болғандар, ол (әл-Лат) ізгі адам болса да, оны Құдайдың баласы деп айтпаған. Жындарға табынған кәпірлер де олар туралы бұйтіп айтпаған. Дәл солай төрт мәзһабтың ғалымдары да «Муртад үкіміне» қатысты тарауларда «бір мұсылман Аллаһтың баласы бар деп ойласа, діннен шығады және біреуді Аллаһқа серік етсе де, діннен шығады» деп, күпірліктің екі түрін ажыратады.

**Абдуннәби:** Алайда Аллаһ тағала: «***Біліңдер, Аллаһтың достарына (әулиелерге) қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды***» (Юнус, 62),—деген жоқ па?

**Абдуллаһ:** Біз де осының шын екеніне сенеміз және осы пікірді ұстанамыз, бірақ оларға құлшылық жасамаймыз. Біз тек оларға құлшылық жасауды немесе оларды Аллаһқа серік етіп қосуды жоққа шығарамыз. Әйтпесе, оларды жақсы көру әрі оларға ілесу, олардың кереметтерін мойындау бәрімізге де міндет. Әулиелердің кереметтерін бидағатшылар ғана мойындамайды. Аллаһтың діні осы екі тараптың арасын ұстауды үндейді. Тура жол екі адасушылықтың ортасында болса, шындық екі жалғанның арасында.

**Абдуннәби:** Өздеріне қатысты Құран түскендер Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне куәлік бермейді, олар Пайғамбарды өтірікші деп біледі, қайта тірілуді жоққа шығарады. Олар Құранды өтірік санайды әрі оны жалған (сиқырлық) деп біледі. Біз болсақ, Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне куәлік береміз, Мұхаммедті (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Оның елшісі деп білеміз, Құранның рас екенін мойындап, қайта тірілетінімізге сенеміз, намаз оқып, ораза ұстаймыз, енді қалайша сендер бізді оларға теңейсіңдер?

**Абдуллаһ:** Бір адам Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жеткізген хабарлардың біріне сеніп, енді бірін өтірік деп білсе, ол Исламға кірмеген, кәпір екендігіне ғалымдар арасында ешқандай да келіспеушілік жоқ. Сол секілді Құранның бір аятына сеніп, екіншісін жоққа шығарса, Аллаһтың бір екендігін мойындап, намазын жоққа шығарған немесе тәухид пен намазды мойындап зекетті, немесе осының барлығын мойындап оразаны жоққа шығарса, не болмаса осының барлығын мойындап қажылықты жоққа шығарса дәл сондай болады. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) кезінде адамдар қажылық парызына жеңіл қарай бастағанда Аллаһ тағала: «***Адамдар міндетінде жол жүруге шамасы келгендердің Аллаһ үшін Қағбаға қажылық жасау бар, ал кім қарсы келсе, Аллаһ барлық әлемдерден де бай***»,—деген (Әлі Ғымран, 97). Сол секілді бір адам ақыреттегі қайта тірілуді жоққа шығарса, ижмағ бойынша діннен шығады.

Сондықтан Аллаһ тағала Өз кітабында Құранның бір бөлігіне сеніп, басқа бір бөлігіне сенбесе, нағыз кәпір болады деп анық айтқан. Ол бізге дінді толық ұстануды бұйырды. Кімде-кім діннің бір бөлігін ұстанып, басқа бір бөлігін тәрк етсе, ол да кәпір болады. Енді сен діннің бір бөлігіне сеніп, басқа бір бөлігіне сенбеген адамның кәпір екенін мойындайсың ба?

**Абдуннәби:** Иә, мен бұны мойындаймын. Ол туралы Құранда анық айтылған.

**Абдуллаһ:** Егер сен Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) əкелген хабарларын рас деп біліп, намаздың парыз екенін жоққа шығарған адамның; немесе барлық нәрселерді мойындап қайта тірілуді жоққа шығарған адамның барлық мәзһабтардың бірауызды келісімі бойынша кәпір екенін мойындасаң және жоғарыда айтылғандай бұл туралы Құранда да айтылған десең, тәухидтың Аллаһ елшісі (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) бізге жеткізген ең ұлы парыз екенін де біл. Ол намаздан, зекеттен және қажылықтан да ұлы парыз. Егер адам Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) жеткізген нәрселердің барлығын орындап, сол міндеттердің бірін жоққа шығарса кәпір болып, барлық пайғамбарлардың ортақ діні болған тәухидті жоққа шығарса кәпір болмайды ма? Бұдан өткен надандықты кім көрген? Сондай-ақ сен Пайғамбар (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) сахабаларының Ямамада бәну Ханифа адамдарымен соғысқанын есіңе алшы! Олар (бәну Ханифа адамдары) Пайғамбармен (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) бірге иман келтіріп, «Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Оның елшісі» деп куәлік берген еді. Олар намаз оқып, азан айтатын еді.

**Абдуннәби:** Бірақ олар Мусәйләманың пайғамбар екеніне куәлік берген. Біз болсақ, Мұхаммедтен (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) кейін пайғамбар болмайды дейміз.

**Абдуллаһ:** Алайда сендер пайғамбарлардан, періштелерден және сахабалардан кейбір ізгілерді аспандар мен жердің Иесі дәрежесіне көтеріп жібересіңдер. Егер біреуді пайғамбар дәрежесіне көтерген адам діннен шығып әрі оған куәлігі мен намазы пайда бермесе, біреуді Аллаһ дәрежесіне көтеру одан да ауыр. Сондай-ақ Әли (Аллаһ оған разы болсын) отқа жаққандар да сол сияқты. Барлығы да өздерін мұсылман дейтін. Олар Әлидің (Аллаһ оған разы болсын) ізбасарлары болып, сахабалардан білім алған еді. Бірақ Әлиге қатысты сенімдері қазіргілердің Абдулқадырға және одан басқаларға сенгендеріне ұқсайды. Сонда сахабалар оларды күпірлікке шығаруға және олармен соғысуға қалай бірауыздан келіседі? Яки сен сахабалар мұсылмандарды кәпірге шығарады деп ойлайсың ба? Немесе әулиесымақ бәдәуиге және басқаларға қатысты сенімдерінің зияны жоқ, ал Әлиге қатысты сенім діннен шығарады дейсің бе?

**Мынандай сөз бар:** Егер бұрыңғылар ширкпен қатар Пайғамбар және Құранды, сондай-ақ қайта тірілуді және т.б. өтірікке шығарғаны үшін кәпір болса, онда барлық мәзһабтардың ғалымдары айтқан «Муртад үкіміне» қатысты тараулардың мағынасы не? Муртад—исламды қабылдағаннан кейін кәпір болған мұсылман. Сонан соң ғұламалар көптеген нәрселерді атап өтті. Оның әрқайсысы соны істегенді діннен шығарады, соның ішінде олар ескеріп кеткен жеңіл нәрселер де бар. Мысалы, Аллаһқа ашуланғанын білдіретін сөздер; егер оны жүректен емес, тек аузымен немесе ойнап не қалжыңдап

айтса, діннен шығады деген. Сондай кісілер туралы Аллаһ тағала: «*Оларға: «Сендер Аллаһты, оның аяттарын және елшісін мазақ қыласыңдар ма? Үзір айтпай-ақ қойыңдар, сендер имандарыңнан кейін кәпір болдыңдар» де*»,—деген (Тәубе, 65-66). Аллаһ олардың иман келтіргендерінен кейін кәпір болғаны жайлы ап-анық айтты. Олар Пайғамбармен (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бірге Тәбук жорығына шыққандар тұғын, қалжыңдап бір сөз айтқан еді. Тағы да бір сөз бар: Аллаһ тағаланың өздері мұсылман, өздері білімді де ізгі исраилдіктер туралы олардың Мұсаға **«Бізге құдай жасап бер»** дегенін айтты. Дәл солай Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) кейбір сахабалары да: «Бізге Зат әл-Ануат жасап бер» деп өтінген еді. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ант етіп, олардың бұл сөзінің әлгі исраилдіктердің **«Олардың құдайларындай бізге де құдай жасап бер»** деген сөзіне ұқсайтынын айтқан еді.

**Абдуннәби:** Бірақ Бәну Исраилдер және Пайғамбарымыздан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) өздеріне Зат әл-Ануат жасап беруді сұрағандар бұл әрекеттері үшін діннен шықпаған еді.

**Абдуллаһ:** Исраилдіктер мен Пайғамбардан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) әлгі нәрсені сұрағандар оны жасамады. Егер жасаса, діннен шығар еді. Егер тыйым салынғаннан кейін олар Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бойсұнбай, Зат әл-Ануатты берекелі ағаш етіп алғанда діннен шығар еді.

**Абдуннәби:** Менің тағы да бір түсінбеген жерім бар. Ол «Лә иләһа илләлаһ» деп айтқан кісіні өлтірген Усама ибн Зейд (Аллаһ оған разы болсын) оқиғасы. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оның бұл әрекетіне наразылық білдіріп: «***Ей, Усама! Сен оны «Лә иләһа илләллаһ» деп айтқанынан кейін өлтірдің бе?***»—деген (әл-Бұхари). Сол сияқты Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Маған адамдармен «Лә иләһа илләллаһ» деп айтқандарына дейін соғысу бұйырылған***»,—деді (Муслим). Сенің айтқаның мен осы екі хадисті қалай ұштастыруға болады? Маған түсіндіріп берші, Аллаһ сенен разы болсын!

**Абдуллаһ:** Бізге Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) «Лә иләһа илләллаһ» деген яһудилермен соғысып, оларды тұтқынға алғаны мәлім. Сахабалар да «Лә иләһа илләллаһ, Мухаммадун расулуллаһ» куәлігін беріп, намаз оқыған бәну ханифалықтармен соғысқанын білеміз. Дәл солай Әли де (Аллаһ оған разы болсын) өзіне табынғандарды отқа жағып жіберген еді. Сен «Лә иләһа илләллаһ» куәлігін айтқанымен, қайта тірілуді жоққа шығарғанның діннен шығатынын және өлтірілуі халал болатынын мойындайсың ғой! Ислам тіректерінің бірін жоққа шығарған адам куәлікті айтса да діннен шығып, өлтірілді. Сонда тармақты бір мәселені жоққа шығарғанға куәлігі пайда бермей, пайғамбарлар жеткізген діннің негізі әрі ең маңызды мәселесі болған тәухидті жоққа шығарғанға (куәлігі) пайда береді ме? Сен жоғарыдағы хадистердің мағынасын жете түсінбеген сияқтысың.

Усама хадисіне келетін болсақ, ол өзін мұсылманмын деп жар салған кісіні өлтірген. Өйткені оның ойынша әлгі кісі куәлікті малы мен жанын сақтап қалу үшін айтқан. Өзін мұсылман көрсеткен кісіге жағдайының теріс екендігі анықталмайынша тисуге болмайды. Өйткені Аллаһ тағала: «*Ей,*

***иман келтіргендер! Қашан Аллаһ жолына шықсаңдар анықтаңдар*»,— деген (Ниса, 94). Бұл аят ондай кісілерге тиіспей, жағдайларын анықтаудың уәжіп екенін көрсетеді. Қашан жағдайының Исламға теріс екені анықталса ғана өлтіріледі. Егер өлтірілмейтін болғанда жағдайын анықтаудың пайдасы болмас еді. Екінші хадисті алсақ, мағынасы жоғарыда айтқанымыздай: кімде-кім өзін тәухидті ұстанған мұсылман екенін көрсетсе, оған тиісуге болмайды. Бірақ осыған қайшы жағдайлар байқалса ғана оның жөні бөлек. Бұған дәлел Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) «***Сен оны «Лә иләһа илләллаһ» деп айтқаннан кейін өлтірдің бе***» деп айтуы (әл-Бұхари) және «***Мен адамдармен олар «Лә иләһа илләллаһ» деп айтқандарына дейін соғысуға бұйырылдым***» дегені (Муслим). Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) хауариждерге қатысты: «***Олармен қай жерде кездессеңдер де өлтіріңдер***»,—деген (әл-Бұхари). Олар ғибадаты көп, тәһлилді көп айтқан болса да, сахабалар оларды көргенде өз амалдарын кем көрсе де, білімді сахабалардан алса да, «лә иләһа илләллаһ» деп айтқандары, ғибадаттарының көптігі және өздерін мұсылман санағандығы олардан шариғатқа қайшы әрекеттері байқалғанда өлтірілулеріне еш кедергі болмады.

**Абдуннәби:** Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Адамдар Қиямет күні Адам атадан, кейін Нұхтан, кейін Ибраһимнен, кейін Мұсадан, ақырында Исадан көмек сұрайды. Барлығы сылтауларын айтып, соңында Мұхаммедке келеді»,—деп айтқанын қалай түсіндіресің? Бұл хадис бойынша Аллаһтан басқадан көмек сұрау ширк емес.

**Абдуллаһ:** Бұл сенің мәселені араластырып алғаның. Тірі, қасында тұрған әрі көмектесуге шамасы келетін кісіден көмек сұрауды ешкім жоққа шығармайды. Құранда Мұсадан көмек сұраған адам туралы: **«*Жақтасынан болған адам одан жауына қарсы көмек сұрады*»** делінген (Қасас, 15). Сол сияқты адамға соғыс кезінде және басқа жағдайларда өзгелерден олардың қолынан келетін көмекті сұрауға болады. Біздің мойындамайтынымыз—әулиелердің қабірлері қасында немесе сырттай құлшылық ретінде жасалатын, Аллаһтан басқа ешкімнің шамасы келмейтін көмекті тілеу. Адамдар Қиямет күні пайғамбарлардың Аллаһқа дұға қылып, адамдардан тезірек есеп алуды тілеп, жәннатқа кіретіндердің қиямет майданындағы қиын жағдайынан айықтыруды күтіп пайғамбарлардан жәрдем тілейді. Бұлай жасау дүниеде және ақыретте дұрыс болып саналады. Сенімен сұхбат қылатын, сөзіңді еститін жақсы адамның қасына келіп, «Маған жақсылық тілеп, Аллаһқа дұға қылсаңыз» деп айтсаң болады. Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабалары да одан тірі кезінде көмек беруін сұрайтын. Ал ол қайтыс болғаннан кейін көмек сұраған емес және көмек сұрау үшін оның қабіріне барған емес. Керісінше, сәлафтар (әуелде өткен ізгілер) қабірдің қасына келіп Аллаһтан көмек сұрауды теріске шығарған еді.

**Абдуннәби:** Олай болса, Ибраһим (аләйһис-сәләм) отқа тасталғанда оны ауада Жәбірейіл (аләйһис-сәләм) ұстап алған қиссасы жайлы не айтасың? Сонда Жәбірейіл: «Бір қажетің бар ма?» дегенде, Ибраһим: «Ал саған қажетім

(мұқтаждығым) жоқ» деген. Егер Жәбірейілден көмек сұрау ширк болса, неге ол Ибраһимге өз көмегін ұсынды?

**Абдуллаһ:** Бұл алғашқы күмәніңе ұқсас күмән. Бұл дерек дұрыс емес (сахих емес). Егер оның дұрыстығы анықталғанның өзінде Жәбірейіл оған шамасы келетін көмекті ұсынды, өйткені Құранда ол туралы: «***Оны қуаты мықты үйретті***» делінген (Нәжім, 5). Егер Аллаһ оған Ибраһимнің отын және айналасындағы жерлер мен тауларды алып кетіп, оны шығысқа немесе батысқа алып баруға бұйырса, оған шамасы келер еді. Сондай-ақ бұл бай кісінің кедейге бір қажетін өтеу үшін қарызға мал ұсынғанда, біреудің жарылқағанын емес, Аллаһтан бір ризық келгеніне дейін сабыр етіп, қолын қайтарғанына ұқсайды. Олай болса, қазір жасалып жатқан құлшылық ретіндегі жәрдем тілеу мен ширкке мұның қандай қатысы бар?!

Бауырым, өздеріне пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жіберілгендер қазіргі заман адамдарынан ширк тұрғысынан үш түрлі себептен жеңілірек келеді: **Біріншіден**, бұрыңғылар Аллаһқа кеңшілік кезінде ғана серік қосатын, ал қиналған жағдайда олар көмекті Аллаһтан ғана тілейтін. Бұл туралы Аллаһ тағала: «***Қашан олар кемеге мінсе, амалдарын Аллаһқа ғана арнап, дұға қылатын. Ал қашан (Аллаһ) оларды құрлыққа шығарған кезде ғана (Оған) серік қататын***» (Ғанкәбут, 65) және «***Қашан оларды бұлттар секілді толқындар орап алса, амалдарын Аллаһқа ғана арнап, дұға қылады. Ал егер оларды құрлыққа шығарса, олардың арасында үнемділік танытатындар (сөзінде тұрып, шүкір ететіндер) бар. Біздің аяттарымызды мақтаншақ кәпір ғана жоққа шығарады***»,—деді (Лұқман, 32). Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) соғысқан мүшріктер кеңшілік жағдайда Аллаһқа және Одан басқаларға дұға жасайтын. Алайда қиналған кезде бір Аллаһтан ғана сұрап, «тәңірлерін» ұмытып кететін. Ал қазіргі кездің мүшріктері болса, кеңшілікте де, таршылықта да Аллаһтан басқаларға дұға жасайды. Сәл қиналып қалса, «Ей, Расулуллаһ! Ей, Хусейн!» деп шыға келеді. Бірақ бұны түсініп жатқандар қайда?! **Екіншіден**, бұрыңғылар Аллаһпен қатар Оған жақын болғандардан тілейтін: не пайғамбардан, не періштеден, не әулиеден, тым болмаса Аллаһқа бойсұнып, күнә жасамайтын тас не ағаштан тілейтін. Қазіргілер болса Аллаһпен қатар ең бұзық адамдардан тілеуі мүмкін. Жақсы кісіге Аллаһқа қарсы шықпайтын тас не ағашқа ұқсас нәрселерге табыну азғындығы мен бұзықтығы әшкере көрініп тұрған кісілерге табынудың күнәсінен жеңіл емес пе? **Үшіншіден,** Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) заманындағы мүшріктердің ширк қосуы тек «улуһия» тәухидінде болып, «рубубия» тәухидінде болмаған. Ал қазіргілердің серік қосуы болса бұдан мүлдем өзгеше. Олар Аллаһқа «улуһия» тәухидінде серік қосқаны секілді, «рубубия» тәухидінде де көптеп серік (ортақ) қосады. Мысалы, олар табиғат болмысты басқару, тірілту, өлтіру және басқа да істерді атқарады деп сенеді. Мен сөзімді жоғарыда айтылғаннан түсінетін өте маңызды бір мәселемен тәмәмдағым келеді. Ол тәухидтің міндетті түрде жүректің сенуімен, тілдің айтуымен және дене мүшелерінің тиісті амалдарды орындауымен жүзеге асуы. Егер адамда

осының бірі болмаса, ол мұсылман бола алмайды. Бір адам тәухидті біліп, тиісті амалдарды жасамаса, Перғауын және Ібіліс сияқты қасарысқан кәпір болады. Осы мәселеде көптеген адамдар «Бұл шындық, бірақ біз оны істей алмаймыз, оны біздің елде, біздің жерде жасауға болмайды, біз олармен кесірі тиюінен сақтанып, келісімге келуіміз керек» деп қателеседі. Ол бейшара күпірлік басшыларының көбі шындықты білсе де, оны белгілі бір себептермен ғана тәрк ететінін қайдан білсін? Аллаһ тағала айтқандай: «***Олар Аллаһтың аяттарын азғантай бағаға айырбастап, Оның жолынан тосылды. Олардың істегендері неткен жаман!***» (Тәубе, 9).

Кімде-кім тәухидке сырттай амал жасап, оны түсінбесе әрі жүрегімен сенбесе, жағдайы кәпірден де жаман мұнафиқ болады, өйткені Аллаһ тағала: «***Расында, мұнафиқтар тозақтың ең төменгі қабатында болады***»,—деген **(Ниса, 145).**

Егер адамдардың сөздерін байқасаң, саған мына мәселе айқындалады: Шындықты біліп, ол бойынша амал жасауды Карун секілді «байлығым азаяды» деп қорыққаннан, Һаман сияқты «беделім түсіп кетеді» деп немесе Перғауын сияқты «патшалығымнан айырылам» деп тәрк еткенін көресің. Енді кейбіреулер болса мұнафиқтар сияқты сырттай амал жасағанымен іштерінен сенбейді. Егер олардан «жүрегіңмен кімге сенесің?» деп сұрасаң, не айтарын өздері де білмейді.

Енді сен Аллаһтың кітабынан екі аятты жақсылап түсініп алуың керек:
**Бірінші аят:** Жоғарыда келтірілген, «***Үзір айтпаңдар (сылтауратпаңдар)! Сендер иман келтіргендеріңнен кейін кәпір болдыңдар***» аяты (Тәубе, 66). Егер сен Пайғамбармен (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бірге Византия империясына қарсы жорыққа шыққан бір топ кісілердің қалжың түрінде айтқан сөзі себепті кәпір болып кеткендігін білсең, сен үшін мал-дүниесінің кемуінен немесе билігінің қолдан кетуінен, не болмаса беделінен айырылуынан қорқып, күпірлік сөзін айтқан және күпірлік амалын жасаған адамның күнәсі осыны қалжыңдап істеген кісінің күнәсінан ауыр екені анықталады. Өйткені қалжыңдаушы айналасындағыларды күлдіру үшін тілімен айтса да, көбінесе жүрегімен сенбейді. Ал бір жаратылғаннан қорқып немесе одан келетін белгілі бір пайданы көздеп, күпір сөзін айтқан және оған амал жасаған кісі шайтанның аятта «***...шайтан сендерге кедейшілікті уәде етіп, арсыздыққа бұйырады***» (Бақара, 268) делінген уәдесін шындыққа шығарып, келесі бір аятта шайтанның: «***Бұл шайтан өз достарын қорқытады***» (Әлі Ғымран, 175) деп сақтандырғанынан қорыққан болады әрі ол Аллаһтың «***Аллаһ сендерге Өз тарапынан кешірім әрі кеңшілік уәде етеді***» (Бақара, 268) деп уәде еткеніне сенбеген болады да, Оның (Аллаһтың) «***Олардан қорықпаңдар, егер мүмін болсаңдар Менен ғана қорқыңдар***» (Әлі Ғымран, 175) деп сақтандырғанынан қорықпаған болады. Осы халде болған адам Рахманның досы болуға лайық па әлде шайтанның досы болуға лайық па?
**Екінші аятта** Аллаһ тағала: «***Кімде-кім Аллаһқа иман келтіргеннен кейін, жүрегіндегі иман орнықты болып (күпірлік сөзін) айтуға мәжбүрленсе,***

***кәпір болмайды (діннен шықпайды). Бірақ жүрегін күпірлікке ашса, оларға Аллаһтан қаһар әрі оларға зор азап болады***»,—деген (Нәхіл, 106).

Аллаһ осы кісілердің ішінен жүрегі иманмен орныққан, бірақ зорлықпен күпірлік сөзін айтқандардың ғана үзірін қабыл етеді. Олардан басқасы иман келтіргеннен кейін кәпір болады. Мейлі олар оны бірер зияннан қорқып айтсын, не бірер пайданы көздеп айтсын, мейлі қолынан биліктің кетуінен қорқып айтсын не беделінен айырылуынан қорқып айтсын, мейлі отанына, бала-шағаларына не жақындарына не мал-мүлкіне болысып айтсын, мейлі қалжыңдап не басқа бір мақсатта айтсын, мәжбүрленгені болмаса, басқа барлық жағдайда діннен шығады. Аят та соны мақұлдайды. Адам бір сөзді айтуға не бір істі жасауға мәжбүрленуі мүмкін. Бірақ жүрегімен сенуге оны ешкім мәжбүрлей алмайды. Аллаһ тағала: **«*(Бұл азаптың себебі) олар дүние өмірін ақыреттен артық көрді. Аллаһ кәпір қауымды тура жолға салмайды*»**,—деген **(Нәхіл, 107).**

Аллаһ тағала азаптың себебі сенім-иғтиқад, білместік және дінді жек көру немесе күпірлікті жақсы көру емес, оның себебі—тек дүниелік үлесті жақсы көру әрі мұнысы оның дініне кері әсерін тигізгені екенін анық көрсетті. Аллаһ жақсы біледі.

Осы сөздерден кейін—Аллаһ сені тура жолға салсын—Раббыңа тәубе етіп, Оған бойсұна қайтудың және ұстанған теріс көзқарастарыңнан арылу уақыты келген сияқты. Бұл—өзің естігеніңдей, өте қатерлі де, аса маңызды мәселе.

**Абдуннәби:** Иә, мен Аллаһтан кешірім сұрап, Оған тәубе етемін. Мен Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екеніне куәлік беремін. Мен осыған дейін табынып келген Аллаһтан өзге барлық нәрседен бас тартамын және ілгеріде істеген күнәларым үшін үзірлерімді қабыл алып, кеңшілік етуін сұраймын. Әрі маған рақым-шапағат етіп, есіркеуін сұраймын. Аллаһтан мені дұрыс ақидаға (тәухидке) берік етіп, Өзімен кездескенге дейін осы жолдан танбауымды тілеймін. Саған да, бауырым Абдуллаһ, осы адал насихатың үшін Аллаһ разы болсын, өйткені дін—насихат; және менің теріс істерімді айтып, қателерімді түзегеніңе рақмет! Ал есіміме келсек, мен оны «Абдуррахман» деп өзгертуді ұйғардым. Сондай-ақ ішімдегі ұстанымдарымды түзеп бергенің өте жақсы болды. Әйтпесе, сол теріс сенімдеріммен дүниеден өтіп, Аллаһтың алдына барғанда ешқашан азаптан құтыла алмас едім. Енді мен сенен соңғы өтініш ретінде көп адамдар қателесіп жасайтын, тыйым салынған нәрселерді еске салуыңды өтінемін.

**Абдуллаһ:** Оқасы жоқ, жарайды. Ендеше, құлақ асып, мұқият тыңда:

* Сенің ұраның әркез Құран Кәрім немесе сүннеттен келісілмеген мәселені көтеріп фитна қозғау және бұрмалау мақсатында сол келісілмеген мәселеге ілесу болып қалмасын. Шын мәнінде, оның мағынасын Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Сондықтан сенің ұраның білімі мықты болғандардың ұранындай болуы керек. Олар мағынасы анық емес аяттарға қатысты **«Біз сендік, бәрі де Аллаһтан»** дейді. Ал даулы мәселелерге қатысты Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Күмәнді болғанды қойып, күмәнданбағаныңды ал***»,—дегенін **(Ахмад, әт-Тирмизи)**;

«*Кім күмәнді нәрселерден сақтанса, дінін және ар намысын таза ұстаған болады, ал кім күмәнді нәрселерге түссе, харамға түскен болады*» **(әл-Бұхари, Муслим)**; «*Күнә кеудеңде қозғалып, оның адамдарға әшкере болғанын ұнатпауың*» **(Муслим)** және «*Жүрегіңнен сұра және өзіңнен сұра (үш рет): ізгілік—нәпсің орныққан (жайбарақаттық тапқан) нәрсе. Ал күнә—ішіңде қозғалып, кеудеде тұрақтай алмаған нәрсе. Сен адамдардан сұрап, адамдар сенен сұраса да*» **(Ахмад)**,—деген сөздеріне амал қылады.

* Көңіліңнің тартқанына (нәпсі қалауына) еруден сақ бол, өйткені Аллаһ тағала: **«*Көңілі тартқанды өзіне құдай етіп алғанды көрдің бе?*»** **(Фұрқан, 43)**—деп, бізді одан сақтандырған.

* Бір адамдарға не көзқарастарға немесе аталар ұстанған жолға ес-түссіз қатып қалудан сақ бол, өйткені бұл адам мен ақиқаттың арасына тосқауыл болады. Шын мәнінде, ақиқат—мүміннің жоғалтқаны, оны қай жерден тауып алса, ол өзінікі. Аллаһ тағала: **«*Қашан оларға Аллаһтың түсіргеніне еріңдер делінсе, олар: «Аталарымыздың қайсы жолға ергенін көрсек, соған ереміз», - дейді. Сонда аталары ақылдарын істетпеген, тура жолды таппаған біреулер болса (олар қайтеді)?*»**,—деген **(Бақара, 170)**.

* Кәпірлерге ұқсама, өйткені кәпірлерге еліктеу кез келген бәлекеттің басы. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кімде-кім бір қауымға ұқсаса солардан болады***»,—деген **(Әбу Дауд)**.

* Аллаһтан басқаға тәуекел етпе, өйткені Аллаһ тағала: **«*Кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол (Аллаһ) оған жеткілікті*»**,—деген **(Талақ, 3)**.

* Бір жаратылған саған Аллаһқа қарсы келуді (күнә жасауды) бұйырса, оған бағынба. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Жаратушы тыйым салған істе жаратылғанға бағынуға болмайды***»,—деген **(әт-Тирмизи)**.

* Аллаһ туралы жаман ойлы болудан сақтан, өйткені *Аллаһ тағала құдси хадисте:* «***Мен құлымның ойлағанындай боламын***»,—деген (әл-Бұхари, Муслим).

* Жамандықты алдын ала қайтару мақсатында немесе жамандыққа тап болғаннан кейін одан арылу үшін жүзік, білезік не жіп тағушы болма.

* Көздің тимеуі үшін тұмар тақпа, өйткені ол—ширк. Аллаһтың елшісі(саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім бір нәрсе тағып алса, соған жүгінген (арқа сүйеген) болады***»,—**деген (әт-Тирмизи)**.

* Ағаш, тас, ескерткіштер не бір құрылыстарды теберік етпе, өйткені ол—серік қосу.

* Бір нәрсені ырымдаушы болма, бұл әрекет ширкке жатады. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Ырым ету—ширк***»,—деп үш қайтара айтқан **(Ахмад, Әбу Дауд)**.

* «Ғайыпты білеміз» деп жар салған немесе газеттерде болжам беруші, біреуді бақытты біреуді бақытсыз қыла аламыз деп (өздерін жарнамалаған) сиқыршылар мен жұлдызнамашыларға сенуден сақ бол. Оларға сену—ширк. Жасырын (ғайып) нәрселерді Аллаһтан басқа ешкім білмейді.

* Жаңбырдың жауғанын жұлдыздармен немесе айлармен байланыстырма. Олай жасау—ширк. Жаңбыр Аллаһтың қалауымен жауады.

* Ант етілетін нәрсе не екеніне қарамастан, Аллаһтан басқа нәрсемен ант беруден сақ бол. Мысалы, Пайғамбардың атымен, не аманатпен, не ар-

намыспен, немесе кепілдікке берген нәрсемен, немесе өмір сияқты нәрселермен ант беру. Өйткені ондай анттар ширк. Хадистердің бірінде: «***Кімде-кім Аллаһтан басқа нәрсемен ант берсе, күпірлік немесе ширк жасаған болады***» деп айтылған **(Ахмад)**.

* Заманға тіл тигізуден, күнді, суықты немесе ыстықты тілдеуден қатты сақтан. Өйткені оларға тіл тигізу—оларды жаратқан Аллаһқа тіл тигізу болып есептеледі.

* Егер саған өзің ұнатпаған бір іс жетіп келсе, «егер де былай болғанда еді...» деген сөзді айтушы болма. Өйткені ол шайтанның амалын ашып береді. Сонымен бірге ол Аллаһтың тағдыр еткеніне наразылық білдіру болады. Бірақ сен «Аллаһ осылай тағдыр етіпті, Аллаһ қалаған ісін қылады» дегін.

* Қабірлерді құлшылық орны етіп алушы болма, өйткені ішінде қабірі бар мешітте намаз оқуға болмайды. Айша (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жантәсілім етер сәтте: «***Яһудилер мен христиандарға пайғамбарларының қабірлерін құлшылық орындары етіп алғаны үшін Аллаһтың лағынеті болсын!***»—деп, олардың істегенінен сақтандырған еді. Айша (Аллаһ оған разы болсын): «Егер сол сөз болмағанында, (адамдар) оның қабірін ерекше етіп қояр еді»,—деген (әл-Бұхари). Және бір хадисте ол (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Сендерден ілгері өткен үмбеттер пайғамбарлары мен әулиелерінің қабірлерін құлшылық орындары етіп алған. Қабірлерді құлшылық орны етіп алушы болмаңдар. Мен сендерді одан қайтарамын***»,—деген (Әбу Ауана).

* Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) өзімен немесе оның үмбетінен болған ізгі кісілермен уәсила етуге қызықтыру үшін жалғаншылар ойдан шығарып, Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) таңылған хадистерге сенбе. Сондай хадистердің бірінде: «Менің құрметімді уәсила етіп дұға қылыңдар. Өйткені менің құрметім Аллаһтың алдында өте үлкен» деп айтылса, енді бірінде: «Егер жағдайларың нашарласа (бастарыңа күн түссе), қабірдегілерге жалыныңдар»; «Аллаһ әрбір әулиенің қабіріне адамдардың қажеттерін өтейтін періштені бекітіп қояды»; «Егер сендердің бірің тас туралы жақсы ойда болса, ол оған пайдасын тигізеді» деп айтылады. Бұдан басқа да көптеген жалған хадистер бар.

* Пайғамбардың туылған күні (мәуліт), Исра және Миғраж кеші және т.б. осы секілді «діни рәсімдер» деп аталып қалған мерекелерге қатысудан қатты сақтан. Өйткені ондай мерекелер дінге енгізілген, ешбір негізі жоқ істер (бидағаттар), оған Пайғамбардан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) және Пайғамбарды (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бізден де жақсы көрген сахабалардан келген ешбір дәлел жоқ. Сахабалар ізгі амалдарға бізден де көп ұмтылатын. Егер онда бірер жақсылық болғанда, оны бізден бұрын жасайтын еді.

## «Лә иләһа илләллаһ»
## куәлік сөзін айту, яғни «Аллаһтан басқа құдай жоқ» деп куәлік беру

**Бұл сөз екі тіректен тұрады: 1)** «**Лә иләһа**» Аллаһтан басқа біреудің құлшылық қылынуға лайық екенін жоққа шығару (нәфи); **2)** «**Илләллаһ**» құлшылықтың барлық түрлері тек Аллаһқа лайық екенін бекіту (исбат). Аллаһ тағала: «Ибраһимнің өз әкесіне және қауымына (еліне): «***Мен сендердің табынғандарыңнан бездім, бірақ өзімді жаратқан Аллаһқа (құлшылық етемін). Ол мені тура жолға салады***»,—деген (**Зұхруф, 26-27**).

Аллаһқа құлшылық жасаудың өзі жеткіліксіз. Тек барлық құлшылық бір Аллаһқа ғана арналуы тиіс. Сондықтан тәухидтің дұрыс (әрі толыққанды) болуы үшін Аллаһты құлшылықта бір деп білумен қатар ширк және ширк жасаушылардан аулақ болу керек. Әуелдегі ғұламалардан жеткен сөздердің бірінде «Жәннаттың кілті—Лә иләһа илләллаһ» делінген. Сонда әрбір «Лә иләһа илләллаһ» деп айтқан кісі жәннатқа кіруге лайықты ма?

Уаһб ибн Мунаббиһке (Аллаһ оған рақым етсін): «Лә иләһа илләллаһ» жәннаттың кілті емес пе?» деп айтылғанда, ол: «Әлбетте, солай, бірақ кез келген кілттің тістері болады. Тістері бар кілтті алсаң ғана есік ашылады, әйтпесе, ашылмайды»,—деп жауап берген.

Пайғамбардан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) көптеген хадистер риуаят етілген болып, оның барлығы бұл кілттің тістерін түсіндіреді. Мысалы, ол (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) былай деген: «***Кімде-кім «Лә иләһа илләллаһты» ықыласымен айтса...***» немесе «***Лә иләһа илләллаһты» шын жүрегімен айтса»***; ***«ол сөзді жүрегімен рас екенін біліп айтса***» деген хадистерден жәннатқа кірудің «Лә иләһа илләллаһтың» мағынасын білу, өлгенше оған берік болу, ол куәліктің қамтыған мән-мазмұны бойынша амал қылу және бұдан басқа да нәрселермен тығыз байланысты екенін көреміз.

Ғұламалар көптеген дәлелдерден «Лә иләһа илләллаһ» куәлігінің шарттарын белгілеген. Бұл сөздің оны айтқан кісіге пайдасын тигізуі және оның жәннатқа кіруі үшін келесі шарттар толық орындалып, осыған кедергі болатын барлық тосқауылдар жойылуы тиіс.

**Ол шарттар әлгі кілттің тістері болып, төмендегі нәрселерден тұрады:**

**1. Білім (әл-ъилм)**. Әрбір сөздің мағынасы бар. Сондықтан ең алдымен «Лә иләһа илләллаһ» мағынасын толық білу керек. Ол дегеніміз—Аллаһтан басқа біреудің құлшылыққа лайық екенін жоққа шығарып, барлық құлшылық тек Аллаһқа ғана лайық екенін бекіту, яғни Аллаһтан басқа лайықты түрде құлшылық қылынатын ешкім жоқ. Аллаһ тағала: «***Бірақ біле тұрып ақиқатқа куәлік бергендер басқа (солар ғана шапағат ете алады)***»,—деген (**Зұхруф, 86**). Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім Аллаһтан басқа құлшылық қылынатын құдайдың жоқ екенін біліп қайтыс болса, жәннатқа кіреді***»,—деген (**Муслим**).

**2. Айқын сенім (әл-яқин)**. Куәлік беруші кісі бұл сөздің мазмұнына нақты сенуі тиіс, өйткені бұл сөз күдік, күмән (жорамал) және екіойлы болуды қабылдамайды. Керісінше, ол айқын сенімге негізделіп айтылуы керек. Аллаһ

тағала мүміндерді сипаттап: «***Нағыз мүміндер—Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтіргеннен кейін күмәнданбастан Аллаһтың жолында малдары және жандарымен күрескендер. Міне, солар (сөздерін істерімен растаған) шыншылдар***»,—деген **(Хұжрат, 15)**. Бұл сөзді тілмен ғана айта салу жеткіліксіз, оған міндетті түрде жүректе айқын сенім болуы керек. Олай болмаған жағдайда бұл анық мұнафықтық болады. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «***Мен Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне және өзімнің Оның елшісі екеніме куәлік беремін, қайсыбір пенде бұл сөзге күмәнданбастан Аллаһпен кездессе, жәннатқа кіреді***»,—деген. **(Муслим)**

**3. Бұл сөзді қабыл алу (қабылдау, әл-қабул).** Егер оны біліп, оған сенсе, осындай айқын білімнің әсері болуы керек. Әрбір мұсылман осы сөз қамтыған мағынаны жүрек және тілмен қабыл алуы керек. Кімде-кім тәухид үндеуін қайтарып, оны тәкаппарлық, қасарысқандық немесе көреалмаушылық себепті қабыл алмаса, кәпір болады. Аллаһ тағала куәлікті тәкаппарлықпен қабылдамаған кәпірлер туралы: «***Шын мәнінде, қашан оларға «Аллаһтан басқа құдай жоқ» делінсе, олар өздерін жоғары санайды***»,—деген **(Саффат, 35)**.

**4. Бұл куәлікке толық бағыну (әл-инқияд).** Бұл иманның шынайы түрде жүзеге асуы және оның іс жүзіндегі көрінісі. Ол Аллаһтың бұйрықтарын орындау және Ол тыйған нәрселерді тәрк ету арқылы іске асады. Аллаһ тағала: «***Кімде-кім жақсылық жасаған күйде жүзін Аллаһқа бағындырса, берік тұтқадан ұстанған болады. Барлық істердің соңы Аллаһқа қайтады***»,—деген (Лұқман, 22). Міне, бұл—толық бағынғандық.

**5. Шыншылдық (әс-сыдқ).** Яғни ол сөздің рас екеніне сеніп айту. Бұл өтірікке қайшы. Кімде-кім оны құр тілімен айтып, жүрегінде өтірік деп білсе, мұнафық болады. Аллаһ тағала мұнафықтарды айыптап: «***Олар тілдерімен жүректерінде жоқ нәрсені айтады***»,—деген **(Фатх, 11)**.

**6. Сүйіспеншілік (әл-махабба).** Әрбір мүмін бұл сөзді, ол бойынша амал жасауды және оны айтып, істерінде басшылыққа алатындарды жақсы көреді. Пенденің өз Раббысын жақсы көргенінің дәлелі—Аллаһқа деген махаббатын көңіл қалауына қайшы келсе де, жоғары қоюы, Аллаһты және Пайғамбарды (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) дос тұтқандарды дос тұтуы, Оған қарсы болғандарды жау деп білуі, Аллаһтың елшісіне (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) ілесіп, оның жолымен жүруі және ол көрсеткен тура жолды қабыл алуы.

**7. Ықылас (әл-ихлас).** Бұл—сөзді тек Аллаһтың дидарын қалап айту. Аллаһ тағала: «***Олар тура жолдан ауытқымай барлық амалдарын Аллаһқа арнауға, намазды толық оқуға, зекетті беруге бұйырылған***»,—деген **(Бэйина, 5)**. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «***Расында, Аллаһтың дидарын қалап, «Лә иләһа илләллаһ» деп айтқан кісіні Аллаһ отқа харам етті***»,—деген **(әл-Бұхари)**.

## «Мухаммадур-расулуллаһ» куәлік сөзін айту, яғни «Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам)— Аллаһтың елшісі» деп куәлік беру

Қайтыс болған адам қабірге түскенде үш нәрсе туралы сұралады. Жауаптарды дұрыс берсе, қабір азабынан құтылады, ал сынақтан өте алмаса, азапқа салынады. Ол сұрақтардың бірі «Пайғамбарың кім?» деген сұрақ. Алайда ол сұраққа жауап беру тек бұл өмірде оның шарттарын орындап, оған берік болғандарға ғана нәсіп болады және көкейіне түсіріледі. Сондай-ақ бұл сөз оны айтқан кісіге мал-мүлік пен бала-шаға пайда бермейтін күні өз пайдасын тигізеді. Ол шарттар төмендегідей:

**1. Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бұйрықтарына бағыну. Пайғамбарға бағынуды бізге Аллаһтың Өзі бұйырып: «*Кім пайғамбарға бағынса, Аллаһқа бағынған болады*»** (Ниса, 80); «(Ей, Мұхаммед! Оларға): «***Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер маған бағыныңдар, сонда Аллаһ сендерді жақсы көреді*» *(де)***»,—деген (Әлі Ғымран, 31). Жәннатқа кіру Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бағынумен тікелей байланысты, өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Өздері кіруді қаламағандардан басқа барлық үмбетім жәннатқа кіреді***»,—дегенде, сахабалар: «Кім жәннатқа кіруді қаламайды?»—деді. Сонда Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім маған бағынса, жәннатқа кіреді. Ал кім бағынбаса, жәннатқа кіруді қаламағаны сол***»,—деген (әл-Бұхари). Пайғамбарды (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жақсы көрген адам міндетті түрде оған бағыну керек, өйткені бағыну—жақсы көргендіктің нәтижесі (жемісі) әрі оның (жақсы көрудің) іс жүзіндегі дәлелі.

**2.** Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жеткізген хабарларды рас деп білу. Пайғамбардан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жетіп, растығы анықталған хабарды нәпсісі не жалаң ойы себебінен өтірікке шығарған адам Аллаһты және Оның елшісін өтірікке шығарған болып табылады. Өйткені Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) «мағсум» (күнә және қатеден пәк), оның қателесуі немесе өтірік айтуы мүмкін емес. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«*Ол өз ойынан сөйлемейді*»**,—деген (Нәжім, 3).

**3.** Ол тыйған нәрселерден тыйылу. Бұған ең ауыр күнә ширктен бастап, оған басқа ауыр және кіші күнәлар мен жағымсыз іс-әрекеттер кіреді. Мұсылман өз Пайғамбарын (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жақсы көрген сайын иманы күшейеді. Иманы күшейсе, Аллаһ оған ізгі амалдарды жақсы көрсетіп, күпірлік, бойсынбау және күнә жасауды жеккөрінішті қылады.

**4.** Аллаһқа тек ол заң етіп бекіткен нәрселер арқылы құлшылық жасау. Құлшылықтың негізі сақтық. Аллаһқа арналған құлшылықтар тек Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) әкелген нәрселерге негізделіп жасалуы керек, өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім біздің дінімізде болмаған бір амалды жасаса, ол қабыл болмайды***»,—деген (Муслим).

**Қорытынды:** Пайғамбарды (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) және ол әкелген нәрселерді жақсы көрудің міндетті амал (уәжіп) екенін біл. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам)

әкелген бір нәрсені жек көрген адам оны істесе де, діннен шығады. Оны тек жақсы көрудің өзі жеткіліксіз. Ол біздің ең жақсы көргеніміз болып, біз оны өзімізден де артық көруіміз керек. Өйткені адам бір нәрсені жақсы көрсе, оны және онымен келісуді бәрінен жоғары қояды. Пайғамбарды (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) шынымен жақсы көрген кісіден осы махаббаттың белгілері, оны сөз және іс жүзінде үлгі тұтып, сүннетіне ілесу, кеңшілік пен таршылықта, жақтырса да жақтырмаса да оның бұйрықтарын орындап, тыйым салғандарынан аулақ болу, ол үйреткен әдептерді басшылыққа алу арқылы көрініп тұрады. Бойсұну мен ілесу осы махаббаттың жемісі, ол екеуінсіз шынайы махаббаттың болуы мүмкін емес. Пайғамбарды (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жақсы көрудің көптеген белгілері бар. Олар: оны көп еске алу, оған салауат айту, өйткені кім бір нәрсені ұнатса, оны еске алуды көбейтеді. Сонымен қатар онымен кездесуді аңсап, сағыну (әрбір ғашық болған өз сүйіктісімен кездесуді сағынады) және аты аталғанда оны ұлықтап, құрметтеу. Исхақ ибн Раһауейһ (Аллаһ оған рақым етсін): «Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабалары (ол кісі дүниеден өткеннен кейін) оны еске алса, өздерін төмен ұстап, терілері тітіркенетін және жылайтын еді»,—деген. Сол белгілерге оның жақсы көргенін жақсы көріп, оған дұшпандық қылғандармен дұшпан болу, оның сүннетіне теріс амал жасап дінге жаңалық енгізген бидағатшылар мен мұнафиқтардан аулақ жүру; ол өзі жақсы көрген отбасы мүшелерін, жұбайларын, мүһәжір және ансарлардан болған сахабаларды жақсы көру, оларды жау тұтқандарды өзіне жау деп біліп, оларды жек көргендерді жек көру; оның көркем мінез-құлықтарына еліктеу, өйткені ол мінез тұрғысынан адамзаттың ең абзалы, Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) ол туралы: «Мінезі Құран еді»,—деп айтқан. Мағынасы «Ол өзіне Құранда келген бұйрықтарды орындауды міндеттеген».

**Енді Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сипаттарына келсек:** Ол адамдардың ең батылы еді. Оның батылдығы соғыс қайнаған кезде ерекше түрде көрінетін. Ол адамдардың ең жомарты, ең қолы ашығы, мәрті еді әрі ол Рамазан айында өте жомарт болатын. Ол адамзат үшін ең адал, ең жұмсақ адам еді. Ол ешқашан жеке басы үшін кек қайтармайтын, ол Аллаһтың бұйрығын орындауда адамдардың ең мықтысы-тұғын. Сонымен қатар ол адамдардың ең кішіпейілдісі және ұялшақтығы пәк қыздың ұялшақтығынан артық болған. Ол өз үй-іші үшін адамдардың ең қайырлысы және адамдар үшін ең мейірімді адам еді. Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бұдан да басқа көптеген сипаттары бар.

# ТАХАРАТ (ТАЗАЛАНУ)

**Намаз – ислам тіректерінің екіншісі, ол тазаланусыз дұрыс болмайды. Тазалану сумен, немесе топырақпен болады.**

**Судың түрлері: 1.Таза су**, ол – өзі таза әрі өзгені тазартушы. Ол дәретсіздікті кетіреді әрі нәжістен тазартады. **2.Нәжіс су**, ол –нәжіс араласқан аз су әрі нәжіспен түсі, немесе дәмі, немесе иісі өзгерген көп су.

***Ескерту:*** Су мөлшері аз болса, онда оған нәжіс араласумен ол бірден нәжіс суға айналады. Ал су мөлшері көп болса, онда оған нәжіс араласумен не дәмі, не түсі, не иісі өзгерген жағдайда ғана ол су нәжіс суға өзгереді. Су көлемі шамамен 210 литрден асса, онда ол көп су деп саналады.

**Ыдыстар:** Барлық ыдыстардың түрлері таза әрі оларды пайдалануға болады, тек алтын мен күмістен жасалған ыдыстарды пайдалануға рұқсат емес. Осы екеуінен жасалған ыдыспен дәрет алған жағдайда дәрет алушының дәреті дұрыс деп есептелінеді, бірақ ол күнәһар боп саналады. Кәпірлердің ыдыстары мен киімдерін пайдалануға рұқсат, тек олардың нәжіс екенін білген жағдайда болмайды.

**Өлексенің терісі:** Ол – барлық жағдайда нәжіс болады. Өлексе екі түрлі болады: 1.Еті желінбейтін хайуандардың өлексесі. 2.Еті желінетін, бірақ шариғат бойынша сойылмай өліп қалған хайуандардың өлексесі. Егер осылардың терісі иленсе, оны сұйық нәрселерге емес, құрғақ заттарды сақтауға пайдалануға рұқсат.

**Нәжістен тазалану:** Ол – үлкен не кіші дәреттен кейін адам баласының алды мен артынан шыққан нәжістен тазалану. Егер сумен тазаланса, онда ол «истинжә», ал тас, немесе қағаз, тағы да басқа сол сияқты заттармен тазаланса, онда ол «истижмәр» деп аталады. Истижмәр дұрыс болу үшін ол таза, нәжіс тазалауға рұқсат етілген, тазалайтын, желінбейтін нәрсемен болуы керек. /Яғни нәжіс нәрсемен, тазалануға рұқсат етілмейтін нәрселермен, нәжісті кетірмейтін, желінетін нәрселермен истижмәр қылуға болмайды/ Әрі истижмәр кемінде үш таспен болады. Истинжә, немесе истижмәр – үлкен дәрет пен кіші дәрет алған жағдайда адамның алды мен артынан не шықса да уәжіп.

Үлкен не кіші дәреттен кейін нәжіспен қалуға рұқсат жоқ. Су көздеріне, немесе адам жүретін жолға, немесе адамдар отыратын көлеңкелі жерлерге, немесе жеміс ағаштарының түбіне, сондай-ақ ашық далада құбылаға қарап дәрет сындыру харам.

Дәрет сындырушының әжетханаға Аллаһтың аты жазылған нәрселермен кіруі, онда сөйлеуі, қабырғалардың жарықтары, немесе жан-жануарлар мен жәндіктердің індеріне дәрет сындыруы, жыныстық мүшесін оң қолымен ұстауы, үйдің ішінде құбылаға қарап дәрет сындыруы мәкрух болады. Осылар қажет болған жағдайда рұқсат.

Дәрет сындырушы тазалануда су, немесе тас, қағаз пайдаланғанда тақ санмен істеу, сондай-ақ сумен тасты қоса пайдалану мұстахаб болады.

**Мисуәк пайдалану:** Арак ағашының шыбығы сияқты жұмсақ шыбықпен тіс тазалау – сунна. Әсіресе оны намаздың алдында, Құран оқудың алдында, дәрет алғанда ауыз шаймастан бұрын, ұйқыдан тұрғанда, мешітке, үйге кіргенде,

сондай-ақ ауыз иісі өзгергенде қолданған жөн. Мисуәк пайдаланғанда, дәрет, ғұсыл алғанда оң жатан бастау әрі таза емес нәрселерді кетіруде сол қолды қолдану – сунна.

**Дәрет:** Оның негіздері: **1.** Бетті жуу, бұған ауыз бен мұрынды шаю да кіреді. **2.** Екі қолды саусақтардың ұшынан бастап шынтақтармен қоса жуу. **3.** Басқа толығымен оған екі құлақты қоса мәсих тарту. **4.** Екі аяқты тобықпен қоса жуу. **5.** Бұларды осы айтылғандай ретпен істеу. 6.Осы мүшелерді жууда олардың арасын бөлмеу.

Оның уәжіптері: Дәретті «бисмиллях» деп бастау, түнгі ұйқыдан оянған адам дәрет алуда қолын суға салмастан бұрын үш рет жуу.

Дәрет алуда сунна болған істер: Мисуәк қолдану, дәрет алуды екі қолды жуумен бастау, бетті жумастан бұрын ауыз мен мұрынды шаю, ораза ұстамаған кісіге ауыз бен мұрынды терең шаю, қалың сақалды саусақпен аралату, саусақтардың арасын жуу, мүшелерді жууды оң жақтан бастау, мүшелерді екі рет, немесе үш реттен жуу, мұрынға оң қолмен су алып, сол қолмен сіңбіру, мүшелерді сумен ысқылап жуу, дәретті толық алу, дәреттен соң суннаға сай дұға айту.

Дәрет алуда макрух болған істер: Өте ыстық не суық сумен дәрет алу, бір мүшені үш реттен артық жуу, жуылған мүшелерден суды сілку, көздің ішін жуу. Ал дәреттен соң мүшелерді сүлгімен сүрту рұқсат.

***Ескерту:*** Ауыз шайғанда ауыз ішінде суды шайқау керек, мұрын шайғанда тек қана қолмен емес суды мұрынға ауамен дем алып кіргізу керек, сол сияқты суды сіңбіргенде оны ауамен шығару керек, бұл екеуі тек осылай еткенде ғана дұрыс болады.

**Дәрет алудың сипаты:** Жүрекпен ниет етеді, сосын «бисмиллях» дейді, сосын екі қолын жуады, сосын ауыз бен мұрынды шаяды, сосын бетті жуады, /беттің аумағы ұзындығымен бастың әдеттегі шаш өсетін жерінен иекке дейін, енімен құлақтан құлаққа дейін/ сосын екі қолын шынтағымен қоса жуады, сосын басына беттің таусылған жерінен бастап маңдайдан көк желкеге дейін және оған құлақтың астын қоса масих тартады әрі екі сұқ саусақпен құлақтардың ішін сулайды әрі бас бармақтармен құлатарының сыртына мәсих тартады, сосын екі аяғын тобықтарымен қоса жуады.

***Ескерту:*** Егер сақал сирек болса, оның астындағы теріні жуу уәжіп болады. Ал егер сақал қалың болса, сол сақалдың сырты жуылады.

**Мәсіге мәсих тарту:** Мәсі тері және соған ұқсас нәрседен тігілген аяқ киім. Егер ол жүннен жасалса, ол «байпақ» деп аталады. Осы екеуіне мәсих тарту тек кіші дәрет алғанда ғана рұқсат. Мәсих тартудың шарттары: **1.** Мәсі, немесе байпақты толық дәрет алғаннан кейін кию, яғни екінші аяқты жуғаннан кейін. **2.** Сумен дәрет алғаннан соң. **3.** Мәсі, немесе байпақ жуу парыз болған орындарды толық жабуы. **4.** Киюге рұқсат етілген аяқ киімге мәсих тарту. **5.** Мәсі, немесе байпақтың нәжістен таза болуы.

**Сәлде:** Оған мәсих тартудың шарттары: **1.** Оған мәсих тартушы ер адам болуы. **2.** Сәлде бастың әдетте жабуы керек жерін жабуы. **3.** Сәлдеге тек кіші

дәретсіздіктен кейін ғана мәсих тарту. **4.** Сәлдеге сумен дәрет алғаннан кейін ғана мәсих тартылады.

**Жаулық:** Оған мәсих тартудың шарттары: **1.** Оған мәсих тартушы әйел кісі болуы керек. **2.** Жаулық басқа салғанда мойынды қоса жабуы керек. **3.** Жаулыққа тек кіші дәретсіздіктен кейін ғана мәсих тарту. **4.** Жаулыққа сумен дәрет алғаннан кейін ғана мәсих тартылады. **5.**Жаулық бастың әдетте жабуы керек жерін жабуы.

**Мәсих тарту уақыты:** Сапарда жүрген кісіге /шамамен 85 шақырым/ үш тәулік, үйде жүрген кісіге бір тәулік. Мәсих тарту уақыттың басталуы дәрет алып, аяқты жуып, мәсіигеннен кейін бірінші дәрет бұзылуынан бастап 24 сағатқа дейін созылады.

Мәсих тарту орны: Аяқтың саусақтарының ұшынан тобықтан жоғарғы жерге дейін, оны саусақтарының арасын ашып тұрып істейді.

***Пайдалы ескерту:*** Кім сапарда болып үйіне қайтса, немесе үйде болып, сапарға шықса, ол үйінде жүрген кісі сияқты мәсих тартады.

**Сынған сүйектердің үстінен таңылатын таяқшалар:** Бұған мәсих тарту шарттары: **1.**Таяқшаға, яғни гипске шынымен мұқтаж болған жағдайда. **2.**Ол тек сүйектің тек сынған жеріне ғана таңылуы керек. Егер таяқ мұқтаж болған жерден артық жерге таңылған болса, сол артық таңылған жерді шешіп, оны жуу керек. Оны шешсе, денсаулыққа зиян болған жағдайда ғана оны қалдырып, оның үстінен мәсих тартуға рұқсат. **3.**Масих тартуды дәрет алу барысында істеу.

**Ескертулер:** ✷ Абзалы мәсихті оң аяқтан бастап емес, екі аяққа бірдей бір мезгілде тарту. ✷ Мәсінің қонышы мен астына мәсих тартылмайды. ✷ Қайта-қайта мәсих тарту, немесе мәсіні жуу макрух болып табылады. ✷ Сәлде мен жаулықтың көбірек бөлігіне мәсих тартылады.

**Дәретті не бұзады? 1.** Үлкен дәрет пен кіші дәрет сындыру орындарынан жел, былазық (мәни) сияқты таза болсын, не сідік, сұйық (мәзи) сияқты нәжіс болсын шығатын нәрселер. **2.** Ұйқы, немесе талып қалумен ақылдың кетуі. Тек түрегеп тұрған күйі, не отырған күйі ұйықтаған жеңіл ұйқы дәретті бұзбайды. **3.** Сідік, немесе одан үлкені әдетте шығатын жерден емес басқа жерден шығуы. **4.** Сідік, және одан үлкенінен басқа нәжістердің денеден көп мөлшерде шығуы. Мәселен, көп қанның шығуы секілді. **5.** Түйе етін жеу. **6.** Жалаңаш жыныстық мүшесін қолмен ұстау. **7.** Ер адам әйел кісінің, немесе әйел кісі ер адамның жалаңаш жыныстық мүшесіне қолы тиіп қозған кезде. **8.** Діннен шықса.

***Ескерту:*** Кімнің дәреті бар немесе керісінше жоқ екені анық болса, сосын дәретінің бар не жоқ екені жөнінде оған бір күмән туса, ол анық нәрсеге сүйеніп, күмәнді тастайды.

**Ғұсыл:** Оның уәжіп болуы: **1.**Ояу адамнан ләззаттанумен былазықтың (мәнидің) шығуы, немесе ұйқыда жатқан адамнан ләзаттанумен не ләззатсыз-ақ былазықтың шығуы. **2.** Былазық шықпаса да еркек жыныстық мүшесін әйелдің жыныстық мүшесіне кіргізуі. **3.** Кәпір адамның ислам дінін қабылдауы, ол кәпір ислам дінінен шыққан мүртәд болса да. **4.** Етеккір қаны

тоқтағанда. **5.** Босанған әйелдің жатырынан шыққан қан тоқтағанда. **6.** Мұсылман кісі жан тапсырғанда.

**Ғұсылдың парыздары:** Ғұсыл алу ниетімен бүкіл денені ауыз бен мұрынды қоса сумен жуу.

**Ғұсылдың толық болуы мына төменде келтірілген нәрселермен болады:** **1.** Ғұсыл алуға ниеттенеді; **2.**«Бисмиллях» деп бастайды. **3.** Суы бар ыдысқа қолын кіргізер бұрын екі қолын жуады. **4.**Жыныстық мүшелерін жуады. **5.** Дәрет алады. **6.** Төбесіне үш рет су құяды. **7.** Бүкіл денесіне су тигізеді. **8.** Екі алақанымен денесін ысқылап жуады. **9.** Ғұсыл алуды оң жақтан бастайды.

**Дәреті жоқ адамға төмендегі істерді істеуге болмайды: 1.** Құранды ұстау. **2.** Намаз оқу. **3.** Тауап қылу.

**Ғұсыл алуға тиіс болған адамға жоғарыда айтылғандарға қоса:** **4.**Құран оқу. **5.** Дәретсіз мешітте болуға рұқсат етілмейді.

Ғұсыл алуға тиіс болған адам дәретсіз ұйықтауы макрух. Сондай-ақ ғұсыл алу барысында суды ысырап етуге болмайды.

**Таяммұм: Оның шарттары: 1.** Су пайдалану мүмкіншілігі болмаған жағдайда. **2.** Таяммұмды таза, рұқсат етілген, шаңы бар, бастапқы қалпы сақталған, яғни күйдірілмеген топырақпен алу.

**Оның негіздері:** бүкіл бетті, сосын екі қолды білекке дейін топырақтың шаңымен сүрту, оның тәртібін ретімен істеу, арасын бөлмеу.

**Таяммұмды бұзатын істер: 1.** Дәретті бұзатын барлық нәрселер. **2.** Су жоқ болғандықтан таяммұм істеген кісіге судың табылуы. **3.** Таяммұм істеуге негіз болған себептердің кетуі. Мысалы, ауру адамның жазылуы, т.б.

**Таяммұмның суннасы: 1.** Үлкен дәретсіздіктен таяммұмды алғанда тәртібін сақтап, арасын бөлмеу. **2.** Оны намаздың соңғы уақытына дейін кешіктіру. **3.**Одан соң дәрет алғаннан соң айтылатын зікірді айту.

**Таяммұм алуда макрух болған істер:** қолды топыраққа көп рет ұру.

**Таяммұм алудың сипаты:** Ниет етеді, сосын «бисмиллях» дейді, екі алақанымен топырақты бір рет ұрады, сосын, алдымен, алақанымен бетін сақалымен қоса сипайды, сосын сол қолымен оң қолының іші-сыртын, сосын, керісінше оң қолымен сол қолының іші- сыртын сипайды.

**Нәжісті кетіру: Нәжіс екі түрлі болады: 1.** Шошқа сияқты тазалауға келмейтін нәжістер. **2.** Киім, жер сияқты негізі таза нәрселерге жұққан нәжістер.

Ит, шошқа және денесі мысықтан үлкен еті желінбейтін хайуандар мен құстардың өзі, сондай-ақ олардың сідігі, тезегі, тері, сілекейі, сүті, тағы да басқа осылардан бөлінген нәрселер жіне олардың бөлшектері нәжіс болып табылады.

Адам баласының былазығы, тері, сілекейі сүті, маңқасы, әйелдердің жыныстық мүшесінен бөлінген сұйықтық таза болып табылады. Адам баласының зәрі мен тезегінен, сондай-ақ оның жыныстық мүшелерінен шығатын мәзиі, уәдиі мен қан нәжіс болып саналады.

Еті желінетін хайуандардың сідігі, тезегі, тері, сүті, сілекейі, тағы да басқа осылар сияқты олардан бөлініп шыққан нәрселер таза.

Есек, мысық және одан денесі кіші тышқан сияқты адам баласына одан сақтану қиын болған хайуандардың сілекейі, терісі ғана таза.

Адам баласы, балықтар, шегірткелер, сондай-ақ шаян, маса, шыбын сияқты қаны жоқ жануарлардың өлекселерінен басқа өлекселер нәжіс.

Жер, тас сияқты жансыз нәрселер таза.

**Пайдалы ескертулер:** ✷ Қан, ірің – нәжіс және намазда қан мен іріңнің азғантайы кешіріледі, таза хайуаннан болса. ✷ Екі түрлі қан таза саналады: **1.** Балық. **2.** Сойылған малдың еті мен оның тамырларындағы қан. ✷ Еті желінетін хайуаннан тірідей кесіп алған бір бөлік – нәжіс. ✷ Нәжісті кетіруде ниет ету қажет емес. Сондықтан нәжіс жаңбыр суымен шайылып кетсе, ол таза. ✷ Нәжісті қолмен ұстау, немесе оны аяқпен басу дәретті кетірмейді, тек денеге, киімге жұққан нәжісті кетіру – уәжіп. ✷ Нәжісті кетірудің шарттары: **1.** Таза сумен жуу. **2.** Сығуға болатын нәрселерді жуғаннан соң судан шығарып сығу керек. **3.** Егер жуудың өзі жетпеген жағдайда, онда нәжісті ысу және уқалаумен кетіру керек. **4.** Ит тиген жер жеті рет сумен, сегізінші рет топырақ не сабынмен жуылуы керек.

***Ескертулер:*** ✷ Жердегі нәжіс сідік сияқты сұйық болатын болса, оның өзі, түсі, иісі кеткенше оған су құйылады. Егер жердегі нәжіс адамның тезегі сияқты нәрсе болса, онда оның өзін және оның ізін кетіру керек. ✷ Егер нәжіс судан басқамен кетпесе, онда оны сумен кетіру керек. ✷ Егер нәжіс орны белгісіз болса, сол нәжіс кетті-ау дегенше ол жер жуылуы керек. ✷ Кім нәпіл намаз оқу үшін дәрет алса, сол дәретімен оған парыз намазын оқуына болады. ✷ Ұйықтаған, немесе жел шыққан кісі истинжә (алды-артын нәжістен тазарту) қылмайды, өйткені жел таза, бірақ ол намаз оқуы үшін дәрет алса жеткілікті.

# ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҮКІМДЕР

## Әйелдердің табиғи қан үкімдері

## Біріншіден: Етеккір және жатырдан аққан басқа қан /истиһада/

**Әйелге ең ерте етеккір тоғыз жасында келуі мүмкін, егер әйелде тоғыз жастан ерте қан ақса,** онда ол етеккір[1] емес, истиһада[2] болып саналады. Етеккірдің ең кеш келетін жасының белгілі бір уақыты жоқ.

**Етеккір келуі мүмкін болған ең аз уақыт - бір тәулік.**
Егер одан аз уақыт қан келсе, онда ол етеккір емес истиһада.

**Етеккір келуінің созылуы мүмкін болған ең көп уақыт - он бес күн.**
Он бес күннен кейін келген қан истиһада.

Екі етеккір ортасындағы әйелдің тазарған күндерінің ең аз уақыты - он үш күн. Егер одан бұрын қан келе бастаса, онда ол истиһада.

Әйелдерге етеккір келуінің жалғасуы көбінесе 6-7 күн. Әйелдердің етеккірден таза болу уақыты көбінесе 23-24 күн.

Әйелдер жүкті болғанда етеккір келмейді, сол мерзімде олардан аққан қан, не суфра[3] (сары сұйықтық), не кудра[4] (қоңыр сұйықтық) болса барлығы - истиһада.

**Әйел етеккірден тазарғанын қалай біледі?**

**1.**Кейбір әйелдер етеккірден тазарғанын қанның тоқтап, ақ сұйықтықтың келуінен біледі. **2.** Ақ сұйықтық[5] келмейтін әйелдер етеккірден тазарғанын қанның, сосын қоңыр, сары түсті сұйықтықтың тоқтап, құрғақшылықтан біледі.

**Әйелдің етеккірден тазарған кезінде оның жыныс мүшесінен бөлінетін нәрселер:** Егер ол (сұйықтық) түссіз, немесе ақ жабысқақ болса, онда ол таза. Ал егер ол қан болса, немесе қоңыр, сары түсті сұйықтық болса, онда ол нәжіс, олардың барлығы дәретті бұзады. Егер қанның шығуы жалғасса, онда ол истиһада.

Аналықтан шыққан қоңыр, немесе сары сұйықтық егер етеккірдің алдында, немесе соңында етеккірден бөлінбей бірге келсе, онда ол етеккір болып саналады. Ал осы сұйықтықтар етеккірден бөлек келсе, онда ол истиһада.

---

[1] **Етеккір –** сау әйелден оның туу себебінсіз келетін табиғи қан.

[2] **Истиһада –** әйелдің денсаулығына байланысты етеккірдің келу уақытынан тыс қанның келуі. Етеккір мен истиһаданың айырмашылығы: **1.** Етеккір қаны қара түске жақын қанық қызыл түсті, ал истиһада қаны мұрыннан аққан қан сияқты ашық қызыл түсті. **2.**Етеккір қаны қою болады, оның құрамында ұйыған түйіршіктер кездесуі мүмкін, ал истиһада қаны жарадан аққан қан секілді сұйық болады. **3.** Етеккір қанында көбінесе жағымсыз иіс болады, ал истиһада қанынан кәдімгі қанның иісі шығады.

Етеккір кезінде әйелдің жыныс мүшесіне қосылу, оған талақ беру, әйелдің намаз оқуы, ораза ұстауы, тауап етуі, Құран оқуы, Құранды ұстауы, мешітте тұруы харам/

[3] Суфра – әйелдің жыныс мүшесінен ағатын сары сұйықтық;

[4] Кудра – әйелдің жыныс мүшесінен ағатын қоңыр сұйықтық;

[5] Ақ сұйықтық – әйелдің тазарған уақытында жыныс мүшесінен ағатын ақ сұйықтық, ол нәжіс емес, таза болады. Бірақ дәретті бұзады.

Егер етеккір әдеттегі келетін күндеріне жетпей аз уақытта аяқталса, егер қан тоқтап тазарғанның белгілерін көрсе, онда ол әйел етеккір келу мерзімі толмаса да, етеккірден тазарған әйел болып есептеледі.

**Етеккірдің әдеттегі келу уақытынан бұрын, немесе кешігіп келуі:** Етеккір қай уақытта келмесін егер онда етеккірдің белгілері болса, онда ол етеккір болып саналады. Бірақ екі етеккірдің аралығы 13 күннен кем болмауы тиіс. Егер 13 күнге толмай жатып қан ақса, онда ол истиһада.

Егер етеккір әдетте келетін күндерінен аз, немесе көп келсе, сондай-ақ ол етеккірдің ең көп келуі мүмкін болған 15 күннен артып кетпесе, онда ол етеккір болып саналады.

**Егер әйелдің қаны толық бір ай, немесе одан да көп келсе, осыда бірнеше жағдайлар болуы мүмкін: 1.** Егер әйел ай сайын етеккір келетін уақытты әрі етеккір келетін күндер санын білсе, онда оның қаны етеккірден ажыратылып тұрмаса да, сол әдеттегі келетін күндерде аққан қанды етеккір деп санайды. **2.**Егер әйел әр айдағы етеккірдің келетін уақытын білсе, бірақ етеккірдің созылу уақытын білмесе, онда ол алты, немесе жеті күн, яғни көпшілік әйелдердің етеккір келу уақытында ол етеккір келген әйел болып саналады. **3.**Егер әйел еттеккірдің созылу уақытын білсе, бірақ оның келетін уақытын білмесе, онда ол әйел етеккір келу уақытын жаңа ай туғаннан бастап есептейді.

## Екіншіден: Әйелдің босанғаннан кейін жатырынан аққан қан /нифас/

Егер әйел босанса, бірақ қан келмесе, онда ол нифас болған әйелге жатпайды, оған ғұсыл алу керегі жоқ, егер ораза ұстаған болса, онда ораза бұзылмайды.

Әйел босанудан бұрын толғатқан жағдайда аққан қан, сулар нифас емес, истиһада саналады.

Әйел босанып жатқан кезде бала шықпаған, немесе оның бір бөлігі шыққан жағдайда аққан қан нифас, сол уақытта өтіп кеткен намазды оқымайды.

Нифас күндерін нәрестені толық босанғаннан бастап санайды.

Нифастың келуінің ең аз уақытына белгілі бір өлшем жоқ. Егер әйел босанса, сосын қан бірден тоқтаса, онда оған ғұсыл алып, намазды бастауы уәжіп болады.

Нифастың келуінің ең көп уақты 40 күн. Егер қан келу 40 күннен асса, онда ол истиһада. Оған ғұсыл алып, намазды бастауы уәжіп. Тек етеккірдің келу уақытына сай келсе, онда ол етеккір деп есептеледі.

**Кім егіз, немесе одан көп нәресте босанса, нифасты бірінші баланы босанғаннан бастап санайды.**

Егер түсіп қалған нәрестенің жасы 80 күн, не одан аз болса, одан соң келген қан истиһада. Егер нәрестенің жасы 90 күннен көп болса, одан келген қан нифас. Егер оның жасы 80 мен 90 күннің арасында болса, онда оның үкімі нәрестенің адам кейпінде қалыптасуына қатысты болады. Егер түсік адам кейпінде қалыптасқан болса, онда одан соң келген қан нифас. Ал егер олай емес болса, онда ол истиһада.

**Әйел 40 күн аралығында қаннан тазарса, ол ғұсыл алып, намазды бастайды.** Егер қан 40 күн ішінде қайта ақса, онда ол нифас әрі 40 күнге толғанша нифас болып саналады.

***Ескертулер:*** ✸Истиһада болған әйел намаз оқиды, бірақ ол әрбір намазға дәрет алады. ✸Егер әйел етеккір, немесе нифастан күн батпай тұрып тазарса, оған сол күннің бесін және екінті намазын оқу керек. Егер таң атпай тұрып тазарса, онда сол түннің ақшам мен құптан намаздарын оқиды. ✸Егер әйел бір намаздың уақыты кірген соң әлі намазды оқымай тұрып етеккірі, немесе нифас қаны келсе, онда ол тазарғаннан кейін сол намазды оқуға міндетті емес. ✸Әйел етеккір немесе нифастан ғұсыл алғанда, оған өрілген шашты тарқатып жуу міндет болады. Ал күйеуімен қосылғаннан ғұсыл алғанда, оған өрілген шашты тарқатып жуу міндет емес. ✸Истиһада болған әйелмен қосылу макрух. Қажеттілік болған жағдайда рұқсат. ✸Истиһада болған әйел етеккірден ғұсыл алғаннан соң қан тоқтағанға дейін әрбір намазға дәрет алуы керек. ✸Әйелге қажылық, ұмра құлшылықтарын орындау үшін, немесе рамазан оразасын аяқтау үшін уақытша етеккірді тоқтата тұратын дәрі ішіуіне рұқсат. Осылай ету дәрі оның денсаулығына зиян тигізбейтін болса ғана болады.

# Ислам діндегі әйелдің орны

Әйел Аллаһтың алдында иман мен ізгі амалдарына қатысты сауап пен артықшылықтарда ер кісілермен бірдей. Пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Әйелдер – ер кісілердің теңдестері***» - деген. **/Имам Абу Дәуіт риуаяты/** Әйелге хақысын талап ету, немесе оған істелініп жатқан зұлымдықты кетіруді талап ету рұқсат, өйткені шариғат ерлер мен әйелдерге бірдей, тек олардың арасындағы айырмашылық бар екеніне дәлел келген жағдай басқа. Осы айырмашылықтар шариғаттағы көптеген үкімдермен салыстырғанда өте аз, сондай-ақ оның болу себебі шариғат ерлер мен әйелдердің жаратылысы мен мүмкіншіліктеріне сай олардың ерекшеліктерін ескерді. Аллаһ тағала: «***Жаратқан білмей ме?!***» - деген. Ер кісінің де, әйелдің де өзіне тән қызметі бар. Қайсысы өзгенің ісіне араласса, онда Аллаһтың тепе-теңдік заңы мен үйлесімінің бұзылуына әкеліп соғады. Әйел үйінде отырған жағдайда ер кісінің сауабындай сауап алады. Әсма бинт Язит пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабаларымен отырғанда келіп: «Әке-шешем сізге құрбан болсын! Мен сізге әйелдерден келген өкілмін. Шығыста болсын, батыста болсын, менің келгенімді естісін, естімесін барлық әйелдер менің сөзімді құптайды. Аллаһ сізді ерлерге де, әйелдерге де пайғамбар етіп жіберді, сөйтіп біз саған және сені жіберген құдайыңа иман келтірдік, Біз әйелдер шектеуліміз, сіздердің от басы, ошақ қасында отырушымыз, сіздердің нәпсілеріңізді қандырушымыз, құрсақтарымызда балаларыңды тасушымыз, сіздер еркектер біздерден жұма, жамағат намаздарына барумен, ауруларға зиярат етумен, жаназа намазына қатысумен, қайта-қайта қажылық жасаумен бізден артық болдыңдар. Әсіресе, осылардың бәрінен ең абзалы – Аллаһ жолында күресу. Еркектерден біреу қажылық, немесе ұмраға, немесе Аллаһ жолында үйінен шықса, біз үйде сіздердің дүние-мүліктеріңізді сақтап отырамыз, сіздерге киім тоқып отырамыз, сіздердің балаларыңызға тәрбие береміз, ендеше, әй, Аллаһтың елшісі! Сіздер еркектермен біздер қай сауапта ортақтасамыз?» - деп сұрады. Сонда пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабаларына жүзімен толық бұрылып: «***Сендер діні туралы осы әйелден жақсырақ сұраған әйелдің сөзін естіп пе едіңдер?!*** – деді. Олар: «Әй, Аллаһтың елшісі! Біз әйел адамнан осындай сөзді айтады деп күтпеген едік» - десті. Сонда пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оған бұрылып: «***Әй, әйел! Жүре бер! Сені жіберген әйелдерге сендерден біреуің күйеуіне жақсы жар болуы, оның разылығын табуы, онымен келісім іздеуі – жоғарыда айтылғандардың бәріне сауапта тең болады деп айта бар!***» - деді. Сонда әлгі әйел қуаныштан такбир, тәһліл айтып кете барды. **/Имам Байхақи риуаяты/**

Әйелдер пайғамбарымызға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) келіп: «Әй, Аллаһтың елшісі! Ер кісілер Аллаһ жолында күреспен бізден артық болды. Бізге Аллаһ жолында күресушілердің сауабындай сауабы бар амал бар ма?» - деп сұрады. Сонда пайғамбарымыз: «***Сендерден біреуің үйінде үй тіршілігімен айналысуы Аллаһ жолында күресушілердің сауабына барабар***» - деді. **/Имам Байхақи/** Туыс әйелге жақсылық жасау - үлкен сауап берілетін ізгі амалдардан. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім екі қызына, немесе екі қарындасына, немесе екі туыс әйелге қажеттіліктерінен құтылғанша нәпақа жұмсаса, оған оттан перде болады***» - деген. **/Имам Ахмад және имам Табарани риуаяты/**

# Әйелдерге қатысты кейбір үкімдер

✷Егер ер кісі бір әйелге махрам болмаса, онда онымен жалғыз қалуға болмайды. /Әйелдің махрамы – өмірінің соңына дейін онымен некелесу харам болған ер кісі. Олар: қыздың әкесі, атасы, атасының әкесі, одан жоғарғы аталары және баласы, оның ұлы, ұлының ұлы, одан төменгі ұлдары және ағасы, оның ұлдары және әпке-сіңлісінің ұлдары, әкесінің аға-інілері және нағашысы, күйеуінің әкесі, яғни қайын атасы және одан жоғарғы әкелері, күйеуінің ұлы және оның одан төменгі ұлдары және сүт әке, яғни емген анасының күйеуі, сүт ұл, яғни өзі емізген біреудің баласы, сүт аға, емген анасының ұлы және қызының күйеуі және шешесінің күйеуі/ Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Ер кісі бөтен әйелмен ешқашан жалғыз қалмасын, тек махрам болса, онда ол басқа***» - деген. **/Имам Бұхари және имам Мүслім риуаяты/**

✷ Әйелге мешітте намаз оқуға рұқсат, ал фитна болса, онда мешітке бару оған макрух болады. Айша анамыз: «*Егер пайғамбарымыз* (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) *қазіргі әйелдердің не істеп жатқандарын көрсе, онда оларды Исраил ұрпақтарының әйелдерінің қайтарылғаны сияқты әлбетте мешітке барудан қайтарар еді*». **/Имам Бұхари және имам Мүслім риуаяты/** Ер кісінің мешітте оқыған намазының сауабы көбейтілгені сияқты әйелдің үйде оқыған намазының сауабы арттырылады. Бір әйел пайғамбарымызға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) келіп: «Әй, Аллаһтың елшісі! Мен сенімен бірге намаз оқығанды жақсы көрем» - деп айтты. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Сен менімен бірге намаз оқығанды жақсы көретініңді білемін, алайда үйіңде сырт көзден таса жерде оқыған намазың бөлмеңде оқыған намазыңнан артық әрі бөлмеде оқыған намазың ауланда оқыған намазыңнан артық әрі ауланда оқыған намазың өзіңнің ауылыңдағы мешітте оқыған намазыңнан артық әрі ауылыңдағы мешітте оқыған намазың менің мешітімде оқыған намазымнан артық***» - деген. **/Имам Ахмад риуаяты/** Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Әйелдер үшін ең жақсы мешіттер – олардың үйлері***» - деген. **/Имам Ахмад риуаят еткен/**

✷ Әйел кісіге қажылық, немесе ұмра тек өзімен бірге серік болып бірге баратын махрам тапқан жағдайда ғана уәжіп болады. Махрамсыз сапарға шығу оған рұқсат етілмейді. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Әйел кісі үш тәуліктен артық ара қашықтыққа тек махраммен бірге ғана сапарға шықсын!***» - деген. **/Имам Бұхари және имам Мүслім риуаяты/**

✷Әйелдердің қабірлерді зиярат етіп, жаназаға ермегені жөн. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Аллаһ қабірлерге көп барушы әйелдерді лағнеттейді***» - деді. Умму Атыя, (Аллаһ оған разы болсын): «*Біздерге түбегейлі тыйым болмаса да жаназаға еруден қайтарылдық.* /**Имам Мүслім риуаяты/**

✷ Әйел кісіге шашын қалаған түске бояуына рұқсат, қара түске бояу макрух, алайда құда түсушіні алдау мақсатында шашты қара түске бояу харам.

✷ Әйелге мирастан Аллаһ тағала бөлуге бұйырған нәрсені бөліп беру уәжіп. Пайғамбарымыздан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім мирасқордың мирасын бермесе, Аллаһ Қиямет күні Жәннаттан оның мирасын бермейді***» - деген сөз жеткен. **/Жеткізуші Ибн Мәджа/**

✷ Күйеуі әйелін киім-кешекпен, жеп-ішіммен, үймен орташа болған жағдайда қамтамасыз етуі уәжіп. Аллаһ тағала «Талақ» сүресінің 7-ші аятында:

«***Байлық иесі байлығынынан нәпақа жұмсасын! Ал ризығы шектеулі Аллаһтың бергені бойынша нәпақа жұмсасын***!» - деп айтқан. Егер әйелдің күйеуі болмаса, оның әкесіне, немесе ағасына, немесе баласына оған нәпақа жұмсау уәжіп. Ал егер әйелдің туысы болмаса, онда оған басқа адамдардың нәпақа жұмсауы мұстахаб. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъaләйhи уа саллам): «***Жесір әйелге және міскінге көмектесуші Аллаһ жолында күресуші, немесе түндерді намазбен, күндізді оразамен өткізуші тәрізді***» - деген. **/Имам Бұхари мен имам Мүслім риуаяты/**

✷ Әйел ажырасқаннан кейін басқа күйеуге тұрмысқа шыққанша кішкентай баланы алып қалуға күйеуіне қарғанда хақылырақ. Баланың әкесі бала анасының қолында болғанда оған қажетті нәпақаны оның анасына береді.

✷ Әйел жас болса, немесе фитнә туатын болса, онда ер кісіге бірінші болып сәлемдесуі мұстахаб емес.

✷ Әр жұма сайын әйелге кіндік асты түктерін алуы, қолтық асты жүнін жұлуы және тырнақтарын алуы мұстахаб. Осыларды 40 күннен артық қалдыруға рұқсат емес.

✷ Әйелге қастарын жұлуы харам. Пайғамбарымыздан (саллаллаху ъaләйhи уа саллам): «***Аллаһ тағала қастарын жұлатын және жұлдыртатын әйелдерді лағнеттеді***» - деген. **/Имам Абу Дәуіт риуаяты/**

✷ **Аза тұту:** әйелге күйеуінен басқа туысына үш күннен артық аза тұтуға болмайды. Пайғамбарымыздан (саллаллаху ъaләйhи уа саллам): «***Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтіруші әйелге күйеуінен басқа туысына үш күннен артық аза тұтуы халал емес***» - деген. **/Имам Мүслім риуаяты/** Ал өлген күйеуіне 4 ай 10 күн аза тұтуы уәжіп. Аза тұтқанда әшекейлерін қолданбайды, иіс суларды пайдаланбайды, тіпті сақина болса да алтыннан, күмістен жасалған сәндік бұйымдарын тақпайды, қызыл, сары сияқты түрлі-түсті сәндік киімдерді кимейді, хна, опа, сүрме секілділермен әдеміленбейді, иіс май жақпайды. Оған тырнағын алуға, қолтық жүндерін жұлуға, шомылуға рұқсат. Оған қара түсті киім кию уәжіп емес. Әйел күйеуі қайтыс болған кезде қай үйде тұрса, сол үйде аза тұтуы керек, оған сол үйден қажетсіз басқа үйге ауысуына болмайды әрі сол үйінен күндізгі уақытта қажет болған жағдайда ғана шығуға болады.

✷ Әйелге басының шашын тақырлап алуға болмайды, тек асырған қажеттілік болса ғана, алайда ер кісілерге ұқсатып шаш алмаған жағдайда оған шашын қысқартуға болады. «***Пайғамбарымыз*** (саллаллаху ъaләйhи уа саллам) ***өздерін ер кісілерге ұқсатқан әйелдерді лағнеттеді***». **/Имам Термизи риуаяты/** Сол тәрізді мұсылман әйел өзінің шашын кәпір әйелдердің шашына ұқсатып алуға болмайды. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъaләйhи уа саллам): «***Кім өзін бір қауымға ұқсатса, онда ол солардан***» - деген. **/Имам Абу Дәуіт риуаяты/**

✷ Әйел үйден шыққанда төмендегі шарттар бойынша денесін жабуы керек: **1.** Жамылғыш оның денесін тұтас жабуы. **2.** Жамылғыш сән киімі болмауы. **3.** Ол оның ішіндегісі көрінбейтін қалың матадан тігілуі. **4.** Денеге жабысып тұрмайтындай кең болуы. **5.** Әтір жағылған болмауы керек. **6.** Еркектердің киіміне ұқсамауы. **7.** Кәпір әйелдердің киіміне ұқсамауы. **8.** Адамдарды өзіне қарататын киім болмауы. Адам, немесе хайуандардың суреті салынған киім кию, немесе оны іліп қою, немесе онымен үй қабырғасын жабу, немесе оны

сатуға болмайды.

**Әйелдердің әуреті басқа кісілерге қатысты үш түрлі болады:** **1.** Күйеуі: Оған әйелінің қалаған жерін көруге болады. **2.** Әйелдер және оған махрам болған еркектер: Оларға әйелдің жүзі, шашы, мойны, қолы, білегі, балтырға дейінгі аяғы секілді әдетте көрінетін жерлерін көруге болады. **3.** Басқа еркектер: Олар үйлену, немесе емдеу тәрізді қажеттілік жағдайда болмаса, оның ешқандай жерін көруге болмайды. Өйткені адамдарды оған ең көп назар салуына себеп болатын нәрсесі оның жүзі болып табылады. Фатима бинт әл-Мунзир (Аллаһ оған разы болсын): «*Біз еркектерден жүздерімізді жасыратынбыз*» - деген. **/Имам Хәкім риуаяты/** Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын): «*Біз пайғамбармен* (саллаллаһу ъаләйһи уа саллам) *бірге ихрамда болғанымызда алдымыздан керуендер өтетін еді. Сонда олар бізге жақындап келсе, біз жүзімізді орамалдарымызбен дереу жаба қоюшы едік. Олар өтіп кетсе, жүзімізді қайтып ашатын едік*» - деген. **/Имам Ахмад, имам Абу Дәуіт, тағы басқалар жеткізген/**

✷ **Иддә күту:** Оның бірнеше түрі бар: **1.** Жүкті әйел: Талақ етілген, күйеуі қайтыс болған әйелдің иддәсі босанғанға дейін. **2.** Күйеуі қайтыс болған әйел: Иддә күту мерзімі 4 ай 10 күн. **3.** Етеккір келетін талақ етілген әйел: Үш етеккір мерзім иддә күтеді, оның иддәсі үшінші етеккірден тазарғанда аяқталады. **4.** Етеккір келмейтін әйел: Оның иддә күту мерзімі үш ай.

Бірінші, екінші талақ етілгеннен кейін иддә мерзімін күтіп отырған әйел иддә күту уақытында күйеуімен бірге болуы уәжіп. Иддә мерзімі аяқталғанға дейін олардың қайта табысып кетулері мүмкін болған себепті күйеуіне оны көруге және онымен жалғыз қалуына рұқсат. Бірінші, екінші талақтан кейін әйелін қайтарып алуда одан разылық сұрау қажет емес. Әйелін қайтару «сені қайтарып алдым» деген сөзбен, немесе оған қосылумен болады.

✷ Әйел уәлидің рұқсатынсыз өз бетімен некелесе алмайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу ъаләйһи уа саллам): «***Қай әйел уәлиінің рұқсатынсыз некелессе, оның некесі жарамсыз***» - деген. **/Имам Абу Дәуіт риуаяты/**

✷ Әйелге шашына шаш ұлауы, денесіне сурет салуы харам. Осы екі іс үлкен күнәлардан. Пайғамбарымыз (саллаллаһу ъаләйһи уа саллам): «***Аллаһ шашына шаш ұлаушы, немесе шаш ұлаттырушы, денеге сурет салушы, немесе сурет салдырушы әйелдерді лағнеттеді***» - деген. **/Имам Бұхари мен имам Мүслім риуаяты/**

✷ Әйел күйеуінен себепсіз талақ сұрауы харам. Пайғамбарымыз (саллаллаһу ъаләйһи уа саллам): «***Қай әйел күйеуінен себепсіз талақ сұраса, онда оған Жәннаттың исі харам***» - деген. **/Имам Абу Дәуіт риуаяты/**

✷ Әйел күйеуіне жақсылықпен бойұсынуы уәжіп, әсіресе күйеуі оны төсекке шақырғанда. Пайғамбарымыз (саллаллаһу ъаләйһи уа саллам): «***Егер ер кісі әйелін төсекке шақырса, сөйтіп ол келуден бас тартса, сонда күйеуі ашумен ұйықтаса, онда таң атқанша ол әйелге періштелер лағнет айтады***» - деген. **/Имам Бұхари мен имам Мүслім риуаяты/**

✷ Әйел жол-жөнекей бөтен ер кісілердің алдынан өтетінін білсе, онда оған иіс сулармен себінуге болмайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу ъаләйһи уа саллам): «***Егер әйел иіс сумен себінсе, сөйтіп оның иісін аңқытып ер кісілердің алдынан өтсе, онда ол сондай да сондай, яғни ол зинақор әйел***» - деген. **/Имам Абу Дәуіт риуаяты/**

# НАМАЗ

Азан шақыру және намаз алдында қамат түсіру егер де олар сапарда жүрмесе, онда ер кісілерге - фард кифая, және жолаушыға және намазды жеке оқушыға оларды айту - сунна, ал әйелдерге оларды айту - макрух. Тек түннің екінші жартысынан бастап шақыруға болатын таңғы намазының бірінші азаны болмаса, намаз уақыты кірместен бұрын азан шақырып, қамат түсіруге болмайды.

**Намаздың шарттары: 1.** Намаз оқушының мұсылман болуы. **2.** Оның ақыл-есі дұрыс болуы. **3.** Оның түсінік деңгейі жақсы мен жаманды, халал мен харамды ажырата алуы, әдетте адам бұндай дәрежеге жеті жастан бастап көтеріледі. **4.** Шамасы келген жағдайда дәрет, немесе ғұсыл алу. **5.** Намаз уақытының кіруі. Бесін намазының уақыты - күн тас төбеден ауғаннан бастап, заттың көлеңкесі өзімен бірдей болғанға дейін, екінті намазының уақыты - бесін намазының уақыты аяқталғаннан бастап күннің қызуы қайтқанға дейін. Екінті намазын осы уақыт аралығында оқыған абзал. Осы уақыт аралығында белгілі бір себептермен оқи алмаған адамға оны күн батқанға шейін оқуға рұқсат. Ақшам намазының уақыты - күн батқаннан аспандағы күн қызылының тарағанына дейін. Құптан намазын ақшам намазының уақыты аяқталғаннан бастап түннің жартысына дейін оқыған абзал. Осы уақыт аралығында белгілі бір себептермен оқи алмаған адамға оны таң атқанға дейін оқуға рұқсат. Таң намазының уақыты - күн шыққанға дейін. **6.** Әуретті жабу. Әурет адамның басқаларға көрсетуге болмайтын ұятты жерлері. Жеті жасар баланың әуреті оның жыныстық мүшесі мен құйрығы. Он жасар баланың әуреті тізе мен кіндік арасы. Балиғат жасына жеткен азат қыз намазда жүзінен басқа барлық жерін жауып оқиды. Әйелге намазды жүзін жауып оқу макрух, тек бөтен ер кісілер алдында ғана жүзін жабу оған уәжіп. Намаз оқығанда, немесе тауап еткенде әйел кісінің білегі сияқты әуреті ашық болса, онда оның құлшылығы дұрыс емес. Жыныстық мүшені, құйрықты намаздан тыс уақытта да жабу уәжіп. Қараңғыда болсын, жалғыз қалғанда болсын осы екеуін қажетсіз ашу макрух. **7.** Шамасы жетсе денесінен, киімінен, намаз оқитын орыннан нәжісті кетіру. **8.** Шамасы жетсе құбылаға жүзін бұру. **9.** Ниет ету.

**Намаздың негіздері он төрт: 1.** Шамасы келген жағдайда парыз намазды тұрып оқу. **2.** Намазды ашатын такбир айту. **3.** «Фатиха» сүресін оқу. **4.** Әр ракағатта рукуъ жасау. **5.** Рукуъдан түрегелу. **6.** Рукуътан кейін бойын тіктеп тұру. **7.** Жеті мүшемен сәжде ету. **8.** Екі сәжденің арасында отыру. **9.** Соңғы ташаххуд. **10.** Соңғы ташаххудқа отыру. **11.** Соңғы ташаххудта пайғамбарымыз Мұхаммедке (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) салауат айту. **12.** Намаздан шығарда бірінші сәлем. **13.** Намаздағы әрекеттерді салмақтылықпен орындау. **14.** Осы негіздерді ретімен орындау. Намаз осы негіздерді орындаумен ғана дұрыс болады. Ұмытып, немесе қасақана осы негіздердің біреуі орындалмай қалса, сол ракағат есептелінбейді, ол ракағатты қайта оқу керек.

**Намаздың уәжіптері сегіз: 1**. Намазды ашатын такбирден басқа такбирлер. **2**.Имам және жеке оқушының «Самиаллаху лиман хамидаһ» деп айтуы.

**3.**Рукуътан тұрғанда «Раббана уа лакәл хамд» деп айту. **4.** Рукуъқа барғанда бір рет «Субхана Раббия ал-ъазым» деп айту. **5.** Сәждеге барғанда бір рет «Субхана Раббия ал-аъла» деп айту. **6.** Екі сәжде арасында «Раббиғфирли» деп айту. **7.** Бірінші ташаххуд. **8.** Бірінші ташаххудқа отыру. Кім осы уәжіптердің біреуін әдейі тастаса, онда намазы бұзылады, ал ұмытып кетсе, онда саху сәжде жасайды.

**Намаздың сүннеттері:** Сөзбен істелінетін сүннеттер: намаз ашатын дұғаны айту, «*Аъузу биллахи минашшайтани-ирражим*», «*Бисмиллахи-иррахмани-иррахим*» деп айту, «*Амин*» деп айту және дауыстап оқылатын намаздарда оны дауыстап айту, «*Фатиха*» сүресінен соң Құраннан Аллаһ нәсіп еткенді оқу, иманның дауыстап оқуы, имамға ұюшы дауыстап оқымайды, намазды жеке оқыған кісіге оны не дауыстап, не іштей оқыса да рұқсат. «*хамдан кәсиран тайибан мубаракан фихи...*» зікірін айту, рукуъ мен сәжденің зікірін, сондай-ақ «*Раббиғфирли*» зікірін бір реттен артық айту, сәлем беруден бұрын дұға ету.

**Іс-әрекеттермен істелетін сүннеттер:** Намазды ашушы такбир айтқанда, рукуъқа барғанда, одан түрегелгенде, сондай-ақ бірінші ташаххудтың отырысынан түрегелгенде екі қолды иықтың, немесе құлақтың тұсына дейін көтеру, тұрып тұрғанда оң қолды сол қолдың үстінен байлап, оны көкіректің астына қою, сәжде орнына  қарау, тұрып тұрғанда екі аяқтың арасын ашып қою, сәждені алдымен екі тізесін, сосын екі қолын, сосын маңдайы мен мұрнын қоюмен бастау, сәждеде екі білегін екі бүйірінен, қарнын екі санынан, екі санын екі балтырынан алыс ұстау, екі тізесінің арасын ашып ұстау, сондай-ақ аяқтың екі табанын бір-біріне тигізбей аяқтарының саусақтарын жерге тіреу, екі алақанын саусақтарын ашпай екі иығының тұсына жерге қою, сәждеден тұрғанда екі қолымен тізесіне сүйеніп түрегелу, екі сәжде арасында және бірінші ташаххудта сол аяғына отыру, екінші ташаххудта сол аяғын оң аяғының астына төсеп жерге құйрықпен отыру, екі сәжде арасында, сондай-ақ ташаххудта саусықтарының араларын ашпаған күйі екі алақанын екі санының үстіне қою, ташаххудта отырғанда басынан бастап, соңына дейін оң қолының ортан саусақ пен шынашақты жұмып, ат жоқ саусақпен бас бармақты қосып дөңгелектеп, сұқ саусақпен Аллаһтың атын зікір етіп, дұға сұрағанда Аллаһтың жалғыз екенін нұсқап ишарат ету, сәлем бергенде оң жаққа, сосын сол жаққа жүзін бұру. Осы сүннеттер ұмытылып, немесе әдейі қалдырылса,  намаз бұзылмайды.

**Саху сәжде:** Құранды сәждеде оқу сияқты намазда айтылатын сөзді өз орнынан басқа орында айтса, саху сәжде жасау мұстахаб. Намаздың сүннеттерінің біреуін қалдырып қойса, саху сәжде жасау рұқсат. Артық рукуъ, немесе сәжде, немесе артық отырып, немесе артық тұрса, немесе намаз аяқталмай жатып сәлем берсе, немесе аяттың сөзін мағынасы өзгеретіндей етіп қате оқыса, немесе намаздың уәжіптерінің біреуін қалдырып кетсе, немесе намаз оқып тұрғанда бір амалды артық жасап қойдым деп күмәнданса, саху сәжде жасау уәжіп. Уәжіп болған саху сәждені әдейі қалдырса, намаз бұзылады. Саху сәждені сәлем беруден бұрын, немесе одан кейін орындаса

болады. Егер саху сәждені орындауды ұмытып, оған көп уақыт өтіп кетсе, оны орындау міндеті оның мойнынан түседі.

**Намаз орындаудың сипаты:** Егер намазхан намазға тұрса, алдымен құбылаға қарайды әрі «**Аллаһу акбар**!» (Аллаһ Ұлы!) деп айтады, имам артындағылар естуі үшін осы тәкбирді де, басқа такбирлерді де дауыстап айтады, имамнан басқалар оларды іштей айтады, такбир айтуды бастағанда екі қолын иығының тұсына, немесе құлағының тұсына дейін көтереді, сосын оң қолды сол қолдың үстінен байлап, оны көкіректің астына қояды, сәжде орнына қарайды, сосын суннада келген намазды ашушы дұғалардың біреуін оқиды, мысалы: «*Субхәнәкә Аллахуммә уә бихәмдикә уә тәбаракә исмукә уә тәъалә жәддукә уә лә иләһа ғайрук*»[1], сосын «*аъузу билләһи минәшшәйтани-ирражим*»[2] дейді, сосын «*Бисмилләһи-иррахмани-иррахим*»[3] -ды оқиды, сосын «Фатиха» сүресін оқиды, дауыстап оқылатын намазда имамға ұюшы үшін имамның оқыған аяттары арасындағы демалыстарда әрі үнсіз оқыған жерлерінде «Фатиха» сүресін оқу мұстахаб, іштей оқылатын намаздарда имамға ұюшыға «Фатиха» сүресін оқу уәжіп, сосын Құраннан Аллаһ нәсіп еткен сүре, немесе аяттарды оқиды әрі таң намазында Құраннан ұзын сүрелерден біреуін оқу, ақшам намазында Құраннан қысқа сүрелерден біреуін оқу, қалған намаздарда Құраннан орта сүрелерден біреуін оқу мұстахаб, ұзын сүрелер «Қаф» сүресінен «Нәба» сүресіне, орташа сүрелер «Нәба» сүресінен «Духа» сүресіне, қысқа сүрелер «Духа» сүресінен «Нәс» сүресіне дейінгі сүрелер, имам таң намазында, ақшам намазы мен құптан намазының алғашқы екі ракағатын дауыстап, ал басқа намаздарын іштей оқиды, сосын такбир айтып рукуъқа иіледі әрі екі алақанын саусақтарын ашқан күйі екі тізесіне қойып, иілгенде арқасы мен басын бір түзудің бойына келтіреді, сосын үш рет «*Субхәнә Раббия ал-ъазым*»[4] деп айтады, сосын «*Сәмиаллаху лимән хәмидаһ*»[5] деп айтқан күйі рукуътан басын көтереді, түрегелгенде «*Раббәнә уә ләкәл хәмд, хәмдән кәсиран тайибән мубәракән фихи мил әссәмәуәти уә мил әл-арды уә миләә мә шиътә мин шәйин баъд*»[6] дейді, сосын такбир айтқан күйі сәждеге жығылады әрі сәждеде екі білегін екі бүйірінен, қарнын екі санынан, екі санын екі балтырынан алыс ұстайды және екі алақанын саусақтарын ашпай екі иығының тұсына жерге қояды, сосын аяқтары мен қолдарының саусақтарын құбылаға бағыттаған күйі аяқтарының саусақтарын жерге тірейді, сосын үш рет «*Субхәнә Раббия әл-аъләә*»[7] деп айтады және осыған суннада келген басқа да зікірлерді қосып

---

[1] «Я, Аллаһ! Сен Пәксің және Саған мадақ! Сенің есімің берекелі және Сенің ұлылығың бәрінен (де) жоғары, әрі Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ»

[2] «Қуылған шайтанның азғыруынан Аллаға сыйынамын»

[3] «Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын»

[4] «Ұлы Раббым (кемшілік атаулыдан) Пәк!»

[5] «Аллаһ Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естіді (естісін)»

[6] «Раббымыз! Саған мақтау-мадақ, көп-көп, ізгі әрі берекелі мақтау-мадақтар болсын, және ол көктер мен жерді толтырсын, әрі Өзің қалаған нәрселерді де толтырсын!».

[7] «Аса Жоғары Раббым Пәк!»

айтуына әрі қалағанша дұға жасауына болады, сосын такбир айтқан күйі басын көтереді әрі сол аяғын астына төсеп, оған отырады әрі оң аяғының саусақтарын құбылаға бағыттаған күйі саусақтарын жерге тірейді, немесе екі аяғының да саусақтарын құбылаға бағыттаған күйі саусақтарын жерге тіреп екі аяқтың ұшына отырады әрі «*Раббиғфирли*»[1] деп екі рет айтады әрі оған «*уәрхәмни, уәжбурни, уәрфаъни, уәрзуқни, уәнсурни, уәһдини, уә афини*»[2] деген дұғаны қосып айтуға болады, сосын бірінші сәждеге жығылған сияқты екінші сәждені жасайды, сосын такбир айтқан күйі басын көтеріп орнынан түрегеледі, сөйтіп екінші ракағатты бірінші ракағат сияқты оқиды, сөйтіп оны аяқтағанда сол аяғын астына төсеген күйі ташаххудқа отырады, сол қолын сол жақ санына, оң қолын оң жақ санына қойып оң қолының ортан саусақ пен шынашағын жұмып, ат жоқ саусақпен бас бармақты қосып дөңгелектеп, сұқ саусақпен Аллаһтың жалғыз екенін нұсқап ишарат етеді әрі «*әттәхияту лилләһи уәссаләуәту уәттайибәт, әссәләму ъаләйкә әййюһаннәбию уә рахмәтуллахи уә бәракәтуһу әссәләму ъаләйнә уә ъалә ъибәдилләһис-салихин, әшһаду ән лә иләһа илләллаһу уә әшһаду әннә Мухаммадан ъабдуху уә расулух*»[3] деген «ташаххуд» зікірін айтады, сосын үш ракағаттық әрі төрт ракағаттық намаздарда такбир айтқан күйі орнынан түрегеледі әрі намаздарының басқа ракағаттарын дәл осылай оқиды, бірақ оларды дауыстап оқымайды әрі тек «Фатиха» сүресін ғана оқиды, сосын соңғы ташаххудқа сол аяғын оң аяғының астына төсеп жерге құйрықпен отырады, /құйрықпен екі ташаххудты намаздың соңғы отырысында отырады/ сосын жоғарыда берілген «ташаххуд» зікірін айтып, ізінше: «*Аллаһуммә солли ъалә Мухаммадин уә ъалә әли Мухаммад кәмә соллайтә ъалә Ибраһима уә ъалә әли Ибраһим иннәкә хәмидун мәжид, Аллаһуммә бәрик ъалә Мухаммадин уә ъалә әли Мухаммад кәмә бәрактә ъалә Ибраһима уә ъалә әли Ибраһим иннәкә хәмидун мәжид*»[4] әрі оған «*Аъузу билләхи мин ъазәбиннәри уә ъазәбил қабри уә фитнәтил мәхия уәл мәмәти уә фитнәтил мәсихид-дажжал*»[5] дұғасын әрі одан да басқа суннада келген дұғаларды айту сүннет, сосын алдымен оң жаққа, сосын сол жаққа жүзін бұрып: «*Ассәләму ъаләйкум уә рахмәтуллаһ*» деп екі рет сәлем береді.

---

[1] «Раббым, мені кешіре гөр!»

[2] «Маған рақым ете гөр, мені Өзің оңдап, маған есендік бер, мені жоғары (дәрежеге) көтер, маған ризық-несібе бер, маған көмектес, мені тура жолға бастай гөр, әрі маған денсаулық бер».

[3] «Сәлемдер, салауаттар және барлық жақсылықтар Аллаһқа тән. Уа, Пайғамбар! Саған (Аллаһтың) сәлемі және Аллаһтың рақымы әрі Оның берекеті болсын! Аллаһтың сәлемі бізге және Оның ізгі құлдарына болсын! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне куәлік беремін және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін»

[4] «Я, Аллаһ! Сен Ибраһимге және оның отбасына игілік еткеніңдей, Мухаммадқа және оның отбасына да игілік ет, шын мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың! Я, Аллаһ! Сен Ибраһимге және оның отбасына береке бергеніңдей, Мухаммадқа және оның отбасына да береке бере гөр. Шын мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың!»

[5] «Мен Тозақ азабынан, қабір азабынан, өмір мен өлім бүлігінен және Мәсих Дәжжәл бүлігінің кесірінен Өзіңе сиынамын!»

**Намазды аяқтаған соң суннада келген дұғаны айтады:** «*Астағфируллаһ, астағфируллаһ, астағфируллаһ, Аллаһуммә әнтәс-сәләм уә минкәс-сәләм табәракта иә зәлжаләли уәл-икрам, лә иләһа илләллаһу уахдаһу лә шәрикә ләһ, ләһул мүлку уә ләһул хамду уә хуа ъалә күлли шәйин қадиир, лә хәулә, уә лә қууәтә иллә билләһ, лә иләһа илләллаһу уә лә наъбуду иллә иййәһ, ләхунниъмату уә ләхул фадлу уә ләһус сәнәул-хәсән, лә иләһа илләллаһу мухлисыйнә ләһуддин уә ләу кариһал-кәфирун, Аллаһуммә лә мәниъа лимә аътайта уә лә мұътия лимә мәнаътә уә лә йанфаъу зәл-жәдди минкәл-жәдд*»[1].

Таң намазы әрі ақшам намазынан соң жоғарыдағыларға қоса, «*Лә иләһа илләллаһу уәхдаһу лә шәрика ләһ, ләһул-мүлку уә ләһул-хамду йухйи уа йумийту уә хуа ъалә күлли шәйин қадиир*»[2] деп 10 рет айтады, сосын 33 рет «*Субханаллаһ*»[3], 33 рет «*Әлхәмду лилләһ*»[4], 33 рет «*Аллаху акбар*»[5] деп айтады, жүзіншісіне «*лә иләһа илләллаһу уахдаху лә шәрика ләһ, ләхул-мүлку уә ләһул-хамду уә хуа ъалә күлли шәйин қадиир*»[6] деп айтады, сосын «Аятул-курси» аятын оқиды, сосын «Ықылас», «Фалақ», «Нәс» сүрелерін оқиды, осы сүрелерді таң намазы мен ақшам намазынан кейін үш рет оқиды.

**Ауру кісінің намазы:** Егер намазда түрегеп тұрып оқу оның ауруын арттырса, немесе олай оқуға шамасы келмесе, онда ол намазын отырып оқиды. Егер отырып оқуға шамасы келмесе, онда ол намазын бір жағына жантайып жатып оқиды. Егер осылай да оқу оған қиындық тудырса, онда шалқасынан жатып оқиды. Егер рукуъ, сәждеге бара алмаса, онда оларды ишарат етіп оқиды. Қаза болған намаздарының орнын толтырады. Егер әрбір намазды өз уақытында оқуға қиналса, онда бесін мен екінтіні, ақшам мен құптанды осы екі намаздың біреуінің кірген уақытында ол екеуін қосып оқиды.

---

[1] «Аллаһтан кешірім сұраймын (3 рет). Я, Аллаһ! Сен Мінсіз («әс-Сәләм» - Аллаһтың қандайда кемшілік атаулыдан азат екендігіне нұсқайтын Оның көркем есімдерінің бірі), әрі есен-амандық Сенен (яғни: кез-келген қайғы-қасіреттерден Сен ғана құтқарасың), уа, Ұлылық пен Құрмет Иесі, Сен Игі-Берекелісің. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, әрі барлық мақтау Оған лайық. Сондай-ақ Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Біз Одан басқа ешкімге құлшылық етпейміз. Нығметтерді Ол береді, артықшылықтарға да Ол ие (Ең жоғары, кемел артықшылықтар немесе сипаттар меңзеледі), Оған көркем (лайықты) мақтау-мадақтар болсын. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, ал біз Аллаһтың алдында дінде ықыластымыз, тіпті бұл кәпірлерге ұнамаса да. Я, Аллаһ! Сен берген нәрседен ешкім айыра алмайды. Ал Сен бермеген нәрсені ешкім бере алмайды. Күш-Құдірет иесінің күш-құдіреті Сенің алдыңда пайдасыз болып қалады».

[2] «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз. Оның серігі жоқ. Билік Оған тән әрі барлық мақтау Оған лайық, Ол жан береді және жан алады, және Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді»

[3] «Аллаһ Пәк»

[4] «Бүкіл мақтау Аллаһқа»

[5] «Аллаһ Ұлы»

[6] «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ, Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, барлық мақтау-мадақ Оған лайық. Сондай-ақ Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді!»

**Жолаушының намазы:** Егер ара қашықтық шамамен 85 шақырымнан артық болса әрі сапары рұқсат етілген сапар болса, ол төрт ракағаттық намаздарды екі ракағаттан оқиды. Егер ол сапарда жүргенде бір жерде 4 күннен артық қалуды ниет етсе, /20 парыз намаз/ онда ол сол жерге жеткенен бастап намазын толық оқиды, қысқартпайды. Егер жолаушы намазда сапарда жүрмеген адамға ұйыса, немесе, үйде жүргенде ұмытып қалдырған намазын сапарда жүргенде есіне түсірсе, немесе керісінше сапарда ұмытып қалдырған намазын үйге келгенде есіне түсірсе, онда осы намаздарының бәрін қысқартпай толық оқиды, бірақ абзалы - қысқарту.

**Жұма намазы:** Ол – бесін намазынан абзал әрі ол –қысқартылған бесін емес, өзінше бөлек намаз. Сондықтан оны төрт ракағат етіп оқуға әрі бесін ниетімен оқуға болмайды әрі екі намазды қосып оқу себептері болғанымен оны екінті намазымен қосып оқуға болмайды.

**Үтір намазы:** Оны оқу сунна. Оның уақыты - құптан намазы аяқталғаннан таң атқанға дейін. Ең азы - бір, ең көбі - он бір ракағат. Әр екі ракағаттан соң сәлем берген абзал. Үтір намазының толық болуының ең азы - үш ракағат. Бірінші ракағатында «Аъла», екіншісінде «Кафирун», үшіншісінде «Ықылас» сүресін оқу сунна. Соңғы ракағатында имамсыз жалғыз оқыса да екі қолын көтеріп дауыстап, «Құнут» дұғасын оқу мұстахаб.

**Жаназа намазы:** Қайтыс болған мұсылманды жуу, кебіндеу, оған жаназа намазын оқу, оны жерлеу фард кифая. Тек қана соғыста қайтыс болған шаһид жуындырылмайды, кебінделмейді, оған жаназа намазын оқу рұқсат және қандай күйде өлген болса, сол күйде жерленеді. Ер кісі үш дана ақ матамен, әйел бес дана ақ матамен: дамбал, орамал, көйлек, екі кеуде жапқышпен кебінделеді. Жаназа намазында имамның ер кісінің мәйітінің кеуде тұсында, әйелдің мәйітінің орта тұсында тұруы сунна. Төрт такбир айтады. Бірінші такбирден кейін «Аъузу билләһи минашшайтани-ирражим», «Бисмилләһи-иррахмани-иррахим», «Фатиха» сүресін іштей оқиды, сосын екінші рет такбир айтады да пайғамбарымызға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) салауат айтады, сосын үшінші рет такбир айтып мәйітке дұға жасайды, сосын төртінші рет такбир айтып, азғантай кідірістен соң сәлем береді. Қабірдің үстіне үйілетін топырақтың биіктігін бір қарыстан асыру, оны гипстеу, цементтеу, оны сүю, оған жазу, отыру, оның үстінде жүру харам. Қабірдің үстіне шырақ жағу, оны айналу, оның үстіне мешіт соғу, немесе мәйітті мешіттің ішінде жерлеу харам. Сондай-ақ қабір үстіне күмбез тұрғызуға болмайды.

✸ Көңіл айту сөздерінде ешқандай шектеу жоқ. Көңіл айтушы: «Аллаһ үлкен сауап берсін, Аллаһтың Өзі сені жұбатсын, Аллаһ күнәларын кешірсін» деп айтуына болады. Мұсылманның кәпір туысы қайтыс болса, оған көңіл айтқанда: «Аллаһ үлкен сауап берсін, Аллаһтың Өзі сені жұбатсын» деуге болады. Кәпірге көңіл айту айтылмайды, қайтыс болған мұсылман болса да.

✸Мұсылман адам өзі өлгеннен соң туыстарының қатты дауыс шығарып жылап шариғатқа қайшы келетін істерді істейтінін білсе, онда алдын ала

оларға олай істеуге болмайтынын ескертіп қоюы керек, әйтпесе ол қабірде қиналуы мүмкін.

✸Имам Шафиъи (Аллаһ оған рақым етсін): «Өлген кісінің туыстарының адамдар көңіл айтып келеді деп оның үйінде жиналып отыруы макрух. Әйел болсын, ер кісі болсын өз ісімен айналысуы керек».

✸Өлген кісінің отбасына тамақ пісіріп әкелу - сунна. Көңіл айтуға жиналған кісілерге өлген кісінің үйінде тамақ пісіру және ол үйдің тамағын жеу – жақсы емес.

✸Өте алыс жерде болмаса, мұсылман адамның қабіріне барып тұру сунна. Кәпір кіснің қабіріне бару рұқсат. Сондай-ақ кәпір кісіге мұсылманның қабіріне баруға тыйым салынбайды.

✸Қабірге барған адам: «*Ассәләму ъаләйкум дәра қаумин муъминин уә иннә иншә Аллаһу бикум ләхиқун йархәмуллаһул-мұстақдимина миннә уәл мұстахирин нәсәлуллаһа ләнә уәләкум әл-афия Аллаһумма лә тахримна әжраһум уә лә тафтиннә баъдаһум уағфир ләнә уә ләһум*»[1] деп айтуы сунна.

**Екі айт намазы:** Ол фард кифая. Оның уақыты духа намазының уақыты сияқты. Айттың келгендігі күн тас төбеден ауғаннан кейін білінсе, ертесі күні қаза етіп оқылады. Оның шарттары екі құтпаны есепке алмағанда жұма намазының шарттары сияқты. Даладағы намазханада оқылғанда айт намазының алдында да, одан кейін де нәпіл намаз оқу макрух. Айт намазының сипаты: екі ракағат оқылады, намазды ашушы такбирден соң «Аъузу биллаһи минаш шайтаниир-ражим»-ді айтпастан бұрын алты рет такбир айтады. Екінші ракағатта «Фатиха» сүресін бастамастан бұрын бес рет такбир айтады. «Фатиха» сүресінен соң бірінші ракағатта «Аъла» сүресін, екінші ракағатта «Ғашия» сүресін оқу сунна. Сәлемнен кейін жұма намазының құтпасы сияқты екі құтпа айтады. Бірақ сол құтпа кезінде көп такбир айту сунна.

**Күн тұтылғанда оқылатын намаз:** Оны оқу сунна. Оның уақыты күн, немесе ай тұтылғаннан бастап тұтылу аяқталғанша. Ол екі ракағат оқылады. Бірінші ракағатта «Фатиха» сүресі мен қоса бір ұзын сүре оқылады, сосын рукуъта ұзақ уақыт тұрады, сосын рукуътан тұрған соң сәждеге бармай «Фатиха» сүресі мен бір ұзын сүре оқылады, сосын қайтадан ұзақ рукуъта тұрады, сосын рукуътан тұрып сәждеге жығылып, екі ұзақ сәжде жасайды, сосын екінші ракағатты бірінші ракағат сияқты оқиды, сосын ташаххудқа отырып сәлем беріп намазды аяқтайды. Егер имамға ұюшы намазға бірінші рукуътан кейін қосылса, онда сол ракағатқа үлгермеуші болып саналады.

---

[1] «Сіздерге сәлем болсын, уа, бұл жерде жатқан му`миндер! Расында, Аллаһ қаласа, біз де (бір күні) сіздерге қосыламыз. Бізден бұрын өткендерді де, бізден кейін өтетіндерді де Аллаһ рахым етсін. Аллаһтан өзімізге де, сіздерге де азаптан құтқаруды сұраймын. Я, Аллаһ, бізге де олардың сауабындай нәсіп ет, олардан кейін бізді фитнадан сақта, бізді де оларды да кешіре гөр!»

**Жаңбыр сұрау намазы:** Жаңбыр азайып құрғақшылық болғанда осы намазды оқу сунна. Бұл намаздың оқылу уақыты, сипаты, үкімдері айт намаздікі тәрізді, тек айырмашылығы осы намазда оны оқыған соң бір рет құтпа айтылады. Бұл намаз оқылғаннан кейін жағдай ауысады деген жақсы үмітпен адамдарға сырт киімдерін теріс айналдырып кию сунна.

**Парыз намаздың алды мен артында оған қосылып оқылатын сунна намаздары:** Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) парыз намаздардан бөлек күнде 12 ракағат сунна намаз оқығаны белгілі. Олар: таң намазының алдында 2 ракағат, бесін намазының алдында 4 ракағат, бесіннен соң 2 ракағат, ақшам намазынан кейін 2 ракағат, құптан намазынан соң 2 ракағат. Сондай-ақ пайғамбарымыз (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) бұлардан да басқа нəпіл намаздар оқыған.

**Намаз оқуға тыйым салынатын уақыттар:** Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) ескертулері бойынша кейбір уақыттарда нəпіл намаздарын оқуға болмайды. **1.** Таң атқаннан күн найза бойы көтерілгенге дейін. **2.** Күн тас төбеге көтерілгеннен бастап одан ауғанға дейін. **3.** Екінті намазынан соң күн батқанға шейін. Ал мешітке кіргенде оқылатын сəлем намазы, тауаптан соң оқылатын 2 ракағат намаз, таң намазының 2 ракағат суннасы, жаназа намазы, дəрет намазы, тилəуат сəждесі, шүкір сəждесі сияқты бір себеппен оқылатын намаздар осы жоғарыда айтылған тыйым салынған уақыттарда оқыла береді.

✷ **Мешітке қатысты үкімдер:** Мұсылмандарға қажеттілікке орай мешіт соғу уəжіп. Мешіттер – Аллаһқа ең сүйікті жерлер. Онда əн салу, қол шапалақтау, саз аспаптарда ойнау, тыйым салынған өлеңдерді оқу, ер кісілер мен əйелдердің араласып отыруы, ерлі-зайыптылардың қосылулары, сауда-саттық жасау харам. Онда сауда-саттық жасағанға «Аллаһ саудаңды пайдалы етпесін!» деп айту сунна. Жоғалған малды мешітте сұрастыру харам. Осындай кісіге «Аллаһ саған жоғалған малыңды қайтармасын!» деп айту сунна. Олардан адамдардың намаз оқуларына кедергі болмаса, онда жас балаларға сабақ беру, неке қию, соттау, рұқсат етілетін өлеңдерді оқу, иътикафта отырған жəне одан да басқа сол жерде отырғандарға ол жерде ұйықтау, сондай-ақ жолаушы мен ауру кісілерге сол жерде түнеу жəне түсте ұйықтау рұқсат етіледі. Мешітті шудан, талас-тартыстан, мылжың сөзден, бейпіл сөздерді естіртіп сөйлеуден, қажет болмаған жағдайда оны жол етіп алудан сақтау сунна. Онда дүниеге қатысты артық сөйлеу макрух. Ондағы кілем, шамдарды, электр тоғын той, аза сияқты рəсімдерді жөнелтуде пайдалануға болмайды.

---

# ЗЕКЕТ

**Зекет берілетін мүлік түрлері:** Зекетті төрт түрлі мүліктен беру уәжіп:

**1.** Жайылымда жүрген малдардан. **2.** Жерден шыққан өнімдер.

**3.** Алтын мен күмістен және олардың орнына жүретін құнды қағаздардан.

**4.** Сауда айналымындағы тауардан.

**Зекеттің уәжіп болу шарттары:** Зекет бес шартпен уәжіп: **1.** Зекет беруші мұсылман болуы керек. **2.** Оның азат кісі болуы. **3.** Оның зекет берілетін заттары нисапқа, яғни зекет алынатын мөлшерге жетуі тиіс. **4.** Зекет алынатын затқа ол толық ие болуы керек. **5.** Жерден шыққан өнімдерден басқа зекет алынатын заттарға ай есебі бойынша толық бір жыл уақыт өтуі.

**Малдардан алынатын зекет:** Ол түйе, сиыр, қойдан беріледі. Осылардан зекет беру үшін екі шарт бар: **1.** Осы түліктер бір жыл, немесе одан көп уақыт жайылымда жайылуға тиіс. **2.** Олар жұмысқа емес, сүтке, немесе өсімге арналған мал болуы қажет. Егер олар сатуға арналған мал болса, онда олардан тауар есебінде зекет алынады.

**Түйеден берілетін зекет:** Бір түйеден төрт түйеге дейін зекет берілмейді.

**5 түйеден 9** түйеге дейін бір қой,

**10 түйеден 14** түйеге дейін екі қой,

**15 түйеден 19** түйе аралығында үш қой,

**20 түйеден 24** түйеге дейін төрт қой,

**25 түйеден 35** түйеге дейін бір жасар түйе,

**36 түйеден 45** түйеге шейін екі жасар түйе,

**46 түйеден 60** түйеге дейін үш жасар түйе,

**61 түйеден 75** түйеге дейін төрт жасар түйе,

**76 түйеден 90** түйеге дейін екі жасар түйеден екеу,

**91 түйеден 120** түйеге дейін екі үш жасар түйе беріледі.

**Егер түйе саны 120 түйеден асса, онда әр 50 түйеден 1 үш жасар түйе, әр 40 түйеден 1 екі жасар түйе беріледі.**

**Сиырдан берілетін зекет:**

Бір сиырдан жиырма тоғыз сиырға дейін зекет берілмейді.

**30 сиырдан 39** сиырға дейін бір жасар торпақ,

**40 сиырдан 59** сиырға шейін екі жасар тайынша беріледі.

**Егер сиырлардың саны 60 сиырға жетсе, онда әрбір 30 сиырға бір жасар торпақ, әр 40 сиырға екі жасар тайынша беріледі.**

**Қойдан берілетін зекет:**

Бір қойдан отыз тоғыз қойға дейін зекет берілмейді.

**40 қойдан 120** қойға дейін бір қой,

**121 қойдан 200** қойға шейін екі қой,

**201 қойдан 399** қойға дейін үш қой зекет беріледі.

**Егер қойлардың саны 400 қойға жетсе, онда әрбір жүз қойдан бір қой беріледі. Қойдан зекет берілгенде теке, кәрі қой, бір көзі соқыр қой, қозысы бар қой, буаз қой және қымбат қойлар зекетке берілмейді.**

**Жерден шыққан өнімдерден берілетін зекет:** Дәнді дақылдардан және жемістерден үш шарт бойынша зекет беріледі: 1.Ол дәнді дақылдардан бидай,

арпа сияқты, жемістерден жүзім мен құрма секілді ыдыспен өлшенетін әрі сақталатын болуы керек. Ал ыдыспен өлшенбейтін әрі сақтауға келмейтін көкөністерден зекет берілмейді. 2. Нисапқа жету, яғни зекет берілетін дәнді дақылдар мен жемістердің салмағы 653 келіге жетіп, одан көп болуы керек. 3.Осылардан зекет беру уәжіп болған кезде зекет беруші оның иесі болуы керек. Олардан зекет беру уақыты жемістің пайдалануға жарамды болған кезі, яғни жемістер қызарған, немесе сарғайған, ал дәнді дақылдар қатайған кезде.

Жаңбыр және өзен суларымен суғарылған сияқты қиындықсыз суғарылған дәнді дақылдар мен жемістерден 10 пайызы зекетке беріледі. Құдықтан шығарылған су сияқты қиыншылық әрі қаражатпен суғарылған егіннен 5 пайызы зекетке беріледі. Ал кейбір күндерде қиыншылықпен, қаражатпен, ал кейбір күндерде қиыншылықсыз, қаражатсыз болатын болса, онда осы екеуінің көбірегіне орай зекет береді.

**Алтын мен күмістен және олардың орнына жүретін құнды қағаздардан берілетін зекет:** Ол екі түрлі: **1. Алтын.** Оның салмағы 85 гр-ға жетпегенше одан зекет берілмейді. **2. Күміс.** Оның салмағы 595 гр-ға жетпегенше одан зекет берілмейді. Құнды қағаздар құны алтын мен күмістің нисабы бойынша осы екеуінен олардың азына жеткенде беріледі. Осылардан 2,5 пайызы зекетке беріледі.

Рұқсат етілген әшекейлерден күнделікті қолдануға арналғандарынан зекет берілмейді, ал жалға бергендері, немесе сақтап қойғандары болса, онда олардан зекет беріледі. Әйелдерге алтын мен күмістен жасалған әшекейлердің әдетке сай болғандарының барлығы рұқсат. Аз мөлшерде күмістелген ыдыс болса, онда оны пайдалануға рұқсат. Ер кісілерге күмістен жасалынған сақина, көзілдірік, тағы да басқа осы сияқты бұйымдарды пайдалануға рұқсат. Ал аз мөлшерде болсын, не көп мөлшерде болсын алтындалған ыдыстарды пайдалануға болмайды. Ер кісілерге әйелдерге ұқсап кетпеген жағдайда алтын түйме, немесе тіс бүтіндеуге пайдаланылатын алтын бекіткіш сияқты кейбір алтыннан жасалынған нәрселерді пайдалануға рұқсат.

Бір кісінің дүниесі біресе азайып, біресе көбейіп одан зекет есептеу қиын болса, онда ол жылдан бір күнді белгілеп, сол күні қанша дүниесі бар болса, ол дүниелерінің кейбір бөлігіне бір жыл уақыт толмаса да содан 2,5 пайызын зекетке береді. Айлық алатын, немесе үй, немесе жер сияқты нәрселерді жалға беретін кісі егер оның ақшасы жинауға келмей жұмсалып кететін жағдайда оның табысы қомақты болса да одан зекет бермейді. Ал егер ақша жиналса, сөйтіп оның құны нисапқа жетіп, оған бір жыл уақыт өтсе, онда сол ақшадан зекет береді.

**Қарызға берілген ақшадан берілетін зекет:** Кімнің қарызды қайтаруға жағдайы бар кісіде қарызы болса, ақшаны қайтарып алғанда ол ақша қанша жыл қарызда болса, сонша жылға одан зекет төлейді. Ал егер қарызды қайтара алмайтын кісіде қарызы болса, онда сол ақшадан зекет шығармайды, себебі, ол ақшаны қолдана алмады.

**Сауда айналымындағы тауардан берілетін зекет:** Оның шарттары: **1.**Оған ие болуы. **2.** Ол сатуға арналған тауарлар болуы керек. **3.** Оның құны нысабқа жету керек; нысабы - алтын, немесе күміс нысабтарының азына

жеткендігі.[1] **4.** Тауардың айналымға түскеніне бір жыл толуы. Егер осы шарттар табылса, онда оның құнынан зекет беріледі. Егер ол кісіде алтын, немесе күміс, немесе ақшасы болса, нысапқа жетуі үшін оларды тауардың бағасына қосады. Егер киім, үй, көлік, тағы да басқа осы сияқты тауарды сату үшін емес, пайдалану үшін ұстаса, онда олардан зекет бермейді. Сосын ол тауарларды сатуға шығарса, онда одан зекет беру үшін оның тауар айналымына түскеніне бір жыл уақыт толғанын күтеді.

**Пітір зекеті:** Өзі және отбасына айт күні ішіп-жеуден артылатын дүниеге ие кісіге пітір беру уәжіп. Оның мөлшері әрбір ер кісі немесе әйел заты үшін сол елдің әдеттегі азық-түлігінен 2,25 кг беріледі. Қамтамасыз етуге міндетті кісі айт түнінде кімді қамтамасыз етуге міндетті болса, егер жағдайы көтерсе, онда олар үшін пітір төлеуге міндетті. Оны айт күні айт намазының алдында беру мұстахаб және оны айт намаздан кешіктіріп төлеуге болмайды, сондай-ақ оны айттан бір, немесе екі күн ертерек беруге болады. Бір адамға көпшілік кісінің пітір зекетін беруге болады әрі бір кісі өзінің пітір зекетін бірнеше адамға бөліп беруіне болады.

**Зекет шығару:** Зекетті оның уақыты келгенде бірден төлеу уәжіп. Жас бала және жындының дүниесінен олардың қамқоршысы зекет шығарады. Зекетті ашық көрсету және зекет беруші оны өз қолымен таратуы сунна. Балиғат жасына жеткен адам дүниесінен зекет шығарғанда зекетке деп ниет етуі керек, барлық дүниесін садақа етсе де зекетке деп ниет етпейінше оның берген дүниесі зекет болып саналмайды. Әрбір малдың зекетін сол елдің кедейлеріне бергені абзал. Зекетті қажет болған жағдайда басқа қаланың кедейлеріне берсе де рұқсат. Егер нисабы жетсе, онда зекетті екі жылға төлесе де болады.

**Зекет алуға хақылылар:** Олар сегіз топ: **1.** Кедейлер. **2.** Жарлылар. **3.** Зекет жинаушылар. **4.** Жүректері исламға бауралуы керек кісілер. **5.** Құлдарды азат етуге. **6.** Қарызы барлар. **7.** Аллаһ жолында күресушілер. **8.** Жолаушылар. Осылардың барлығы зекеттен қажеттілігіне сай алады, ал зекет жинаушыларға ғана бай болса да оларға атқарған қызметтеріне сәйкес зекеттен төленеді. Егер хауариждер, басқыншылар елді жаулап алса, сөйтіп зекет соларға төленсе, онда ол зекет төленген болып саналады. Сондай-ақ билеуші зекетті елден мәжбүрлеп жинап алса, ол сол зекеттен жиналған дүниені әділдікпен жұмсай ма, немесе зұлымдықпен жұмсай ма зекет төленген болып саналады.

Зекетті кәпірге, байға, өзі қамтамасыз ететін кісілерге, пайғамбарымыздың (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) руы хашимиттерге беруге болмайды. Егер зекетті оған хақылы емес адамға білмей тұрып беріп қойып, сосын барып білсе, онда оның бергені зекет болып саналмайды. Тек бір кісіні кедей екен деп қателесіп оған зекет берген болса, сосын оның бай екені белгілі болса, онда оның бергені зекет болып саналады.

---

**Өз еркімен берілетін садақа:** Пайғамбарымыз (саллаллаху ъалэйhи уа саллам): «***Мүмінге өлгеннен кейін оның істеген амалдарынан, жақсылықтарынан барып***

[1] Сауда айналымындағы тауардың нысабы – алтынның нысабы 85г, немесе күмістің нысабы 595г құны. (Зекет шығарған уақытында күміс пен алтын нысабтарының құны қайсысы аз болғанына жетсе, соған сәйкес шығарады).

***тұратын нәрселер оның үйреткен және таратқан білімі, артында қалған ізгі перзенті, мирас етіп қалдырған Құран кітабы, немесе соққан мешіті, немесе жолаушылар үшін соққан қонақ үйі, немесе ағызып қойған су арналары, немесе тірі, сау кезінде дүниесінен берген садақасы өлгеннен кейін оның артынан барады***» - **деген. /Ибн Мәджа риуаяты/**

# ОРАЗА

Рамазан айының оразасы мұсылман, ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен, ораза ұстауға шамасы келетін әрбір ер кісі мен әйелге уәжіп, ал әйелдерге етеккірі келгенде, немесе босанғаннан кейінгі қаны келгенде ораза ұстауға болмайды. Жас бала егер ораза ұстауға шамасы келсе, оған әдеттену үшін ораза ұстауға бұйырылады. Рамазан айының кіруі екі істің біреуімен белгілі болады:

**1.** Әйел болсын, ер кісі болсын сенімді мұсылман болса, оның жаңа туған айды көргені туралы куәлігі.

**2.** Шаъбан айының 30 күнге толуы. Оразаны таң атқаннан күн батқанға дейін ұстау уәжіп. Парыз оразаны ұстауда таң атпай тұрып ниет ету керек.

**Оразаны бұзатын нәрселер: 1.**Әйелмен қосылу. Оған сол күннің қазасын өтеу және төлем төлеу уәжіп. Төлем – бір құл азат ету, егер оған шамасы келмесе, онда екі ай үзбей ораза ұстау, оған шамасы келмесе 60 жарлыға тамақ беру, оған да шамасы келмесе, онда оған еш нәрсе төлеу қажет емес.

**2.** Ұрық шығару. Сүюмен, құшақтаумен, немесе қолмен ұрық шығару. Ұйқыда ұрығы ағып кеткен адамның оразасы бұзылмайды.

**3.** Қасақана жеп-ішу. Ал егер аузы берік екенін ұмытып кетіп тамақ жеп қойса, онда оразасы бұзылмайды. **4.** Өзін қыстап құсу.

Егер тамағына шаң қауып алса, немесе ауыз-мұрынды шайғанда тамағына су барса, немесе әйелдерді ойлаумен ұрығы шықса, немесе ұйқыда жатып ұрығы ағып кетсе, немесе өз еркінен тыс қан, құсық шықса, оразасы бұзылмайды.

Кім түн деп ойлап тамақ жеп қойса, онда ол сол күннің оразасын өтейді. Кім таң атып кеткен жоқ па екен деген күмәнмен түнде тамақ жесе, онда оның оразасы бұзылмайды. Егер кім күн батып кеткен шығар деген күмәнмен тамақты күндіз жеп қойса, ол сол оразаны қайта өтейді.

**Ораза ұстаудан босатылғандарға қатысты үкімдер:** Рамазан айында үзірі жоқ адамның аузын бекітпей жүруі харам. Етеккірі келген, босанғанда қан келген әйелдерге, сондай-ақ бір кісіні өлімнен құтқару үшін аузын ашуға мұқтаж болған адамға оразасын ашу уәжіп. Ораза ұстау қиын болған жолаушыға әрі денсаулығына зиян келуінен қорыққан ауру кісіге аузын ашу сунна. Күндіз сапарға шығып, бірақ қазір үйінде отырған кісіге, өзінің, немесе баласының денсаулығының бұзылуынан қорыққан емшекте баласы бар әйелге әрі жүкті әйелге аузын ашу рұқсат. Осылардың барлығы сол ораза ұстай алмаған күннің қазасын өтейді, тек өздерінің балаларына ғана (өздеріне емес) қорыққан  жағдайда емізген және жүкті әйелдер ораза ұстай алмаған әрбір күндері үшін бір жарлыны тамақтандырады және қазасын өтейді.

Кім кәрілігі себепті, немесе жазылып кетуінен үміті үзілген ауыруы себепті ораза ұстауға шамасы келмесе, ораза ұстай алмаған әрбір күн үшін бір жарлыны тамақтандырады. Кім бір себеппен келесі рамазан келгенше қаза болған оразасын өтей алмаса, оған сол қаза болған күндерін өтеу ғана уәжіп. Ал егер себептен-себепсіз келесі рамазан келгенше қаза болған оразасын өтемеген болса. Сол қаза болған күндерін өтеумен бірге әрбір күн үшін бір жарлыны тамақтандырады. Егер бір себеппен қазасын өтей алмай өліп кетсе, оған еш нәрсе істеу міндет емес. Ал егер себептен-себепсіз қазасын өтемей

өліп кетсе, оның атынан әрбір қаза болған күн үшін бір жарлы тамақтандырылады әрі оның қаза болған және оның ұстауға серт еткен оразаларын оның атынан оның туыстарының өтеп беруі, сондай-ақ оның әрбір шариғатқа сай Аллаһқа берген уәделерін өтеп беруі сунна. Кім үзір жағдаймен аузын ашса, және сол үзірі рамазанның күндізгі уақытында кетсе, күннің қалған бөлігінде ораза ұстайды. Егер рамазан айында күндізгі күні кәпір ислам қабылдаса, немесе етеккірі келген әйел етеккірден тазаланса, немесе ауыру сырқатынан жазылса, немесе жолаушы үйіне оралса, немесе жас бала балиғат жасына толса, немесе жынды сауығып кетсе, күннің қалған уақытында ораза ұстаса да оларға сол күннің қазасын өтеу уәжіп. Рамазан айында ораза ұстамауға рұқсат етілген кісі сол айда рамазан айының оразасынан басқа ораза ұстауына болмайды.

**Нәпіл ораза:** Осының абзалы – бір күн ораза, бір күн ауыз ашу, сосын дүйсенбі мен бейсембі күндерінде ораза ұстау, сосын әр айда үш күн ораза ұстау, сол үш күн әр айдың (хижра бойынша) 13,14,15 күндерінде болғаны абзал. Мұһаррам, шаъбан айларының күндерінің көбісін, сондай-ақ ашура күнін, Арафат күні мен шаууал айының алты күнін оразамен өткізу сунна. Басқа айлар ішінен ережеп айын, апта күндерінен алды мен артына күн қоспай жеке жұма, немесе сенбі күндерін ораза ұстау үшін арнайы бөліп алу, күмәнді күні, яғни шағбан айының 30 күні егер күн ашық болса, ораза ұстау макрух. Ораза айт күні, құрбан айт күні, ташриқ күндері ораза ұстау харам, тек таматту, немесе қиран қажылығын істеген адам қой союдың орнына ташриқ күндері ораза ұстауына болады.

**Ескертулер:**

✷ Жүніп болған кісі, сондай-ақ етеккірі келген әйел, босанғанда жатырынан қан аққан әйел егер етеккірі мен аққан қанынан таң атпай тұрып тазарса, онда оларға ғұсыл алуды таң намазы азанынан кейінге кешіктіруге және одан бұрын сәресіні ішіп-жеуге рұқсат.

✷ Мұсылмандарға құлшылықтарында серік болу мақсатымен рамазан айында әйелге денсаулығына зиян болмайтын болса, онда оған етеккірін кешіктіру үшін дәрі ішу рұқсат.

✷ Ораза ұстаушыға ауыздан бөлінген сілекей мен тамағына жақын қақырығын жұтуына рұқсат.

✷ Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Үмбетім ауыз ашуға асықса және сәресіні кешіктірсе, жақсылықта болулары жалғаса береді***» - деген. **/Имам Ахмад риуаяты/** Және пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Адамдар ауыз ашуға асыққан жағдайда діннің үстем болуы жалғаса береді, өйткені яһуди мен христиандар ауыз ашуды кешіктіреді***» - деген. **/Имам Абу Дәуіт риуаяты/**

✷Ауыз ашу кезінде дұға жасау мұстахаб. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Расында ораза ұстаушының ауыз ашар кезінде қайтарылмайтын дұғасы бар***» - деген. **/Ибн Мәджа риуаяты/** Ауыз ашар кезінде пайғамбарымыздан келген дұғалардың бірі: «***Шөл кетті, тамырлар суланды, Аллаһ қаласа, сауаптар жазылды***». **/Абу Дәуіт риуаяты/**

✷ Оразаны жаңа піскен құрмамен, немесе ол болмаған жағдайда кепкен құрмамен, ол болмаса, онда сумен ашу сунна.
✷ Ораза ұстаушы талас мәселеге кірмеуі үшін көзге сүрме сүртуден, немесе көз не құлаққа дәрі тамызудан сақтанғаны жөн. Егер ем үшін оларға мұқтаж болса, тіпті дәрінің дәмі оның тамағына жетсе да оны пайдалануға рұқсат, және оразасы дұрыс болып саналады.
✷ Ораза күндерінің барлық уақыттарында мисуак қолдану, пікірлердің дұрысы бойынша - сунна.
✷ Ораза ұстаушы ғайбат айту, өсек айту, өтірік айту сияқты жаман әдеттерді тастауы уәжіп. Егер бір кісі оған тіл тигізсе, онда оған: «Мен оразамын» деп айтсын! Адам тілін және басқа мүшелерін күнәлардан сақтаумен оразасын сақтайды. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім өтірік сөзді және оған амал қылуды тастамаса, онда оның жеп-ішіуін тастауына Аллаһ мұқтаж емес екенін білсін*!**» - деген. **/Имам Бұхари риуаяты/**
✷ Тамаққа шақырылған адам аузы берік болса, тамақтың иесіне дұға айтуы, ал аузы ашық болса, онда тамақтан жеу сунна.
✷ Қадір түні – жыл ішіндегі ең абзал түн. Ол рамазан айының соңғы он түні ішінде. Оның ең ықтимал болуы – рамазан айының 27-ші түні. Ол түнде істелінген ізгі амал 1000 айда істелінген ізгі амалдан хайырлы. Қадір түнінің белгілері: сол түннің таңында күн аз ғана шопақпен ақ болып нұрсыз шығуы, күн тыныш, мамыражай болуы. Мұсылман кісі ол түнге жеткенін байқамай да қалуы мүмкін, сондықтан рамазан айының әсіресе соңғы он түнін ижтиһадпен құлшылық етумен өткізуі және түнгі намаздарды қалдырмай оқуға әрекет қылуы керек. Егер ол тарауық намазын жамағатпен оқыса, түнді құлшылықпен өткізді деген сауапқа жету үшін имам тарауық намазын аяқтағанша кетпесін.
✷ Кім нәпіл оразаны ұстаса, оны аяқтау уәжіп емес, бірақ сунна. Нәпіл оразаны әдейі бұзып жіберсе, оған күнә жоқ, әрі оның қазасын өтеу де жоқ.

**Иътикаф:** Ол ақыл-есі дұрыс мұсылман кісінің Аллаһ разы болатын амалдарды істеу үшін мешітте отыруы. Иътикаф дұрыс болуы үшін оның үлкен дәретсіздіктен таза болуы шарт. Иътикафта отырушы жеп-ішу, дәрет сындыру, уәжіп болған ғұсыл алу сияқты қажеттіліктерін өтеу үшін ғана мешіттен шығады. Қажетсіз мешіттен шықса, сондай-ақ әйелмен қосылса, иътикафы бұзылады. Барлық уақытта иътикафта отыру сунна, алайда басқа уақыттарға қарағанда рамазан айында оған отыру жақсырақ, әсіресе рамазан айының соңғы он түнінде оған отыру абзал. Иътикафтың ең аз болатын уақыты – бір сағат. Иътикафта отыру бір тәуліктен аз болмағаны - мұстахаб. Әйел күйеуінің рұқсатымен ғана иътикафта отыра алады. Оған отырушының құлшылықпен айналысуы, құлшылыққа жатпайтын рұқсат етілген нәрселерді көбейтпеуі және өзіне қатысы жоқ нәрселерден алыс болуы сунна.

# ҚАЖЫЛЫҚ ПЕН ҰМРА

Қажылық пен ұмра өмірде бір рет өтелуі уәжіп болған құлшылық. Осы екеуінің уәжіп болу шарттары: **1.** Өтейтін кісі мұсылман болуы. **2.** Оның ақыл-есі дұрыс болуы. **3.** Оның балиғат жасына жетуі. **4.** Оның азат болуы. **5.**Оның қажылық пен ұмраны өтеуге қажетті жол қаражаты мен көлікті табуы.

Кім немқұрайлықпен қажылық пен ұмраны өтемей, өліп кетсе, онда оның дүние-мүлкінен ол екеуін өтету үшін қаражат шығарылады. Кәпір адам мен жындының өтеген қажылығы дұрыс болмайды. Балиғат жасына жетпеген балалар мен құлдың қажылығы дұрыс, алайда ол ислам парызының орнын баспайды, яғни балалар балиғат жасына жеткен соң, ал құл азат болғанда ол екеуін қайта өтеу оларға міндет. Кедей адам қарыз алып қажылық парызын өтесе, оның қажылығы дұрыс.

Кім парыз болған қажылығын өтемей жатып басқа біреудің атынан қажылық істесе, бұл қажылық оның өзінің атынан істелінген парыз қажылығы болып саналады.

**Ихрам:** Ихрамға кіруді қалаған кісі ғұсыл алуы, тазалануы, хош иіс жағынуы сунна. Ол үстіне киген тігілген киімдерін шешіп, ақ, таза екі матаны үстіне оранады, сосын «Ләббайка Аллаһуммма ұмратан», немесе «Ләббайка Аллаһумма хаджан», немесе «Ләббайка Аллаһумма хаджан уа ұмратан» деп, ихрамға кіреді. Егер қажылық, немесе ұмраны өтеу барысында кедергілерге ұшырап оларды аяқтай алмаудан қауіптенсе: «Егер де қажылық пен ұмраны өтеуім үстінде кедергіге тап болсам, онда менің ихрамнан шығу орным сол Сенің мені тосқан жеріңде болады» - деп шарт қояды.

Қажының «таматтуъ», «ифрад», «қиран» қажылық түрлерінің біреуін таңдау еркі бар. Бұлардың ең абзалы – «таматтуъ» қажылығы. Ол – қажылық айларында ұмра істеу және ихрамнан шығып, сосын сол жылы қажылық парызын өтеу үшін қайта ихрамға кіру. «Ифрад» – ол ұмрасыз жеке қажылықты өтеу үшін ихрамға кіру. «Қиран» – қажылық пен ұмраны бірдей өтеу үшін ихрамға кіру, немесе ұмраны өтеу үшін ихрамға кіріп, сосын ұмраның тауабын істеместен бұрын оған қажылық парызын қосу.

Қажылық парызын өтеуші көлігіне мінсе, «Ләббайка Аллаһумма ләббайк, ләббайка лә шарика ләка ләббайк, иннал хамда, уа ниъмата ләка уал мүлк, лә шарика ләк» деп тәлбия айтуды бастайды. Тәлбияны көп айту және әйелдерден басқалар оны дауыстап айту мұстахаб.

**Ихрамда болғанда тыйым салынатын істер тоғыз: 1.** Шашты тықырлап алу. **2.** Тырнақ алу. **3.** Ер кісінің тігілген киім киюі. Тек астыңғы жағын жабатын мата болмаған жағдайда оған шалбар кию рұқсат. Тобықтан төмен аяқ киім табылмаған жағдайда тобық жабатын аяқ киім киюге рұқсат, бірақ оларды тобықтан төмен болу үшін үстін қысқартады. **4.** Ер кісінің басты жабуы. **5.** Денесі мен киіміне хош иіс жағу. **6.** Аң аулау. Ол рұқсат етілген жабайы аңдарды аулау. **7.** Некелесу. Ол ихрамда болғанда харам, бірақ оған ешқандай төлем жоқ. **8.** Құштарлықпен жыныс мүшесінен басқа жерлерден әйелін ұстау, оның төлемі бір қой сою, немесе үш күн ораза ұстау, немесе алты жарлыны тамақтандыру. **9.** Әйелмен қосылу. Ал кім айт күні істелінетін

амалдар: тас ату, шаш алу, тауап етуден екеуін орындап, ихрамнан жартылай шығудан бұрын әйелімен қосылып қойса, онда ол кісінің қажылығы бұзылып, оған келесі жылы қажылықты қайта өтеу әрі бір түйе сойып, оны Мекке қаласының кедейлеріне тарату уәжіп болады. Егер жартылай ихрамнан шығудан кейін ихрамнан толық шықпай тұрып, яғни тауап ету, сағи қылудан бұрын әйелімен қосылып қойса, онда ол кісінің қажылығы бұзылмайды, ол күнәһар болып оған бір түйе, немесе сиыр сою уәжіп болады. Ал егер ұмра өтеуде әйелімен қосылып қойса, ұмрасы бұзылады, оған бір қой сою және ұмраны қайта өтеу уәжіп. Қажылық пен ұмра әйелге қосылудан басқа нәрсемен бұзылмайды. Әйелге де ер кісіге қойылатын талаптар қойылады, алайда оған тігілген киімдерді киюге рұқсат, оған ниқаб, қолғаб киюге болмайды.

**Підия:** Ол екі түрлі: **1.** Таңдауға еркі бар. Ол шаш алған, немесе хош иіс жаққан, немесе тырнақ алған, немесе бас жапқан, немесе тігілген киімін кигеннің төлемі. Осындай жағдайда үш күн ораза ұстау, немесе алты жарлы кісіні тамақтандыру, /әрбір міскін үшін 1,25 кг азық/ немесе бір қой сою, осылардан біреуін таңдайды. Аң аулағанның төлемі аулаған аңына теңбе-тең келетін мал сояды. Егер барабар мал таппаса, онда оның бағасын садақаға береді. **2.** Рет бойынша істелетін төлем. «Таматтуъ» және «Қиран» қажылығын істеушілердің підиясы - бір қой шалу. Сондай-ақ қажылық өтеу кезінде әйелімен қосылып қойған кісі бір түйе, немесе бір сиыр сояды. Ал таппаса, қажылықта үш күн, үйіне оралғаннан кейін жеті күн ораза ұстайды. Мал сою және тамақтандыру тек қана Меккенің кедейлері үшін.

**Меккеге кіру:** Егер қажы Мәсжид әл-Харамға кіретін болса, мешіттерге кірерде айтылатын зікірді айтады, сосын егер «таматтуъ» қажылығын өтеп жатқан болса, ұмраның тауабын бастайды, егер «ифрад», немесе «қиран» қажылығын өтеп жатқан болса, онда құдум тауабын жасайды. Онда оң иығын жалаңаштап, сол иығын жауып ихрамды орайды әрі тауап құлшылығын қара тастан бастайды, оны ұстайды әрі сүйеді, немесе оған қолымен ишарат етіп «Бисмиллаһи уа Аллаһу акбар!» дейді. Қағбаны әр айналған сайын осылай істейді, сосын Қағбаны сол жағына қалдырып жеті рет айналады. Алғашқы үш айналымда қадамдарын жақындатып мүмкіндігінше тез-тез жүреді. Қалған төрт айналымда әдеттегідей жүріп айналады. Әр айналымда Йемен бұрышына жеткенде мүмкін болса, оны оң қолымен ұстайды және Йемен бұрышы мен қара тас бұрышының арасында «Раббәнә этинә фиддуния хәсәнәтән, уә фил әхирати хәсәнәтән уә қинә азабаннәр» дейді. Қағбаның қалған бұрыштарында қалаған дұғаны айтады, сосын егер мүмкіншілік болса, Ибраһим мақамының артында екі ракағат намаз оқиды, осы намазда «Кафирун» сүресі мен «Ықылас» сүрелерін оқиды. Сосын зәмзәм суын ішеді әрі қара тасқа қайтадан барып, егер мүмкін болса оны ұстайды. Сосын қара тас пен Қағбаның есігінің ортасында тұрып дұға жасайды. Сосын Сафа төбешігіне көтеріліп: «Аллаһ бастағаннан бастаймын» деп, мына аятты оқиды: **«*Расында Сафа мен Маруа – Аллаһтың дінінің белгілерінен. Кім***

***Аллаһтың үйіне қажылық өтеуге, немесе ұмра өтеуге барса, онда оған ол екеуінің арасында тауап ету күнә емес әрі кім өз еркімен ізгі істер істесе, онда расында Аллаһ – Қайырымды, Білуші*»**. Әрі «Аллаһу акбар! Лә иләһа иллә Аллаһ» деп айтып, Қағбаға жүзін бұрады, екі қолын көтеріп дұға етеді. Сосын Сафадан түсіп, Маруа төбешігіне қарай жүреді. Жасыл белгіге жеткенде келесі жасыл белгіге дейін жүгіреді. Сосын Маруа төбешігіне дейін барып Сафада істегендей істейді, тек аятты оқымайды. Сосын Маруадан түсіп бірінші айналымда істегендей істейді. Осылай жеті рет сағи жасайды. Сафадан Маруаға дейін – бір сағи, Маруадан Сафаға дейін – екі сағи деп есептеледі. Сосын жеті рет сағи жасаған соң, шашын қысқартады, немесе шашын тықырлатып алдырады. Шашты тықырлатып алу абзал. Тек «таматтуъ» қажылығында ұмра жасап жатқан адам шашын қысқартқаны абзал, өйткені ол шашын қажылық құлшылығын жасағанда да алады. Ал «қиран» әрі «ифрад» қажылығын өтеп жатқан кісі құдум тауабынан соң айт күні Жамаратул ақабада тас атқанша ихрамнан шықпайды. Әйел осы істердің бәрін ер кісі сияқты істейді, тек тауапта да, сағида да жүгірмейді.

**Қажылық өтеудің сипаты:** Зулхиджа айының 8 күні ихрамда болмаса, Меккеде тұрған жерінен ихрамға кіреді әрі Зулхиджаның 9 түні Минада түнеу үшін оған қарай жүреді. Зулхиджаның 9 күні күн шыққан соң Минадан Арафатқа қарай жүреді. Арафатта күн тас төбеден ауғаннан соң бесін мен екінтіні қысқартып, қосып оқиды. Арафатта Урана алқабынан басқа барлық жерге тұруға болады. Арафатта «лә иләһа иллә Аллаһу уахдаху лә шәрика ләһу ләһул мүлку уә ләһул хәмду уә һуә ъалә кулли шәйин қадиир!» калимасын көп қайталап айтады, сондай-ақ Аллаһқа көп дұға, тәубе жасауға күш салады. Күн батқаннан соң асықпай, саспай жайымен тәлбия айтқан, Аллаһқа зікір айтқан күйі Мұздалифа алқабына қарай жүреді. Мұздалифаға жеткенде ақшам мен құптан намаздарын қысқартып қосып оқиды. Сосын сол жерде түнейді. Сосын таң намазын бастапқы уақытында оқиды және жарық болғанша дұға жасап отырады. Сосын күн шықпай тұрып Мина алқабынан шығып кетеді. Мухассир алқабына жеткенде мүмкін болса өте тез жүреді. Сосын Минаға келгеннен соң Жамаратул ақабаға тас атудан бастайды. Тастың үлкендігі ноқат пен фундук жаңғағының арасында болады. Әр тасты қолын жоғары көтеріп «Аллаһу акбар» деп атады. Лақтырылған тас қабырғаға тимесе де оның түбіндегі шұңқырға түсуі керек. Талбия айту уақыты тас атқанға шейін жалғасады. Сосын құрмалдығын шалады. Сосын шашын тақырлап, немесе қысқартып алады. Шашты қырған абзал. Тас ату әрі шаш алумен әйелдерге қосылудан басқа ихрамда болғандағы рұқсат етілмейтіндердің бәрі рұқсат болады. Осы – жартылай ихрамнан шығу. Сосын Меккеге барып ифада (парыз) тауабын жасайды. Бұл – қажылық тек осыны өтеумен дұрыс болатын парыз тауап. Сосын егер «таматтуъ» қажылығын жасап жатқан болса, немесе құдум тауабын жасағанда сағи қылмаған болса, Сафа мен Маруаның арасында сағи қылады. Осыларды істегеннен кейін оған ихрамда болғанда істеуге болмайтын барлық істерді

істеуіне, тіпті әйелдермен қосылуына да болады. Бұл – ихрамнан толық шығу. Сосын Минаға оралып зулхиджа айының 11,12,13 ташриқ күндерінде онда міндетті түрде үш түн түнейді. Минада ташриқ күндерінде күн тас төбеден ауғаннан кейін сол жердегі үш тас ататын жердің әрбіріне тас атады. Алдымен біріншісіне барып 7 тас атады, сосын ол жерден кішкене бері шығып Аллаһқа дұға жасайды. Сосын екіншісіне келіп оған да 7 тас атып, дұға қылады. Сосын соңғысы жамаратул ақабаға 7 тас атып, дұға жасамай шығып кетеді. Екінші күні де тура осылай істейді. Егер асықса, сол күні, яғни зулхиджаның 12 күні күн батпастан Минадан шығып кетеді. Егер сол күні ол Минадан шықпай жатып күн батып кетсе, онда оған Минада түнеу, сондай-ақ тас ату уәжіп. Тек сол күні Минадан шығамын деп әрекет қылса, бірақ тығылысқа түсіп ол жерден күн батқанша шыға алмай қалса, онда оған күн батса да Минадан шығып кетуіне рұқсат. «Қиран» қажылығын істеп жатқан кісі «ифрад» қажылығын істеушіге ұқсайды. Тек оған «таматтуъ» қажылығын өтеген кісі сияқты құрмалдық шалу уәжіп. Егер еліне оралғысы келсе, онда Меккеден шығып кетердегі ең соңғы ісі – Қағбамен қоштасу тауабы. Тек етеккірі келген және босанғанда келетін қаны келген әйел қоштасу тауабын жасамай кете беруіне болады. Қоштасу тауабын жасаған кісі сауда жасаса, онда Меккеден кетер алдында қоштасу тауабын қайтадан жасайды. Кім қоштасу тауабын жасамай Меккеден шығып кетсе, егер ол жақын жерде болса, онда қайтып келіп қоштасу тауабын жасайды. Ал кім Меккеден алыс кеткен болса, онда бір қой сояды.

**Қажылықтың негіздері төртеу: 1.** Ихрам. Ол қажылық құлшылығына кіру ниеті. **2.** Арафатта тұру. **3.** Ифада (парыз) тауабы. **4.** Қажылықтың сағиы.

**Қажылықтың уәжіптері сегіз: 1.** Миқаттан ихрамға кіру. **2.** Арафатта күн батқанша тұру. **3.** Мұздалифада түннің жартысынан кейінгі уақытқа дейін түнеу. **4.** Минада ташриқ күндерінде түнеу. **5.** Тас ату. **6.** Шаш қыру, немесе шаш қысқарту. **7.** Қоштасу тауабы. **8.** «Таматтуъ» және «қиран» қажылықтарын өтеушілерге құрмалдық шалу.

**Ұмраның негіздері үшеу: 1.** Ихрам. **2.** Ұмра тауабы. **3.** Ұмра сағиы.

**Ұмраның уәжіптері екеу: 1.** Миқаттан ихрамға кіру. **2.** Шаш қыру, немесе оны қысқарту.

Кім осы негіздердің біреуін қалдырса, оның құлшылығы тек соны орындаумен ғана дұрыс болады. Кім уәжіптердің біреуін қалдырса, бір қой союмен жамалады. Кім сүннеттердің біреуін қалдырса, оған еш нәрсе міндет емес.

**Қағбаны тауаб етудің дұрыс болуының 13 шарты бар: 1.** Жасаушының мұсылман болуы. **2.** Ақыл-есі дұрыс болуы. **3.** Ниет. **4.** Тауап етудің уақытының кіруі. **5.** Мүмкіншілігі болған адам әуретін жабуы. **6.** Жас баладан басқалар дәретте болуы. **7.** Тауапты жеті рет жасағанына көз жеткізу. **8.** Қағбаны тауап жасағанда сол жағында қалдыру. Олай болмаған жағдайда тауапты қайта жасайды. **9.** Қағбаны айналып жүргенде кері жүрмеуі керек. **10.** Шамасы келген адамның өз аяғымен жүруі. **11.** Тауап етудегі жеті рет

айналымды арасын үзбей жасау. **12.** Тауаптың Мәсжид әл-Харамның ішінде жасалуы. **13.** Тауап жасауды қара тастан бастау.

**Тауаптың сүннеттері:** Қара тасты ұстау және оны сүю, оның алдында «Аллаһу акбар!» деп айту, Йемен бұрышын ұстау, тауапты бастағанда оң иықты жалаңаш ұстау, алғашқы үш айналымда тез жүру, тауап өтеу үстінде дұға, зікір айту, Қағбаны жақын жерден айналу, тауаптан соң Ибраһим мақамының артында екі ракағат намаз оқу.

**Сағидың дұрыс болу шарттары тоғыз: 1.** Мұсылман болуы. **2.** Ақыл-есі дұрыс болуы. **3.** Ниет. **4.** Сағи айналымдарының арасын үзбей істеу. **5.** Шамасы келген адамның өз аяғымен жүруі. **6.** Сағи айналымын жеті рет жасау. **7.** Сафа мен Маруананың арасындағы жолды толық жүріп өту. **8.** Сағидың дұрыс жасалынған тауаптан кейін істелінуі. **9.** Сафадан тақ санмен, Маруадан жұп санмен сағи айналымдарын өтеу.

**Сағи сүннеттері:** Дәретті болу, әуретті жабу, сағи өтеу үстінде дұға, зікір айту, өз орнында жүгіру, Сафа мен Маруа төбешіктеріне шығу, тауаптан кейін арасын үзбей сағи жасау.

**Ескерту:** Тас ату істелінетін күні жасалынған абзал, бірақ та оны ертеңгі күнге, немесе бүкіл тас атуды тәшрик күндерінің соңғысына қалдырса - рұқсат.

**Құрбандық шалу:** Ол – бекітілген сунна. Зулхиджа айының алғашқы он күндігі басталса, құрбандық шалуды ниет еткен кісіге құрбандық шалғанға дейін шаш, тырнақтарын алуға болмайды.

**Ақиқа:** Ол –сунна. Перзенттің туылғанына жетінші күні ұл бала үшін екі қой, қыз бала үшін бір қой сойылады. Жетінші күні ұл баланың шашы тақырлап алынып, оның салмағындай күмісті садақа ету әрі оған ат қою сунна. Аллаһқа ең сүйікті есімдер Абдуллаһ және Абдурахман, ал Абдунәби, Абдурасул деген сияқты Аллаһтан өзгенің құлы деп ат қою харам. Егер ақиқа мен құрбандық шалу бір уақытта болса, сойылған мал ақиқа да, құрбандық шалу да болып саналады.

**Пайдалы мағлұмат:** кім пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) мешітіне кірсе, алдымен екі ракағат мешітке сәлем намазын оқиды. Сосын пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қабіріне келіп, оның алдында құбыланы артына беріп, жүзін пайғамбарымызға бұрып, оны көріп тұрғандай жүрегін құрметке толтырып: «Ассаламу ъаләйка иа расул Аллаһ»[1] деп оған сәлем береді. Егер осы сөздерге өз тарапынын басқа сөздер қосса рұқсат. Сосын оң жаққа бір шынтақ жерге жылжып: «Ассаламу ъаләйка иа Абу Бакр ас-сиддық»[2], «Ассаламу ъаләйка иа Умар әл-Фаруқ, Аллаһуммә ижзиһима ъан нәбииһима уә ъанил-Исләми хайран»[3] деп олармен амандасады. Сосын бөлмені сол жағында қалдырып, құбылаға қарап Аллаһқа дұға жасайды.

---

[1] «Әссәләму ъалейка, йә, Аллаһтың Елшісі»

[2] «Әссәләму ъалейка, йә, Шыншыл Әбу Бәкір»

[3] «Әссәләму ъалейка, йә, ажыратушы (жақсылық пен жамандықты) Омар. Йә, Аллаһ, ол екеуіне пайғамбарымыздан және Исламнан жақсылық бере гөр!»

## Бұл таблицада қажылықта жасалатын амалдар қысқаша түрде көрсетілді:

| Қажылық түрі | Таматтуъ | Қиран | Ифрад |
|---|---|---|---|
| **Басында: Ихрам мен тәлбия** | «Ләббәйка ұмратан мутаматтиъан биһа иләл-хаж» | «Ләббәйка ұмратан уә хажан» | «Ләббәка хажан» |
| **Одан кейін** | Ұмраның тауабы | Құдум тауабы (Келу тауабы) | Құдум тауабы (Келу тауабы) |
| **Одан кейін** | Ұмараның сағиы | Қажылықтың сағиы | Қажылықтың сағиы |
| **Одан кейін** | Шашты қысқарту (ихрамнан толықтай шығу) | Ихрам халінде қалу | Ихрам халінде қалу |
| **8 күні, бесін намазына дейін** | Меккеде қажылықтың ихрам халіне кіру және Мина жазығына бару | Мина жазығына бару | Мина жазығына бару |
| **9 күні, күн шыққаннан кейін** | Арафат жазығына барып, онда бесін мен екінті намаздарын қысқартып және біріктіріп бесін намазының уақытында оқу. Қалған уақытты күн батқанға дейін дұғамен өткізу. | | |
| **Күн батқаннан кейін** | Мұздалифаға барып, жеткен уақытта ақшам мен құптан намаздарын қысқартып оқу. Түннің ортасына дейін ол жерде түнеу. Таң намазынан кейінгі уақытқа дейін қалу – сунна. | | |
| **10 күні, құрбан шалу күні (айт күні) таң намазынан кейін күн шыққанға дейін** | Мина жазығына бет алып, Жамарат ъақабада тас ату | | |
| | Құрбандық шалу | Құрбандық шалу | ----------------------- |
| | Шашты қысқарту немесе тақырлап алу, одан кейін ифада (парыз) тауабын жасау. Осы үш амалдың екеуін істегенде ихрамнан бірінші рет шығу (жартылай шығу), ал үшеуін істегенде ихрамнан екінші рет шығу (толық шығу) болады. | | |
| | Қажылық сағиы | ------------------------ | ------------------------ |
| **11, 12 күндері және қалатын кісі үшін 13 күні** | Күн тас төбеден батысқа қарай жылжи бастағанда кіші, одан кейін ортаңғы, одан кейін үлкен Жамараттарға тас ату. | | |
| **Жолға жиналып, кетер уақытта** | Етеккір және нифас (босанғаннан кейін келетін қан) келген әйелдерден басқаларына қоштасу тауабы (тауап әл-уидаъ) | | |

# ӘР ТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ПАЙДАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

◗ **Күнә:** Ол мына істермен өшіріледі: Шын жүректен тәубе қылу, кешірім сұрау, ізгі амалдар істеу, ауыртпашылықтарға тап болу, садақа беру, басқа адамдардың оған жасаған дұғасы. Егер күнәлардың кейбіреулері кешірілмей қалып қойса, соған қабірде, немесе Қиямет күні, немесе Тозақ отында тазарғанша жазалануы мүмкін. Сосын егер таухидте өлген болса Жәннатқа кіреді. Ал егер күпірмен, немесе ширкпен, немесе екі жүзділікпен өлген болса, онда Тозақ отында мәңгі қалады.

**Күнәлардың адамға көп жаман әсері бар:** Оның жүрекке әсері: ол жүрекке мазасыздық, үрей, жалғыздық әкеліп оны қараңғы қапасқа толтырады және оны қор қылып, ауру қылады, сондай-ақ оны Аллаһтан тосады. Оның дінге әсері: күнәлар басқа күнәлардың келуіне себеп болады, құлшылықтан тосады және пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам), періштелердің және мүміндердің қарғысын әкеледі. Оның ризыққа әсері: ол ризықтан мақрұм етеді. Бар болған нығметтерді кетіреді, малдың берекесін жояды. Оның жеке тұлғаларға әсері: күнәлар өмірдің берекесін кетіреді, қиын өмірге себеп болады, істерді ауырлатады. Оның амалдарға әсері: күнәлар амалдардың қабыл болуына кедергі болады. Оның қоғамға әсері: күнәлар қоғамдағы амандық, тыныштық нығметін кетіреді, қымбатшылықтың келуіне, басшылардың шектен шығуларына, дұшпандардың елді жаулап алуына, сондай-ақ жаңбырдың жаумауына себеп болады.

◗ **Уайым мен қайғы:** Жүрек рахаты, жүрек қуанышы болумен бірге одан уайым мен қайғының кетуі – әрбір адамның қалауы. Осылармен бақытты өмір орнайды. Бұған жету үшін діни, табиғи және тәжірибелік себептер бар. Осылар тек иманды адамда ғана жиналады. Бұлардан: **1.** Аллаһқа иман келтіру. **2.** Аллаһтың бұйрықтарын орындап, қайтарғандарынан тыйылу. **3.** Жаратылғандарға сөзбен, іспен және барлық жақсылықтың түрлерімен жақсылық жасау. **4.** Іспен, немесе діни не дүниелік пайдалы біліммен айналысу. **5.** Өтіп кеткен істермен де емес, немесе болашақта болатын істермен де емес, күнделікті қажетті істермен айналысу. **6.** Аллаһты көп еске алу. **7.** Аллаһтың ашық та, жасырын да берген нығметтерін айтып жүру. **8.** Дүние істерінде жағдайлары бізден төмендерге қарау, жағдайлары бізден жоғарыларға қарамау. **9.** Уайым мен қайғы әкелетін себептерді жоюға күш салу, қуаныш әкелетін істерді істеуге ұмтылу. **10.** Уайым мен қайғыны кетіру үшін пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) айтқан кейбір дұғалармен Аллаһқа жалбарыну.

**Пайдалы мағлұмат:** Ибраһим әл-Хаууас, Аллаһтың оған рахметі болсын: «Жүректің емі бес нәрседе: Аяттардың мағынасына ой жүгіртумен Құран оқу, асқазанның бос болуы, түнде тұрып намаз оқу, таң алдында Аллаһқа дұға ету және ізгілермен сұхбаттасу» - деген.

◗ **Неке:**

Өзіне берік, зинаға түсіп қалудан қорықпайтын әйелдерге құштарлығы бар кісілерге үйлену сунна. Әйелдерге құштар еместерге үйлену рұқсат. Ал зинаға түсіп қалудан өзіне сенімі жоқтарға үйлену уәжіп. Осындай жағдайда

үйлену - уәжіп болған қажылық өтеуден бірінші тұрады, және әйелдерге қарау – харам болады.

**Некенің шарттары:**

**1.** Некелесетін жігіт пен қызды анықтау, ендеше уәлидің бірнеше қызы бола тұра «осылардан біреуін саған әйелдікке бердім» деп айтуы дұрыс емес.

**2.** Балиғат жасына жеткен, ақылды жігіт пен ақылды, азат қыздың разылығы.

**3.** Уәли, яғни қамқоршы: әйел өзін-өзі тұрмысқа бере алмайды, оны қамқоршысы ғана тұрмысқа бере алады, тек уәли қызды өзінің теңіне беруден бас тартқан жағдайда ол уәли болудан қалады. Қызға уәли болуға ең лайықты кісі оның әкесі, сосын оның атасы, сосын одан жоғарғы аталары, сосын оның баласы, сосын немересі, сосын одан төменгі немерелері, сосын әке-шешесі бір ағасы, немесе інісі, сосын әкесі бір ағасы, немесе інісі, сосын ағасының баласы, тағы да осы сияқты жақын еркек туыстары.

**4.** Куәлік: екі балиғат жасына жеткен, ақыл-есі дұрыс әділ ер кісілердің куәлігі.

**5.** Осы шарттардың бәрі болғанымен некенің дұрыс болуына тосқауыл болатын кедергілердің болмауы. Ол кедергілер: күйеу мен қалыңдық бір-біріне сүтпен, немесе қанмен жақын туыс /махрам/ болуы, және құдандастықпен болған туыстық.

◗ **Үйлену харам болған әйелдер:** Олар екі топ:

**Бірінші: Ешқашан үйленуге болмайтын әйелдер**. Олар:

**1. Қандас туыстар:** Анасы, әжесі, одан жоғарғы әжелері, қызы, ұл-қыздарының қызы, және олардан тараған қыздар, әке-шешесі бір, немесе әкесі бір, немесе шешесі бір әпке-қарындастары, әпке-қарындастарының қыздары, әпке-қарындастарының ұл-қыздарының қыздары, әке-шешесі бір, немесе әкесі бір, немесе шешесі бір аға-інісінің қызы, оның қызы, оның ұл-қыздарының қызы, одан төменгі қыздары, әкесінің әпке-қарындастары, анасының әпке-сіңлілері қанша жоғары болса да.

**2.Емшектес туыстар:** Қандастықпен үйлену қалай харам болса, емізу арқылы да солай харам болады.

**3. Құдандастықпен болған туыстар:** Олар: **1.** Қайын енесі, оның аналары, әкесінің әйелдері, атасының әйелдері, келіні және немересінің әйелдері, әйеліне еріп келген қыздары, оның ұл-қыздарының қыздары, тағы одан өрбігендер.

**Екінші: Уақытша үйленуге болмайтын әйелдер:** Олар:

**1. Қосумен уақытша үйленуге болмайтын әйелдер:** ер кісі бір әйелге үйленсе, сол әйел оның некесінде болған кезде ол әйелдің әпке-сіңлілері, әкесінің әпке-қарындастары, шешесінің әпке-сіңлілеріне үйлену харам.

**2. Жойылып кетуі мүмкін болған кедергі себепті уақытша үйлену харам болған әйелдер:** Ер кісіге некеде болған басқа әйелдерге үйленуге болмайтыны сияқты.

**Пайдалы мағлұмат:** Әке-шешесі баласын оған ұнамайтын әйелге зорлап үйлендіруге болмайды. Осындай жағдайда бала әке-шешесіне бағынуы уәжіп емес. Ол әке-шешесін тыңдамай кеткен бала болып саналмайды.

## ◗ Талақ (ажырасу):

Әйелге етеккір кезінде, немесе босанғанда келетін қан келген кезінде, немесе қосылып қойған етеккірден таза кезінде талақ беру харам. Бірақ, осы жағдайларда талақ берсе, талақ саналады. Қажетсіз талақ беру - макрух, қажет болса - рұқсат, сол некеден зиян шегушіге талақ беру - сунна. Талақ беру мәселесінде әке-шешеге бағыну уәжіп емес. Кім әйеліне талақ бергісі келсе, бір реттен артық талақ беру харам. Берілетін талақ онда әйелімен қосылмаған етеккірден таза кезінде болуы уәжіп. Бір рет талақ береді және әйелінің иддә сақтау мерзімі біткенше басқа талақ беруге болмайды. Бірінші, екінші талақтан кейін әйел өз бетімен күйеуінің үйінен шығып кетуі, немесе оның иддә күту мерзімі бітпестен оны күйеуі үйден шығаруы харам. Талақ құр ниетпен болмайды, оны сөзбен айтқанда ғана саналады.

## ◗ Ант:

Ант етіп, оны орындамағанда төлем төлеудің уәжіп болуы үшін төрт шарт бар:
**1.** Ант беруге ниет етуі. Тілімен ант сөздерін айтса, бірақ жүрегімен ант етуді ниет етпеген болса, бұл ант етуді ойламай сөз барысында үйреншікті әдеті бойынша «Жоқ, уаллаһи» (Жоқ, Аллаһпен ант етемін), және «Әрине, уаллаһи» (Әрине, Аллаһпен ант етемін) деген сияқты құр тілімен айтылған бос ант.
**2.** Анттың болашақта болуы мүмкін нәрсеге қатысты айтылуы: ендеше өткен шаққа қатысты өзі білмейтін нәрсеге берген анты ант болып саналмайды, немесе өзінің сөзін шындық деп есептеп берген анты да ант деп саналмайды, немесе өз сөзінің дұрыс емес екенін біле тұра өтірік ант беруі ант деп есептелмейді, /Бұл – үлкен күнәлардан/ немесе өз сөзін рас деп ойлап болашақта болатын іске ант етсе, сөйтіп онысы расталмаса, онда ол да ант болып саналмайды. **3.** Ант етушінің антты мәжбүрленбестен өз еркімен беруі.
**4.**Істемеймін деген нәрсені істеуі сияқты, істеймін деген нәрсені істемеуі секілді антында тұрмауы. Кім ант етсе, антын Аллаһтың қалауымен байланыстырса, екі шартпен төлем төлеуден босатылады: **1.** Антты бере сала ізінше «Аллаһ қаласа» деп айтуы. **2.** Антты Аллаһтың қалауымен байланысыруды ниет етіп «Аллаһпен ант етемін, Аллаһ қаласа» деп айтуы сияқты.

**Кім бір нәрсеге ант етсе, сосын оның ант еткен нәрсесінің қарама-қарсысы пайдалы екеніне көзі жетсе, сол пайдалы нәрсені істеп, антын бұзғаны үшін төлем төлеуі сунна.**

**Анттың төлемі /каффараты/:** Әрқайсысын 1,25 кг азықпен он жарлыны тамақтандыру, немесе оларды киіндіру, немесе бір құл азат ету, кім осыларды орындай алмаса, онда үш күн ораза ұстайды. Кім тамақтандыру, немесе киім эперуге шамасы келе тұра ораза ұстаса, анттың төлемінен құтылмайды. Төлемді антты бұзбай да тұрып, немесе бұзғаннан кейін де төлеуге болады. Кім бір нәрсеге бірнеше рет ант еткен болса, бір рет төлеу жеткілікті. Ал бірнеше нәрсеге ант еткен болса, онда сол нәрселердің бәріне төлем төлейді.

## ◗ Нәзір ету:

Оның түрлері: **1.** Не нәрсеге нәзір еткені белгісіз нәзір. «Егер жазылып кетсем, Аллаһқа нәзір» десе, бірақ не нәрсені нәзір еткені белгісіз болса, осындай

жағдайда ол ауруынан жазылып кетсе, анттың төлемін (каффаратын) төлейді. **2.** Талас үстінде, немесе ашу үстінде берілген ант: Бір нәрседен қайтару, немесе бір нәрсені істету ниетімен берілген нәзір. «Егер сенімен сөйлессем, бір жыл ораза ұстаймын» деген сияқты. Осындай жағдайда нәзір еткен нәрсесіне амал етуі, немесе оны орындай алмаған жағдайда (яғни, сөйлесіп қойса) анттың төлемін төлеуге болады. **3.** Рұқсат нәзір: «Өз киімімді киемін, Аллаһқа нәзір» деп Аллаһқа нәзір еткен сияқты. Осындай жағдайда не кимін киюі, не оны кимей анттың төлемін төлеуіне болады. **4.** Макрух нәзір: «Әйелімді талақ етуді Аллаһқа нәзір еттім» деген секілді. Оған нәзір еткен нәрсесін орындамай, анттың төлемін төлеу сунна. Егер нәзірін орындаса, төлем төлемейді. **5.** Аллаһқа бойұсынбау нәзірі: «Ұрлауды Аллаһ үшін нәзір еттім» деген сияқты. Бұндай нәзірді орындау харам. Орындамаса, анттың төлемін төлейді. Ал егер орындаса, күнәһар болады әрі оған төлем төлеу жоқ. **6.** Аллаһқа бойұсыну нәзірі: Аллаһқа жақындау үшін «Мен Аллаһқа пәлен ракағат намаз оқуды нәзір еттім» деген тәрізді. Осындай жағдайда нәзірді бір науқастың шипа болып кетуін шарт қылып байласа, және де науқас сауығып кетсе, нәзірін орындау уәжіп болады. Ал, егер шарт қылмаса, сонда да нәзірін орындау уәжіп.

◗ **Емізу:** Қандастықпен үйлену қалай харам болса, емізу арқылы да солай харам болады. Бұл үш шартпен болады: **1.** Әйелге сүт басқадан емес, баланы босану себебінен келу керек. **2.** Баланы емізу туылғаннан бастап екі жыл аралығында болуы керек. **3.** Баланы кемінде бес рет емізу керек. Бір рет емізу баланың тойып сүт емуі емес, емшекті еміп жатып, оны өз еркімен жіберуі. Емумен бала мирасқа да, нәпақаға да хақылы болмайды.

## ◗ Өсиет:

Басқаларға беруі керек болған адам өлер алдында қарызын өтеуді өсиет етуі уәжіп. Көп дүние-мүлік қалдырып бара жатқан адам дүниесінен өсиет етуі сунна. Осындай жағдайдағы адам одан мирас алмайтын кедей жақынына дүние-мүлкінен бестен бір бөлігін беруді өсиет етуі мұстахаб. Егер оның ондай туысы болмаса, онда жарлыға, ғалымға, ізгі кісіге өсиет етуі мұстахаб. Мирасқорлары бар кедей адамның дүние-мүлкісінен басқаларға өсиет етуі макрух. Тек мирасқорлар бай, мұқтаж емес болған жағдайда рұқсат. Дүние-мүлкінің үштен бірінен артығын өсиет етіп қалдыру харам. Мирас алушы туысқа мирастан бөлек дүние-мүлкінен аз болса да тағы бір бөлігін өсиет ету харам. Тек мирас алушылар разы болса, онда рұқсат. Өсиет қалдырушының «райымнан қайттым», «оны өзгертемін», «оны жоқ етемін» деген сияқты сөздерімен өсиет күшін жояды. Өсиетті төмендегі сөздермен бастап жазу мұстахаб: «Мейірлі де Мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын. Бұл пәленшенің жазып қалдырған өсиеті. Ол – Аллаһтан өзге құлшылыққа лайық құдай жоқ. Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оның құлы және елшісі. Жәннат – хақ. Тозақ – хақ. Қиямет – күмәнсіз келуші және Аллаһ – қабірлердегіні тірілтуші. Артымда қалып бара жатқан отбасым мен бала-шағамның Аллаһқа тақуа болуларын, өзара жақсы қарым-қатынаста болуларын әрі егер олар мүмін

болатын болса, Аллаһ пен Оның елшісіне бойұсынуларын өсиет етемін әрі Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) мен Яқуб (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ұлдарына өсиет еткенін өсиет етемін: «*Әй, ұлдарым! Расында Аллаһ осы дінді сендер үшін таңдады, ендеше мұсылман болмай тұрып өлмеңдер*!»

◗ Пайғамбарымызға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) салауат айтылғанда оған салауат пен сәлемді қосып айту мұстахаб. Пайғамбарлардан басқаларға Абу Бакр «саллаллаху ъаләйһи уа саллам» (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) немесе «ъаләйһис салам» (оған Аллаһтың сәлемі болсын) деген сияқты айтылмайды. Бірақ пайғамбарлардан басқаларға пайғамбарларға салауат айтқанда олармен бірге қосып айтуға рұқсат. Мысалы, «Әй, Аллаһ! Мұхамметтің отбасына, оның сахабаларына, әйел мен бала-шағаларына Сенің сәлемің мен игілігің болсын!» деген сияқты. Сахабалар, табиғиндер және олардан кейінгі ғалымдар мен басқа да ізгі пенделерге «Аллаһ разы болсын! Оларға Аллаһтың мейірімі болсын!» деп айту мұстахаб. «Абу Ханифа, Малик, Шафиъи, Ахмад оларға Аллаһ разы болсын!», немесе «оларға Аллаһтың мейірімі болсын!» деп айтылады.

## ◗ Шариғатқа сай мал сою:

Малды етін жеуге жарамды ету үшін оны шариғатқа сай сою керек.

**Малдың мынандай шарттары бар: 1.** Етін жеуге рұқсат мал болу керек.

**2.** Малдың иесі болу керек.

**3.** Құрлықта тіршілік ететін мал болу керек (яғни судағы хайуан емес).

**Шариғатқа сай мал союдың төрт шарты бар: 1.** Мал союшының ақыл-есі дұрыс болуы. **2.** Сою құралы тіс пен тырнақтан басқа нәрсе болуы. **3.** Мал сойғанда оның тамағынан мойнының екі бірдей қан тамырын, немесе бір қан тамырына қоса кеңірдегінен бауыздау. **4.**Мал соярда «Бисмиллах» деп айту. Ұмытып кетсе, оқасы жоқ. Осы сөзді арабша емес өз тілінде айтса рұқсат. Бисмиллаһ пен қоса «Аллаху акбар!» деп айту сунна.

**Аңшылық:** Ол – аңды аулау. Ол аңға байланысты мынандай шарттар бар: **1.** Еті халал. **2.** Жабайы. **3.** Аулап алмасаң оларды ұстап алу мүмкін емес болған аңдар. Аң аулау оны азық ету үшін ауласа - рұқсат, ал ермек, қызық үшін ауласа макрух. Егер аңның ізіне түсіп, оны қуғанда адамдарға зиян тигізетін болса харам.

**Аң аулау төрт шартпен рұқсат:**

**1.** Аңшы шариғатқа сай мал бауыздайтындардан болу керек. /жынды, жас бала болмауы керек/

**2.** Аң аулау құралы онымен сойылса аң еті халал болатын болуы, яғни найза, садақтың оғы сияқты өткір нәрсе болуы керек. Егер аң қыран құстармен, немесе итпен ауланса, онда олар аң аулауға үйретілген болуы керек.

**3.** Аңды аулаймын деген ниетпен ату керек, егер кездейсоқ оқ тиіп өлсе, онда ол аң еті жеуге халал болмайды.

**4.** Аулау құралын жұмсағанда «бисмиллах» деп айту, осындай жағдайда Аллаһтың аты аталмаса, онда тіпті оны айтуды ұмытып кетсе де ол харам болады.

## ◗ **Тағам:**

Ол – әрбір желінетін, ішілетін нәрсе. Негіз – олардың халал екендігі. Тағам үш шартпен халал болады:

**1.** Таза болуы. **2.** Оның зарарлы болмауы. **3.** Оның кір, жиіркеніште болмауы. Қан, өлексе сияқты әрбір нәжіс нәрсе харам. У сияқты зарарлы нәрселер харам. Үлкен және кіші дәрет, бүрге, бит сияқты кір, жиіркенішті нәрселер харам. Құрлық хайуандарынан үй есектері, арыстан, жолбарыс, қасқыр, қаблан, сияқты жыртқыштар, ит, шошқа, маймыл, мысық, түлкі, тиін және сол секілділер еті харам. Қорқау /гиена/ халал. Құстардан бүркіт, сұңқар, қырғи, ителгі, қаршыға, үкі сияқты тырнақтарымен аң аулайтын жыртқыш құстар, сондай-ақ құзғын, кішіген сияқты өлексе жейтін құстар харам. Сондай-ақ жарғанат, тышқан, сона, шыбын, кірпік шешен, жылан, көкек сияқты барлық адамдар жиіркенетін нәрселер әрі құрт, қоңыз, кесіртке сияқты жәндіктер харам. Шаян сияқты шариғат өлтіруге бұйырған, немесе құмырсқа сықылды өлтіруден қайтарған нәрселер харам. Қасқыр мен қорқаудан туған хайуан сияқты жейтін нәрсе мен жемейтін нәрсенің қосылуынан туған нәрселер харам. Ал екеуі де жеуге болатын ат пен зебрадан туылған қашыр халал. Түйе, жылқы, сиыр, қой сияқты үй жануарларының, керік, қоян, келес, қара құйрық сияқты киіктер халал және түйе құс, тауық, тауыс, тоты құс, кептер, торғай, үйрек, қаз және барлық суда өмір сүретін құстар халал. Жылан, бақа, қолтырауыннан басқа суда ғана өмір сүретін су жануарлары халал. Нәжіспен суғарылған, немесе нәжіспен құнарландырылған өсімдіктер егер оларға нәжістің дәмі мен исі шығып тұрмаса халал. Көмір, топырақ, лайды жеу жақсы емес, сондай-ақ пияз, сарымсақты пісірмей жеу де жақсы емес. Егер адам аш қалып жеуге мәжбүр болса, сол харам нәрседен өмірін сақтап қалатындай жеу уәжіп.

◗ Кәпірлерді олардың мерекелерімен құттықтауға және ол жерлерге баруға болмайды. Және олармен бірінші болып сәлемдесуге де болмайды, тек олар өздері сәлемді бастаса, оларға, «уә ъаляйкум» деп жауап беру уәжіп болады. Кәпірлерге және бидағатшыға бола құрмет үшін тұруға болмайды. Олармен қол алысу макрух болып саналады. Ал, оларға көңіл айту және оларды зиярат ету тек шариғи пайда үшін ғана болады.

# Шариғаттағы дем салу

Аллаһтың сүннеттеріне (заңдылықтарына) назар салған адам сынақтардың болмыста бар және тағдырда жазылған Аллаһ сүннеттерінің бірі екенін біледі. Аллаһ тағала: «***Сендерді азғантай үреймен, аштықпен (ашаршылықпен) және малдың, жандардың және жемістердің бір бөлігінің кемуімен сынаймыз. Сабыр етушілерді қуандыр***»,—деген **(Бақара, 155)**. «Игі адамдар сынақтардан аулақ болады» деп ойлайтындар қателеседі. Керісінше, сынақтың келуі—иманның көрінісі. Бірде Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Ең ауыр сынаққа ұшырайтын кімдер?» деп сұралады. Сонда ол (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Пайғамбарлар, одан соң ізгілер, одан соң адамдардың оларға ұқсағаны, одан соң бұларға ұқсағаны. Әркім дініне қарай сыналады: егер дінде мықтылық (беріктік) болса сынағы арта түседі, ал егер дінде әлсіздік (осалдық) болса, одан жеңілдетіледі***»,—деген **(Ибн Мәжәһ)**. Сынақ—Аллаһтың пендесіне деген махаббатының белгісі. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Аллаһ бір қауымды жақсы көрсе оларды сынайды***»,—деген **(Ахмад)**. Әрі ол Аллаһтың пендесіне жақсылық қалағанының көрінісі. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Аллаһ бір пендесіне жақсылық қаласа, оған жазасын бұл дүниеде ілгерілетіп береді. Ал қайсыбір пендесіне жамандық қаласа, жазасын Қиямет күні толық беру үшін ұстай тұрады***»,—деп айтқан (әт-Тирмизи). Сынақ азғантай болса да, күнәлардың кәффараты (өтемі, бодауы) болып есептеледі. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Қайсыбір мұсылманға тікеннен бастап, одан үлкен қиындықтар келсе, Аллаһ ол арқылы күнәларын ағаштың өз жапырақтарын төккеніндей (түсіргеніндей) төгеді***»,—деген **(әл-Бұхари, Муслим)**. Сондықтан сыналушы мұсылман түзу, ізгі адам болса, сынағы өткен күнәларына кәффарат болады немесе оның дәрежесін биіктетеді, ал күнәкар болса, күнәларына кәффарат әрі оның қатерін еске салу болып табылады. Аллаһ тағала: «***Жер бетіндегі бұзықтық адамдар қолдарының істегені себебінен, оларға істегендерінің бір бөлігін таттыру әрі олардың (тәубеге келіп, Аллаһқа) қайтулары үшін көріне бастады***»,—деген **(Рум, 41)**.

**Сынақтың түрлері:** Мал-мүліктің көбеюі секілді *жақсылықпен сыналу* және үрей, ашаршылық пен малдың кемуі секілді *жамандықпен сыналу*. Аллаһ тағала: «***Біз сендерді жамандық және жақсылықпен сынаймыз***»,—деген **(Әнбия, 35)**. Бұған көз тию және өліммен сыналу да кіреді. Аурулар мен өлім себептерінің үлкені болып—қызғаныштан туындайтын көз тию мен сиқыр есептеледі. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Аллаһтың тағдыр еткенінен кейін үмбетімнің көбі көз тигеннен өледі***»,—деген **(әт-Таялиси)**.

**Көз және сиқырдан сақтану:** алдын ала сақтану шараларын жасау емделуден жақсы. Сондықтан да көз және сиқырдан сақтануға әрекет жасауымыз керек. Көз және сиқырдан сақтанудың негізгі жолдары:

- Тәухидті (Аллаһтың бір екеніне деген сенімді) күшейту, Аллаһтың болмыстағы жағдайларды басқарушы екеніне иман келтіру (сену), жақсы амалдарды көбейту.
- Аллаһ туралы жақсы ойда болу, Оған тәуекел ету, көз тигенін немесе ауырып қалғанын кез келген нәрседен көрмеу, өйткені «көз тиді» деп күдіктену өз алдына

бір ауру.[1]

✷Бір адамның көзі бар немесе сиқыршы екендігімен атағы шықса, одан қорыққаннан емес, сақтану шараларын жасау жағынан аулақ болу керек.

✷ Таңғалдыратын бір нәрсені көргенде Аллаһты еске алу және Оның берекесін сұрап, «Тәбәракаллаһ» емес, «Бәракаллаһу ләка» (Аллаһ саған береке берсін) деп айту. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кімде-кім өзінен немесе мал-дүниесінен яки бауырынан өзіне ұнайтын нәрсені көрсе, Аллаһтан береке сұрасын, өйткені көз тию—ақиқат***»,—деген (әл-Хаким).

✷ Таңертең Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қаласы Мединеде өсетін «ажуа» құрмасынан жеті дана жеу.

✷ Аллаһқа сыйынып, Оның панасын тілеу, Оған тәуекел ету, Ол туралы жақсы ойда болу, көз тию және сиқырдан сақтауын тілеу. Таңертең және кешке оқылатын зікірлер мен пана тілеу сөздеріне ұқыпты болу;[2] Бұл зікірлердің Аллаһтың қалауымен кейде көбейіп, кейде азаятын әсері екі жағдайда жүзеге асады: **1)** Оған қатысты келген хабарлардың хақ әрі шындық екеніне, олардың Аллаһ қаласа, пайдасы бар екеніне сену. **2)** Оны тілімен айтса да, құлағын асып, жүрегі қатысып тұруы тиіс. Өйткені ол—дұға. Ал дұға Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахих хадисінде айтылғанындай, қаперсіз, ойы басқада болған бейғам жүректен қабыл болмайды.

**Зікірлер (зикрлер) мен пана сұрау сөздерінің айтылу уақыты:** Таңғы зікірлер таң намазынан кейін айтылады. Ал кешкі зікірлер болса, екінті намазынан кейін оқылуы керек. Мұсылман оны айтуды ұмытса немесе қаперсіздік танытса, есіне түскен сәтте айтса болады.

**Көз тиюдің және өзге де дерттердің белгілері.** Медицина мен шариғаттағы дем салу арқылы емделудің арасында қарама-қайшылық жоқ. Құран тән мен жан ауруларының шипасы. Егер адам дене ауруларынан сау болса, сыртқы факторлардан болған әсерлер көбінесе ауыспалы бас ауруы, беттің сарғаюы, денеден тер мен зәрдің шамадан тыс бөлінуі, тәбеттің азаюы, қол-аяқтарда ыстық не суықтың немесе ұюдың пайда болуы, жүректің қатты соғуы, арқаның төменгі жағы мен иықтардың ауруы, қайғы және кеуденің тарылуы, ұйқының қашуы, қорыққаннан немесе әдеттегіден тыс ашуланғаннан әрекеттер жасау, кекіру мен күрсінудің жиілеуі, оңаша қалуды жақсы көру, енжарлық және жалқаулық, әркез ұйқыны қалау және басқа да медицина тұрғысынан себебі белгісіз денсаулықтағы кінәраттар. Бұл белгілер немесе оның кейбірі аурудың күшті яки әлсіз болуына қарай байқалып тұрады.

Мұсылманның иманы мен жүрегі мықты болуы тиіс. Оған уәсуастар (азғырулар) әсер етпеуі керек. Жоғарыдағы белгілердің бірін байқағанымен, өзін аурумын деп қате ойламауы керек. Өйткені қате ойлау емделуі ең қиын

---

[1] Дәрігерлер мен мамандардың айтуы бойынша, дене мүшелерінің ауруларына шалдыққан науқастардың үштен екісі сау бола тұрып, өзін «ауырып қалдым» деп күдіктенгенінен болады деген.

[2] Таңғы және кешкі зікірлерді ... беттерде қара.

аурулардың бірі. Бұл белгілердің кейбірі дені сау адамдарда да болуы мүмкін. Кейде бұл белгілер байқалғанымен, оның себебі дене мүшелерінің ауыруы болуы мүмкін, сондай-ақ кейде мұның себебі иманның әлсіздігі болуы да ықтимал. Иманның әлсіздігіне байланысты адам кеуденің тарылуы, қайғы, әлсіздік секілді ауруларды сезінеді. Бұл жағдайда адам өзінің Аллаһпен болған байланысына жақсылап бір назар салғаны жөн.

**Аурудың себебі көз тию болса**[1] **оның дауасы Аллаһ қаласа, келесі екі нәрсенің бірімен жүзеге асады: 1)** Көз тигізген адам белгілі болса, оған дәрет алдырып, одан қалған суды немесе аузы не қолы тиген суды алып[2], ол сумен жуыну және оны ішу. **2)** Көз тигізген кісі белгісіз болса, онда ем—дем салу, дұға оқу және хижама (қан алдыру) арқылы жүзеге асады.

**Егер ауру сиқыр**[3] **арқылы келген болса, оны Аллаһтың қалауымен келесі жолдармен емдеуге болады: 1)** Сиқыр жасалған орынды анықтау, оны тапқан жағдайда түйіншектерді шешіп, «Фәлақ», «Нас» сүрелерін оқып, оны (әлгі түйіншектерді) өртеп жібереді. **2)** Шариғатта бекітілген дұғалар арқылы емделу: Құранның аяттарымен, әсіресе, «Фәлақ» пен «Нас» сүрелері, «Бақара» сүресі және дұғалар. Бұл туралы келесі беттерде әңгімелейміз.
**3)** «Нушра» (сиқырды қайтару шаралары). **Нушра екі түрлі: 1)** Тыйым салынған шаралар, мысалы, сиқырды сиқырмен қайтару немесе сиқырды қайтару үшін сиқыршыға бару. **2)** Шариғатта рұқсат етілген шаралар, мысалы лотос (сидр) өсімдігінің жеті жапырағын алып оны ұнтақтау және оған «Кәфирун», «Ыхлас», «Фәлақ» және «Нас» сүрелерін оқу, кейін оны суға салу және ол суды ішу немесе онымен жуыну әрі осыны, Аллаһ қаласа, толық емделгенше қайталап тұру. (Қ.: «Мусаннаф Абдур-Раззақ»).
**4)** Сиқырды шығару: сиқыр іште болса, оны құсу, клизма немесе ішті өткізетін нәрселер арқылы кетіру, басқа жерде болса хижама[4] арқылы кетіру.

---

[1] Көз тию (әл-ъайн)—Аллаһтың қалауымен жындардан болатын ауру (зарар). Бұл көз тигізетін адамның көзі тиген адамды сипаттауы немесе таңғалуы себебінен болады. Осы кезде шайтандар келіп, көз тимеудің ешбір кедергісі болмаса (зікір немесе намаз сияқты), ол кісіге көз тиеді. Көздің тиюіне «***Көз тию—шындық***» (әл-Бухари) және «***... оны шайтан немесе Адам баласының көреалмаушылығы әкеледі***» деген хадис дәлел болады (Ахмад). Көз тиюдің «көз» деп аталу себебі көздің зиян тигізуінен емес, бір нәрсеге қарау немесе суреттеу көз арқылы жүзеге асатынында жатыр. Өйткені көзді еш нәрсені көре алмайтын соқыр адам да тигізуі мүмкін.

[2] Көз тигізген адамның кез келген қол тигізген (мысалы, ішкен-жегеннен қалған қалдықтары немесе ол ұстаған зат) нәрселерін алып немесе жұқа сүлгімен не сол сияқты нәрселермен сүртіп алып, оған су қосып, көз тиген адамның үстіне құю керек, және ол сол судан ішу керек.

[3] Сиқыр—сиқырланатын кісіге бағытталған әрі оның денесіне, жүрегіне немесе санасына тікелей әсері бар арнайы сөздер мен әрекеттер. Сиқыр іс жүзінде бар нәрсе. Сиқырдың адамды өлтіретін, ауру қылатын және ер кісіні әйеліне жақындаудан тосатын немесе ер мен әйелдің арасын бұзатын түрлері бар. Кейбір сиқырлар күпірлік пен ширк болып есептелсе, кейбірі үлкен күнә саналады.

[4] Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «*Сендердің емделетін нәрселеріңнің ең абзалы—хижама (қан алдыру)*»,—деген. Аллаһ осы тәсіл арқылы көптеген ауруларды: дене мүшелерінің ауруларын және көз немесе сиқыр себебінен болған ауруларды (бұның ішінде рак ауруы да бар) жазады.

**Рукия (дем салу).** Дем салудың шарттары: **1)** Оқылатын нәрселер Құран аяттары немесе шариғатта келген дұғалар болуы керек. **2)** Құран мен дұғаларды араб тілінде оқу. Сондай-ақ дұғалар басқа тілде айтылса да болады. **3)** Дем салудың өз бетінше әсер етпейтініне және емнің Аллаһтан екеніне кәміл сену. Әсердің көбірек болуы үшін Құранды шипа және адамдар мен жындарды тура жолға салу[1] ниетімен оқу. Аллаһ тағала Құранды тура жолды көрсету және шипа ретінде түсірді. Құранды жындарды өлтіру мақсатымен оқуға болмайды, бірақ шығуы қиынға соқса ғана оқылуына рұқсат етіледі.

**Дем салушыға қойылатын талаптар: 1)** Мұсылман болуы шарт. Сондай-ақ ізгі де тақуа болуы қажет. Тақуалығы неғұрлым күшті болса, соғұрлым емге әсері болады. **2)** Дем салу кезінде Аллаһқа шынайы түрде жүгінуі, бет бұруы керек. Ол жүрек пен тілдің бірдей берілуі арқылы жүзеге асады. Ең абзалы—адамның өзіне-өзі дем салуы болып табылады. Себебі көп жағдайда басқа адамның жүрегін бәрібір басқа бір нәрсе аулап тұрады (көңілін бұрып тұрады). Сонымен қатар өз қажетіңді өзіңнен артық ешкім сезінбес. Зәрушілік жағдайға тап болғандарға Аллаһ көмегін уәде етеді.

**Дем салынушыға қойылатын талаптар: 1)** Ізгі мүмін болуы—мұстахаб. Иманының дәрежесіне қарай әсері де болмақ. Аллаһ тағала: **«*Біз Құранды мүміндерге шипа әрі мейірім ретінде түсірдік. Ол залымдарға тек қасірет қана қосады*»**,—деген. **2)** Аллаһқа шын ықыласымен жүгіне өзіне ем сұрауы. **3)** Шипа кешігіп жатыр демеу керек. Өйткені дем салу дұға түрі болып есептеледі. Ал қабыл болуына асығыстық қылу сұрағанының орындалмауына себеп болады. Аллаһ елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): *«**Сендерден қайсыбіреулерің: «Маған сұрағаныма жауап берілмеді» деп асығыс айтпайынша, жауап беріледі**»*,—деген (Әл-Бұхари, Муслим).

**Дем салудың жолдары: 1)** Демді үрлей (яғни жеңіл түкіре) отырып оқу. **2)**Демді үрлеусіз оқу. **3)**Демді түкірікті саусақпен алып, топырақпен араластырып, онымен ауырған жерді сүрту. **4)** Демді ауырған жерді сипай отырып оқу.

**Науқасқа дем салғанда оқылатын аят-хадистер:**

﴿ ٱللَّهُ لَآ إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ ٱلۡحَيُّ ٱلۡقَيُّومُۚ لَا تَأۡخُذُهُۥ سِنَةٞ وَلَا نَوۡمٞۚ لَّهُۥ مَا فِي ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَمَا فِي ٱلۡأَرۡضِۗ مَن ذَا ٱلَّذِي يَشۡفَعُ عِندَهُۥٓ إِلَّا بِإِذۡنِهِۦۚ يَعۡلَمُ مَا بَيۡنَ أَيۡدِيهِمۡ وَمَا خَلۡفَهُمۡۖ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيۡءٖ مِّنۡ عِلۡمِهِۦٓ إِلَّا بِمَا شَآءَۚ وَسِعَ كُرۡسِيُّهُ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلۡأَرۡضَۖ وَلَا يَـُٔودُهُۥ حِفۡظُهُمَاۚ وَهُوَ ٱلۡعَلِيُّ ٱلۡعَظِيمُ ﴾[2]

---

[1] Тура жолға салу ниеті: Құран естігендерді Аллаһтың дініне шақыру, жақсылық жасап, жамандықтан қайтару. Тәжірибе көрсеткендей, осындай ниеттің әсері күшті болмақ. Оқылған аяттарды естіген жын әсерленіп, науқасқа зарар тигізуден көбінесе тез тыйылуы мүмкін. Алайда дем салушының жынды өлтіру ниеті жынның қасарысуы мен дандайсынуын, нәтижесінде дем салушы мен науқастың зиян көруіне себеп болады. Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Аллаһ жұмсақ (мейірімді), жұмсақтықты жақсы көреді және жұмсақтыққа қаттылық үшін берілмегенді (сауапты) береді***»,—деген (Муслим).

[2] Мағынасы: «Аллаһ—Тірі де, Мәңгі тұрушы, Одан басқа құдай жоқ! Ол ұйықтамайды да, қалғымайды. Көктер мен жердегі нәрселер Оның иелігінде. Оның алдында Оның рұқсатынсыз шапағат қылатын кім бар? Ол олардың алдындағыны және олардың артындағыны біледі. Ал олар Оның білімінен Ол қалағанынан басқа еш нәрсені білмейді.

﴿ ءَامَنَ ٱلرَّسُولُ بِمَآ أُنزِلَ إِلَيۡهِ مِن رَّبِّهِۦ وَٱلۡمُؤۡمِنُونَۚ كُلٌّ ءَامَنَ بِٱللَّهِ وَمَلَٰٓئِكَتِهِۦ وَكُتُبِهِۦ وَرُسُلِهِۦ لَا نُفَرِّقُ بَيۡنَ أَحَدٖ مِّن
رُّسُلِهِۦۚ وَقَالُواْ سَمِعۡنَا وَأَطَعۡنَاۖ غُفۡرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيۡكَ ٱلۡمَصِيرُ ٢٨٥ لَا يُكَلِّفُ ٱللَّهُ نَفۡسًا إِلَّا وُسۡعَهَاۚ لَهَا مَا كَسَبَتۡ
وَعَلَيۡهَا مَا ٱكۡتَسَبَتۡۗ رَبَّنَا لَا تُؤَاخِذۡنَآ إِن نَّسِينَآ أَوۡ أَخۡطَأۡنَاۚ رَبَّنَا وَلَا تَحۡمِلۡ عَلَيۡنَآ إِصۡرٗا كَمَا حَمَلۡتَهُۥ عَلَى ٱلَّذِينَ مِن
قَبۡلِنَاۚ رَبَّنَا وَلَا تُحَمِّلۡنَا مَا لَا طَاقَةَ لَنَا بِهِۦۖ وَٱعۡفُ عَنَّا وَٱغۡفِرۡ لَنَا وَٱرۡحَمۡنَآۚ أَنتَ مَوۡلَىٰنَا فَٱنصُرۡنَا عَلَى ٱلۡقَوۡمِ ٱلۡكَٰفِرِينَ ﴾ [1]
[2] ﴿ فَسَيَكۡفِيكَهُمُ ٱللَّهُۚ وَهُوَ ٱلسَّمِيعُ ٱلۡعَلِيمُ ﴾
[3] ﴿ يَٰقَوۡمَنَآ أَجِيبُواْ دَاعِيَ ٱللَّهِ وَءَامِنُواْ بِهِۦ يَغۡفِرۡ لَكُم مِّن ذُنُوبِكُمۡ وَيُجِرۡكُم مِّنۡ عَذَابٍ أَلِيمٖ ﴾
[4] ﴿ وَنُنَزِّلُ مِنَ ٱلۡقُرۡءَانِ مَا هُوَ شِفَآءٞ وَرَحۡمَةٞ لِّلۡمُؤۡمِنِينَ وَلَا يَزِيدُ ٱلظَّٰلِمِينَ إِلَّا خَسَارٗا ﴾
[6] ﴿ وَإِذَا مَرِضۡتُ فَهُوَ يَشۡفِينِ ﴾ [5] ﴿ أَمۡ يَحۡسُدُونَ ٱلنَّاسَ عَلَىٰ مَآ ءَاتَىٰهُمُ ٱللَّهُ مِن فَضۡلِهِۦ ﴾
[8] ﴿ قُلۡ هُوَ لِلَّذِينَ ءَامَنُواْ هُدٗى وَشِفَآءٞۖ ﴾ [7] ﴿ وَيَشۡفِ صُدُورَ قَوۡمٖ مُّؤۡمِنِينَ ﴾
[10] ﴿ فَٱرۡجِعِ ٱلۡبَصَرَ هَلۡ تَرَىٰ مِن فُطُورٖ ﴾ [9] ﴿ لَوۡ أَنزَلۡنَا هَٰذَا ٱلۡقُرۡءَانَ عَلَىٰ جَبَلٖ لَّرَأَيۡتَهُۥ خَٰشِعٗا مُّتَصَدِّعٗا مِّنۡ خَشۡيَةِ ٱللَّهِ ﴾
[11] ﴿ وَإِن يَكَادُ ٱلَّذِينَ كَفَرُواْ لَيُزۡلِقُونَكَ بِأَبۡصَٰرِهِمۡ لَمَّا سَمِعُواْ ٱلذِّكۡرَ وَيَقُولُونَ إِنَّهُۥ لَمَجۡنُونٞ ﴾
﴿ وَأَوۡحَيۡنَآ إِلَىٰ مُوسَىٰٓ أَنۡ أَلۡقِ عَصَاكَۖ فَإِذَا هِيَ تَلۡقَفُ مَا يَأۡفِكُونَ ١١٧ فَوَقَعَ ٱلۡحَقُّ وَبَطَلَ مَا كَانُواْ يَعۡمَلُونَ ١١٨ فَغُلِبُواْ
هُنَالِكَ وَٱنقَلَبُواْ صَٰغِرِينَ ﴾ [12]

---

Оның күрсиі көктер мен жерді қамтиды. Ол екеуін сақтап тұру Оған қиын емес әрі Ол Биік (Жоғары), Ұлы». *«Бақара» сүресі, 255-аят (Аятүл-Күрсі)*

1 Мағынасы: «Елші өзіне Раббысынан түсірілгенге иман келтірді және мүміндер де (иман келтірді). Барлығы Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға және елшілерге иман келтірді. Біз елшілердің арасын алаламаймыз. Әрі олар: «Естідік те бойсұндық, Раббымыз, Сенің кешіріміңді тілейміз! Қайтар жер—Сенің алдың. Аллаһ ешбір жанға шамасынан тыс нәрсені жүктемейді. Әркімнің істеген (жақсылығы) өз пайдасына және істеген (жамандығы) өз зиянына. Раббымыз! Ұмытсақ не қателессек жазаламағайсың. Раббымыз! Бізге өзімізден бұрыңғыларға жүктегеніңдей ауыр жүк жүктемегейсің. Раббымыз! Бізге шамамыз келмейтін нәрселерді көтерткізбегейсің. Бізді жарылқа, (күнәларымызды) кешір, бізді рақымшылығыңа бөле, Сен біздің Иемізсің! Бізді кәпір қауым үстінен жеңіске жеткізгейсің!». *«Бақара» сүресінің соңғы екі аяты.*

2 Мағынасы: «Аллаһ сені олардан құтқарады. Ол Естуші, Білуші». *«Бақара» сүресі, 137-аят*

3 Мағынасы: «(Жындар айтты): Ей, қауымымыз! Аллаһқа үндеушіге жауап беріп, оған иман келтіріңдер. (Аллаһ) күнәларыңды кешіріп, сендерді күйзелтуші азаптан қорғайды». *«Әхқаф» сүресі, 30-аят.*

4 Мағынасы: «Біз Құранда шипа және мүміндер үшін мейірім (игілік) болған аяттарды түсіреміз. Әділетсіздердің зияны (сенбеуі, адасуы) ғана артады». *«Исра» сүресі, 82-аят.*

5 Мағынасы: «Негізінде, олар (яһудилер) Аллаһтың адамдарға (Мұхаммед (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) және сахабаларына) Өз кеңшілігінен бергені үшін, оларға күншілдік қылады». *«Ниса» сүресі, 54-аят*

6 Мағынасы: «Егер ауырып қалсам, Ол маған шипа береді». *«Шұғара» сүресі, 80-аят.*

7 Мағынасы: «Ол мүміндер қауымының кеудесін (keселден) айықтырады». *«Тәубе» сүресі, 14-аят*

8 Мағынасы: «Ол (Құран) иман келтіргендер үшін жолбасшы (тура жолды көрсетуші) әрі шипа». *«Фуссилат» сүресі, 44-аят.*

9 Мағынасы: «Егер де Біз бұл Құранды тауға түсіргенімізде, оның (таудың) Аллаһтан қорыққанынан бойсұнып, быт-шыт болғанын көрер едің». *«Хашыр» сүресі, 21-аят.*

10 Мағынасы: «Назарыңды қайта салшы, бір ақау көріп тұрсың ба?» *«Мүлік» сүресі, 3-аят.*

11 Мағынасы: «Кәпірлер Құранды естіген кезде сені көздерімен құлатып жіберуге шақ қалады да, «Мынау бір жынды (жын соққан)» дейді». *«Қалам» сүресі, 51-аят.*

12 Мағынасы: «Біз Мұсаға «Асаңды таста» деп уахи еттік. Сол мезетте ол (аса, таяқ) олардың құрастырғандарын жалмай бастады. Ақиқат орнап, олардың істегендері бекер болды. Сол кезде олар жеңіліп, қор болып қайтқан еді». *«Әғраф» сүресі, 117-119 аяттар.*

﴿قَالُوا۟ يَٰمُوسَىٰٓ إِمَّآ أَن تُلْقِىَ وَإِمَّآ أَن نَّكُونَ أَوَّلَ مَنْ أَلْقَىٰ ﴿٦٥﴾ قَالَ بَلْ أَلْقُوا۟ ۖ فَإِذَا حِبَالُهُمْ وَعِصِيُّهُمْ يُخَيَّلُ إِلَيْهِ مِن
سِحْرِهِمْ أَنَّهَا تَسْعَىٰ ﴿٦٦﴾ فَأَوْجَسَ فِى نَفْسِهِۦ خِيفَةً مُّوسَىٰ ﴿٦٧﴾ قُلْنَا لَا تَخَفْ إِنَّكَ أَنتَ ٱلْأَعْلَىٰ ﴿٦٨﴾ وَأَلْقِ مَا فِى
يَمِينِكَ تَلْقَفْ مَا صَنَعُوٓا۟ ۖ إِنَّمَا صَنَعُوا۟ كَيْدُ سَٰحِرٍ ۖ وَلَا يُفْلِحُ ٱلسَّاحِرُ حَيْثُ أَتَىٰ﴾[1]

﴿ثُمَّ أَنزَلَ ٱللَّهُ سَكِينَتَهُۥ عَلَىٰ رَسُولِهِۦ وَعَلَى ٱلْمُؤْمِنِينَ﴾[2]

﴿فَأَنزَلَ ٱللَّهُ سَكِينَتَهُۥ عَلَيْهِ وَأَيَّدَهُۥ بِجُنُودٍ لَّمْ تَرَوْهَا﴾[3]

﴿فَأَنزَلَ ٱللَّهُ سَكِينَتَهُۥ عَلَىٰ رَسُولِهِۦ وَعَلَى ٱلْمُؤْمِنِينَ وَأَلْزَمَهُمْ كَلِمَةَ ٱلتَّقْوَىٰ﴾[4]

﴿لَّقَدْ رَضِىَ ٱللَّهُ عَنِ ٱلْمُؤْمِنِينَ إِذْ يُبَايِعُونَكَ تَحْتَ ٱلشَّجَرَةِ فَعَلِمَ مَا فِى قُلُوبِهِمْ فَأَنزَلَ ٱلسَّكِينَةَ عَلَيْهِمْ وَأَثَٰبَهُمْ فَتْحًا قَرِيبًا﴾[5]

﴿هُوَ ٱلَّذِىٓ أَنزَلَ ٱلسَّكِينَةَ فِى قُلُوبِ ٱلْمُؤْمِنِينَ لِيَزْدَادُوٓا۟ إِيمَٰنًا مَّعَ إِيمَٰنِهِمْ﴾[6]

*«Кәфирун» сүресі. «Ықлас» сүресі: «Фәлақ» сүресі. «Нас» сүресі.*

# Хадистер:

۞ أَسْأَلُ اللهَ العَظِيْمَ رَبَّ العَرْشِ العَظِيْمِ أَنْ يَشْفِيَكَ «***Әс-әлуллаһәл-Ъазима, Раббал-ъаршил-ъазими әй-яшфиәк***»[7] (7 рет).

۞ أُعِيْذُكَ بِكَلِمَاتِ اللهِ التَّامَةِ مِنْ كُلِّ شَيْطَانٍ وَهَامَّةٍ وَمِنْ كُلِّ عَيْنٍ لامَّةٍ «***Уъизука бикәлиматилләһит-тамма мин кулли шайтанин уә һәммәтин уә мин кулли ъайнин ләммәтин***»[8] (3 рет).

۞ اَللَّهُمَّ رَبَّ النَّاسِ أَذْهِبِ البَأْسِ وَاشْفِ أَنْتَ الشَّافِيْ لا شِفَاءَ إِلا شِفَاؤُكَ شِفَاءً لايُغَادِرُ سَقَمًا «***Аллаһумма Раббән-нәс, әзһибил-бә'с, ишфи әнтәш-Шафи лә шифа-ә иллә шифа-ука шифә-ән лә юғадиру сақама***»[9] (3 рет).

۞ اَللَّهُمَّ أَذْهِبْ عَنْهُ حَرَّهَا وَبَرْدَهَا وَوَصَبَهَا «***Аллаһумма әзһиб ъанһу харраһа уә бәрдаһа уә уәсабаһа***»[10] (1 рет).

۞ حَسْبِيَ اللهُ لا إِلَهَ إِلا هُوَ عَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ وَهُوَ رَبُّ العَرْشِ العَظِيْمِ «***Хасбийәллаһу лә иләһа иллә һуүә ъаләйһи тәуәккәлту уә һуүә Раббул ъаршил-ъазим***»[11] (7 рет).

---

[1] Мағынасы: «Сиқыршылар: «Ей, Мұса! Не сен тастайсың немесе бірінші тастаған біз болайық» десті. (Мұса): «Сендер тастаңдар» дегенде, олардың жіптері мен асалары (таяқтары) сиқырлағаны себепті оған қозғалып келе жатқан болып көрінді. Мұса ішінен қатты қорыққанын сезді. Біз оған: «Қорықпа, әлбетте сен үстемсің. Оң қолыңдағыны таста, олардың істегенін жалмасын. Олардың істегені—бар болғаны сиқыршының айласы. Сиқыршы қай жақта болса да, мұратына жетпейді». *«Та һа» сүресі, 65-69 аяттар.*

[2] Мағынасы: «Одан соң Аллаһ Өз елшісіне және мүміндерге Өзінің тыныштығын (сәкина) түсірді». *«Тәубе» сүресі, 26-аят.*

[3] Мағынасы: «Аллаһ оған (елшіге) Өз тыныштығын түсіріп, оны олар көрмеген әскермен қолдады». *«Тәубе» сүресі, 40-аят.*

[4] Мағынасы: «Сонда Аллаһ Өз елшісі мен мүміндерге Өзінің тыныштығын түсіріп, оларға «тақуалық сөзін» (яғни «Лә иләһа илләллаһ» деп айтуды) міндеттеді». *«Фатх» сүресі, 26-аят.*

[5] Мағынасы: «Аллаһ саған ағаш астында (серт беріп) қол тапсырған мүміндерден разы болды және олардың жүректерінде болған нәрсені (имандарын) біліп, оларға тыныштықты түсірді әрі оларды жақын бір жеңіспен сыйлады» *«Фатх» сүресі, 18-аят.*

[6] Мағынасы: «Ол—имандарына иман қосылу үшін мүміндердің жүрегіне тыныштықты түсірген (Аллаһ)». *«Фатх» сүресі, 4-аят.*

[7] Мағынасы: (Ұлы Аллаһтан, ұлы аршы иесінен саған шипа беруін сұраймын).

[8] Мағынасы: (Аллаһтан, Оның кемел сөздері арқылы сені шайтаннан, зиянды жәндіктерден және тиетін көзден сақтауын сұраймын).

[9] Мағынасы: (Ей, адамдардың Раббысы Аллаһ! Ауруды кетіріп, шипа бер, Сен—шипа берушісің, Сенің шипаңнан басқа шипа жоқ, бізге ауру қалмайтын етіп шипаңды бер).

[10] Мағынасы: (Ей, Аллаһ! Одан (бұл өмірдің) ыстығын, суығын және ауруын кетіре гөр).

[11] Мағынасы: (Маған Өзінен басқа құдай болмаған Аллаһтың Өзі жеткілікті. Мен Оған тәуекел етемін. Ол—ұлы аршының Раббысы).

۞ بِسْمِ اللهِ أَرْقِيْكَ مِنْ كُلِّ دَاءٍ يُؤْذِيْكَ وَمِنْ شَرِّ كُلِّ نَفْسٍ أَوْ عَيْنِ حَاسِدٍ، اللهُ يَشْفِيْكِ بِسْمِ اللهِ أَرْقِيْكَ «***Бисмилләһи әрқикә мин кулли да-ин йу'зика уә мин шәрри кулли нәфсин әу ъайнин хасидин, Аллаһу яшфикә бисмилләһи урқик***»[1] (3 рет).

۞ Оң қолды ауырған жерге қойып, بِسْمِ اللهِ «***Бисмилләһ***» (Аллаһтың атымен) деп айту (3 рет). أَعُوْذُ بِعِزَّةِ اللهِ وَقُدْرَتِهِ مِنْ شَرِّ مَا أَجِدُ وَأُحَاذِرُ Сонан соң «***Әъузу биъиззатилләһи уә құдратиһи мин шарри ма әжиду уә ухазиру***»[2] (7 рет) айтасың.

## Ескертулер:

❶ Көз тигізушілерге қатысты «оның зәрін ішу керек» немесе «егер оның ұстаған не қол тигізген нәрсесін алғанын білсе, онда оның пайдасы болмайды» деген ырымдарға сенуге болмайды.

❷ Көз тиюден сақтанып, теріден жасалған тұмарларды, білезіктер мен алқаларды тағуға болмайды, өйткені Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім бір нәрсе тағып алса, соған тәуекел еткен (өзін соған тапсырған) болады***»,— деген (эт-Тирмизи). Құран жазылған тұмарларды тағуға қатысты әртүрлі көзқарастар бар, алайда оны тақпаған абзал.

❸ «Мә шә Аллаһ, тәбаракәллаһ» деген жазулар, қылыш, пышақ немесе көздің суреті, көлікке Құранды қою немесе үйлерге кейбір сүре-аяттарды іліп қою көзді қайтармайды. Керісінше, бұл нәрселер тыйым салынған тұмарлар қатарына жатады.

❹ Науқас дұғасының қабыл болатынына сенуі керек және емді кешікті демеуі тиіс. Егер оған дәрігерлер «жазылу үшін бұл дәріні өмір бойы қабылдап тұруың керек» десе, емделетінінен үмітін үзбейді де, дем салынса үмітсіз болады. Алайда оған оқыған әрбір әріп үшін сауап бар, ол сауап он есе көбейтілген түрде беріледі. Ол кісіге дұға-истиғфар айтып, садақа беруді көбейткені абзал, себебі ол жазылу себептерінің бірі.

❺ Жамағатпен оқып дем салу сүннетке кереғар іс. Оның әсері де аз. Сол секілді оқуды магнитофонмен шектеуге болмайды. Өйткені Құран тыңдауда көптеген жақсылықтар болғанымен, онда ниет жүзеге аспайды. Ал ниет болса дем салушының бір шарты. Дем салуды жазылғанша қайталап тұру сүннет, алайда науқасты шаршататын болса, жалықтырмас үшін азайтқан жөн. Аят-дұғаларды қайталау саны дәлелмен ғана дұрыс болады.

❻ Кейде дем салушының Құранмен емес, керісінше сиқырмен емдейтіндері болады. Олардың өздерін тақуа-діндар етіп көрсетуіне алданба! Олар дем салуды Құранмен бастайды да басқа нәрселермен жалғастырады. Ондай адамдар мешітке басқаларды алдап-арбау үшін барып тұруы мүмкін. Сенің алдыңда Аллаһты көп еске алушы болып көрінеді, алайда бұған алдануға болмайды, абай бол!

---

[1] Мағынасы: (Аллаһтың атымен дем саламын, сені ауыртатын әрбір дерттен, барлық жандардың немесе күншіл көздің жамандығынан Аллаһ шипасын береді, Аллаһтың атымен дем саламын).

[2] Мағынасы: (Аллаһтың ұлықтығы мен құдыретіне жүгініп, өзім сезген және қауіптенген нәрселердің жамандығынан Аллаһқа сыйынамын).

**Сиқыршылар мен бақсылардың кейбір белгілері:** ✸ Науқастың есімін немесе оның анасының есімін сұрауы (өйткені науқастың есімін білу-білмеудің емге ешбір қатысы жоқ). ✸ Науқастың жейдесі немесе лыпасы секілді киімдерін сұрауы. ✸ Кейде олар науқастардан жындарға арнап союы үшін белгілі сипатта бір мал талап етеді және кейде әлгі малдың қанын науқасқа жағады. ✸ Түсініксіз және мағынасы жоқ тұмарларды жазып оқуы. ✸ Науқасқа ішінде сандар мен әріптер жазылған кестелерді беру (ол «хижаб» деп аталады). ✸ Науқасқа белгілі бір мерзім адамдардан оңашаланып, қараңғы бөлмеде отыруды бұйырады (оны «әл-хужба» деп атайды). ✸ Науқасқа белгілі бір мерзім суға қол тигізбеуді бұйырады. Науқасқа бір нәрсе беріп, оны жерге көмуді немесе бір қағаз беріп, оны жағуды немесе түтетуді бұйырады. ✸ Науқасқа басқалар білмейтін кейбір қасиет-ерекшеліктерін айтып беруі немесе оған атын, елін (тұратын қаласын) және ауруын өзі айтпастан бұрын айтып беруі. ✸ Науқастың халін оған келуімен немесе телефон не пошта арқылы хабарлауы.

❼ Әһлі сүннет ұстанымы бойынша адам мен жынның жанасуы мүмкін. Оған дәлел: «***Расында, риба (өсім) жейтіндер шайтан тиген біреу тұрған секілді тұрады***» аяты (Бақара, 275). Тәпсіршілердің ортақ көзқарасы бойынша аяттағы «әл-мәсс» сөзі адамға жынның жанасуы себепті жынданғандығын білдіреді.

**Қосымша мәліметтер:** Сиқыр—бар нәрсе, оның әсері туралы Құранда және Сүннетте айтылған. Сиқыр жасау—харам, ол үлкен күнәлар қатарына жатады. Өйткені бірде Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Құрдымға кетіруші жетеуден (жеті үлкен күнәдан) сақтаныңдар***»,—деді. (Адамдар): «Уа, Аллаһтың елшісі! Олар қай күнәлар?»—дегенде, Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Аллаһқа серік қосу, сиқыр ...***»,—деген (әл-Бұхари, Муслим). Аллаһ тағала: «***Олар өздері айырбастап алған нәрселерінің ақыретте ешбір үлесі жоқ екенін білді***»,—деген (Бақара, 102).

**Сиқырдың түрлері: 1)** Түйіншек байлау және күбірлеп бір нәрсе оқу. Сиқыршы сиқырлайтын адамға зиян тигізу мақсатына шайтандарды пайдаланып жетеді. **2)** Сиқырланатын адамның денесіне, көңіліне және ойына әсер ететін дәрі-дәрмектер даярлап беру (бұны «сарф» және «ъатф» деп айтады). Сиқырланған адамға бір нәрсенің ауысқаны, қозғалысқа түскені не жүргені немесе осы тәрізді нәрселер көріне бастайды. Сиқырдың бірінші түрі ширк болып есептеледі. Өйткені шайтан сиқыршыға ол Аллаһқа күпірлік етпейінше қызмет жасамайды. Ал екінші түрі болса үлкен күнәлар қатарына жатады. Бірақ осының барлығы да Аллаһтың тағдыр етуімен жүзеге асады.

# Дұға

Барлық жаратылғандар Аллаһқа және Оның игіліктеріне мұқтаж. Ал Ол—бай, оларға мүлдем мұқтаж емес. Аллаһ тағала құлдарына дұға етуді бұйырып: «***Маған дұға қылыңдар, сендерге жауап қайтарамын (тілектеріңді қабыл етемін). Маған құлшылық жасаудан (яғни дұға қылудан) өздерін жоғары санағандар қор болған күйлерінде тозаққа кіреді***»,—дейді (Ғафир, 60). Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Кім Аллаһқа дұға жасамаса, Аллаһ ондайға ашуланады***»,—деген (Ибн Мәжаһ). Сонымен бірге Аллаһ Өзінен сұраған құлына қуанады, Ол дұға жасауда табандылық танытқандарды жақсы көріп, Өзіне жақын құлдарының қатарына қосады.

Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабалары мұны жақсы түсініп, дұға жасауға ерекше мән беретін еді. Олар болмашы нәрселердің өзін Аллаһтан сұрауға тырысып, өз қажеттіліктерін Аллаһтың жаратқандарына айтпайтын. Бұған себеп—олардың Аллаһпен тығыз байланыста болуы, Аллаһ тағаланың «***Қашан құлдарым сенен Мен туралы сұраса, әлбетте, Мен жақынмын***» (Бақара, 186) деген аятына амал жасауы, олардың Раббыларына, Раббыларының оларға жақын болуы. Дұғаның Аллаһтың қасында дәрежесі үлкен. Дұға Аллаһ үшін ең құрметті нәрсе, сондай-ақ ол (дұға) тағдырды қайтарады. Дұғаның қабыл болу себептерін орындап, кедергілерін жойған әрбір дұға етушінің дұғасы қабыл болады әрі оған Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бір сөзінде атап өткен үш нәрсенің бірі беріледі. Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Қайсыбір мұсылман ішінде күнә немесе туыстық қатынастарды үзу болмаған дұға жасаса, Аллаһ оған үш нәрсенің бірін береді: оған сұрағанын жедел түрде береді немесе оның сауабын ол үшін ақыретке сақтап қояды немесе одан сол нәрсенің мөлшеріндей бір жамандықты қайтарады***»,—деді. (Сахабалар): «Олай болса, дұғаны көбейтейік»,—дегенде, Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***(Аллаһтың беретіні) одан да көп***»,—деп айтты **(Ахмад).**

**Дұғаның түрлері: 1)** Намаз, ораза сияқты құлшылық дұғасы «дуъа-у ъибада», **2)** тілеу және талап ету дұғасы «дуъа-у мәс-әла».

**Амалдардың бір-бірінен абзал болуы:** Құран оқу абзал ма әлде зікір айту ма немесе дұға-тілек сұрау ма? Абсолютті түрде амалдардың ең абзалы—Құран оқу, одан соң зікір айтып, Аллаһты еске алу, одан соң дұға жасап, Аллаһтан тілеу. Бұл жалпылай алатын болсақ. Алайда кейбір жағдайларда, бұл тәртіп бойынша төмен тұрған амал өзінен жоғары тұрғаннан абзал болады. Мысалы, Арапа күні дұға жасау Құран оқығаннан абзал. Сол сияқты, парыз намаздарынан кейін оқылатын дұғаларды айту Құран оқығаннан артық.

**Дұғаның қабыл болу себептері:** Дұғаның қабыл болуының жария және жасырын себептері бар.

**1) Жария себептер:** Дұға жасаудың алдында садақа беру, дәрет алу, намаз оқу секілді ізгі амалдар жасау, құбылаға қарау, қолдарды көтеру, Аллаһты мақтап-мадақтау, дұға тақырыбына сәйкес келетін Аллаһтың көркем есім-сипаттарын қолдану (мысалы, жәннатты сұрап дұға жасаса, Аллаһтың кеңшілігі мен мейірімі арқылы жалбарыну, егер бір залымға қарсы дұға жасалса, әр-Рахман немесе әл-Кәрим есімдерін қолданбай, Оның әл-Жәббар немесе әл-Қаһһар есімдерін

қолдану); дұғаның басында, ортасында және соңында Пайғамбарға (саллаллаху ъалəйһи уа саллам) салауат айту, күнәларды мойындау, берген игіліктері үшін Аллаһқа шүкір ету, дұғаны аят-хадистерде уақытының артықшылығына қатысты дәлел келген уақыттарда жасау. **Дұға қабыл болатын уақыттар:** ✷ Тәулік ішінде: Аллаһ тағаланың төменгі аспанға түсетін, түннің соңғы үштен бірі, азан мен қаматтің арасы, дәрет алғаннан кейін, сәжде жасағанда, намазда сәлем берердің алдында, намаздардан кейін, Құранды хатым қылғанда (басынан аяғына дейін оқып болғанда), әтеш шақырғанын естігенде, сапарда жүргенде, әділетсіздікке (зұлымдыққа) ұшырағанның және бейшара адамның дұғасы, әкенің баласына жасаған дұғасы, мұсылманның өз бауырына сыртынан жасаған дұғасы, соғыс кезінде жаумен бетпе-бет келгенде жасалған дұға. ✷ Аптасына жасалатын дұғалар: жұма күні, әсіресе, жұманың соңғы сағатында (жұма күні екінті мен ақшам намаздарының арасында). ✷ Айларда жасалатын дұға: Рамазан айында сәресі (сухур) және ауызашар (ифтар) кезінде, Қадір түні және Арапа күні жасалған дұғалар. ✷ Дұға қабыл болатын қасиетті мекендер: барлық мешіттер, Кағбаның, әсіресе, Мултазамның[1] жанында, Мақаму Ибраһимнің (аләйһис-сәләм) тұсы, Сафа және Мәруаның үстінде, қажылық күндері Арафат, Муздалифа және Минада жасалған дұғалар, зәмзәм суын ішкенде және т.б.

**2) Жасырын себептер:** Дұға жасаудан бұрын: алдымен шынайы тәубеге келу, біреулерден заңсыз алған нәрселерді қайтару (ар-намысына тиген болса, кешірім сұрап, ризалығын табу), ішкені, жегені, кигені және тұратын орны (үйі) халал жолмен (кәсіппен) табылған болу, бойсұну (құлшылық) амалдарын көбейту, тыйым салынған нәрселерден аулақ болу, күмәнді және көңілі тартқан нәрселерден тартыну. Дұға жасаған кезде: жүректің қатысуы, Аллаһқа деген сенімділік, шынайы үмітпен, дұғада Аллаһқа беріле жалбарыну, тілегін қайта-қайта айтып табандылық таныту, ісін Аллаһқа тапсыру, Одан басқаға жалтақтауды біржолата қою, дұғаның қабыл болатынына айқын сену.

**Дұға қабыл болуының кедергілері:** Кейде адам дұға жасап, дұғасының қабыл болмауы немесе қабыл болуының кешігуі мүмкін. Бұның бірнеше себептері бар: ✷ Аллаһпен қатар басқадан тілеу. ✷ Дұғаны егжей-тегжейлеп айту (мысалы, жәһаннамның аптабынан, тарлығынан, қараңғылығынан және т.б. жағдайларынан пана сұрап сыйыну. Негізінде, бұлай егжей-тегжейлі емес, тек қана тозақтан сақтауын сұрап сыйынса жеткілікті). ✷ Мұсылманның өзіне қарсы немесе басқаларға қарсы жөнсіз дұға жасауы. ✷ Дұға жасағанда күнәні сұрау яки туыстық қатынасты үзуді тілеу. ✷ Дұғаны Аллаһтың қалауымен байланыстыру (мысалы, «Ей, Аллаһ! Егер қаласаң, мені кешір» деп айту т.б.). ✷ «Дұға жасадым, бірақ қабыл болмады» деп қабыл болуына асығу. ✷ Дұғаны шаршап немесе жалығып тәрк ету (бұны «әл-истихсар» деп айтады). ✷ Дұға жасаған кезде жүректің қаперсіз (бейғам), ойдың басқа жақта болуы. ✷ Дұға жасағанда Аллаһтың алдында әдепсіздік таныту. Бірде Пайғамбарымыз (

[1] Мултазам—Қара тас пен Қағба есігінің арасындағы жер.

(саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) бір кісінің намазда дұға жасап, Пайғамбарға (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) салауат айтпағанын естіп: «***Мынау асығыстық жасап тұр***»,—деді. Кейін оны қасына шақырып алып, оған және басқаларға: «***Сендерден біреу дұға жасайтын болса, алдымен Аллаһқа мақтау айтып, Оны мадақтасын, одан соң Пайғамбарға*** (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) ***салауат айтсын, одан кейін қалағанын сұрап дұға қылсын***»,—деді (әт-Тирмизи). ✷ Тағдырда бекітілген (мүмкін емес) нәрсені сұрау (мысалы, бұл дүниедегі мәңгілік өмір сұрау). ✷ Дұға сөздерін ұйқастырып айтуға тырысу (бұл араб тілінде «әс-сижғ» деп аталады). Аллаһ тағала: «***Раббыларыңа жалбарынып, жасырын дұға қылыңдар. Расында, Ол шектен шыққандарды жақсы көрмейді***»,—дейді (**Әғраф, 55**). Ибн Аббас (Аллаh оған разы болсын): «Дұғадағы ұйқастықты қарап, одан аулақ бол. Мен Аллаһ елшісінің (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) және сахабалардың көзін көрдім, олар осыны ғана жасайтын (яғни дұғаны ұйқастырудан сақтанатын)»,—деді (**әл-Бұхари**). ✷ Дұғада дауысты шектен тыс көтеру. Аллаһ тағала: «***Намазыңды айқайлап та, ішіңнен де жасама, осының ортасындағы бір жолды ұстан***»,—дейді (**Исра, 110**). Айша (Аллаh оған разы болсын): «Бұл аят дұғаға қатысты түсірілген»,— деді.

**Дұға жасаушыға дұғада келесі тәртіпті ұстанған мұстахаб: 1)** Аллаһты мақтап-мадақтау; **2)** Пайғамбарға (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) салауат айту; **3)** Тәубеге келіп, күнәларды мойындау; **4)** Аллаһқа берген нығметтері үшін алғыс білдіріп, шүкір айту; **5)** Дұғаға кірісіп, Пайғамбар (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) немесе ізгі сәлафтардан жеткен дұғаларды айтуға талпыну; **6)** Дұғаны Пайғамбарға (саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) салауат айтумен аяқтау.

## Жаттап алуға және олармен дұға сұрауға тиісті маңызды дұғалар

| Айтылатын орны | Дұға: Пайғамбарымыз(саллаллаху ъaлəйhи уа саллам) айтты: |
|---|---|
| **Ұйқыдан бұрын және одан кейін айтылатын дұға** | «***Бисмикал-лаһумма әмуту уә әх-иә***».[1] **Оянғанда:** «***Әл-хамду лилләһил-ләзи әх-иәна бәъда мә әмәтәна уә иләйһин-нушур***».[2] (**Әл-Бұхари және Муслим**) |
| **Ұйқысынан шошып оянғанда** | «***Әъузу бикәлимат-илләһит-тәммати мин ғадабиһи уә ъиқабиһи, уә мин шәрри ъибадиһи, уә мин һәмәзәтиш-шаятин, уә ән-йәхдурун***».[3] (**Әбу Дәуіт**) |
| **Ұйқыда түс көрсе** | «Кімде-кім түсінде өзі ұнатқан бір түс көрсе, ол түс—Аллаһтан, ол үшін Аллаһқа мақтаулар айтсын және басқаларға айтып берсін. Ал кім түсінде бұдан басқа, өзі жақтырмаған нәрсені көрсе, әлбетте ол шайтаннан, ол түстің жамандығынан Аллаһқа сыйынып, пана тілесін және оны ешкімге айтпасын, өйткені оның зияны жоқ» (**Муслим**). |
| **Үйден шығарда** | «***Аллаһумма инни әъузу бика ән әдылла әу удалла, әу әзилла әу узалла, әу азлима әу узлама, әу әжһала әу йужһала ъаләйя***».[4] (**Әбу Дәуіт және әт-Тирмизи**) |

[1] Мағынасы: «Ей, Аллаh! Көз жұмуымды да, тірілуімді де Сенің есіміңмен бастаймын».
[2] Мағынасы: «Бізді өлтіргенінен кейін қайта тірілткен Аллаһқа мадақ және біз Оған қайтамыз».
[3] Мағынасы: «Аллаһтың толық сөздерімен Оның ашуынан, азабынан, пенделерінің жаманшылығынан және шайтандардың азғыруынан, сондай-ақ олардың маңыма келуінен Оған (Аллаһқа) сыйынамын».
[4] Мағынасы: «Ей, Аллаh! Мен адасуымнан яки адастырылуымнан, қателік істеуімнен немесе қатеге ұшыратылуымнан, зұлымдық жасауымнан яки зұлымдыққа ұшырауымнан, надандық етуімнен не маған надандықтың жасалуынан Өзіңе сыйынып, пана сұраймын».

| | |
|---|---|
| | «***Бисмилләһ, тәуәккәлту ъаләллаһ, лә хаулә уә лә қууәта иллә билләһ***».[1] (Әбу Дәуіт және әт-Тирмизи) |
| **Мешітке кірерде** | Мешітке оң аяғымен кіріп: «***Бисмилләһ, уәс-сәләму ъалә расулилләһ, Аллаһуммағ-фир ли зунуби, уәфтах ли әбуаба рахматик***»,—деп айтады.[2] (Муслим) |
| **Мешіттен шыққанда** | Мешіттен сол аяғымен шығып: «***Бисмилләһ, уәс-сәләму ъалә расулилләһ, Аллаһуммағ-фир ли зунуби, уәфтах ли әбуаба фадлика***»,—дейді.[3] (Муслим) |
| **Жақында үйленген кісіге** | «***Бәракаллаһу ләка, уә бәрака ъалейк, уә жәмаъа бәйнәкума фи хайр***».[4] (Әбу Дәуіт және әт-Тирмизи) |
| **Әтештің шақырғанын немесе есектің ақырғанын естігенде** | ✸«Егер есектің ақырғанын естісеңдер, Аллаһтан оның жамандығынан сақтауын тілеп, пана сұраңдар. Өйткені ол шайтанды көрді. Ал әтештің шақырғанын естісеңдер, Аллаһтан Оның кеңшілігін тілеңдер. Өйткені ол періштені көрді» (Әл-Бұхари және Муслим);<br>✸ «Егер түнде иттің үргенін немесе есектің ақырғанын естісеңдер, Аллаһқа сыйынып, панасына алуын сұраңдар...» (Әбу Дәуіт және әт-Тирмизи). |
| **Өзіңді Аллаһ үшін жақсы көретінің білдірген адамға** | Әнәс (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте бір кісі Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) жанында тұрғанда, қастарынан бір адам өтеді. Сонда әлгі кісі: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен мынаны жақсы көремін»,—деді. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Сен оған білдірдің бе?»—деп сұрады. Ол: «Жоқ»,—деді. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Ендеше, оған білдір»,—деді. Ол жақсы көрген адамының соңынан еріп, жетіп алып: «Мен сені Аллаһ үшін жақсы көремін»,—деді. Сонда әлгі адам: «Сенің мені Ол үшін жақсы көргенің (Аллаһ) сені де жақсы көрсін (**«Әхаббәк-әлләзи әхбәбтани ләһ»**),—деді (Әбу Дәуіт). |
| **Мұсылман бауырың түшкірсе...** | «Сендерден біреу түшкірсе, «***Әлхамду лилләһ***» (Аллаһқа шүкір) деп айтсын, ал бауыры немесе серігі оған: «***Ярхамукаллаһ***» (Аллаһ саған рақым етсін) десін. Ол: «Ярхамукаллаһ» десе, оған: «***Яһдикумуллаһу уә юслиху бәләкум***» (Аллаһ сендерді тура жолға бастап, істеріңді оңдасын) десін (Әл-Бұхари). Түшкірген кісі кәпір (басқа діннің өкілі) болып, «Әлхамдулилләһ» деп, Аллаһты мадақтаса, оған тек қана: «***Яһдикумуллаһ***» (Аллаһ сендерді тура жолға салсын) деп айтылады да, Аллаһтың мейірімі тіленбейді (яғни «Ярхамукуллаһ» деп айтылмайды). |
| **Уайым-қайғы дұғасы** | ✸ «***Лә иләһа илләллаһул-Ъазимул-Халим. Лә иләһа илләллаһу Раббул-ъаршил-ъазим. Лә иләһа илләл-лаһу Раббус-сәмауати уә Раббул-арди уә Раббул-ъаршил-Карим***»[5] (Әл-Бұхари және Муслим);<br>✸ «***Аллаһу, Аллаһу Рабби, лә ушрику биһи шәй-ән***»[6] (Әбу Дәуіт);<br>✸ «***Йә Хаййу, йә Қаййум бирахматика әстағису***»[7] (Әт-Тирмизи); |

---

[1] Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһқа тәуекел еттім. Күш-қуат тек қана Аллаһқа тән».
[2] Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһ елшісіне Оның сәлемі болсын. Ей, Аллаһ! Менің күнәларымды жарылқап, маған Өзіңнің рақым есіктеріңді аша гөр».
[3] Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһ елшісіне Оның сәлемі болсын. Ей, Аллаһ! Менің күнәларымды жарылқап, маған Өзіңнің кеңшілік есіктеріңді аша гөр».
[4] Мағынасы: «Аллаһ саған береке берсін және берекетті молайтсын. Сондай-ақ араларыңды жақсылықта біріктірсін».
[5] Мағынасы: «Ұлы да, ерекше байсалды Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ. Ұлы Аршының Раббысы Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ. Көктер мен жердің Раббысы және ардақты Аршының Раббысы Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ»;
[6] Мағынасы: «Аллаһ, Аллаһ—Раббым, Оған ештеңені серік қоспаймын»;
[7] Мағынасы: «Ей, мәңгі Тірі! Ей, барлығын бағындырып тұрушы (Аллаһ)! Өз рақметің

| | |
|---|---|
| | ✸ «*Субханаллаһил-Ъазим*».[1] |
| **Жауларға қарсы дұға** | «*Аллаһумма мунзилəл-Китаб, уə Мужриəс-сахаб, Сариъал-хисаби иһзимил-əхзаб, Аллаһуммаһ-зимһум уə зəлзилһум*»[2] (Муслим). |
| **Түнде оянғанда оқылатын дұға** | «Кімде-кім түнде оянып, «*Лə иләһа иллəллаһу уахдаһу лə шəрика ләһу, ләһул-мулку уə ләһул-хамду уə һууə ъалə кулли шəй-ин қадир, əлхамду лилләһи уə субханаллаһи уə лə иләһа иллəллаһу уаллаһу əкбар, уə лə хаулə уə лə қууəта иллə билләһ*»[3] деп, одан соң: «*Аллаһуммағ-фир ли*» (Аллаһым, мені кешіре гөр) десе, немесе дұға қылса, дұғасы қабыл болады, ал егер дəрет алып намаз оқыса, намазы қабыл болады» (Əл-Бұхари). |
| **Істер қиындап кеткенде оқылатын дұға** | «*Аллаһумма лə сəһлə иллə мə жəъалтəһу сəһлəн, уə əнта тəжъалул-хазана изə ши'та сəһлəн*»[4] (Ибн Хиббан). |
| **Қарызды өтеу үшін оқылатын дұға** | «*Аллаһумма инни əъузу бикə минəл-һəмми уəл-хазани, уəл-ъажзи уəл-кəсəли, уəл-жубни уəл-бухли, уə далаъид-дəйни, уə ғалабатир-рижал*»[5] (Əл-Бұхари). |
| **Əжетхана дұғасы** | Əжетханаға кірерде «*Аллаһумма инни əъузу бикə минəл-хубси уəл-хабаис*» (Əл-Бұхари жəне Муслим); одан шыққанда «*Ғуфранака*» деп айту[6] (Əбу Дəуіт). |
| **Намаздағы шайтанның азғыруы** | «Ол Ханзаб есімді шайтан, егер оны сезінсең, Аллаһқа сыйынып, панасына алуын тіле («**Əъузу билләһи**» де) жəне сол жақ иығыңа үш рет түкір» (Муслим). |
| **Сəждеде айтылатын дұғалар** | ✸«*Аллаһуммағ-фир ли зəнби кулләһу диққаһу уə жилләһу, уə əууəләһу уə əхираһу, уə ъаланиятаһу уə сирраһу*»(Муслим); ✸ «*Субханака Рабби уə бихамдик-Аллаһуммағ-фир ли*» (Əл-Бұхари жəне Муслим); ✸ «*Аллаһумма инни əъузу биридака мин сахатика уə бимуъафатика мин ъуқубатик, уə əъузу бика минк, лə ухси-у сəна-əн ъалəйка əнта кəма əснəйта ъала нафсика*»[7] (Муслим). |
| **Тіләуат сəжде дұғасы** | «*Аллаһумма ләка сəжəдту уə бикə əманту уə ләка əсләмту. Сəжəда уəжһи ллəзи халақаһу, уə сауuараһу, уə шаққа самъаһу уə басараһу, тəбаракəллаһу əхсанул-халиқин*»[8] (Муслим). |

---

арқылы қолдауыңды сұраймын»;

[1] Мағынасы: «Ұлы Аллаһ кемшілік атаулыдан пəк».

[2] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Ей, Кітапты түсіруші, бұлттарды жүргізуші, есепті тездетуші (Аллаһ)! Бұл қарсы топтарды жеңіліске ұшырат. Ей, Аллаһ! Оларды жеңіліске ұшыратып, күл талқан ет».

[3] Мағынасы: «Аллаһтан басқа ешбір тəңір жоқ. Ол жалғыз, Оның еш серігі жоқ. Барша билік Оныкі жəне барлық мақтау-мадақ Оған тəн. Əрі Ол барлық нəрсеге күш-қуаты толық жетуші. Аллаһқа мадақ (шүкір), Аллаһ кемшілік атаулыдан пəк. Аллаһ ұлы. Аллаһтан басқа ешбір тəңір жоқ. Күш-қуат тек Аллаһқа ғана тəн».

[4] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Өзің жеңілдеткен істен жеңіл еш нəрсе жоқ жəне егер Сен қаласаң, ауыр істі де жеңілдетесің».

[5] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Расында, мен Саған уайым-қайғыдан, əлсіздік пен жалқаулықтан, қорқақтық пен сараңдықтан, қарызға батудан жəне адамдардың басымшылық жасауынан Өзіңе сыйынамын».

[6] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Шындығында, мен ер-əйел жын-шайтандардан Өзіңе сыйынамын»; жəне «Ей, Аллаһ! Жарылқауыңды сұраймын».

[7] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Менің үлкенді-кішілі, əуелгі-кейінгі, жария жəне жасырын жасалған күнəларымның барлығын кешіре гөр!»; «Раббым, Сен пəксің жəне мақтау-мадақ Саған тəн. Ей, Аллаһ! Мені кешіре гөр!»; «Ей, Аллаһ! Мен Сенің ашу-ызаңнан ризалығыңа, жазалауыңнан кешіріміңе сыйынамын. Мен Сенен Өзіңе сыйынамын. Мен Сені мақтау-мадақтауда өз деңгейіңе жеткізе алмаймын. Өйткені Сен Өзіңді мақтағандайсың».

[8] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Саған сəжде еттім. Саған иман келтірдім жəне бойсұндым. Жүзім өзін жаратқанға жəне оған кескін-келбет беріп, онда есту, көру мүшелерін орналастырғанға (яғни Аллаһқа) сəжде етті. Ұлы Аллаһ—жаратушылардың ең шебері».

| | |
|---|---|
| **Намаздың басында оқылатын «Истифтах» дұғасы** | «***Аллаһумма баъид бәйни уә бәйна хата-я кәма бәъадта бәйнал-машриқи уәл-мағриб. Аллаһумма наққини мин хатая-я кәма юнаққас-сәубул-әбяду минад-дәнәс. Аллаһуммағ-силни бил-мә-и уәс-сәлжи уәл-бәради***»[1] **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| **Намаздың соңында оқылатын дұға** | «***Аллаһумма инни заламту нәфси зулман кәсиран уә лә яғфируз-зунуба иллә әнта, фағ-фир ли мағфиратам-мин ъиндика уәр-хамни, иннәка әнтал-Ғафурур-Рахим***»[2] **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| **Намаздан кейін оқылатын дұға** | «***Аллаһумма әъинни ъалә зикрика уә шукрика уә хусни ъибадатик***»**(Әбу Дәуіт)**; «***Аллаһумма инни әъузу бика минәл-куфри уәл-фақри уә ъазабил-қабр***»[3] **(Ән-Нәсәи)** |
| **Жақсылық жасаған кісіге айтылатын тілек** | «Бір кісіге жақсылық жасалған болып, ол жақсылық жасағанға «***Жәзакаллаһу хайран***» (Аллаһ саған жақсылық берсін) деп айтса, алғысты толық түрде білдірген болады»**(Әт-Тирмизи)**. Ал жақсылық жасаған адам оған «***Уә жәзака***» немесе «***уә ийәка***» (саған да) деп жауап қайтарады. |
| **Жаңбыр жауғанда** | «**Аллаһумма сайибан нәфиъан**» деп екі не үш рет айтады **(Әл-Бұхари)**, «**Мутирна бифадлилләһи уә рахматиһ**» деп **(Әл-Бұхари және Муслим)**, қалаған тілектерін айтады. Жаңбыр жауып тұрған кезде айтылған дұға қабыл болады.[4] |
| **Жел тұрғанда ...** | «***Аллаһумма инни әс-әлука хайраһа уә хайра ма фиһа уә хайра ма урсиләт биһи, уә әъузу бикә мин шәрриһа уә шәрри ма фиһа уә шәрри мә урсиләт биһи***»[5] **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| **Жаңа айды көргенде** | «***Аллаһумма әһилләһу ъaләйна бил-йумни уәл-имани уәс-сәләмати уәл-исләми, һиләлу хайрин уә рушдин, Рабби уә Раббук (а)-Аллаһ***»[6] **(Әт-Тирмизи).** |
| **Жолаушыны шығарып салғанда ...** | «***Әстаудиъуллаһа динака уә әманатака уә хауатима ъамалика***». Жолаушы оған: «**Әстаудиъукум-уллаһал-ләзи лә тадиъу уәда-иъуһу**»,—дейді[7] **(Ахмад).** |
| **Ұнамды немесе жағымсыз нәрсені көргенде** | Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) өзіне ұнаған нәрсені көрсе: «***Әлхамду лилләһил-ләзи биниъматиһи татиммус-салихат***», ал жақтырмаған нәрсені көрсе, «***Әлхамду лилләһи ъалә кулли хал***» деп айтатын[8] **(Әл-Хаким).** |

---

[1] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Мені мен қателерімнің арасын шығыс пен батыстың арасын алыстатқаныңдай алыстата гөр. Ей, Аллаһ! Ақ киім кірден тазартылғаныңдай, мені де қателіктерімнен тазарта гөр. Ей, Аллаһ! Менің қателіктерімді су, қар және бұршақпен жуа гөр».

[2] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Расында, мен өзіме өте көп зұлымдық жасадым. Күнәларды кешіретін Өзіңнен басқа ешкім жоқ. Өз жарылқауыңмен мені кешір, мені рақымыңа бөле. Күдіксіз, Сен аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімдісің».

[3] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Өзіңді еске алуға, Өзіңе шүкірлік етуге және Өзіңе көркем түрде құлшылық жасауға маған жәрдем бер»; «Ей, Аллаһ! Күпірліктен, кедейшіліктен және қабір азабынан Өзіңе сыйынып, панаңа алуыңды тілеймін».

[4] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Бұл жаңбырды пайдалы ете гөр!»; «Аллаһтың кеңшілігі және рақымымен бізге жаңбыр жауды».

[5] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Мен Сенен бұл желдің қайыры мен ондағы жақсылықты және онымен жіберілгеннің жақсылығын сұраймын. Әрі оның жамандығы мен ондағы жамандықты және онымен жіберілген нәрсенің жамандығынан Өзіңе сыйынамын».

[6] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Бұл жаңа айды бізге есендік, иман-саулық және Ислам айы ете гөр! Өзің жақсы көретін және разы болатын істермен айналысатын сәтті ай ете гөр. (Ей, Ай!) Менің Раббым да, сенің Раббың да—Аллаһ».

[7] Мағынасы: «Дініңді, аманатыңды және амалыңның соңын Аллаһқа тапсырдым»; «Сендерді тапсырылғандары жоғалмайтын Аллаһқа тапсырамын».

[8] Мағынасы: «Оның нығметімен ізгі істер толықталатын Аллаһқа шүкір»; «Барлық жағдайда да Аллаһқа шүкір».

**Сапар дұғасы**

«***Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар. «Субханалләзи саххара ләна һәза уә мә кунна ләһу муқринин уә инна илә Раббина ләмунқалибун». Аллаһумма инна нәс-әлука фи сафарина һәзал-бирра уәт-тақуа, уә минал-ъамали ма тәрда. Аллаһумма һәууин ъаләйна сафарана һәза уат-уи ъанна буъдаһу. Аллаһумма әнтас-Сахибу фис-сафари уәл-халифату фил-әһл, Аллаһумма инни әъузу бика мин уәъсә-ис-сафари уә кә-әбатил-манзари уә су-ил-мунқалаби фил-мәли уәл-әһл***»; үйіне қайтып келгенде осы дұғаны оқып, мына сөздерді қосады: **«Әйбуна тә-ибун ъабидуна лираббина хамидун»**[1] **(Муслим).**

**Ұйықтар алдында оқылатын дұға**

«***Аллаһумма әсләмту нафси иләйка уә фәууадту әмрии иләйка, уә әлжә'ту заһри иләйка раһбәтан уә рағбәтан иләйка лә мәлжә-ә уә лә мәнжә минкә иллә иләйка. Әманту бикитабикал-ләзи әнзалта уә бинәбиййикәл-ләзи әрсалта***» **(Әл-Бұхари және Муслим)**;
«***Әлхамду лилләһил-ләзи әтъамана уә сақана уә кәфана уә әәуана, фәкам миммән лә кәфия ләһу уә лә му'уий***»**(Муслим)**;
«***Аллаһумма қини ъазабака йәума табъасу ъибадака***» **(Әбу Дәуіт)**;
«***Субханакаллаһумма Рабби, бика уәдаъту жанби уә бика әрфаъуһ, ин әмсакта нәфси фағфир ләһа уә ин әрсалтаһа фах-фазһа бима тахфазу биһи ъибадакас-салихин***» **(Әл-Бұхари және Муслим)**;[2] «екі қолына дем салып, «***Фәлақ-Нас***» сүрелерін оқып, онымен денесін сипап шығады» **(Әл-Бұхари)**. «Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) әр түні «Сәжде» және «Мүлік» сүрелерін оқымай ұйықтамайтын» **(Әт-Тирмизи және Ән-Нәсәи).**

**Намазға шыққанда оқылатын дұға**

«***Аллаһуммаж-ъал фи қалби нуран, уә фи лисани нуран, уә фи самъи нуран, уә фи басари нуран, уә мин фауқи нуран, уә мин тахти нуран, уә ъан йәмини нуран, уә ъан шимали нуран, уә мин әмами нуран, уә мин халфи нуран, уәж-ъал фи нафси нуран, уә әъзым ли нуран, уә ъаззым ли нуран, уәж-ъал ли нуран, уәжъални нуран, Аллаһум-маътыни нуран, уәж-ъал фи ъасаби нуран, уә фи ләхми нуран, уә фи дәми нуран, уә фи шаъри нуран, уә фи бәшари нура***»[3] **(Әл-Бұхари және Муслим).**

---

[1] Мағынасы: «Аллаһ ұлы! Аллаһ ұлы! Аллаһ ұлы! «Бізге мұны бағындырып берген Аллаһ кемшілік атаулыдан пәк. Әйтпегенде, біз оның маңына жақындай алмас едік. Күдіксіз, біз Раббымыз (Аллаһ) жаққа қайтамыз» (Зұхруф, 13). Ей, Аллаһ! Біз Сенен бұл сапарымызда ізгілікті, тақуалықты және Өзің разы болатын амалдарды жасауымызды сұраймыз. Ей, Аллаһ! Бұл сапарымызды бізге жеңіл ет және оның алыстығын бізге жақын ет. Ей, Аллаһ! Сапардағы жолдасым Өзіңсің әрі жанұяммен қалған да Өзіңсің. Ей, Аллаһ! Мен сапардың ауыртпашылықтары мен мұңлы көріністерінен және мал-мүлкім мен отбасыма қаралы қайтудан Өзіңе сыйынамын»; «Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап және Оған мақтау-мадақ айта қайтып келеміз».

[2] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Өзімді Саған бойсұндырдым, ісімді Өзіңе тапсырдым, сауабыңды үміт етіп, азабыңнан қорқа жүзімді Өзіңе бұрдым, Саған арқа сүйедім. Сенен қашып, өзгеден қорған табу мүмкін емес. Тек қана Саған қашып, Өзіңнен ғана пана сұраймыз. Түсірген кітабыңа және жіберген пайғамбарыңа иман келтірдім»; «Бізді қоректендірген, сусындатқан, бізге кепіл болған және баспана берген Аллаһқа мадақ. Себебі кепіл етушісі және баспана берушісі жоқтар қаншама!»; «Ей, Аллаһ! Мені құлдарыңды қайта тірілтетін күніңнің азабынан сақтай гөр!»; «Ей, барлық кемшілік атаулыдан пәк Аллаһ! Ей, Раббым! Сенің есіміңмен оң бүйіріммен жаттым әрі Сенің есіміңмен тұрамын. Егер менің жанымды алатын болсаң, оған жарылқау ете гөр! Егер оны кері қайтаратын болсаң, оны ізгі құлдарыңды жамандықтан сақтағаныңдай сақтай гөр!»

[3] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Жүрегімді нұрландыр, тілімді нұрландыр, құлағымды нұрландыр және жанарымды нұрландыр. Маған үстімнен нұр бер, астымнан нұр бер, оң жағымнан нұр

| Истихара дұғасы |
| --- |
| «Сендерден біреу бір істі ойлап, уайымдап бастамақ болса, парыздан басқа екі ракағат намаз оқысын, содан соң былай десін: «*Аллаһумма инни әстахирука биъилмика уә әстақдирука биқудратик, уә әс-әлука мин фадлика, фә-иннака тақдиру уә лә ақдир, уә тәъләму уә лә әъләм, уә әнта Ъалламул-ғуюб. Аллаһумма фәин кунта тәъләму һәзал-әмра (ісін айтады) хайран ли фи дини уә маъаши уә ъақибати амри (немесе «фи ъажили әмри уә әжилиһи» дейді), фақдурһу ли уә яссирһу ли сумма бәрик ли фиһи, уә ин кунта тәъләму әнна һәзал-әмра шаррун ли фи дини уә маъаши уә ъақибати амри (немесе «фи ъажили әмри уә әжилиһи» дейді) фасрифһу ъанни уәсрифни ъанһу, уәқдур лил-хайра хайсу кәна сумма раддини биһ*»[1] (Әл-Бұхари). |
| Жаназа дұғасы |
| «*Аллаһуммағ-фир ләһу уәрхамһу, уә ъафиһи уәъфу ъанһу, уә әкрим нузуләһу уә уәссиъ мудхаләһу, уәғсилһу билма-и уәс-сәлжи уәл-барад, уә наққиһи минал-хата-я кәма наққайтәс-сәубәл-әбйәда минәд-дәнас, уә әбдилһу дәран хайран мин дәриһи, уә әһлән хайран мин әһлиһи, уә зәужән хайран мин зәужиһи, уә әдхилһул-жәнната, уә әъизһу мин ъазабил-қабри уә мин ъазабин-нар*»[2] (Муслим). |
| Уайым-қайғыны кетіру дұғасы |
| «Кімде-кім уайым-қайғыға ұшырағанда, «*Аллаһумма инни ъабдука уәбну ъабдика уәб-ну әмәтика нәсыяти биядик, мадын фийя хукмука, ъадлун фийя қада-ука, әс-әлука бикуллис-мин һуә ләка, сәммәйта биһи нәфсака әу ъалләмта әхадан мин халқика, әу әнзалтаһу фи китабика әуис-тә'сәрта биһи фи ъилмил-ғайби ъиндака, ән тәжъалал-Құр'ана рабиъа қалби уә нура садри уә жилә-ә хузни уә зәһәба һәмми*» десе, Аллаһ оның уайым-қайғысын кетіріп, орнына қуаныш нәсіп етеді)»[3] (Ахмад). |

---

бер, сол жағымнан нұр бер, алдымды нұрландыр, артымды нұрландыр және ішкі дүниемді нұрландыр. Мен үшін нұрды үлкен ет, мен үшін бір нұр келтіре гөр және мені нұр ет! Ей, Аллаһ! Маған нұр бере гөр, менің сіңіріме, етіме, қаныма, шашыма және теріме нұр бере гөр!»

[1] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Маған ілімімңмен ізгілік бер, құдіретіңмен мені қуатта және маған Өз кеңшілігіңнен нәсіп ете гөр! Өйткені Сенің күш-құдіретің барлығына жетеді, ал менің күшім түкке де жетпейді. Сен барлығын білесің, ал мен ештеңені білмеймін, сондай-ақ Сен көместерді де толық көріп-білушісің. Ей, Аллаһ! Сен барлығын білесің, егер бұл іс (ісін айтады) дінімде, тіршілігімде, ісімнің соңында (немесе былайша айтады: қазіргі өмірімде яки келешекте) мен үшін қайырлы болса, оны маған нәсіп ет! Әрі оны маған оңайластырып, кейін оны маған берекелі ет! Сондай-ақ Сен барлығын білушісің, егер де бұл істің дінімде, тіршілігімде, ісімнің соңында (немесе былайша айтады: қазіргі өмірімде яки келешекте) мен үшін жаман болса, оны менен алыстат және мені одан аулақ ет! Маған жақсылықты қай жерде болса да, нәсіп ет әрі мені онымен (сол жақсылықпен) разы ете гөр!»

[2] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Оны кешір және оған рақым ете гөр! Оны қабір азабынан сақтап, жарылқай гөр. Оның барар орнын несібелі ет, оның кірер жерін кең ет! Оны су, қар және бұршақпен жу. Ақ киімнің кірден тазартылғанындай, оны да қателерінен тазарта гөр! Оған өз үйінен жақсы үй, өз отбасынан жақсы отбасы, өз әйелінен жақсы әйел беріп (немесе өз күйеуінен жақсы күйеу беріп), оны жәннатқа кіргіз! Әрі оны қабір азабы мен тозақ азабынан сақтағын».

[3] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Расында, мен Сенің құлыңмын, Сенің құлың мен күңіңнің баласымын. Менің тағдырым Сенің қолыңда және Сенің үкімің маған міндет. Сенің маған белгілеген үкімің әділ. Өзіңді онымен атаған не оны жаратқандарыңның біріне Өзің үйреткен, немесе оны Кітабыңда түсірген яки Өзіңнен басқаға құпия еткен барлық есімдеріңмен Өзіңнен сұраймын. Маған Құранды жүрегімнің көктемі, кеудемнің нұры және қайғы-мұңымды кетіруші ете гөр».

# Тиімді сауда

Аллаһ тағала адам баласын өзге жаратылғандардан абзал етті. Оны сөйлеу қабілетімен ерекшеледі әрі сөйлеу мүшесі етіп оған тіл берді. Тіл болса, жақсылық пен жамандықта қолданылатын үлкен нығмет. Кімде-кім оны жақсылыққа қолданса, дүние бақытына әрі жәннаттағы биік орындарға жетеді. Ал кім оны бұдан басқаға қолданса, екі дүние бәлесіне жолығады. Уақыт өткізудің ең абзал жолы Құран оқудан кейін Аллаһты еске алу.

**Аллаһты еске алудың артықшылығы:** Бұған қатысты көптеген хадистер келген. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Сендерге амалдарыңның ең қайырлысы, Қожайындарыңның (Аллаһтың) алдында ең тазасы, дәреже тұрғысынан ең жоғарғысы, сендер үшін алтын-күміс жұмсаудан жақсырақ әрі сендерге дұшпандарыңмен (ұрыс алаңында) кездесіп, сендер олардың олар сендердің желкелеріңді үзуден де (яғни күрестен де) жақсы амалды айтып берейін бе?***»—деді. (Адамдар): «Әрине, айтып беріңіз»,—дегенде, ол: «***Аллаһты еске алу***»,—деген **(әт-Тирмизи)**; Аллаһ елшісі ( саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Раббысын еске алатын (адам) мен еске алмайтынның мысалы—тірі мен өлінің мысалындай***»,—деген **(әл-Бұхари, Муслим)**; және құдси хадисте: «***Мен құлымның Мен туралы ойлағанындай боламын және ол Мені есіне алса, онымен бірге боламын. Ол Мені ішінен еске алса, Мен де оны ішімнен еске аламын, егер бір қауымның арасында болып еске алса, Мен оны олардан да жақсы бір қауымның арасында еске аламын. Егер ол Маған бір қарыс жақындаса, Мен оған бір шынтақ (білек) жақындаймын***» делінген **(әл-Бұхари)**. Сондай-ақ Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Муфарридтер (ерекше адамдар) озып кетті***»,—деді. (Адамдар): «Уа, Аллаһтың елшісі! Муфарридтер кімдер?»—деп сұрағанда, Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «***Аллаһты естеріне көп алушы ерлер мен әйелдер***»,—деген **(Муслим)**. Хадистердің бірінде Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабаларының біріне: «***Тілің әрдайым Аллаһты еске алумен (зікір етумен) шұғылдансын***» **(әт-Тирмизи)**,—деп өсиет еткен. Бұл тақырыпқа қатысты басқа да көптеген хадистер бар.

**Сауаптардың еселенуі:** Құран оқудың сауабы еселенгеніндей, ізгі амалдардың да сауабы еселенеді. Мұның екі себебі бар: **1)** Жүректегі иман, ықылас және Аллаһқа деген махаббат әрі одан туындайтын нәрселерге байланысты; **2)** Аллаһты еске алу тілде ғана қалмай, жүректің Аллаһты еске алуға ой жүгіртуі әрі онымен шұғылдануына қарай. Осы екі нәрсе толық орындалған жағдайда Аллаһ тағала бүкіл күнәларды жойып, сауаптарды толық күйінде береді. Ал орындалуы кем болған сайын сауап та кемиді.

**Аллаһты еске алудың (зікірдің) пайдасы:** Шейхул-Ислам Ибн Тәймия: «Жүректің зікірге деген қажеттілігі балықтың суға зәру болғанындай. Балық судан ажырап қалса, жағдайы не болмақ?!»—деген.

✸ Зікір Аллаһтың пендесіне деген махаббатын, Оған жақын болуды, Оның разылығын, Оның бақылап тұруын, Одан сескенуді, Оған тәубемен қайтуды пайда болдырып, Оған бойсұнуға септігін тигізеді. ✸ Зікір жүректен уайым-қайғыны кетіріп, оған қуаныш әкеледі әрі жүрекке өмір, қуат әрі тазалықты

сыйлайды. ✸ Жүректе кемшілік және мұқтаждық бар. Оны тек қана Аллаһтың зікірі кетіреді. Сонымен бірге жүректегі қаттылық тек Аллаһты еске алу арқылы ғана еріп, жұмсарады. ✸ Жүректің шипасы мен дауасына әрі қуаты мен ләззатына ешбір ләззат тең келмейді. Ал ондағы бейғамдық жүректің науқас екенін көрсетеді. ✸Зікірдің аздығы—екіжүзділіктің (нифақтың) белгісі болса, керісінше, оның көптігі иманның күштілігін және Аллаһқа деген махаббаттың шынайылығын білдіреді. Өйткені кімде-кім біреуді жақсы көрсе оны жиі есіне алып тұрады. ✸ Пенде Аллаһ тағаланы кеңшілік кезінде есіне алып тұрса, Аллаһ оны қиналған кезінде, әсіресе, өлер кезінде және өлім сандырағы басталған кезде есіне алып жарылқайды. ✸Зікір адамның Аллаһтың азабынан құтылуына, оған тыныштықтың (сәкина) орнауына, Аллаһ мейірімінің қоршауына кіруіне және періштелердің истиғфарына ұласуына (яғни періштелер ол үшін жарылқау тілеуіне) себеп болады. ✸ Аллаһты еске алумен шұғылданған адамның бос сөзге, ғайбатқа, өсекке, өтірікке және одан басқа да харам яки мәкруһ істерге уақыты болмайды. ✸ Зікір құлшылықтың ең жеңілі болғанымен, ең салмақтысы әрі ең абзалы. Және оның жемісін адам жәннатта көреді. ✸ Аллаһты жадында сақтаушы салауатты да шырайлы көрініп, жүзі жарқырап тұрады. Әрі ол жарық—бұл дүниедегі, қабірдегі және ақыреттегі нұры. ✸Зікір етушіге Аллаһтың игілігі, періштелердің салауаты—истиғфар айтып, күнәлары үшін кешірім тілеуі уәжіп болады. Аллаһ Өзін еске алушылармен періштелердің алдында мақтанады. ✸ Амал жасаушылардың ең абзалы сол амал барысында Аллаһты көбірек еске алғандар. Мысалы, ораза ұстағандардың ең абзалы ораза кезінде Аллаһты көп еске алғандар болып есептеледі. ✸ Зікір қиынды оңайлатып, ауырды жеңілдетеді және машақатты азайтады, ризықты арттырып, денеге күш-қуат береді. ✸Зікір шайтанды алыстатады. Оны әлсіретіп, қорлыққа ұшыратады.

# Күнделікті таңертең және кешке оқылатын дұғалар (зікірлер)

| | Күнделікті зікір. | Қашан және қанша рет айту керек. | Әсері және артықшылығы |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Аятүл-Күрсі»**[1] **(Әл-Бұхари)** | Таңертең, кешкісін, ұйықтар алдында және парыз намаздарынан кейін | Шайтан жақындамайды және жәннатқа кіруіне себеп болады. |
| 2 | **«Бақара» сүресінің соңғы екі аяты**[2] **(Әл-Бұхари және Муслим)** | Түнде бір рет және үйде болғанда кез келген уақытта | Әрбір нәрсенің жамандығынан қорғайды. |
| 3 | **«Ыхлас», «Фәлақ» және «Нас» сүрелері (Әбу Дәуіт және Әт-Тирмизи)** | Таңертең 3 рет, кешкісін 3 рет | Барлық нәрседен сақтайды. |
| 4 | **«*Бисмилләһил-ләзи лә йәдурру маъас-миһи шәй-ун фил-арди уә лә фис-сәма-и уә һууәс-Самиъул-Ъалим*»**[3] **(Әбу Дәуіт)** | Таңертең 3 рет, кешкісін 3 рет | Кенеттен пәлекет келмейді және еш нәрсе зиян тигізбейді. |
| 5 | **«*Әъузу бикәлиматил-ләһит-тәммати мин шәрри мә халақ*»**[4] **(Ахмад және Ән-Нәсәи)** | Таңертең 3 рет, кешкісін 3 рет және бір жерге түскен кезде | Түскен жерді кез келген жамандықтан сақтайды. |
| 6 | **«*Хасбияллаһу лә иләһа иллә һууә ъаләйһи тәуәккәлту уә һууә Раббул-ъаршил-ъазим*»**[5] **(Әбу Дәуіт)** | Таңертең 7 рет, кешкісін 7 рет | Аллаһ оны дүние-ақырет уайымынан қорғайды. |

---

1 ﴿ٱللَّهُ لَآ إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ ٱلۡحَيُّ ٱلۡقَيُّومُۚ لَا تَأۡخُذُهُۥ سِنَةٞ وَلَا نَوۡمٞۚ لَّهُۥ مَا فِي ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَمَا فِي ٱلۡأَرۡضِۗ مَن ذَا ٱلَّذِي يَشۡفَعُ عِندَهُۥٓ إِلَّا بِإِذۡنِهِۦۚ يَعۡلَمُ مَا بَيۡنَ أَيۡدِيهِمۡ وَمَا خَلۡفَهُمۡۖ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيۡءٖ مِّنۡ عِلۡمِهِۦٓ إِلَّا بِمَا شَآءَۚ وَسِعَ كُرۡسِيُّهُ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلۡأَرۡضَۖ وَلَا يَـُٔودُهُۥ حِفۡظُهُمَاۚ وَهُوَ ٱلۡعَلِيُّ ٱلۡعَظِيمُ﴾

Мағынасы: «Аллаһ—Тірі де, Мәңгі тұрушы, Одан басқа құдай жоқ! Ол ұйықтамайды да, қалғымайды. Көктер мен жердегі нәрселер Оның иелігінде. Оның алдында Оның рұқсатынсыз шапағат қылатын кім бар? Ол олардың алдындағыны және олардың артындағыны біледі. Ал олар Оның білімінен Ол қалағанынан басқа еш нәрсені білмейді. Оның күрсиі көктер мен жерді қамтиды. Ол екеуін сақтап тұру Оған қиын емес әрі Ол Биік (Жоғары), Ұлы». *«Бақара» сүресі, 255-аят (Аятүл-Күрсі).*

2 ﴿ءَامَنَ ٱلرَّسُولُ بِمَآ أُنزِلَ إِلَيۡهِ مِن رَّبِّهِۦ وَٱلۡمُؤۡمِنُونَۚ كُلٌّ ءَامَنَ بِٱللَّهِ وَمَلَٰٓئِكَتِهِۦ وَكُتُبِهِۦ وَرُسُلِهِۦ لَا نُفَرِّقُ بَيۡنَ أَحَدٖ مِّن رُّسُلِهِۦۚ وَقَالُواْ سَمِعۡنَا وَأَطَعۡنَاۖ غُفۡرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيۡكَ ٱلۡمَصِيرُ ٢٨٥ لَا يُكَلِّفُ ٱللَّهُ نَفۡسًا إِلَّا وُسۡعَهَاۚ لَهَا مَا كَسَبَتۡ وَعَلَيۡهَا مَا ٱكۡتَسَبَتۡۗ رَبَّنَا لَا تُؤَاخِذۡنَآ إِن نَّسِينَآ أَوۡ أَخۡطَأۡنَاۚ رَبَّنَا وَلَا تَحۡمِلۡ عَلَيۡنَآ إِصۡرٗا كَمَا حَمَلۡتَهُۥ عَلَى ٱلَّذِينَ مِن قَبۡلِنَاۚ رَبَّنَا وَلَا تُحَمِّلۡنَا مَا لَا طَاقَةَ لَنَا بِهِۦۖ وَٱعۡفُ عَنَّا وَٱغۡفِرۡ لَنَا وَٱرۡحَمۡنَآۚ أَنتَ مَوۡلَىٰنَا فَٱنصُرۡنَا عَلَى ٱلۡقَوۡمِ ٱلۡكَٰفِرِينَ﴾

Мағынасы: «Елші өзіне Раббысынан түсірілгенге иман келтірді және мүміндер де (иман келтірді). Барлығы Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға және елшілерге иман келтірді. Біз елшілердің арасын алаламаймыз. Әрі олар: «Естідік те бойсұндық, Раббымыз, Сенің кешіріміңді тілейміз! Қайтар жер—Сенің алдың. Аллаһ ешбір жанға шамасынан тыс нәрсені жүктемейді. Әркімнің істеген (жақсылығы) өз пайдасына және істеген (жамандығы) өз зиянына. Раббымыз! Ұмытсақ не қателессек жазаламағайсың. Раббымыз! Бізге өзімізден бұрыңғыларға жүктегеніңдей ауыр жүк жүктемегейсің. Раббымыз! Бізге шамамыз келмейтін нәрселерді көтерткізбегейсің. Бізді жарылқа, (күнәларымызды) кешір, бізді рақымшылығыңа бөле, Сен біздің Иемізсің! Бізді кәпір қауым үстінен жеңіске жеткізгейсің!». *«Бақара» сүресінің соңғы екі аяты.*

3 Мағынасы: «Оның есімімен болғанымызда жер мен көкте еш нәрсе бізге зиян бере алмайтын Аллаһтың атымен бастаймын әрі Ол барлығын Естуші, толық Білуші».

4 Мағынасы: «Аллаһтың кемел сөздерімен жаратқандарының жамандығынан Өзіне сыйынамын».

5 Мағынасы: «Маған Аллаһ жеткілікті. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Оған тәуекел еттім әрі Ол ұлы Аршының Раббысы».

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | «*Радыйту билләһи Раббан, уә бил-Ислами динан уә би-Мухаммадин саллаллаһу ъаләйһи уә сәллама нәбийян*»[1] (Әбу Дәуіт және Әт-Тирмизи) | Таңертең 3 рет, кешкісін 3 рет | Аллаһ оны міндетті түрде разы қылады. |
| 8 | «*Аллаһумма бика әсбахна уә бика әмсәйна уә бикә нахья уә бика намуту уә иләйкән-нушур*» Кешке: «*Аллаһумма бика әмсәйна уә бика әсбахна уә бикә нахья уә бика намуту уә иләйкәл-масыйр*»[2] (Әт-Тирмизи) | Таңертең және кешке бір рет | Осы зикрді айтуға үндеген хадистер бар. |
| 9 | «*Асбахна ъалә фитратил-Ислам, уә ъалә кәлиматил-ихлас, уә дини набийина Мухаммадин саллаллаһу ъаләйһи уә сәллама, уә милләти әбина Ибраһима (ъаләйһис-сәлам) ханифан муслиман уә ма кәна минәл-мушрикин*»[3] (Ахмад) | Таңертең айтылады | Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) осы дұғаны айтатын. |
| 10 | «*Аллаһумма ма асбаха би мин ниъматин әу би-әхадин мин халқика фәминка уәхдака лә шәрика ләка, фә ләкәл-хамду уә ләкәш-шукр». Кешке: «Аллаһумма мә әмса би мин ниъматин әу ...*»[4] (Әбу Дәуіт) | Таңертең және кешке | Сол күні мен түнінің шүкірін өтеген болады. |
| 11 | «*Аллаһумма инни әсбахту ушһидука уә ушһиду хамаләта ъаршика уә мәлә-икәтика уә әнбия-әка уә жамиъа халқика биәннака әнтал-лаһу лә иләһа иллә әнта, уә әнна Мухаммадан ъабдука уә расулук*». ***Кешке:*** «*Аллаһумма инни әмсайту ...*»[5] (Әбу Дәуіт) | Таңертең 4 рет, кешкісін 4 рет | Осы дұғаны төрт рет айтқан кісіні Аллаһ тозақ отынан азат етеді. |
| 12 | «*Аллаһумма фатирас-самауати уәл-арди ъалимал-ғайби уәш-шәһәда, Рабба кулли шәй-ин уә маликаһу әшһаду әл-лә иләһа иллә әнта, әъузу бика мин шәрри нәфси уә шәрриш-шайтани уә ширкиһи уә ән әқтарифа ъалә нафси су-ән әу әжурраһу илә муслим*»[6] (Әбу Дәуіт) | Таңертең, кешкісін және ұйықтар алдында | Шайтанның азғыруынан қорғайды. |

---

[1] Мағынасы: «Аллаһты Раббым ретінде, Исламды дінім ретінде және Мұхаммедті (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарым ретінде қабылдап, разы болдым».

[2] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Сенімен таң атырдық, Сенімен кеш батырдық, Сенімен өмір сүреміз және Сенімен көз жұмамыз әрі қайта тіріліп барар жер Сенің алдың» және кешкісі: «Ей, Аллаһ! Сенімен кеш батырдық, Сенімен таң атырдық, Сенімен өмір сүреміз және Сенімен көз жұмамыз әрі қайта тіріліп барар жер Сенің алдың».

[3] Мағынасы: «Біз мұсылман қалпымызда, ықылас сөзінде және пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) дінінде, сондай-ақ атамыз Ибраһимнің ұрпағы санатында таң атырдық. Ибраһим (аләйһис-сәләм) ханиф (тура жолдағы) мұсылман болған әрі мүшріктерден емес еді».

[4] Мағынасы: «Ей Аллаһ! Осы таңда маған немесе жаратқандарыңның біріне келген нығмет тек бір Сенен ғана. Сенің серігің жоқ. Ендеше, барлық мақтау-мадақ пен шүкір-алғыс Саған лайықты», және кешке: «Ей Аллаһ! Осы кеште маған немесе жаратқандарыңның біріне келген нығмет тек бір Сенен ғана. Сенің серігің жоқ. Ендеше, барлық мақтау-мадақ пен шүкір-алғыс Саған лайықты».

[5] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Расында, Сенің Аллаһ екендігіңе, Сенен басқа ешбір тәңірдің жоқтығына және Мұхаммед Сенің құлың әрі елшің екендігіне Өзіңді куә етемін және Аршыңды көтеріп тұрушыларды, періштелеріңді, пайғамбарларыңды және бүкіл жаратылыстарыңды куә етіп таң атырдым». Кешке: «Ей, Аллаһ! Расында, Сенің Аллаһ екендігіңе, ... кеш батырдым».

[6] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Ей, аспандар мен жердің Жаратушысы, көмес пен көрнеуді Білуші! Ей, барлық нәрсенің Раббысы әрі Патшасы! Сенен басқа ешбір құдай жоқ екеніне куәлік беремін. Мен нәпсімнің кесірінен және шайтанның жамандығы мен тұзағынан Өзіңе сыйынамын. Әрі өзіме яки өзге бір мұсылманға жамандық жасап қоюдан бір Өзіңе сыйынамын».

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | «*Аллаһумма инни әъузу бика минәл-һәмми уәл-хазани, уә әъузу бикә минәл-ъажзи уәл-кәсали, уә әъузу бикә минәл-жубни уәл-бухли, уә әъузу бика мин ғалабатид-дәйни уә қаһрир-рижали*»[1] (Әл-Бұхари) | Таңертең және кешкісін бір рет | Уайым-қайғысы кетіп, қарызы өтеледі. |
| 14 | «*Аллаһумма әнта Рабби лә иләһа иллә әнта халақтани уә әна ъабдука уә әна ъалә ъаһдика уә уәъдика мас-тәтаъту. Әъузу бикә мин шәрри ма санаъту, әбу-у ләка биниъматикә ъаләйя уә әбу-у ләка бизамби, фағ-фир ли фә-иннәһу лә йәғфируз-зунуба иллә әнта*»[2] (Әл-Бұхари) | Бұл дұғаны «Сәйид әл-истиғфар» деп атайды. Таңертең және кешке айтылады | Кімде-кім оны айқын сеніммен айтып, сол күні қайтыс болса немесе түнде айтып, сол түні қайтыс болса жәннаттықтардан болады. |
| 15 | «*Йә Хаййу йә Қаййуму бирахматика әстағису әслих ли шә'ни кулләһу уә лә тәкилни илә нәфси тарфата ъайн*»[3] (Ән-Нәсәи) | Таңертең және кешкісін | Пайғамбарымыз (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бұл дұғаны айтуды қызы Фатимаға (Аллаһ оған разы болсын) өсиет еткен. |
| 16 | «*Аллаһумма ъафини фи бәдәни, Аллаһумма ъафини фи самъи, Аллаһумма ъафини фи басари. Аллаһумма инни әъузу бикә минәл-куфри уәл-фақр, Аллаһумма инни әъузу бикә мин ъазабил-қабри лә иләһа иллә әнта*»[4] (Әбу Дәуіт) | Таңертең және кешкісін 3 реттен оқылады | Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) осылай айтқаны туралы деректер бар. |
| 17 | «*Аллаһумма инни әс-әлукәл-ъафията фид-дуния уәль-ахира, Аллаһумма инни әс-әлукәл-ъафуа уә-ъафията фи дини уә дуниә-йә, уә әһли уә мәли. Аллаһуммас-тур ъаурати уә әмин рауъати. Аллаһум-мах-фазни мин бәйна йәдаййә уә мин халфи, уә ъан йәмини уә ъан шимали, уә мин фауқи уә әъузу биъазаматика ән уғтәла мин тахти*»[5] (Әбу Дәуіт) | Таңертең және кешкісін | Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бұл сөздерді таңертең және кешкісін қалдырмай айтатын. |
| 18 | «*Субханаллаһи уә бихамдиһи ъадада халқиһи, уә рида нәфсиһи, уә зината ъаршиһи, уә мидада кәлиматиһ*»[6] | Таңертең 3 рет | Бұл сөздер таң атқаннан түске дейін зікір етіп отырғаннан қайырлы. |

---

[1] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Шындығында, мен уайым-қайғыдан, әлсіздік пен жалқаулықтан, қорқақтық пен сараңдықтан, қарызға батудан және адамдардың басымшылық жасауынан Өзіңе сыйынамын».

[2] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Сен менің Раббымсың, Сенен басқа ешбір құдай жоқ. Сен мені жараттың, мен Сенің құлыңмын. Мен шамамның келгенінше Саған деген уәдем мен сертімді орындаймын. Жасаған істерімнің жамандығынан Өзіңе сыйынамын. Маған берген нығметтеріңді мойындаймын. Күнәларымды да мойындаймын. Мені кешіре гөр! Расында, Сенен басқа күнәларды жарылқаушы ешкім жоқ».

[3] Мағынасы: «Ей, мәңгі Тірі! Ей, мәңгі тұрушы да, өзгелерді тұрғызушы! Өз мейіріміңмен жәрдеміңді сұраймын. Менің барлық істерімді оңдағын және мені өз-өзіме қас қағым сәтке болса да қалдырып қойма».

[4] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Тәніме саулық бер! Ей, Аллаһ! Құлағыма саулық бер! Ей, Аллаһ! Жанарыма саулық бер! Сенен басқа ешбір құдай жоқ. Ей, Аллаһ! Мен күпірлік пен жоқшылықтан Өзіңе сыйынамын. Ей, Аллаһ мен қабір азабынан Өзіңе сыйынамын. Сенен басқа ешбір құдай жоқ».

[5] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Мен Сенен дүниеде, ахиретте, дінімде, тіршілігімде, отбасым мен мал-мүлкімде жарылқау мен есендікті сұраймын. Ей, Аллаһ! Менің ұятты жерлерімді Өзің бекіт, мені қорқыныштан Өзің аман ет. Ей, Аллаһ! Мені алдымнан және артымнан, оң жағымнан және сол жағымнан, сондай-ақ төбемнен де Өзің сақта! Аяғымның астынан қиянатқа ұшырап, өліп кетуден Өз ұлылығыңа сыйынамын».

[6] Мағынасы: «Аллаһқа жаратқандарының санындай, разылығының мөлшеріндей, аршының салмағындай және сөздерінің көлеміндей дәріптеу мен мақтау-мадақ болсын».

# Үлкен сауап уәде етілген сөздер мен істер

| № | Сауапты сөз немесе амал. | Сүннетте келген сауабы. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) айтты: |
|---|---|---|
| 1 | ***«Лә иләһа иллаллаһу уахдаһу лә шәрика ләһу, ләһул-мулку уә ләһул хамду уә һуә ъалә кулли шәй-ин қадир» (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз. Оның серігі жоқ. Билік Оған тән әрі барлық мақтау Оған лайық, және Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді).*** | «Кімде-кім күніне 100 рет «***Лә иләһа иллаллаһу уахдаһу лә шәрика ләһу, ләһул-мулку уә ләһул хамду уә һуә ъалә кулли шәй-ин қадир***» (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз. Оның серігі жоқ. Билік Оған тән әрі барлық мақтау Оған лайық, және Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді) деп айтса, он құлды азат еткендей болады және оған жүз сауап жазылып, жүз күнәсі өшіріледі әрі оған сол күні кешке дейін шайтаннан қорған болады. Егер біреу осыдан асырып жасамаса, ешкім ол істеген амалдан жақсырақ амал істеген болмайды» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 2 | ***«Субханаллаһил-ъазим уә бихамдиһи» (Ұлы Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк әрі мақтау-мадақ Оған тән).*** | «Кімде-кім «***Субханаллаһил-ъазим уә бихамдиһи***» деп айтса, ол үшін жәннатта бір құрма ағашы отырғызылады» **(Әт-Тирмизи және Әл-Хаким).** |
| 3 | ***«Субханаллаһи уә бихамдиһи, субханаллаһил-ъазим» (Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк әрі мақтау-мадақ Оған тән және Ұлы Аллаһ (кемшілік атаулыдан) Пәк).*** | ✸ «Кімде-кім жүз рет «***Субханаллаһи уә бихамдиһи***» деп айтса, күнәсі теңіз көбігіндей (көп) болса да, кешіріледі. Қиямет күні ешкім де одан абзал амал келтірген болмайды, тек біреу ол сияқтыны айтса немесе одан да көбірек айтқан болмаса» **(Әл-Бұхари және Муслим).**<br>✸ «Тілге жеңіл, таразыда ауыр, әр-Рахманға (аса Мейірімдіге) ұнамды екі сөз бар: «***Субханаллаһи уә бихамдиһи, субханаллаһил-ъазим***» (сөзі)» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 4 | ***«Лә хаулә уә лә қууәта иллә билләһ» (Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ!)*** | «Саған жәннаттың қазыналарының бір қазынасы туралы айтып берейін бе?» Мен: «Иә»,—дедім. Ол: «***Лә хаулә уә лә қууәта иллә билләһ***»,—деді **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 5 | **Жәннатты сұрау және тозақтан пана сұрау.** | «Кімде-кім Аллаһтан үш рет жәннатты сұраса, жәннат оған: «Ей, Аллаһ! Оны жәннатқа кіргіз» деп айтады. Ал кім Аллаһтан үш рет тозақтан сақтауын тілесе, тозақ: «Ей, Аллаһ! Оны тозақтан сақта» деп айтады екен» **(Әт-Тирмизи).** |
| 6 | **Мәжіліс кәффараты (өтемі).** | «Кімде-кім бір мәжілісте отырып, бос сөздерін көбейтіп алса, сөйтіп мәжілістен тұрарда: «***Субхана-каллаһумма уә бихамдика әшһаду әл-лә иләһа иллә әнта, әстағфирука уә әтубу иләйк***»[1] деп айтса, сол отырыста болған күнәларына кәффарат болады» (яғни сол отырыстағы күнәлары кешіріледі) **(Әбу Дәуіт және Әт-Тирмизи).** |
| 7 | **«Кәһф» сүресінің аяттарын жаттау.** | «Кімде-кім Кәһф сүресінің басынан он аят жаттаса, Дәжжалдан құтылады» **(Муслим).** |
| 8 | **Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) салауат айту.** | «Кімде-кім маған (Пайғамбарға) бір рет салауат айтса, Аллаһ оған он салауат айтады, оның он күнәсі өшіріліп, он дәрежеге жоғарылатылады» **(Ахмад).** |

[1] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Сен пәксің! Сенен басқа ешбір құдай жоқ екеніне куәлік беремін. Сенен жарылқау тілеймін әрі Саған тәубе етемін».

| | | |
|---|---|---|
| 9 | **Құранның аят-сүрелерін оқу.** | «Кімде-кім тәулігіне елу аят оқыса, ғапілдер (бейғамдар) қатарында болып жазылмайды. Кім жүз аят оқыса, «қанитиндердің» (Аллаһқа беріле құлшылық жасаушылардың) қатарында жазылады. Кім екі жүз аят оқыса, Қиямет күні оған Құран қарсы айғақ келтірмейтін болады, ал кімде-кім бес жүз аят оқыса, оған бір «қинтар» (яғни, көп) сауап жазылады» **(Әбу Дәуіт).** ✸ «Құл һуаллаһу әхад» («Ықлас» сүресі) Құранның үштен біріне тең» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 10 | **Азаншылардың сауабы.** | ✸ «Қайсыбір жаратылған азаншының дауысын естісе, мейлі адам болсын, мейлі жын болсын, не болса да Қиямет күні оған куәлік береді». ✸ «Азаншылар Қиямет күні мойындары ең ұзын адамдар болады» **(Муслим).** |
| 11 | **Азаншының сөзін қайталап айту, азаннан кейін азан дұғасын айту.** | «Кімде-кім азанды естіген бойда: «***Аллаһумма Рабба һәзиһид-даъуатит-тәммаһ, уәс-саләтил-қаимаһ, әти Мухаммадәнил-уәсиләта уәл-фадыләһ, уәб-ъасһу мақамам-махмудәнил-ләзи уәъадтаһу»***[1] деп айтса, Қиямет күні оған шапағатым лайық болады» **(Әл-Бұхари).** |
| 12 | **Дәретті жақсылап алу.** | «Кімде-кім дәретін жақсылап алса, күнәлары денесінен шығып кетеді. Тіпті тырнақтарының астынан да шығады» **(Әл-Бұхари).** |
| 13 | **Дәрет алғаннан кейінгі дұға.** | «Кімде-кім дәретін жақсылап алса, сонан соң «***Әшһаду әл-лә иләһа илләллаһу уә әнна Мухаммадан ъабдуллаһи уә расулуһу***[2]» деп айтса, оған жәннаттың сегіз есігі ашылып, қалағанынан кіре алады» **(Муслим).** |
| 14 | **Дәрет алғаннан кейін екі ракағат намаз оқу.** | «Кімде-кім дәретін жақсылап алса және артынан тұрып екі ракағат намаз оқыса, сондай-ақ намазға жүрегі және жүзімен (жан-тәнімен) беріле оқыса, міндетті түрде жәннатқа кіреді» **(Әбу Дәуіт).** |
| 15 | **Мешітке қарай көп қадам жасау.** | «Кімде-кім жамағат намаз оқитын мешітке қарай жүрсе, барып-қайтқанында әрбір қадамы үшін бір күнәсі өшіріліп, бір сауап жазылады» **(Ахмад).** |
| 16 | **Жұма намазына дайындалу және оған ертерек бару.** | ✸ «Кімде-кім жұма күні ғұсыл құйынып, одан соң намазға ертерек барса әрі көлікке мінбестен жаяу жүрсе, имамға жақын отырып оны тыңдаса әрі бос сөз айтпаса, оған әрбір қадамы үшін ораза-намазы толық бір жылдық амалындай сауап жазылады» **(Әт-Тирмизи)**; ✸ «Кімде-кім жұма күні жуынып, шамасы келгенше тазаланса, май жақса немесе үйіндегі әтірін сепсе кейін шығып, (мешітте) екі адамның арасын ажыратып өтпесе, кейін өзіне нәсіп болған намазды оқып, имам сөйлеп тұрғанда үндемей (тыңдаса), осы жұма мен келесі жұма арасындағы күнәлары кешіріледі» **(Әл-Бұхари).** |
| 17 | **Намаздағы алғашқы тәкбірге үлгеру.** | «Кімде-кім Аллаһ үшін қырық күн бойы намазды жамағатпен оқыса әрі алғашқы тәкбірден қалмаса, оған екі нәрседен аулақ болу жазылады: тозақ отынан аулақ болу және екіжүзділіктен аулақ болу» **(Әт-Тирмизи).** |
| 18 | **Парыз намазды жамағатпен оқу.** | «Жамағат намазы жеке оқыған намаздан жиырма жеті есе артық» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |

---

[1] Мағынасы: «Ей, Аллаһ! Ей, бұл толық азанның және осы оқылатын намаздың Раббысы! Мұхаммедке (саллаллаху ъалейһи уа саллам), әлуәсилә мен жоғары дережеңді бере гөр. Және оны Өзің уәде еткен мақтаулы орынға жібере гөр!»

[2] Мағынасы: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне куәлік беремін және Мухаммад Аллаһтың құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін»

| | | |
|---|---|---|
| 19 | **Құптан және таң намаздарын жамағатпен оқу.** | «Кімде-кім құптан намазын жамағатпен оқыса, түннің жартысын намаз оқығандай болады (жарты түн намаз оқығанның сауабын алады). Ал кім таң намазын жамағатпен оқыса, түнімен намаз оқығандай болады» **(Муслим)**. |
| 20 | **Бірінші қатарда тұрып намаз оқу.** | «Адамдар азанда және бірінші қатарда (қандай сауап) бар екенін білсе, кейін соған (кімнің лайық екенін анықтау үшін) жеребе тастау керек болса, жеребе тастар еді» **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 21 | **Бекітілген сүннет намаздарына ұқыпты болу.** | «Кімде-кім бір тәулік ішінде он екі ракағат намаз оқыса, оған жәннатта бір үй тұрғызылады: төртеуі бесіннен бұрын, екеуі кейін, екеуі ақшамнан кейін, екеуі құтпаннан кейін және екеуі таң намазынан бұрын» **(Муслим)**. |
| 22 | **Нәпіл намаздарды көбейту және оны барынша жасыруға тырысу.** | «Аллаһқа сәждені көбірек жасауың керек. Өйткені Аллаһ үшін бір сәжде жасасаң, Аллаһ онымен сені бір дәрежеге көтеріп, сенен бір күнәні өшіреді» **(Муслим)**. ✸ «Адамның басқалардан оқшауланып, ешкім көрмейтін жерде оқыған нәпіл намазы оның адамдардың көзінше оқыған жиырма бес намазына тең» **(Әбу Яълә)**. |
| 23 | **Таң намазының сүннетін және парызын оқу.** | «Таң намазының екі ракағат (сүннеті) дүние және ондағы нәрселерден де қайырлы» **(Муслим)**; ✸ «Кімде-кім таң намазының парызын оқыса, Аллаһ оны Өз қорғауында ұстайды» **(Муслим)**. |
| 24 | **Дұха намазы.** | «Сендер әрбір буындарың үшін садақа беруге тиіссіңдер, (сондықтан) әрбір тасбих («субханаллаһ» деп айту)—садақа, әрбір тахмид («әлхамду лилләһ» деп айту)—садақа, әрбір тәһлил («лә иләһа илләллаһ» деп айту)—садақа, әрбір тәкбир («Аллаһу әкбар» деп айту)—садақа, құпталғанға бұйыру—садақа, теріске шығарылғанды тыю—садақа, ал осының барлығын сәскеде оқылатын екі ракағат (дұха) намазы өтейді» **(Муслим)**. |
| 25 | **Намаз оқыған орнында зікір айтып отыру.** | «Сендер намаз оқитын жерлерінде отырған кездерінде, дәреттерің бұзылмайынша періштелер сендерге салауат айтып: «Ей, Аллаһ! Оның күнәларын кешір. Ей, Аллаһ! Оны мейіріміңе бөле», - деп тұрады» **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 26 | **Жамағатта таң намазын оқығаннан кейін күн шыққанға дейін Аллаһты еске алып отыру және содан соң екі ракағат намаз оқу.** | «Кімде-кім таң намазын жамағатпен оқып, кейін күн шыққанша Аллаһты есіне алып отырса, одан соң екі ракағат намаз оқыса, толыққанды қажылық пен умраның сауабын алады, толыққанды, толыққанды!» **(Әт-Тирмизи)**. |
| 27 | **Түнде тәһәжжуд намазын оқу үшін оянып, әйелін оятса.** | «Кімде-кім түнде оянып, әйелін оятса және екеуі бірге екі ракағат намаз оқыса, Аллаһты көп еске алушы ер-әйелдердің қатарына жазылады». |
| 28 | **Түнде намазға тұруды ниет етіп, оны ұйқы басса.** | «Кімнің түнде оқитын намазы болса, бірде оны ұйқысы басса, Аллаһ сол намаздың сауабын жазады және оның сол ұйқысы өзіне садақа (яғни ізгі амал) болады» **(Әбу Дәуіт)**. |
| 29 | **Базарға кіргеннің дұғасы.** | «Кімде-кім базарға кірерде: «***Лә иләһа илләллаһу уәхдаһу лә шәрика ләһу, ләһул-мулку уә ләһул хамду йухи уә йумит уә һууә хай-йул-лә йәмут, бийадиһил-хайр, уә һууә ъалә кулли шәй-ин қадир***»[1] деп айтса, Аллаһ оған миллион сауап жазып, миллион күнәсін өшіреді әрі оны миллион дәрежеге көтереді» **(Әт-Тирмизи және әл-Хаким)**. |

---

[1] Мағынасы: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол Жалғыз және Оның серігі жоқ. Бүкіл билік Онікі және барлық мақтау Оған. Ол тірілтеді және өлтіреді, ал Оның Өзі – ешқашан өлмейтін Тірі. Бүкіл жақсылық Оның Қолында және Оның күш құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді!»

| | | |
|---|---|---|
| 30 | **Әрбір парыз намазынан кейін 33 реттен «Субханал-лаһ», «Әлхамду лилләһ» және «Аллаһу әкбар» деп, соңғысында «Лә иләһа илләл-лаһу...» зікірін айту.** | «Кімде-кім әр намаздан кейін 33 рет «***Субханал-лаһ***»[1], 33 рет «***Әлхамду лилләһ***»[2] және 33 рет «***Аллаһу әкбар***»[3] десе тоқсан тоғыз (зікір айтқан болады), ал жүзіншіде «***Лә иләһа илләл-лаһу уәхдаһу лә шәрика ләһу, ләһул-мулку уә ләһул хамду уә һуә ъалә кулли шәй-ин қадир***»[4] деп айтса, күнәлары теңіздің көбігіндей болса да кешіріледі» **(Муслим).** |
| 31 | **Парыз намазынан кейін «Аятүл-күрсіні» оқу.** | «Кімде-кім әрбір парыз намазынан кейін «Аятүл-күрсіні» оқыса, оның жәннатқа кіруіне тек өлімі кедергі болады» **(ән-Нәсәи).** |
| 32 | **Науқастың көңілін сұрау.** | «Қайсыбір мұсылман таңертең бір мұсылманның көңілін сұрау үшін шықса, оған жетпіс мың періште кешке дейін салауат айтып тұрады; ал кешке көңілін сұрап барса, оған жетпіс мың періште таң атқанша салауат айтады әрі оған жәннатта құрма бағы әзірленеді» **(Ахмад және Әт-Тирмизи).** |
| 33 | **Сынаққа ұшыраған кісіге айтылатын дұға.** | «Кімде-кім сынаққа ұшыраған кісіні көріп: «***Әлхамду лилләһил-ләзи ъафани миммаб-таләка биһи уә фәддаләни ъалә кәсирим-мимман халақа тафдилан***» десе, мұндай сынаққа ұшырамайды»[5] **(Әт-Тирмизи).** |
| 34 | **Қиыншылыққа ұшыраған (басына күн түскен) кісіге көңіл айту.** | ✷ «Қиыншылыққа душар болған кісіге көңіл айтқанға сол (қиыншылыққа ұшырағанның) сауабы беріледі» **(Әт-Тирмизи).** ✷ «Өз бауырының қиыншылығына көңілдес болған мүмінді Аллаһ тағала керемет әшекейлермен киіндіреді» **(Ахмад).** |
| 35 | **Жаназа намазын оқу және өліктің артынан зиратқа дейін ілесіп жүріп, жерлеуіне қатысу.** | «Кімде-кім жаназа намазына оқылып болғанынша қатысса, бір қират сауап алады, ал кім оған жерлеп болғанға дейін қатысса, екі қират сауап алады»,—деді. (Адамдар): «Екі қират деген не?» деп сұрағанда, ол: «Үлкен екі таудай»,—деген **(Муслим).** Ибн Омар (Аллаһ оған разы болсын): «Талай қираттарды өткізіп алғанбыз»,—деген. |
| 36 | **Аллаһ тағаланың разылығы үшін мешіттер салу.** | «Кімде-кім Аллаһ үшін кекіліктің ұясындай болса да мешіт салса, Аллаһ оған жәннатта үй салады» **(Ибн Мәжаһ).** |
| 37 | **Аллаһ жолында мал жұмсау.** | «Аллаһтың құлдары таң атыратын әр күні екі періште түсіп, бірі: «Ей, Аллаһ! Мал жұмсағанға (бергенінің) орнын толтырғай» десе, екіншісі: «Ей, Аллаһ! Мал жұмсамағанның мал-мүлкін зиянға ұшырат» деп тұрады» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 38 | **Садақа беру.** | ✷ «Бір дирһам жүз мың дирһамнан озып кетуі мүмкін» деді. (Адамдар): «Ей, Аллаһтың елшісі! Бұл қалай?»—деп сұрағанда, ол: «Бір кісіде екі дирһамы болып, біреуін садақа қылады; ал келесі біреудің қыруар малы бола тұрып, жүз мың дирһамды садақа қылады»,—деді **(Ән-Нәсәи)**; ✷ «Қайсыбір мұсылман ағаш отырғызса немесе егін ексе, сөйтіп одан құстар немесе адамдар не болмаса жануарлар жесе, оған садақа (берген) болып жазылады» **(Әл-Бұхари).** |

---

[1] Мағынасы: «Аллаһ Пәк».
[2] Мағынасы: «Бүкіл мақтау Аллаһқа».
[3] Мағынасы: «Аллаһ Ұлы».
[4] Мағынасы: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ, Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, барлық мақтау-мадақ Оған лайық. Сондай-ақ Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді!»
[5] Мағынасы: «Сені онымен сынағаннан мені аман қалдырған және өзара ерекшеліктерде жаратқандарының көбінен артықшылықта болдырған Аллаһқа шүкір етемін».

| | | |
|---|---|---|
| 39 | **Пайда көрмейтін түрде қарыз беру.** | «Қайсыбір мұсылман бір мұсылманға екі рет қарыз берсе, бір рет садақа бергенмен бірдей болады» (Ибн Мәжаһ). |
| 40 | **Қиналып қалған кісі себебінен сабыр ету.** | «Кімде-кім қиналған адамға қарызын өтеу үшін уақыт берсе, әр күні үшін сол мөлшерде садақа бергендей болады, ал егер мерзімі өтіп кеткеннен кейін күтетін болса, әр күні үшін одан екі есе садақа бергендей болады» (Ахмад). |
| 41 | **Аллаһ жолында бір күн ораза ұстау.** | «Кімде-кім Аллаһ жолында бір күн ораза ұстаса, Аллаһ оны тозақтан жетпіс жыл қашықтыққа алыстатады» (Әл-Бұхари және Муслим). |
| 42 | **Әр айда үш күн, Арапа және Ашура күндері ораза ұстау.** | ✸ «Әр айдан үш күн ораза ұстау өмір бойы ораза ұстағанмен бірдей» (Әл-Бұхари және Муслим); ✸ «Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) Арапа күнінің оразасы туралы сұралғанда: «Өткен жыл мен келер жыл үшін кәффарат (өтем) болады»,—деген (Муслим). ✸ Кейін Ашура күнінің оразасы жайында сұралғанда: «Өткен жылға кәффарат болады»,—деді» (Муслим). |
| 43 | **Шәууал айында алты күн ораза ұстау.** | «Кімде-кім Рамазан айында ораза ұстап, артынан Шәууал айында алты күн ораза ұстаса, өмір бойы ораза ұстағандай болады» (Муслим). |
| 44 | **Тарауық намазын имаммен бірге ол аяқтағанша оқу.** | «Бір адам имаммен бірге, имам кеткенше (тарауық намазын) оқыса, түнімен намаз оқығандай болады» (Әбу Дәуіт және Әт-Тирмизи). |
| 45 | **Рамазан айында ұмра жасау.** | ✸ «Рамазан айындағы ұмра қажылықпен бірдей немесе менімен бірге жасаған қажылықпен бірдей» (Әл-Бұхари); ✸ «Кімде-кім Қағбаға тауап етіп (жеті рет айналып), екі рақағат намаз оқыса, бір құлды азат еткеніндей болады». |
| 46 | **Қабыл болған (мабрур) қажылық.** | ✸ «Кімде-кім қажылық жасап, онда әйелімен жақындаспаса және бұзықтық істемесе, анасынан туылған күніндегідей (күнәдан таза) болып қайтады»; ✸«Мабрур болған қажылықтың сыйы—жәннат қана» (Әл-Бұхари және Муслим). |
| 47 | **Зул-хижжа айының алғашқы он күнінде жасалған ізгі амалдар.** | «Аллаһ үшін осы күндері жасалған ізгі амалдардан ұнамды күндер жоқ (яғни осы он күндікте)» деді. (Адамдар): «(Бұл күндері жасалған ізгі амалдар) Аллаһ жолындағы күрестен де абзал ма?»—деп сұрады. Сонда Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Иә, Аллаһ жолындағы күрестен де абзал. Бірақ (күреске) жаны және малымен шығып, одан еш нәрсесіз қайтқан адамның жөні бөлек»,—деді (Әл-Бұхари). |
| 48 | **Ғалымның сауабы мен артықшылығы.** | «Ғалымның құлшылық жасаушыдан болған артықшылығы менің сендердің ең кішкентайларыңнан болған артықшылығымдай»,—деді де, Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Расында, Аллаһ тағала, Оның періштелері және көктер мен жердің тұрғындары, тіпті илеуінде (інінде) болған құмырсқа да, (су астындағы) кит та адамдарға жақсылық үйретушіге дұға жасап тұрады»,—деді (Әт-Тирмизи). |
| 49 | **Аллаһтан шынайы түрде шәһид болуды тілеу.** | «Кімде-кім Аллаһтан шын жүрегімен шәһид болуды сұраса, өз төсегінде жатып өлсе де, Аллаһ оны шәһидтердің дәрежесіне жеткізеді» (Муслим). |
| 50 | **Аллаһтан қорқып жылау және Оның жолында күзетшілік ету.** | «Екі көзге от тимейді: Аллаһтан қорқып жылаған көз бен Аллаһ жолында түнімен күзетте болған көзге» (Әт-Тирмизи). |
| 51 | **Аллаһқа тәуекел етіп, күйдіріп емделуді,** | Пайғамбарымызға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) түсінде үмбеттер көрсетілді. Ол өз үмбетінің ішінен жәннатқа есеп берместен |

| | | |
|---|---|---|
| | **дем салдыруды және ырымдауды тәрк ету.** | және азапталмастан кіретін жетпіс мың адамды көрді: олар денесін күйдіріп емделмейтін, дем салдырмайтын, ырымдамайтын және Аллаһқа ғана тәуекел ететіндер **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 52 | **Кішкентай балалары шетінеген адамның сауабы.** | «Қайсыбір мұсылманның үш баласы балиғат жасына жетпей шетінесе, Аллаһ оны (әлгі балаларына) рақымшылық етіп, жәннатқа кіргізеді» **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 53 | **Көз жанарынан айырылып, сол үшін сабыр ету.** | «Расында, Аллаһ: «Пендемді өзі жақсы көретін екі нәрсесімен (көздерін алып қойып) сынасам, сөйтіп ол үшін сабыр етсе, орнына жәннатты беремін»,—деді» **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 54 | **Бір нәрсені Аллаһтан қорқып тәрк ету.** | «Бір нәрсені Аллаһтан сақтанып тәрк етсең, Аллаһ саған одан да қайырлысын береді» **(Ахмад)**. |
| 55 | **Ұятты жері мен аузына сақ болу.** | «Кімде-кім маған екі мұрты арасындағы мен екі аяғы (бұты) арасындағысына кепілдік берсе, мен оған жәннатқа (кіретініне) кепілдік беремін» (яғни тілі мен ұятты жері)**(Әл-Бұхари)**; ✸ «Сөйлемеген құтылады». |
| 56 | **Үйге кіргенде және тамақтану алдында «Бисмилләһ» деп айту.** | «Кімде-кім үйіне кіріп, үйіне кірерде және тамақ ішерде Аллаһты еске алса, шайтан (өз әскеріне): «Сендерге бүгін түнейтін жер де, кешкі ас та жоқ», - дейді. Егер үйіне кіріп, Аллаһты еске алмаса, шайтан: «Түнейтін жерді таптыңдар», - дейді, ал тамақ ішерде Аллаһты еске алмаса, шайтан: «түнейтін жер және кешкі ас таптыңдар», - дейді» **(Муслим)**. |
| 57 | **Тамақтанып болған соң және жаңа киім кигенде айтылатын дұға.** | «Кімде-кім тамақ ішіп, «***Әлхамду лилләһил-ләзи әтъамани һәза уә разақаниһи мин ғайри хаулим-минни уә лә қууаһ***» десе, ілгерідегі күнәлары кешіріледі. Ал егер жаңа киім кисе, «***Әлхамду лилләһил-ләзи кәсәни һәза уә разақаниһи мин ғайри хаулим-минни уә лә қууаһ***» деп айтса, ілгерідегі күнәлары кешіріледі»[1] **(Әбу Дәуіт)**. |
| 58 | **Өзіне ауыр жұмысының жеңілдетілгенін қалаған кісінің дұғасы.** | Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қызы Фатима (Аллаһ оған разы болсын) одан өзіне бір қызметші беруін сұрайды. Сонда Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ол екеуіне (Әли мен Фатимаға): «Сендерге одан да қайырлы нәрсені үйретейін бе? Төсектеріңе жатарда 34 рет «***Аллаһу әкбар***», 33 рет «***Субханаллаһ***» және 33 рет «***Әлхамду лилләһ***» деп айтсаңдар, бұл сендерге қызметші (ұстағаннан да) қайырлы»,—деді **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 59 | **Әйелімен қосылар алдында айтатын дұға.** | «Кімде-кім әйелімен қосылмақшы болғанда: «***Бисмиллаһ, Аллаһумма жәннибнаш-шәйтана уә жәннибиш-шайтана ма разақтана***» десе, сөйтіп, (қосылғанда) араларында бала пайда болса (жазылса), шайтан оған ешқашан зиян тигізе алмайды»[2] **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 60 | **Әйелдің өз ерін разы** | «Әйел бес (уақыт) намазын оқыса, (Рамазан) айында оразасын ұстаса, ар-намысын сақтаса және күйеуіне бағынса, оған «Жәннаттың өзің |

[1] Мағынасы: «Менен ешқандай күш-қуат талап етпестен, маған осыны тамақтандырып, ризықтандырған Аллаһқа шүкір»; «Маған бұл киімді кигізген және оны маған еш күш-қуат жұмсамасам да, ризық еткен Аллаһқа мадақтар болсын!»

[2] Мағынасы: «Аллаһтың атымен бастаймын. Ей, Аллаһ! Бізден және бізге ризық етіп беретін перзенттен шайтанды аулақ ете гөр».

| | | |
|---|---|---|
| | **етуі.** | қалаған қақпасынан жәннатқа кір» делінеді» **(Ахмад).** «Қайсыбір әйел күйеуі оған разы күйінде қайтыс болса, жәннатқа кіреді» **(Әт-Тирмизи).** |
| 61 | **Ата-анаға жақсылық жасау және туысқандармен қарым-қатынаста болу.** | ✸«Раббының разылығы ата-ананың разылығында» **(Әт-Тирмизи),** ✸ «Кімді ризығының кең және өмірінің ұзақ болғаны қуандырса, туысқандарымен араласып тұрсын» **(Әл-Бұхари).** |
| 62 | **Жетімге қамқорлық жасау.** | «Мен және жетімге қамқорлық жасаған адам жәннатта мына екеуіндей боламыз» деп сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын біріктіріп көрсетті» **(Әл-Бұхари).** |
| 63 | **Көркем мінез.** | ✸«Мүмін көркем мінезімен ораза ұстап (түнімен) намаз оқығанның дәрежесіне жетеді»; ✸ «Мен мінезі көрем болғанға жәннаттың жоғарғы жағынан үй тұрғызылатынына кепілдік беремін» **(Әбу Дәуіт).** |
| 64 | **Жаратылғандарды аяу әрі оларға жанашырлық таныту.** | ✸ «Шын мәнінде, Аллаһ Өз құлдарының ішінен мейірімді болғандарды мейіріміне бөлейді» **(Әл-Бұхари және Муслим);** ✸ «Жер бетіндегілерге мейірімді болыңдар, сонда көктегі (Аллаһ) сендерге мейірімділік етеді» **(Әт-Тирмизи).** |
| 65 | **Мұсылмандарға жақсылық болғанын қалау.** | «Сендерден біреу өзіне қалағанын бауырына қаламайынша (толық) иман келтірген болмайды» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 66 | **Ұялшақтық.** | ✸ «Ұялшақтық тек жақсылықты ғана әкеледі»; ✸ «Ұялшақтық иманнан» **(Әл-Бұхари және Муслим);** ✸ «Төрт нәрсе пайғамбарлардың сүннетінен: ұялшақтық, әтір себу, тісті мисуакпен тазалау және үйлену» **(Әт-Тирмизи).** |
| 67 | **Сәлемді бірінші болып беру.** | «Бір кісі Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қасына келіп: «***Әссәламу ъалейкум***»,—деді. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Он (сауап)»,—деді. Кейін келесі біреу келіп: «***Әссәләму ъалейкум уә рахматуллаһ***»,—дегенде, Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Жиырма»,—деді. Содан соң басқа біреу келіп, «***Әссәләму ъалейкум уә рахматуллаһи уә бәракәтуһ***» дегенде, Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Отыз (яғни отыз сауап)»,—деген» **(Ахмад және Әт-Тирмизи).** |
| 68 | **Кездескенде қол алысып амандасу.** | «Екі мұсылман кездесіп, қол алысып амандасса, ол екеуінің ажырағандарына дейін күнәлары кешіріледі» **(Ахмад және Әбу Дәуіт).** |
| 69 | **Мұсылманның ар-намысын қорғау.** | «Кімде-кім бауырының ар-намысын қорғаса, Қиямет күні Аллаһ оның жүзін тозақ отынан сақтайды» **(Әт-Тирмизи).** |
| 70 | **Ізгілерді жақсы көру, олармен сұхбаттас болу.** | Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) бір кісіге: «Сен жақсы көргендеріңмен бірге боласың»,—деді. (Әнәс (Аллаһ оған разы болсын): «Сахабалар бұл хадиске қуанғанындай басқа еш нәрсеге қуанбаған»,—деді) **(Муслим).** |
| 71 | **Аллаһ ұлықтығы үшін бірін-бірі жақсы көргендердің сауабы.** | «Аллаһ тағала: «Менің ұлықтығым үшін бірін-бірі жақсы көргендерге нұрдан жасалған мінберлер беріледі де, оларға пайғамбарлар мен шәһидтер қызығып тұрады»,—деп айтты» **(Әт-Тирмизи).** |
| 72 | **Мұсылмандарға дұға жасау.** | «Мұсылман адамның өз бауырына сыртынан жасаған дұғасы қабыл болады. Оның қасында бекітілген (өкіл) періште болады. Ол (адам) бауырына дұға жасаған сайын бекітілген періште: «Әмин (қабыл болсын) және өзіңе де сондай болсын», - деп тұрады» **(Муслим).** |

| | | |
|---|---|---|
| 73 | **Иман келтірген ерлер мен әйелдерге дұғада болу.** | «Кімде-кім мүмін ерлер мен мүмін әйелдер үшін жарылқау тілесе, Аллаһ оған әрбір мүмін ер және мүмін әйел үшін сауап жазады» **(Әт-Табарани).** |
| 74 | **Жолдағы жайсыздық беріп тұрған нәрселерді кетіру.** | «Мен бір жәннатты аралап жүрген кісіні көрдім. (Ол жәннатқа) адамдарға жолдарында кедергі болып тұрған ағашты кесіп тастағаны үшін кірді» **(Муслим).** |
| 75 | **Дау мен өтірікті тәрк ету.** | «Өзінікі дұрыс бола тұрып, дауласуды тәрк еткенге жәннаттың шет жағында бір үйді кепілдік етемін. Қалжыңдап тұрса да, өтірік айтуды тәрк еткенге мен жәннаттың ортасынан бір үйді кепілдік етемін» **(Әбу Дәуіт).** |
| 76 | **Ашуланғанын сыртқа шығармау.** | «Кімде-кім ашуын, оны сыртқа шығаруға шамасы келіп тұрып ішінде сақтаса, Аллаһ оны Қиямет күні жаратылғандардың алдына шығарып, хор қыздарынан өзі қалағанын таңдатқызады» **(Әбу Дәуіт).** |
| 77 | **Біреудің жақсылығын немесе жамандығын айту.** | «Сендер кім туралы жақсы сөз айтып мақтасаңдар, ол міндетті түрде жәннатқа кіреді, ал кім туралы жаман айтсаңдар, ол міндетті түрде тозаққа кіреді. Сендер Аллаһтың жердегі куәларысыңдар...» **(әл-Бұхари және Муслим).** |
| 78 | **Мұсылмандардан ауыртпашылықты алып тастау, оларға жеңілдіктер жасау және кемшіліктерін жасыру.** | «Кімде-кім мұсылманнан дүние қайғыларынан бір қайғыны кетірсе, Аллаһ одан Қиямет күнінің қайғыларының бір қайғысын кетіреді. Кім қиналғанға жеңілдік жасаса, Аллаһ оған дүние-ақыретте жеңілдік жасайды, кім мұсылманның (айыбын) жасырса, Аллаһ оның (айыбын) дүние-ақыретте жасырады» **(Муслим).** |
| 79 | **Ақыретті бәрінен жоғары қою.** | «Кімнің уайымы ақырет болса, Аллаһ оның жүрегін бай (еш нәрсеге мұқтаж емес) етіп, адамдарын айналасына жинайды да, дүние оған еркінен тыс болып өзі келеді» **(Ахмад және Ибн Мәжаһ).** |
| 80 | **Патшаның әділдігі, жастардың діндарлығы, (жүректің) мешітпен байланып тұруы және Аллаһ үшін жақсы көру.** | «Жеті адамды Аллаһ Өз көлеңкесінен басқа көлеңке болмайтын күні Өзінің көлеңкесіне алады. Олар: әділ басшы, Раббысына құлшылық жасап өскен жеткіншек, жүрегі мешітке байланған кісі, бірін-бірі Аллаһ үшін жақсы көріп, Аллаһ үшін ажыраған екі адам, мансапты да, сұлу әйел шақырғанда «Мен Аллаһтан қорқамын» деген кісі, садақа бергенде сол қолы оң қолының не бергенін білмейтіндей етіп садақа берген кісі және оңашада Аллаһты еске алып, көзінен жас шыққан кісі» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 81 | **Күнәлар үшін кешірім тілеу (истиғфар).** | «Кімде-кім әрдайым истиғфар айтса, Аллаһ оны кез келген қиыншылықтан шығарады, уайым-қайғысын кетіреді және күтпеген жерден ризыққа бөлейді» **(Ахмад және Әбу Дәуіт).** |

# Тыйым салынған іс-әрекеттер

| № | Тыйым салынған іс. | Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъaлəйһи уа саллам) айтты: |
|---|---|---|
| 1 | **Амалымен адамдардың (разылығын) қалау.** | «Аллаһ тағала: «Мен бірде-бір серікті қажет етпеймін. Кімде-кім бір амалды жасап, оны Менімен қатар басқаға арнаса, оны да, серігін де жайына қалдырамын»,—дейді» (Құдси хадис) **(Муслим).** |
| 2 | **Сырттай түзу, ішінен бұзық болу.** | «Мен Қиямет күні Тиһамату Байда тауларындай сауаптармен келетін адамдарды білемін, Аллаһ оларды (сауаптарды) ұшырылған күлге айналдырады». Сәубан: «Ей, Расулуллаһ! Бізге оларды сипаттап, айқын көрсетіп бер, өзіміз білмеген күйде олардан болып қалмайық»,—деді. «Олар сендердің өздеріңнен болған бауырларың, сендер түнде не істесеңдер, соны істейді. Бірақ олар Аллаһтың тыйым салғанымен оңаша қалса, оны бұзады» **(Ибн Мәжаһ).** (Яғни оңаша қалса харам нәрселерді жасайды). |
| 3 | **Тәкаппарлық.** | «Жүрегінде шаңның тозаңындай тәкаппарлық болған адам жәннатқа кірмейді» **(Муслим)**; Тәкаппарлық — ақиқатты қабылдамау, яғни шындықты мойындамау және адамдарды кемсіту. |
| 4 | **Киімді тобықтан төмен түсіріп жүру.** | «(Адамдар) изарын, көйлегін және сәлдесін ұзартады. Кімде-кім осының бірін мақтаншақтықпен сүйретіп жүрсе, Қиямет күні Аллаһ оған назар салмайды» **(Әбу Дәуіт және Ән-Нәсәи).** |
| 5 | **Қызғаншақтық.** | «Көреалмаушылықтан сақтаныңдар, өйткені көреалмаушылық (қызғаншақтық) сауаптарды от ағашты жалмағанындай жалмайды» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 6 | **Өсімқорлық (риба).** | «Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъaлəйһи уа саллам) өсім жеуші мен малды өсімге алушыны лағынеттеген» **(Муслим)**; «Адамның өсімқорлықпен біле тұрып жеген бір дирһамы отыз алты рет зина жасаудан да ауыр» **(Ахмад).** |
| 7 | **Мас қылатын ішімдіктерді ішу.** | «Ішімдік ішуші, сиқырға сенуші және туыстық қатынасты үзуші жәннатқа кірмейді» **(Ибн Хиббан)**; «Кімде-кім шарап ішсе, қырық күн намазы қабыл болмайды» **(Ахмад).** |
| 8 | **Өтірік.** | «Адамдарды күлдіру үшін әңгіме айтып, өтірік сөйлеген адамға қасірет болсын, қасірет болсын және қасірет болсын» **(Ахмад және Әбу Дәуіт).** |
| 9 | **Тыңшылық.** | «Кімде-кім адамдардың сөзін, олардың жақтырмағанын біле тұра тыңдаса, Қиямет күні оның құлағына балқыған қорғасын құйылады» **(Әл-Бұхари).** |
| 10 | **Бейнелеу (сурет салу).** | «Қиямет күні азабы ең қатты болатын адамдар—бейнелеушілер» **(Әл-Бұхари және Муслим)**; «Ішінде ит немесе сурет болған үйге періштелер кірмейді» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 11 | **Өсек тасу.** | «Өсек тасушы жәннатқа кірмейді» **(Муслим).** Өсек—адамдардың арасын бұзу мақсатында сөз тасу. |
| 12 | **Біреуді сыртынан жамандау (ғайбат).** | «Ғайбаттың не екенін білесіңдер ме?», - деді. (Адамдар): «Аллаһ және Оның елшісі біледі»,—деді. Ол: «Бауырыңның ол жақтырмайтын тұстарын айтуың»,—деді. (Бір адам): «Егер айтқаным оның бойынан табылса қалай болады?»,—деді. Пайғамбар (саллаллаху ъaлəйһи уа саллам): «Егер айтқаның оның бойында болса, ғайбат қылғаның, ал егер болмаса, жала жапқаның»,—деді **(Муслим).** |
| 13 | **Қарғыс айту.** | «Мүмінді қарғау оны өлтіргенмен бірдей» **(Әл-Бұхари және Муслим)**; «Желді қарғамаңдар, өйткені ол бұйрықпен соғады. Кімде-кім қарғысқа лайық болмаған нәрсені қарғаса, қарғысы өзіне қайтып келеді» **(Әт-Тирмизи).** |

| | | |
|---|---|---|
| 14 | **Сырды паш ету (жаю).** | «Қиямет күні Аллаһтың алдында орны ең жаман болатын адам—әйеліне қосылып, әйелі оған қосылғаннан кейін әйелінің сырын (басқаларға) жайған адам» **(Муслим)**. |
| 15 | **Арсыздық (бұзықтық).** | «Қиямет күні Аллаһтың алдында орны ең жаман болған адам—адамдар оны бұзықтығынан қорқып тастап кеткен адам» **(Әл-Бұхари және Муслим)**; «Адам баласының күнәларының көбі тілінен болады» **(Әт-Табарани)**. |
| 16 | **Мұсылманды «кәпір» деп кінәлау.** | «Бір адам өз бауырына: «Ей, кәпір» десе (егер ол айтқанындай болса), (кәпірлік) екеуінің біріне түседі, ал егер олай болмаса, өзіне қайтады» **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 17 | **Өзін әкесінен басқаға телу (өз әкесінің баласы болғанына арлану).** | «Біле тұрып, өзін өз әкесінен басқаға телиген адамға жәннат харам болады» **(Әл-Бұхари және Муслим)**; «Әкелеріңнен бас тартпаңдар. Кімде-кім өз әкесінен бас тартса, күпірлік жасаған болады» **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 18 | **Мұсылманды үрейлендіру.** | «Мұсылманға мұсылманды қорқытуына болмайды» **(Әбу Дәуіт)**; «Кімде-кім бауырына темірді нұсқаса, ол темірді қоймайынша, періштелер оны қарғап тұрады» **(Муслим)**. |
| 19 | **Мұсылман елдерінде тыныштық сақтап жүргендерді өлтіру.** | «Кімде-кім серттескен кәпірді заңсыз түрде өлтірсе, жәннаттың иісін де сезбейді. Расында, жәннаттың иісі жүз жылдық ара қашықтықтан сезіліп тұрады» **(Ибн Хиббан)**. |
| 20 | **Аллаһтың сүйікті құлдарына қастандық жасау.** | «Аллаһ тағала: «Кімде-кім сүйікті құлдарыма дұшпандық қылса, онымен соғысатынымды хабарлаймын»,—деген» (Құдси хадис) **(Әл-Бұхари)**. |
| 21 | **Мұнафиқ немесе бұзыққа «мырза» деп айту.** | «Мұнафиқты мырза демеңдер. Егер ол сендерге мырза болса, Раббыларыңды ашуландырасыңдар» **(Әбу Дәуіт)**. |
| 22 | **Қарамағындағыларды алдау.** | «Аллаһ қарамағына басқаларды қаратқан кісі оларды алдаған болып өлсе, Аллаһ оған жәннатты харам етеді» **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 23 | **Білместікпен пәтуа айту.** | «Кімге білместікпен пәтуа берілсе, күнә пәтуа бергенге (берушіге) болады» **(Әбу Дәуіт)**. |
| 24 | **Жұма немесе екінті (аср) намазын тастап кету.** | «Кімде-кім қатарынан үш жұманы немқұрайлықпен қалдырса, Аллаһ оның жүрегін мөрлеп қояды» **(Әбу Дәуіт және Әт-Тирмизи)**; «Кім екінті намазын тәрк етсе, оның амалы жойылады (зая кетеді)» **(Әл-Бұхари)**. |
| 25 | **Намазға ұқыпсыз қарау немесе оны тәрк ету.** | «Біз бен олардың (мұсылмандар мен кәпірлердің) арасындағы айырмашылық—намаз, кім оны тәрк етсе, күпірлік жасаған болады» **(Ахмад және Әбу Дәуіт)**; «Адам арасы мен күпірлік пен ширктің арасын бөліп тұрушы—намаз» **(Муслим)**. |
| 26 | **Намаз оқып тұрғанның алдынан өту.** | «Намаз оқып тұрғанның алдынан өтуші адам (бұның) қаншалықты күнә екенін білгенде, намаз оқып тұрғанның алдынан өткенінен қырық (күн, ай немесе жыл) қозғалмай тұрғаны қайырлы болар еді» **(Әл-Бұхари және Муслим)**. |
| 27 | **Намаз оқып тұрғандарға жайсыздық жасау.** | «Кімде-кім пияз не сарымсақ немесе жуа жесе мешітке жақындамасын. Адам балаларын қинайтын нәрселерден періштелер де қиналады» **(Муслим)**. |
| 28 | **Жерді басып алу.** | «Кімде-кім бір қарыс жерді әділетсіздікпен иеленіп алса, Қиямет күні Аллаһ оның мойнына жеті қат жерді асады» **(Әл-Бұхари)**. |
| 29 | **Аллаһтың ашуын келтіретін** | «Кейде пенде Аллаһтың қаһарын келтіретін сөзді оған мән бермей айтады да, оның себебінен жетпіс жыл қашықтықта |

| | | |
|---|---|---|
| | **сөздерді айту.** | тозақта қалады» (Әл-Бұхари). |
| 30 | **Аллаһты еске алмай көп сөйлеу.** | «Аллаһты еске алмай сөзді көбейтуші болмаңдар. Өйткені Аллаһ еске алынбаған көп сөз жүректі қатайтады» (Әт-Тирмизи). |
| 31 | **Сөзді асыра сілтеп сөйлеу.** | «Маған ең жеккөріністілерің және Қиямет күні менен ең алыс болатындарың сөзді асыра сілтейтіндер, мылжыңдар және көп сөйлейтіндер» (Әт-Тирмизи). |
| 32 | **Аллаһты еске алуды ұмыту.** | «Қайсыбір қауым бір мәжілісте отырып, онда Аллаһты еске алмаса және Пайғамбарға салауат айтпаса, барлығы да күнәкар болады. Егер Аллаһ қаласа оларды азаптайды, қаласа кешіреді» (Әт-Тирмизи). |
| 33 | **Мұсылманды әшкере түрде табалау.** | «Бауырыңды ашық түрде табалаушы болма. Әйтпесе, Аллаһ оны кешіріп, сені сынайды». «Кімде-кім бауырының істеген күнәсына бола намысына тисе, сол күнәны жасамай өлмейді» (Муслим). |
| 34 | **Мұсылмандардың бір-бірінен безінуі.** | «Бірде-бір мұсылманға өз бауырынан үш күннен артық безінуіне болмайды. Кімде-кім өз бауырынан үш күннен артық безініп, сөйтіп қайтыс болса, тозаққа кіреді» (Әбу Дәуіт). |
| 35 | **Күнәні әшкере жасау.** | «Күнәні жария істеушілерден басқа барлық үмбетім кешірім етіледі» (Әл-Бұхари және Муслим). |
| 36 | **Жаман мінез.** | «Расында, жаман мінез амалды сіркесуының балды бұзғанындай бұзады» (Әт-Табарани). |
| 37 | **Сыйлағанын қайтып алу.** | «Сыйлағанын қайтаруды талап еткен кісі құсып, құсқанын қайта жеген итпен тең» (Әл-Бұхари және Муслим); «Бірде-бір адамға тартқан тартуы мен сыйлаған сыйлығын қайтып алуы рұқсат етілмейді» (Әбу Дәуіт). |
| 38 | **Көршіге зұлымдық жасау, зиян беру.** | «Бір адамның он әйелмен зина жасауы, көршісінің әйелімен зина жасағанынан жеңіл әрі оған он үйден ұрлық жасауы, көршісінің үйінен ұрлағанынан (күнәсі) жеңіл» (Ахмад). |
| 39 | **Харам нәрселерге көз салу.** | «Адам баласына міндетті түрде иеленетін зина үлесі жазылған. Көздер (зина жасайды); зинасы—қарауы, құлақтарының зинасы—тыңдауы; тілінің зинасы—айтуы, қолдарының зинасы—ұстауы, аяқтарының зинасы—баруы, ал жүрек оны қалап, армандап тұрады. Жыныс мүшесі болса, мұны не растайды, не өтірікке шығарады» (Муслим). |
| 40 | **Өзіне халал болмаған әйелге қол тигізу.** | «Ер адамның өзіне халал болмаған әйелге қол тигізгеннен гөрі, басына темір сым шаншыған жеңіл» (Әт-Табарани); «Мен әйелдермен қол ұстасып амандаспаймын» (Ахмад). |
| 41 | **«Шиғар» некесі.** | «Пайғамбар (саллаллаху ъалейһи уа саллам) шиғар некесіне тыйым салды» (Әл-Бұхари). Шиғар некесі—екі кісі бірі-бірінің қызына мәһрлерін бермей үйленуі. |
| 42 | **Жоқтау айту.** | «Кімге жоқтау айтылса, әлбетте Қиямет күні айтылған жоқтау себепті азапталады» (Муслим). «Өлген кісі қабірінде өзіне айтылған жоқтау себепті азапқа тартылады» (Әл-Бұхари). |
| 43 | **Аллаһтан басқаның атымен ант беру.** | «Кімде-кім Аллаһтан басқаның атымен ант берсе, күпірлік немесе ширк жасаған болады» (Ахмад); «Кімде-кім ант беретін болса, Аллаһпен берсін. Әйтпесе, үндемесін» (Әл-Бұхари). «Аманатымен ант берген адам бізден емес» (Әбу Дәуіт). |
| 44 | **Өтірік ант беру.** | «Кімде-кім бір мұсылманның малын алып қалу үшін берілген антқа қарсы ант берсе әрі соған тұрып алса, Аллаһқа өзіне ашуланған |

| | | |
|---|---|---|
| | | күйінде жолығады» (Әл-Бұхари). |
| 45 | **Саудада ант беру.** | «Саудада көп ант беруден сақ болыңдар, өйткені ол (ант тауардың өтуіне көмектескенімен) сауданың берекесін кетіреді» (Муслим); «Ант тауарды өткізіп, (сауданың) берекесін кетіреді» (Әл-Бұхари). |
| 46 | **Кәпірлерге ұқсау, еліктеу.** | «Кімде-кім бір қауымға ұқсаса, солардан болғаны» (Әбу Дәуіт); «Кімде-кім бізден басқаларға ұқсаса, бізден емес» (Әт-Тирмизи). |
| 47 | **Қабір үстінен құрылыс салу.** | «Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) қабірді гипстеуге (сылауға), оның үстіне отыруға және үстінен құрылыс тұрғызуға тыйым салды» (Муслим). |
| 48 | **Сатқындық және қиянат.** | «Аллаһ Қиямет күні әуелгілер мен кейінгілерді жинаған шақта, әрбір қиянатшының үстінен жалау көтеріліп, «Бұл пәленше ұлы пәленшенің қиянаты» делінеді» (Муслим). |
| 49 | **Қабірдің үстіне отыру.** | «Сендердің біреулеріңнің жанып тұрған шоққа отырып, киімінің өртенгені, сөйтіп оттың терісін күйдіруі, оның қабір үстіне отырғанынан жақсырақ» (Муслим). |
| 50 | **Мәжілістегілердің өзіне бола орнынан тұрғанын жақсы көру.** | «Кімде-кім адамдардың өзіне бола тұрғанын жақсы көрсе, өзіне тозақтан орын дайындасын» (Ахмад және Әбу Дәуіт). |
| 51 | **Мұқтаж болмай тұрып тілену.** | «Бір адам тіленудің есігін ашса (қайыршылықты бастаса), Аллаһ оған мұқтаждық есігін ашып қояды» (Әт-Тирмизи); «Кім (мал-дүниесін) арттыра түсу мақсатында адамдардан сұраса, ол тек қызған шоқты сұрағаны. Ендеше, мұны азайт яки көбейт!» (Муслим). |
| 52 | **Саудада бағаны асыру.** | «Тұрғылықты адам сырттан келушімен (оны қалаға кіргізбей) сауда жасамасын, (басқаларға зиян тигізу үшін) бағаны асырмаңдар және біреу бауырының саудасы үстінен сауда жасамасын» (Әл-Бұхари және Муслим). |
| 53 | **Жоғалтып алған нәрсені мешітте жариялап айту.** | «Кімде-кім мешітте жоғалтып алған нәрсесі туралы сұрастырып жүрген адамды көрсе, оған: «Аллаһ саған оны қайтармасын», - деп айтсын, өйткені мешіттер бұл үшін тұрғызылмаған» (Муслим). |
| 54 | **Шайтанды сөгу** | «Шайтанды сөкпеңдер. Одан да оның жамандығынан (Аллаһтан) пана тілеңдер» (Әд-Дәр Құтни). «Сахабалардың бірі айтты: «Мен Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) артына міңгесіп келе жатқанымда, түйесі сүрінеді. Сол кезде мен «шайтан құрысын» дедім. Сонда Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): «Шайтан құрысын» деп айтпа, өйткені олай айтсаң, ол үлкейіп, үй сияқты (үлкен) болады да, «(Бұл менің) күшімнің арқасында болды (немесе өз күшіммен ант етемін)» дейді. Одан да, «Бисмилләһ» деп айт. Егер осылай айтсаң, шайтан кішірейіп, шыбындай болады» (Ахмад және Әбу Дәуіт). |
| 55 | **Безгекті сөгу.** | «Безгекті (немесе дене қызуының көтерілуін) сөкпеңдер. Өйткені көрікші темірді қалай тазаласа, безгек те адам баласын күнәларынан дәл солай тазалайды» (Муслим). |
| 56 | **Харам нәрселерді тарату және соған үндеу.** | «Кімде-кім адасушылыққа үндесе, оған өзі адастырғандардың (яғни соңынан ергендердің) күнәсындай күнә жазылады әрі олардың күнәсынан еш нәрсе кемімейді» (Муслим). |
| 57 | **Сусын ішуге қатысты тыйымдар.** | «Аллаһтың елшісі (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) торсықтың аузынан ішуге тыйым салған» (Әл-Бұхари); «Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) түрегеп ішуден қайтарған еді» (Муслим); «Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) |

| | | |
|---|---|---|
| | | сусынға үрлеуге тыйым салды» **(Әт-Тирмизи)**. |
| 58 | **Алтын немесе күміс ыдыстардан ішу.** | «Алтын-күміс ыдыстардан сусын ішуші болмаңдар және жібек пен паршадан киім кимеңдер. Өйткені бұл оларға бұл дүниеде берілсе, сендерге ақыретте беріледі» **(Әл-Бұхари)**. |
| 59 | **Ыдысты сол қолымен ұстап ішу.** | «Сендерден ешбіреу де сол қолымен жемесін және ішпесін, өйткені шайтан сол қолымен жейді және сол қолымен ішеді» **(Муслим)**. |
| 60 | **Туыстық қатынасты үзу.** | «(Туыстық қатынасты) үзген адам жәннатқа кірмейді» **(Әл-Бұхари және Муслим).** |
| 61 | **Пайғамбарға (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) салауат айтуды тәрк ету.** | «Алдында атым аталып, маған салауат айтпаған адам қор болғай» **(Муслим)**; «Алдында атым аталып, маған салауат айтпаған адам—сараң адам» **(Әт-Тирмизи)**. |
| 62 | **Ит асырау.** | «Кімде-кім аңшылық не мал бағудан басқа себеппен ит асыраса, әр күні үшін сауабынан екі қират сауап кеміп тұрады» **(Муслим)**. |
| 63 | **Жануарларды қинау.** | «Бір әйел бір мысыққа бола азапқа душар болды. Ол әйел мысықты өлгенінше қамауда ұстады да, соған бола тозаққа кірді» **(Муслим)**; «Жаны бар нәрселерді нысана етіп алмаңдар» **(Муслим)**. |
| 64 | **Малдарға қоңырау ілу.** | «Періштелер арасында ит не қоңырау болған топпен бірге жүрмейді»; «Қоңырау шайтанның әуенінен» **(Муслим)**. |
| 65 | **Күнәкарға дүние игіліктері берілсе.** | «Егер Аллаһтың бір пендесіне күнә жасағанына қарамастан, өзі ұнатқан дүние бергенін көрсең, оның еліктіру (истидраж) екенін біл», - деп, сосын: «Олар өздеріне айтылған үгітті ұмытқан кезде Біз оларға барлық нәрсенің есігін аштық. Олар өздеріне берілгенге қуанған кезде оларды үміттерін үзген күйде кенеттен жазаладық» деген аятты оқыды» **(Ахмад)**. |
| 66 | **Дүниені (басқадан) артық көру.** | «Кімнің уайымы дүние болса, Аллаһ оның мұқтаждығын көз алдына келтіреді, оны керек адамдарынан ажыратады және дүниеден тағдыр еткенінен басқа еш нәрсе бермейді» **(Ахмад және Әт-Тирмизи).** |

# МӘҢГІЛІККЕ САПАР

**Сенің жәннатқа немесе тозаққа барар жолың**

***«Ей, иман келтіргендер! Әркім ертеңге не әзірлегеніне қарасын!»***

## ●●● ҚАБІР:

Бұл—ақыреттің алғашқы мекені. Кәпір мен мұнафиқ үшін тозақтың бір шұңқыры болса, мүмін үшін жәннаттың бағы. Ол жердегі азап күнәларға қарай беріледі. Атап айтсақ, зәрден (кіші дәреттен) толық тазаланбау, өсек айту, олжаны жымқыру, өтірік айту, намазға ұйықтап қалу, Құранды тәрк ету, ойнастық (зина), бір жынысты қатынастар, өсімқорлық, қарызды қайтармау және т.б. Қабір азабынан құтқаратын нәрселер: Аллаһ үшін жасалған ізгі амал, Аллаһтан қабір азабынан сақтасын деп, панасына алуын тілеу, «Мүлік» (Тәбарак) сүресін оқу және т.б. Қабір азабынан шәһид, Аллаһ жолында болған кісі, жұма күні дүниеден өткен адам, іш ауруларынан қайтыс болған кісі және т.б. құтылады.

## ●●● СҰР ҮРЛЕУ.

Сұр—Исрафил періште ұстап тұрған алып керней. Бұйрық берілген кезде ол осы кернейге үрлейді. «**Үрейге салу»** үрлеуінде бүкіл болмыс құриды. Бұл туралы Құранда: «***Сұр үрленетін күні Аллаһ қалағандардан басқа аспандарда және жерде болғандар шошиды»*** делінген. Одан қырық өтіп «**қайта тірілу»** үрлеуі болады. Аллаһ тағала: ***«Одан соң оған тағы да бір үрленеді де, олар (қабірлерінен) тұрып, (есепті) күтуде болады»***,— деген.

## ●●● ҚАЙТА ТІРІЛУ.

Содан кейін Аллаһ тағала жаңбыр жаудырып, денелер (жер астында қалған құйымшақтан) өсе бастайды. Олар **ешқашан өлмейтін**, жалаңаш, сүндеттелмеген **жаңа бір жаратылыс** болады. Олар періштелер мен жындарды көре алады. Не істеп өлген болса, сол амалды жасаған күйлерінде тіріледі.

## ●●● МАХШАРҒА ЖИНАЛУ.

Аллаһ тағала бүкіл жаратылғандарды есеп үшін жинайды. Олар ұзақтығы елу мың жыл жалғасатын күннен қорыққанынан үрейленіп, (мас адамдай) естерін жоғалтып тұрады. Бұл дүние өмірі оларға бір сағаттай ғана болып көрінеді. Күн (бір миль мөлшеріндей) төмендеп, әрбір адам күнәларына қарай теріне батады. Осы кезде әлсіздер тәкаппарлармен (жәбірленгендер жәбірлеушілермен), әрбір кәпір өзіне бекітілген жынымен, шайтанымен және денесінің мүшелерімен дауласып, бір-біріне қарғыс айтатын болады. Әділетсіздер (залымдар) өз қолдарын шайнап, әр шынжырдың басында жетпіс мың періште болған жетпіс мың шынжырмен маталып тозаққа қарай сүйретіледі. Тозақты көрген кәпір өз орнына өтем (бодау) беруді немесе топыраққа айналып кетуді қалайды. Күнәкарлардың жағдайы күнәларымен байланысты болады. Зекет бермегеннің малы қыздырылып, өзін күйдіреді. Тәкаппарлар құмырсқа сияқты жиналады; сатқын (қиянат қылушы), олжаны жымқырушы және жерді басып алушылар әшкереленіп, қылмыстары аян болады. Ұры ұрлаған нәрсесімен келеді, құпиялар

ашылады. Ал тақуалар болса, мүлде қиналмайды. Бұл күн олар үшін бесін намазының уақытындай өтіп кетеді.

## ●●● ШАПАҒАТ:

**Ұлы шапағат**—Пайғамбарға (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) ғана тән болып, ол Махшар күні Аллаһтың адамдардан бәле-апаттарды кетіруін және есептерінен құтқаруын сұрап араға түседі. Шапағаттың екінші түрі—**жалпы шапағат**, оны Пайғамбар (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) және одан басқалар да жасай алады (мысалы, мүміндерді тозақтан шығару, олардың дәрежесін көтеру).

## ●●● ЕСЕПКЕ ТАРТЫЛУ.

Адамдар Раббыларының алдында сап-сап болып тізіліп тұрады. Аллаһ оларға амалдарын көрсетіп, оларды амалдары, өмірі, жастық шағы, малы, білімі, серттері, берілген игіліктер, құлағы, көзі және жүректері үшін есепке тартады. Кәпірлер мен мұнафиқтар есепке жазғырылу және оларға қарсы айғақтың орнатылуы үшін барша жаратылыстың алдында сұралады. Адамдар, жер, күндер мен түндер, мал-мүлкі, періштелер мен дене мүшелері оларға қарсы куәлік береді де, олардың күнәкар екендігі дәлелденіп, күнәларын мойындайды. Мүмін Аллаһпен оңаша қалады. Раббысы оған өз күнәларын мойындатқызып, ол өзін құрыдым деп ойлаған кезде, Аллаһ оған: *«Мен күнәларыңды сенің пайдаңа дүниеде жасырдым және Мен бүгін оларды сен үшін кешіремін»*,—дейді. Бірінші болып Мұхаммедтің (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) үмбеті есеп береді. Адамдардан ең алдымен есеп алынатын амал—намаз. Ең алғашқы үкім нақақ өлтірілгендерге шығарылады (яғни ең алдымен нақақ өлтірілген адамның кегі қайтарылады).

## ●●● АМАЛ ДӘПТЕРЛЕРІНІҢ БЕРІЛУІ.

Содан соң амал дәптерлері таратылады. **«Үлкен-кіші (амалдары) қалдырылмай жазылған амал дәптерін»** мүміндер оң қолымен алса, кәпірлер мен мұнафиқтар оны сол қолымен, арт жағынан алады.

## ●●● МИЗАН-ТАРАЗЫ.

Содан кейін жаратылғандардың қайтарым сыйы не жазасы берілуі үшін амалдар тура екі басы бар, шынайы таразыға тартылып өлшенеді. Онда шариғатқа сәйкес, Аллаһ разылығы үшін жасалған амалдар ауыр тартады. Таразыны «Лә иләһа илләллаһ» сөзі, «Әлхамду лилләһ; Субханаллаһи уә бихамдиһи, субханаллаһил-ъазыйм» зикрі ауырлатады. Адамдарға қатысты шешім олардың сауап-күнәларына қарай шығарылады.

## ● ХАУЫЗ (КӨЛ).

Содан соң мүміндер Хауыздың қасынан өтеді. Кім одан ішсе, бұдан кейін ешқашан шөлдемейді. Әр пайғамбардың өз хауызы болады. Оның ең үлкені Пайғамбарымызға (саллаллаху ъалэйhи уа саллам) тән. Хауыздың суы сүттен ақ, балдан тәтті, иісі әтірден де жағымды. Алтын-күмістен жасалған ыдыстарының саны аспандағы жұлдыздар санымен бірдей. Хауыздың ұзақтығы Иорданиядағы Айла қаласынан Йемендегі Аден қаласының қашықтығындай, Оның суы Кәусар өзенінен келіп тұрады.

## ●● МҮМІНДЕРДІҢ СЫНАҒЫ.

Махшар күнінің соңында кәпірлер (бұл дүниеде) өздері табынған тәңірлерінің артынан ереді. Олар отқа қарай қой отары секілді аяқтары не беттерімен топ-топ болып келеді. Сөйтіп ол жерде мүміндер мен мұнафиқтер ғана қалады. Аллаһ тағала оларға келіп: «Не күтіп тұрсыңдар?» деп айтады. Олар: «Раббымызды күтіп тұрмыз» дейді. Мүміндер мен мұнафиқтар Оны ашып көрсеткен балтырынан таниды. Сол кезде мүміндер сәждеге жығылып, мұнафиқтар еңкейе алмай қалады. Аллаһ тағала: **«*Ол күні балтыр ашылады да, олар сәжде жасауға шақырылып, (мұнафиқтар) жасай алмайды*»** **(Қалам, 42)** деген. Олар Аллаһтың соңынан ілесіп бара жатқанда алдарынан Сырат көпірі орнатылады. Оның қасында мүміндерге нұр беріледі де, мұнафиқтардың нұры өшіріледі.

## • СЫРАТ (КӨПІР).

Сырат деп мүміндердің жәннатқа өтуі үшін тозақ үстінен орнатылған көпірді айтады. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) оны: *«**Ол өте тайғанақ, онда пальманың ... тікенектеріндей іліп алатын бағандар мен қармақтар бар. Ол көпір қылдан жіңішке, қылыштан өткір**»*,—деп сипаттаған **(Муслим)**. Сыраттың қасында мүміндерге амалдарына қарай нұр беріледі. Оның ең үлкені таудай болса, ең кішкентайы аяқтың басбармағындай болады. Нұрлары түсіп тұрып, олар Сыраттан амалдарына қарай жылдамдықпен өтеді. Мүміндердің кейбірі қас қағым сәтте (көзді ашып жұмғанша) өтсе, басқалары найзағай, жел, құс, асыл текті аттар (сәйгүліктер) немесе түйелер сияқты өтеді. Хадистердің бірінде *«**Мұсылмандардан әрең өтетіндер, денелерін жырып өтетіндер және тозаққа құлайтындар бар**»* делінген **(әл-Бұхари, Муслим)**. Алайда мұнафиқтарда нұр болмайды да, олар қайтып кетеді. Одан соң олар мен мүміндердің арасында дуал орнатылады. Мұнафиқтар сырат үстімен өтпекші болғанымен, тозаққа құлап түседі.

## •• ТОЗАҚ.

Тозаққа кәпірлер, кейбір мұсылман күнәкарлар, одан соң мұнафиқтар кіреді. Әрбір мың адамның тоғыз жүз тоқсан тоғызы тозақта болады. Оның жеті есігі бар. Тозақ оты дүние отынан жетпіс есе қатты болады. Тозақ азабын тату үшін онда кәпірлердің денесі ұлғайып (үлкейіп), екі иығының арасы үш күндік жолдай, бір тісі Ухуд тауындай болады. Сол сияқты азапты тату үшін күйіп, жанып кеткен терісінің орнына басқа тері пайда болып, қайта-қайта азапталады. Олардың ішетіні ішекті үзетін қайнап тұрған су болса, тамағы зәққум ағашының жемістері (тікенектер), қан және ірің болады. Азаптың ең жеңілі—аяқтарының астынан жанған екі көмірден милары қайнайды. Тозақта терінің жанып, қайта шығуы, балқыту, бет күйдіру, жерге сүйрету, беттердің қараюы, шынжырлар мен бұғаулар болады. Тозақтың түбі өте алыс. Ішіне жаңа туылған нәресте тасталса, түбіне жетпістегі қария болып жетеді. Тозақтың отыны кәпірлер мен тастар; ауасы сәмум (заһарлы жел), көлеңкесі ыстық қара түтін, киімі от болады. От ешбір нәрсені қалдырмай бәрін жалмайды, долданып өкіреді, теріні күйдіргенде, от сүйек пен жүрекке жетеді.

## ● ҚАНТАРА

(Жәннат пен тозақ арасындағы орын). Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): *«Мүміндер тозақтан құтылып жәннат пен тозақ арасындағы орынға жиналады. Олар бұл дүниеде бір-біріне жасаған әділетсіздік-зұлымдықтарының өшін алады. Олар тазарып, (күнәларынан) арылғанда, оларға жәннатқа кіру рұқсат етіледі. Мұхаммедтің жаны қолында болған (Аллаһпен) ант етемін, әркім жәннаттағы үйін бұл дүниедегі үйінен тезірек табады»*,—деген **(әл-Бұхари).**

## ● ЖӘННАТ.

Жәннат—мүміндердің баратын орны. Ондағы құрылыстар алтын мен күмістен салынып, хош иісті әтірмен сыланады, тастары жақұт пен маржан болып, топырағы зағфаран болады. Жәннаттың сегіз есігі бар. Әрбір есіктің ені үш күндік жол болса да, адамдар одан сығылысып кіреді. Жәннатта жүз дәреже бар. Әр екі дәреженің арасы жер мен аспанның арасындай. Оның ең жоғарғысы Фирдаус, жәннат өзендері содан бастау алып, төбесі Рахманның (аса Мейірімді Аллаһтың) аршысы болады. Жәннат өзендері балдан, сүттен, шараптан және судан болады. Өзендерде ор болмайды, мүміндер оны қалағандарынша ағызады. Ондағы жемістер әрдайым қол жетерлік жерде төмен тұрады. Жәннатта інжуден жасалған шатыр бар, ені алпыс миль, әр бұрышында мекендеушілер (жұбайлар) отырады. Олардың денесі түксіз, көздері қап-қара болады. Олар онда қартаймайды да, киімдері тозбайды. Олардың денесінен нәжіс шықпайды әрі олар онда лас нәрселерді көрмейді. Тарақтары алтыннан, шыққан терлері хош иісті әтір болады. Әйелдері сұлу, ер көрмеген жас, күйеулері оларды жақсы көретін, өздерімен жасты қыздар болады. Жәннатқа бірінші болып Мұхаммед және пайғамбарлар кіреді, ең аз нәрсені қалаған кісіге қалағанынан он есе көбейтіліп беріледі. Ондағы қызметшілер ашылмаған сәдептегі маржандай, жасы өзгермейтін бозбалалар болады. Жәннаттағы игіліктердің ең үлкені—Аллаһты көру, Оның разылығы және мәңгі өмір.

**Ескерту:** ● **мүмін** ● **мұнафиқ және** ● **кәпірдің** басынан өтетін жағдайлар ең соңғысына жеткенше бірінің артынан бірі жалғасып келеді.

# Дәрет алудың тәртібі

**Дәрет тек қана таза сумен алынады. Таза су деп түп негізгі қалпында қалған немесе түсі не иісі яки дәмі таза нәрсе себепті өзгерген суды айтады. Мысалы, ұзақ уақыт тұрғандықтан өзгеріске ұшыраған су сияқты.** ✷ Өте ыстық немесе тым суық сумен дәрет алу және дәрет алып жатқан кезде сөйлеу мәкруһ. ✷ Азғантай су нәжіс тиюімен ластанады (нәжістеледі). Ал көп мөлшердегі (210 литр шамасындағы) су болса, түсі не иісі немесе дәмі өзгерген жағдайда ғана нәжіс болып табылады.

**Дәрет алуды «Бисмилләһ» деп бастау және әрбір дәрет алғанда екі қолды білекке дейін жуу мұстахаб. Түнгі ұйқыдан оянған адам қолдарын үш қайтара жууы керек.** ✷ «Бисмилләһ» деп айтуды ұмытса, дәреті дұрыс. Егер оны дәрет алып жатқан кезінде есіне түсірсе, атайды да, дәретін үзбестен жалғастыра береді. ✷ Әр мүшені үш реттен артық жуу мәкруһ.

**Содан соң бір рет аузын шаяды. Ауыздағы су міндетті түрде шайқалу керек (бұны «мадмада» деп айтады). Ауызды үш рет шаю мұстахаб.** ✷ Ауызды осы сипаттан басқаша шаюға болмайды. ✷ Ауыз шайғаннан кейін суды жұтып қою мәкруһ емес. ✷ Ауыз шайғанда мисуак қолдану мұстахаб. ✷ Ауыз шаятын су мен мұрын шаятын суды бір уыста біріктіру мұстахаб (яғни бір уыс сумен ауызды да шаю, мұрынға да су жіберу). Уысындағы судың бір бөлігімен аузын шайса, қалғанымен мұрнына су жіберіп, сіңбіріп тазалайды.

**Содан кейін кейін мұрнына бір рет су жүгіртеді. Суды мұрынның екі тесігіне де дем алып кіргізу керек. Бұны үш рет жасау мұстахаб. (Мұрынға су алып тазалауды «истиншақ» деп айтады).**
✷ Мұрынды айтылған тәртіптен өзгеше тазалау болмайды. ✷ Мұрынға суды оң қолмен алып, сіңбіргенде мұрынды сол қолмен ұстау мұстахаб. ✷ Ораза болмаған жағдайда ауыз немесе мұрынға алынатын суды терең жіберу мұстахаб.

**Мұнан соң бетті жуады. Бет деп екі құлақтың арасын және маңдайдағы шаштың шеті мен иектің арасын айтады.** ✷ Сақал жұқа болса, арасына саусақтарды кіргізіп салалап жуу (су тигізу) уәжіп, сақалы қалың болғанға мұстахаб. ✷ Бетті сипау оны жуудың орнына жүрмейді. ✷ Ауыз бен мұрын бетті жуудан бұрын шайылуы мұстахаб. ✷ Бет жуғанда көздердің ішін жуу мәкруһ. ✷ Бет жуғанда суды ысырап қылмастан, молырақ пайдалану мұстахаб.

**Одан соң саусақтарының басынан бастап, екі шынтаққа дейінгі аралықта, шынтақтарымен қоса, екі қолын жуады.** ✷ Қолдарды шынтаққа дейін жуғанда алдымен оң, кейін сол қолды ысқылап жуу мұстахаб. ✷ Дәрет аларда алақандарды жуу мұстахаб болса, бұл жерде уәжіп болады, оларды дәрет аларда жуған жетпейді. ✷ Саусақтардың арасын жуу мұстахаб.

**Содан соң маңдай шетінен бастап желкеге қарай бастың сыртын қолдарымен мәсіх тартып, кейін кері қайтарады. Мәсіхті бастан еш нәрсені қалдырмай жасау керек. Одан соң сұқ саусағын құлақтарына кіргізіп, оның ішіне, ал басбармақпен құлақтың сыртына мәсіх тартады. Бірақ қалай мәсіх тартса да жарай береді.** ✷ Желкеден төмен жіберілген шашқа мәсіх тарту уәжіп емес. ✷ Шаш болмағанда мәсіх бастың өзіне тартылады. ✷ Самайлар бас атауына кіргендіктен, оған мәсіх тарту керек. ✷ Басқа бір реттен артық мәсіх тарту мәкруһ. ✷ Басқа мәсіх тартудың орнына шашты жуу жараса да, ол мәкруһ болып табылады

**Сонан соң аяқтарды тобықтарымен қосып жуады.**
✷ Аяқ жууды оң жақтан бастау әрі оларды ысқылап жуу мұстахаб.
✷ Башпайлардың арасын салалап жуу мұстахаб.

**Дәрет алудың шарттары:** ***<u>Реттілік</u>***, жуылатын мүшелерді келесі тәртіп бойынша жуу: дәретті ауыз, содан соң мұрынды шаюдан бастау, содан кейін бетті, одан соң қолдарды жуу, содан соң басқа мәсіх тарту, содан кейін аяқтарды жуу. ***<u>Тәртіппен жуу, бірізділік</u>***, яғни бір мүшені алдыңғы мүше кеппей тұрып жуу шарт. Бұны «муәлә» деп айтады.
✷ Дәрет алғаннан кейін мүшелерді сүлгімен сүрту рұқсат етілгенімен (мубах), сүртпеген абзал. ✷ Дәрет алғаннан кейін суды дене мүшелерден сілку мәкруһ. ✷ Барлық мүшелерді бір сәтте жуумен (мысалы, дәрет алу ниетімен ваннаға сүңгу) дәрет алынған болып саналмайды, себебі реттілік шарты орындалмайды. ✷ Дәрет алып болғаннан кейін **«*Әшһаду әллә иләһа илләллаһу уәхдаһу лә шәрика ләһу уә әшһаду әннә Мухаммәдән ъабдуһу уә расулуһ, Аллаһум-мажъални минәт-тәууәбина уәжъални минәл-мутатаһһирин*»** «Серігі жоқ Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне куәлік беремін және Мухаммад Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін. Я, Аллаһ! Мені тәубе етушілерден және тазарушылардан ете гөр».
**деп айту және одан кейін екі ракағат намаз оқу—сүннет амалдарына жатады.**

# Намаз оқудың тәртібі (үлгісі)

**1. Намазға тұрғанда, намазды: «*Аллаһу әкбар*» деп бастайды. Имам артында тұрғандардың естуі үшін тәкбірлерді дауыстап айтса, басқалар ішінен айтады. Тәкбір айтқанда саусақтардың арасын ашпай, қолдарын иық тұсына көтереді. Ұюшы тәкбірді имам айтып болғаннан кейін айтады.**

✷ Алғашқы тәкбірді айтқанда намаз оқушының тік тұруы уәжіп. Тәкбір тек қана тұруға шамасы келмегеннен басқа біреудің отырып немесе бүкірейген күйінде жасалса дұрыс саналмайды. ✷ Намаз оқушының алдына «сутра» (бөгет) қоюы мұстахаб. «Сутра» намаз оқушыдан жақын тұрады. Имамның «сутрасы» ұйығандарға да жарайды.

✷ Ниеттің орны жүрек болғандықтан, оны дауыстап айту (тілмен айту) уәжіп емес.

✷ Тәкбір айтқанда қолдарды тым жоғары не тым төмен көтеру дұрыс емес.

✷ Сөзбен орындалатын негіздер мен уәжіптерді іштен оқылатын намаздарда болса да, өзі еститін етіп тілмен айту уәжіп. Жасырын оқу кемінде өзі еститіндей болуы керек.

✷ Намазда бұрылу, жоғары қарау, көздерді жұму, иыққа сүйеніп не бүйірін таянып тұру, қажетсіз бір аяққа тұру, аяқтарды біріктіру немесе арасын шектен тыс ашу мәкруһ.

✷ Тәкбір жасағанда қолдарды көтеру төрт жерде мұстахаб болады: алғашқы тәкбір жасағанда, рукуғ, рукуғтан көтерілгенде, бірінші тәшәһһудтан тұрғанда.

**2.** Оң қолдың алақанын сол қолдың не білектің үстіне қойып, оларды кеуде астына байлау және сәжде жасайтын жерге қарау. Содан соң сүннетте келген намаздың басында айтылатын дұғалардың бірін оқу. Сонан соң «***Әъузу-бисмилләһ***», «***Бисмилләһир-рахманир-рахим***»-ді оқу. Мұның барлығы да жасырын айтылады. Одан соң «Фатиха» сүресі мен Құраннан жатқа білген сүре-аяттар оқылады. Имам таң намазын, ақшам және құптан намаздарының алғашқы екі ракағатын дауыстап, ал одан басқасын дауыстамай оқиды.

✷ Бір ракағатта «Фатиха» сүресін қайталап оқу мәкруһ. Сол сияқты алғашқы екі ракағатта «Фатиха» сүресінің өзін ғана оқу да мәкруһ. ✷ Имам «Фатиханы» дауыстап оқыса, ұюшыға оны оқу уәжіп емес, имамның оқығаны жеткілікті, бірақ имам үндемей тұрғанда оқу мұстахаб.

✷ Бір сүрені екі ракағатта оқу, оны екі ракағатта бөліп оқу және бір ракағатта бірнеше сүре оқу мәкруһ емес. Сонымен бірге, сүрелерді соңынан не ортасынан немесе сүрелердің бірінен соң келесісін сақтау да мәкруһ емес. Намаздарда әртүрлі сүрелерді оқуға болатынын біле тұрып (мойындай отырып), бір сүрені оқуды ұстану да мәкруһ емес. Сүрелерді Құранда орналасу тәртібі бойынша оқу мұстахаб, ал тәртіпті бұзып оқу мәкруһ. Алайда аяттардың тәртібі мен бір аяттағы сөздердің тәртібін бұзып оқу харам.

**3.** Содан соң тәкбір айтып, қолдарды көтереді де, еңкейіп рукуғқа барады. Қолдар тізенің үстіне, тізелерді қысып тұрғандай етіп қойылады. Саусақтардың арасы ашық болады. Арқасын созып, басы мен арқасын бір қалыпта ұстайды. Рукуғта «***Субхана Раббиял-Ъазыйм***» **Мағынасы:** «Ұлы Раббым (кемшілік атаулыдан) Пәк!» деп айтылады. Тасбихты бір рет айтумен шектелу мәкруһ. Толық болу үшін тасбихты кем дегенде үш рет айту керек.

✷ Тәкбір және рукуғтан көтерілгенде айтылатын зікір бір халден екінше халге көшкен сәтте айтылу керек. Оны өз амалынан бұрын не кейін айту дұрыс емес. Өйткені ол кезде басқа амалдар жасалады.

✷ Рукуғтың жарамды болып есептелуі үшін кем дегенде алақандар тізеге тигізілуі керек. Шала еңкею немесе басты белден төмен түсіру дұрыс емес.

✷ Рукуғқа үлгерген кісі сол ракағатқа үлгерген болып есептеледі. Ракағатқа үлгерген болып есептелу үшін кешігіп келген адам рукуғқа имам басын рукуғтан көтермей тұрып бару керек.

✷ Намаз оқымақшы болған адам мешітке кіргенде имам рукуғтан көтерілген болса, имамға ілесіп, сол ракағатты имаммен бірге аяғына дейін оқу мұстахаб, және сол ракағатты соңыра оқиды.

✷ Рукуғ немесе сәждеде Құран оқу мәкруһ. Бірақ Құранда келген дұғаны (мысалы, «Раббана этина» дұғасын) оқуды қаласа, оқасы жоқ.

**4.** Одан соң «***Сәмиъаллаһу лимән хамидәһ***» **Мағынасы:** «Аллаһ Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естіді (естісін)». деп рукуғтан көтеріледі де, қолдарын көтереді. Тік тұрғанда «***Раббана уә ләкәл-хамд, хамдән кәсиран таййбан мубаракан фиһ, мил-ус-самауати уә мил-ул әрди уә мил-у ма ши'та***» **Мағынасы:** «Раббымыз! Саған мақтау-мадақ, көп-көп, ізгі әрі берекелі мақтау-мадақтар болсын және ол көктер мен жерді толтырсын, әрі Өзің қалаған нәрселерді де толтырсын!» деп айтадолы.

✷ «Раббана уә ләкал-хамд» сөзі рукуғтан толық көтеріліп болғаннан кейін айтылуы тиіс. Бұл зікірді одан бұрын айтуға болмайды.

✷ Рукуғтан кейін қолдарды көтергеннен соң оны жіберуге немесе оң қолды сол қолдың үстіне қойып байлай тұруға болады.

✷ Пайғамбардан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) дұрыс жолдармен жеткен рукуғтан кейін айтылатын «хамд» сөздері төртеу: **1)** Раббана уә ләкал-хамд; **2)** Раббана ләкал-хамд; **3)** Аллаһумма Раббана уә ләкал-хамд; **4)** Аллаһумма Раббана ләкал-хамд. Бұларды алма-кезек айтып тұру мұстахаб.

✷ рукуғтан көтерілгенде қол дұға сұрағандай жайылмайды. Себебі, бізге пайғамбардан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) ондай сипат жеткен жоқ.

**5.** Одан кейін тәкбір айтып сәждеге барады. Сәждеде шынтақты бүйірден, қарынды тізеден және тізені балтырдан ажыратып ұстайды. Алақандар иық тұсына қойылады да, саусақтар мен аяқтардың ұшы құбылаға қаратылады. Одан соң: «***Субхана Раббиял-Әъла***» **Мағынасы:** «Аса Жоғары Раббым Пәк!» деп айтады. Бұл тасбихты үш рет айту сүннет. Алайда оны үштен көбірек айтуға немесе сүннетте келген басқа дұғаларды айтуға да болады.

✷ Білектерді жерге төсеу мәкруһ. (Бұл «ифтирашус-сабъу»)

✷ Шынтақты бүйірден ажыратып ұстағанда қасында оқып тұрғандарға зиян тигізбеуі шарт, егер ешкімге зиян тигізбесе мұстахаб болады. Сәждені ұзақ жасаған жағдайда шынтақтарды тізеге сүйеуге (тіреуге) болады.

✷ Сәжденің жеті мүше арқылы орындалуы уәжіп. Олар: екі аяқтың ұшы, екі тізе, екі алақан және маңдай мен мұрын. Осы мүшелердің бірі сәжде етуде әдейі тәрк етілсе намаз бұзылады.

**6.** Одан соң тәкбір айтып басын көтереді де отырады. Сәжделер арасындағы отырыстың дұрыс екі түрі бар: **1)** Сол аяқты жайып, үстіне отыру және оң аяқты жерге тіреп, башпайларын құбылаға қарату. **2)** Табандарды жерге тіреп, башпайларды құбылаға қарату және өкшелерінің үстіне отыру. Сәжделер арасында үш рет «***Раббиғ-фирли***» **Мағынасы:** «Раббым, мені кешіре гөр!» деп айтылады. Әйтпесе, «***Раббиғ-фирли уәр-хамни уәж-бурни уәр-фаъни уәр-зуқни уән-сурни уәһ-дини уә ъафини уәъ-фу ъанни***» **Мағынасы:** «Раббым! Мені кешіре гөр! Маған рақым ете гөр, мені Өзің оңдап, маған есендік бер, мені жоғары (дәрежеге) көтер, маған ризық-несібе бер, маған көмектесе гөр, мені тура жолға бастай гөр, маған ден саулық бер әрі мені кешір!» деп айтса да болады. Одан соң екінші сәждеге барып, оны бірінші сәждені жасағандай жасайды да, аяқтарының ұшымен қайта түрегеліп, екінші ракағатты біріншісіндей етіп оқиды.

✷ Осы екі суретте көрсетілген отырыстардан басқаша отыру мәкруһ, өйткені одан басқаша отыру сүннетте келмеген.

✷ Келесі ракағатқа тұрғанға дейін сәл отыру рұқсат етіледі. Оны «жәлсату истираха» деп айтады. Бұл отырыс екі сәжде арасындағы отырыс сияқты, бірақ одан қысқа әрі одан кейін көтерілу керек. Егер «истираха» отырысына отыратын болса, тәкбір отырыс үшін айтылады. Көтерілу үшін тәкбир айтудың қажеті жоқ.

✷ «Фатиха» сүресі толық көтеріліп болғаннан кейін оқылады. Өйткені ол тік тұрған кезде оқылуы керек. Егер толық тұрмастан бұрын оқыла бастаса, тұрғаннан соң басынан бастап қайта оқылады. Бұны әдейі істесе, намаз бұзылады.

**7.** Екі ракағатты оқып болған соң «ифтираш» түрінде отырып, сол қолды сол санның, оң қолды оң санның үстіне қойып, балаң саусақ пен шынашақты бүгеді де, басбармақ пен ортаңғы саусақты шеңберлей ұстап, сұқ саусағымен ишарат жасайды. Бұл отырыста «тәшәһһуд» дұғасы (**«*Әт-тахияту лилләһи уәс-салауату уәт-таййибат* ...»**) ғана оқылады. Одан соң тәкбір айтып көтеріледі де, қолдарды көтеріп, үшінші және төртінші ракағаттарды оқиды. Соңғы екі ракағат алғашқы екі ракағаттай орындалады, алайда онда жасырын (дауыстамай) «Фатиха» сүресі ғана оқылады.

✷ Тәшәһһуд кезінде оң қолдың сұқ саусағына қарап отыру мұстахаб.

✷ Сұқ саусақты көтеріп, тәшәһһуд кезінде сәл көтеріп тұру мұстахаб.

✷ Намаз үш немесе төрт ракағаттан болса бұл жердегі отырысты «Әт-тәхиятты» бітіргеннен кейін созбау мұстахаб.

**8.** Үш немесе төрт ракағаттық намаздардың соңғы ракағатындағы сәжделерден кейін тәуаррук күйінде соңғы тәшәһһудке отырады. Дұрыс тәуарруктің үш түрі (көрінісі) бар. Сондай-ақ тәуаррук тек екі тәшәһһуды бар намаздардың (яғни 3 немесе 4 ракағатты намаздардың) соңғы отырысында ғана қолданылады. Одан соң тәшәһһуд дұғасы (**«*Әт-тахияту лилләһи уәс-салауату уәт-таййибат*...»**) мен салауаттарды (**«*Аллаһумма салли ъалә Мухаммад, уә ъалә әлі Мухаммад*»**) оқып, кейін қалаған дұғаларын тілейді.

✷ «Тәуәррук» түрлері: **1)** Сол аяғын жатқызып, ұшын оң аяғының астынан шығарады. Сол аяғы мен саны жерге төселеді. Оң аяғын жерге тіреп, құйрығымен жерге отырады; **2)** Біріншісіндей, алайда оң аяғын жерге тіремейді; **3)** Біріншісіндей, алайда сол аяқтың ұшы оң аяқтың балтыры мен санының арасынан шығарылады.

✷ Соңғы тәшәһһудтен кейін келесі дұғаларды оқу мұстахаб: **«*Әъузу билләһи мин ъазабин-нар, уә ъазабил-қабр, уә фитнатил-махия-и уәл-мамати уә фитнати масихид-дажжал*»** **Мағынасы:** «Я, Аллаһ! Расында, мен қабір азабынан, Тозақ азабынан, өмір мен өлім бүлігінен және Мәсих Дәжжәл бүлігінің кесірінен Өзіңе сиынамын!»; **«*Аллаһумма инни заламту нафси зулман кәсира уә лә яғфируз-зунуба иллә әнта фағ-фир ли мағфиратан мин ъиндика уәр-хамни иннака әнтал-Ғафурур-Рахим*»**. **Мағынасы:** «Я, Аллаһ! Шын мәнінде, мен өзіме аса көп зұлымдық жасадым. Күнәларды кешіретін Өзіңнен басқа ешкім жоқ. Өз жарылқауыңмен мені кешір де, маған рақым ет. Расында, Сен аса Жарылқаушы, ерекше Рахымдысың!» ✷ Отырыста қажеті болмаса қолға сүйеніп отыру мәкруһ.

**9.** Намаз соңында екі жаққа сәлем береді. Алдымен оң жаққа қарап **«*Әс-сәләму ъаләйкум уә рахматуллаһ*», кейін сол жаққа қарап, «*Әс-сәләму ъаләйкум уә рахматуллаһ*»** делінеді. Сәлем бергеннен кейін намаз оқыған жерінен тұрмастан, сүннетте келген сәлемнен кейінгі дұға оқылады.

✷ Сәлем бергенде екі жаққа бұрылу және оң жаққа сол жақтан бұрын бұрылу мұстахаб.

✷ Сәлем бергенде қолдарды оң не солға қарай қозғау немесе оны көтеріп, кейін түсіру мәкруһ.

# БІЛІМНІҢ АМАЛДЫ ТАЛАП ЕТУІ

* Амалсыз білім Аллаһ, пайғамбар және мүміндер тарапынан жазғырылған (датталған) нәрсе болып табылады. Аллаһ тағала: «***Ей, иман келтіргендер! Істемейтін нәрселеріңді не үшін айтасыңдар? Істемейтін нәрсені айту—Аллаһтың алдында өте жеккөрініште*»,**—дейді (Саф, 2-3). Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Амал жасалмаған білім Аллаһ жолында жұмсалмаған қазына секілді»,—деген. Әл-Фудайл (Аллаһ оған рақым етсін): «Ғалым білгеніне амал жасамайынша надан болып қала береді»,— деді. **Мәлик ибн Динар** (Аллаһ оған рақым етсін): «Бір адамдар кездеседі, дұрыс сөйлегенде сөзінен бір қате таппайсың, бірақ істерінің бәрі қате».

**Мұсылман бауырлар, әпке-қарындастар!** Аллаһ сіздерге осы пайдалы кітапты оқып шығуды нәсіп етті. Енді сіздерге оқудың жемісі болған—оқығандарыңыз бойынша амал жасау қалып тұр.

* Сіз Құранның кейбір сүрелері мен оның тәпсірін оқыдыңыз сондықтан осы аяттардың мағынасына сәйкес амал жасап, оны іс жүзінде қолдануға тырысыңыз. Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) сахабалары одан (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) он аят үйренсе, үйренген аяттарда қандай білім бар екенін анықтап, оған амал жасамайынша келесі он аятқа өтпейтін. Олар шариғатымыз шақырғандай: «Біз білім мен амал жасауды қатарынан алдық» дейтін. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) **«Олар Құранды шынайы түрде оқиды»** **(Бақара сүресі, 121 аят)** деген аятты «Олар Құранға шынайы түрде ілеседі» деп түсіндірген. Әл-Фудайл (Аллаһ оған рақым етсін): «Негізінде, Құран оған сәйкес амал жасалу үшін түсірілген, алайда адамдар өздеріне Құранның оқылуын (ғана) амал етіп алды»,—деген (яғни Құран бойынша амал жасау деп оны тек қана оқуды түсінген).

* Сіз Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) біркатар сүннеттерімен таныстыңыз. Енді оны қабыл алып, соған сәйкес амал жасауға асығыңыз. Өйткені үмбетіміздің ізгілері бір нәрсені үйренсе, оны Пайғамбарымыздың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): *«Сендерге бір нәрсені бұйырсам, оны шамаларың келгенше орындаңдар, ал нені тыйым салсам, одан аулақ болыңдар»* **(әл-Бұхари, Муслим)** деген хадисі бойынша амал жасап әрі Аллаһтың ***«Оның (пайғамбардың) бұйрығына қарсы келетіндер өздеріне бүліктің келетінінен немесе күйзелтуші азаптың болатынынан сақтансын»*** **(Нұр, 63)** деп уәде еткен ауыр жазасынан қорқып, жүзеге асыруға және оны насихаттауға асығатын. Бұған келесі мысалдарды келтіруге болады:

➢ Мүміндердің анасы Умму Хабиба (Аллаһ одан разы болсын) Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): *«Кімде-кім тәулігіне он екі ракағат намаз оқыса, осы үшін оған жәннатта үй тұрғызылады»* **(Муслим)** деген хадисін жеткізіп, «Осыны Аллаһтың елшісінен (саллаллаху ъаләйһи уа саллам) естігеннен бері тастаған емеспін»,—деген.

➢ Ибн Омар (Аллаһ ол екеуіне разы болсын): *«Мұсылман адамға өзінде өсиет ететін нәрсесі бола тұрып, өсиетін жазып қоймай екі түн өткізуге хақысы жоқ»* **(Муслим)** деген хадисті риуаят етіп: «Аллаһ елшісінің (саллаллаху ъаләйһи уа саллам

) осылай деп айтқанын естіген кезімнен бастап, өсиетім (әзір болмай) бірде-бір түн өткен жоқ»,—деген.

- Имам Ахмад (Аллаһ рақым оған етсін): «Бір хадисті жазсам, оған міндетті түрде амал жасайтын едім. Бірде мен Пайғамбардың хижама жасап Әбу Тайбаға бір динар бергенін оқыдым. Кейін хижама жасатқанымда хижамашыға бір динар бердім»,—деген.
- Имам әл-Бұхари (Аллаһ рақым оған етсін): «Ғайбаттың харам екенін білгеннен бері ешкімді ғайбат етпедім. Енді Аллаһқа жолықсам, Оның біреуді ғайбаттағаным үшін есепке тартпайтынын үміт етемін»,—деген.
- Пайғамбардың (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): *«Кімде-кім әр намаздың артынан Аятұл-Күрсіні оқыса, оның жәннатқа кіруіне тек өлімі кедергі болады»* **(ән-Насаи)** деген хадисіне қатысты Ибн әл-Қайим (Аллаһ рақым оған етсін): «Маған Шейхул-Исламның (Ибн Тәймияның): «Ұмытып немесе басқа осы секілді себеппен болмаса, мұны намаздан кейін айтуды тастаған емеспін», - деп айтқаны жетті»,—деген.

* Білім және амалдан кейін өзіңді сауаптан, басқаларды жақсылықтан құр қалдырмас үшін, Аллаһтың саған берген игіліктеріне дағуат жасау, шақыру, осыны уағыздап-насихаттау керек. Пайғамбар (саллаллаху ъаләйһи уа саллам): *«Кімде-кім жақсылыққа нұсқаса (бағыттаса), оған (айтқанын) істегендердің сауабы беріледі»* **(Муслим)**; *«Сендердің ең жақсыларың Құранды үйреніп, оны (өзгелерге) үйреткендерің»* **(әл-Бұхари)**; *«Менен бір аятты болса да жеткізіңдер»* **(әл-Бұхари, Муслим)**,—деген. Жақсылықты қанша таратсаң, сауабың сонша көбейіп, саған тірі кезіңде және өлгеннен кейін барып тұрады. Пайғамбар(саллаллаху ъаләйһи уа саллам): *«Адам баласы қайтыс болғанда үш амалынан басқасы (яғни басқа амалдардың сауабы) үзіледі: (пайдасы) жалғасып тұрған садақа, немесе (адамдар) пайдаланатын білім не болмаса өзіне дұға жасайтын ізгі перзент»*,—деген **(Муслим)**.

**Қосымша**: Біз «Фатиха» сүресін күніне он жетіден көп рет оқып, Аллаһтан «ашуға ұшырағандар» мен «адасқандардан» болудан сақтауын сұраймыз. Алайда артынша яһудилер сияқты білім алып оған амал жасамаймыз немесе христиандар секілді білім алуды тастап, білімсіздікпен амал жасаймыз да, іс-әрекетімізде соларға ұқсаймыз!

Аллаһтан бізге және сіздерге пайдалы білім мен ізгі амал нәсіп етуін сұраймыз. Дұрысын Аллаһ біледі. Мырзамыз әрі сүйіктіміз Мұхаммедке, оның үй-іші мен сахабаларының барлығына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын!

Қазақ тілі